



Оқулық

**К.Ж.БҰЗАУБАҚОВА
М.С.ЕЛУБАЕВА**

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

К.Ж. Бұзаубақова, М.С. Елубаева

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

Тараз 2019

ӘОЖ 37.0(075)
КБК 74.00я73
Б 88

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНАДЫ**

**ҚР БҒМ " Оқулық" Республикалық ғылыми-практикалық
Орталығының шешімі №1639; 01.11.2018 ж.**

**Авторлық құқық объектісіне мемлекеттік тіркеу туралы куәлік
№2972;27.09.2018 ж.**

Пікір жазғандар:

Мағауова А.С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Сарыбекова Ж.Т. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Амандосова Р.С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Әбдіқадырова Т.Р. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Б 88 Бұзаубақова К.Ж., Елубаева М.С.

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық
/К.Ж.Бұзаубақова, М.С.Елубаева. –Тараз: ИП " Бейсенбекова А.Ж." , 2019.
– 379 б.**

ISBN 978-601-298-749-2

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқулығы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқулығында қысқаша лекциялар және семинар-практикалық сабақтар, студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстары (СОӨЖ), студенттің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) және глоссарий топтастырылған.

Оқулық педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне арналады.

© Бұзаубақова К.Ж., 2019
© Елубаева М.С., 2019

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	6
1-БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1-тақырып. Тәрбие процесі – тұтас педагогикалық процестің құрамды бөлігі.....	7
2-тақырып. Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі.....	35
3-тақырып. Қазіргі мектептің тәрбие жұмысы процесіндегі педагогикалық қолдау	56
4-тақырып. Тәрбие технологиясы – тәрбие жұмысындағы кәсіптік шеберліктің элементі	73
5-тақырып. Мектепте, сыныпта тәрбие жұмыстарын жоспарлау.....	98
2-БӨЛІМ. СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	
6-тақырып. Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесі.....	122
7-тақырып. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері	142
8-тақырып. Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыстарының жүйесі	164
9-тақырып. Дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі.....	188
10-тақырып. Оқушылардың денсаулық пен саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің іс-әрекеті	206
3-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	
11-тақырып. Оқушылармен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстарының әдістемесі	227
12-тақырып. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық әрекеттестік технологиясы.....	244
13-тақырып. Балалар мен жастардың ынтасын дамытудағы тәрбие жұмыстары.....	267
14-тақырып. Тәрбие жұмыстарының нәтижесі мен тиімділігінің диагностикасы.....	284
15-тақырып. Тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру.....	301

Семинар сабақтарының үлгі тақырыптары.....	315
Білім алушылардың оқытушының қатысуымен өздігінен орындайтын жұмыстарының (СОӨЖ) үлгі тақырыптары, білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарына (СӨЖ) тапсырмалар.....	316
Глоссарий.....	319
Қорытынды.....	321
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	323
Қосымшалар.....	325

АЛҒЫ СӨЗ

XX ғасырда бүкіл әлем ауқымды өзгерістерді бастан кешіруде. Төрткүл дүние Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуының жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына кезекті Жолдауындағы: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады» – деп көрсетілген 7-ші бағытының басты идеясы адами капиталды дамытуға бағытталған.

Елбасының Жолдауында атап көрсетілгендей, өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, қоғамымыздың идеалына айналатын қазақстандық жастарды тәрбиелеу ұстаздардың міндеті. Олай болса, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруда бізді ауқымды істер күтіп тұр.

Осы тұрғыда, «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсы – педагогикалық жоғары оқу орындары студенттеріне тәрбие жайында терең білім беретін пән.

Пәннің мақсаты: тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыру технологиясын, тәрбие процесінің негіздерін танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Пәннің міндеттері:

- студенттерде оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдістемесі мен технологиясы саласында кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті меңгеруді мақсат етіп ұстануды дамыту;

- студенттерде жалпы педагогикалық және арнайы құзыреттіліктерді: мақсаттылық, жобалаушылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтілік, диагностикалық, аналитикалық және т.б. қалыптастыру;

- студенттерді оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында үздіксіз креативтілігін дамытуға ынталандыру.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқулығында Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және типтік оқу бағдарламасына сәйкес қысқаша лекциялар мен семинар-практикалық сабақтар, студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстары (СОӨЖ), студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ), глоссарий берілген.

Әрбір тақырып бойынша болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратындай шығармашылық тапсырмалар, тест және ұлы ойшылдардың тәрбие тағылымдары жайлы ой-пікірлері жинақталған.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» оқулығы педагогикалық жоғары оқу орнының барлық мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттеріне арналады.

1-БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1-тақырып. Тәрбие процесі – тұтас педагогикалық процестің кұрамды бөлігі

Тәрбие – мәдени-тарихи феномен

Білім беру ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясының басым бағыттарының бірі болып отыр. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады. Қазақстан Президенті әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына республиканы кіргізу межесін қойып отыр.

Қоғамдық-тарихи өмірде жинақталған тәжірибені аға буын өскелең ұрпаққа беруі қажет. Осы тәжірибе мен білімді меңгеру тәрбие процесі арқылы жүргізіледі.


Жас ұрпақты тәрбиелеу адамзат қоғамының өмір сүруі және үдемелі-индустриялы дамуы үшін қажетті шарт болып табылады.

Тәрбие – қоғамның, материалдық өндірістің үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін фактор, күш-құрал. Тәрбие өзінің мазмұны, мақсаты мен сипатын әр қоғамдық құрылыс пен формацияларға сәйкес өзгертіп отырады. Сондықтан тәрбиені тарихи феномен ретінде қарастырады.

Таптық қоғам дамуының тарихи сатысында жас ұрпақтың тәрбиесі, білім алуы таптық сипатта болды. Оның мақсаты мен бағыты үстем таптың саясаты негізінде құрылды. Ол үстем таптың қоғамдағы саяси-экономикалық үстемдіктерін орнатудағы басты құралдардың бірі болып келеді.

Тәрбие – қоғамның тарихи әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан туындайтын объективтік процесс. Тәрбие деп *тар мағынада* тәрбиешінің және тәрбиеленушінің ата-аналармен бірігіп, жоспарлы түрде жүргізілетін тәрбие жұмыстарын айтады. Әрине, тәрбие жұмыстарымен бір ғана тәрбиеші және ата-аналар шұғылданып қоймайды, әртүрлі қоғамдық ұйымдар және қалың жұртшылық болып айналысады.

Тәрбие – кең мағынада табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың, бүкіл бұқараның жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына ықпал етуі (1-сурет).



Сурет-1. «Тәрбие» ұғымының мәні

Тәрбие тар мағынада емес, кең мағынада, бір жақты емес, кең көлемде, яғни табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына мақсатты түрде ықпалы, өзара әрекетінің нәтижесі ретінде көрініс табады.

Сондықтан да тәрбиенің мәнісі, біріншіден, қоғам үшін саналы, белсенді, ізгіленген, іскер азаматты қалыптастыру болса, екіншіден, жеке адам үшін оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Қазақстан Республикасының Президенті **Н.Назарбаев** өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде: «Тәрбиенің түп мақсаты – қоғамның нарықтық қатынасқа көшіру кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құруы іскер, өмірге икемделгіш, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» – деп атап көрсеткендей, педагогика ғылымында тәрбиенің мақсаты жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу.

Ал **И.Г.Песталоцци**: «Тәрбиенің мақсаты – балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту» – деп ерекше атап көрсетеді.

Неміс педагогы **А.Дистервег** педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, мектептің міндеті – адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу екендігіне баса тоқталды.

Ресей педагогы **К.Д.Ушинский**: «Тәрбиенің мақсаты – қоғамға пайдалы, адамшылығы бар адамды тәрбиелеу» – деп, адамгершілік тәрбиесін ақыл-ой, еңбек--- тәрбиесімен тығыз байланыста қарастырса, «Человек как предмет воспитания» еңбегінде: «Жақсы әдет – адамның нерв жүйесіне жиған адамгершілік капиталы: бұл капитал үздіксіз өсе береді және оның проценттерімен адам өмір бойы пайдаланады. Әдет капиталы пайдаланудан өсе түседі және экономикалық өмірдегі мүлік капиталы сияқты адамға өзінің аса бағалы күші – саналы ерік күшін барған сайын жемістірек жұмсауға және өз өмірінің адамгершілік құрылысын әр жолы ірге тасынан қайта бастамай және өз санасы мен ерік күшін өзі бір рет жеңіп шыққан қиындықтармен күреске шығындамай-ақ биіктеткен үстіне биіктете беруге мүмкіндік береді» – деп атап өтті.

Атақты педагог **А.С.Макаренко**: «Тәрбиенің негізгі мақсаты баланы жан-жақты дамыту» деген пікірді қолдаса, ал **В.А.Сухомлинский** оны жүзеге асырды.

Ұлы ұстаз **әл-Фараби**: «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» – деп тәрбиенің мәніне ерекше тоқталды.

Қазақтың кеменгер-ағартушысы **А.Құнанбаев** талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырса, ал педагог **М.Жұмабаев**: «Көркем денелі,

түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқитындай болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы» – деп ерекше атап өтті.

Тәрбие педагогикалық ғылымдардың категориясы

Тәрбие педагогика ғылымының категориясы ретінде нені білдіреді?

«Жас бала – жаңа өркен жайған ағаш тәрізді» – дейді халқымыз. Жерге отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңнен, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді қажет етеді.

Тәрбие адам қоғамының барлық кезеңдерінен орын алған. Осыған орай, «тәрбие» ұғымына берілген анықтамаларға сараптама жасап, оларды төмендегі кестеге сәйкес жүйелеуге болады (1-кесте).

Кесте-1. «Тәрбие» ұғымына берілген анықтамалар

Ғалымдардың аты-жөні	Анықтамалары
Әбу Насыр әл-Фараби	Тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек...
М.Жұмабаев	Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі
В.А.Сухомлинский	Тәрбие – кең мағынасында, бұл рухани жағынан үнемі жетілу және баюда көпсалалы процесс
Л.Н.Толстой	Тәрбие – біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал ету... Тәрбие – бізге мәлім адамгершілік әдет-ғұрыптарын меңгеруді мақсат көздеп, бір адамның екінші адамға ықпал етуі
Н.К.Крупская	Тар мағынада алып қарағанда, «тәрбие» деген сөз арқылы балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқына әдетте ересек адамдардың алдын-ала ойластырылған және жүйелі түрде жасайтын белгілі бір ықпалы, ал кең мағынасында ...қоғамдық мекемелер, айналаны қоршаған бүкіл жағдай, бүкіл қоғамдық құрылыс тәрбиелейді
К.Д.Ушинский	...мектеп, тәрбиеші және ұстаздар – адамның тіпті жалғыз ғана тәрбиешілері емес, оның сонша күшті, ал мүмкін және әлдеқайда күшті әдейі тәрбиешілері: табиғат, отбасы, халық ...және оның тілі болады
Т.А.Ильина	Тәрбие – жаңа ұрпақты қоғамдық өмірге, өндіргіш еңбекке даярлау мақсатын көздеп, оларға қоғамдық, тарихи тәжірибені ауыстыру процесі
Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев	Тәрбие – жастарды әлеуметтік өмірге және еңбекке даярлау, оларға қоғамдық-тарихи тәжірибені үйрету процесі
Т.Б.Бегалиев	Тәрбие – қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған, жеке адамды қалыптастырудың жүйелі процесі

Тәрбие – нақты педагогикалық мақсат, міндетті шешуге бағытталған, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсат бағыттылығы, жүйелі өзара ықпалы, қызмет ету процесі:

- қоғамдағы өмір мен еңбекке даярлау барысында қажетті әлеуметтік іс-тәжірибені аға ұрпақтың жас ұрпаққа беруі, жас ұрпақтың оны меңгеруі;
- жеке адамның бойында белгілі бір қасиеттер мен сапаларды қалыптастыру үшін мақсатты, бағытты, жоспарлы, жүйелі жүргізілетін процесс;
- ғылыми дүниетанымын, көзқарасы мен сенімін, іс-әрекетін табиғи үйлестіре алатын, жан-жақты үйлесімді дамыған адамды мақсатты, жүйелі, жоспарлы қалыптастыру процесі.

Сонымен, тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Тәрбиенің гуманистік парадигмасы

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы жеке тұлғаны тәрбиелеуге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие процесіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр:

- тәрбие берудің парадигмасы өзгерді, тәрбиенің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда;
- тәрбие мазмұны жаңа біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарықтық жағдайындағы тәрбие бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;
- ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;
- тәрбиеленушінің жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат-тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- мектеп, отбасы және қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі ынтымақтастық бірлігіне ұмтылыс жасалуда.

Инновацияның өмірге келуінің объективті-субъективті себептері бар. Қоғамдық қатынастардың, қоғамның өзінің жедел дамуы адамзат сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілдері мен формалары өзгерістерге ұшырайды. Инновацияның өмірге келуінің объективті сипаттамасы қоғам мен білім беру саласының даму қарқындарының бір-біріне сәйкес келмеуі болып табылады. Дамитын қоғамға әрқашан жаңаша ойлайтын «жаңа адамдар» қажет.

Қоғамның дамуына байланысты тәрбие беру саласындағы педагогикалық парадигманы жаңа бағытта қарауды қажет етеді.

Парадигма деп барлық қалың жұртшылық түгелдей дерлік мойындаған ғылымның алғы жетістіктерін айтуға болады.

Ресейлік ғалымдар А.Н.Тихонов, В.А.Садовничий: «Парадигма – нақты ғылыми зерттеулерді анықтайтын және ғылыми практиканың сол кезеңінде жүзеге асатын теориялық және әдіснамалық алғы шарттардың жиынтығы» деген анықтама беріп, парадигманың мағынасын ашып берді.

Көптеген ғалымдардың анықтамасы бойынша, педагогикалық парадигма – бұл білім беру мақсатын шешудегі белгілі стандарт, қалыптасқан көзқарас. Дәстүрлі педагогикада парадигма ретінде кіретіндер: тәрбиеленуші – педагогикалық қарым-қатынас объектісі, ал тәрбиеші – басқару органдарының директивті нұсқауларын орындаушы; педагогикалық қарым-қатынас барысында тұлғаның ішкі жан дүниесі назардан тыс қалып отырады.

Парадигма тәрбиенің концептуалды моделі ретінде пайдаланылады. Тәрбие парадигмасының төмендегідей көп тараған түрлері аз емес: дәстүрлі-консервативтік (білімділік парадигмасы); феноменологиялық (гуманистік парадигмасы); рационалдық (тәртіптілік парадигмасы); технократтық; эзотерикалық. Әрбір парадигма «не үшін тәрбиелеу керек, балаларды қандай мақсатқа дайындау керек, не үшін өмір сүреміз?» деген сұрақтарға жауап береді (2-сурет).



Сурет-2. Тәрбие парадигмасының түрлері

Ш.А.Амонашвили тәрбие берудің ізгілікті парадигмасын ұсынса, ал ғалым Е.А.Ямбург парадигманы когнитивтік (интеллектуалды даму) және тұлғалық (эмоционалды және әлеуметтік даму) парадигмалары ретінде ажыратады.

Бұл 2 парадигма да тұлғаның жеке басының ерекшеліктерін тануға бағытталады да, педагогикалық феноменді тарихи кезеңмен, мәдениетпен бірлікте қарастыра алмайды.

Сонымен, парадигма – теориялық стандарттар, әдіснамалық қағидалар, құндылықтар жиынтығы ретінде ғылыми іс-әрекеттер нобайы.

Жалпы гуманистік тәрбие парадигмасының басты нысанасы – тұлғаның ішкі мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытып, өздігінен білімін жетілдіру, санасын, сезімдік-эмоциялық жағдайы мен интуициясын дамыту, сана мен сезімді және адамның әлеуметтік тәжірибесін үйлестіру, қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынасты ізгілікке бағыттау.

Ақпараттық және білімдік ашық кеңістік құрылымындағы тәрбие

XXI ғасырда өркениетті елдерде ұлттық білім жүйесін дүниежүзілік тенденциялармен байланысты жетілдіру процесі жүріп жатыр.

Ақпараттық ғасырда интеллектуалды қызметтің дамуы компьютер және қазіргі коммуникация құралдарымен тығыз байланысты.

Ақпараттық қоғамда тәрбие міндеттерін жүзеге асырудың ең тиімді технологияларының бірі тәрбие кеңістігін құру жолдары болып табылады. Тәрбие кеңістігі тұлғаның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру процесіне тәрбиенің басқа барлық факторлары мен кеңістіктердің (пәндік, экологиялық, ақпараттық, білімдік, әлеуметтік және басқа да) ықпалы арқылы байқалатын көпөлшемді және көп қызмет атқаратын кеңістік болып табылады:

✓ қарым-қатынас тәрбие процесінің алғашқы сипаттамасы болып табылады;


✓ тәрбие кеңістігінің екінші сипаттамасы – бұл оның жүйелілігі;

✓ тәрбие кеңістігінің үшінші сипаттамасы – олар арқылы сипатталуы мүмкін параметрлер: көпөлшемділік, тығыздық және ұзақтық.

Тәрбие кеңістігі бірнеше деңгейде болады:

- 1-ші деңгей – жеке тұлғалық;
- 2-ші деңгей – білім мекемесі;
- 3-ші деңгей – аймақтық тәрбие кеңістігі.

3-суретте тәрбие кеңістігінің сипаттамасы, деңгейлері ашылды.



Сурет-3. Тәрбие кеңістігінің сипаттамасы, деңгейлер

Қазіргі заман қоғамын ақпараттандырудың басты бір бағыты білім беру мен тәрбие жүйесін ақпараттандыру болып табылады. Бұл процесс автоматтандырылған ғылыми педагогикалық банктер деректерін, ақпараттық әдістемелік материалдарды, сонымен қатар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беру және тәрбие жүйесін жетілдіруге көмегін тигізеді.

Тәрбие процесінің ізгілік және гуманитарлық қағидалары: баланы сөзсіз қабылдау, оған тұрақты жағымды қатынас жасау; тұлғаға құрмет көрсету және әрқайсысының өзіндік абыройы сезімін қолдау; тұлғаның өзгеге ұқсамау құқығын саналы түсіну және мойындау; ерікті таңдауға құқық беру; баланың тұлғасын емес, оның іс-әрекеттерін, қылықтарын, ісін және т.б. бағалау

Білім беру жүйесінің әртүрлі кезеңдерінде тәрбиелеу процесін ізгілендіру мәселелері шешіледі:

1) ізгілендіру қазіргі білім беруді дамытудың жалпы мазмұнын жетілдірудің басты негізі болады;

2) ізгілендіру жалпы орта білім беретін мектептер мен басқа да білім беру мекемелерінің даму бағыттарын айқындайды;

3) ізгілендіру оқу-тәрбие процесінің нәтижесі тәуелді болатын тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара іс-әрекетінің басты мәселесі болып табылады.

Авторитарлы жүйеден ізгілендірудің өзгешелігі – тұлғаның қоғамдық өмірге еркін және өзгеге тәуелсіз өз бетінше атсалысуы. Бірақ тәуелсіздіктің негізінде еркін таңдау құқы мен қабылдаған шешімге жеке жауапкершілік жатады. Өркениетті азаматтық қоғамға тән шын мәніндегі еркіндік жеке тұлғаның адами құндылықтарға негізделген өзін-өзі тану, қоғамның басқа мүшелерінің құқығын, еркіндігін, құндылықтарын құрметтеу, сыйлауға саяды.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалаудың тұжырымдамалық және құқықтық-нормативтік негіздеріне сүйене отырып, тәрбие беруді ізгілендіру төмендегілерді білдіреді:

✓ тәрбиеленуші (немесе оның ата-анасы) мектеп түрін, білім беру мазмұнын, оның ұйымдастыру формаларын, кәсіби білім беру бағыттарын және т.б. таңдауға құқы бар;

✓ тәрбиеленуші өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарай өз дамуының жеке, дара жолын таңдайды;

✓ тәрбиеленуші педагогикалық процестің субъектісіне айналады, яғни оқу-тәрбие процесін жоспарлау және оның нәтижесін бағалау іс-әрекеттеріне белсене атсалысады;

✓ тәрбиеленушінің оқу процесінде барлық іс-әрекеті, белсенділігі ынталандырылып отырылады.

Қазіргі кезеңде тәрбие процесін ізгілендіру бағыттары болып табылатындар:

- жеке тұлғаны тәрбиелеу мазмұнында әлемдік мәдени құндылықтарды ендіру арқылы оларды ізгілендіру бағытын тереңдету;

• адами құндылықтардың негізін ашатын тәрбиелік жұмыстардың кешендік жүйесін даярлау.

Қазіргі кезеңдегі тәрбие берудің мақсаты – жеке тұлғаның өзіне және қоғамға қажетті қабілеттерін дамыту, өзін-өзі тану және өздігінен білім алуды тиімді қамтамасыз ететін әлеуметтік құндылықтың белсенділігін қалыптастыру. Сол себепті тәрбие беруді ізгілендіру өзін-өзі дамытатын, өзін-өзі жетілдіретін, дұрыс шешімді өздігінен қабылдай алатын, өз іс-әрекетін өзі жүргізе алатын, яғни, педагогикалық процестің субъектісі бола алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Тәрбие процесін ізгілендірудің шарттары:

- ✓ тәрбие процесі жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру бағытында өтеді;
- ✓ тәрбие процесі ішкі мотивацияға негізделеді, сыртқы мотивацияны ұйымдастыруы мен тиімді үйлесуі, тұлғаның ішкі сұранысын қанағаттандырады;
- ✓ тұлғаны дамыту біртұтастықта жүреді, оның интеллектуалды, физикалық, эстетикалық дамуын бірлікте қарастырады;
- ✓ тәрбиелеу тұлғаның өз бетімен іс-әрекетіне негізделеді, себебі әрбір тұлғаның қабылдау, меңгеру, есте сақтау қабілеттері мен мүмкіндіктері әртүрлі;
- ✓ тәрбиелеу ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға арқа сүйейді, тұлғаның психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері толық ескеріледі.

Тәрбиені технологиялық, құзыреттілік тұрғыдан қарастыру

Бүгінде жаңа Қазақстан креативті ойлайтын, өзін қоршаған ортаға тез сіңісетін зияткер тұлғаны қажет етеді.

Тұлғаның басты сапалық белгілері, ерекшеліктері жоғары этикалық құндылықтары болады: мейірбандық, махаббат, еңбексүйгіштік, ар-ождан, азаматтылық және т.б.

Тұлғаға ізгілік қарым-қатынас:

- тұлғаға деген шынайылық, махаббат, сүйіспеншілік, оның тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарау;
- тұлғаға сенім арту, оның болашағына оптимистік көзқарас таныту;
- қарым-қатынас ынтымақтастығы;
- тікелей зорлық жасамау (күштеп, зорлап оқытпау, тәрбиелемеу);
- іс-әрекетті үнемі ынталандырып отыру.


Тұлғаға жариялылық қарым-қатынас:

- тәрбиеленуші (бала) мен тәрбиешінің (педагог) құқықтары бірдей;
- тұлғаға таңдау құқығын беру;
- тұлғаның қателесуге құқығының бар болуы;
- тұлғаның әр нәрсеге өзінің жеке көзқарасының болуы;
- баланың құқығы туралы Конвенцияны сақтау;
- тәрбиеленуші мен тәрбиешінің арасындағы қарым-қатынас: тыйым салмау, дұрыс жол көрсетіп бағыттау, күш көрсетпеу, сендіру, шектемеу, тек таңдау құқығын қалдыру.

Ш.А.Амонашвилидің зерттеуі бойынша, тәрбиеленуші өзінің айнала қоршаған ортасын сезіну, көру және қабылдау арқылы осы дүниеге, өзін

қоршаған адамдар ортасына енеді. Оның қабылдауынан тыс болып жатқан оқиғалар сыртқы ортасы ретінде танылады.

4-суретте Ш.А.Амонашвилидің тұлғаға бағытталған ізгілікті технологиясы ашылды.



Сурет-4. Ш.А.Амонашвилидің тұлғаға бағытталған ізгілікті технологиясы

Тәрбие процесінің мәні

Тәрбие – тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсатқа бағытталған өзара жүйелі ықпал ету процесі. Тәрбие нақты педагогикалық мақсатты, міндетті шешуге бағытталады.

Американдық психолог әрі педагог Э.Л.Торндайк: «Тәрбие сөзіне әркім әртүрлі мағына береді, бірақ ол қашанда өзгеріс дегенді аңдатады. Егер біреуді өзгеріске келтіре алмасақ, біз оны тәрбиелемегеніміз» – деп тәрбиенің мәнін тереңірек ашады.

Тәрбие – бұл жеке адамның қоғамдық тәжірибені (білім, дағды, іскерлік және шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін, әлеуметтік және рухани

қатынастарды) игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдап, қуаттаушы әрі ұйымдастырушы мақсат, бағдарлы әрі сапалы орындалатын педагогикалық процесс.

Сондықтан да тәрбиенің мәнісі, біріншіден, қоғам үшін саналы, белсенді, ізгіленген, іскер азаматты қалыптастыру. Екіншіден, жеке адам үшін оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Тәрбие процесі – бұл өзара байланыстағы ұдайы дамып отыратын тәрбиелеу жүйесінің тізбегі, мұндағы әрбір тізбек алдыңғы нәтижелер есебінен құралады. Бұл түсінік бойынша тәрбие процесі өзіндік даму жүйесі ретінде қарастырылады және оның бірлігі болып дамушы тәрбиелеу жағдайында есептеледі.

Тәрбие процесінің мәні – тәрбиеленушінің ұжым және қоғаммен қатынастарының жүйесін құру, педагогикалық жағдайлардың, тәрбиелік әсерлердің нәтижесін талдау, жоспарлау жұмысын реттеу; тәрбие процесінің жобасын құру және жүзеге асыру; тәрбиелік ықпалдарды реттеу, оларға түзетулер енгізу; нәтиже шығару, есепке алу және бақылау.

Тәрбие процесінің мақсаты мен міндеттері

Тәрбие процесі дегеніміз – жеке адамды әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруда, өмірге дайындап, қоғамда өз орнын таба білуге үйретіп, әрбір әрекетімен, қызметімен қоғамға пайда келтіруден, өз жеке басына қанағаттанған сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Тәрбие процесінің мәнін ашуда Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский және т.б. үлес қосты.

Тәрбие процесі арқылы жасөспірімдер халықтың материалдық және рухани байлықтарын, адамзат қауымының бай тәжірибесін игереді.

Тәрбиенің мақсаты – қоғамға қажетті адамгершілік қасиеті жоғары, еңбексүйгіш, ғылыми дүниетанымы қалыптасқан, эстетикалық талғам сезімі мен дене күші мығым, белсенді, өмірлік позициясы айқындалған креативті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Тәрбиенің негізгі міндеттері:

- жалпы адамзат қоғамы жинақтаған мәдени байлықты танып білуге қатысу;

- ішкі *ар* бостандығын дамыту: өзіне-өзі баға беру, өзін-өзі басқара білу, өз беделін кез келген ортада, кез келген жағдайда сақтап, қорғай білу;

- жас ұрпақтың білімге, ғылымға деген ынтасын, ықыласын арттыру, ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын қалыптастыру;

- жер тағдыры мен ел тағдырының, табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сезінетін жер, су, ауа, ғарыш әлемінің қадірін бағалай білетін, табиғатты аялап, оны қорғай алатын зияткер тұлғаны тәрбиелеу;

- жас ұрпаққа ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру және оларды сұлулыққа, тазалыққа үйрету;

- жас ұрпақты саламатты өмір сүруге баулу;

- жас ұрпақты тәрбиелеуде «бостандық», «теңдік», «демократия» деген 3 ұғымның маңызын жете түсіну, мемлекеттік белгілерді сыйлауға баулу;

- қазақ халқының ерлік, жауынгерлік тарихын, ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, елін қорғай алатын, елжанды, ұлттық намысы мол, жігерлі азаматтарды тәрбиелеу;

- мемлекет заңдарын білу және оған сый-құрметпен қарау, оны жүзеге асыруға дайын және ынталы болу; қоғамдық заң ережелерін бұзушылыққа төзбестік білдіру, бұл жолда азаматтық жауапкершілік көрсету, адамгершілікке жат кеселдерге қарсы күресуді әрбір жастың күнделікті мінез-құлқына айналдыру.

Тәрбие процесі – өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі іс жүзінде көрсетуге бағдарлау мақсатындағы педагог пен баланың өзара әрекеттестігі

Тәрбие процесі – бұл арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет. Тәрбие теориясында оқыту процесінде тәрбиелеумен қатар оқудан тыс кезеңдегі тәрбиеге де көп көңіл бөлінеді.

Тәрбие теориясын зерттеуге қомақты үлес қосқандардың бірі – А.С.Макаренко. Ол тәрбие процесінің төмендегідей ерекшеліктерін ашып көрсетті:

- тәрбиенің іс-әрекеттік сипатта болуы;
- тәрбиенің дамуы мен өзгеруі;
- қарама-қайшылықты сипаты;
- басқарылуы.

Даму – бір күйден екінші күйге өту процесі, ескі сапалық күйден жаңа сапалық күйге өту, қарапайымнан күрделіге өту, төменнен жоғарыға өту. Дамудың қозғаушы күші – жеке тұлғаның қажеттілігі, оның мотивациясы, сондай-ақ, іс-әрекет пен қарым-қатынастың сыртқы ынталандырылуы.

Өзін-өзі дамытудың негізгі сипаттамалары болып табылатындар:

✓ тұлғаның әртүрлі бағыттағы процестері: психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, физиологиялық, философиялық және т.б.

✓ бұл процестердің өзегі – жасаушылық мәні болатындығы болып табылады;

✓ тұлғаның барлық аймағын қамтитын қарама-қайшылықтарды шешетін сандық және сапалық параметрлері болады;

✓ өзін-өзі дамыту тұлғаның өзіне-өзінің белсенді іс-әрекеті нәтижесінде жүреді.

Өзін-өзі дамыту – өзін-өзі өзгерту мен шығармашылық идеяларды іздеуге мақсатты бағытталған саналы түрде мотивацияланған процесс. Өзін-өзі дамытудан дамытудың ерекшелігі – ол кездейсоқ жүреді және ішкі қарама-қайшылықтарды шешу нәтижесінде тұлғалық сапалардың өзгерісі байқалады.

Өзін-өзі дамытудың барлық сатысы: өзін-өзі тану, шығармашылық пен өзін-өзі анықтау, шығармашылықпен өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі басқару бір-бірімен тығыз байланысты, біртұтас күрделі жүйені құрайды.

Ғалым В.И.Андреев тұлғаның өзін-өзі басқаруына қатысты 9 мағыналы қабілеттерді ажыратады: өзін-өзі тану қабілеті, өзін-өзі анықтау

қабілеті, өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті, өзін-өзі белсендіру қабілеті, өзін-өзі сендіре алу қабілеті, өз бетінше іс-әрекет жасай алу қабілеті, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жетілдіру.

Өзін-өзі жетілдіру – бұл мотивацияланған, дербес процесс және өзін-өзі тану, шығармашылық тұрғысынан өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару процестерімен тығыз байланысты. Оның негізіне тұлғаның өзін-өзі өзгерту, өзін-өзі жетілдіру мақсат бағыттылығын түсінуі жатады.

Өзін-өзі жетілдірудің қажетті шарттары – басты мәселені қоя алу және басым бағыттағы бірінші мәселені ұтымды шеше алу. Осыған сәйкес уақыт талабына сай келетін мәселені таба алу керек, сондай-ақ, оның басым бағыттарын дұрыс анықтау қажет. Бұл үшін тәрбиешіге өзінің ішкі әлеуетін толық жетілдіруге мүмкіндік беретін мақсатты дұрыс анықтап алу қажеттілігі туады.

Тәрбиешінің кәсіби өзін-өзі дамыту мотивациясына психологиялық талдау инновациялық іс-әрекетке талдау жасаудан бастау алады. Тәрбиешінің кәсіби өзін-өзі дамытуын ояту негізінде тәрбиешінің қажеттілігі, қызығушылығы, әртүрлі бағыттағы танымдық өзгеріс сапалары жатады.

«Тәрбие жұмысы» ұғымы, көптүрлілігі және жүйелілігі

Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі, *біріншіден*, ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік және дағдыларын беру процесі. *Екіншіден*, адам баласында адамгершілік сапа қасиеттерін қалыптастыру.

Тәрбие жұмысы – сынып жетекшісінің кәсіби қызметін жүзеге асыруда тұлғаға жасаған ықпалы және мақсатты түрде сабақтан тыс әртүрлі педагогикалық әрекеттерін ұйымдастыруы болып табылады.

Тәрбие жұмысы сынып жетекшісінің белсенді басшылығымен, шебер ұйымдастырушылығымен тәрбиенің түрлеріне сәйкес белгілі нысананы көздей отырып, шығармашылық тұрғыда жүргізіледі (5-сурет).

Ақыл-ой тәрбиесі қоршаған әлемге, өзіне, өзгелерге эмоционалды құндылықты қатынасының қалыптасуымен, өздігінен білім алу қажеттілігінің дамуымен, тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытумен, интеллектуалды, көптілді мәдениет, ой-қызметі мәдениеті саласында ойлау қабілетін, оқу-танымдық қызметінің функционалдық сауаттылық, компьютерлік сауаттылықты меңгеру процесінде ақпараттық мәдениетке дағдылануымен анықталады.

Адамгершілік тәрбиесі – жеке тұлғаның қоғамдық мораль талаптарына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат бағытына жүйелі түрде ықпал етуі.

Еңбек тәрбиесі – еңбекке деген қатынасты, рухани және материалдық игілікті жасауға деген жеке тұлғаның әрекетін мақсатты қалыптастыру процесі.

Эстетикалық тәрбие болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдауға, эстетикалық түсінікті, сезім мен талғамды қалыптастыруға тәрбиелейді. Өнерде және өмірде сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастырады.



Сурет-5. Тәрбиенің түрлері

Экологиялық тәрбие – тұлға бойында экологиялық білім, көзқарас, сенім жүйесін қалыптастырып, сол арқылы оның табиғатқа, қоршаған ортаға парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын жан-жақты қалыптастырып, дамыту.

Құқықтық тәрбие – өзінің туған елінің заңы мен құқықтық ережесін, белгілі нормаларын сақтау, қорғау, сыйлау рухында тәрбиеленген, сана-сезімі мол, белсенді, қоғамға, әлеуметтік ортаға жат әдет-құлыққа қарсы күресетін, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға ымырасыздықпен қарайтын жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Экономикалық тәрбие – тұлғаны экономикалық білімдер негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну аумағындағы негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту.

Дене тәрбиесі – тұлғаны жан-жақты үйлесімді қалыптастырып дамыту процесінің негізгі бір саласы. Себебі, дене тәрбиесі тұлға денесінің қалыпты жетілуін, денсаулығының нығаюын қамтамасыз етуде, оларды еңбекке, Отанды қорғауға дайындауда аса маңызды қызмет атқарады.

Отбасы тәрбиесі – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын қоғамның бастауыш құрылым бірлігі, баланың алғашқы ұжымы, оның табиғи даму ортасы.

Отбасы тәрбиесі тәрбиеленушілердің отбасындағы адамгершілік негіздерді игеруіне, отбасы қатынастары мәдениетін, ұлттық отбасы дәстүрлерін, толық отбасын құру үшін денсаулықтың бірегейлігі түсінігін қалыптастыруына, балаларына тәрбие ықпалдылығын қамтамасыз ету үшін ата-аналармен ынтымақтастық қатынас құруға, ата-аналардың өз міндетін табысты атқаруына ықпал ететін функционалдық сауаттылығын қалыптастыруына бағытталған.

Тәрбие процесін оқыту процесімен салыстырғанда, кездесетін тәрбие жұмысының өзіндік ерекшеліктері:

Бірінші ерекшелігі – тәрбиенің көп қырлы, көп факторлы процесс екендігі. Тәрбие мақсат, міндет, мазмұн, идеологиялық бағыт беру, отбасы, мектеп, орта, жұртшылық сияқты әлеуметтік күштердің тәрбие мен талап қоюдағы бірлігін сақтау, тәрбие әдістерін дұрыс талдап, тиімді пайдалану.

Екінші ерекшелігі – тәрбиенің ұзақ мерзімді процесс екендігі. Адам өмір бойы тәрбиеленеді, тәрбиеде тез табысқа жету мүмкін емес. Ол ұзақ уақытты, қажымай-талмай, шыдамдылықпен тәрбие жұмысын жүргізуді қажет ететіндігімен ерекшеленеді.

Үшінші ерекшелігі – тәрбиенің сатылы сипатта болатындығы.

1-сатыда: отбасында, балабақшада, бастауыш мектепте тәртіп ережелерінің бастапқы ұғымдарын игереді. Қарапайым сезімдер мен мінез-құлықтың алғашқы дағдылары бойға қалыптасады.

2-сатыда: этикалық түсініктерді меңгеріп, күрделі сезімдері дұрыс дами бастайды. Әдет-құлық көрсету, қоғамда қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, орындау дағдысы қалыптасады.

3-сатыда: дүниені тереңірек тану арқылы көзқарастардың қалыптасуы, мінез-құлықтың тұрақты әдеттерінің бойға даруы, күрделі сезімдердің бұдан әрі қарай тереңдеп дамуы іске асады.

Бұл сатылар бір-бірімен тығыз байланыста өрбиді.

Төртінші ерекшелігі – тәрбие жұмысы мазмұнының бір орталыққа жинақталып жас шамасына, тәрбие деңгейіне қарай бірте-бірте күрделеніп берілуі, бір қасиеттің қайталанып, толықтырылып түсіндірілуі.

Бесінші ерекшелігі – тәрбие ісінің екі жақты белсенді процесс екендігі. Сынып жетекшісінің тәрбиелік ықпалы тәрбиеленушілердің ішкі ойымен, ниетімен, өзін-өзі тәрбиелеуімен ұштасып, табиғи үйлесім табуы жұмыстың нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Алтыншы ерекшелігі – тәрбие ісінде педагогтар ұжымының ұйымдастырушылық қабілетінің күшті болуының мәні зор.


Жетінші ерекшелігі – тәрбие нәтижесін тез арада анықтау, тексеру, бағалау өте қиын процесс. Тәрбиеленушілердің қаншалықты білімді екендігін тез анықтауға болады, ал қаншалықты тәрбиелі екенін анықтау өте қиын.

Сегізінші ерекшелігі – тәрбие болашаққа ұмтылған іс-әрекет, бүгінгі мен ертеңгі келешек өмірдің ұштасуы.

Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі


Мектептің тәрбие жұмысының мазмұны, әдістемесі мен технологиясы оның тәрбие жүйесімен анықталады.

Мектептің тәрбие жұмысы жаңа педагогикалық парадигманы басшылыққа ала отырып, тәрбиелік құрылымға дейінгі және тәрбиелік құрылымнан кейінгі іс-әрекеттер жүйесін қамтиды (6-сурет).



Сурет-6. Мектептің тәрбие жүйесі

Қазіргі кезеңдегі мектеп жасындағы тәрбиеленушілерге тәрбие беру жүйесі 7-суретте ашылды.



Сурет-7. Мектеп жасындағы оқушыларға тәрбие беру жүйесі

XX ғасырдың 70-жылдарында жалпы орта білім беретін мектептердің тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруда Ф.Ф.Королев, М.М.Поташник еңбектерінің маңызы зор болды. Жүйелік әдіс арқылы тәрбие жұмысын түрлі деңгейде жобалау, құрастыру, жетілдіру және қайта құру мәселелерін Л.И.Новикова зерттеді.

Тәрбие жүйесінің өзегі мектеп ұжымы болып табылады. Ұлы педагог А.С.Макаренко айтқандай, тәрбие жұмысы – бұл тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырушының жұмысы.

Мектеп жасындағы тәрбиеленушілерге тәрбие беру жүйесі мектеп, отбасы, әлеуметтік ортаның ынтымақтастығы негізінде құрылады.

Мектеп жасындағы тәрбиеленушілерге тәрбие берудің мақсаты – өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, еркін, шығармашылығы дамыған, жаңашыл, креативті тұлғаны қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері және заңдылықтары

Педагогика ғылымында тәрбие жұмысының мақсатын анықтау негізгі мәселенің бірі. Себебі, қандай да болмасын әрекеттің түрі мақсатқа сәйкес туындайды. Тәрбие жұмысының нәтижелі болуы, көбінесе ондағы мақсаттың нақтылығына байланысты бағаланады.

Тәрбие жұмысының мақсаты жеке тұлғаның даму процесін басқарудың міндеттерін айқындайды.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- ішкі қоғамдық қатынастардың өзгеруіне байланысты жалпы адамзаттық құндылықтарды жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі етіп алу;

- жалпы адамзаттық мәдениет пен ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін кіріктіре пайдалану, мәдени байлық барлық қоғам мүшелеріне бірдей ортақ деп санау, тәрбие мәселесіне мәдени тұрғыда қарау;

- жеке тұлғаны тәрбиелеп жетілдіру ісі қоршаған орта арқылы іске асырылатындықтан, оның дүниеге көзқарасын қарым-қатынаспен тәрбиелеп қалыптастырудың жолын қарастыру;

- бұрын оны тек тәрбиеленуші объект деп қарап тәрбиеші қауым өз беделімен ықпал етіп келсе, енді оларды тәрбие ісіне белсене қатыстыра отырып, әрі тәрбиенің объектісі әрі өзін-өзі тәрбиелеуші саналы субъект деп қарау, оның жеке басын бағалау, онымен санасу, сенім білдіру, ынтымақтаса іс-әрекет ету;

- адам тәрбиесі биологиялық әрі психологиялық процесс болғандықтан, тәрбие ісін оның жас және жеке басына тән даралық ерекшеліктерін ескере жүргізу;

- оқу-тәрбие ісін ізгілендіру, демократияландыру, жеке тұлғаны дамыта тәрбиелеу;

- тәрбиенің түрлері өтпелі кезең талаптарына сай қайта қаралып, оның мақсат, міндеттерін нақтылау;

- әр сыныпта, оқу-тәрбие жүйесінде берілетін білім, білік, дағдылар көлемі ескеріліп, сыныптан тыс тәрбие жұмысын да жандандыру;

- жеке тұлғаны тәрбиелеп жетілдірудің нәтижесін, тәрбиелік деңгейін анықтаудың тетіктерін ашу.

Философия ғылымында «заңдылық» деген ұғымды құбылыстар мен процестер арасында дамуды сипаттайтын мәнді байланыс деп түсіндіреді.

Тәрбие процесінің негізіне тұлғаның табиғатын, әлеуметтік мәнін, қоғамдық өмірдің объективтік қажеттілігін білдіретін заңдылықтар жатады.

Басқарылуы қажет болған психикалық құбылыстардың заңдарын ашып, өз іс-әрекетінді сол заңдарға және оларды қолданатын жағдайларға орайластырған жөн.

Тәрбие заңдылықтары дегеніміз – даму мен қалыптасуда тиімді нәтижеге жеткізетін тәрбиелік процестегі орнықты, қайталанып отыратын қажетті байланыстар.

Тәрбие заңдылықтарын алдын-ала басшылыққа ала отырып, тәрбие жұмыстарын болжауға және ол іске терең мазмұндық әрі әдістемелік бағыт-бағдар беруге болады.

Тәрбие процесін табысты, нәтижелі ұйымдастыру тәрбиешілерге, алдымен тәрбие заңдылықтарын жете түсінуді қажет етеді.

Тәрбиенің жалпы заңдылықтары:

✓ барлық тарихи кезеңдерінде тәрбие объективтік-қоғамдық қажеттіліктен туындайды және оның қоғамға қызмет етуі;

✓ қоғамның өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған жеке тұлғаның күш-қуаты мен өмірлік позициясына тәуелділігі;

✓ тұлғаның үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы;

✓ тәрбиенің халықтық, әлеуметтік, жалпылық сипаты;

✓ тәрбие процесінде тұлға дамуының іс-әрекет пен қарым-қатынасқа тәуелділігі;

✓ оқыту, тәрбиелеу, дамытудың біртұтастығы, бірлігі, өзара байланыстылығы;

✓ біртұтас тәрбие процесіндегі тәрбие мақсаты, міндеті, мазмұны, әдіс-тәсілдері, түрлерінің өзара бірлігі, байланыстылығы;

✓ тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі, өзара байланыстылығы.

Тәрбие жұмысындағы технологиялық, құзыреттілік, аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлық тұрғылар

Педагогика адам іс-әрекетінің басты саласы ретінде өз құрылымына процестің объектісі мен субъектісін ендіреді. Дәстүрлі субъект-объектілік педагогикада тұлғаны объект рөлінде қарастырады, ол алдыңғы аға ұрпақтың іс-тәжірибесін үйренеді. Бұл жүйенің түпкі мақсаты – оны өмірге даярлау.

Ал қазіргі педагогика тұлғаны оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде қарастырады. Тұлғаның қоршаған ортамен барлық іс-әрекеті айқын көрініс табады. Адам өзін қоршаған ортада өзінің «Мен» деген санасымен, көзқарасымен субъективті бағыт ұстанады. Талап ететін педагогикадан қарым-қатынас педагогикасына өту, оған ізгілік-тұлғалық бағыт ұстануды көздейді. Ол мектепке, оның тұлғасына, ішкі жан дүниесіне бағытталады, оны

ұғынуға, оның ашылмаған құпия қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға тырысады. Мектептің мақсаты – жеке тұлғаның еркін дамуына толық мүмкіндіктер жасау, оның өмірге деген құлшынысын, ішкі сезімін ояту.

Тұлғаға деген осындай жаңа көзқарас мектепте ол өзін толық адами тұлға деп сезінуге жол ашады, ол педагогикалық процестің объектісі емес, субъектісіне айналады. Тұлға – білім беру жүйесінің мақсаты, басқа да сыртқы мақсаттарға жету құралы емес. Әрбір тұлғаның әр нәрсеге қабілеті бар, олардың көбісі талантты болады. Тұлғаға деген жаңа көзқарастың пайда болуының себебі – оны зорлап оқыту ізгіліктік бағыт еместігі және оның нәтижесінің мардымсыздығы. Ал тәрбиені талапсыз жүзеге асыруға болмайды, өйткені бұл қоғамдық талаптар жүйесін меңгеру негізі болып табылады.

Қазіргі кезеңде алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды пайдалану негізінде тәрбие жұмысын технологияландыру жүзеге асуда.

Педагогикалық технология – бұл жеке тұлғаның, сондай-ақ бүкіл ұжымның даму динамикасын көруге, оның нәтижесін кезең-кезеңмен өлшеуге болатын және жеке тұлғаның өздігінен дамуына толық мүмкіндік жасайтын теориялық білімнің тұтас, педагогикалық процестің практикасында жүзеге асырудағы реттелген іс-әрекеттің жиынтығы.

Еліміздегі білім беру жүйесінің басты міндеттері ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, білім мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған біліммен қаруландыру болып табылады.

Құндылық бағдар мәселесімен (аксиологиялық құндылық, философиялық құндылық) әлеуметтану, жалпы психология, философия, мәдениет антропологиясы, педагогикалық психология айналысады.

Ғалым Н.Р.Юсуфбекованың зерттеуіне сүйенсек, *аксиология* – құндылық теориясы, құндылық табиғаты жайлы, оның өмірдегі алатын орны, яғни жеке тұлғаның құрылымы мен әлеуметтік жеке мәдени факторлары арасындағы әртүрлі құндылық байланыстары жайлы ілім.

Аксиологияның негізгі ұғымы құбылыстың мәдени-әлеуметтік мағынасын ашатын құндылық болып табылады. Педагогикалық құндылықтарды бағалау критерийлері өте күрделі, себебі жаңалықтың өмірге келуі мен оны жүзеге асырудағы субъектінің рөлі өте маңызды болып табылады.

Құндылық – ол қарым-қатынас, қоғамдық деңгейдегі құбылыс, ол қоғам мәдениеті мен жеке тұлғаның рухани байлығы, қоғамның қарым-қатынасы.

Л.И.Божовичтің пікірі бойынша, құндылық бағдары – адамгершілікке, ал мінез-кұлық іс-әрекеті – қоғамның маңызы мен тұрақтылығына ерекше мән береді.

Құндылық бағдары мен жеке тұлға көзқарасының арасында өзара байланыстар бар. Құндылық бағдары мен жеке тұлға көзқарасының мәнін ашатын ортақ категория – қарым-қатынас. Ол тұлғаның рухани дамуын талдай отырып, құндылық бағдарының саналы қатынастар жүйесін қамтиды.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап «тұлғалық бағдарлы педагогика», «тұлғалық бағдарлы білім беру», «тұлғаға бағдарланған технология» терминдері пайда болды.

«Тұлғалық-бағдарлы» сөз тіркесі білім беру процесінде қолдануына байланысты педагогикалық сөздікке ағылшынның «*person-centered*» («тұлға орталықты») және «*pupil-centered*» («оқушы орталықты») сөздерінің аудармасынан енгізілген. Олар К.Роджерстің гуманистік педагогикасы және гуманистік психологиясындағы ұғымдардың бірі болып табылады.

Осы ұғымдардың түсіндірмесінде әр алуан пікірлер кездеседі. Бұл пікірлердің көптігі төмендегідей түсіндіріледі: кез келген оқытудың түрі тұлғаны дамытуға бағытталған, яғни олардың әрқайсысын тұлғаға бағдарланған оқыту деп тануға болады.

Балаға деген көзқарас оны еркін, тұтас тұлға ретінде, мәдени дамуы барысында құндылықтарды өзі таңдай алатын, өзін-өзі жүзеге асыра алатын тұлға деп түсіндіру арқылы қалыптастырады деп есептейді.

Тұлғаға жаңаша көзқарас 8-суретте ашылды.



Сурет-8. Тұлғаға жаңаша көзқарас

Тәрбиелеудің тұлғаға бағдарланған технологияларын жақтаушылар Ш.А.Амонашвили, М.Н.Берулава, Е.В.Бондаревская, Ю.И.Турчанинова, И.С.Якиманская және т.б.

Е.В.Бондаревская тұлғаға бағытталған тәрбие беру парадигмасына төмендегілерді ұсынады:

✓ тәрбиелеуде оның ешкімге ұқсамайтын, қайталанбайтын дара ерекшеліктерін есепке алу;

✓ оған ізгіліктік-тұлғалық қарым-қатынас: оны қолдау, оны дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі түзету, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі тәрбиелеу, оның өзінің жеке тұлғасының қалыптасуына, адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен қарым-қатынас жасауына қолайлы жағдайлар туғызу;

✓ адамды қалыптастыратын функцияларын анықтау (ізгіліктік, мәдениеттілік, әлеуметтік);

✓ адамның өмірге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру (аксиологиялық, когнитивтік, шығармашылық, іс-әрекеттілік, тұлғалық компоненттер);

✓ түсіндіруден түсінуге, монологтан диалогқа, әлеуметтік бақылаудан дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға бағытталған педагогикалық технологиялар.

Тәрбие берудің тұлғаға бағдарланған технологиясының ерекшеліктері:

✓ *әлеуметтік-педагогикалық:* тұлға қоғамның сұранысына сәйкес жалпы мәдениетті жасаушы және тасымалдаушы ретінде қарастырылады;

✓ *пәндік-дидактикалық:* тәрбиелеуде жекеше бағыттылықты қамтамасыз етеді, бірақ тәрбие беру мәнін өзгертпейді – «тұлға – тәрбие іс-әрекетінің өнімі» ретінде қалып қояды;

✓ *психологиялық:* дамыту, қалыптастыру деңгейлерін бағалау.

Тәрбиелеудің тұлғаға бағдарланған технологиялары философиялық, психологиялық және педагогикалық ізгіліктің негіздеріне арқа сүйейді: тұлғаның біртұтастығы, тұлғаның мүмкіндіктерін толық пайдалану, тұлғаның өзіне деген сенімін арттыру және т.б.

Қазіргі заман жағдайында тәрбие жұмысының стратегиялық басымдылықтарын анықтау

Қай ғасырда болмасын тәрбие мәселесі назардан тыс қалып көрген емес. Әрбір ұлттың, қай кезеңде болмасын алдында тұратын, ұлы мұрат міндеттерінің ең бастысы, өзінің ісін, өмірін жалғастыратын саламатты, саналы және елін, жерін, Отанын сүйетін ұрпақты тәрбиелеу. Біздің міндетіміз – болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі биік азамат етіп тәрбиелеу.

Қазіргі кезеңде тәрбиенің басты міндеті – рухани адамгершілік қасиеттері қалыптасқан, креативті ойлайтын, жалпы адамзаттық құндылықты меңгеруге дайын, шығармашылық, іскерлік, бәсекелестікке дайын, түрлі мамандықтарды меңгере алатын, өмірлік мәселелерді ұтымды шеше алатын, бойында азаматтық пен патриоттық сезімі қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбиенің стратегиялық басым бағыттарының мәні:

- жеке тұлғаның бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;

- ұлттық сана-сезімі жоғары, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- өскелең ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке, елжандылыққа баулу;
- біртұтас әлем туралы ғылыми негізделген пәлсапалық көзқарас қалыптастыру;
- өз Отанына деген сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, халық дәстүрлерін қастерлеу, Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- әлемдік бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан, креативті маман даярлау.

Тәрбие жұмысының бағыттары: рухани-адамгершілік, еңбек, құқықтық, дене, денсаулық сақтау, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, азаматтық және толеранттық

Тәрбие жұмысының бағыттары 9-суретте берілді.



Сурет-9. Тәрбие жұмысының бағыттары

Адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты – моральдық жағынан кіршіксіз таза, қоғам мүддесі үшін еңбек ететін, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны даярлау.

Мораль дегеніміз – адамдардың мінез-құлқының тарихи қалыптасқан ережелерінің жиынтығы. Бұл ережелер жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік, абыройлық пен абыройсыздық, ар-намыс, ар-ождан деген ұғымдардың тұрғысынан қарағандағы, адамдардың мінезі мен іс-әрекетін бағалаудың өлшеуіші болып табылады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – қоғамдық моральдың нормалары мен принциптерін, сенімді, дағдыны, мінез-құлық әдетін және әдепті қалыптастыру.

Адамның адам болып қалыптасуының құралы – еңбек. Еңбек – қоғамның материалдық және рухани байлығының негізгі көзі, адам баласының қасиетті борышы, тұлға дамуының іргетасы. Дұрыс ұйымдастырылған *еңбек тәрбиесі* – тұлғаның тікелей қоғамдық пайдалы және өндірістік еңбекке қатысуы, оның азаматтық, моральдық, интеллектуалдық қалыптасуының және дене бітімі дамуының нәтижелі факторы.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамытатын тәрбиенің басым бағыттарының бірі – *құқықтық тәрбие*. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес азаматтарының құқығы мен талап-тілегін, мұқтаждарын қорғап, оларды қамқорлығына алады. Әрбір азамат өз мемлекетінің заңына жауапкершілікпен қарап, оны орындауды өз міндеті деп есептейді. Өйткені, жас мемлекетіміздің заңдары еліміздің мұң-мұқтажын, тыныштығы мен саяси тұрақтылығын нығайту жолында қызмет етеді.

Құқықтық тәрбие – мемлекеттегі маңызды қатынастарды реттей отыра қоғамға пайдалы, қажетті қатынастардың дамуына жағдай тудырып, зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын тәрбие.

Дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтып, оңтайлы қимыл-әрекеттерін қалыптастыратын, адамгершілік қасиеттері мен ерік-жігерін жетілдіретін негізгі тәрбие бағыттарының бірі. Дене тәрбиесі жеке тұлғаның бойындағы төзімділік, шыдамдылық, батылдық, табандылық және т.б. қасиеттерді шыңдайды.

Тұлғаның бақытты болуы, өмір қуанышына кеңелуі, олардағы әрекеттің барлық түрінің жоғарғы нәтижелі болуы, өзін-өзі жақсы сезінуі – дене мүшелерінің ең жоғарғы деңгейде қызмет етуімен тығыз байланысты. Себебі, дені сау бала барлық бастамалар мен істерге қанағаттанарлық сезіммен, көтеріңкі көңіл-күймен қатыса алады. Сондықтан да, тұлғаның саламатты салтын қалыптастыру – мектептің тәрбие жұмысының негізгі бір бағыты болып табылады.

«Саламаттылық», яғни «деннің саулығы» – бүкіләлемдік денсаулықты сақтау ұйымының Жарғысында көрсетілгендей, деннің моральдық және әлеуметтік саулықтың, есендіктің толыққанды түрдегі және қоршаған ортаға қатынасын білдіретін дене мүшелерінің қалыпты жағдайы.

Деннің сау болуы – ол өмірді шексіз сүю, қуаныш сезіміне бөлену, өмірден ләззат алу, әрбір таңды, күнді асыға, ризашылық көңіл-күймен тосу, кіршіксіз тәтті ұйқыға кету, ең қажеттісі өзіңді-өзің сүю, құрметтеуден басталады.

Ал *патриотизм* дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну.

Оның басты құндылықтары – ана тілі, ұлттық рух, діни наным сенімдермен тығыз байланысты. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері.

Қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтар да жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан – 2050» стратегиясының түп қазығы етіп «Мәңгілік Ел» ұғымын ендірі. «Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі де – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының ұлы құндылығы – Отанды сүю, бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген көзқарасты білдіреді.

Отаншылдық-елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан Отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік құндылықтар болмақ. Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады. Отаншылдықты рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен, биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес.

«Азамат» ұғымын мемлекеттік деңгейде қарастырғанда, ол қоғамның тең құқықты мүшесі мәніне ие болады. Ғылыми-теориялық қырынан қарағанда бұл адам құқығымен азамат құқығының аражігін ажырататын ұғым. Өйткені, азамат белгілі бір мемлекеттің, саяси бірлестіктің тең құқықты мүшесі және оның барлық саяси құқықтарына ие тұлға ретінде әрекет етеді.

Азаматтылық – қоғам мен мемлекеттік жүйеде тұлғаның өз «Менін» танып, қастерлей білуі.

Тәрбиенің сапалық деңгейі тәрбие жұмысын мақсатты, жүйелі, кәсіби шеберлікпен жүргізуімен анықталады. Қазіргі кезеңде жеке тұлғаның бойында толеранттылықты қалыптастырудың төмендегідей принциптерін басшылыққа алған жөн:

- тұлғаның қателікке бой алдырмауы және мектеп Жарғысының аясында жеке бастың құқығын мойындау;

- тұлғаның жеке көзқарасы, принциптері, адамдар мен айналадағы дүниеге қарым-қатынасы болу құқығын мойындау, толерантты болу.


Толеранттылық (лат. *tolerantia* – төзім) – қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі. Мысалы, алаңдауға толеранттық қатерлі жағдаятқа эмоцияның үн қату табалдырығының көтерілуінен көрінеді, ал сырттай – ұстамдылықтан, сабыр сақтаудан, бейімдеушілік мүмкіндіктерді төмендетпестен, жағымсыз іс-әрекеттерге ұзақ уақыт төзуге қабілеттіліктен байқалады.

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. ХVІІІ ғасырдағы француз жазушысы және философ Вольтер: «Сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын» деген. Ол – толеранттылықтың басты қағидаты. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі.

Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде көп кездеседі. Мысалы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қоңтайшыға айтқан «біз қазақ деген мал баққан елміз» деп басталып, «досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз...», «...берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!» деген сөздері өзара сыйластыққа шақырады.

Сонымен, *жеке тұлға* дегеніміз – туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі қалыптасқан, мемлекеттің гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне үлес қосатын, ұлтжанды, өз елінің патриоты және бойында мәдени құндылықтары мол, адамгершілік қасиеті жоғары, жаңа ақпараттармен таныс, білім алуға жаны құмар, жаңа технологияларды меңгерген, саналы, білімді, дербес өмір сүруге икемді, толерантты, белсенді де құзыретті үлкен әріппен жазылатын АЗАМАТ, АДАМ (10-сурет).

Ал адамгершілігі мол, иманды, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі.



Сурет-10. «Жеке тұлға» ұғымының мәні

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Тәрбие – мәдени-тарихи феномен.
2. Тәрбиенің гуманистік парадигмасы.
3. Тәрбие кеңістігінің сипаттамасы, деңгейлері.
4. Тәрбие процесінің ізгілік және гуманитарлық қағидалары.
5. Тәрбие процесінің мәні, мақсаты мен міндеттері.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Қоғамның тарихи әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан туындайтын объективтік процесс – бұл:

тәрбие


2. «Тәрбиенің мақсаты – балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту» деген кімнің сөзі?

И.Г.Песталоцци

3. Теориялық стандарттар, әдіснамалық қағидалар, құндылықтар жиынтығы ретінде ғылыми іс-әрекеттер нобайы – бұл:

парадигма

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз



Білімді нысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Тәрбие – бұл:

- A) Нақты қалыптасқан, мақсатты, жүйелі процесс
- B) Белгілі бір қасиеттер мен сапаларды қалыптастыру мақсатында жүргізілетін процесс
- C) Мәдени-тарихи феномен
- D) Теориялық стандарттар, әдіснамалық қағидалар
- E) Тәрбиелеу мен әлеуметтендіру институты
- F) Жеке адамды тәрбиелеу процесі
- G) Қысқа мерзімді процесс
- H) Тәрбиеленушінің үнемі жетілуі

2. Тәрбие парадигмасының түрлері:

- A) Феноменологиялық
- B) Дәстүрлі-консервативтік
- C) Технократтық
- D) Технологиялық
- E) Когнитивтік
- F) Ақпараттық
- G) Коммуникативтік
- H) Инновациялық

3. Педагогикалық парадигма – бұл:

- A) Білім беру мақсатын шешудегі белгілі стандарт, қалыптасқан көзқарас
- B) Теориялық стандарттар, әдіснамалық қағидалар
- C) Ғылымның негізгі өлшем бірлігі
- D) Педагогикалық мәдениетті көтерудің формасы
- E) Арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет
- F) Мәдени-тарихи феномен
- G) Тәрбие процесін дұрыс жүргізудің тиімді шарты
- H) Міндетті педагогтік құжат

4. Тұлғаның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру процесіне тәрбиенің барлық факторлары мен кеңістіктердің ықпалы арқылы байқалатын көпөлшемді тәрбие кеңістігі – бұл:

- A) Қарым-қатынас
- B) Жүйелілік
- C) Параметрлері (өлшемдері)
- D) Ғылымилығы
- E) Көзқарас
- F) Іс-әрекет
- G) Қоршаған орта
- H) Үздіксіздігі, бірізділігі

5. «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы» тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері (бағыттары):

- A) Аксиологиялық
- B) Антропологиялық
- C) Синергетикалық
- D) Тұлғалық-бағдарлық
- E) Когнитивтік
- F) Ақпараттық
- G) Технологиялық
- H) Диагностикалық

6. Тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері (бағыттары):

- A) Тұлғалық-бағдарлық
- B) Аксиологиялық
- C) Жүйелілік
- D) Коммуникативтік
- E) Тұлғалық
- F) Ақпараттық
- G) Технологиялық
- H) Когнитивтік

7. Тәрбие процесінің ізгілік және гуманитарлық принциптері (қағидалары):

- A) Тұлғаға құрмет көрсету
- B) Ерікті таңдауға құқық беру
- C) Тәрбиеленушінің іс-әрекеттерін, қылықтарын бағалау
- D) Тәрбиеленушінің өзіндік көзқарастарын қолдау
- E) Тәрбиеленушінің жеке басын құрметтеу
- F) Тәрбиеленушінің пікірлерін бағалау
- G) Ұжыммен бірге таңдауға құқық беру
- H) Тәрбиеленушінің құқығын қорғау

8. Тәрбие процесін ізгілендірудің шарттары:

- A) Жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру бағытында өтеді
- B) Тәрбие процесі ішкі мотивацияға негізделеді
- C) Тұлғаны дамыту біртұтастықта жүреді
- D) Тәрбие процесі ішкі эмоцияға негізделеді
- E) Тәрбиелеу тәрбиеленушінің көзқарасына негізделеді
- F) Тұлғаны дамыту бір жақты жүреді
- G) Тәрбиелеу қоршаған ортаға негізделеді
- H) Тәрбиелеу асыл мұраларға арқа сүйейді

9. Тәрбие түрлері (бағыттары):

- A) Адамгершілік
- B) Дене
- C) Экономикалық
- D) Азаматтық
- E) Имандылық
- F) Ұлттық
- G) Толеранттық
- H) Рухани

10. Тәрбие жұмысының негізгі ерекшеліктері:

- A) Тәрбие – көп жақты процесс
- B) Тәрбие – ұзақ әрі күрделі процесс
- C) Тәрбие ісі – екі жақты белсенді процесс
- D) Тәрбие – қысқа мерзімді процесс
- E) Тәрбиенің деңгейлі сипатта болатындығы
- F) Тәрбие нәтижесін анықтау оңай процесс
- G) Тәрбие – бір жақты процесс
- H) Тәрбие – жүйелі процесс

Тәрбие тағылымы

	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <p>✓ Ілім үйреніп, одан соң оны басқаларға үйретпеу – мол дүние жиып, оның керегіне жаратпай, көміп қойғанмен бірдей <i>Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар</i></p> <p>✓ Сыпайылық – даналықтың белгісі <i>Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар</i></p>
	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <p>✓ Адамды тәрбиелеу – демек, оны ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу</p> <p>✓ Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек өзіңізді ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді</p>

**Антон Семенович Макаренко
(1888-1939)**

2-тақырып. Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі

«Тәрбиелік жүйе» ұғымы

Жүйе – өзара қатынастар мен байланыстарды, белгілі бір тұтастықты бірлікте құрайтын элементтер жиынтығы. М.М.Поташник: «Жүйе» ұғымына – ортақ сипатқа өз үлесін қосатын, өзара байланысты бөліктерден құрылған тұтастық жатады. Шынында, мектеп – тұтас жүйе, жеке құрамдарына ата-ана, тәрбиеші, тәрбиеленуші ұжымын қарастыруға болады» – деп, жүйені тұтастық ретінде көрсетеді.

Тәрбиелік жүйе – жеке адамды идеялық, саяси, адамгершілік, экономикалық және т.б. жағынан қалыптастырудағы жүйелі процесс. Тәрбие жүйесі – адамдарды мақсатқа бағытталған іс-әрекет процесінде тәрбиелеу кешені, тәрбие жұмысымен айналысушылардың өз арасында пайда болатын қатынастарды игеріп, басқарылатын іс-әрекет. Тәрбие заңы (қоғамдағы құбылыс ретінде) жас ұрпаққа аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін берудің міндеттілігі мен қажеттілігі болып табылады.

Тәрбие жүйесі – кешен, бұл мақсатты орындаушы субъектілер; қатысушылар арасындағы пайда болатын және оларды біріктіретін қатынастар; тәрбие жүйесінің компоненттерінің бірлігін және бұл жүйенің дамуын қамтамасыз ететін ортаны және басқаруды тәрбие субъектілерінің меңгеруі.

Мектептің тәрбиелік жүйесі – мектептің тұтас әлеуметтік-педагогикалық құрылымы және баланың әлеуметтенуі мен дамуының мақсатқа бағытталған факторы

Мектептің тәрбиелік жүйесі – оқу сабақтарын, балалардың сабақтан тыс өмірін, әртүрлі әрекеттерін және мектептен тыс қарым-қатынастарын, әлеуметтік, табиғи, пәндік-эстетикалық ортаның әсерін, кіріктірген педагогикалық процесті толығымен қамтиды және ол толассыз кеңейіп отыратын тәрбие кеңістігі.

Мектептің тәрбиелік жүйесінің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы көптеген объективтік және субъективтік факторлардың ықпалымен жүретін ұзақ мерзімді және күрделі процесс болып табылады. Оның нәтижесі көп жағдайда мектеп өмірінде нені, қалай, қашан өзгерту қажеттігін анықтай білуге және өскелең ұрпақтың әлеуметтенуіне байланысты.

Жас ұрпақтың әлеуметтенуі дегеніміз – өсіп келе жатқан әрбір баланың басқалармен қарым-қатынас және іс-әрекет барысында өзі өмір сүріп отырған қоғамда қабылданып тұрақтанған адамгершілік сапалары мен мінез-құлық нормаларын, тәртіп ережелері мен құндылықтарды өз бойына сіңіріп, әлеуметтік тәжірибені меңгеріп қалыптасуы, өмірге бейімделуі. Жас ұрпақтың әлеуметтенуі, бір жағынан ол өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі сипаттағы ішкі және сыртқы факторлар мен әртүрлі өмірлік жағдаяттардың ықпалымен әсер етудің стихиялы жолымен қалыптасса, екіншіден, мақсатты тәлім-тәрбиелік жұмыстар арқылы адамгершілігі жоғары, креативті, шығармашыл азамат ретінде қалыптасу арқылы жүзеге асырылады. Мектептің тәрбие процесі жас ұрпақты әлеуметтендірудің жетекші әрі айқындаушы негізі болып табылады.

Мектептің тәрбиелік жүйесінің әдістемелік ұйымдастыру негізі:

- мектептің бірыңғай даму тұжырымдамасы, оның Жарғысы;
- тәрбиеленушілердің дамуына бағытталған мектепшілік басқарудың құрылымы;
- жоспарлау;
- жалпы мектепшілік дәстүрлі шаралар, мектеп ұйымдарын, бірлестіктерін қалыптастыру;
- нәтижені талдау және оны болашақта тәжірибеге енгізу.

Тәрбиелік жүйе қызметі тиімділігінің сапалық көрсеткіштері:

- тәрбиешінің, тәрбиеленушінің, ата-ананың түсінігіндегі мектеп бейнесі;
- тәрбие жүйесінің сапалы нәтижесі – мектеп түлегі;
- ұжымдағы психологиялық ахуал, мектептегі тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы;
- жүйенің әртүрлі субъектілерінің арасындағы өзара байланысы;
- қоғамдағы мектептің беделі.

Мектептердің тәрбиелік жүйесінің миссиясын жүзеге асыруға бағытталған және төмендегі бағыттарды басшылыққа алуы қажет:

- әлемдік деңгейде жиналған озық тәжірибеге негізделген қазақстандық және халықаралық құжаттамалардың деректер базасы;
- мектептегі тәрбиелік жүйенің нақты айқындалуы;
- тәрбие тұжырымдамасына көзделген, тәрбиеленушінің жеке тұлғалық ерекшелігін қалыптастыру;
- тәрбиеленушінің өзіндік және ғылыми-тәжірибелік қызметі;
- шынайы мамандық таңдау және кәсіптік бағдар қызметі.

Мектептің тәрбиелік жүйесінің 6 блок-сыздадан құрылған үлгісі 11-суретте көрсетілді.



Сурет-11. Жалпы орта білім беретін мектептің тәрбиелік жүйесі

Тәрбиелік жүйенің көпқырлы бағыттарын басшылыққа ала отырып, тәрбие саласымен айналысатын педагог мамандардың атқаратын міндеттері мен қызметтері нақты айқындалуы тиіс.

Мектептің тәрбиелік жүйесінің негізгі компоненттерінің мәні, құрылымы, сипаттамасы және олардың өзара әрекеттестігі

Мектеп өзі тұжырымдамасына сай тәрбиелік және дидактикалық кіші жүйелер бір-біріне әсер ете, толықтыра немесе жол бере отырып, өзара қарым-қатынас жасап, өзіндік педагогикалық жүйе құрайды.

Мектептегі тәрбие жұмысының өзегін тек бағдарлама, іс-шаралар, әдістері мен формалары ғана құрамайды, сонымен қоса ол бала, жеткіншек, жасөспірім арқылы сипатталатын педагогикалық істің жоғары мақсаты мен мәніне тәуелді. Олардың жеке қызығушылығы, бейімі, өзіндік мінез-сипатымен бірге өз қадірін сезінуін дамыту керек. Тәрбиеленушілердің қызығушылығынан жоғары рухани қажеттіліктеріне қарай өтуі тәрбие ережесіне айналуы қажет.

Тәрбие жүйесі оқу процесіне қажет қосымша болып қана қоймай, қазіргі жағдайда шоғырландырушы рөлді орындай отырып, білім беру мекемесінің жұмыс істеуінің ең маңызды шарты болып табылады.

12-суретте жалпы орта білім беретін мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары ашылды.



Сурет-12. Мектептегі тәлім-тәрбиелік жұмыстардың бағыттары

Тәрбие жүйесінің ерекшеліктері:

- дүниетанымдық мәселелердің айқындылығы;
- тәрбие мазмұнының мәдениеттанушылық негізделуі;
- әлеуметтік мәні бар ортаның болуы;
- өзара ынтымақтастық қарым-қатынастарды дамыту;
- өзін-өзі басқарудың болуы.

Тәрбиеленушінің өз еркі болмай, тәрбие жұмыстарын дамыту, бірлесе жұмыс істеу идеяларын іске асыру мүмкін емес. Тәрбие жүйесі еріксіз ұйымдастырылса, ол тәрбиеленушіге де, тәрбиешіге де кері әсерін тигізеді. Егер тәрбиешілер тәрбиеленушілердің қызығушылығына, асқақ арманына, азаматтық және жолдастық міндеттеріне, өзбеттілігі мен шығармашылығына сүйенсе, сонда тәрбиеленушілердің тәрбиеге деген ықылас-ынтасы оянады.

Тәрбиелік жүйенің қағидалары: онтайлылық, құрылымдылық, функционалдылық, интегративтілік

Мектептің педагогикалық жүйесі – өсіп келе жатқан ұрпақтың қоғам өміріне қосылуы, қоғам мәдениетін меңгеріп жатқан олардың шығармашыл, белсенді тұлғалар ретінде дамуы, негізгі мақсат болып табылатын мақсатқа бағытталған, өз бетінше ұйымдасатын жүйе.

Тәрбие жүйесі – тәрбие компоненттері жағдайында әрекет ететін (субъектілер, мақсат, іс-әрекет мазмұны мен тәсілдері, қарым-қатынас) және ұжым өмірінің салты, оның психологиялық ахуал сияқты интегративті сипаттамаларына ие біртұтас әлеуметтік ағза (Н.И.Новикова).

Тәрбиелік жүйенің даму кезеңдері оның өзегі болып табылатын ұжымның даму кезеңдерімен бірге пайда болады. Мәселен, жүйенің қалыптасу кезеңінде ұжымның қалыптасуы жүріп отырады. Жүйе қызметінің мазмұны мен құрылымын реттеу процесінде ұжым көпшілік тәрбиесінің құралы болып қалыптасады, ал берілген режимде оның *функционалдық* кезеңінде – тұлға тәрбиесінің субъектісі. Мектепте ұжымды құру – бұл тәрбие жүйесінің біртұтастығын көрсететін *интегративтік* қасиеттің пайда болуы (13-сурет).



Сурет-13. Тәрбиелік жүйенің қағидалары

Тәрбиелік жүйенің құрылу және даму кезеңдері мен әдістемесі, бағалау өлшемдері

Қазіргі мектептің ұлттық тәрбиелік жүйелерінің мақсаты:

- жеке тұлғаның бойында біртұтас әлем туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру;

- тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтарға тарту, сол құндылықтарға сәйкес мінез-құлық қалыптастыру.

Жалпы мектептің тәрбиелік жүйесі өз дамуында төрт кезеңнен өтетінін тәжірибе көрсетеді.

Бірінші кезең – жүйенің қалыптасуы. Осы кезеңнің маңызды құраушы сатысы ретінде прогностикалық (болжам) сатысы болуы керек. Дәл осында болашақ тәрбие жүйесінің теориялық тұжырымдамасының құрастырылуы жүзеге асырылады, оның құрылымы мен бөлшектері арасындағы байланыстары айқындалады.

Екінші кезең – жүйенің жасалуы, ұжымдық іс-әрекеттің мазмұны мен жүйесінің құрылымын жасау. Бұл кезеңде мектеп ұжымының, өзін-өзі басқару және қатар басқарудың дамуы болады, іс-әрекеттің алдыңғы қатарлы түрлері, жүйенің жүзеге асуының басым бағыттары анықталады, ең тиімді педагогикалық технологияларын пайдаланады.

Үшінші кезең – жүйенің ақырғы рәсімделуі, жүйені лайықты тәртіпке келтіру, жаңалықтарды ендіру. Бұл кезеңде мектеп ұжымы – ортақ мақсатпен, әрекетпен, ынтымақтастық, шығармашылық қатынастарымен біріккен жасөспірімдер мен ересектердің достығы.

Төртінші кезең – тәрбие жүйесінің жаңа мазмұнда қайта құрылуы (14-сурет).



Сурет-14. Тәрбиелік жүйенің даму кезеңдері

Тәрбие жүйесінің кез келген деңгейін жарыққа шығарудағы алдыңғы кезектегі проблема тәрбиенің мақсатын анықтау болып табылады, өйткені білім беру саласындағы қызметкерлердің іс-әрекетінде, қоғамның басқа да саласында жұмыс істейтіндер сияқты оның мақсаты мен міндеттері айқындалады. Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері мектептің тәрбиелік мақсатынан шығады, өйткені сыныптағы тәрбие жұмысы мектептің тәрбиелік жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Тәрбиелік жүйе – тәрбиенің негізгі компоненттерінің (мақсат, субъектілер, олардың іс-әрекеті, қарым-қатынас, материалдық база) өзара әрекеттестігі процесінде туындайтын және ұжымның өмір салты, оның психологиялық ахуалы сияқты интегративті қасиеттерді меңгерген тұтас әлеуметтік ағза ретінде өзінің негізгі қызметі – тәрбиелеуге қатысты ретке келтірілген әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық ашық жүйе.

XX ғасырдың 90-шы жылдарында педагогикада білім беру мекемелерінің тәрбиелік жүйелерін зерттеумен айналысатын ғылыми мектеп дамыды

(Л.И.Новикова, В.А.Караковский, Н.Л.Селиванова, М.А.Сидоркин, А.В.Гаврилин, Е.Н.Степанов және т.б.). Тәрбие жүйесінің жалпы теориясы Л.И.Новикова мектебінің өкілдерімен өңделген. Ол мектептің тәрбиелік жүйесін «тәрбиелеудің негізгі құраушыларының (мақсат, субъектілер, олардың іс-әрекеті, қатынас, қарым-қатынас, материалдық база) өзара әрекеттесу процесінде пайда болатын және ұжым өмірінің салты, оның психологиялық ахуалы сияқты интегративтік сипаттамаларды иеленетін тұтас әлеуметтік механизм» деп анықтайды. Оның пайымдауынша, тәрбиелік жүйе – бұл өзара байланыс жағдайында қызмет ететін, тәрбиенің негізгі құраушыларынан тұратын және ұжым өмірінің келбеті, психологиялық ахуалы ретінде кіріктірілген сипаттарға ие әлеуметтік ағза.

Ал В.А.Караковскийдің анықтауынша, тәрбие жүйесі дегеніміз – мектептегі өзін-өзі ұйымдастыруда жүзеге асатын, өзіндік қызмет ететін және даму логикасы бар әлеуметтік тұтас ағза.

Тәрбие жүйесінің негізгі өзегі – тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер. Мектептің тәрбиелік жүйесін құру үшін не керек?

1) тәрбиелік әрекет субъектілерінің, ықпалдарының кіріктірілуі, педагогикалық процестің құрауыштарының өзара байланысын қамтамасыз ету;

2) мектеп ұжымы игерген әлеуметтік және табиғи ортаны қамтыған тәрбиелік жүйе құру, тұлғаға деген ықпалдың ауқымын кеңейту;

3) тұлғаны тәрбиелеуде педагогикалық ұжымның күшін, уақытын үнемдеу;

4) тәрбиелік жүйеде тәрбиеленуші, тәрбиеші, ата-ана тұлғасы өзін-өзі іске асыруы және өзіне-өзі сенім артуы үшін арнайы жағдай туғызу, оны модельдеу.

Мектептің тәрбиелік жүйесін бір-бірімен тығыз байланысты компоненттер жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Тәрбиелік жүйені құраушы компоненттер:

- мақсат-идеялар;

- іс-әрекет;

- субъектілер;

- қарым-қатынас;


- игерілген орта;

- басқару.

Тәрбиелік жүйені құрудағы *мақсат* – бұл мектептің тәрбие процесінің болашақтағы нәтижесі туралы ой-болжамы. Мектеп тәрбие мақсатын, тәрбие тұжырымдамаларын ескере отырып, өзіндік ерекшеліктеріне қарай анықтайды. Жалпы мақсат жүйенің негізгі жүйе құрушы маңызды компоненті болады.

Іс-әрекет компоненті – бұл анықталған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған амал-тәсілдер, әрекеттер жүйесі. Ал *субъектілері* – осы жүйенің іс-әрекетіне қатысушылар, яғни тәрбиеленушілер, тәрбиешілер, ата-аналар. *Қарым-қатынас* – ол жүйе ішіндегі субъектілер арасындағы байланыс орнату құралы болып табылады. *Игерілген орта* – ол тәрбие жүйесінің өз іс-әрекетін іске асыратын ортасы (15-сурет).

Тәрбиелік жүйені құраушы компоненттер



Сурет-15. Тәрбиелік жүйені құраушы компоненттер

Тәрбиелік жүйе – мектеп жасындағы өмірлік іс-әрекетін тәрбиеленушілердің мейлінше толығырақ өзін-өзі дамытуы мен жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыру бойынша мақсатқа бағытталған іс-әрекеті.

Мектептің тәрбиелік жүйесі – бұл мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу ортасы. ХХІ ғасырдағы жалпы орта білім беретін мектептердегі тәрбиелік жүйе ұжымдық шығармашылық жұмыстың, қоғамдық пайдалы және өндірістік еңбек, әртүрлі ұйымдастырылған жұмыс формаларын кіріктіреді.

Ұжымның тәрбиелік жүйесін ұйымдастыру үшін маңызды міндеттерді бөліп қараған жөн:

- денсаулық пен саламатты өмір салтына тәрбиелеу;
- жеке тұлғаның бойында адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
- тұлғада адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыру;
- тұлғаның бойына біткен тума қабілеттерді одан әрі дамыту.

Мектептің тәрбиелік жүйесі жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін әрекет етеді.

Жеке тұлғаны тәрбиелеуге көмектесудің жалпы қабілеті төмендегідей жеке қабілеттерден құралатын тұтастық ретінде көрініс алады:

- тәрбиеленушінің және педагогтар ұжымы тұлғасының дамуын диагностика жасау қабілеті;
- тәрбиелеу процесінің мақсатын бекіту және негіздеу қабілеті;
- оқушы, сынып жетекшісі, ата-аналар тұлғасының өздігінен іске асуының және өздігінен бекітілуі үшін максималды қолайлы деңгейде жасөспірімдер мен үлкендердің мектептік бірлестігінің тіршілік әрекетін ұйымдастыру қабілеті;
- субъектілердің өзара әрекеттесуінің тиімділігін арттыру жөніндегі күш салуларды интеграциялау қабілеті;

- білім беру мекемесінде және одан тыс жерде тәрбиелейтін, өнегелік тұрғыдан сәтті және эмоционалдық жағынан толыққан ортаны жасай білу қабілеті.

Сыныптың тәрбиелік жүйесі – бұл сыныптағы әрбір мүшені тәрбиелеп және олардың өмір сүруші ұйымдастыру тәсілі, біртұтас өзара әсер ететін компонент, ұжымда және тұлғаның дамуын қамтамасыз ету (Е.Н.Степанов).

Тәрбиелеу жүйесінің тұтас субъект ретінде сипаттамасы (В.Е.Барышников бойынша):

✓ педагогикалық өзара әрекеттесу барысында тәрбиелеу субъектілерінің құндылықтары мен мағыналарын келістіру процесінде пайда болады;

✓ өз дамуының жолдарын тұлға өзі анықтайды;

✓ өздігінен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылады;

✓ тәрбиенің нәтижесі өз тағдырын шешу және меңгеру арқылы қамтамасыз етіледі;

✓ субъективтік бастама үстем болады. Мекендеген ортасы (білім беру мекемесінің әлеуметтік-мәдени ортасы) тәрбиелеу жүйесінің әрекет етуінің орны және қайта құру объектісі болып табылады.

Сыныптың тәрбиелік жүйесі – мектептік тәрбиелік жүйенің компоненті (жүйеасты)

Л.И.Новикова мектептің тәрбиелік жүйесінің 9 белгісін айқындады:

1. Мектептің «кіші тұжырымдамасының» айқындығы – оның ата-аналар, тәрбиешілер, тәрбиеленушілердің қолдауы арқылы қабылдануы.

2. Мектеп өмірінің (оқу, еңбек, ойын, шығармашылық істер) оларға қолайлылығы, қызығушылығына сәйкес келуі, биресми қатынастардың құпталуы.

3. Балалар өмірінде қуанышты оқиғалардың болуы.

4. Мектептің, топтың еркін дамуына шектеу келтіретін «ұйымдастырылмаған аралдың» болуы.

5. Балалардың күнделікті өмірін бейнелейтін «сөйлеп тұрған қабырғалардың» болуы.

6. Қоршаған ортаның мектепке, мектептің қоршаған ортаға ықпалы.

7. Ішкі қайшылықтарды шешу.

8. Мектеп ұжымы мүшелері арасындағы жалпы ізеттілік қарым-қатынастың қалыптасуы.

9. Әрбір оқушының өзінің мектеп ұжымынан ажыратпауы, мектеп ұжымы мүшесі екенін толық сезінуі.

Сыныптың тәрбиелік жүйесін айқындайтын компоненттер:

1. Жеке дара-топтық компонент – бұл ересектер мен жасөспірімдердің қауымдастығы. Олар бір сынып көлемінде ортақ әрекет арқылы біріккен қауымдастық:

✓ *сынып жетекшісі, ата-аналар;*

✓ *пән мұғалімдері басқа да тәрбие процесіне қатысы бар адамдар.*

Сыныптың тәрбиелік жүйесін құрудағы өте маңызды компонент. Себебі, адамдар сыныптың тәрбиелік жүйесінің мазмұнын, қандай бағыттың қажетті

екенін анықтап, жүзеге асырады. Жүйенің мағынасы мен маңызы – тәрбиеленушілердің қажеттілігін жүзеге асыру және әрқайсысының тұлғалық дамуына ықпал ету арқылы ұжым ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету. Соның ішінде сынып жетекшісінің көзқарасы, құндылық бағдары, қызығушылығы, ұстанымы, әуестігі тәрбие жүйесінің негізгі құраушы факторы болып табылады. Ал сыныптағы тәрбиеленушілер бір жағынан өз дамуының толық құқылы иесі, екінші жағынан әдейі бағытталған және бірлескен іс-әрекет, қарым-қатынастың еріксіз ықпалының нысаны.

2. Құндылық-бағдарлы компонент:

✓ тәрбие жүйесінің маңыздылығы;

✓ мақсат, міндеттердің бірлігі;

✓ сыныптың ұжым ретінде әрекетінің болашаққа бағытталуы;

✓ сыныптың тәрбиелік жүйесін құрудың және іске асырудың негізгі қағидасы.

3. Іс-әрекеттік компонент:

✓ сыныптағы тәрбиеленушілердің біріккен іс-әрекетін, қарым-қатынасын ұйымдастыру әдістері мен түрлері;

✓ тәрбие жүйесінің атқаратын негізгі міндеттері;

✓ сыныптың күнделікті тіршілігін, өз бетімен әрекет етуін педагогикалық жағынан қолдау, қамтамасыз ету.

Бұл компоненттің негізін сыныптағы тәрбиеленушілермен біріккен іс-әрекет, іс-шара құрайды.

4. Уақыт-кеңістіктік компонент:

✓ сыныптағы тәрбиеленушілердің тіршілік-әрекетіндегі, күнделікті дамуындағы адамгершілік-рухани, сезімдік-психологиялық, заттық-материалдық ортасы, жағдайы;

✓ сыныптың басқа сыныптармен, ортамен байланысы, қарым-қатынасы.

Сыныптағы кейбір тәрбиеленушілер өздерінен ересек не жасы кіші балалармен қарым-қатынас жасайды. Ал кейбіреуі тіпті, өзімен бірге оқитын сыныптастарымен тіл табыса алмай жатады;

✓ сыныптың жалпы мектепшілік тәрбие кеңістігіндегі орны. Кейбір нақты іс-шараны өткізуді тапсырғанда, сыныптың деңгейіне өз бетінше әрекет ете алу қабілетін ескерген жөн;

✓ сыныптың тәрбиелік жүйесінің даму кезеңдері.

Тәрбие жүйесінің ішкі байланысы мен қарым-қатынасы шектелген, жабық жүйе болмауы керек. Сыныптың жетекшісі тәрбие жұмысын өз сыныбындағы оқушылардың басқа да сыныптағы оқушылармен өзара қарым-қатынасын қалыптастырып, оның нығаюына бағыттауы тиіс.

5. Нәтижелік-диагностикалық компонент:

✓ тәрбие жүйесі нәтижесінің (әсерінің) көрсеткіштері;

✓ тәрбие жүйесі нәтижесін анықтаудың әдістері мен тәсілдері.

Сыныптың тәрбиелік жүйесін айқындайтын компоненттер 16-суретте ашылды.



Сурет-16. Сыныптың тәрбиелік жүйесін айқындайтын компоненттер

Тәрбие жүйесінің нәтижелілігін анықтайтын көрсеткіш өлшемдері:

- тәрбиеленушілердің тәрбиелік дәреже көрсеткіштері;
- сыныптағы тәрбиеленушінің өз-өзін жайлы сезіну деңгейі;
- сыныптың тіршілік әрекетімен тәрбиеші мен ата-анасының қанағаттануы;
- сыныптың ұжым ретінде қалыптасуы;
- сыныптың абырой беделі;
- сынып ұжымының жеке-даралық қасиеттерінің көрініс табуы.

Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйелерінің өзара байланысы

Мектептің басты міндеті – тәрбиеленушілерді халық, ұлттар мен ұлыстар арасында өзара сыйластық пен құрметтеушіліктің, қоғамды ізгілікті, адамгершілікті тұрғыдан жаңарту рухында, еліміздің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іс жүзіне асыруға қабілетті, өзін-өзі нарықтық заман сұраныстарына сай іскерлікке баули алатын, адамгершілік қадір-қасиеттері биік, креативті шығармашыл азамат ретінде қалыптастыру болып табылады.

Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйелерінің өзара байланысының негізгі қызметтері: кіріктіруші, реттеуші, дамытушы.

Мектептегі тәрбиелік жүйенің *кіріктіруші қызметі* бұрын бөлек-салақ, стихиялы сипаттағы келісілмеген тәрбиелік ықпалдарды біртұтас етіп біріктіруге қол жеткізеді. *Реттеуші қызметі* педагогикалық процестерді реттеуге, оларды басқаруға бағытталады. *Дамытушы қызметі* бір шетінен оның қызмет етуін оңтайландырудағы, екінші жағында дамуында, жаңаруында, жетілдіруіндегі жүйе динамикасын қамтамасыз етеді.

Мектепте ұйымдастырылатын іс-шаралардың мақсаты – тәрбиеленушілердің дүниетанымын дамытып, тұлғалық мінез-құлық тәртібін,

моральдық сезімін қалыптастыру, өмір жайлы түсінігін жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеуіне, ерік-жігерін шыңдап, баулуға бағытталады.

Тәрбиелік іс-шаралардағы ең маңызды құрылым – тәрбиелік сәт. Көбінесе тәрбиеленушілердің үлгілі-өнегелі болуы сынып, мектеп, сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралардың нәтижелі өткізілуіне тікелей байланысты. Мектептік ұжымдық тәрбиелік іс-шараларда тәрбиеленушілер өз бойларынан табыла бермейтін кейбір адамгершілік қасиеттерді құрбы-құрдастарының бойларынан көріп, өздеріне қабылдайды. Бойларына көпшілік ортада, мектепте, сыныпта, аулада және т.б. көпшілік көп жиналған орындарда тәрбиеленушілердің өзін-өзі ұстай білуі, басқаларды тыңдай білуі, басқалардың ой-пікірін құрметпен қабылдауы өзіндік ұстанымды, сабырлықты талап етеді. Өзіндік ұстаным тәрбиеленушінің азамат ретінде қалыптасуының басты қасиеттерінің бірі. Оның басты элементтеріне төмендегідей нысандарды жатқызуға болады:

- ✓ өзіндік тәжірибе, өзіндік рефлексия;
- ✓ достарының бағалауы;
- ✓ тәрбиешінің бағалауы.

Тәрбиеленушілерге тәлімдік негіздерді игерту, олардың рухани, мәдени негізде жан-жақты дамуын, мінез-құлықтық жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін тәрбиелік іс-шаралардың ықпалды кезеңі – мектептік тәрбие. Бала мектеп табылдырығын аттағаннан бастап, аяқтағанға дейінгі ұзақ уақыт ішінде физиологиялық жағынан өсумен бірге, үнемі тәрбиешілердің білім беру жүйесінің ықпалымен сана-сезімі, ақыл-ойы, моральдық тәртіп тәрбиесі әр жасқа өткен сайын кемелденіп, азаматтық деңгейде тұлғалық қалыптасудан өтеді.

Кез келген тәрбие жұмысының нәтижесі, тәрбиеленушінің тәлімдік білімділігінен, мінез-құлық тәртібінің сапалық деңгейінен көрініс табады. Ал сапалы деңгейдің шамалық мәні – сыныпта, сыныптан тыс, мектептен тыс тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын, ықпал ету сапасын айқындап береді.

Педагогикада жинақталған тәрбиелік жүйелер: И.П.Ивановтың тәрбиелік жүйесі («Жалпы қамқорлық педагогикасы»), А.С.Макаренко, Л.Н.Новикова, В.А.Каракровский, Н.Е.Щуркованың тәрбиелік жүйелері, олардың сипаттамасы

XX ғасырдың 70-жылдарының соңына қарай жүйелілік идеялары тәрбие теориясына ене бастады. Бұл салада Ф.Ф.Королевтің еңбектері әдіснамалық рөл атқарады, ғалымның дәлелдеуі бойынша жүйелілік әдіс педагогикалық ойлау процесінің қайта құру құралы ретінде қарастырылады. Мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мақсатын, тәрбие беру тұжырымдамаларын ескере отырып, өзіндік ерекшеліктеріне қарай анықтайды.

«Жалпы қамқорлық» идеясын XX ғасырдың 50-жылдарының соңында ленинградтық ғалым *И.П.Иванов* ұсынған:

- мектеп жасындағы балалар мен олардың тәлімгерлері іс-әрекетінің әлеуметтік пайдалы бағыттылығы;
- мектеп жасындағы балалар мен үлкендердің достығы;
- әрекеттің көп рөлдік сипаты;

- романтизм;
- шығармашылық.

«Жалпы қамқорлық» тәрбиелік жүйесі – ұжымдық шығармашылық істер жүйесі. Ұжымдық шығармашылық іс – белгілі тізбекпен құрастырылған тәсілдер, іс-әрекеттер жиынтығынан құралатын оның бас әдісі. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруда бірнеше кезеңдер белгіленеді: тәрбиешілердің бастапқы жұмысы; ұжымдық жоспарлау; ұжымдық дайындық; өткізу; ұжым болып қорытынды жасау; жақын уақыттағы салдары.

Ізгіліктік тәрбиелік жүйесінің негізін қалаушы *В.А.Караковский* болды. Оның басты идеясы – жеке тұлғаның қызығушылықтары мен қабілеттеріне бағдарлау, жүйелілік, тәрбиенің кешендігі, педагогикалық әсер етуді кіріктіру, ұжымдық шығармашылық. Идеялар тоғысында ұжымның педагогикалық тұжырымдамасы анықтаушы рөл атқарады.

В.А.Караковский жүйесінің ерекшелігі – коммунарлық әдістемесін немесе ұжымдық шығармашылық іс-әрекет әдістемесін пайдалану.

Жүйенің басты функционалды өзегі көктемдегі каникул уақытында өткізілетін үшкүндік коммунарлық жиын болып табылады. Үшкүндік жиын – бұл жоғарғы қарқын жағдайында қатысушылардың қала сыртына міндетті түрде шыққан кезде өткізілетін ұжымдық шығармашылық істер кешені.

В.А.Караковский ұсынған мектептің ізгіліктік тәрбиелік жүйесі «Біз – мектеп» біртұтас педагогикалық тұжырымдамасына, педагогикалық әсер ету интеграциясына, коммунарлық әдістемесіне, жоғары деңгейде және формальді тұлғааралық қатынастарына, шығармашылыққа, ғылыммен өзара әрекеттестікке негізделген.

Л.И.Новикова ізгіліктік сипаттағы мектептегі тәрбиелік жүйе дамуында өткен кезең, осы шақ және болашақ бар деп көрсетеді. Мұнда мектептердің тәрбиелік жүйелері бір-біріне ұқсас, тұрақты реттелген жүйелер емес. Бұл жүйелер ашық, байланысқан ортаға, оның әлеуметтік, этникалық, мәдени, табиғи сипаттамаларына байланысты: жүйе ортаны, оның тәрбиелік әлеуетін, ортаны барынша көп пайдалану және оны тәрбиелік кеңістікке айналдыру есебінен оның мүмкіндіктерін жоғарлатуды қарастырады.

Ал *Н.Е.Щуркова* нәтижелі тілдесудің төмендегідей жалпы ережелерін ұсынады:

- тәрбиеленушілерде «Біз» сезімін қалыптастыру;
- тәрбиеленушілермен тұлғалық байланыс орнату;
- тәрбиеленушілерге өзінің ықыласын көрсету;
- бірлескен іс-әрекетінің жарқын мақсатын көрсету;
- тәрбиеленуші жүріс-тұрысы мен мінез-құлқындағы оң қасиеттерін айрықша баса айту;
- өз тәрбиеленушілеріне қызығушылықты үнемі көрсете алу;
- көмек және өзара көмек көрсету.

XX ғасырдың 90-жылдарының соңында Н.Е.Щуркова тәрбие бағдарламасының ортақ үлгісін ұсынды:

- 1) адамзаттың ортақ үйі ретінде табиғатқа адами құндылық қатынасты қалыптастыру;

2) мәдени өмірдің нормаларына деген құндылық қатынасын қалыптастыру (гигиена, құқық, экономика, экология және т.б.);

3) өмірде жоғарғы құндылық субъектісі ретінде жеке тұлға туралы түсінікті қалыптастыру (қызмет, іс-әрекет түрлері, мамандық, кәсіп, отбасы, абырой және т.б.);

4) адам жайлы жер бетіндегі ең жоғары құндылық деген түсінікті қалыптастыру (мамандық, отбасы, қарым-қатынас, тұлғалық жетістіктері және т.б.);

5) Отанға, мемлекетке деген патриоттық сезімді қалыптастыру;

6) мейірімділік, адалдық, сұлулық пен әдемілікке бағытталған өмір салтын қалыптастыру;

7) өмірлік ұстанымын қалыптастыру, өмірлік жолын жекелеп таңдау қабілетін дамыту.

В.А.Сухомлинский бойынша мектептің тәрбиелік жүйесінің ерекшеліктері

В.А.Сухомлинский тәрбиелеудің 2 қайнар көзін қолдайды:

1) алдын-ала ойластырылған балалармен бірге өткізілетін тәрбие жұмысы;

2) өмірдің күрделі құбылыстары, тұлғааралық қарым-қатынастар, олардың әрекеттері.

Ол тәрбиелеу мазмұнына терең талдау жасап, адамгершілік тәрбиеге ерекше көңіл бөлді. В.А.Сухомлинский жетекшілік еткен Павлыш орта мектебінің тәрбиелеу өзегі – жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға, қоғамдық процестің белсенді қатысушысы.

В.А.Сухомлинский бойынша тәрбиелік критерийі – адамның ар-намысы, оның өзін өзгенің көзімен көре алу және өзінің мінез-құлқын сырттай бағалай алу қабілеті. В.А.Сухомлинский бойынша мектептегі тәрбиенің басты элементі – өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады.

Ол адамгершілік тәрбиесінің негізгі мазмұны тұлғаның гуманизм, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, мейірімділік пен өзін басқара алу сынды қасиеттерін қалыптастыру деп білді.

В.А.Сухомлинский тәрбиелеу әдісі ретінде – сөзбен әсер етуге ерекше назар аударды. Сөзбен тәрбиелеу кітап көмегімен және тәрбиелік тапсырмалар (жағдаяттар) арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелік тапсырмалар (жағдаяттар) мектеп пен отбасы бірлесіп талап қойғанда ғана сәтті болмақ, сонда ғана бала адамгершілік ұғымдарды саралауда кедергі болатын екіжүзділік пен қарама-қайшылықтан арылады. Павлыш орта мектебінің педагогикалық ұжымы ата-аналар ұжымымен бірге жұмыс істеді. Балалардың жас ерекшеліктері бойынша 5 топқа жіктелген ата-аналар мектебі құрылды:

1) мектеп жасына дейінгі балалар (5-7 жас);

2) I-II сыныптар;

3) III-IV сыныптар;

4) V-VII сыныптар;

5) VIII-X сыныптар.

Ата-аналар мектебінде сабақтар айына екі рет өткізілді. Сабақтардың негізгі формалары: директор, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары және басқа да тәжірибелі мұғалімдердің сұхбаттары мен дәрістері болды. Павлыш орта мектебінде жас ерекшелік психологиясы, тұлға психологиясы, физикалық, ақыл-ой, адамгершілік және дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді.

Қазақстан мектептеріндегі тәрбиелік жүйе

Қазіргі кезеңде мектептерде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының мақсаты – оқушылардың сабақ кезіндегі, сабақтан тыс уақыттағы әрекетінің тиімді байланыстарын табу; шығармашылық қабілетін дамыту процесін жекелендіруді күшейту; креативті тұлғаны тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіру процестерінің өзара байланысын қамтамасыз ету; жеке тұлғаның сұранысын, қажеттіліктерін ескеру; тұлғаның дамуы үшін материалдық, кадрлық-педагогтық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік тұрғысынан тиімді жағдайлар жасау.

Тәрбие мақсатын жүзеге асыруда тәрбиешінің рөлі зор. Қазіргі кезеңде тәрбиеші – ол саясаттың нарықтық педагогикаға үстемдік етуіне жол бермеу үшін, тәрбиенің жаңа әлеуметтік-экономикалық шартын педагогикалық негізде ойлай білуге, нарықтық экономикаға өту жағдайында келу салдарын, педагогикалық процестерді жаңа мақсат ұстанымында бағалауға, педагогикалық іс-әрекеттің баламаларын салыстыруға, олардың ықтимал мүмкіндіктерін болжауға қабілетті, талдау мен өзін-өзі бақылау тәсілдерін меңгерген, кәсіби шебер маман.

Тәрбиелік жүйеде сынып жетекшісі мен мектеп өкілінің рөлі қалай өзгереді? Жаңарған мектептегі олардың функциялары қандай? Тәрбиешілер, ата-аналар, мектептен тыс мекеме қызметкерлері тәрбие процесін ұйымдастыра отырып нені ескеруі қажет? Міне, осы сұрақтарға жауап беру үшін тәрбиешіге *біріншіден*, ортаның тәрбиеленушіге әсер етер ықпалын, *екіншіден*, өзі істейтін әлеуметтік тәрбие институтының ерекшеліктерін, олардың тәрбие ісіндегі барлық мүмкіндіктері мен функцияларын білу өте маңызды. Жалпы білім беретін қазіргі мектептің даму тенденцияларында тәрбие жұмысының негізгі блоктары болып саналатын: диагностикалық, мазмұндық-тұтастық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттік, технологиялық, нәтижелілік-бағалаушылық, өңдеушілік сияқты тәрбие процесінің логикасы мен құрылымын жақсы білу және дұрыс пайдалану қажет.

Қазіргі кезеңде заман ағымына орай жаңа өрімдер, тың ойлар, соны бағдарламалар көрініс табуда. Бұл – өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне тікелей қатысты. В.Г.Белинский: «Ең ескі дүниені жаңамен байланыстырып, өзгеше сипат беріп, жаңалық ашуға болады» – деген болатын. Мысалы, С.Н.Лысенкованың оза отырып оқыту технологиясы педагогикада қолданылғанымен, жалпы орта білім беретін мектептердің қазіргі даму жағдайына байланысты оны «жаңа» әдіс-тәсіл ретінде, яғни өзгерістерді өмірге енгізу арқылы тәрбиешілердің жұмысында қолдануға болады.

Қоғамдық дамудың жаңа кезеңінің талаптарына сай жалпы орта білім беретін мектептердегі оқыту жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырауда. Оған себеп болған жағдайлар:

- ақпараттық жаңа технологиялардың қарқынды дамуы;
- жаңа үлгідегі жалпы орта білім беретін мектептердің пайда болуы (гимназия, лицей, зияткерлік мектептер);
- қабілеті жоғары балалармен жұмыс істеу бағдарламасының дүниеге келуі;
- жас ұрпаққа көптілді меңгерту.

Осы ұстанымдардың мағынасын жете түсіну, мектеп жасындағы балаларға білім беру кезінде осы тұжырымдарды басшылыққа алу – әр тәрбиешінің ұстанымына айналуы тиіс. Себебі, жалпы орта білім беретін мектептерде жас ұрпаққа саналы тәртіп пен сапалы білім берудің алғы шарты – жаңа технология болуы қажет.

Жаңа технологияны пайдаланудағы негізгі мақсат – өскелең ұрпақтың қабілетін ашу, өз-өзіне деген сенімін арттыру, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылдыру.

Отандық ғалымдардың тәрбиелік жүйені анықтауға арналған зерттеулері

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тәрбиелік жүйені жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты – «қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп атап көрсетілгендей, бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделген.


Осыған орай, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойында Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты міндет болып табылады.

Қазақстанда білім мен тәрбие ісінің даму мәселелері, патриоттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық қырлары Б.А.Әлмұхамбетов, Қ.Б.Бержанов, Ш.К.Беркімбаева, С.Қ.Қалиев, К.Қ.Құнантаева, Л.Сейдахметова, Ә.І.Сембаев, Ә.Сытдықов, Т.Тәжібаев, Н.Н.Нұрахметов, Г.М.Храпченков, С.Иманбаева және т.б. еңбектерінде баяндалған.

Жас жеткіншектерге патриоттық тәрбие беру мақсатында *«Тағылым» орталығын* ашуды ұсынамыз.

«Тағылым» орталығында тәрбиешілер тәрбиеленушілермен, ата-аналармен, қалың жұртшылық қауыммен бірлестікте жұмыс жасауы тиіс. «Тағылым» орталығы жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру бойынша ата-аналармен, тәрбиеленушілермен конференция, дөңгелек үстел, семинар-кеңес, интеллектуалдық олимпиада, ойындар, байқау, кездесулер және т.б. өткізеді.

Жас жеткіншектерге отансүйгіштік тәрбие беруде жалпы орта білім беретін мектептерде «Тағылым» орталығы жұмыс жасағаны ләзім (17-сурет).



Сурет-17. «Тағылым» орталығының патриоттық тәрбие беру жүйесі

Қоғам өмірі өркениетті болған сайын, өз азаматтары алдына маңызды да келелі проблемаларды шешу міндеттерін қояды. Өйткені, қоғамның даму жетістіктері әрбір жеке тұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерінің сапасына, оның жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру және оны қоғам игілігі үшін пайдалану қабілеттілігіне тікелей байланысты.

Адамгершілік тәрбиенің құрамдас бөлігі екені Л.Ә.Байсерке, А.Н.Илиясова, А.А.Бейсенбаева, Х.Қ.Жанпейісова, А.Ким, А.Н.Көшербаева, Р.К.Төлеубекова және т.б. еңбектерінде зерттелген.

Тәрбие берудің этникалық және ұлттық негіздері А.Бейсембаева, Г.Н.Волков, С.Ғаббасов, Р.А.Джанабаева, С.Ешімханов, Ә.Жұмаханов, Э.Измайлов, Ж.Қ.Қалиев, К.Ж.Қожахметова, А.Қ.Құсайынов, Ж.Наурызбаев, Ш.Таубаева, С.А.Ұзақбаева және т.б. зерттеу еңбектерінде жүйеленіп берілген.

Егеменді еліміздің ертеңі өткен тарихымызбен сабақтасып келеді. Халқымыздың санғасырлық тарихында балаға жан-жақты тәрбие берудің өзгеге ұқсай бермейтін ерекше талаптары қалыптасты. Бала тәрбиесіне қатысты кейінгі жылдары пайда болған «Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы» (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев), «Қазақ халқының салт-дәстүрі» (М.Оразаев, М.Сымайылова), «Елім-ай» музыкалық-этнопедагогикалық бағдарламасы (А.Қалтабаев), «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасы (М.Құрсабаев) өз нәтижелерін беруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев халыққа Жолдауында, қоғам мен мектептің ендігі басты міндеті – тек болашақ ұрпақ тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызын саналы түсінетін, рухани білімді азамат, патриоттар ұрпағын тәрбиелеу екенін ашып көрсеткен. Тәрбиеленушіні мектептегі оқу-тәрбие жүйесі арқылы өркениетті қоғам құру іскерлігіне ұмтылатын жеке тұлға ретінде қарастыра, оларға өркениеттік талаптарына сай өмір сүруді, имандылық, адамгершілік құндылықтарды өмір шындығы негізінде қабылдата, игерте отырып тәрбиелеу, бүгінгі мектептің тәрбие мазмұнының басты бағыты болуы керек.

Олай болса, *«Тағылым» орталығының мақсаты* – өз жерінің тағдыры толғандыратын, туған халқының тарихына, мәдениетіне, тіліне мақтаныш сезімі оянған, әлемдік бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан егеменді мемлекет ретінде қалыптасу мен даму стратегиясы» еңбегінде «Мемлекетімізді егеменді, тәуелсіздікке жеткізетін 4 күш: біріншісі – жеріміздің қойнауындағы байлық; екіншісі – жеріміздің бетіндегі байлық; үшіншісі – өндіріс байлығы; төртіншісі – тапқырлардың ақыл-ой байлығы, тапқырлардың үйреншікті қалыпқа сыймайтын, бүкіл әлемдік деңгейдегі жасалымдары» деп атап көрсеткендей, жас ұрпаққа ұлттық, патриоттық тәрбие берудің маңызы ерекше.

Тәлім-тәрбиеге байланысты іс-шаралар мазмұны: жасөспірімнің балалық шағынан бастап, мектептік оқу-тәрбие процесі арқылы сезімдік, танымдық, ойлау, талғам қабілеттіліктерін қалыптастыру, дүниетанымдық өрісін кеңейту, олардың әлеуметтік ағымдармен, қоғамдық талаптармен тығыз байланыста өмір сүруін қамтамасыз ететін білім, ғылым негіздерін, жалпыадамзаттық,

ұлттық мәдени, моральдық-этикалық құндылықтарды игерту, сол арқылы қоғам өміріне белсенді араласуға бағыттап, әлеуметтендіруді қамтуы тиіс.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. «Тәрбиелік жүйе» ұғымы.
2. Мектептің тәрбиелік жүйесінің негізгі компоненттерінің мәні, құрылымы, сипаттамасы.
3. Тәрбиелік жүйенің қағидалары.
4. Сыныптың тәрбие жүйесін айқындайтын компоненттер.
5. Қазақстан мектептеріндегі тәрбиелік жүйе.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Жеке адамды идеялық, саяси, адамгершілік, экономикалық және т.б. жағынан қалыптастырудағы жүйелі процесс – бұл:

тәрбиелік жүйе

2. Л.И.Новикова мектептің тәрбиелік жүйесінің ...белгісін айқындады.

ТОҒЫЗ

3. Оңтайлылық, құрылымдылық, функционалдылық, интегративтілік – бұлар:

тәрбиелік жүйенің қағидалары

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз

Мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары _____

Тәрбие жүйесінің ерекшеліктері _____

Тәрбие жүйесінің негізгі қағидалары _____

Тәрбиелік жүйені құраушы компоненттер _____

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Тәрбиелік жүйенің принциптері (қағидалары):

- A) Оңтайлылық
- B) Функционалдылық
- C) Интегративтілік
- D) Жүйелілік

- Е) Құзыреттілік
- Ғ) Іс-әрекеттік
- Г) Қарым-қатынастық
- Н) Тұлғалық-бағдарлық

2. Мектептің тәрбиелік жүйесінің даму кезеңдері:

- А) Жүйенің қалыптасуы
- В) Жүйенің жасалуы
- С) Жүйенің ақырғы рәсімделуі
- Д) Жүйенің реттелуі
- Е) Жүйенің қайта қаралуы
- Ғ) Жүйенің кемелденуі
- Г) Жүйенің дамуы
- Н) Жүйенің аяқталуы

3. Тәрбиелік жүйені құраушы компоненттер:

- А) Мақсат, міндеттері, әдістері, формасы, нәтижесі
- В) Іс-әрекет
- С) Қарым-қатынас
- Д) Объектілер
- Е) Қоршаған орта
- Ғ) Бақылау
- Г) Көзқарас
- Н) Көмек көрсету

4. Л.И.Новикова бойынша мектептің тәрбиелік жүйесінің белгілері:

- А) Тәрбиеленушілер өмірінде қуанышты оқиғалардың болуы
- В) Тәрбиеленушілердің күнделікті өмірін бейнелейтін «сөйлеп тұрған қабырғалардың» болуы
- С) Қоршаған ортаның мектепке, мектептің қоршаған ортаға ықпалы
- Д) Тәрбиеленушінің еркін дамуына шектеу келтіретін «ұйымдастырылмаған аралдың» болмауы
- Е) Ішкі қайшылықтарды шеше алмау
- Ғ) Мектеп ұжымы мүшелері арасындағы қызғаншақтық, көре алмаушылық қарым-қатынастардың қалыптасуы
- Г) Тәрбиеленушілердің өздерін мектеп ұжымы мүшесі екенін толық сезінбеуі
- Н) Мектеп өмірінің тәрбиеленушілердің қызығушылығына сәйкес келмеуі

5. Сыныптың тәрбиелік жүйесін айқындайтын компоненттер:

- А) Жеке дара-топтық компонент
- В) Құндылық-бағдарлы компонент
- С) Нәтижелік-диагностикалық компонент
- Д) Ұжымдық компонент
- Е) Қарым-қатынастық компонент

- F) Аксиологиялық компонент
- G) Уақыт-өлшемдік компонент
- H) Тұлғалық компонент

6. Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйелері байланысының негізгі қызметтері:

- A) Кіріктіруші
- B) Реттеуші
- C) Дамытушы
- D) Қалыптастырушы
- E) Ұйымдастырушы
- F) Біріктіруші
- G) Үйретуші
- H) Басқарушы

7. Ғалым И.П.Иванов ұсынған «Жалпы қамқорлық» идеясы:

- A) Жасөспірімдер мен үлкендердің достығы
- B) Әрекеттің көп рөлдік сипаты
- C) Шығармашылық
- D) Ата-ана мен мұғалімнің достығы
- E) Іс-әрекет сипаты
- F) Ұжымдық
- G) Қарым-қатынас сипаты
- H) Топтық

8. Н.Е.Щуркова тұжырымдаған нәтижелі тілдесудің ережелері:

- A) «Біз» сезімін қалыптастыру
- B) Тұлғалық байланыс орнату
- C) Көмек және өзара көмек көрсету
- D) Мінез-құлқындағы теріс қасиеттерін айрықша айту
- E) «Мен» сезімін қалыптастыру
- F) Бірлескен іс-әрекетінің нәтижесін көрсету
- G) «Ол» сезімін қалыптастыру
- H) Тәрбиеленушілердің қызығушылығын ояту

9. В.А.Караковскийдің пікірінше тәрбие жүйесінің моделі:

- A) Оймен тану арқылы құрылған жүйе
- B) Біртұтас көрініс беретін жүйе
- C) Іштей көру арқылы өзгеретін жүйе
- D) Сезім арқылы ажыратылатын жүйе
- E) Сырттай тану арқылы берілетін жүйе
- F) Жеке-дара көрініс беретін жүйе
- G) Іштей сезу арқылы өзгеретін жүйе
- H) Қабылдау арқылы игерілетін жүйе

10. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан егеменді мемлекет ретінде қалыптасу мен даму стратегиясы» еңбегінде «Мемлекетімізді егеменді, тәуелсіздікке жеткізетін 4 күш:

- A) Жеріміздің қойнауындағы байлық
- B) Жеріміздің бетіндегі байлық
- C) Тапқырлардың ақыл-ой байлығы
- D) Қоғамдық байлық
- E) Адамдардың мәдени байлығы
- F) Жер бетіндегі рухани байлық
- G) Құрылыс байлығы
- H) Әлеуметтік байлық

Тәрбие тағылымы

 <p style="text-align: center;">Қорқыт Ата (б.з.д. VIII-IX ғғ.)</p>	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды ✓ Тәкаппарды тәңірі сүймес ✓ Анадан өнеге көрмеген қыз жаман Атадан тағылым алмаған ұл жаман
 <p style="text-align: center;">Виссарион Белинский (1881-1848)</p>	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс ✓ Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы әрі қастерлі десеңізші: оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр

3-тақырып. Қазіргі мектептің тәрбие жұмысы процесіндегі педагогикалық қолдау

Педагогикалық қолдау – педагогтың қазіргі педагогиканың гуманистік парадигмасын бейнелеп көрсететін миссиясы

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тұлғаның шығармашылық құзыретіндегі, үздіксіз тәрбиелеудегі, кәсіби өзін-өзі

анықтаудағы бәсекелі артықшылықтарын қалыптастыру мақсатында, өскелең ұрпаққа педагогикалық қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөлінген.

Педагогикалық қолдау – жеке тұлғаның қызығушылығын, мүмкіндігін және оған адамгершілік қасиетін сақтауға, өзін-өзі ұйымдастыруда оң нәтижеге қол жеткізуге кедергі жасайтын мәселелерді жеңу жолдарын анықтау.

Адам қаншалықты алдына қойған міндеттерді шешуде белсенділік танытса, соғұрлым ол өзін әлеуметтену субъектісі ретінде қарастыра алады. Баланың дамуы үнемі қолдау жасауды қажет етеді. Даму субъектісі дамушы адам және дамушы жүйе болып табылады.

Педагогикалық қолдау – бұл өмірлік таңдаудың түрлі жағдайында субъектінің оптимальды шешімін қабылдауда мүмкіндікті қамтамасыз ету:

- пайда болған мәселенің мән-жайын диагностикалау;
- мәселені шешудің мүмкін жолдары туралы ақпараттар беру;
- шешім қабылдау және мәселені шешу жоспарын құру кезеңінде кеңестер беру;
- мәселені шешу жоспарын іске асыруда алғашқы көмек көрсету (18-сурет).



Сурет-18. Педагогикалық қолдау

Қолдау ұғымының мәні «қамтамасыз ету», «көмек», «қолдау» ұғымдарымен мәндес келеді. «Қолдау» ұғымы шешім қабылдаудағы субъектінің белсенділігін айқындау үшін қажет, бұл ұғым субъектінің шешім

қабылдауы үшін алғы шарттарды қамтамасыз ету арқылы түсіндіріледі. Тұлғаның (дене бітімі, рухани табиғаты, өмірлік жағдайы, мінез-құлқы) оқу жұмысының ерекшеліктерін ескеріп, педагогикалық көмекті шамасы мен мөлшеріне қарай қолдану маңызды. Әр тұлғаның өзіндік пікірін, шығармашылық белсенділігін, жақсы көтеріңкі көңіл-күйін, танымдық қызығушылығын қолдау қажет. Тұлғаны педагогикалық қолдау Америкадағы «мектептегі кеңес беру мен басшылық» (School counseling and guidance) ұғымы ресейлік педагогикалық қолдаудан өзгешелеу болып келеді. Шетелде «кеңес беру» мен «басшылық» ұғымдары бала сұранысына сай басшылық ету ұғымымен бірге қолданылады. Англияда «counselling and guidance» жүйесі мамандардың іс-әрекетінің мазмұнын жетілдіру, «guidance» ұғымын тұлғаның әлеуметтік және даралық дамуына бағытталған іс-әрекетті ұйымдастыру, әлеуметтік дағдыға үйрету, кеңес беру, кәсіби бағдар беру, пәндерді таңдауға көмек беру, қамқорлық, қолдау болып айқындалады. АҚШ-та «guidance» алдын алу шараларымен, ал «counselling» проблемасы бар тұлғалармен жұмыс істейтін мамандардың қызметімен байланыстырады.

Педагогикалық қолдаудың гуманистік құндылығы тұлғаның мәндік-мотивациялық бағдарын дамытуға бағытталады, яғни өмірдегі өз орнын табуға жетелейді. Педагогикалық қолдау ұйымдастырушылық (технологиялық) позиция бойынша тұлғаға көмектесу мақсатындағы тәрбиеші іс-әрекетінің кезеңдерімен (диагностикалық, ізденушілік, келісушілік, іс-әрекеттік, рефлексивтік) айқындалады. Ғалым О.С.Газман тұлғаны дамытуда педагогикалық қолдауды қажет деп есептейді.

Тәрбиешінің міндеті қиындық туған жағдайда тұлғаға өздігінен проблемасын шешуге, өзін және қоршаған ортаны адекватты қабылдауға көмектесу.

Педагогикалық қолдаудың мәні – оқушының ішкі күші мен қабілетіне қарауға негізделген тұлғаның субъективтілігін қалыптастыру

Тәрбиеленушінің ішкі күші мен қабілетіне қарауға негізделген тұлғаның субъективтілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық қолдаудың мәні:

- қолайлы психологиялық ахуал тудыру;
- жеке тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай жасау;
- өз қадір-қасиеті мен ар-намысын сақтап қалу және ұтымды нәтижеге жету жолындағы кедергілерді жеңіп шығу;
- «жәрдем бер» деп алақанын ашық жайып отырғанға ғана емес, достық қарым-қатынасқа мұқтаж болғанның бәріне көмек көрсету;
- тәрбиешінің өмірдегі өз орнын табуға құштарлық білдірген жеке тұлғаның проблемаларын өз назарында ұстай білуі;
- тәрбиешінің кәсіби деңгейінің жоғары болуы.

Сондай-ақ, «қолдау» ұғымы субъектінің шешім қабылдауы үшін жағдай жасау арқылы ашылуы мүмкін:

- ✓ ұрпақтар сабақтастығы «достық-доминанттылық» (А.А.Ухтомский);

- ✓ диалогтік қарым-қатынас (А.Г.Асмолов, М.М.Бахтин, Т.А.Флоренская және т.б.);
- ✓ тәрбиеленушілермен жеке-дара тұлғалық деңгейде өзара қарым-қатынас жасау;
- ✓ үлкендермен субъект-субъектілік қарым-қатынас жасау (Д.И.Фельдштейн);
- ✓ серіктестікке ықпалдастыру;
- ✓ жеке тұлғаның ішкі әлеуетін аша отырып, дамуының траекториялық бағытын қамтамасыз ету;
- ✓ баланың жан дүниесін түсіну, даму ерекшеліктерін есепке алу негізінде психологиялық қауіпсіздікті және қорғанышты қамтамасыз ету (А.Маслоу, К.Роджерс);
- ✓ жеке тұлғаны дамытудан тұлғаның педагогикалық өзін-өзі дамыту құндылығына ауысуы (А.В.Суворов, Г.А.Цукерман);
- ✓ өзін-өзі өзгерту мақсатын қою және өзін-өзі түбегейлі өзгерту;
- ✓ маңызды ішкі әлеует потенциалды ресурстарды, мақсат пен құндылықтарды және оларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре алуы;
- ✓ өз өмірінің сындарлы өзгерісінде өзінің шығармашылық, белсенділік рөлін ұғынуы.

Оқытудың мәні – дүниетаным болса, ал тәрбиенің мәні – әлеуметтік және мәдени құндылықтар, адамгершілік нормалар мен қарым-қатынас екені белгілі. Педагогикалық қолдаудың мәні – тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау және т.б.

Баланың танымдық және шығармашылық іс-әрекетіне қатысуға дайындығын, өзін-өзі дамытуын, өзін іс жүзінде көрсетуі үшін ашық ақпараттық білімдік кеңістік жағдайда педагогикалық қолдау көрсету

Ғалым В.И.Андреев даму мен өзін-өзі дамыту процесінің 2 ерекшелігін атап өтеді: тұлғаның өзгерісі сырттан емес, оның өзіне-өзі ішкі мақсатқа бағытталған әсерінен болады; өзгерістер тек қана мотивте, интеллектуалды, эмоционалды аймақта ғана болмайды, сондай-ақ, барлық «өзіндік» процестерде жүреді: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі басқару. Дамудікі сияқты өзін-өзі дамытудың басты тетігі қарама-қайшылықты, тұлғаның біртіндеп күрделенетін шығармашылық мәселені шешуі болып табылады.

Даму процесінің күрделілігі, қарама-қайшылықтылығы мен заңдылығы, спираль түріндегі құбылыс болуы жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуын, оның өзінің алға қарай жылжуын өзі дайындайтын процесс деп қарауға мүмкіндік береді. Бұл философияда «өзін-өзі алға ілгерілету», «өзін-өзі дамыту» ұғымына сәйкес келеді. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы өзін-өзі ілгерілетуден сапалық сипатымен өзгешеленеді: ол ұйымдастырудың жоғары деңгейге өтуімен қатар жүреді.

Өзін-өзі дамыту қажымас қайраттылықты, үлкен ерік-жігерлік күшті қажет етеді.

Тұлғаның өзіндік процестерін қолдау (өзін-өзі тану, өзін-өзі байқау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі болжау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету және т.б.)

Тұлға дамуы – өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты процесс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына ұласады.

Адам өміріндегі кез келген өтпелі кезеңнің өзіндік қиындықтары болады. Тұлғаның бастауыш мектептен орта мектепке ауысуы – күрделі және жауапты кезең, оның алдағы мектеп өмірі бейімделу процесінің өтуіне байланысты қалыптасатын болады. Біздің міндетіміз – оларда болып жатқан жағдайларды, алаңдататын, мазалайтын не екенін, қандай қиындықтар болатынын анықтау және нақты қандай көмек көрсете алатынымызды білу.

Тұлғаның оқу-тәрбие процестеріне жылдам бейімделуіне орта буынға өтуіне дейін пайда болған психологиялық проблемалар кедергі болады. Тұлғаға бейімделудің күрделі кезеңінде көмек көрсету оның өзіндік тәрбиесі, тұлғалық өсуі мен дамуы міндеттерін шешуге, сонымен қатар, мектепке бейімделе алмаудың алдын-алуына әсер етеді.

Олай болса, өзін-өзі тәрбиелеу әрбір жеке тұлғаның белгілі даму деңгейіне және өз қылықтарын басқаның әрекеттерімен саналы түрде салыстыра білуіне байланысты.

Өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдері:

- ✓ өзіне-өзі міндет қоя білу;
- ✓ өзіне-өзі есеп беру;
- ✓ өз әрекетін өзі бағалау;
- ✓ өз ісі мен әрекетін қадағалай алу.

Өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі басқару процесінде жүзеге асады. Бұл үшін әр тұлғаның өз мақсатына сәйкес іс-әрекет жоспарын жасап, орындалуына бақылау, бағалау қажет болса, реттеу, түзетулер енгізе білуі.

Жеке тұлғаның өз дербестігін тануы – оның саналы өмірлік бағдар, мақсат, адамгершілік құндылықтар, кәсіп, тіршілік шарттарын таңдай білуімен анықталады.

Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері:

✓ *өзін-өзі тану:* өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, өзін өзгемен салыстыру және т.б.;

✓ *өзін-өзі меңгеру:* өзін-өзі қадағалау, өзін-өзі билей білу, өзін-өзі иландыру, өзін-өзі мәжбүрлеу және т.б.;

✓ *өзіндік ынталандыру:* өзін-өзі бейімдеу, өзін-өзі жазалау, өзін-өзі шектеу және т.б.

Сонымен, өзін-өзі тәрбиелеу – тұрақтанған мұраттар мен наным-сенімдерге негізделіп, саналы белгіленген мақсатқа сәйкес жеке тұлғаның өз тұлғалық сапа-қасиеттерін өзгертуге арналған педагогикалық іс-әрекеті.

Алғашқы қадамда да, есейген шақта да жеке тұлғаға жауапкершілік сезім баулуда көмек көрсету – тәрбиешінің аса маңызды міндеттерінің бірі. Тәрбиеленушілерге өз қалауымен әрекет жасауға мүмкіндік бере отырып,

тәрбиеші көп жағдайда олардың өзін-өзі бақылау, өзіне-өзі баға қоюға деген ықылас-ниет әрекеттеріне қолдау-қуаттау көрсетуі қажет.

Оқушыларда тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге мақсатты бағытталған өзін-өзі рефлексиялау туралы ұғым қалыптастыру

«Рефлексия» ұғымы алғаш философия ғылымына енді, индивидтің өз санасында өзінің жасаған іс-әрекеттерін ой елегінен өткізуін білдірді. Рефлексия («*reflexio*» латын сөзінен шыққан, тікелей аудармасы – артқа қарау, бұрылу) қандай да бір нәрсені үйрену мен таңдаудың көмегімен ой елегінен өткізу процесі.


Педагогикалық рефлексия – педагогтың өзін оқушының орнына қоя алу қабілеті, кез келген жағдайда да оқушының іс-әрекетіне түсінушілік білдіру, оқушыны қолдап, дер кезінде қуаттап отыруы және оқушының өзіне деген көзқарасын ұдайы көре алуы, одан дұрыс қорытынды шығара алуы (Ш.Т.Таубаева).

Қазір ғалымдар *өзін-өзі рефлексиялау* мәселелерін де қарастыруда. Ғалымдар өзін-өзі рефлексиялау мәселесін педагогтың шығармашылық іс-әрекетімен бірлестікте қарауда. Көптеген философиялық, психологиялық зерттеулерде шығармашылық іс-әрекет рефлексиямен бір жүйеде қарастырылады (В.В.Давыдов, Я.А.Пономарев, И.Н.Семенов және т.б.). Авторлардың пікірінше, рефлексия өзіндік сананың құнды формасы бола тұра және рефлексияның шығармашылық қабілеттерімен өзара байланысы бола тұра осы күнге дейін не орта мектептің, не жоғары мектептің білім беру мазмұнының басты элементі бола алмай отыр. Ғылымда рефлексияның әртүрлі типі мен деңгейлері белгілі: дүниетанымдық, әдіснамалық, психологиялық және т.б.

Өзіндік рефлексияның өлшеу бірлігі – өзіндік талдау. Өзіндік талдау педагогикалық талдаудан генетикалық тұрғыдан шығады. Педагогика ғылымында педагогикалық талдаудың және өзіндік талдаудың жүйелі теориясы қалыптасқан: педагогикалық талдау мен өзіндік талдаудың байланысы анықталған; педагогикалық талдаудың мазмұны мен негізгі бағыттары ашылған; мектепті басқару жүйесінде оқу-тәрбие процесінде педагогикалық талдаудың орны мен рөлі; педагогикалық талдаудың әдіснамалық принциптері мен әдістері; оқу-тәрбие процесін педагогикалық талдау қызметінің жалпы теориялық тұжырымдамасы; педагогикалық талдау функциясы мен оқу-тәрбие процесін педагогикалық талдау технологиясының нобайы және т.б.

Педагогикалық рефлексия мәселесі педагогтың өзінің тұлғасын өзі өзектендіруімен тығыз байланысты. Өзін-өзі өзектендіру тұлғаны дамыту тетігі ретінде адамның әлеуеттік ерекшеліктерінің көкейкестіге айналуымен сипатталады.

19-суретте педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруда өзін-өзі дамыту технологиясы ашылды.



. Сурет-19. Педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруда өзін-өзі дамыту технологиясы

Педагогикалық талдауды мектеп әкімшілігі мен білім беру органдары басшылары жүргізеді және ол педагогикалық ұжым мен жеке тәрбиешінің іс-әрекетін зерттеуге бағытталады.

Өзіндік талдау педагогтың өзінің педагогикалық іс-әрекетінің әртүрлі бағыттарын зерттеуге арналады және өз іс-әрекетіне өзінің баға беруі. Талдау мен өзіндік талдаудың мақсаты – оқу-тәрбие процесін жетілдіру.

Педагогикалық өзіндік талдауға тәрбиеші іс-әрекетінің төмендегідей негізгі түрлерін жатқызуға болады:

- ✓ сабақтан тыс тәрбиелік жұмыс;
- ✓ ата-анамен жұмыс;
- ✓ педагогикалық ұжыммен, қауымдастықпен жұмыс;
- ✓ педагогтың өз білімін өзі жетілдіруі.

Ғалым Л.Е.Плескачтың жіктеуі бойынша өзіндік талдауды мақсат, объект, субъект, мағынасы, жиілігі бойынша топтастыруға болады.

Ғалым В.П.Беспалько өзіндік рефлексия, өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалауды жеке тұлға дамуы көрсеткішінің ажырамас бөлігі болып табылатын кәсіби өзіндік санамен анықтайды. Автор кәсіби өзіндік сананың негізгі 4 компонентін бөліп көрсетеді:

а) «Белсенді Мен» – қазіргі кезеңдегі тұлғаның өзін қарастыруы;

ә) «Ретроспективті Мен» – тұлғаның өзінің жұмысын алғашқы кезеңіне қатысты көре алуы мен бағалауы (өзінің кәсіби тәжірибесі мен жетістіктерін бағалау критерийлерінің жүйесі);

б) «Мен идеалы» – тұлғаның кім болғысы келетіндігі (тұлғаның болашағы мен кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі дамытуы);

в) «Рефлексивті Мен» – тұлғаның көзқарасында педагогтар, тәрбиеленушілер мен ата-аналардың оның жұмысын қалай бағалайтындығын қабылдауы.

Ғалым Н.В.Кузьминаның пікірінше, педагогтың өзін-өзі өзектендіруі төмендегідей факторларды анықтайды:

- өзінің жеке тұлғасы мен іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді сапалы жетілдіру мақсатында зерттеу (гностикалық іс-әрекет);

- педагогтың білім мазмұнына сәйкес өзінің іс-әрекеттерін ұйымдастыру (ұйымдастырушылық іс-әрекет).

Педагогтың инновациялық іс-әрекет құрылымындағы рефлексияны В.А.Сластенин, Л.С.Подымова қарастырады. Олар инновациялық іс-әрекеттегі рефлексияның мазмұнын төмендегідей ашады: тікелей талдау – педагогикалық жүйенің өзекті күйінен соңғы жоспарланған мақсатқа жүгінуі; кері талдау – соңғы күйден өзектіге қарай мақсаткерлік; тікелей талдау мен кері талдаудың көмегімен аралық мақсатқа қарай бағытталуы. Педагогикалық рефлексия мен өзіндік рефлексияны педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруда, шығармашылығын қалыптастыруда пайдалану маңызды.

Педагогикалық қолдау – баланың дамуына көмектесу және оның денсаулық, қатынас, оқыту, өзін-өзі өмірлік анықтауы мәселелерін шешуге бағытталған өзін-өзі дамытуына ықпал ету

Қазіргі кезеңде педагогикалық қолдау төмендегідей қарастырылады:

- нақты адамға оның денсаулығы мен психикасына, оқуына басқа да кедергілердің алдын алу және нақты іс-әрекеттік көмек көрсету;
- адамның жеке басы ерекшеліктерінің орнығу процесін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық қызметтер;
- тәрбиеленушіні басшының жетекке алуы;
- ауытқуға бейім іс-әрекет қиыншылықтарын жеңуге бағытталған ықпалдастық іс-әрекеттердің ерекше түрі;
- келеңсіз мінез әрекеттеріне бейім жасөспірімге нақты жекеленген жәрдем беру;
- тәлім-тәрбие мекемесінің педагогикалық қолдау проблемасын өзінің өмірлік принципіне айналдыруы;
- жеке тұлғаның өзін-өзі тану шартына айналып, оқу мен тәрбие шеңберін үйлестіруге бағытталған ықпалдастығын күшейте түсу.

Жеке тұлғаға арналған педагогикалық қолдау адамды өзі көздеген нәтижелерден алшақтататын кедергілерді жеңу жолдарын қамтиды. Кедергілер – қиындық, тоқтау, мәселе, сұрақ, күдік, жағымсыз көңіл-күй, проблемалық жағдаятты қамтитын жалпы ұғым.

Кедергілер төмендегідей бөлінеді:

- Тұлғалық «Мен» кедергісі бағдарының болмауы, қиындық және мәселенің туындауы: педагогикалық қолдау жүйесінде бағдар беру дегеніміз сұрақтарға жауап беру, қажетті ақпарат беру, өзіндік дамуына көмектесу болып табылады.

Кедергі, қиындық адамның қажетті нышаны, қабілеті, қасиеттері арқылы іс-әрекет, қатынас, өзіндік санадағы кейбір қиындықтарды жеңе білуі, сонымен қатар ерік, интеллектуалдық, моральдық күш жұмсаумен ерекшеленеді. Кедергіні шешу мәселесінде қажетті нәтижеге жету үшін тұлғаның дене бітімі, психикалық, коммуникативтік дамуы, білімі, тәжірибесі, іс-әрекет тәсіліндегі жеткіліксіздікті сезінуінен көрінеді және бұл кедергілерді ол өздігінен жеңе алмайды.

- Әлеуметтік «олар» кедергісі: әлеуметтік орта, тәрбиеші, тәрбиеленушілерге қатынас стилін айқындаушы достары, құрбылары, отбасы, аймақтық әлеуметтік-мәдени жағдайы және т.б.

- Материалдық жағынан кедергі: оқу кабинеттерінің жетіспеуі, отбасының қаржылық жағдайының нашарлығы және т.б.

Мектеп жасындағы балаларда кездесетін кедергіні жеңуде мектептің рөлі өте зор.

Педагогикалық қолдау барысында жалпы орта білім беретін мектептерде орындалатын жұмыстар:

1. Сынып имиджін қалыптастыру.
2. Сыныпта қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру: диагностика және жеке тұлғаның ақпаратты қажеттілігін, олардың танымдық іс-әрекетке

деген дайындығының өзекті деңгейін есепке алу, және интеллектуалды қабілетінің, қоршаған ортадан ақпаратты алудың басымды тәсілдерінің диагностикасы (есте сақтау, зейін, өз ойын еркін түрде жеткізу).

3. Оқушылардың оқуға деген қажеттілігін қалыптастыру: табысты, танымды әрекетінің тәжірибесі үшін жағдай жасау, ақыл-ой еңбегінің нәтижесіне құрмет сезімдерін арттыру: тәрбиелік іс-шаралардың сапалық мазмұны, тәрбие сағаттары, оқыған кітаптарды талдау, танымды ойындар, әңгімелер.

4. Білім берудің тұлға-бағдарлау мазмұнын құрастыру: құрал мен дидактикалық материалдарды құрастыруда, тәрбиелік іс-шараларды жүргізуде тәрбиеленушілер мен ата-аналардың қатысуы, қажетті тапсырмаларды әзірлеу, ұжымдық шығармашылық істер.

Педагогикалық қолдаудың тиімді жағдайлары (тұлғааралық қатынастар атмосферасы, қарым-қатынас стилі, педагогикалық әдеп және т.б.)

Педагогикалық қолдау – мектеп жасындағы бала көп жағдайда педагогикалық қолдау қажеттігін өзі сезбейді, көбіне мұқтаж болғандарға жәрдем беріп, қамқорлық қатынасында көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізіп, оның дамуына, білім алуына, тәрбиеленуіне жәрдем көрсетіп, жақсы азамат болып өсуіне мүмкіндік береді.

Педагогикалық қолдаудың формалары:

- жылы лебіз;
- жете тыңдай білу;
- қажет болса – кеңес беру;
- балаға деген сенім, оның құқығын қорғау;
- тәрбиешінің балаға қамқорлық қатынасы;
- баланың қандай да табысын көре танып, оған ұнамды баға беруден жалықпау және т.б. (20-сурет).

Педагогикалық қолдауды баланың жеке қызығушылығын анықтайтын, адамгершілік асыл қасиеттерді сақтауға кедергі жасайтын жолдарды жоятын процесс ретінде қарастыруға болады.

Жалпы педагогикалық қолдау интеллектуалдық дарындылықты қолдаудан (оқу, талдау, сынға қабілеттілік), шығармашылық дарындылықты қолдаудан, қабілетті айқындау мен дамытудан, қауіпті топтағы балаларды қолдаудан тұрады.

Педагогикалық қолдаудың дәстүрлі негізгі әдісі педагогтың мәселені өз позициясына сүйеніп шешуінен көрінеді және «жаман-жақсы», «болады-болмайды», «дұрыс-дұрыс емес» бағалауын қолдануымен ерекшеленеді. Бұл қарым-қатынас одан бедел мен кәсіби этиканы талап етеді.

Педагогикалық қарым-қатынастар төмендегідей өрбиді:

- ✓ тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында;
- ✓ тәрбиеші және қоғам, мемлекет, заң, құқық қорғау қызметкерлері арасында;

- ✓ тәрбиеші және педагогикалық ұжым арасында;
- ✓ тәрбиеші және ата-аналар арасында.

Қарым-қатынас – топ, не ұжым мүшелері арасындағы өзара байланыс жүйесі, жеке тұлғаның немесе топтардың өзара ақпарат алмасуы.

Педагогикалық қарым-қатынастар төмендегідей өрбиді:

- ✓ тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында;
- ✓ тәрбиеші және қоғам, мемлекет, заң, құқық қорғау қызметкерлері арасында;
- ✓ тәрбиеші және педагогикалық ұжым арасында;
- ✓ тәрбиеші және ата-аналар арасында.

Қарым-қатынас – топ, не ұжым мүшелері арасындағы өзара байланыс жүйесі, жеке тұлғаның немесе топтардың өзара ақпарат алмасуы.



Сурет-20. Педагогикалық қолдаудың формалары

Ғалымдардың жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып, педагогикалық қолдаудың төмендегідей деңгейлерін қарастыруға болады:

- ✓ жеке-дара қолдау – жеке тұлғаға жеке-дара қамқорлық көрсету;
- ✓ топтық қолдау – сынып ішіндегі жекеленген топтарға тәрбиелік қолдау көрсету;
- ✓ ұжымдық қолдау – тұлғаға (топқа) ұжым болып қолдау көрсету.

Тәрбиешінің кәсіби ұстанымын педагогикалық қолдау нормасында бейнелеп көрсету

Педагогикалық қолдаудың принциптері:

1. *Ізгілендіру* – баланың болашағына сену.
2. *Жүйелілік* – педагогикалық қолдаудағы мақсат, міндет, мазмұн, нәтиженің өзара байланысы.

3. *Кешенділік* – педагогикалық қолдау жүйе элементтерінің өзара байланыстылығы.

4. Жеке тұлғаның мүмкіндігіне, оның даму қарқынына сәйкес қолдаудың мазмұнын, формаларын және тәсілдерін болжайтын *баланың жеке және жас ерекшеліктерін есепке алу*.

5. Тәрбиелеу процесінде баланы қолдаудың *үздіксіздігі*.

Педагогикалық қолдау алгоритмі:

1. *Мәселенің қойылымы*. Қажеттілікті қанағаттандыру, қойылған мәселенің мәнін түсіну, жеке тұлғаға диагностикалық зерттеу жүргізу және ақпарат әзірлеу.

2. *Алынған ақпараттың сараптамасы*. Барлық қызығушылық танытқан тұлғалармен мәселені шешудің мүмкін жолдары мен тәсілдерін бағалау және талдау, әртүрлі шешімдердің жағымды және теріс жақтарын талқылау.

3. *Кешенді көмек беру жоспарын әзірлеу*. Іс-әрекет тізбекті-реттілігін анықтау, әрбір қатысушы тұлғаның атқаратын қызметтерін бөлу, тәрбиеленуші-тәрбиеші-ата-аналарға арналған бірлескен ұстанымдар жасау.

4. *Мәселені шешуде жоспарды іске асыру*. Әрбір қатысушының өзіне берілген тапсырманы орындауы.

5. *Қолдау қызметі нәтижелерінің мәнін ұғыну және бағалау*. Не сәтті болды? Қандай сәтсіздік пайда болды? Неліктен? сұрақтарына жауаптар алынады. Одан әрі не істеу қажеттілігі анықталынады.

21-суретте педагогикалық қолдау бойынша жұмыстың тізбектілігі немесе алгоритмі ашылды.



Сурет-21. Педагогикалық қолдау алгоритмі

Педагогикалық қолдау жұмысының басым бағыттары:

✓ *алдын алу* – қандай да бір мәселенің пайда болғанын ескертетін қызметтің негізгі бағытының бірі.

✓ *диагностикалау* (жеке, топтық) – тәрбиелеу процесінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты мен міндеттерін есепке ала отырып, қолдауға қажетті негізгі бағыттарды анықтау. Диагностикалау нәтижесінде баланың жас ерекшелігіндегі күйзеліс кезеңдерін, жаңалықтарын білу арқылы мәселелі аймақтарды анықтауға болады.

✓ *консультация (кеңес) беру* (жеке, топтық) – жеке тұлғаға өзін мазалайтын мәселе бойынша ақыл-кеңес және бағыт беру.

✓ *дамыту жұмысы* (жеке, топтық) – жеке тұлғаның өзінің оптимальды даму деңгейіне көтерілу үшін мақсатты жұмыстар жасауы.

✓ *коррекциялық (түзету) жұмыс* (жеке, топтық) – жеке тұлғаның әлеуметтік мүмкіндіктерін ашу мақсатында кейбір түзету жұмыстарын жүргізу.

✓ *сараптау* – жеке тұлғаның жағымды, жағымсыз қасиеттерін анықтау.

22-суретте педагогикалық қолдау жұмысының басым бағыттары ашылды.



Сурет-22. Педагогикалық қолдау жұмысының басым бағыттары

Қолдаудың тактикасы: «қорғау» тактикасы, «көмектесу» тактикасы, «ықпал ету» тактикасы, «өзара әрекеттесу» тактикасы

Педагогикалық қолдаудың мәнін ашуда «қамтамасыз ету», «көмек», «қолдау» сынды оған жақын ұғымдарды ашып беретін, оның айрықша ерекшеліктеріне тоқталу қажет. С.А.Маркова бойынша қолдаудың басым бағыттары:

✓ білім беру траекториясын (басым бағытын) таңдауда оқушы мен оның ата-анасына көмек беру;

✓ тәрбие мәселесінде тәрбиеші мен тәрбиеленушіге көмек көрсету;

✓ дамудың күрделі әлеуметтік және эмоционалдық мәселелерін шешуде жеке тұлғаға бағыт нұсқау.

Мектеп жасындағы баланың тәрбиеленуші ретінде *табысты қалыптасуының белгілері:*

Бірінші кезекте, адамгершілік мәдениеттің анықталған саласына деген қызығушылық, оны терең түрде зерттеуге дайындық және ақпараттық қарым-қатынас мәдениеті.

Екіншіден, өз мектебі, өз сыныбы, өз сынып жетекшісі үшін мақтаныш сезімі: мектеп Жарғысында белгіленген құқықтар мен міндеттерді білу, оларды сақтау.

Үшіншіден, оқушының сыныпта, білім беру мекемесінде қолайлы сезінуі, өз сыныбының дәстүрлеріне берілгендігі, сыныпқа қамқорлық.

Төртіншіден, ересектердің тәжірибесі мен білімін құрметтейтін жеке тұлға болуы.

Бірақ, толық көлемде жеке тұлғаның қойылған мақсатқа қол жеткізуі өзін-өзі дамыту және өзін-өзі анықтау негізінде педагогикалық қолдаусыз мүмкін емес.

Жеке тұлғаға психологиялық қолдау, көмек көрсету психологиялық қызметтен бұрын пайда болып, тәрбие және оқыту процесінде тәрбиеленушіге жеке-дара көмек көрсету ұғымында анықталған.

Педагогикалық қолдау жеке тұлғаны психологиялық қолдау негізінде жүзеге асады.

«Психологиялық қолдау» ұғымы ғылымдағы жаңа түсінік болғандықтан, «қолдау» сөзінің жалпыға бірдей мойындалған, психологиялық мәніне негізделген мағынасын нақтылап, анықтама беруге болады.

Н.Г.Щербанёва бойынша психологиялық қолдау – субъектіге психологиялық көмек көрсетудің нәтижесінде жеке тұлғаның өз-өзіне деген сенімділігі, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділік сезімі орын алатын тұлғааралық өзара әрекеттестік түрі болып саналады. Субъектінің психологиялық даралығының дамуына, тұлғалық жаңа құрылымдардың қалыптасуына, өзін-өзі дамытуға өмірлік дағдарыс, ішкі ізденіс және таңдау кезеңінде тұлғалық дамуды жүзеге асыруда көмектесу психологиялық қолдаудың мақсаты болып табылады.

Педагогикалық қолдаудың әдістері мен тәсілдері

И.Б.Котова мен Е.Н.Шиянова педагогикалық және психологиялық қолдаудың тең мәніне баса назар аударады. Дамыған тұлға қолдау, түсіну, қабылдау, тәрбиенің ерекше амалдары мен әдіс-тәсілдеріне, өзін-өзі дамытудың тетіктері және тәсілдерімен қаруландыруға мұқтаж болады. Адам барлық ішкі және сыртқы әсер етуші факторларды жинақтап, өз бетінше жаңа іс-әрекеттерді құрастырып, сыртқы стимулдар емес, ішкі қозу арқылы әрекет ете бастайтын жағдайда қолдау процесі өзін-өзі дамыту актілерімен нәтижеленеді.

Жеке тұлғаға қолдау – оған сенім білдіру:

- ✓ оны шартсыз қабылдау;
- ✓ оның даярлығын мойындау;
- ✓ қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенім арту;
- ✓ тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту;

✓ сенімділікке ие болуына көмектесу.

Психологиялық қолдау процесінде мектеп жасындағы балаларға педагогикалық тұрғыдан ықпал етудің едәуір жағымды әдіс-тәсілдерін қолданып, онымен қарым-қатынастың және өзара әрекеттестіктің үйреншікті үлгісін жасайды, оның айналасында жағымды психологиялық ахуалды қалыптастырады.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Педагогикалық қолдаудың мәні.
2. Тұлғаның өзіндік процестерін қолдау: өзін-өзі тану, өзін-өзі байқау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі болжау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету және т.б.
3. Педагогикалық рефлексия.
4. Қолдаудың тактикасы.
5. Педагогикалық қолдаудың әдістері мен тәсілдері.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Қандай да бір нәрсені үйрену мен таңдаудың көмегімен ой елегінен өткізу процесі – бұл:
рефлексия
2. Сынып ішіндегі жекеленген топтарға тәрбиелік қолдау көрсету – бұл:
топтық қолдау
3. Жылы лебіз, жете тыңдай білу, қажет болса – кеңес беру, балаға деген сенім, оның құқығын қорғау, тәрбиешінің балаға қамқорлық қатынасы – бұл:
педагогикалық қолдаудың формалары

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз

Педагогикалық қолдау	—
Педагогикалық қолдаудың формалары	—
Педагогикалық рефлексия	—

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Педагогикалық қолдаудың мәні:

А) Қолайлы психологиялық ахуал тудыру

- В) Қарым-қатынасқа мұқтаж болғанның бәріне көмек көрсету
- С) Нәтижеге жету жолындағы кедергілерді жеңу
- Д) «Жәрдем бер» деп алақанын ашық отырғанға көмек беру
- Е) Тұлға проблемасын назарда ұстамау
- Ғ) Мәселені шешу кезінде кеңес беру
- Г) Тұлға бойындағы мүмкіндіктерді ескермеу
- Н) Тәрбиешінің кәсіби деңгейінің орташа болуы

2. Ғылымдағы рефлексияның типі мен деңгейлері:

- А) Дүниетанымдық
- В) Әдіснамалық
- С) Психологиялық
- Д) Шығармашылық
- Е) Педагогикалық
- Ғ) Әдістемелік
- Г) Тұлғалық
- Н) Инновациялық

3. Кедергі – бұл:

- А) Қиындық
- В) Тоқтау
- С) Күдік
- Д) Жағымды көңіл-күй
- Е) Жауап
- Ғ) Рахаттану
- Г) Қуаныш
- Н) Шаттық

4. Кедергі түрлері:

- А) Тұлғалық «Мен» кедергісі
- В) Әлеуметтік «Олар» кедергісі
- С) Материалдық кедергі
- Д) Қоғамдық кедергі
- Е) Әлеуметтік «Мен» кедергісі
- Ғ) Саяси-экономикалық кедергі
- Г) Әлеуметтік кедергі
- Н) Тарихи кедергі

5. Педагогикалық қолдау барысында орындалатын жұмыстар:

- А) Сынып имиджін қалыптастыру
- В) Қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру
- С) Оқуға деген қажеттілікті қалыптастыру
- Д) Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту
- Е) Білім берудің мазмұнын құрастыру

- F) Тәрбиеге деген қажеттілікті қалыптастыру
- G) Ұжымдық шығармашылық істерді жоспарлау
- H) Пән мұғалімдерімен байланысты нығайту

6. Педагогикалық қолдау формалары:

- A) Жылы лебіз
- B) Жете тыңдай білу
- C) Баға беру
- D) Құрмет көрсету
- E) Ақыл айту
- F) Ар-намысты сақтау
- G) Билік жүргізу
- H) Ұйымдастыра білу

7. Педагогикалық қолдау деңгейлері:

- A) Жеке-дара қолдау
- B) Топтық қолдау
- C) Ұжымдық қолдау
- D) Жұптық қолдау
- E) Әлеуметтік қолдау
- F) Жеке-топтық қолдау
- G) Фронтальдық
- H) Мәдени қолдау

8. Педагогикалық қолдаудың принциптері:

- A) Ізгілендіру
- B) Жүйелілік
- C) Кешенділік
- D) Саналылық
- E) Қолдаудың бірізділігі
- F) Дербес ерекшеліктерін есепке алу
- G) Ғылымилық
- H) Көрнекілік

9. Педагогикалық қолдау жұмысының басым бағыттары:

- A) Алдын алу
- B) Диагностикалау
- C) Кеңес беру
- D) Қалыптастыру
- E) Қорытындылау
- F) Бағалау
- G) Анықтау
- H) Тәрбиелеу

10. Қолдаудың тактикасы:

- A) «Қорғау» тактикасы
- B) «Көмектесу» тактикасы
- C) «Ықпал ету» тактикасы
- D) «Іс-әрекет» тактикасы
- E) «Қарым-қатынас» тактикасы
- F) «Көзқарас білдіру» тактикасы
- G) «Сыйластық» тактикасы
- H) «Пікірлесу» тактикасы

Тәрбие тағылымы

	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none">✓ Адамға ең бірінші тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне апат әкеледі✓ Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш
<p style="text-align: center;">Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950)</p>	
	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none">✓ Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды✓ Даналықты оқып-үйрену адамдық бейнемізді биіктетіп, өзімізді кең пейілді ете түседі
<p style="text-align: center;">Ян Амос Коменский (1592-1670)</p>	

4-тақырып. Тәрбие технологиясы – тәрбие жұмысындағы кәсіптік шеберліктің элементі

«Педагогикалық технология», «тәрбие технологиясы» ұғымдары, ерекшеліктері

Қазіргі кезде психология және педагогика ғылымында «технология» ұғымы кеңінен қолданыла бастады. Бұл термин өмірге компьютерлік техниканың келуімен және білім беру саласында жаңа компьютерлік

технологияның енуімен сипатталады. Ғылымда дамудың жаңа бағыты – технологиялық бағыт өмірге келді.

«Технология» сөзі грек тілінен енген және 2 сөз тіркесінен құралған:

✓ «*techne*» – өнер, шеберлік, іскерлік дегенді білдірсе;

✓ «*logos*» – ғылым, ілім дегенді білдіреді, яғни «өнер туралы ілім» немесе «шеберлік туралы ілім».

Педагогикалық процесте «технология» ұғымын қолданудың нақты кезеңдері бар. Г.А.Бордовский, В.А.Изводчиков, Т.А.Ильина, М.В.Кларин, В.И.Боголюбов, Ф.Янушкевич және т.б. ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, «педагогикалық технология» ұғымының эволюциясында шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады (23-сурет).



Сурет-23. «Педагогикалық технология» ұғымының даму кезеңдері

Ал осы технология ұғымына оның қолдану саласын қоссақ, онда нақты технологияны қарастыруға болады. Мысалы, «педагогикалық технология» педагогикалық өнер жайлы ілім немесе педагогикалық шеберлік туралы ілім дегенді білдіреді.

Педагогикалық технология – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына толық мүмкіндік беретін біртұтас педагогикалық процестің барлық дара,

инструменталдық және әдістемелік құралдарының қолдану реті мен жиынтығының жүйесі, жобасы.

Педагогикалық технологияның негізгі сапалық ерекшеліктері:

✓ *концептуалдық негізінің болуы:* әрбір педагогикалық технология білім беру мақсатына жетуге негізделген философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық нақты ғылыми тұжырымдамаға арқа сүйеуі қажет;

✓ *жүйелілігі:* педагогикалық жүйенің барлық бөліктерінің логикалық байланыста болуы шарт;

✓ *басқаруға оңтайлығы:* оқыту процесін жоспарлау, диагностикалық болжау, мониторингтік бағалау, түзетулер енгізу мақсатында әдіс-тәсілдер мен құралдарды түрлендіріп отыруы қажет;

✓ *тиімділігі:* білім беру стандартын қанағаттандыруы тиіс;

✓ *қайталауға жарамдылығы:* педагогикалық технологияны басқа білім беру мекемелерінде, басқа ұжымда пайдалануға мүмкіндіктің болуы.

Тәрбие технологиясы – тәрбие процесіне қатысушыларды барынша жақсы жағдайлармен қамтамасыз ету барысында нақты нәтижелерге жету мақсатымен түзетулер, бағдарлау, ұйымдастыру, жобалау (жоспарлау) бойынша тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен қызметінің жүйесі.

Тәрбие технологиясы шамамен алғанда педагогикалық тәсілдің, оның тәрбиелік әдісінің аяқталған бөлігі. Сонымен бірге әрекет ретінде ол түрлі әдістерге жанасуға бейім тұратын өзіндік құбылыс. Әрекет сияқты тәсілдің де шешетін мәселесі тәрбие қызметін айқындаушы және оның себептерімен арақатынаста болатын болса, оның мәртебесі артатын болады.

Тәрбие технологиясы – жекелеген процестердегі педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған әдістер жүйесі: ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілі, тәрбиеленушілермен қарым-қатынас орнату тәсілі, педагогикалық диагностика тәсілі және т.б.

Тәрбиелеу технологиясының өзіндік ерекшеліктері:


1. Тәрбие процесінің өндірістік процестен айырмашылығы оның біртұтас болуында. Тәрбие процесін жеке операцияларға бөліп-жаруға, жеке қасиеттер қалыптастырып, педагогикалық ықпалдарды кішігірім қадамдар ретінде іске асыру қиынға соғады. Тәрбиелік ықпал бірізді – параллель схемада емес, кешенді түрде орындалады.

2. Сапаларды қалыптастыру әдістемесін, яғни «технологиялық операцияларды» игеруші тұлғаларды тәрбиеге тарту мәселесін өте байыппен, салмақты шешу керек. Тәрбиеші алдында технологиялық процесті басынан аяғына дейін жүргізу қажеттілігі тұрады, яғни тәрбие жалпы технологияға негізделген жеке шеберлікпен ұштасады.

3. Тәрбие технологиясы барлық тәрбиешілерге ортақ, ол тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, оны дамыту жолындағы барша кезеңдерімен толық қабылдануы тиіс. Оларды анықтап, нәтижеге жету, бағыт-бағдарын көрсету педагогика ғылымының міндеті. Тәрбие мәселелерін технологиялық тұрғыда шешуде әрбір тәрбиеші мақсатқа қол жеткізудің қиын жолын алдын-ала

белгілеген «өзекті нүктелердің» арасында өз мүмкіншілігіне және нақты жағдайларға байланысты шеберлік әрекетін жасай алады.

Сондай-ақ, қазіргі тәрбие технологиясының талаптары 24-суретте ашылды.



Сурет-24. Қазіргі тәрбие технологиясының талаптары

Қазіргі тәрбие технологиясының талаптары:

1. Жеке тұлғаның санасына, сезіміне және қылықтарына әсер ету.
2. Тәрбие және өзіндік тәрбие бірігуі арқылы дұрыс нәтижеге қол жеткізу.
3. Тәрбиеге қатысты барлық факторлардың бірлігі мен реттелуі – тәрбиеге кешенді түрде қараудың кезек күттірмес шарты.
4. Тұлғада берілген қасиеттер тәрбие істерінің жүйесі арқылы қалыптасады. Бұл істер бір арнаға бағыттталып, процестегі ой, дене, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесі міндеттерінің бір мезетте орындалуын талап ететін нақты кешенді сипатта болуы қажет.
5. Тәрбиеге кешенді түрде қарау тәрбие процесінің және оны басқарудың жүйелілігін талап етеді. Тәрбиедегі сыртқы және ішкі факторлар мен олардың өзара байланысын ескермей тұрып, басқару табысты болмайды. Ол үшін бұл факторлар мен олардың әсер ету сипаты туралы тәрбиешінің айқын түсінігі болуы шарт.

Негізгі факторлар қатарына жататындар:

- 1) жеке тұлғаның өмір сүру қалпы;
- 2) әртүрлі аймақтардың өмір сүру жағдайлары мен дәстүрлері;
- 3) бұқаралық ақпарат және насихат құралдары;
- 4) ұжымның өмір сүру жағдайы мен даму деңгейі;
- 5) жеке тұлғаның ұжымдық қатынас жүйесіндегі жағдайы;
- 6) жеке тұлғаның сапалық ерекшеліктері.

Тәрбие жұмысын жүзеге асырудың теориялық, әдістемелік және технологиялық деңгейлері

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпақ бойына қалыптастыруда оны ұтымды пайдаланудың педагогикалық деңгейін анықтау аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

Өмірге қарым-қатынасын қалыптастыратын тәрбие процесінің негізгі мақсаты – тәрбие жұмысын жүзеге асыруда жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, ұлттық құндылықтарды құрметтеуін қалыптастыру арқылы дүниетанымын дамыту.

Сонымен тәрбие жұмысын жүзеге асыруда оларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеудің педагогикалық деңгейлері төмендегідей топтастырылады (25-сурет).



Сурет-25. Тәрбиелеудің педагогикалық деңгейлері

Теориялық деңгей – тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекет және таным теорияларына сүйене отырып, ұлттық құндылықтар туралы материалдардың жүйеленуі. Тәрбиеленушінің тұлғалық мүмкіндіктерінің диагностикасын енгізетін, тұлғаның дамуына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін, оқу-тәрбие процесінің тұлғалық-бағдарлық бағытын күшейту, ұжымда психологиялық ахуалды сақтау, педагогикалық ынтымақтастықты іске асыруды қамтамасыз етеді.

Әдістемелік деңгей – жеке тұлғаның ұлттық құндылықтар туралы білімдерін сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында дамытудың әдістері мен тәсілдері; адами құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу мазмұны мен құралдарының тәжірибелік жұмыста тексерілуі.

Технологиялық деңгей – тәрбиенің стратегиясын анықтау, диагностика, тиімді ұйымдастырушылық құрылымын, тетігін, нобайын меңгеруді; жеке тұлғаның өзін-өзі басқаруын, өзін-өзі бақылауын ұйымдастыруды; ақпараттық-коммуникативтік технология құралдарымен жеке тұлғаның ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеуді қамтамасыз ететін белсенді тәжірибелік-бағдарлық формалар мен әдістерді пайдалануды; оқу-тәрбие процесінің технологияландыру жақтарын қамтамасыздандырады.

Сонымен бірге әрбір тәрбиеленушінің тұлғалық ерекшелігін, деңгейін ескеруді; мақсатқа бағытталған рефлексияны жүзеге асыруды; жеке тұлғаның ұлттық тәрбиелік және ұлттық құндылықтарды құрметтеу іс-әрекетіне тәрбиешінің дайындығын қалыптастыруды жалпы тәрбие процесін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандырады.

Педагогикалық деңгейлердің іс-әрекетте жүзеге асырылуы, олардың өзіндік атқаратын қызметтеріне байланысты.

Тәрбие технологияларының өзіндік белгілері

Қазіргі кезеңде тәрбие теориясы мен тәжірибеде екі негізгі тенденция орын алып отыр. *Біріншісі*, адамды субъект ретінде қарау арқылы оның түрлі жақтарын терең талдау тенденциясы және *екіншісі*, тәрбие процесін технологияландыру тенденциясы. Қазіргі кезде біздің алдымызда жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін әрі олардың жетілуінде кездесетін түрлі әлеуметтік кедергілерді жеңуге септігін тигізетін, педагогикалық технологияларды құру мен оларды негіздеу қажеттілігі тұр.

Оқушылар ұжымының өзіндік белгілері 26-суретте ашылды.



Сурет-26. Оқушылар ұжымының өзіндік белгілері

Бұл белгілер ұжымның ішкі қалыптасу құрылымы мен психологиялық жай-күйдің және оның әрбір мүшесінің бір-бірімен өзара қарым-қатынасының көрінісі немесе өлшемі ретінде сипатталады.

Тәрбие технологияларының жіктелімі: В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Ф.А.Мустаева, Л.Е.Никитина, И.П.Подласый, Г.К.Селевко

Тәрбие технологиясына байланысты ғалымдардың жіктелімі мен анықтамасы 2-кестеде ашылды.

Кесте-2. «Тәрбие технологиясы» ұғымының мәні

Ғалымдардың аты-жөні	Анықтамалары
В.А.Беспалько	Тәрбие технологиясы – алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие процесінің практикада жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы
Б.Т.Лихачев	Тәрбие технологиясы – тәрбиелеу құралдарының, арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы
В.М.Монахов	Тәрбие технологиясы – тәрбиеші мен тәрбиеленуші үшін барлық оңтайлы жағдайлар жасалынғанда оқу процесін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруда біріккен педагогикалық іс-әрекеттің жан-жақты (ұсақ-түйегіне дейін) ойластырылған моделі
М.В.Кларин	Тәрбие технологиясы – тәрбиелік мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы мен жұмыс істеу реті

В.И.Андреев	Тәрбие технологиясын жобалау және берілген технологияны тәжірибеде (тәрбие заңдылықтары, мақсаты, мазмұны, формасы, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдарын) қолдану, сонымен қатар жаңғырту ретінде түсінеді
Н.Е.Щуркова	Тәрбие технологиясын балаға педагогтың шынайы өзара әрекетін қамтамасыз ететін қолданбалы ғылыми педагогикалық пән ретінде анықтайды
А.К.Колеченко	Тәрбие технологиясы – қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті, дағдыны және қатынасты құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиыны болып табылады
Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай	Тәрбие технологиясын оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды
Ф.А.Мустаева, Л.Е.Никитина, И.П.Подласый, Г.К.Селевко	Тәрбиелеу технологиясының сипаты оны балаға деген қатынастарына тәуелді. Олар технологияның ынтымақтастық еркін тәрбиелеу, авторитарлық немесе бағдардағы деп аталатын типтерін анықтайды

Арнайы қарастыруды қажет ететін маңызды сұрақтардың бірі тәрбиенің заманауи концепциялары мен парадигмалары.

Өскелең ұрпақты тәрбиенің заманауи концепцияларының негізгі идеяларымен таныстыру қажет: тәрбие процесін жүйелі құру (В.А.Караковский, Л.Н.Новикова, Н.Л.Селиванова), тәрбие жеке тұлғаны әлеуметтендірудің педагогикалық компоненті ретінде (Л.В.Байбородова, М.И.Рожков, О.С.Гребенюк), адамға лайық өмір салтын қалыптастыру (Н.Е.Щуркова), жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі (Г.К.Селевко) және т.б.

Тәрбиелік технологиялар тиімділігінің педагогикалық шарттары

Тәрбиелеудің мақсат, міндетін, мазмұнын, бағыттарын дәл анықтап, оны орындаудың бірізді жүйесі жасалғанымен, педагог тәрбиелеудің формаларын меңгермесе, оны тиімді пайдалана алмаса, тәрбиені іске асыра алмайды.

Тәрбие жұмысының тиімді ұйымдастырылуының шарттары:

1. Тәрбиенің барлық бағыттары бойынша жүргізілетін жұмыстар бір-бірімен тығыз байланысты, кешенді тұрғыда бірін-бірі толықтыра, бірізді, жүйелі жүргізілуге тиіс.

2. Жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін оны жан-жақты түгел зерттеп, психологиялық-физиологиялық дамуын, мінез-құлқын, қажетін, мүмкіндігін біліп, оған жеке-дара келгенде ғана табысқа жетуге болады.

3. Тәрбие шараларын белгілегенде жеке ерекшеліктерін түгел ескеріп, тәрбие әдістерін таңдау қажет.


4. Жеке тұлғаға ықпал ету әдістерін таңдағанда, оның бойында қалыптасып қалған тәрбиесін ескерген дұрыс.

Осы аталған тәрбие шарттарын ескеру тәрбие жұмысының нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Тәрбие технологиясының әр алуан саласындағы тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері

Мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тек сабақпен ғана шектеліп қоймайды, ол сабақтан тыс уақытта да жалғасады, тереңдетіледі. Сабақ процесі кезінде тәрбие міндеттерінің барлығын шешу мүмкін емес. Әртүрлі сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар жоспарлау қажет.

Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктері 27-суретте ашылды.



Сурет-27. Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктері

Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктері:

Бірінші ерекшелігі – еріктілік негізінде ұйымдастырылады. Жеке тұлғаны әртүрлі шараларға қатысуды ерікті түрде таңдайды. Өз қызығушылығы, қабілетіне қарай түрлі үйірмелерге жазылып, сабақтан тыс уақыттарда өз қалауымен жеке және көпшілік жұмыстарға қатысады. Еріктілік сыныптан тыс жұмыстар түрлерін таңдау кезінде ғана болады.

Екінші ерекшелігі – міндетті оқу бағдарламасымен байланысты емес. Оның мазмұны мен формалары, жеке тұлғаның қызығушылығына, сұранысына байланысты болады.

Үшінші ерекшелігі – сыныптан тыс жұмыстарға қатысатын жеке тұлғаның жас ерекшелігінің әртүрлілігі. Мысалы, мектеп хорына, ансамбліне, театрына, үйірмелерге әртүрлі жастағылар қатыса алады.

Төртінші ерекшелігі – сыныптан тыс жұмыстарда көбінесе жеке тұлғаға өз бетімен жасайтын жұмыстар беріледі.

Бесінші ерекшелігі – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қоғамдық пайдалы іс-әрекетке үлкен орын беріледі.

Алтыншы ерекшелігі – сыныптан тыс жұмыстың формасының, әдісінің әртүрлілігі.

Сыныптан тыс жұмыстарға оқушылармен жүргізілетін тәрбиелік, білімдік сипаттағы мақсатты түрде ұйымдастырылған шаралар жатады. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға негіз болады.

Мектеп пен сыныптағы тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау мен ұйымдастыру технологиясы және оның технологиялық алгоритмі

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен де ұштасады. Ол әдетте, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді. Оқушылармен оқудан тыс жүргізілетін бұл тәрбие жұмыстарының мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді. Бұл бағыттағы тәрбие жұмыстарын жоспарлауда тәрбиешіге оның қоғамдық бағытының болуын, олардың жас және дара қасиеттерін ұйымдастыру жұмыстарындағы іс-әрекеттері түрлерінің ерекшеліктерін ескеру талап етіледі.

Оқыту процесінде білім, білік, дағдының өзара тығыз байланысы пайда болады, ол тәрбие процесінде ғылым негіздерімен бірлесе келіп, жеке тұлғаның айналасындағы құбылыстарға қатынасын туғызады. Соның нәтижесінде жеке тұлғаның дүниетанымы қалыптасады (28-сурет).

Мектептегі тәрбие жұмыстарының негізгі бағыты тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін дамыту, сол арқылы өмірдің маңызды жақтарына қатынасын қалыптастыру:

- адамның табиғатпен өзара үйлесімді қарым-қатынас ортасы;
- қоғамдық қатынастар аясы (адамгершілік, құқықтық, экономикалық, өндірістік және т.б. – әлеуметтік ортасы);
- психологиялық орта (саналылығы, өзін-өзі дұрыс басқара білуі, ойлаудың интуициялық тетіктері, табиғи болмысы, дарыны және т.б.).

Тәрбие процесі оқыту және дамыту процесімен ажырамастай байланыста әрі ол адамның дамып қалыптасуында маңызды орын алатын негізгі өзек болып табылады.



Сурет-28. Жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру бойынша тәрбие жұмыстарының бағыттары

Жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру бойынша тәрбие жұмыстарының бағыттары:

1. Тәрбиеленушінің танымдық белсенділігін дамыту. Бұл бағыт тәрбиеленушілердің сабақ жүйесіндегі және сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттерін өзара тығыз байланыстыру арқылы жүзеге асады.

Тәрбиеленушінің танымдық белсенділігін, сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттерін күшейту арқылы дамыту жолдары төмендегідей:

- оқытудың сабақтан тыс формалары арқылы (пән апталықтары, байқаулар, пән сайыстары, олимпиадалар, турнирлер, интеллектуалдық жарыстар);

- пәндердің клубтық және үйірмелік қызметтері (театр клубы, дискуссия клубы, музыка студиясы, пән үйірмелері және т.б.);

- музей, театр, кино үйі, кітапханаларға жүйелі түрде бару.

Тәрбиеленушінің ұжымдық іс-әрекеттерінің түрлері:

1) сыныпшілік тәрбие жұмыстары (ұжымшілік);

2) сыныптан тыс уақыттағы тәрбие жұмыстары (ұжымнан тыс);

3) негізінен тұрақты, қызығушылық аясы бірдей тәрбиеленушілер тобын қалыптастыратын клубтық, үйірмелік тәрбие жұмыстары;

4) оқытудың сабақтан тыс шығармашылық формаларын (пән апталықтары, олимпиадалар, викториналар, көңілділер және тапқырлар клубы және т.б.) қамтитын сыныпаралық тәрбие жұмыстары, яғни істің барысында әртүрлі сыныптар мен параллель сыныптардан уақытша шығармашылық топтар құрылады.

Мұндай жұмыстарды ұйымдастыру барысында бір ғана тәрбие процесі технологиясына байланысқан *бірнеше буындардың технологиялық тізбегі* көрініс табады:

1 кезең – осы шығармашылық істі өткізуге деген жеке тұлғаның құштарлығы; шығармашылық істі дайындауға қызықты, тартымды жарнама жасау арқылы топ жинау.

2 кезең – шығармашылық істі өткізудің жоспарлануы («Кім үшін?», «Кіммен?», «Қай мезгілде?») дегендей жоспардың әрбір бөлігін нақтылау).

3 кезең – шығармашылық істің жүзеге асуы.


4 кезең – атқарылған іске талдау жасау, қорытындысын шығару, бұл кезең шығармашылық топтың келесі кезеңдегі шараларды қызықты ұйымдастыруына негізгі бағыт беретін кезең.

Бұл технология бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілер өздеріне қызықты шығармашылық форманы ұйымдастыру мен басқару мәдениетін үйренеді.

Тәрбие технологиясының кез келгенінің ең маңызды кезеңі – қорытындылау, шығармашылық іске қатысушылардың жетістіктерін мадақтау болып табылады. Өйткені, әрбір шығармашылық іс тәрбиеленушіге қуаныш әкелуі керек, сондай қуанышты сезім ғана оларды келешекте де осындай шығармашылық істерге қатысуға немесе одан да қызықты істерді ұйымдастыруға жетелейді.

2. Тәрбиеленушінің қоршаған ортаға ізгілікті қатынасын туғыза отырып, оның адамгершілік негізін қалыптастыру. Жеке тұлғаның бойында адамгершілік нышандарының қалыптасу процесі бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асады. Адамгершілік нышандарының соңғы нәтижесі адамгершілік тәрбиесінің тереңдік деңгейін танытатын белгілерді анықтайды.

29-суретте адамгершілік тәрбиесінің сапалық белгілері көрсетілді.



Сурет-29. Адамгершілік тәрбиесінің сапалық белгілері

Адамгершілік тәрбиесінің сапалық белгілері:

- адамгершілік сезім (тұрақты сезімталдық, адамгершілік қатынастарды бастан өткізу);
- адамгершілік сана (моральдық принциптерді, әлеуметтік ортада өзінің адамгершілік нормасын сезінуі);
- адамгершілікпен ойлау (адамгершілік принциптерді тұрақты жинақтау, оймен қорыту, жағдаяттарды білу, оларға талдау жасау, баға беру, шешім қабылдау, жауапты тандай білу және оны жүзеге асыру);
- адамгершілік ерік (өзінің адамгершілік сенімін жүзеге асырудағы адамгершілік сезімі мен саналы шешімінің бірлігі).

Сабақтан тыс уақытта проблемалық-психологиялық жағдай туғызу, ұжымдық шығармашылық істер сыртқа, саяхатқа, экскурсияға, шеруге шығу, спорттық жарыстар, еңбек-тынығу лагерлері, пәндік лагерлер, сыныптағы, мектептегі бірлескен еңбек қызметтерін ұйымдастыру және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Өзара көмек көрсету жағдайлары адамгершілік сезімнің оянуына қажеттілік туғызатын, оқиғаға талдау жасайтын тәрбиелік жағдаяттар өте маңызды орын алады. Сол себептен де оқу-тәрбие процесінде мектеп оқушыларымен каникул кезінде өткізілетін шараларға айрықша көңіл бөлінуі керек.

3. Тәрбиеленушінің өзін-өзі жетілдіруіндегі ішкі қажеттіліктерін оятуға тұрткі туғызу. Гимназия сияқты бағдарлы мектептердегі тәрбие жұмыстарын кураторлар ұйымдастырады. Кураторлардың міндеттері әзірге түбегейлі анықталған жоқ, дегенмен бүгінгі таңда белгілі болған функционалдық міндеттері бойынша типтерін атап көрсетуге болады (30-сурет).



Сурет-30. Куратордың функционалдық міндеттері бойынша типтері

Куратордың функционалдық міндеттері бойынша типтері:

1. *Әкімшіл куратор* – тәрбиешінің әкімшілік міндеттерін жүзеге асырушы педагог: ұйымдастырушылық (тәртіп мәселесі, сабаққа қатыстыру және т.б.), ақпараттық (әрбір тәрбиеленушінің сабақ үлгірімі туралы ақпарат жинау және ата-аналармен байланыс), мәдени-көпшілік (эпизодтық мәдени-көпшілік шаралар және т.б.).

2. *Тәрбиеші куратор* – өзінің міндеттерін тәрбиеленушінің жас ерекшелігі теориясына сүйене отырып, жүзеге асырушы ғана емес, сонымен бірге өзінің педагогикалық қызметін жеке тұлғаның психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, жүзеге асырушы педагог.

Жеке тұлғаның психологиялық даму ерекшеліктеріне төмендегілер жатады:

а) тәрбиеленушінің мектептен тыс уақыттағы жағдайларын білу (оның ортасы, қызығушылығы, немен шұғылданатыны);

ә) тәрбиеленушінің отбасы туралы мәлімет (оның құрамы, білімі, олардың ата-аналарына деген қарым-қатынасы, ата-аналарының мектепке деген қатынасы, отбасының психологиясы);

б) мектепте тәрбиеленуші туралы не белгілі? (мәліметтер):

- мінез-құлық ерекшелігі;
- ерік-сезім сапасы;

- таным мүмкіндіктері мен қабілеті;
- тәрбиеленушінің ұстанған бағыты;
- сабаққа, еңбекке қатынасы;
- қызығушылығы, бейімі;
- өзіне қатынасы;
- ұжымға қатынасы.

Тәрбиеші куратор сыныпта сабақ беретін мұғалімдердің көмегіне сүйенбей, өз бетінше дербес тәрбие жұмысымен айналысады. Кейде мұндай кураторларды міндетіне қарай «өз бетінше ойлаушы куратор» деп те атайды. Бұл басқа пән мұғалімдерімен байланыста жұмыс істеуді қаламағандықтан емес, мұндай кураторлардың арнайы ұйымдастырылған дағдыларының жоқтығынан.

3. *Байланыстырушы куратор* – өз сыныбында пән мұғалімдерімен тығыз байланыста жұмыс істейтін, яғни тәрбиеленуші-куратор-мұғалім арасын байланыстыратын тәрбие жұмысымен айналысушы педагог-тәрбиеші.

Куратор олардың психологиялық ерекшеліктері мен отбасындағы жағдайларын біле отырып, әрбір пән мұғаліміне жеке тәрбиеленушімен қалай жұмыс істеу қажеттігіне көмектеседі, сондай-ақ пән мұғалімдері кураторларға ақыл-кеңес беріп отырады. Оған ата-аналарға белгілі бір ақпараттарды жеткізіп отыруды тапсырады.

4. *Ұйымдастырушы куратор* – сабақтан тыс уақытта сыныптағы белсенді шығармашылық жұмыстарға қатыстыра отырып, ұйымдастыратын тәрбиеші. Шығармашылық істерді бір сыныптағы оқушылармен ғана емес, бірнеше параллель сыныптағы оқушылармен өткізетін іс-шараларды ұйымдастырушы куратордың деңгейі әлдеқайда жоғары болады.

Жалпы орта білім беретін мектептегі оқушылармен ұйымдастырылатын тәрбие жұмысының негізгі формасы – сыныптағы тәрбие сағаты. Сынып сағаты – барлық сыныптарда міндетті түрде ұйымдастырылатын тәрбиелік шара.

Сынып сағатын төмендегідей жүйелеуге болады:

✓ Сынып сағаты – сынып және мектепшілік шараларды ұжымдық ұйымдастыру тәсілі.

✓ Сынып сағаты – әртүрлі дау-жанжал, қайшылықтарды шешу мүмкіндігі.

✓ Сынып сағаты – жоспарлы түрде жарты жыл қорытындысын талқылау.

✓ Сынып сағаты – оқушылармен педагогикалық-психологиялық мәселелер бойынша әңгімелесу.

✓ Сынып сағаты – жеке тұлғаның танымдық қабілетін дамыту жолдары.

Сынып сағаты – жеке тұлғаның адамгершілік қасиетін қалыптастыруда, өнер саласындағы талғам-тілектерін тәрбиелеуде, адамдар өмірінде кездесетін жағымды-жағымсыз мінез-құлық нормаларына, олардағы дұрыс көзқарасты қалыптастыруға, ұлтжандылық сезімдерін шыңдауда сабақтан тыс кезде өткізілетін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бір формасы болып саналады. Сынып сағаттарын өткізу барысында олардың танымдық белсенділіктері артады және іскерлік дағды қасиеттері қалыптасады.

Сынып сағаты негізінен екі бағытта жүргізіледі. *Біріншісі*, әдетте өткен апта бойынша сыныптағы оқушылардың үлгерім нәтижелері, сабаққа қатысуы,

тәртібі, оқуы, қоғамдық істері және бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы мәселелер қаралады. *Екіншісі*, әр тараптағы атқарылатын тәрбиелік шаралар. Олардың қатарына қызықты әңгімелер, кездесулер, диспуттар, пікірталас пен оқырмандар конференциясы және т.б. бағыттағы тәрбиелік жұмыстарды жатқызуға болады. Сынып немесе тәрбие сағаттарын өткізуде педагогтың басшылыққа алатын негізгі міндеті – тәрбиелік жұмыстарға оқушылардың өздерін қатыстыру, оған олардың белсене араласуын, кез келген әрбір оқушының тәрбиелік шараларды дайындау және өткізу барысында қалыс қалмауын қадағалау.

Ойын технологиясы

Ойын – оқу процесіндегі оқытудың формасы әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады.

Ойынның мақсаты – ойын технологиясы арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Жеке тұлға үшін ойын – өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсіне біледі, адамгершілік нормаларын игереді.

Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, баланың ойынына қатысты мәселелерге соқпай кеткен ағартушы-педагог болмаған екен. Прогрессивті ұлы педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци халықтық ойынға назар аударып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның баланың денін сауықтыратынын, ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А.Коменский дәріптеген.

Ж.Ж.Руссоның пікірінше, білім алу ойынның бала өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы, бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт.

Жалпы ойынды ұйымдастыру үш бағытты қамтиды:

- ✓ ойынды өткізуге әзірлік;
- ✓ ойынды өткізу;
- ✓ ойынды талдау.

Ойынның түрлерімен, мазмұнымен таныстыра отырып өткізу, сол өткізілген ойынды талдау арқылы ойынның өз мақсатына жетуі – олардың белсенділігі және іс-әрекеті арқылы іске асады (31-сурет).

Ойынның түрлері:

1. *Мазмұнды бейнелі ойындар:* отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер.

2. *Қимыл-қозғалыс ойындары:* «Ақ серек пен көк серек», «Ұшты-ұшты», «Аңшылар», «Сиқырлы таяқ», «Мысық пен торғайлар», «Бақташы мен қозылар», «Соқыр теке», «Мысық пен тышқан».

3. *Дидактикалық ойындар*: заттың түсін анықта, қуыршақты серуенге дайында, орнында тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, аралар, дүкен, сен жалғастыр, дәл тауып айт және т.б.

4. *Құрылыс ойындары*: лото және басқа конструкторды пайдалану.



Сурет-31. Ойынның түрлері

5. *Рөлді-сюжетті ойындар*: ертегі және әңгімелерді рөлге бөле отырып орындау, сахналық көрініс көрсету.

Педагогтардың ойынша ойын қызығушылығын тугызатын, қалыптастырушы факторлар:

- ✓ ойындағы серігіңмен қарым-қатынастан алатын рахаттанушылық;
- ✓ өз мүмкіндіктеріңді жұртқа көрсетуден туған рахат сезім;
- ✓ ойын процесінде таныс емес ойын жағдаяттарының күтілуіне бас тігушілік және олардың шешілуі;
- ✓ келісілмеген жағдайда шешім қабылдау қажеттілігі;
- ✓ қабылданған шешімнің ақырының тез анықталу мүмкіндігі;
- ✓ табыстан ләззат алушылық;
- ✓ процестен рөлге, қайта жүзеге асырудан ләззат алу.

Ойын технологиялары балалар іс-әрекетін күшейтетін, белсендіретін құралдарды игертеді. Ойын – өз мінез-құлқы мен іс-әрекетін жетілдіретін, жинақтайтын, қоғамдық тәжірибені жасауға және меңгеруге бағытталған шартты жағдаяттағы әрекет түрі.

Ойынды өткізудің технологиясы бірнеше кезеңдерден тұрады (32-сурет).

Ойындар технологиясының тиімділігі қазіргі өмір жағдайына бейімделу қабілеттілігімен, саналы түрде мамандық таңдауға мектеп түлегі мен баланың белгілі бір деңгейде дайындығынан көрінеді.

«Сұхбат алу» ойыны. Қамтамасыз ету: әр балада бір-бір қалам, қарындаш, ақ парақ болуы шарт. Ойынның барысы: ойыншылар 2 шеңбер болып бөлінеді. Олар бір-бірінен сұхбат алады.



Сурет-32. Ойынды өткізу технологиясының кезеңдері

Сұхбат 2 минуттан артық болмайды, бірақ ойыншының кейбіреулерінің шектеулі уақыттан асып кетуі де мүмкін. Барлығына бірдей сұрақтар тізімі беріледі. Мысалы:

1. Аты-жөнің?
2. Жасың қаншада?
3. Туған жылың, айың, күнің?
4. Қайда тұрасың?
5. Мектепте қай пән ұнайды?
6. Сабақтан тыс уақытта жақсы көретін ісің?

Сұхбат аяқталған соң, кімнен қандай ақпарат алғандары жайында баяндауға 1 минут уақыт беріледі.

Тәрбиеші-педагог топтағы ұжымдық қызметтің үш деңгейімен де жұмыс істей алуы керек:

- ✓ топтың барлығымен бір уақытта бірдей жұмыс істеу;
- ✓ жұптасқан жұмыс;
- ✓ саралау ұстанымындағы топтық жұмыс.

Технологияны жүзеге асыру кезінде ойын тапсырмасын орындаудың маңызы туралы есте ұстау керек, әрбір ойынның аяқталуында оның барысын

талдау, тапсырманы орындау әдістері, алынған нәтижелер, ойын кезінде болған сезімдер мен қарым-қатынастарды есте сақтап отыру керек.

Жеке тұлғаны әлеуметтендіруге бағытталған ойындар жүргізу барысында қатысушылар келесі төмендегідей ережелерді орындауы керек:

- көтерілген қол ережесі;
- әркімнің ойынға қатысудан бас тарту құқығы;
- ойыншылар пікірінің бір-бірінің қарым-қатынасына байланысты болуы;
- ойыншылардың бірі шыққанда, қалғандары оны аяғына дейін тыңдауға

міндеттілігі.

Қорыта келгенде, ойын – баланың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Олар ойынсыз өсе алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты».

Ұжымдық шығармашылық істер технологиясы

Ұжымдық шығармашылық жұмыстар технологиясы үшін шығармашылық деңгейдің жетістіктері мақсат басымдылығы болып табылады.

Ұжымдық шығармашылық жұмыс – ұжымдық ізденіс, жоспарлау және қойған мақсатты шығармашылықпен іске асыру. Ұжымдық – бұл тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің жолдастық, тұлғааралық қатынасын білдіреді. Шығармашылық – бұл істі белгілі бір үлгі бойынша емес, жаңаша, бұрынғыдан да жақсы жасауды білдіреді. Жұмыс – бұл оның нәтижесі, ортақ пайда және қуаныш дегенді білдіреді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, сан алуан түрдегі тәрбие жұмыстарын игере отырып, ұжымдық шығармашылық жұмыстардың технологиясын жүзеге асыру және әдістеме жасауды меңгеру аса маңызды. Өкінішке орай, педагогтар жиі қарапайым іс-шараларын ұжымдық іс деп атайды. Шығармашылық іс-әрекеттердің ескірген түсініктерге байланысты түрлері, олардың идеялары, ұйымдастыру ұстанымдары туралы И.Т.Иванов пен оның шәкірттері көп қарастырды. Бұл әдістеменің негізгі мәні – тығыз байланысты серіктестік, ұжымның барлық мүшелерінің үлкендер мен кішілердің, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әрекеті.

Тәрбие жұмыстары ұжымдық және шығармашылық негізде құрылады. Егер бірлескен ізденіс процесінде құрылса, *онда*:

1. Әркімнің талабы мен қызығушылығы ескеріледі.

2. Топтың, бірлестіктің жалпы мақсатын жоққа шығармайтын жеке мақсат болады.

3. Ұжымдық жұмыстар әркімге ортақ істе өз орнын табуды ұсынады.

4. Берілген жұмыс түрлерін орындау барысында даралық үлгісін көрсетеді.

Ұжымдық шығармашылық жұмыстар технологиясының негізінде ұйымдастыру ұстанымдары:

- балалар мен үлкендер әрекетінің әлеуметтік-пайдалы бағыттылығы;
- балалар мен үлкендердің серіктестігі;

- романтизм және іскер шығармашылық ықпал.

Ұжымдық шығармашылық жұмыстар түрлеріне сабақтан тыс уақыттағы ұжымның шығармашылық істері, дәстүрлі тапсырмаларды алмасуы, сюжетті-рөлдік ойындар, ұжымдық жоспарлау, ұжымдық талдау және т.б. істер жатады.

Ұжымдық шығармашылық істер сан алуан: олар үнемі бірлестікте, жұмыс атқару барысында осы әдістемені пайдалану кезінде туындайды.

Ұжымдық шығармашылық істер төмендегідей алты кезеңді қарастырады:

Бірінші кезең – алдын алу жұмыстары. Тәрбие жұмыстарындағы ұжымдық шығармашылық істердің орнын белгілейтін тәрбиеші немесе ересек адам болуы да мүмкін. Жаңа кезеңге берілген ұжыммен жоспар құрып, нақты тәрбиелік міндеттерді анықтайды. Әр қатысушының белсенді іс-әрекет мүмкіндіктерін айқындап, балаларды рухани ширатып, дайындап, іс-әрекетке итермелеп, өз ойларын іске асырудың жолдарын ойластырып, таңдауға тиісті түрлі нұсқалар түсіндіріледі. Осы кезеңде адамның өзіне қойылатын сұрақтар:

1. Не істеген дұрыс?
2. Кіммен?
3. Кім үшін?
4. Қашан?

Бұл тұрғыда үлкендер де балалармен бірге ойланады.

Екінші кезең – ұжымдық жоспарлау. Енді тәрбиеленушілер өздері іске кіріседі. Олар шағын ұжымда қойылған сұрақтарға жауап іздейді. Бұл әңгіме шартты түрде «жинақтау-бастау» деп аталады. Оның табысты болуын жүргізуші қамтамасыз етеді. Ол ұсынылатын нұсқаларды құрастырады, жетектеуге бағытталған сұрақтар қояды, ұсынылған идеяларды негіздейді, қосымша «ойлануға» да міндеттер жүктейді. Ізденіс істер кеңесті таңдаумен аяқталады.

Үшінші кезең – ұжымдық істер дайындығы. Істер кеңесі жетекші орган ұжымдық шығармашылық істер жүргізу мен дайындау жоспарын нақтылайды, бекітеді, әр қатысушының ұсыныстарын ескере отырып, орындалуын ұйымдастырады. Дайындық топ бойынша да жүруі мүмкін. Тәрбиеленушілер жай, сылбыр кірісетін болса, онда олар тәжірибелік жұмыстарға атсалыса алмауы да мүмкін. Сондықтан да мұнда үлкендердің рөлі жоғары, олардың мінезі тәрбиеленушілерге әсер ете алады, өзара әрекет те жасайды.

Төртінші кезең – ұжымдық шығармашылық істерді жүргізу, дайындықтың есебін шығару. Бұл кезеңде топтарда жасалатын жұмыстарды ескеріп, іс кеңесімен келісілген, нақты жоспар іске асады. Тәрбиеленушілер түрлі формада істерді дайындау мен жоспарлау барысында жинақталған тәжірибені көрсетеді. Ұжымдық шығармашылық істерді жүргізу барысында туған ойлардың ауытқушылығынан қорықпау керек. Қатысушылар тарапынан ондай қателер кетуі де мүмкін. Мұның бәрі – өмір мектебі. Педагог іске қатысушы балалардың кемшілігін шұқылап көптің көзінше айтпай, қайта көңіл-күйлерін реттеп, сәтсіз кезеңдерді сипай өткені абзал.

Бесінші кезең – ұжымдық шығармашылық істер есебін ұжыммен шығару. Бұл ұжымдық шығармашылық істер есебіне арналған жалпы жиналыс немесе топтық жиналыс болуы мүмкін. Ұжымдық шығармашылық істерді жүргізудің және дайындаудың жағымды да теріс жақтары талқыланып, әрқайсысы өз ойларын айтады. Жалпы жиналыстан басқа ұжымдық шығармашылық істерді өткізуді бағалау үшін әр қатысушы: сауалнама, қабырға газетіндегі сұрақтарға жауап беру, шығармашылық есеп беру арқылы атсалыса алады.

Алтыншы кезең – ұжымдық шығармашылық іске жақын арадағы іс-әрекеттен кейінгі кезең, жалпы жиында барлық қатысушылар өз ойларынан алған әсерлері мен уайымдарын бөлісуі тиіс. Әрине, мектеп оқушылары өз ойларын қалай жүзеге асыру керектігін, жинаған тәжірибесін қалай түйіндеуді біле бермейді. Сондықтан да ұжымдық шығармашылық істер есебін шығарғаннан кейін, дереу жиналыста айтылған ойлардың ұжымдық түрде жүзеге асуына басым күш салу керек. Жаңа істер анықталып, іс-әрекеттің бірізділігіне бағдарламалар жасалады.

Әрбір шығармашылық іс өзінің сипатына қарай бір-бірінен ажыратылады (33-сурет).



Сурет-33. Шығармашылық істің түрлері

Шығармашылық істің түрлері:

✓ *Еңбекке баулитын шығармашылық іс.* Оның негізгі мақсаты қоршаған орта туралы тәрбиеленуші білімін молайту, қуанышты өмір негізі еңбек екендігіне олардың сенімін, көзқарасын қалыптастыру, еңбекті өз еркімен, шығармашылықпен істеуге үйрету.

✓ *Танымдық қабілет пен білімді дамытатын шығармашылық іс.* Танымдық шығармашылық іс өмірде әлі сыры ашылмаған, анықталмаған беймәлім нәрселерді, жұмбақтарды ұжымдық түрде береді. Танымдық шығармашылық іс олардың білімге ұмтылуын, табандылығын, байқағыштығын, шығармашылық ойлауын, рухани байлығын дамытады.

✓ *Көркемөнерге баулитын шығармашылық іс.* Шығармашылық іс мақсатты түрде олардың эстетикалық талғамын дамытып, өнерге деген рухани мәдениетін көтеріп, жан дүниесін байытады.

✓ *Спорттық шығармашылық іс.* Спорттық шығармашылық шаралардың басты тәрбиелік мәні оларды спорттық сауықтыру шараларына, дене тәрбиесі сабақтарына шынайы көзқарастарын дамытып, қоғамның белді мүшесі болуға дайындау. Спорттық шығармашылық іс шапшандық, ептілік, шыдамдылық, батылдық, ерлік қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі.

Сонымен, осы заман тәрбиешісі өзінің сан-салалы қызметінде жаңа идеялар, инновациялық технологияларды басты назарға алуы қажет, себебі қазіргі кездегі тәрбие жұмысының нәтижелілігі тәрбиенің бұрынғы ескірген әдіс-тәсілдерін жаңа технологиялармен алмастыруға тікелей байланысты. Тәрбие процесін ұйымдастыру мен оны басқару педагогикалық технологиялардың ақпараттық қорына, таңдау өлшемі мен тетігін нақты тәрбие процесіне қосу негізінде құрылады.

А.С.Макаренко, В.А.Караковский, Л.В.Байбородова, Н.Е.Щуркова, Н.Ф.Голованова еңбектеріндегі теориялық ережелер және тәрбие жұмысының әдістемесі

Ұлы педагог *А.С.Макаренко* тағылымы ұжымды сатылы қалыптастырудың егжей-тегжейлі технологиясынан тұрады. Ол ұжымның өмір сүру заңын былай түсіндіреді: қозғалыс – ұжымның өмір сүру формасы; тоқтау – оның жойылу формасы. Әйгілі педагог ұжымның даму принциптерін анықтады (ашықтық, жауапкерлі тәуелділік, перспективалық, бірлікті әрекет).

Сондай-ақ, ұлы педагог ұжымаралық қатынасқа көп көңіл бөлді. *Қалыптасқан ұжымның ерекше белгілері ретінде ол төмендегілерді ескерді:*

- 1) үнемі сергектік, іс-әрекетке дайындық;
- 2) өзіндік қадірін сезіну;
- 3) мүшелерінің достық бірлігі;
- 4) әр мүшенің өз қауіпсіздігін сезінуі;
- 5) іс-қимыл, іс-әрекет белсенділігі;
- 6) ұстамдылыққа әдеттенуі, тілдесудегі өзіне шек қоя білуі.

В.А.Караковский бойынша жетекші идея – оқушы тұлғасына бағдарлану, оның мүддесі мен қабілеттілігі. Идеялар кешенінде ұжымның педагогикалық тұжырымдамасы маңызды рөл атқарады. Ол тәрбиенің жүйелілігі, кешендігі, педагогикалық ықпалдың интеграциялануы, ұжымдық шығармашылықтың қажеттігі сияқты идеяларға негізделген.

Мектеп ұжымының ұйымдастырушылық құрылымы өте қарапайым. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық кеңестер пән мұғалімдер мен барлық сыныптардан оқушылар қатыстырылатын үлкен кеңес жұмыс істейді. Бұл кеңес өте сирек, жылына 4-5 рет ғана өткізіледі. Онда жиналатындардың көпшілігі оқушылар, кейде олар педагог пікірімен сәйкес келмейтін шешімдер де қабылдайды.

Н.Е.Щуркованың тәрбие жұмысын жоспарлау тұжырымдамасы мәдениеттану, ұйымдастырушылық іс-әрекет құндылықтарына негізделеді. Тәрбиелеу мақсаты – саламатты өмір құра алатын жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу. Тәрбиенің міндеттері педагогтың тұлғамен біріккен қарым-қатынасы, іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Н.Е.Щуркова тұлға іс-әрекетінің көптеген түрлері мен формасын ұсынады: танымдық, шығармашылық, еңбек, бағалы құндылықтар, көркемөнер, спорттық сауықтыру, қарым-қатынас және т.б.

Тәрбие жұмысын жоспарлау тек қана жоспар құрумен шектелмеуі қажет. Жоспарлау – оқушылармен жүргізілетін барлық жұмыстың өн бойында жүретін шығармашылық процесс.

Халықаралық балалар ынтымақтастығын нығайту және дамыту бойынша жұмыстардағы инновациялық тәрбиелік технологиялар

Халықаралық балалар ынтымақтастығын нығайту және дамыту бойынша *Online-шараларды ұйымдастырудың технологиялары:*

- ✓ Видеотелефония.
- ✓ Веб-конференция.
- ✓ Видеоконференция.
- ✓ Вебинар.

Видеотелефония – бұл телефонмен сөйлескенде бірін-бірі көру мүмкіндігі. Видеобайланыс әріптестеріңізбен тиімді қарым-қатынаста болып (өйткені, дауыс арқылы ақпараттың тек қана 20% жіберіледі), бизнес-сапарларға кететін уақытты және қаржыны үнемдеуге ықпал етеді.

Веб-конференция – бұл онлайн жолығулар мен дәлме-дәл уақтылы бірігіп жұмыс істейтін технологиялар мен құралдардың жалпы аталымы. Веб-конференциялар онлайн-презентацияларды жүргізуге, құжаттар және қосымшалармен бірігіп жұмыс істеуге, сайттарды, видеоны, суреттерді бірігіп қарап шығуға мүмкіншілік береді.

Видеоконференция – бұл видеобайланыстың қолдауымен жүргізілетін бірнеше немесе көп адамдар қатысатын бизнес кездесу. Видеоконференциялар онлайн жиындарды, келіссөздерді, интервью немесе дистанциялық оқуларды жүргізу үшін қолданылады. Қатысушылардың саны көп емес жағдайларда, қатысушылардың көпшілігі әртүрлі географиялық аймақтардан болған жағдайларда, әдетте видеоконференцияларды жүргізу үшін арнайы интернет сервистер қолданылады.

Вебинар web-конференциялардың, онлайн-кездесулердің немесе интернет арқылы жүргізілетін презентациялардың бір түрі болып табылады. Вебинардың web-конференциялардан негізгі айырмасы – оның оқу мақсатында жүргізілуі болып табылады. Вебинар – бұл интернет арқылы қашықтықтан жүргізілетін семинар. Вебинар кезінде мұғалімдер мен оқушылар және басқа да қатысушылар өз компьютерлерімен отырады. Вебинар барысында барлық қатысушылар баяндамашыны, оның көрсетіп отырған материалдарын көріп отырады, вебинар жүргізушіге және басқа да қатысушыларға сұрақ қойып, қарым-қатынаста болады.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. «Педагогикалық технология», «тәрбие технологиясы» ұғымдары, ерекшеліктері.
2. Тәрбие жұмысын жүзеге асырудың деңгейлері.
3. Тәрбие технологияларының жіктемесі.
4. Ойын технологиясы.
5. Ұжымдық шығармашылық істер технологиясы.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Педагогикалық өнер жайлы ілім немесе педагогикалық шеберлік туралы ілім дегенді білдіреді – бұл:

педагогикалық технология

2. Тәрбиелеудің педагогикалық деңгейлері: теориялық деңгей, технологиялық деңгей,

әдістемелік деңгей

3. Өзінің міндеттерін тәрбиеленушілердің жас ерекшелігі теориясына сүйене отырып, жүзеге асырушы педагог – бұл:

тәрбиеші куратор

III. «Ой қозғау». Ұяшықтарды толтырыңыз

Педагогикалық технологияның негізгі сапалық ерекшеліктері • •	Тәрбиелеудің педагогикалық деңгейлері • •	Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктері • •
Куратордың функционалдық міндеттері • •	Ойынның түрлері • • •	

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Белгілі бір қасиеттерді қалыптастыру мақсатымен тәрбиеленушінің сезіміне, санасына, мінез-құлқына ықпал ету амалдары:

- A) Тәрбие формасы
- B) Тәрбие құралы
- C) Тәрбие әдісі
- D) Тәрбие мақсаты

- Е) Тәрбие міндеті
- Ғ) Тәрбие заңдылықтары
- Г) Тәрбие принциптері
- Н) Тәрбие мазмұны

2. Тәрбиеленушінің дамуына әсер ететін факторлар:

- А) Қоршаған орта
- В) Тәрбие
- С) Тұқымқуалаушылық
- Д) Отбасы
- Е) Мектеп
- Ғ) Іс-әрекет
- Г) Ата-ана
- Н) Қарым-қатынас

3. Тәрбие жұмысын жүзеге асырудың деңгейлері:

- А) Теориялық
- В) Әдістемелік
- С) Технологиялық
- Д) Технократтық
- Е) Әдіснамалық
- Ғ) Аксиологиялық
- Г) Практикалық
- Н) Ақпараттық

4. «Тәрбиелеу технологиясы – балаға деген қарым-қатынасқа тәуелді. Тәрбие технологиясының еркін тәрбие, авторитарлық, бағдарлық типтері ажыратылады» деген тұжырым қай ғалымға тиесілі:

- А) Ф.А.Мустаева
- В) И.П.Подласый
- С) Г.К.Селевко
- Д) Т.А.Илина
- Е) Л.Е.Плескач
- Ғ) В.А.Давыдов
- Г) Ш.Т.Таубаева
- Н) Н.Г.Щербанева

5. Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру шарттары:

- А) Жұмыстар бірізді, жүйелі жүргізілуі тиіс
- В) Тәрбиелеу үшін жан-жақты зерттеу қажет
- С) Тәрбие әдістерін таңдау қажет
- Д) Жұмыстар біртұтастықта жүруі тиіс
- Е) Тәрбие процесі ішкі мотивацияға негізделуі керек
- Ғ) Тәрбие түрлерін таңдау қажет
- Г) Жұмыстар белгілі талаппен жүргізілуі қажет

Н) Тәрбие формаларын, құралдарын таңдау қажет

6. Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктері:

- А) Еріктілік негізінде ұйымдастырылады
- В) Міндетті оқу бағдарламасымен байланысты емес
- С) Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерінің әртүрлілігі
- Д) Ата-ананың басшылығымен жасайтын жұмыстар
- Е) Тәрбиешінің басшылығымен жасайтын жұмыстар
- Ғ) Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен құралдарының әртүрлілігі
- Г) Тәрбиеленушілердің дара ерекшеліктерін есепке алу
- Н) Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерінің сақталуы

7. Куратордың функционалдық (қызметтік) міндеттеріне сәйкес типтері:

- А) Әкімшіл куратор
- В) Тәрбиеші куратор
- С) Байланыстырушы куратор
- Д) Үйлестіруші куратор
- Е) Бақылаушы куратор
- Ғ) Сараптаушы куратор
- Г) Басқарушы куратор
- Н) Дамытушы куратор

8. Ұжымдық шығармашылық істер кезеңдері:

- А) Алдын алу жұмыстары
- В) Ұжымдық жоспарлау
- С) Ұжымдық істер дайындығы
- Д) Ұжымдық істер қорытындысы
- Е) Саралау жұмыстары
- Ғ) Ұжымдық шығармашылық істерді талдау
- Г) Ұжымдық шығармашылық істер есебін топпен шығару
- Н) Жеке жоспарлау

9. Шығармашылық істің түрлері:


- А) Еңбекке баулитын шығармашылық іс
- В) Көркемөнерге баулитын шығармашылық іс
- С) Спорттық шығармашылық іс
- Д) Мамандыққа баулитын шығармашылық іс
- Е) Кәсіпке баулитын шығармашылық іс
- Ғ) Танымдық қабілетті дамытатын шығармашылық іс
- Г) Білімді дамытатын шығармашылық іс
- Н) Мәдени шығармашылық іс

10. Online-шараларды ұйымдастырудың технологиялары:

- А) Видеоконференция
- В) Веб-конференция

- С) Вебинар
- Д) Сынып сағаты
- Е) Пікірталас
- Ғ) Тренинг
- Г) Әңгіме
- Н) Ток-шоу

Тәрбие тағылымы

 <p style="text-align: center;">Ахмет Иүгінеки (XII-XIII ғғ.)</p>	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Әдептің басы – тіл ✓ Білімді – алтын нұры ашылатын, Білімсіз – қара бақыр шашылатын... Жүрседағы тым шіреніп, Білімсіз жан – тірі өлік
 <p style="text-align: center;">Аристотель (б.з.б. 384-322 б.з.д.)</p>	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Өнер біткеннің барлығы сияқты, тәрбие өнері де табиғаттың кемістігін толтыруды мақсат етеді


5-тақырып. Мектепте, сыныпта тәрбие жұмыстарын жоспарлау

Тәрбие жұмыстарын жоспарлау – оқушылар тұлғасы мен балалар ұжымын дамытуды болжау процесі және сынып пен мектептегі тәрбие жұмыстарының стратегиясын анықтау

Жоспарлау – мақсатқа жетудің бірден-бір негізгі жолы. Жоспардың қызметі – педагогикалық ықпалды жүйеге келтіру, педагогикалық талаптарды орындауды қамтамасыз ету, ондағы белгіленген тәрбие шараларының бірізділігі мен басқару тиімділігін қамтамасыз етуді көздейді.

Тәрбие берудің стратегиялық жоспарын әзірлеу алдында әр буындағы тәрбиеленушілермен ұйымдастырылатын жұмыс формалары және олардың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тақырыптарын айқындап алуы шарт.

Осыған байланысты тәрбие берудің басым стратегиялық 5 бағыты айқындалды (34-сурет).



Сурет-34. Тәрбие берудің стратегиялық бағыттары

1-стратегиялық бағыт – Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмысын жүргізудің 12 бағытына негіздей отырып, тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру және сапасын арттыру.

- азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбиесі;
- отбасы тәрбиесі;
- өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру;
- әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- коммуникативті мәдениетті қалыптастыру;
- экологиялық тәрбие;
- эстетикалық тәрбие;
- дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру;
- еңбек және экономикалық тәрбие;
- кәсіби-шығармашылық тәрбие;
- интеллектуалды мәдениетті дамыту.

2-стратегиялық бағыт – ата-анамен жүргізілетін жұмыс бағытын нақты айқындау, жүйелендіру.

3-стратегиялық бағыт – қоғамдық ұйымдармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру.

Екі бағыт басшылыққа алынады: мектептегі қоғамдық ұйымдарға оқушыларды қамту және мектептен тыс қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық байланыс (спорт мектебі, мәдениет үйі, орталық кітапхана, түрлі мекемелер).

4-стратегиялық бағыт – оқушылардың даралық ерекшеліктеріне байланысты жеке жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру.

Мінез-құлқында ауытқушылық байқалатын және ерекше қабілетті оқушылармен жұмыс.

5-стратегиялық бағыт – жеке тұлғаның тәрбиелік-сапалық деңгейлерінің бағалау өлшемдерін қалыптастыру.

Психологиялық сөздіктерде «Мотивация – түрткі, ниеттену, жеке тұлға әрекетінің сипаты, мазмұны және оның мінез-құлқының жиынтығы» деп қарастырылған. Мотивация – өзінді немесе басқаны жеке тұлғалық мақсатқа және ұйымның мақсатына жетуге әрекеттенуге ниеттену процесі.

Жеке тұлғаның сапалық деңгейлерін, бағалау өлшемдерін қалыптастыруда алшақтату мотивациясы – бұл төменгі деңгейдегі (тұрақсыз, қызығуы жеткіліксіз, немқұрайлы) олармен жұмыс жасау.

Жетістікке ұмтылу мотивациясы – бұл орта деңгейдегі (қызығушылығы бар, бірақ бағдары айқын емес) оқушылармен жұмыс жүргізу.

Белсенділік мотивациясы – бұл жоғары деңгейдегі (ізденімпаз, өзіндік идеясын ұсына білетін) оқушылармен жұмыс жүргізу.

Жоспарлаудың қызметтері

Жалпы алғанда, жоспар – әрекеттің мазмұнды көрсеткіші, оның ретін, көлемін, уақытша шекарасын анықтаушы құжат.

Жоспарлаудың қызметтеріне нақты тоқталар болсақ:


- нақты бағыттар мен әрекет түрлерін *анықтаушылық*;

- *болжаушылық*, яғни жанама іс-қимыл көрсету, нақты әрекет арқылы нәтиже көрсету;

- *үйлестірушілік, ұйымдастырушылық*: әрекеттің қандай тәсілдермен ұйымдастырылатындығы, оның объектісі және субъектісі кім болатынын, оның басқа түрлерінің өзара қатынасын, сол сияқты әрекетін көрсету, олардың орнын, уақытын кім, қашан, қайда орындайтынын анықтау;

- *бақылаушылық*: қойылған мақсаттардың жүзеге асырылуын қадағалау;

- *қалпына келтірушілік*: кез келген уақыт аралығында жоспар бойынша істелген жұмыс мазмұны мен көлемін қайта қалпына келтіру (35-сурет).



Сурет-35. Жоспарлаудың қызметтері

Барлық жағдайда жоспарға әкімшілік үшін емес, сынып жетекшісі өзіне қажет жұмыс құжаты ретінде қарап, жұмысты ретсіз жүргізбей, өз ойлары мен мақсаты, мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес жүргізуі керек. Жоспар егер талапқа сай жасалса, тәрбие жұмысын жүргізуге көмек болады.

Жоспарлауға қойылатын талаптар және жоспарлаудың түрлері

Жоспардың мақсаттылығы жоспарланған жұмыстың мазмұны мен түрінің нақты мақсаты мен міндеттерінің жүзеге асырылуын қарастырады. Жоспар оқушының қызығушылығы мен талаптарын жүзеге асыруға, олардың дамуына бағытталған. Жоспарлауда оқушылар мен ата-аналардың ұсыныстары зерделенеді. Жұмыс жоспары оқушылардың сабақта, сабақтан тыс алған білімдерін тәжірибеде қаншалықты қолданатынын, еліміздегі негізгі оқиғалардың ұжым өміріне қаншалықты әсер ететінін көрсетеді. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының жоспарында тәрбиелік іс-шаралардың түрі (формасы), әдіс-тәсілдері бағыттары қарастырылады.

Тәрбие жоспарына қойылатын негізгі талаптар:

- ✓ Жоспардың қоғам талабына, мақсатына сәйкестігі.
- ✓ Жоспардың өмірмен тығыз байланыстылығы.
- ✓ Жоспардың жан-жақтылығы, тәрбиенің барлық салаларының қамтамасыз етілуі.
- ✓ Тәрбие жұмысы формаларының оқушылардың жас және тәрбиелік деңгейіне сәйкестігі.
- ✓ Жоспардың нақтылығы.

✓ Жоспар – ұжымдық еңбектің белгісі. Сондықтан тәрбие жоспарын құру барысында оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, олардың өздерін қатыстыруды қамтамасыз ету.

✓ Тәрбие жоспарының мақсат, міндеттерінің айқындығы.

✓ Тәрбие жұмысы жоспарының мазмұны оның мақсатымен бірлікте болуы.

✓ Оқушылардың жеке басының жас ерекшеліктерін және мүмкіншіліктерін ескеру.

✓ Тәрбие жоспарының ықшамдылығы әрі ондағы көрсетілген іс-шаралардың орындалатындығы.

✓ Тәрбие жоспарындағы атқарылатын іс-шаралар саны жағынан емес, сапасымен анықталуы.

✓ Тәрбиелік іс-шараларды атқаруда қолданылатын әдістер бір сарынды емес, әртарапта және әржақты болуын ескеру керек.

✓ Тәрбие принциптерін басшылыққа алу.

✓ Жоспар құру барысында сынып жетекшісі оқушылардың не нәрсеге қызығатынын, олардың қандай істерді өткізгілері келетінін, ұсынылған іс-шараларға қалай қарайтынын анықтауы қажет.

✓ Жоспардағы тәрбиелік іс-шаралар жүйелі, бірізділікпен құрылуы тиіс.

✓ Тәрбиенің салаларына қатысты белгіленген іс-шаралар жеке-дара емес, біртұтастық ұстанымға сай құрылуын ескеру.

Сынып жетекшісінің жоспары маңызды құжаттың бірі. Ол сыныпта тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға жәрдемдесуі үшін педагогикалық талаптарға жауап беруі тиіс. Сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлау жөніндегі тәжірибесін талдаудың негізінде жоспарға төмендегідей талаптар қоюға болады:

• жоспардың белгілі мақсатқа бағытталуы;

• сыныптағы тәрбие жұмысы мазмұны, формалары және әдістерінің әртүрлі болуы;

• жеке тұлғаны тәрбиелеудің сабақтастығын, жүйелілігін және дәйектілігін қамтамасыз ету;

• жоспардың нақтылы болуы;

• жұмысты келісіп жоспарлау.

Мектеп жұмысының тәжірибесінде жоспардың негізгі үш түрі қолданылады (36-сурет).



Сурет-36. Мектеп жоспарының түрлері

Мектеп жоспарының түрлері:

1. *Перспективалық жоспар* мектептің соңғы жылдардағы жұмыстарына терең талдау жасау негізінде бес жылға жасалады.

Оның құрылымы:

- ✓ Жоспарланған мерзімдегі мектептің міндеттері.
- ✓ Оқушылар санының жылдар бойынша дамуы, сыныптардың арту мүмкіндігінің перспективасы.
- ✓ Оқу-тәрбие процесін жаңалаудың, педагогикалық инновация енгізудің перспективасы.
- ✓ Мектептің педагог кадрларға деген сұранысы.
- ✓ Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру (курстар, семинарлар, тренингтер және т.б.).
- ✓ Мектептің материалдық-техникалық базасы мен оқу-әдістемелік жарақтандырылуын дамыту (құрылыс жұмыстары, ЭЕТ және компьютер жабдықтары, кітап қорын толықтыру, кабинет безендіру және т.б.).
- ✓ Мұғалімдер мен оқушыларды әлеуметтік қорғау, олардың тұрмысын, еңбек және демалыс жағдайын жақсарту.

2. *Жылдық жоспар* жазғы каникулды қосқанда бүкіл оқу жылын қамтиды. Мектептің жұмыс жоспарын дайындау ағымдағы оқу жылында басталады да бірнеше кезеңді қамтиды.

Бірінші кезеңде (бірінші тоқсан) мектеп директоры, оның орынбасарлары дамыту мен білім беру, сонымен қатар теориялық және әдістемелік, нормативтік және нұсқау сипатындағы құжаттармен танысады.

Екінші кезеңде (екінші тоқсан) директордың басшылығымен жоспар жобасының құрылымын жасау, қажетті мағлұмат көздерін тауып, мәлімет жинақтайтын бастамашыл топ құрылады.

Үшінші кезеңде (үшінші тоқсан) жинақталған мәліметтер, комиссия мүшелерінің есептері талданады, қалыптасқан қиыншылықтардың себебі айқындалып, оларды жоюдың жолдары қарастырылады.

Төртінші кезеңде (төртінші тоқсанның соңы) жоспар жобасы дайындалып, талқыға салынады. Оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде мектептің жұмыс жоспары бекітіледі.

3. *Ағымдағы жоспар* жалпы мектептік жоспарды нақтылау үшін оқу тоқсанында жасалады.

Жоспар жасау дегеніміз – оқыту мен тәрбие жұмысын жақсарту бағытында көптеген шараларды белгілеу. Тәрбие жұмысының моделі, бағыты білім мекемелерінің негізгі жоспарына сай құрылады.

Сонымен, жоспарлау – мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінің негізгі құрамды бөлігі және мектеп өмірінің қызықты, маңызды шығармашылық бағытта жүргізуге арналған мақсат-міндеттерін ата-аналар мен оқушылар және мұғалімдердің бірлесіп шешуі.

Педагогикалық модельдеу қағидалары – сынып жетекшісі іс-әрекетінің негізі

Модельдеу, ол ғылымның жаңадан ашылған жетістігі емес, оның тарихы мыңжылдықтармен саналады. Медицина атасы Гиппократ та адамның көзін емдеуде модельдеуді қолданған. Әйтсе де, тек қазір біздің заманымызда модельдеу арнайы пән, сонымен қатар философиялық ізденістерде де қолданылатын болды. Модельдеу ерекше және әмбебап ғылыми таным және кез келген бағытта емес, саналы және жүйелі қолданылатын ұғым ретінде қарастырылады. Модель таным объектісінің орнын басатын және ол туралы ақпарат көзі болып табылатын материалдық жүйе деп түсіндіріледі.

Модельдер үш үлкен топқа бөлінеді:

- 1) эвристикалық;
- 2) дидактикалық таңбалы және заттық-техникалық;
- 3) табиғи және жасанды.

Тереңірек қарастырсақ, көрсетілген топтарда модельдер арасында үлкен айырмашылық жоқ. Таным процесінде модельдер әртүрлі функцияларды орындайды.

Педагогикалық зерттеулерде модельдеу өте күшті құрастыру құралы болып келе жатыр.

Ғылыми модель – зерттеу пәнін көрсететін және модельді зерттеуде объект туралы жаңа мәліметті алуға мүмкіндік беретін, оның орнын басуға теңбе-тең, бейнелеуге қабілетті, ойша көрсетілген жүйе.

«Модель» термині латын тілінен /modulus/ шыққан, «өлшем», «әдіс» «бейне» деген ұғымдарды білдіреді. Үлгінің негізінде белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар мен қарым-қатынастың көрініс беруі деп түсіндіріледі.

Оқу әрекетін модельдеу төмендегідей аспектіден тұрады:

- 1) оқу процесіндегі білімді меңгеруден;
- 2) оқудағы іс-әрекет элементтерінен.

Жоспар – тәрбиеші-педагогтың негізгі іс-әрекетінің бір бөлігі. Ол сынып жетекшісі мен ұжымның бірлесе атқаратын жұмысын айқындайды. Сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлауда сынып жетекшісі өз жұмысын ең алдымен оқушыларды, олардың арасындағы қарым-қатынастарды және отбасын зерттеуден бастайды. Зерттеу барысында олардың тәрбиелік дәрежесі анықталады. Соған байланысты тәрбиелік мақсат пен міндеттер айқындалады. Белгіленген мақсатқа сәйкес тәрбие жоспары жасалады. Тәрбиеші жоспар жасағанда сыныбының ерекшеліктерін (жас ерекшеліктері, тәрбиелік дәрежесі, қызығушылығы), қабілеттерін ескергені жөн.

Педагогикалық модельдеуде сынып жетекшісінің іс-әрекеті 3-кестеде көрсетілді.

Кесте-3. Сынып жетекшісінің іс-әрекеті

Әрекеттің негізгі бағыттары	Міндеттері	Міндеттерді жүзеге асыру құралдары
<ul style="list-style-type: none"> Оқушылардың қарым-қатынасын, бір-бірімен тілдесуін, сыныптағы әрекетін зерттеу Сынып қауымдастығының тіршілік әрекетін, келешегін, мақсат, міндеттерін жобалау, бағытын анықтау Сыныпты ұжым ретінде қалыптастырудағы, топтастырудағы, дамуға қолайлы орта құрудағы біріккен әрекет 	<ul style="list-style-type: none"> Оқушылардың қызығушылығын, қажеттілігін, икемділігін, басқа да жеке ерекшеліктерін зерттеу Сыныптың ұжым ретінде қалыптасу деңгейін, бір-бірімен қалыптасқан өзара қарым-қатынас жағдайын анықтау Сыныптың жалпы тіршілігіне қатысы бар ата-аналардың, басқа да адамдардың тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау Тәрбие жұмысының әсерін, тиімділігін анықтау Сынып ішіндегі күнделікті әрекетті, тіршілікті оқушыларға жағымды етіп ұйымдастыру арқылы сынып бейнесін қалыптастыру Сынып ұжымының дамуында қоршаған ортаның жағымды әсер ету мүмкіндіктерін анықтау Сыныптың ішінде эмоционалдық-психологиялық жағымды ортаның қалыптасуына атсалысу 	<ul style="list-style-type: none"> Сауалнама, танымдық дамыту ойындары, қоғамдық белсенділігін, шараларға қатысу себебін зерттеу әдіс-методтері, қызығушылығы мен әуестігінің картасын құру Танысу, өзінің қабілетін, мүмкіндігін ашуға бағытталған сынып сағаттары Социометрия әдісі арқылы сынып белсенділері мен қамтылмай қалған оқушыларды, сыныптың ұжым ретінде қалыптасу деңгейін анықтау Сыныптың шығармашылық бірлескен әрекеттері (мерекелер, қойылым дайындау және т.б.) Тест, сауалнама арқылы оқушылар мен ата-аналардың сыныптың тәрбие жұмысымен қанағаттану деңгейін анықтау Оқушыларды ұйымдастыру, іс-әрекетке баулу ойындары. Ұжымдық-шығармашылық шара Қызығушылық, әуестікті дамытатын ойындар. Ата-аналар жиналысы «Мектеп + отбасы + балалар = ?», Сыныптың ережесін қабылдау, рейтинг көрсеткіштерін әзірлеп шығару Мектептен тыс мекемелермен біріккен әрекеттер, сынып белсенділерінің жұмысын ұйымдастыру, қорытындылау Сайыстар мен байқауларға қатысу. Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру

Жоспар жасағанда ескерілетін жағдайлар:

- өткен оқу жылындағы жұмысты талдау;
- сыныпқа сипаттама беру;
- жоспарда тәрбиенің алдында тұрған міндеттерді айқындау.

Тәрбиешінің тәрбиелік жұмыс жоспары – міндетті педагогтік құжат. Жоспарды оқу жылы басталар алдында мектеп директоры бекітеді. Тәрбиеші тәрбиелік жұмысты жоспарлау алдында не істеуі қажет?

Біріншіден, оқушылардың жасын, сынып ұжымының даму деңгейін, тәрбиелеу шарттарын (қалалар мен ауылдар, нақты аймақ мүмкіндіктеріне, мектептің ерекшеліктеріне орай), мектептің педагогтар ұжымының мүмкіндігін ескере отырып, мақсаты мен міндеттерін анықтап алуы қажет.

Екіншіден, оқушылар мен сынып ұжымын (олардың түсініктері мен ұғымдарын, икемділіктері мен қажеттіліктерін, даму деңгейлерін, қарым-қатынастарын және т.б.), сондай-ақ өмірбаяндары мен отбасындағы тәрбиелерін, оқу-тәрбие процесі барысының жағдайын зерттеуі тиіс. Бұл екі жолмен жүзеге асырылады:

1) психологиялық-педагогикалық зерттеудің әртүрлі әдістемелерін, диагностикалауды, сауалнаманы пайдалану арқылы;

2) бастапқы күндерден бастап тәрбиешінің жұмыстарын: «Білім күні», «Жексенбілік жорық», «Танысу күні», «Бірінші ата-аналар жиналысы», «Кабинетті керкейту және жарақтандыру», «Сенбілік өткізу» және т.б. іс-шаралар жүргізу. Бұл іс-шаралардың барлығы оқушылармен, сынып ұжымы және ата-аналармен жақынырақ танысуға көмектеседі.

Үшіншіден, оқушыларды жоспарлауға қатыстыру. Оның формалары: сынып сағаттары, тренингтер, сауалнамалар (олардан сұрақтарға жазбаша жауап алу), ұсыныстар жәшігі, ақылдасу, идеялар мен ұсыныстар аукционы.

Төртіншіден, алда тұрған оқу жылы күнтізбесінің атаулы күндерін зерттеу.

Бесіншіден, барлық оқу пәндерін тереңдете оқуға көмектесетін экскурсия, мұражай, көрмелерге бару, пәндік апталар, онкүндіктер өткізу және т.б. қажеттігін анықтау.

Тәрбиеші тәрбие жұмысын жоспарлауда төмендегідей ұстанымдар жиынтығын ескеруі қажет:

1. Мақсат.
2. Оқушылардың жас ерекшеліктері.
3. Сынып ұжымының қызығушылықтары.
4. Жоспарланатын істің жүйелілігі.
5. Әртүрлі әдістер мен формаларды қолдану.
6. Жоспарлаудың шығармашылық сипаты.

Сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлауға оқушылар қатыстырылып және әртүрлі формада іске асырылуы қажет. Мысалы: «Пайдалы істер барлауы», «Ақыл-ойға шабуыл», «Пайдалы істер аукционы», «Жоспар жобасын қорғау» және т.б.

Сондай-ақ, ата-аналар да жоспарлауға қатыстырылып, оқушылармен бірге өткізілетін іс-шараларды ойластырады.

Жалпы мектептік тәрбие жұмыстарының жоспары, оның құрылымы мен мазмұны

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік

жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру» – деп атап көрсеткендей, бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер тұлға қалыптастыру болып табылады.

Мектеп – қоғамның, отбасының және өзінің өзара тәрбиелік іс-қимылын үйлестіруші қоғамдық институт.

Жалпы мектептің жоспары – өткен оқу жылындағы мектеп жұмысын талдаудың және алда тұрған оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын жетілдірудің, мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысын жоспарлаудың, оқу-тәрбие жұмыстарын, оқушылардың сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарын, әдістемелік жұмыстарды, ата-аналармен жұмыстарды, өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру мен жетілдірудің ең маңызды міндеттерін анықтаудың құралы болып табылады.

Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлағанда өткен оқу жылындағы жұмысты талдау мақсатымен тәрбиелік міндеттерін айқындауды есте ұстау керек.

Мектептің тәрбие жұмысын нақты жоспарласа және дұрыс ұйымдастырса, онда іс-әрекеттердің сапасы мен тиімділігі артады. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, жоспарға әкімшілік талаптармен ғана қарау, өкінішке орай, жоспарлау процесінде жоспардың құрылуы мен жазылуын шектейді. Мұндай жағдайда, жоспар формальді түрде болып, әрекетке бағыт бере алмайды. Нәтиженің қол жеткен тиімділігі және әрекеттің кез келген табысы әрекеттің қаншалықты сауатты жоспарлануына байланысты болады.

Осы тұрғыда мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының графиктік тұрғыда жасалған жарты жылдық жұмыс жоспарының үлгісі 2 нұсқада көрсетілді (4,5-кестелер).

Кесте-4. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының II жарты жылдыққа арналған тәрбие жұмысының жоспары (1-нұсқа)

Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
07-14 аралығы Экологиялық тәрбие бағыты «Аралға араша – адамға араша» (тәрбие сағаты) 1-11 сынып	03-10 аралығы Адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу «Тәрбие негізі – имандылық» (тәрбие сағаты) 1-11 сынып	23-30 аралығы Құқықтық тәрбие «Жасөспірім және қылмыс» (тәрбие сағаты) 5-11 сынып	13-20 аралығы Отансүйгіштікке тәрбиелеу «Туған елім – Қазақстан» (тәрбие сағаты) 1-11 сынып	03-08 аралығы Еңбекке тәрбиелеу «Сен құрметте – оны» (тәрбие сағаты) 1-11 сынып
15-22 аралығы «Атамекен» бағдарламасы (атамекен бағыты бойынша тәрбие сағаты) 1-11 сынып	12-20 аралығы Ұлттық салт-дәстүрге тәрбиелеу (тәрбие сағаты) 1-11 сынып	14-21 аралығы «Асыл аналар», «Жыл басы – өз, Наурыз» (тәрбие сағаттары) 1-11 сынып	21-28 аралығы «Атамекен» бағдарламасы (атамекен бағыты бойынша тәрбие сағаты) 1-11 сынып	13-20 аралығы Кәсіптік бағдар «Мамандықтың бәрі жақсы» (пікірталас) 9-11 сынып

Кесте-5. Графиктік тұрғыда жасалған жарты жылдық жұмыс жоспарының үлгісі (2-нұсқа)

Айы/ бағыты	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым
Сыныптан тыс шығармашылық тәрбие жұмыстары	25.01 «Жыл падишасы» (байқау)	27.02 «Наурыз шапағаты» (байқау)	07.03 «Аман болсын ақ мамам!» (кеш) 21.03 «Қош келдің, Наурыз!» (кеш)	27.04 «Көктем» мерекесі (концерттік бағдарлама)	25.05 «Сыңғырла, қоңырау!» (кеш)	25.06 «Қош, аяулы мектебім!» (мектеп бітірушілер кеші)
Сынып жетекшілері семинары	14.01 Бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі (баяндама)	21.02 Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің орны (баяндама)	03.03 Отбасындағы бала тәрбиесі (баяндама)	12.04 Баланы еңбекке тәрбиелеу (баяндама)	19.05 Халық педагогикасы – тәрбие көзі (баяндама)	Емтиханға даярлық
Сыныптан тыс ұйымдар (бірлестіктер) жұмысы	03.01 Жастар ұйымының ІІ жарты жылдыққа жасаған жоспарын бекіту	12.02 «Атамекен» бағдарлама сының өткізілу есебі (ұйымдастырушы)	31.03 Оқушылар комитеті жұмысының есебі	16.04 «Қыздар гигиенасы» (лекция, мектеп дәрігері)	19.05 «Зияткер» ұжымының жылдық есебі	24.06 Ата-аналармен кездесу (конференция)

Сынып жетекшісіне айына төрт рет тәрбие сағатын кестеге сай өткізу міндеттелсе, сол тәрбие сағаттарының екеуінің тақырыбын мектеп директорының тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары жоспарлайды. Сынып жетекшісі өз тәрбие жұмысы жоспарына осы тақырыптарды енгізе отырып, қалған екі тәрбие сағатының тақырыптарын өзі белгілейді. Сонымен бірге екінші кестенің сынып жетекшісіне қажеті жоқ, өйткені бұл бағыттар тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасардың атқаратын міндеті.

Сыныпта тәрбие жұмыстарын жоспарлаудың формалары, әдістері мен тәсілдері

Тәрбие жұмысы – күрделі процесс. Оны жүйелі жоспарлау оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуде жемісті нәтиже берері сөзсіз. Сынып жетекшісінің ойланып жасаған тәрбие жоспары оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін бақылаудың бір түрі. Сондықтан әрбір сынып жетекшісі жұмыс жоспарын жасар алдында олардың қабілетін, қызығуын және жеке басының ерекшеліктерін ескеруі қажет (6-кесте).

Кесте-6. Оқушының дара ерекшеліктерінің сипаттамасы

№	Оқушының аты-жөні	Оқуға көзқарасы	Еңбекке көзқарасы	Өзіне қалай қарайтыны	Ата-анасына қалай қарайтыны	Мінез ерекшеліктері	Қызығуы
						(сабақта, үйде, көпшілік ортада және т.б.)	(қай пәнге, дене еңбегіне, өнерге және т.б.)
1	Нұрғалиева А.	ынталы	еңбекқор	ұқыпты	қолғабыс тигізеді	сабақта	әдебиетке
2	Атабеков М.	орташа	тындырымды	немқұрайлы	тілалғыш	көпшілік ортада	дене еңбегіне

Сынып жетекшісі тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруы үшін оқушының отбасы жағдайын зерттеп, отбасы туралы мәліметтерді біліп отыруы қажет. Зерттеу барысында олардың тәрбиелік деңгейі анықталады. Соған байланысты тәрбиелік мақсат пен міндеттер айқындалады (7-кесте).

Кесте-7. Оқушының отбасы туралы мәліметтері

№	Ата-ананың аты-жөні	Туған жылы	Жұмыс орны	Еңбек өтілі	Мамандығы	Атқаратын қоғамдық жұмысы	Отбасы құрамы	Отбасында қанша адам жұмыс істейді (әлеуметтік жағдайы)
1.	Жүнісова С.	2001	№33 мектеп	25	мұғалім	комитет төрайымы	4	қанағаттанарлық
2.								
3								

Сыныптағы оқушылармен жұмысты мектептің оқу-тәрбие жұмыстарымен байланыстыра жүргізу мақсатында төмендегідей мәселелер қамтылады:

- а) сынып жетекшісінің пән мұғалімдерімен байланысы;
- ә) мектепшілік жұмыстар.

Сондай-ақ, сынып жетекшісінің апталық жоспары болады. Мәселен, Дүйсенбі – сынып сағаты.

Сейсенбі – жаңалықтар хабарламасы.

Сәрсенбі – серуен, ойын, жорық.

Бейсенбі – еңбек күні.

Жұма – ата-анамен жұмыс.

Сонда ғана оқушылар белгілі тәртіпке үйренеді, ертең, арғы күні не болатынын біледі. Алайда, өткізілетін жұмыс мазмұны өзгертіліп отырады.

8-кестеде сынып жетекшісінің айлық жоспарының үлгісі көрсетілді.

Кесте-8. Сынып жетекшісінің айлық жоспарының үлгісі

Ай, апта	Тәрбиелік іс-шаралар		Оқушылармен жүргізілетін жұмыстар			
	Патриоттыққа тәрбиелеу	Еңбекке тәрбиелеу	Барлық оқушылармен жұмыс	Жеке оқушымен жұмыс	Пән мұғалімімен байланыс	Мектепшілік жұмыстар
1-апта	«Ұлы жеңіске – 70 жыл» патриоттық әндер байқауы		«Кітап – білім бұлағы» кеш			«Отанды сүйер қыранбыз» диспут
2-апта	«Ер есімі – ел есінде» ғылыми конференция	«Еңбек түбі – береке» тәрбие сағаты	«Ата-анамның еңбек жолдары» кездесу	Әңгіме сұхбат жүргізу		
3-апта	«Қазақ хандарын білесіз бе?» сыр сұхбат		«Сыпайылық сыры неде?» диспут		Математика пәні мұғалімімен сұхбаттасу	
4-апта			«Жыр әніміз – бірлік, ынтымақ» көрме			

Сонымен, тәрбие жұмысын жоспарлау – тәрбие процесін дұрыс жүргізудің тиімді шарты. Жоспар жасай отырып, сынып жетекшісі сынып ұжымының және жекелеген оқушылардың дамуын жобалайды. Ол тәрбиелеу міндеттерін белгілеп қана қоймай, тәрбиелік деңгейін арттыру жолдары мен түрлерін де көрсетеді.

Тәрбие жұмыстарының болашақтағы жоспарын дайындау алгоритмі

Тәрбие процесінде сынып жетекшісінің шығармашылық өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін алгоритм бар. Оның негізіне төмендегідей 2 идеяны жатқызуға болады:

✓ Әртүрлі ұйымдастырылған формадағы тәрбие мазмұны ғылым және өнер арқылы байытылады. Олардың негізіне әртүрлі әрекеттер кіреді: танымдық салада – этика, эстетика, мәдениеттану, саясаттану ғылымдары саласындағы тарихи, құндылық-бағдарлық білімдер жатады; өнер саласында – эстетика, музыка, кескіндеме, поэзия, дизайн, мәдениет саласындағы көркемдік білімдер; дене шынықтыру саласында – саламатты өмір салты жайында теориялық және практикалық білімдер; еңбек саласы – халық дәстүрлері, қолөнеріне қатысты білім, іскерлікті жатқызуға болады; еркін қарым-қатынас бойынша – олардың әр тараптағы демалысын ұйымдастыру және т.б.

Мұндай жұмыстар тәрбие жұмысының барлық формасын жаңа деңгейге көтеруде тек сынып жетекшіге ғана емес, сонымен бірге оқушылар, олардың ата-аналары, мектептен тыс мекемелердің қызметкерлеріне мүмкіндік береді.

✓ Мұғалімге тәрбиедегі көзқарасты шығармашылықпен ұйымдастыруға педагогикалық тәсілдер көмектеседі. Солар арқылы әртүрлі әдістер және формаларды құруға болады.

Тәрбие жұмыстары жоспарының мазмұны мен құрылымы

Тәрбие жұмысын жоспарлаудың тәжірибесін талдап, қорытудың негізінде жоспар *құрылымын* ұсынуға болады. Көп нәрсе тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нақты жағдайына, сынып жетекшісінің тәжірибесіне байланысты.

Сынып жетекшісінің жоспары төмендегідей бөлімдерден тұрады:

1. Сынып ұжымына сипаттама

✓ сыныптың құрамына жалпы мінездеме (оқушылар саны, ұлдар мен қыздар денсаулығы, тәрбиелік деңгейі, оқу үлгерімі, қызығушылығы, факультатив, үйірме, секцияларға қатынасы, ата-анасы туралы мәлімет, отбасы жағдайы);

✓ сыныптың ұйымшылдығы (сынып құрамы және сынып белсенділері, өздерін басқаруы, әртүрлі іс-әрекеттерді өз беттерімен орындауы);

✓ сынып ұжымының жалпы мектептік ұжыммен байланысы (мектепшілік шараларға, қоғамдық жұмыстарға қатынасуы).

2. Тәрбиелік міндеттер

Тәрбие жұмысының міндеттері тәрбиенің жалпы мақсатын, сол сияқты олардың тәрбиелік дәрежесін ескере отырып көрсетіледі. Сонымен бірге, жоспарда көрсетілген міндеттер мектеп алдында тұрған міндеттермен үйлестірілген болуы керек.

3. Сынып ұжымы қызметінің негізгі бағыттары мен формалары

Бұл бөлімде сынып ұжымы қызметінің негізгі бағыттары, формалары және әдістері көрсетіледі. Жоспар жасауға кірісер алдында «Мектеп оқушысын тәрбиелеудің үлгілі мазмұны» деген құжатты назарға алғаны жөн. Онда оларды тәрбиелеудің әртүрлі сатыларында, олардың бойында қандай қасиеттерді қалыптастыру қажеттілігі, қандай іс-әрекетке қатыстыру керектігі, ал бұл қасиеттерді дамытып, қалыптастыру үшін тәрбиенің қандай формалары мен әдістерін қолдану қажеттігі ашылады.

4. Ата-аналармен жұмыс

Бұл бөлімде белсенділермен және басқа да ата-аналармен істелетін жұмыстың формалары мен әдістері көрсетіледі, ата-аналар жиналыстарының тақырыптары және оларды өткізу мерзімдері, кейбір оқушылардың отбасына барудың, ата-аналармен мектепте әңгіме өткізудің уақыты белгіленеді. Үйірмелерге басшылық жасауға, кештер және дөңгелек үстел өткізуге қатыстырылатын ата-аналардың аты-жөні көрсетіледі, ата-аналарға арналған консультациялар жоспарланады.

5. Сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен жұмыс

Бұл бөлімде оларды сынып ұжымын тәрбиелеу ісіне тартудың формаларын көрсетеді, бір сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдер педагогикалық кеңесте талқылау үшін мәселелер белгілейді.

Тәрбие жұмысының жоспары өткізілетін іс-шараның атауы, өткізу формасы, орындалу мерзімі және орындайтын тәрбиешінің аты-жөнін қамтиды (9-кесте).

Кесте-9. Тәрбие жұмысының үлгі-жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Өткізу формасы	Орындау мерзімі	Орындаушылар	Орындалғаны жөнінде мәлімет
1	Қазақ хандығына 550 жыл	ғылыми конференция	Қараша	11 сынып жетекшілері	+
2.					

Тәрбие жұмысын жоспарлауда әрбір сынып жетекшісі өзі жұмыс жасайтын білім мекемесінің ерекшелігін, тәрбие міндеттерін, мазмұнын, әдістерін, формаларын, ұжымның тәрбиелік деңгейін ескеруі қажет.

Тәрбие жұмысының алуан түрлі формаларын жоспарлау

Тәрбие – оқу процесі секілді нақтылы қалыптасқан, мақсатты, жүйелі процесс.

«Тәрбие жұмысының формасы» тәрбиеленушілердің нақты тәрбие әрекетін ұйымдастыру нұсқасын, олардың үлкендермен өзара әрекеттестігін, нақтылы істің құрылымын, оның мазмұнын, әдістемесін, дайындық және өткізу технологиясын анықтайды.

Тәрбие жұмысының формасында оның мазмұны жүзеге асады. Тәрбие жұмыстарының мазмұны тәрбиеленушілердің теориялық білімін кеңейте түсуге лайықталып, олардың жеке қабілетін дамытатындай болғаны жөн. Ондағы материалдың мазмұндылығы тәрбиешінің шеберлігіне, ұйымдастыру тәсіліне байланысты.

Қазіргі тәрбиені ізгілендіру, тұлғалық-бағыттаушылық көзқарас жағдайында тәрбие процесінің тек мақсаттылығы, мәні және мазмұны ғана өзгермейді, сонымен бірге тәрбиенің ұйымдастыру формасына тікелей қатысы оның әдістемесі де өзгереді. Ол өзімен бірге дәстүрлі формаларды қайта қарау және қайта құруға, дәстүрлі емес формаларды шығармашылықпен іздестіруге ықпал етеді.

Сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарының дәстүрлі қалыптасқан түрлері өте көп. Оны таңдау тәрбиенің жалпы немесе жекелеген мақсат-міндеттеріне, оқушылардың нақты өмір жағдайына, сыныптағы немесе жекелеген оқушылардың (тәрбие міндеттеріне сай) жетістіктері мен кемшіліктеріне байланысты атқарылады:

1. Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу және оған дайындық жұмыстарын ұйымдастыру: қабырға газетін шығару, альбом жасау, плакаттар, нақыл сөздер жазу, оқушыларға ән, би, күй, тақпақ оқуды үйрету.

2. Қызықты кездесулер, кештер, ертеңгіліктер өткізу (ақын-жазушылармен, өнер қайраткерлерімен, еңбек озаттарымен, халық қалаулыларымен, соғыс ардагерлерімен және интернационал жауынгерлермен).

3. Сыныптағы саяси хабарламаның жүргізілуін ұйымдастыру: тақырыптық, шолулық, жедел хабар.

4. Әртүрлі тақырыпта ән айту, би билеу, өлең оқу, сурет салуға арналған байқауларды ұйымдастыру.

5. Оқушылардың қолымен жасалған шығармашылық жұмыстарына сай көрмелер өткізу.

6. Көңілділер мен тапқырлар клубы байқауларының жұмысын жүргізу.

7. Оқушылармен сыр-сұхбат, дөңгелек үстел, пікірталас, әңгіме түрінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

8. Спорттық жарыстар өткізу: шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, волейбол, баскетбол, футбол, шаңғы тебу және т.б.

9. Оқушылардың оқудан тыс қызықты кітап, газеттер мен журналдар оқуын, оны өзара талқылауын, пікір алысуын ұйымдастыру.

10. Кітапхана қызметкерімен бірлесе отырып, оқырмандар мәжілістерін өткізу.

11. Мектептегі үйірме жұмыстарына оқушылардың талап-тілектері, қабілеттеріне сай қатынасуын ұйымдастыру: пәндік, көркемөнер, спорттық және т.б.

12. Үйірме жұмыстарының нәтижесіне сай байқаулар, олимпиада, жарыстар өткізу.

13. Мейрам күндерін, Республиканың атаулы мейрамдарын атап өту.

14. Оқушылардың сыныптағы, мектептегі кезекшілігін, жалпы тазалыққа қатысуын, кабинетті жабдықтау, темір сынықтарын жинау, оқу-өндірістік алаңын жөндеу, мектеп маңайын тазалау, безендіру, сенбіліктерге қатысу секілді қоғамдық пайдалы жұмыстарын ұйымдастыру, олардың нәтижелеріне талдау жасап отыру.

15. Мұражай, көрме, демалыс-мәдени орындар, кино, театр, өндіріс орындарына саяхат жасау.

16. Мектептен тыс тәрбие мекемелерінің жұмысына қатысу.

17. Соғыс, еңбек ардагерлеріне, жалғыз басты қарттарға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру.

18. Оқушылардың қысқы, жазғы демалыстары кезінде мәдени жорықтарын ұйымдастыру.

1-4 бастауыш сыныптарда өзін-өзі басқару жүйесі арқылы олардың қабілетін ұштау, әлеуметтік орындарға көзқарасын дұрыс қалыптастыру және сыйлауға баулу міндеті қойылады да, осыған бағытталған «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Мен нені жақсы көремін?», «Көзіңмен көргенді, қолыңмен жасауды қалайсың ба?» және т.б. жұмыс формаларын ұйымдастыруға болады.

5-9 сыныптарда оның әлеуметтік басқарушылық іс-әрекетіндегі қабілеттерін дамыту, топ басшы рөлі негізінде өзінің саяси ұстанымын және өзгелердің ұстанымын анықтай білуін дамыту болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған «Жігіттік шаққа бір қадам» дөңгелек үстел, «Адам – жұмбақ әлемі» конференция, «Жағдай жасалмаса, жеке тұлға қалыптасады ма?» атты пікірталас ұйымдастыруға болады.

10-11 сыныптарда әлеуметтік бейімділік, белсенділік, тұрақтылық қасиеттерін меңгерген адам ретінде өмір сүру біліктілігін қалыптастыру міндеті қойылады да, «Болашақ тұлға» идеялар аукционы, «Әлеуметтік жобалар» сайысы, «Біз бәріміз бірдейміз – кемсітуді білмейміз» дөңгелек үстел,

«Сабырлық – асыл қасиет» ойталқы сынды жұмыс формалары ұйымдастырылуы керек.

Оқушының жас ерекшелігі ескеріле отырып, әр буынға көшкен сайын әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша жұмысты ұйымдастыру формасы және өткізілетін тәрбиелік шараның тақырыптары да күрделене түседі.

Тәрбие жұмыстарын жоспарлау процесінде педагогикалық және оқушылар ұжымының өзара әрекеттестігі

Жоспар – сынып жетекшісінің, оқушылардың және ата-аналардың бірлескен шығармашылығының нәтижесі.

Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын жоспарлағанда, оның ең басты, шешуші саласы оқушылардың достығы жарасқан тату-тәтті, іскер ұжым құру екендігін ұмытпауы тиіс. Ұжым өмірін қызықты ұйымдастырмайынша, мектептің алдында тұрған міндеттерді орындау мүмкін емес.

Ұжымды тәрбиелеудің маңыздылығы мектеп қабырғасынан шыққаннан кейін, олар әртүрлі ұжымға тап келеді. Сондықтан да олардың сынып және мектеп ұжымдарында жеке бастарының қаншалықты үйлесіп, қалыптасуына байланысты, оның кейінгі уақыттардағы психологиялық жағдайы сәйкестенеді, әрекеті нәтижелі болады.

Педагогикалық ұжым сондай-ақ, оқушылар ұжымы да, оның құрамдас бөлігі болып есептеледі. Кез келген ұжым сияқты мектептің педагогикалық ұжымының өзіндік ерекшеліктері болады (37-сурет).

Педагогикалық ұжымның ең басты ерекшелігі оның кәсіптік қызметіне байланысты, нақтылай айтқанда жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде. Педагогикалық ұжымның кәсіптік қызметінің тиімділігі оның мүшелерінің педагогикалық мәдениетінің деңгейімен, тұлғаларының қатынас сипатымен, ұжымдық және дербес жауапкершілікті сезінуімен, ұйымшылдық, ынтымақтастық деңгейімен анықталады. Педагогикалық ұжымның *бірінші ерекшелігі* – мұғалімдік кәсіп қызметінің көпқырлылығы. Қазіргі мұғалім пән мұғалімі, сынып жетекшісі, үйірме, студия жетекшісі сияқты қызметтерді атқарады. Мұндай көпқырлылық барлық педагогикалық ұжымға тән.

Педагогикалық ұжымның *екінші ерекшелігі* – оның жоғары деңгейде өзін-өзі басқара алуы. Ұжымдағы мектеп кеңесі, әдістемелік комиссия, қоғамдық ұйымдар да қатардағы мұғалімдердің сайлану арқылы өкілеттік алуы ұжымда дұрыс қоғамдық пікір қалыптастырып, дербестік пен белсенділік дамытады.

Педагогикалық ұжымның *үшінші ерекшелігі* – оның қызметінің ұжымдық сипаты мен нәтиже үшін ұжымдық жауапкершілігі. Егер орта және жоғары сынып мұғалімдерінің іс-әрекетін өзге мұғалімдердің іс-әрекетімен сәйкестендірмесе, оқушылардың білімін бағалау, мектеп жұмысын ұйымдастыруда бірыңғай талап болмаса, онда ол табысқа жеткізбейді.

Педагогикалық ұжымның *төртінші ерекшелігі* – белгілі бір педагогикалық еңбектің түрін атқарудан уақыт шегінің болмауы. Бұл жағдай мұғалімнің

шамадан тыс жұмыс бастылығына, рухани дүниесін байытып, кәсіптік дамуын арттыруға уақыт таба алмауына себеп болады. Бақылау нәтижелері көрсеткендей, соңғы жылдары материалдық жағдайға, уақыттың жетіспеуіне байланысты баспасөзге жазылуы, түрлі әдебиеттер сатып алуы, олардың кино, театр, мұражай мен көрмелерге қатысуы күрт төмендеп кетті.



Сурет-37. Педагогикалық ұжымның ерекшеліктері

Сынып жетекшісі тәрбие жұмысын жоспарлауда төмендегілерді ескеруі қажет:

- ✓ талдау барысында тәрбие жұмысының нәтижесі мен тұжырымын;
- ✓ тәрбиелік және ұйымдастырушы-педагогикалық міндеттерін;
- ✓ тәрбие жұмысы бойынша педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің сипаттамасы мен кеңестерін, материалдарын;
- ✓ әр елдің, қаланың, мектептің озық тәжірибелерін;
- ✓ ата-аналар мен көпшіліктің мүмкіндіктерін;
- ✓ кәсіпорын, мәдениет мекемелерінің тәрбиелік қуатын;
- ✓ оқу жылының дәстүрлі мерекелерін;
- ✓ ел, қала, ауыл өміріне байланысты оқиғаларды, даталарды;
- ✓ ұлы адамдардың өміріне байланысты оқиғаларды, даталарды;
- ✓ мектептің дәстүрін;
- ✓ педагогтар, оқушылар, ата-аналардың ұсыныстарын.

Бұл міндеттерді шешу оқушылар іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік береді.

Тәрбие жұмыстарын жоспарлауға ата-аналардың қатысуы

Жасөспірімдердің білімі қалыпты болса да тәрбиесі жеткіліксіз болуының қоғамға тигізер кесірі мол. Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі – ата-ана, мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кемшіл тұстарының айғағы. Сондықтан қазіргі таңда мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамытудағы толыққанды, парасатты, дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер жеке тұлғаның бейнесін қалыптастыру.

Бұл орайда ата-аналардың рөлі айрықша. Мектеп жанынан құрылған ата-аналар комитеті бала тәрбиесіне ықпал етуде көптеген игі істердің бастамасы болуда. Орта мектеп пен отбасының тәрбие берудегі біріккен іс-әрекеттерінде әртүрлі әдістер қолданылады. Оны екі топқа бөлуге болады: біріншісіне – оқушыларға ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы әсер ету жатса, екіншісіне – тікелей әсер ету жатады.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру міндеттері:

- ата-аналарды балаларының оқу еңбегінің нәтижелері туралы хабардар етіп отыру;

- ата-аналарды балаларының оқуына көмекті дұрыс ұйымдастыруға үйрету;

- ата-аналарды топ ұжымымен қызықты іс-шараларды ұйымдастыруға қатыстыру;

- ата-аналармен тақырыптық жиналыстар өткізу;

- ата-аналарды мектептегі ашық есік күндеріне шақырып, қатыстыру;

- ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысында берілетін кеңесі:

1. Барлық ескертулерді шын пейілмен, үстірт бағаламай, айдар тақпай, жай түсіндіру.

2. Балалардың бойында саламатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, саламатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу. Денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну.

3. Дене тұрғысынан жетілдіру. Ертеңгілік жаттығу, күн режимін сақтау, ем-шара қабылдау, түзету жаттығулары, таза ауада болып, қимыл-қозғалыс ойындарын ойнау.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен ынтымақтастығы оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі болып табылады. Сынып жетекшісі үшін ата-аналарды педагогикалық процестің белсенді мүшесі етіп тәрбиелеу оңай емес. Ол асқан шеберлік пен зор жауапкершілікті қажет етеді. Мұндай міндетті шешу үшін сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының жоспарында төмендегілер қамтылуы қажет:

- сынып оқушыларының отбасын зерттеу;

- ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеру;

- ата-аналар комитетінің жұмысымен байланысты арттыру;
- ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу;
- ата-аналарды оқушылардың оқу-тәрбие процесінің нәтижелері барысымен жүйелі таныстыру.

Сондай-ақ, ата-аналармен «Ал, енді танысайық!» атты сауалнама, тренинг, бірлескен істерді жоспарлау үшін «Ортақ істеріміз...» ата-аналар жиналысы, «Біз – шығармашыл жандармыз» атты ата-аналар мен оқушыларға арналған көрме және отбасындағы ұл тәрбиесі мен қыз тәрбиесі туралы тақырыптық кеңестер өткізіледі.

Осындай маңызды істерді жүзеге асыруда сынып жетекшісі тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері, мектептің ерекшелігі, ата-аналар құрамы, ата-ана мен пән мұғалімдерінің қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын ескеріп, есепке алады (10-кесте).

Кесте-10. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мерзімі	Ата-аналардың педагогикалық ағарту жұмыстары	Отбасымен жүргізілген жеке-дара жұмыс
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы «Отбасы және тәрбие бастауы» Ата-аналарға сауалнама жүргізу Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау	
Қазан	Ата-аналармен жеке пікірлесу	Сұхбат-пікірлесу
Қараша	I тоқсанның қорытындысы Оқушылардың жетістіктері туралы ата-аналарға хат Психолог, мамандар дәрісі	Алғыс хаттар, мадақтамалар Сауалнама, пікірлесу
Желтоқсан	Ата-аналар жиналысы «Отбасындағы бала тәрбиесі» Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық	
Қаңтар	II тоқсанның қорытындысы Ата-аналармен жеке пікірлесу Психолог, мамандар кеңесі	Сұхбат-пікірлесу Кеңес беру
Ақпан	«Ұл тәрбиесі» атты тақырыптық кеңес	Кеңес беру, пікірлесу
Наурыз	«Мектеп аруы» «Отбасындағы қыз тәрбиесі» (тақырыптық кеңес)	Кеңес беру
Сәуір	III тоқсанның қорытындысы Оқушылардың ең үздік жұмыстарының көрмесі	Көрме әзірлеу
Мамыр	Жыл қорытындысы. Ата-аналар жиналысы. Алғыс хаттар. Ата-аналарға мерекелік концерт. Жазғы демалыс	Алғыс хаттар, мадақтамалар

«Тәрбие – тал бесіктен басталады» деп халқымыздың ежелгі салты мен тамаша дәстүрі заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген қанатты қағидасында да үйлесім табуы бекер емес.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Тәрбие жұмыстарын жоспарлау.
2. Жоспарлаудың қызметтері, қойылатын талаптар және жоспарлаудың түрлері.
3. Жалпы мектептік тәрбие жұмыстарының жоспары, оның құрылымы.
4. Тәрбие жұмыстары жоспарының мазмұны.
5. Тәрбие жұмыстарын жоспарлауға ата-аналардың қатысуы.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Тәрбиешінің педагогикалық және сынып ұжымының оқу-тәрбие процесіндегі әрекеттерін нәтижелі ұйымдастыруы – бұл:

жоспарлау

2. Тәрбие берудің стратегиялық бағыттары ...бөлінеді.

беске

3. Анықтаушылық, болжаушылық, үйлестірушілік, ұйымдастырушылық, бақылаушылық, қалпына келтірушілік – бұлар:

жоспарлаудың қызметтері

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз

Жоспарлау	
Жоспарлаудың қызметтері	
Жоспарлаудың түрлері	
Жоспарлаудың формалары, әдістері мен тәсілдері	

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Тәрбие жұмысын жоспарлаудың қызметтері:

- A) Анықтаушылық
- B) Бақылаушылық
- C) Қалпына келтірушілік
- D) Басқарушылық
- E) Дамытушылық
- F) Қалыптастырушылық
- G) Реттеушілік
- H) Сараптаушылық

2. Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары:

- A) Міндетті педагогикалық құжат
- B) Ұжым дамуына жүйелі түрде ықпал ету
- C) Тәрбие міндеттерін дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік туғызу
- D) Тәрбиеленушінің өзін-өзі басқаруға қол жеткізуі
- E) Тәрбиеленушінің үлгеріміне бақылау жасау
- F) Тәрбиеленушінің үйірмеге қатысуын бақылау
- G) Тәрбиеленушінің күш-жігерінің артуын қамтамасыз ету
- H) Тәрбиеленушімен әрекетті дұрыс ұйымдастыру

3. Тәрбие жоспарының мерзімге байланысты түрлері:

- A) Тоқсандық
- B) Жартыжылдық
- C) Жылдық
- D) Апталық
- E) Айлық
- F) Онкүндік
- G) Үшайлық
- H) Үшкүндік

4. Тәрбие жоспарында қамтылады:

- A) Сынып жайлы мәлімет
- B) Жүргізілетін іс-шаралар
- C) Қарым-қатынас белсенділігі
- D) Ата-аналармен ынтымақтастық байланыс
- E) Топ белсенділері жайлы мәлімет
- F) Үйірмелік жұмыстар
- G) Спорттық ойындар
- H) Шығармашылық жұмыстар

5. Тәрбие жоспарында қарастырылатын мәселелер:

- A) Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары

- В) Дарынды және тәрбиесі қиын балалармен жұмыс
- С) Тәрбие жұмыстарының мақсаты мен міндеттері және мазмұны
- Д) Этикалық талаптарды сақтай білуге дағдыландыру
- Е) Тәрбиеленушілердің өзін-өзі басқаруы
- Ғ) Қол жеткізген нәтижелерді талдау
- Г) Сынып ұжымының психологиялық ахуалы
- Н) Тәрбиеленушіге тікелей ықпал жасау

6. Тәрбие жоспарына қойылатын негізгі талаптар:

- А) Қоғам талабына сәйкестігі
- В) Тәрбие жоспарының мақсат, міндеттерінің айқын болуы
- С) Жоспардың жан-жақтылығы, тәрбиенің барлық салаларының қамтамасыз етілуі
- Д) Мектептің материалдық, техникалық базасын ескеру
- Е) Ата-аналардың талап-тілегін қанағаттандыру
- Ғ) Пән мұғалімдерінің сынып жетекшімен байланысы
- Г) Тәрбиенің бірсарындылығы
- Н) Тәрбиеленушілердің талап-тілегін қанағаттандыру

7. Жоспардың түрлері:

- А) Перспективалық
- В) Жылдық
- С) Ағымдық
- Д) Тоқсандық
- Е) Апталық
- Ғ) Рубеждік
- Г) Айлық
- Н) Аралық

8. Сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлауда қойылатын талаптар:

- А) Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау
- В) Сыныпқа сипаттама беру
- С) Жоспарда тұрған міндеттерді айқындау
- Д) Ата-аналарға сипаттама беру
- Е) Өткен оқу жылындағы жұмысты аяқтау
- Ғ) Пән мұғалімдеріне сипаттама беру
- Г) Белсенділерге сипаттама беру
- Н) Жоспарда тұрған мақсатты нақтылау

9. Тәрбие жоспарында қамтылатын бөлімдер:

- А) Сынып ұжымына сипаттама
- В) Тәрбиелік міндеттер
- С) Сынып ұжымы қызметінің бағыттары мен формалары
- Д) Білімділік міндеттер

- Е) Дамытушылық міндеттер
- Ғ) Ата-аналармен жұмыс
- Г) Белсенділермен жұмыс
- Н) Үлгерімі төмен тәрбиеленушілермен жұмыс

10. Тәрбиешінің ата-аналарға беретін кеңесі:

- А) Тәрбиеленушіге ескертуді жай түсіндіру
- В) Тәрбиеленушіні саламатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу
- С) Тәрбиеленушіні дене тұрғысынан жетілдіру
- Д) Тәрбиеленушіні шығармашылық тұрғыда жетілдіру
- Е) Тәрбиеленушіге қатаң түрде ескерту жасау
- Ғ) Тәрбиеленушінің интеллектуалдық қабілетін дамыту
- Г) Тәрбиеленушіні кәсіби тұрғыда жетілдіру
- Н) Тәрбиеленушіні көркемөнерге баулу

Тәрбие тағылымы

 <p style="text-align: center;">Абай Құнанбаев (1845-1904)</p>	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім ✓ Егер ісім өңсін десең, ретін тап ✓ Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек
 <p style="text-align: center;">Антон Павлович Чехов (1860-1904)</p>	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Өзіңді қарапайым жылы лебізбен сыйлата білмесең, құр қаталдықтан түкте шықпайды ✓ Инабатты адам иттен де ұялады

2-БӨЛІМ. СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

6-тақырып. Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесі

Сынып жетекшісінің іс-әрекеті – мектептегі тәрбие процесінің нәтижелі шарттарының бірі

Мектеп өзінің назарынан баланың мінез-құлқын, қабілетін, тіршілік әрекеттерін тыс қалдырмауға тырысады. Сондықтан тәрбиенің мақсатын белгілеуші тек қана мемлекет емес, сонымен қатар оқушының рухани, ұлттық дамуын қалайтын ең жақын адамдары: ата-аналар, мұғалімдер, қоғамдық күштер. Осы тұрғыдан алатын болсақ, жас ұрпақтың денсаулығын, адамгершілік табиғи қабілетін (ақыл-ой, еңбек, көркемдік, коммуникативтік) дамыту, жетілдіру бірінші кезектегі іс. Себебі осы қасиеттер арқылы ғасырлар бойы жинақтаған мәдени мұра атадан балаға жетіп отыр.

1934 жылы «Жалпы еңбек мектебінің» Жарғысы мен Ережесінің қабылдануы, мектептердегі оқу-тәрбие процесін топтан оқыту тәртібіне көшіруі, сыныптық-сабақ жүйесіне өтуге байланысты, топ жетекшісі, сынып жетекшісі деп өзгертіліп, олардың тәрбиешілік қызметтерінің міндеттері мен мазмұны, формалары мен әдістері жаңа сипатқа ие болды. Соған сәйкес сынып жетекшісі туралы Ережені 1934 жылы 28 маусым күні РСФСР Халық ағарту Комиссариаты бекітті. Осы Ережемен бірге сынып жетекшісінің қызметі де бекітілді.

Осы орайда, сыныппен жұмыс істейтін тәрбиешілердің бірі мектеп директорының бұйрығымен сынып жетекшілікке тағайындалады. Ол тәрбие жұмысын өзіне сеніп тапсырған сынып ұжымымен, сондай-ақ, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, қоғамдық ұйымдар, ата-аналар, мектептен тыс мекемелер, жалпы жұртшылықпен тығыз байланыста іске асыруға бар күш-жігерін жұмсайды.

Жалпы сынып жетекшісі – тек адамзаттық құндылықтарға үйреніп қана қоймай, сонымен қатар әр оқушының бойындағы бейімділігін, кәсіби икемділігін, табиғи мүмкіндіктерін ашып, сүйіспеншілік, сенім, түсінушілік және достық хал-ахуалын тудыра білуі керек.

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі мақсаты – әр оқушының жеке ерекшеліктерін сақтау, дербес қабілеттерін ашу, интеллектісінің дұрыс дамып, жетілуіне жағдай жасау.

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі міндеттері:

✓ сыныптағы оқушылардың талаптары мен мүдделерін, жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу;

✓ сыныптағы оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды белсенді де саналы ұжымға ұйымдастыру;

✓ тәрбие процесінде мектеп, отбасы мен жұртшылықтың қарым-қатынасын қамтамасыз ету;

✓ тәрбие процесінде мектеп, отбасы мен жұртшылықтың қарым-қатынасын қамтамасыз ету;

✓ сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігінің және оқушылардың ата-аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру, оларға қоятын педагогикалық талаптардың бірлігін қамтамасыз ету;

✓ оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық оқу, насихат жұмыстарын жүргізу;

✓ оқушыларды тәрбиелеуде сыныптан және мектептен тыс түрлі бағытта тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;

✓ тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету;

✓ тәрбие қызметінің тұтастығын, жүйелілігін, тәрбиелік іс-шаралардың бірлігін қамтамасыз ету;

✓ тәрбиенің негізгі бастауы саналатын ұлттық тәлім-тәрбиені сынып жетекшісі қызметінің маңызды бір саласы ретінде қарастыру және т.б.

Сынып жетекшісі өзінің жұмысын ең алдымен, оқушыларды, олардың арасындағы қарым-қатынастарды және отбасының әлеуметтік жағдайларын зерттеуден бастайды.

Оқушыларды зерттеп білудің сипаттамасы 11-кестеде ашылды.

Кесте-11. Оқушыларды зерттеп білудің сипаттамасы

Оқушыларды зерттеудің сипаттамалық мәліметтері	
1	Оқушының тегі, аты-жөні (жалпы мәлімет)
2	Оқушының денсаулығы
3	Оқушының отбасындағы өмірі мен тұрмыс жағдайы
4	Ішкі жан дүниесі, рухани байлығы
5	Мінез-құлқы, темпераменті, қабілеті, қызығушылығы, еркі, зейіні және т.б.
6	Үлкендермен, кішілермен, ата-анасымен, достарымен қарым-қатынасы
7	Моральдық бейнесі, адамгершілік қасиеттері
8	Еңбекке көзқарасы
9	Эстетикалық талғамы, өнерге, әдебиетке ден қоюы
10	Интеллектуалдық дамуы
11	Идеялық сауаттылығы және т.б.

Сонымен қатар, сынып жетекшісі өз жұмысының төмендегідей бағыттарын айқындайды:

- оқушының жеке дамуын бақылау, оның еркін дамып, қабілеттерінің ашылуына жағдай жасау;

- оқушының ынтасы мен қабілетін зерттеу, кәсіби бағдар беру;

- оқушылардың қоғамдық-құнды қатынастарға жетелейтін әрекеттерінің барлық түрлерін (жеке-дара, топтық, ұжымдық) ұйымдастыру;

- оқушылардың еркіндіктері мен құқықтарын сақтауға мүмкіндік жасау;

- барлық тәрбиелік күштердің өзара ынтымақтастығы мен байланыстарын ұйымдастыру;

- сыныпта оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;

- оқушылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу;

- сыныптағы оқушыларды іс-шараларға тарту және басқа ұжымдармен байланыс орнату;

- оқушылардың дамуындағы, жеке мінез-құлықтарындағы ауытқуларды байқау, оларды психологиялық және педагогикалық тұрғыдан түзету, күрделі жағдайларда басшыларды құлақтандыру;

- өмірде кездесетін күрделі проблемаларды шешуде оларға көмек көрсету;

- оқушылардың әлеуметтік және заңды құқықтарын қорғау;

- тәрбие жұмысының нәтижелілігін көрсететін іс-қағаздар жүргізу (оқушылардың жеке құжаттары, күнделігі, сынып журналы және т.б.);

- мектептің тәрбие жұмысына мұғалімдерді, ата-аналарды, білім және өнер саласындағы мамандарды тарту;

- үнемі тәрбие теориясына, практикасына, психология және педагогика мәселелеріне байланысты кәсіби біліктілігін жетілдіру;

- өз іскерлігі мен жауапкершілігін дәлелдей отырып, оқушылармен жылы қарым-қатынас орната алуы және т.б.

Сынып жетекшісі тәрбие процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие ісін төмендегідей бірізділікпен басқарса, *жұмысы нәтижелі болады*:

- тәрбие ісінің негізгі мақсатын, міндеттерін, маңызын біліп, түсінуі, өзекті мәселелерін көре білуі. Оқу-тәрбие жұмысының тиімді әдістері мен қажетті түрлерін пайдалану әдістемесін меңгеруі;

- талдау барысында тәрбие ісінің белгіленген мақсатқа сәйкестігін анықтауы, кемшіліктерінің себептерін түсінуі;

- өз жұмысының нәтижесін болжау және қайшылықтарды, тәрбие ісін жүргізудің басым бағыттарын көре білуі. Жоспарды оқушылардың даму нәтижесіне байланысты құруы;

- оқушыларды зерттеу арқылы тәрбиелік міндеттерді анықтауы;

- оқушылардың даму деңгейіне байланысты тәрбиенің негізгі міндеттерімен, оларға сәйкес іс-әрекеттерін белгілеуі. Таңдап алған іс-әрекеттердің түрлері мен тәрбие жұмысының әдістері, формалары тәрбие ісінің деңгейін көтеруге тиісті ықпал жасайтынына тәрбиешінің толық сенуі;

- тәрбие ісінің нақты бағдарламасын жасауы. Оқушылардың көзқарасын қалыптастыру жолдарын тереңнен ойластыруы;

- сынып жетекшісі іс-әрекетті ұйымдастырып қана қоймай, оқушылардың жақсы қасиеттерінің дамуына жағдай жасауға тиіс. Істі қорытындылағанда, олардың жетістіктеріне көңіл бөлгені жөн;

- тәрбиелеу барысында тәрбиешінің өзінің күшті және әлсіз жақтарын ескеруі;

- тәрбие ісін жетілдіру мақсатымен өз жұмысын өзі тексеріп, талдап, оқушылардың даму деңгейін зерттеп отыруы.

Сынып жетекшісінің оқушылар және олардың ата-аналарымен қарым-қатынасты ұйымдастырғанда атқаратын міндеттері 38-суретте ашылды.



Сурет-38. Сынып жетекшісінің қарым-қатынасты ұйымдастырғанда атқаратын міндеттері

Сынып жетекшісінің қарым-қатынасты ұйымдастырғанда атқаратын міндеттері:

Бірінші топ міндеттері – әлеуметтік міндеттер: оқушыны қорғау, көмек көрсету, әлеуметтік байланыстар жүйесіне енгізу. Отбасымен және тәрбие институттарымен оқушының дамуына және оның даралық қасиеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау үшін байланыс орнату.

Екінші топ міндеттері – диагностикалық әдептік-этикалық міндеттер: сыныппен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру, өз оқушыларының ерекшеліктерін, дара қасиеттерін білу.

Үшінші топ міндеттері – адамгершілік міндеттер: оқушының жақсылық пен жамандықтың белгілерін ажырата алуына, белгілі жағдаяттарда адамгершілік шешімдер қабылдай алуына мүмкіндік беру.

Төртінші топ міндеттері – жеке-дара тәжірибелік сипаттағы міндеттер: оқушылармен жұмыс ұйымдастыруға тиімді педагогикалық құралдарды таңдап алу, өз жұмысын жоспарлау, талдап түзету және педагогикалық рефлексия.

Осы бастапқы міндеттерді ескере отырып, сынып жетекшісінің негізгі қызметтері айқындалады. Олар: диагностикалық, коммуникативтік, тәрбиелік, жобалаушылық, ұйымдастырушылық-әрекеттік, дамытушылық, әдептілік, ынталандырушылық, бағалаушылық, қорғаушылық-қамқоршылық, түзетушілік.

Сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп өткізетін педагог. Бастауыш сыныптарда жетекшілік қызметті сынып мұғалімі атқарады.

Бүгінгі күні сынып жетекшісі – кәсіпкер-педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін:


✓ жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеретін оқушы мен қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы;

- ✓ сынып ұжымының алуан түрлі бірлескен іс-шаралары барысында өзара ынтымақтастық қарым-қатынасының қалыптасуын ұйымдастырушы;
- ✓ оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсаты мен олардың дамуын бақылаушы;
- ✓ тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп, оқушының қоғамдық өміріне кейбір түзетулер жасаушы;
- ✓ оқушының күнделікті өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыруда, кәсіби бағдар беруде қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси ерекшеліктерін түсінуде көмекші, кеңесші;
- ✓ сыныпта қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру үшін сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпалдар жасаушы;
- ✓ оқушының дамуы мен жетілуіне ықпал жасайтын тәрбиелік күштердің (мектеп, отбасы, қоғам) басын қосушы, үйлестіруші.

Сынып жетекшісінің атқаратын қызметтері

Белгілі бір сыныпқа тағайындалған сынып жетекшісі жұмысқа кіріскен жағдайда, өзінің қызметін сынып ұжымына әрі жекелеген оқушыға қатысты жүзеге асырады.

Сынып жетекшісі қызметінің бағыттары 39-суретте ашылды.



Сурет-39. Сынып жетекшісі қызметінің бағыттары

Сынып жетекшісі қызметінің бағыттары:

1. Педагогикалық және әлеуметтік-гуманитарлық. Оқушыға барлық бағытта көмектесу: оның әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына жағдай тудыруға, тұлғалық өзекті мәселесін шешуге, оны әлеуметтік өмірге араластыру

және өз бетінше өмір сүре білуіне көмектесуге бағытталған. Оқушының отбасымен басқа да мекемелермен тығыз байланыс орнату. Рухани-адамгершілік және рухани-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.

2. *Ұйымдастырушылық қызметі.* Тәрбие процесін ұйымдастыру. Оқушылардың орынды талап-тілектерін қолдай отырып, белсенді әрі іскер сынып ұжымын қалыптастыру. Олардың танымдық әрекетін және демалысы мен еркін қарым-қатынасын ұйымдастыру. Сыныптағы өзін-өзі басқаруды дамыту.

3. *Оқушылардың жалпы әрекетін басқару:* нақты мақсат қоюшылық, жоспарлау, болжам жасау немесе жобалау, бақылау және түзету енгізу.

Нақты қызметі сыныпта оқу-тәрбие процесін нәтижелі ұйымдастыру үшін, оқушылар тәрбиесінің деңгейі мен өзгеру барысын анықтап отыру, соған сәйкес тұлғалық және жеке-дара ерекшеліктерін зерттеу және оған талдау жүргізу; сыныптағы келеңсіз жағдайдың себебін іздестіріп, анықтау; оны болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын қарастыруды көздейді.

Сынып жетекшісінің мақсат қоюшылық қызметі тәрбие жұмысын жоспарлауда көрініс табады.

Жоспарлау – сынып жетекшісінің педагогикалық және сынып ұжымының оқу-тәрбие процесіндегі іс-әрекеттерін нәтижелі ұйымдастырудағы маңызды буын.

Сондай-ақ, жеке тұлғаны тәрбиелеуде оның ертеңгі қуаныш күнін, болашағын болжау, оны жобалаудың да маңызы ерекше.

Сынып жетекшісінің оқушылардың оқу-тәрбие процесіне бақылау жүргізіп және оны түзетіп отыруы – бұл оның нәтижесін, сапасын қадағалауға мүмкіндік беріп, оны үнемі жетілдіріп отыруды қамтамасыз етеді. Бақылаудың нәтижесіне талдау жасау барысында сынып жетекшісі оқушылар ұжымы немесе жекелеген оқушылардың іс-әрекеттеріне түзету енгізуді жүзеге асырады.

Сынып жетекшісінің қызметтері оның педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анықтайды.

Сынып жетекшісі және педагогикалық ұжым

Сынып жетекшісі педагогикалық ұжымның басқа да мүшелерімен, ең алдымен сол сыныппен жұмыс істейтін пән мұғалімдерімен өзара әрекеттесе отырып, оқушылар ұжымымен атқарылатын педагогикалық жұмыстардың ұйымдастырушысы және үйлестірушісі рөлін атқарады. Ол оқушыға және оның отбасына педагогикалық көмек көрсету бағдарламасын талдауға сынып ұжымын, пән мұғалімдерін қатыстыра отырып, оқушыларды алынған нәтижелермен таныстырады. Пән мұғалімдерімен бірге оқушының оқу үлгерімінің жақсаруын, олардың сабақта және сабақтан тыс уақытта өздерін-өздері көрсетуіне қажетті мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін құралдар мен тәсілдерді іздестіруді ұйымдастырады.

Сынып жетекшісі пән мұғалімдері мен оқушының ата-анасының арасындағы қарым-қатынасты реттеп, олардың үй жұмысын ұйымдастыруға

ата-аналардың көрсететін көмегі туралы ақпарат алмасу мақсатында пән мұғалімдері мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырады.

Сондай-ақ, сынып жетекшісі пән мұғалімдерін сабақтан тыс уақытта атқарылатын жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыруға тарта отырып, оқушылардың танымдық қызығушылықтарының деңгейін анықтауға мүмкіндік жасайды.

Сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің оқушыны тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін жасауға көмектесетін және іс-әрекеттердің бірлігін қамтамасыз ететін өзара әрекет ету формаларының бірі – педагогикалық консилиум. Консилиумдер екі түрлі мақсатты көздейді. *Біріншіден*, оқушының жеке басын және сыныптағы оқушыларды зерттеу мақсаты мен олардың нақты оқу жағдайларын белгілеу, *екіншіден*, бірыңғай педагогикалық талап деңгейін жасау мақсатымен білімдегі, тәрбиедегі олқылықтарды жою үшін жалпылама жүйеге сүйену. Педагогикалық консилиумге қатысатындар: сынып жетекшісі, мұғалімдер, мектеп дәрігері, психолог, әлеуметтік педагог. Консилиумде сынып жетекшісінің жеке оқушыларға белгіленген бағдарлама бойынша берген мінездемесі талқыланады:

- ✓ оқушының саяси-идеялық деңгейі;
- ✓ қоғамдық белсенділігі;
- ✓ адамгершілік бағыты;
- ✓ еңбекке қатынасы;
- ✓ жалпы білімділік қабілеті;
- ✓ дене тәрбиесі;
- ✓ эстетикалық тәрбиесі;
- ✓ тәртіп ережесін орындауы, отбасының тәрбиелік әсері.


Педагогикалық консилиумде оқушыға тұтастай сипаттама береді. Педагогтар оқушыларға жасалған бақылау нәтижелерін талдап, туындаған проблеманы шешу жолдары туралы әңгімелесіп, атқарылатын жұмыстарды бөліседі.

Сонымен, 40-суретте психологиялық-педагогикалық орталық қызметі ашылды.

Сынып жетекшісінің пән мұғалімдерімен атқаратын жұмыстарының негізгі формасы – кездесетін және туындайтын қиындықтар мен келіспеушіліктердің алдын алатын жеке әңгімелесу болып табылады. Осыған орай, олар белгілі бір проблеманы бірігіп ойластыруға және оны шешудің жолдарын қарастыруға қатысты әңгімелер өткізгені өте пайдалы.

Сонымен, сынып жетекшісі:

- ✓ оқушылармен, ата-аналармен пән мұғалімдерінің атқаратын жұмыстарының жетістіктерін, проблемаларын айқындайды;
- ✓ педагогикалық іс-тәжірибелермен алмасуды ұйымдастырады;
- ✓ мұғалімдерді оқушыларға педагогикалық көмек жасауға ынталандырады;
- ✓ ата-аналармен ынтымақтастықта қарым-қатынас жасайды.



Сурет-40. Психологиялық-педагогикалық орталық қызметі

Сынып жетекшісінің пән мұғалімдерімен бала тәрбиесінде өзара бірлескен жұмыстарының формалары әртүрлі болып келеді. Оның нәтижелі болуы, көбінесе олардың өзара тығыз қарым-қатынаста, белгілі бір нақты нәтижеге қол жеткізуде екі жақтың өзара ынталы болуына байланысты.

Тәрбие процесіне қатысушылардың өзара әрекеттестігінің негіздері

Қазіргі кезеңде педагогикалық әрекеттегі мұғалім-оқушы-ата-анаға қатысты жағдай жаңа демократиялық қарым-қатынасқа ие болуда.

Бүгінде бала тәрбиесінде мұғалім, оқушы және ата-ананың бір-біріне айтар ақыл-кеңесі ауадай қажет болып отыр.

Сондықтан да ата-аналар баланы тәрбиелеу ісінде мектеппен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені, олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымдарының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие процесінің мазмұны, сапасы және тиімділігін жақсарту үшін, отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеулерін қажет етеді.

Сынып жетекшісі және пән мұғалімдері сыныптағы педагогикалық процестің тұтастығын, мақсаттылығын бірлесе қамтамасыз етеді. Олар оқушылар ұжымы және жекелеген оқушымен жұмыс барысында білім беру мен тәрбие мәселесіне қатысты міндеттерді бірлесе шешеді: таным белсенділігі, шығармашылық қабілеті, дербестігі және жауапкершілігін дамыту және т.б.

Сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің өзара байланыс іс-әрекеттері:

- оқушылар, олардың өзара қарым-қатынасы, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және оның нәтижесі туралы өзара ақпарат алмасу;
- күрделі мәселелерді шешуде өзара көмек, өзара қолдау көрсету;
- сыныптың және әрбір оқушының нәтижелі жұмыс істеуіне мүдделі болу;
- педагогикалық мәселелерді шешудің жолдарын бірлесе қарастыру, сыныптың алдына қойылған мақсат пен міндеттерін атқаруда бірлесе күш жұмсау;
- атқарылған іс-шаралардың нәтижесін бірлесе талдау;
- сынып ұжымымен немесе жекелеген оқушымен болашақта атқаратын жұмыстарды бірлесе анықтап, белгілеу.

Оқушылармен жеке жүргізілетін жұмыстардың әдістемесі және тұлғалық-бағдарлық, тұлғалық-іс-әрекеттік, аксиологиялық тұрғылар

Педагогикада жеке тұлғаны тәрбиелеудің тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттік және т.б. әдіснамалық принциптерінің жүйесі қалыптасқан.

Тұлғалық-бағдарлық көзқарас адамның тұлға ретінде әлеуметтік, әрекеттілік және шығармашылық мәні туралы принципті баяндайды. Ол тұлғаны тарихи-қоғамдық даму нәтижесі және мәдениет жаршысы ретінде таниды.

Тұлғалық-бағдарлық көзқарас дегеніміз педагогикалық процесті жобалап, бағдарлауда тұлғаны мақсат, субъект, оның нәтижесі және негізгі өлшемі ретінде қарастырады. Тұлға жайында терең білім, оның туғаннан өзіндік қасиеттері мен қабілеттерін жетік білу және оны басқалар немесе өзі қалай қабылдайды, міне осы жайындағы көзқарастар жүйесі.

Іс-әрекеттік көзқарас тәрбие процесінде тұлға дамуының негізі, құралы және шешуші факторы болып есептелінеді. Бұл сана және әрекеттің бірлігі идеясына негізделіп, тәрбиеде жаңа жүйені қалыптастырды. Мұндай көзқарас

педагогикалық зерттеу жұмыстары және практикалық әрекеттері барысында тұлғалық-бағдарлық принциппен тығыз қарым-қатынаста болып, оның жүзеге асуына тікелей ықпал етеді.

Әрекет мақсаты адамдардың қоршаған ақиқат өмірді қайта жаңғыртуға бағытталған көзқарасы. Оның негізгі формасы – еңбек. Сондықтан адамның барлық деңгейдегі заттық және рухани әрекеті еңбек негізінде пайда болып, оның негізгі ерекшелігін өзінің бойына сіңіріп, қоршаған өмірді шығармашылықпен қайта жаңғыртады. Соның негізінде ол субъект ретінде дамиды әрі өзін де қайта жаңартады.

Дегенмен, іс-әрекетте тұлғаның қалыптасып, дамуы ол соңғы фактор болмайды. Соңғысы тұлғаның таным, еңбек және қарым-қатынас жағдайын жандандыруды және оның іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді. Бұл өз кезегінде, тұлғаны қандай да бір іс-әрекеттің мақсатын таңдай және оны жоспарлай білуді үйретуді, оны ұйымдастыру және реттеу, бақылау, өзіндік тұрғыдан талдау жасау және іс-әрекеттің нәтижесін бағалауды көздейді.

Тәрбие жұмысының әр алуан формаларын ұйымдастыру және жоспарлау

Сынып жетекшісі өзінің негізгі қызметін жүзеге асыруда оқушылармен тәрбие жұмыстарының формасын таңдайды. Олар оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастырумен байланысты болып келеді. Яғни, тәрбие жұмысының формасын әрекеттің түрлері арқылы бөліп қарастыруға болады.

Оқушылардың практикалық іс-әрекеттері теориялық аспектіге қарағанда басымдылық жағдайда болғандықтан, оның мазмұнын анықтауда оқушының элеуметтік тәжірибені меңгеруіндегі әрекеттің маңызына ерекше мән берген жөн (41-сурет).

Оқушылардың практикалық іс-әрекеттері:

Тәрбие жұмысының *танымдық әрекеті* оқушының танымдық қызығушылығын, оқу дағдысын жетілдіруді көздейді. Ол оқу әрекетінің жалғасы ретінде қолданылады. Мысалы, «Не? Қашан? Қайда?» викторина ойыны немесе мұражай, көрмеге саяхат және т.с.с.

Көңіл көтеру әрекеті. Ол оқушылардың демалысын ұйымдастыру, жағымды эмоция тудыру, ұжымдағы психологиялық көңіл-күй, жолдастық-ынтымақтастық жағдай орнату. Дегенмен де тәрбие жұмысының танымдық және көңіл көтерушілік әрекеттері жиі байланыста болады. Мысалы, әртүрлі байқаулар, бәйгелер, викториналар және т.с.с.

Спорттық-сауықтыру әрекеті. Оқушылардың денсаулығы мен дене бітімінің үйлесімді дамуы үшін қажет. Ол табиғатқа саяхат жасау, спорттық жылжымалы ойындар, спартакиада, туризм, жорықтар арқылы жүзеге асады.

Еңбек әрекеті. Мектептегі кезекшілік, көгалдандыру жұмыстары, сенбіліктер, сынып бөлмелерін жөндеу жұмыстары және т.б.

Қоғамдық пайдалы еңбек. Дәрі-дәрмек шөптерін, қағаз, темір қалдықтарын жинау, қайырымдылық акциясын ұйымдастыру, балалар бақшасы және үйін қамқорлыққа алу және т.б.

Шығармашылық әрекеті. Оқушылардың бейімін, қызығушылығын дамытуды, олардың шығармашылық күшін жетілдіруді көздейді. Ол концерттік қойылым, көркемөнерпаздар байқауы, көркемсөз оқу, қолөнер шеберлері және сурет көрмесінің байқауын ұйымдастыру формасында көрініс береді.

Ерікті қарым-қатынас әрекеті. Табиғат аясында немесе қала бойынша саяхат, концерт, поэзия кеші, психологиялық тренинг, мектеп балы және т.б.



Сурет-41. Оқушылардың практикалық іс-әрекеттері

Тәрбие жұмысының әртүрлі формасын дайындау және өткізу барысында оның белгілі бір үлгісі жасалуы шарт. Ол тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. *Оның элементтері төмендегідей болып келеді:*

1. Мақсаты мен міндеттерін анықтау. Мақсат – тәрбиешілердің ұйымдастыруымен арнайы белгіленген істің нәтижесінің болжамы.

2. Тәрбие жұмысының формасын таңдау, іс-шараның тақырыбын анықтау. Мысалы, баспасөз-конференция, оқырман конференциясы, тақырыптық сағат, демалыс кеші, көңілділер мен тапқырлар клубы, пікірталас, кездесу, дөңгелек үстел және т.с.с.

3. Алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу: іс-шараның мазмұнын, құралдарын анықтау, қонақтарды шақыру, тапсырмаларды бөлу, безендіру жұмыстары, хабарландыру, жоспарын құру, оқушыларды психологиялық тұрғыдан даярлау.

4. Тәрбиелік іс-шараны өткізу.

Оның кезеңдері:

✓ іс-шараның басталуы, психологиялық көңіл-күйді орнықтыру, әдеби-музыкалық, поэзиялық, драмалық безендіру, күй табақ немесе ұнтаспа ойнату;

✓ ұйымдастыру кезеңі: ұйымдастырушының сөзі, іс-шараны ашу, мақсатын, барысын баяндау;

✓ негізгі бөлім: іс-шараның міндеттері, жоспарына сай мазмұнының баяндалуы, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері;

✓ қорытынды бөлім: іс-шараны қорытындылау, оқушылардың алған әсерін талқылау, шешім қабылдау, марапаттау, тапсырма беру және т.с.с.

5. Педагогикалық талдау жұмысы: іс-шараның өту нәтижесін және оқушылардың белсенділігін бағалау, алдағы уақытқа бағдар құру, қолданылған тәрбие құралдары, амал-тәсілдерінің нәтижелілігіне талдау жүргізу және т.с.с.

Кейбір тәрбие формалары бірнеше іс-әрекетті өзіне қосуы мүмкін: фестиваль, жарыс, мектеп мейрамдары, кездесу кеші, ғылым апталығы және т.б. Мұндай іс-әрекеттің түрлері ұжымдық ойлауды, ақылмен ойланып істелген жоспардың үлгісін құруды талап етеді.

Бұл атаулы күндерге арнап тақырыптық кешті ұйымдастырудан, соған қатысты әнді үйренуден, қабырға газетін шығарудан және әр айда оқитын, пікір алысатын көркем шығармалардың картотекасын алдын ала жасаудан, ол жайында сыныптағы оқушылармен пікір алысудан, аяғында істің нәтижесін шығарудан тұрады.

Сынып жетекшісінің оқушылар ұжымымен атқаратын тәрбие жұмысының негізгі бір формасы – сынып жиналысы. Онда оқушылар демократия, ашық қарым-қатынас, ынтымақтастық, дербестік және жауапкершілік қағидасын меңгереді.

Сынып жиналысы – оқушылар ұжымында өзін-өзі басқарудың жоғарғы органы болып есептеледі. Оның негізгі міндеті – ұжым өмірін ұйымдастыру барысында оған қатысты негізгі мәселелерді талқылау. Соған орай, оның негізгі қызметі – ұйымдастырушылық және ынталандырушылық. Оның жұмысының нәтижелі болуы – ұжымды оң өзгерістерге бағыттайтын нақтылы шешім қабылдау.

Тәрбие жұмысының дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларын ұйымдастыру әдістемесі: сынып сағаттарын дайындау, пікірталас, пікірсайыс, дебат, дөңгелек үстел және т.б. іс-шараларды өткізуге қойылатын талаптар, педагогикалық талдау

Мектептегі оқушылармен ұйымдастырылатын тәрбие жұмысының негізгі формасы – сынып сағаты.

Сынып сағаты – оқушылардың адамгершілік қасиетін қалыптастыруда, өмірде кездесетін жағымды-жағымсыз мінез-құлық нормаларына, олардағы дұрыс көзқарасты қалыптастыруға, елжандылық сезімдерін шыңдауда тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы болып саналады.

Ал, пікірталастың мәні – жеке тұлғамен адамгершілік мәселелерін талқылау, олардың қоршаған өмірге, бір-біріне, өзіне қатынасы туралы пікірсайыстарын тудыру.

Пікірталас тақырыбы: Сіз мәдениеттілікті қалай түсінесіз?

Хабарландыру жанында пікірталас сұрақтары берілген:

1. Мәдениет дегеніміз не?

2. Қандай адамды мәдениетті адам деп санайсың?

3. Қоғамдық орындарда, көпшілік арасында мәдениетті адам өзін қалай ұстағаны жөн?

4. Жақсы мінез-құлықты, қасиеттерді бойына қалыптастыру үшін өзіңді қалай тәрбиелеуің керек?

Сұрақтардан соң қандай жағдаяттарды оқу керек екені көрсетіледі.

Дайындық кезінде тақырыптың теориялық жағын баяндау оқушыға тапсырылып, сынып жетекшісі тарапынан жеке кештер ұйымдастырылады.

Пікірталас өтетін орын арнайы безендіріледі. Оқушылардың жақсы көңіл-күйін, еркіндігін тудырып, психологиялық жағынан дайындау мақсатымен пікірталас басталар алдында әсем саз ойналып тұрады.

Бірінші бастаушы: Көптен күткен пікірсайысты бастайтынын айтып, оқушылардың зейінін өзіне аударады.

Екінші бастаушы: Әркім өз пікірін еркін ортаға салуы қажет екенін ескертеді.

Бірінші бастаушы: Мәдениет дегеніміз – адамзаттың өзінің материалдық және рухани даму барысында жасап шығарған барлық игілік қатынасы. Озық мәдениет – бүкіл мәдениеттің мұрагері, ал материалдық мәдениетке еңбек құралдары, техника, еңбекте қолданатын дағдылар мен тәсілдер жатса, адамның тұратын үйі, киімі тұрмыс мәдениетіне жатады. Рухани мәдениетке философиялық, ғылыми, өнер және адамгершілік игіліктердің жиынтығы, саяси құқықтық білімдер, оларды пайдалану тәсілдері жатады.

Екінші бастаушы: Біздің өмір сүруімізге, қажетті мәдени-адамгершілік білім дағдыларды игеруге, жақсы қасиеттерді бойымызға дарытуға, біз оқушылар қалай қараймыз? Бойымызда қандай қасиеттер жетіспейді. Осы туралы сөз қозғайық.

Бірінші бастаушы: Оқудың өзі оқушыларды білімге, мәдениетке, белгілі тәртіпті игеруге үйретеді.

Қарлығаш: Меніңше, жан-жақты мәдениетті оқушы достарының, жолдастарының арасында сыйлы, беделді болады. Бірақ мәдениеттілікке жету оңай емес, кейбір оқушылар сабақта өзін дұрыс ұстай алмайды. Мәдениетті болу ізденуді, табандылықты қажет етеді.

Асқар: Мәдениетті адам ең алдымен, білімді болуы тиіс. Ал, білімді біз сабақта игереміз.

Екінші бастаушы: Мәдениетті адамға қандай қасиеттер тән?

Айдар: Мәдениетті адам өзінің уақытын да, өзгенін уақытын да қадірлей білуі керек.

Гүлжан: Мәдениетті оқушы келген жеріне, үйіне, мекемесіне кірмес бұрын есік қағып, рұқсат сұрауы, кірген соң алдымен сәлемдесуі қажет.

Бірінші бастаушы: Енді сөйлеу мәдениеті жөнінде кім өз пікірін ортаға салады?


Зәуре: Сөз – адамның мәдениеті, білім, тәрбие дәрежесінің көрсеткіші. Адамның қаншалықты мәдениетті екендігі, оның бір-екі ауыз сөзінен-ақ білінеді.

Екінші бастаушы: Енді киіну мәдениетіне тоқталайық. Бұл жөнінде кімнің қандай пікірі бар?

Жарас: Әдемі, таза киіне білу де адамның ішкі мәдениетіне, талғамына байланысты. Талғамы жоғары адам ғана өз бойына қонымды, жарасымды киімді таңдап, үнемі таза кие алады.

Міне, пікірталас осылай өтіп, оған қатысқан тәрбиешілер мен жүргізушілер қорытынды сөз сөйлейді. Оқушылар жақсы көңіл-күймен тарқайды.

Пікірталастың негізгі заңы 42-суретте ашылды.



Сурет-42. Пікірталастың негізгі заңы

Тәрбие жұмысын жүргізуге қойылатын талаптар:

- ✓ тәрбие жұмысының мақсатын анықтау;
- ✓ тәрбие жұмысын ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде, ондағы қол жеткізетін нәтижені алдын ала болжау;
- ✓ тәрбие жұмысында оптимистік көзқарастың болуы қажет;
- ✓ тәрбие жұмысын ұйымдастырушы мұғалім немесе сынып жетекшісі жоғары тұлғалық сапаға ие болуы тиіс;
- ✓ тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында жаңа формалар мен тәсілдерді үнемі ойластыру және оларды қолдануға бағытталған шығармашылық ізденістің болуы шарт;
- ✓ тәрбие жұмысын ұйымдастыруға оқушыларды түгелдей қатыстыру, әрқайсысының талабын ескеру, оларға көмек көрсетіп, қабілетін шыңдау үшін жаттықтырып отыру қажет;
- ✓ оқушыларға белгіленген іс-шараның тақырыбын, мақсат, міндеттерін алдын ала таныстырып, оларға қажетті материалдар табу үшін тапсырма берілуі тиіс;
- ✓ тәрбие жұмысының барлық түрлерінде оқушыларды қоғамдық пайдалы істерге белсенді араласуына, олардың қоғамдық белсенділігі мен өздігінен жұмыс істеуге құштарлығын тәрбиелеу;
- ✓ оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру олардың әрқайсысының тұлғасын қалыптастыруда, педагогикалық басшылықты дұрыс ұйымдастырған жағдайда және мұғалімдер мен оқушылардың ынтымақтастығына қол жеткізгенде мүмкін болады.

Тәрбие жұмысын педагогикалық талдау үлгісі:

1. Тәрбие жұмысының тақырыбы, мақсаты, түрі, әдісі.
2. Тәрбие жұмысын ұйымдастырушының аты-жөні, қатысушылардың саны.
3. Тәрбиелік іс-шараны өткізу үшін алдын ала жүргізілген дайындық жұмыстары.
4. Белгіленген бағдарламаның орындалуы немесе одан ауытқуы.
5. Танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттың орындалуы.
6. Тәрбие процесінің ең тиімді кезеңдері.
7. Оқушылардың қабылдауының эмоциялық көрінісі.
8. Тәрбие жұмысына пайдаланылған қосымша материалдар, көрнекі және техникалық құралдар.
9. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын өткізуде өзін-өзі ұстауы, оқушылар алдындағы іс-әрекеті, сөзі мен мимикасын меңгеруі, жеке басы, сыртқы бейнесі, көрінісі, киімі, шашын әсемдеп тарануы.
10. Сынып жетекшісінің білім дәрежесі, тақырыпты меңгеруі.
11. Сынып жетекшісінің педагогикалық жұмысқа икемділігі, әдептілігі, педагогикалық тактыны игеру дәрежесі, оқушыларды ұйымдастыра білуі және ұжымды үйіріп алып кету қабілеті.

Сынып жетекшісінің оқушыларды тәрбиенің жекеленуін, тұлғалық-бағдарлық тұрғыларды жүзеге асыруын қамтамасыз ететін, қоғамның ашық кеңістігінде бағдарлану біліктілігін дамытатын қосымша білім алу мен білім бағдарламаларының алуан түрлеріне қатыстырудағы рөлі

«Тұлғалық бағдарлы білім беру» ұғымы педагогика ғылымына ХХ ғасырдың 90-жылдары енгізілгенімен, оның толық мағынасы нақты белгіленбеген. Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде жаңа технологиялар енгізіліп, оқытудың мазмұны тұлғаны дамытуға, оқушының тұлғалық ерекшеліктерін, өзіндік қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін жетілдіруге бағыт алып отыр. Сондықтан педагогика ғылымын дамытуда тұлғалық бағдарлы технологиясын енгізу өзекті мәселе болып табылады.

«Тұлғалық-бағдарлық тәрбие» тәжірибесі ерте заманнан-ақ басталады. Ежелгі грек философтары Сократ, Платон, Аристотельдің жан-жақты дамыған, еркін тұлғаны тәрбиелеудің мақсатын, мазмұны мен әдістерін анықтауға арналған жұмыстарын кездестіруге болады.

Олардың айтуынша, тұлғалық тұрғыны құлықтық өзін-өзі жетілдіру, табиғи қабілеттерін дамыту, тұлғаны қоғамдық қызметке дайындау негізінде жүзеге асыруға болады.

Ортағасырлық және қайта өрлеу дәуірінде тұлғалық тұрғы адамға деген ізгілікті көзқараспен, адам табиғатына табынумен, адамның жоғары мәнде белгіленуіне сенумен, шексіз оптимизммен байланыстырылды.

«Тұлғалық бағдарлы педагогика», «тұлғалық бағдарлы білім беру», «тұлғалық бағдарлы технологиялар» ұғымдары педагогикада ХХ ғасырдың 80-жылдарының аяғында пайда болған. «Тұлғалық бағдарлы» сөз тіркесі білім

беру процесінде қолданылуына байланысты педагогикалық сөздікке ағылшынның «person-centered» («тұлға орталықты») және «pupil-centered» («оқушы орталықты») сөздерінің аудармасынан енгізілген.

Тұлғалық бағдарлы білім берудің негізгі ұғымдарының бірі:

Тұлғалық бағдарлы тұрғы – тәрбиеленуші мен тәрбиеші тұлғасын субъект ретінде танытатын білім беру процесінің типі. Білім берудің мақсаты – оқушы тұлғасын, оның қайталанбастығы мен даралығын дамыту; оқыту процесінде оқушының құндылық-бағдарлы және субъектілі тәжірибесі есепке алынады, ал мұғалім-оқушы қарым-қатынастары ынтымақтастық және таңдау еркіндігі ұстанымдарына негізделген.

Тұлғалық бағдарлы білім беруді жүзеге асыру үшін креативті, шығармашыл маман қажет. Ол кәсіби құзыреттіліктің жаңа мазмұнына ие, оқушының интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға, тұлғаның өзін-өзі дамытуына бағытталған болуы тиіс.

Педагогикалық рефлексия – сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының қажетті компоненті

Сынып жетекшісінің кәсіби шеберлігін арттыруда оның өз санасы мен іс-әрекетіне танымдық талдау жасауында рефлексияның алатын орны зор. Өзінің педагогикалық іс-әрекетінде мұғалім әртүрлі қызметтік функцияларды атқарады. Атақты психолог Ю.Н.Кулюткиннің зерттеуі бойынша, оның біріншісі және негізгісі – практика, оның мақсаты оқытудың нақты пәндік мазмұны, әдісі және формасы негізінде оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру; екіншісі – мұғалімнің жеке өзінің іс-әрекетіне көзқарасы, оның нәтижесінде мұғалім өзінің іс-әрекетінің нәтижесін талдайды, баға береді. Әртүрлі педагогикалық жағдаяттарды шешуде мұғалім оқушымен тікелей өзара қарым-қатынас жасайды, оқушылардың іс-әрекетіне әртүрлі тәсілдермен басшылық етеді. Екінші жағдайда, мұғалім өз іс-әрекетіне талдау жасау арқылы оқушылардың іс-әрекетіне талдау жасай алады. Ал бұл мұғалімді шығармашылыққа итермелейді. Сондықтан мұғалімнің педагогикалық рефлексиясы оның әртүрлі жағдайда да дұрыс шешім таңдауға, оның іс-әрекетін бағалауға жол салып, мұғалімнің кәсіби жетілуіне көмегін тигізеді.

Тар мағынада *рефлексия* индивидтің өзіне және микроәлемге жасалған танымдық іс-әрекетінен кейінгі тану мүмкіндігі туатын сананың «жаңа бетбұрысы». Рефлексия ұғымының мазмұнын түсіну үшін оны «өзін-өзі тану», «өзіне-өзі түсінік беру» ұғымдарымен синонимде қарау керек. Мұндағы «өзін-өзі тану – адамның өзінің «Менін» тануы, өзінің «Менін» барлық жағдайда сезіне алуы: қателескенде, әлсіз де, күшті әрекеттерінде». Ал «өзіне-өзі түсінік беру – күнделікті жағдайда айналада болып жатқан іс-әрекеттер мен құбылыстарға өзінің жеке көзқарасын білдіру».

Рефлексия – жеке тұлғаны ойлауға бағыттайтын адами түсініктің принципі, танымның әдіс-тәсілдерін сыни талдау, өз білімінің деңгейін білу, өзіндік таным іс-әрекеті, жеке тұлғаның рухани әлемінің ішкі құрылымын ашып көрсету.

Педагогикалық рефлексия – мұғалімнің өзіне және өзінің әрекетіне объективті баға бере алу қабілеттілігі, мұғалімнің өзін балалар қалай қабылдайтынын, педагогикалық процесс барысында өзімен басқа адамдардың қандай қарым-қатынаста болатынын көре алуы. Педагогикалық рефлексияның ортасында тұратындар: оқушы нені қабылдайды, тәрбиешіні және онымен қарым-қатынасты қалай түсінеді, ол тәрбиешінің іс-әрекетіне қалай қарайды.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Сынып жетекшісінің атқаратын қызметтері.
2. Сынып жетекшісі және педагогикалық ұжым.
3. Тәрбие жұмысының әр алуан формаларын ұйымдастыру және жоспарлау.
4. Тәрбие жұмысының дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларын ұйымдастыру әдістемесі.
5. «Тұлғалық бағдарлы білім беру» ұғымы туралы түсінік.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. «Жалпы еңбек мектебінің» Жарғысы мен Ережесі қай жылы қабылданды?

1934 жылы

2. Әр тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін сақтау, дербес қабілеттерін ашу, интеллектісінің дұрыс дамып, жетілуіне жағдай жасау – бұл:

сынып жетекшісі жұмысының негізгі мақсаты

3. Оқушылардың орынды талап-тілектерін қолдай отырып, белсенді әрі іскер сынып ұжымын қалыптастыру – бұл:

ұйымдастырушылық қызмет

III. Шығармашылық тапсырма. Ойды аяқтаңыз.

Сынып жетекшісі қызметін ашыңыз



Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Кеңестер Одағында (1934 жыл) класс жетекші (сынып жетекшісі) туралы ереже бекітілді:

- A) Қазақстанда топтар кластарға өзгертілгеннен кейін топ жетекшілерінің класс жетекшілері деп атауы
- B) Класс жетекшісінің туралы Ережені РСФСР Халықағарту Комиссариатының бекітуі
- C) Ережемен бірге класс жетекшісінің қызметінің бекітілуі
- D) Өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауы
- E) Өзіне сенуге, өз мүмкіндіктерін білуге жағдай жасауы
- F) Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуі
- G) Ересектердің тәжірибесі мен білімін құрметтейтін оқушы болуы
- H) Қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғауы

2. Сынып жетекшісінің құқықтары:

- A) Тәрбиеленушінің психикалық және жалпы денсаулығы туралы ақпарат алу
- B) Тәрбиеленушінің үлгеріміне бақылау жасау
- C) Тәрбиеленушінің сабаққа қатысуын қадағалау
- D) Тәрбиеленушінің күш-жігерінің артуын қамтамасыз ету
- E) Тәрбиеленушіні қоғамдық жұмыстарға қатыстыру
- F) Тәрбиеленушінің интеллектуалдық қабілетін дамыту
- G) Тәрбиеленушінің тәрбиелік іс-шараға қатысуын қадағалау
- H) Тәрбиеленушіге кеңес бере білу

3. Тәрбие ісін дұрыс ұйымдастыруға кедергі жасайтын себептер:

- A) Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының нашар құрылуы
- B) Тәрбиешінің оқушылармен қатынасындағы мәдениетінің кемдігі
- C) Жауапкершіліктің аздығы
- D) Балаға жеткілікті дәрежеде көңіл аудармау
- E) Бала іс-әрекетін қадағаламау
- F) Отбасындағы кикілжің
- G) Үйірмелік жұмыстар
- H) Спорттық ойындар

4. Сынып жетекшісінің қарым-қатынасты ұйымдастырғанда атқаратын міндеттері:

- A) Әлеуметтік міндеттер
- B) Диагностикалық әдептік-этикалық міндеттер
- C) Жеке-дара тәжірибелік сипаттағы міндеттер
- D) Құқықтық міндеттер
- E) Топтық тәжірибелік сипаттағы міндеттер
- F) Ұжымдық тәжірибелік сипаттағы міндеттер
- G) Жағымсыз сипаттағы міндеттер
- H) Тәрбиелік міндеттер

5. Бүгінгі күні сынып жетекшісі – өсіп келе жатқан бала үшін ... болады.

- A) Тәрбиелік ықпалдар жасаушы
- B) Тұлға дамуын бақылаушы
- C) Өзгерістер енгізуші
- D) Мәдени жалғастырушы
- E) Ұйымдастырушы
- F) Ақылшы, кеңесші
- G) Басқарушы
- H) Көмек беруші

6. Сынып жетекшісінің қызметі:

- A) Әр бағытта тәрбиеленушілердің әрекетін ұйымдастыру
- B) Әрбір тұлғаның дамуына қамқорлық жасау
- C) Сыныпта туындаған мәселелерді шешудегі қамқорлық
- D) Басқарушылық қызметін атқару
- E) Шығармашылық ізденіс
- F) Пән мұғалімдерімен ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайту
- G) Тәрбиеленушіні тыңдай білу
- H) Тәрбиеленушіге қолдау көрсету

7. Сынып жетекшісінің қойын дәптеріне:

- A) Әр жұмыс орнына жауап беретін тәрбиеленушіні белгілеу
- B) Алда істелер іске барлықтарын, әсіресе белсенділерді тартуға қол жеткізу
- C) Жоспарланған істі дер кезінде орындау, кейінге қалдырмау
- D) Ата-аналарды тәрбиеленушілермен бірге әрекетке қатыстыру
- E) Ұлттық мәдениетке көзқарас қалыптастыру
- F) Ата-анасы туралы мәліметтерді білу
- G) Тәрбиеленушілерге көмек көрсету
- H) Алда істелер іске пән мұғалімдерін қатыстыру

8. Тәрбие шарасын ұйымдастыру кезеңі:

- A) Ұйымдастырушының алғы сөзі
- B) Шараны ашу
- C) Мақсатын, барысын баяндау
- D) Негізгі бөлім
- E) Тәрбиешінің кіріспе сөзі
- F) Шараның аяқталуы
- G) Шараның нәтижесі
- H) Шараны қорытындылау

9. Тәрбиелік іс-шараны өткізу кезеңдері:



- A) Іс-шараның басталуы
- B) Ұйымдастыру кезеңі
- C) Қорытынды бөлім

- D) Іс-шараға дайындық
- E) Іс-шараның барысы
- F) Іс-шараның аяқталуы
- G) Іс-шараны сараптау
- H) Іс-шараны жүргізу

10. Пікірталастың негізгі заңы:

- A) Дәлелің мықты болсын!
- B) Ойлау жүйең күшті болсын!
- C) Өз пікіріңе сендір!
- D) Түсінігің зор болсын!
- E) Өз көзқарасыңнан тайма!
- F) Қабылдауың мықты болсын!
- G) Сөз саптауың күшті болсын!
- H) Пікірің құнды болсын!

Тәрбие тағылымы

	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз ✓ Ақыл – адам көркі, ақылдың сабыр серігі ✓ Жалған намыс қасиет емес, Ар сақтаған қасиет
	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Егер мен адам – тәрбиенің нәтижесі дегенді дәлелдей алсам, онда сөз жоқ, барша халыққа ұлы шындықты ашқан болар ем ✓ Тәрбие біздің жүрегімізге ең алдымен жеке адамға да, қоғамға да пайдалы әдеттердің ұрығын себуі керек ✓ Топастықтың екі түрі бар: бірі – туа біткен, екіншісі – тәрбие еккен топастық

7-тақырып. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері

Оқушылар ұжымы және оның ерекшеліктері

Оқушылар ұжымы – ортақ әлеуметтік маңызы бар мақсатқа біріккен, соған сай белсенді әрекет ететін, барлық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері бірдей және өзара жауапкершілікке негізделген оқушылар тобы.

Жалпы ұжым – тәрбиенің маңызды құралы екені белгілі, осы орайда оқушылар ұжымын ұйымдастыру, тәрбиелеу жолында атқарылатын төмендегідей функциялар бар (43-сурет).



Сурет-43. Оқушылар ұжымының ұйымдастырушылық функциялары

Оқушылар ұжымының ұйымдастырушылық функциялары:

1. *Оқушылар ұжымының негізгі тәрбиелік функциясы* – оқушыларды қоғамдық жүйенің қатынасына араластыру, тәжірибе жинақтау. Қоғамдық жүйе, қоғамдық қатынас мектептен басталады. Оқушы өзара ұжымдық қатынаста өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінеді.


2. *Оқушылар ұжымының екінші тәрбиелік функциясы* – оқушылар іс-әрекетін ұйымдастыру. Ұйымдасудан ұжым шығады. Ұйымдасуда жауапкершілік, бір-біріне көмек, бақылау, өзін-өзі бақылау, бір-біріне талап

қою және т.б. болады. Осындай қарым-қатынастың нәтижесінде оқушылардың өзара тату-тәтті өмір сүруіне, сыйластықта, достықта болуына мүмкіндік туады. Мұндай жағдайда әр оқушы ұйымдастырушы, орындаушы.

3. *Оқушылар ұжымының үшінші тәрбиелік функциясы* – түрлі қарым-қатынас арқылы оқушының өнегелігі, адамгершілігі, сұлулыққа құштарлығы, өмірді сүюі, өзін-өзі сыйлауы және т.б. қалыптасады.

4. *Оқушылар ұжымының төртінші тәрбиелік функциясы* – қоғамға жат істерді жасауға бейім, кейбір нашар мінезділерге жеке оқушылар мен топтар педагогикалық ықпал етеді, дұрыс жолға түсуіне көмектеседі.

44-суретте ұжымның жалпы сипаттамасы берілді.



Сурет-44. Ұжымның жалпы сипаттамасы

А.С.Макаренконың ойынша нағыз шын ұжым қоғамның бір мүшесі болып есептелінді. Оқушылар ұжымы басқа ұжымдармен байланыста болуы тиіс, оның алдында төмендегідей бірнеше міндеттер тұрады:

- ✓ ұжым алдындағы айқын мақсат;

- ✓ ұжым мүшелерінің қоғамдық мақсатқа бағытталған іс-әрекет жасауы;
- ✓ ұжым мүшелерінің бірлігі және әрқайсысының өзіндік пікірі болуы;
- ✓ өз арасында міндеттер белгілеуі;
- ✓ белгіленген міндеттерді орындауы;
- ✓ қатаң тәртіптің болуы;
- ✓ өз мүшелері үшін ұжымның жауапкершілігі, өзара көмек, өзара бақылау, жолдастық сезім, қайырымдылық, қарым-қатынастың болуы.

Сонымен, оқушылар ұжымының ерекшелігі ұжым теориясы, ұжымның даму кезеңі, нығайту жолдарынан тұратын үш аспектіден тұратындығы, А.С.Макаренконың дәлелдеуінше ұжым оқушылардың жай ғана жиынтығы немесе кездейсоқ топтаса салуы емес, ол жалпы мақсатқа жетуді алға міндет етіп қойған, қоғамға пайда тигізуге тырысушылардың тобы.

Тұлғаны ұжымда тәрбиелеу: ұжымдық іс-әрекетте және қарым-қатынаста тұлғалық өзін-өзі бекіту, өзін тұлға және даралық ретінде ашу

Педагогика ғылымында тұлғаны ұжымда, ұжым арқылы тәрбиелеу идеясы 1920-1930 жылдардан бастау алып, бүгінгі күні толық зерттеліп, мектеп тәжірибесінде жүзеге асуда.

Ұжым және жеке тұлға мәселесі қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Тұлғаны ұжымда тәрбиелеу идеялары қоғамның даму заңдарына жауап береді.

Дені таза және топтасқан оқушылар ұжымына тән сипаттар – идеялық нысаналылық, оның іс-әрекетін жалпы ұйымдастыру, оқушылардың өзара тығыз әрекет етуі, жалпыға бірдей жауапкершілік, ұжымның жеке мүшелеріне жоғары талап қоюшылық.

Ұжым теориясына Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский және т.б. ұлы педагогтар өз үлесін қосты. Н.К.Крупская, А.С.Макаренко тұлғаны ұжымда тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесінің негізін жасай отырып, жасөспірімдерді жастайынан бірлесіп ынтымақта өмір сүруге, еңбек етуге үйрету қажеттілігіне баса назар аударды.

Ұжым теориясының негізін қалаған А.С.Макаренко. Ол ұжымда жеке тұлғаны тәрбиелеудің басты нәтижесі оның қоғамдық бағыттылығы деп есептейді.

А.С.Макаренко ұжымның басты белгілерін төмендегідей нақты тұжырымдап берді:

- ✓ ұжым – басқа ұжыммен органикалық байланыста болатын қоғамның бір бөлшегі;
- ✓ қоғамдық маңызы бар мақсаттың болуы;
- ✓ ұжым мүшелерінің қызметін ұйымдастыру;
- ✓ ұжым мүшелері арасында өзара жауапкершілікті қарым-қатынас орнату;
- ✓ өзін-өзі басқару органдарының болуы.

Тұлғаны ұжымда біріктірудің негізгі көзі ортақ мақсаттың және оны іске асыруға бағытталған біріккен іс-әрекеттің болуы.

Ұжымдық іс-әрекетте әрбір оқушының іс-әрекеті басқалармен тығыз байланыста болады. Мұндай жағдайда ұжымшылдық сезімі туады. Бұл қарым-қатынас басқаның ісіне енжарлық туғызбай, керісінше бір-біріне көмектесу, өз жолдасының ісіне қуану, ренжу, мақтану, намыстану сияқты әртүрлі қатынастар жүйесін туғызады.

Оқушылардың ұжымдық қарым-қатынасы – тұрақты көңіл-күйді, бір-біріне сенім мен сыйластықты қалыптастырады. В.А.Сухомлинскийдің қарым-қатынас жайындағы идеясы жаңашыл мұғалімнің идеяларымен ұштасып жатыр.

Ұжым – тәрбиеге ықпал етуші құрал. Ал, тәртіп ұжым арқылы қалыптасады. Оқушыларды тәрбиелеу бүкіл оқу-тәрбие процесінде жүреді. Тәрбие ұжымда яғни, еңбекте, қоғамдық жағдайда, ойында, дене тәрбиесінде және т.б. оқушының іс-әрекетінің, қарым-қатынасының барысында атқарылады, іске асады.

Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері және қағидалары

Мектептегі сынып жетекшісінің тәрбие жұмысындағы негізгі міндеті – оқушылардың жеке басын қоғамның талабына сай тәрбиелеу. Бұл міндетті орындау, оқушылар ұжымын қалыптастырудан басталады.

45-суретте оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының басым қағидалары ашылды.

Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының мақсаты:	
1. Адамгершілікті тәрбие беру ісі мен тәрбиені әлеуметтендірудің басты психологиялық эффектісі, жеке тұлғада өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілік пен қабілеттілікті қалыптастыру. 2. Жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың ғасырлар бойы жинақтаған дәстүрін жалғастыру	
Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері: <ul style="list-style-type: none"> ➤ қазіргі экономикалық-әлеуметтік өзгерістер кезеңінде өмір сүрудің мәнін түсіну үшін философиялық дүниетаным тұрғысынан дайындау; ➤ өз Отанының және халқының мәдени мұраларын игеру; ➤ жалпы қоғам жинақтаған адамгершілік, мораль нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін (қайырымдылық, кеңпейілділік, адамдармен қарым-қатынаста төзімділік, имандылық) игеру; ➤ қоғам заңдарын, ұжымдасқан өмір нормаларын, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікті, адамзат өркениетін сақтау сияқты т.б. орындауға тәрбиелеу; ➤ өмірде еңбек ету – ең жоғары байлық, еңбекті шығармашылықпен ұйымдастыру, іскерлік қатынаста адалдық және т.б. негізде тәрбиелеу 	Тәрбие жұмысының негізгі қағидалары: <ul style="list-style-type: none"> ➤ тәрбие мазмұны, оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі – адамгершілік, имандылық, ізгілік, отаншылдық және т.б.; ➤ үздіксіз тәрбие негізі – ұлттық тәлім-тәрбие; ➤ балаларды іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы тәрбиелеу; ➤ тәрбие жүйесінің барлық сатылары мен салаларында тәрбиенің сабақтастығын, үздіксіздігін, талап бірлігін қамтамасыз ету; ➤ әрбір балада мейірімділік бастауы бар екеніне сену; ➤ баланың нені қажет ететінін түсіну және білу; ➤ қоғамдық өмірдегі адамгершілік қасиеттің басымдылығын сезіну; ➤ бала құқығын білу және оны сыйлау (жақсылыққа жақсылықпен жауап бер, ал жамандыққа әділдікпен жауап бер); ➤ барынша мәдениет пен білімділікті дамыту

Сурет-45. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері, қағидалары

Педагогика ғылымында тәрбие жұмысының мақсатын анықтау көкейкесті мәселе. Себебі, қандай да болмасын әрекеттің түрі мақсатқа сәйкес туындайды. Мақсат болмаған жерде әрекет те болмайды. Тәрбие жұмысының сапалы болуы, көбінесе ондағы мақсаттың нақтылығына байланысты болады. Тәрбие жұмысының мақсаты негізінде оның міндеттері айқындалады.

Оны жобалау төмендегідей сұрақтар арқылы жүзеге асады:

1. Тәрбиенің жалпы мақсаты қандай болып белгіленді?
2. Сынып ұжымы мен мектеп және тұрғылықты жердің қандай өзіндік ерекшеліктері бар?
3. Өткен оқу жылында мектеп немесе сынып жағдайында қандай міндеттер қарастырылды және олардың нәтижесі қалай болды?
4. Сынып ұжымының әрекеті қандай міндеттерге айрықша жауап береді?
5. Қойылып отырған мақсатты жүзеге асырудың қандай педагогикалық мүмкіндіктері болды?
6. Сынып ұжымының жақын қашықтықтағы міндеттерді шешуге даярлық дәрежесі қандай?

Міне, осындай мәселелерге дұрыс жауап берген жағдайда ғана оның нәтижесі айқын болады.

Балалар ұжымын педагогикалық басқару

Ұжым үнемі өзгеріп отырады, себебі оны құрайтын адамдар ауысады. Бірақ ұжымның даму процесі кездейсоқ емес, оны тәрбиешілер басқарады. Ұжымды педагогикалық басқарудың нәтижелілігі, оның даму заңдылығын қандай мөлшерде зерттегеніне, тәрбие жағдайының қаншалықты дұрыс анықталғанына, тәрбиешінің әсер ету тәсілдеріне байланысты.

Мұндай әсердің маңызды шарты – үздіксіз болып келетін, ұжымға әсер ететін тәрбиелік шаралардың бір жүйеге бірігуі (интеграциясы).

Ал мұндай интеграцияға төмендегі жолдар арқылы қол жеткізуге болады:

- күнделікті өмірде ұжым мүшелерінің бір-біріне үнемі және жан-жақты көмегі;
- ұжым өміріне және оның жеке мүшелеріне жағымды әсер ететін жағдайлар тудыру;
- оқушылардың өзін-өзі басқару ісін кеңейту;
- ұжыммен жұмыс істейтін барлық ұйымдардың талпыныстарын біріктіру.

Оқушылар ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибесінде төмендегідей маңызды ережелерді сақтау керек:

- ✓ педагогикалық жетекшілікті оқушының өз қызығушылығына, ынтасына, тәуелсіздігіне орайластыру, дербес қарапайым талпынысымен саналы байланыстыру;

✓ ұжым – динамикалық жүйе болғандықтан, ол үнемі өзгеріп, дамып отырады және кемелденеді. Сол үшін педагогикалық жетекшілер қарым-қатынас және әсер ету жобаларын жиі өзгертіп отыруы міндетті;

✓ сынып жетекшісі ұжымды тәрбиелеуде сынып ұжымына сүйеніп, отбасыларымен үнемі байланыста бола отырып, жоғары жетістіктерді көздеуі;

✓ көзбояушылық – тәрбиенің қас жауы;

✓ жетекшіліктің жақсы көрсеткіші – сынып өміріндегі маңызды мәселелерге ортақ ұжымдық пікірдің болуы;

✓ ұжым мүшелерінің өз міндеттерін орындауын дұрыс қадағалау негізінде тәрбиені дамыту;

✓ тәрбиені ұжымдағы қарым-қатынас құрылымының көпдеңгейлігін ескере жүргізу:

1) жекеше қарым-қатынас жасау;

2) бірлескен іс-әрекет қатынастарын дамыту;

3) әлеуметтік мәні бар ұжым іс-әрекетіне байланысты қатынас жасау;

✓ ұжым мүшелерінің атқарып жүрген қызметтері мен олардың шын мәніндегі мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану;

✓ уақытша ұжымдар құру, нашар оқушыларды жоғары мүмкіндіктерге жеткізе алатын ұжымға ауыстыру;

✓ ұжымдағы оқушыларды жаңаша қатынасқа кірістіретін ұжымдық іс-әрекет түрлерімен, олардың қалпын өзгертуді әр кез естен шығармау.

Балалар ұжымының алуан түрлілігі: мектептік сынып, клубтық бірлестік, балалар бірлестігі

Жалпы оқушылар ұжымы – бұл өзіндік әрекетке ие ұйым, ол оның барлық мүшелері әртүрлі іс-әрекет ұйымдастыруда дербестік және инициатива көрсеткен жағдайда өсіп, дамиды.

Олай болса, *мектептегі сынып* сияқты бірлестіктер шағын топ деп аталады. Мәселен, кейбір бала мектепте жүргізілетін әртүрлі іс-шаралардың бәріне де қатысады. Ол футбол командасының, не пән үйірмесінің мүшесі, не жетекшісі және т.б. Шағын топтағылардың өзара қарым-қатынасына шек қойылмайды. Нақты топтардың жоғары дәрежеде ұйымдасқан түрі ұжым деп аталады. Адамдардың ерекше ұйымшылдығының арқасында олардың мүдделерінің бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратындай халге жетуі, топтың психологиялық ахуалының орнауы, дамудың биік деңгейіне көтерілуі – ұжымның басты белгісі. Адам өзін ұжымнан жоғары қойса, әсіресе оған қарсы келуге тырысса, оның жұртқа ықпалы төмендеп, бара-бара беделінен айрылатын болады.

Зерттеу нәтижесіне қарағанда, сыныптарындағы 25-28 оқушының ішінен тек үш-төрт оқушының ғана басқалардан айрықша белгілері болады екен. *Мұның себебі төмендегідей:*

1) олардың топ мүшелерімен қатынас жасай білу қабілетінің жоғарлығында, яғни басқаның жүрегіне жол таба біліп, қашанда көпшілікке жақын болуы;

2) ондай тұлға білімділігі, іскерлігі, өз білгенін басқалардан аямай, олармен риясыз бөлісуге, көмектесуге әзір тұрушылығы;

3) кісінің сырт бейнесі мен кескін-келбетін, яғни дене күші факторын ескеруі.

Жекелеген оқушылардың өзгелермен араласпай, оқшау жүруі, топ мүшелерінің кейбіреулерді жандарына жолатпай жүретіндігінің себептері де сан алуан:

✓ оқушы сабақты нашар оқиды, тіпті жақсы оқуға талаптанбауы;

✓ оқушы үсті-басына салақ қарайды, кейде қолайлы қарым-қатынас орнатуға немқұрайды қарауы;

✓ оқушының өте кінәмшіл, сәл нәрсеге өкпелей қалуы, көбінде өзгелерге кінә таға сөйлеуі;

✓ топ ішіндегі құрбыларының тәрбиешінің талап-тілегіне, ақыл-кеңесіне қарсылық көрсететін тілазар, қыңыр болуы;

✓ еңбек сүймейтін, жалқау, өтірік айтуды әдетке айналдыруы.

Топтың көтеріңкі көңіл-күйі ұжымдық міндеттің нәтижелі орындалуына қолайлы әсер етеді. Білек сыбанған құлшыныс, өзара жарасқан ынтымақ, өзара сыйластық, ұжым мүддесін қастерлейтін жерде қандай ауыр жұмыс болса да жеңіл атқарылады.

Клубтық бірлестік – бұл ұжымдасқан педагогикалық іс-әрекет. Оның нәтижесі тұлғаның жетілуімен бағаланады. Нәтижесі табысты болу үшін, ол бала өмірінің барлық салаларындағы іс-әрекеттерін толығымен қамтуы қажет.

Клуб жұмысының мақсаты – бірлескен қоғамдық пайдалы іс-әрекетке құрылуы тиіс.

Клуб жұмысының негізгі міндеті – таңдап алған көркемөнер іс-әрекетіне қатысты оның әрбір мүшесінің қажеттілігі мен қабілетін тәрбиелеу.

Ұйымдасқан клубқа қойылатын талаптар:

• клубтың әрекеті, қоғамдық маңыздылығы, өздігінен әрекет етуі, мүшелерінің жеке-дара өзара қарым-қатынас жасау мүмкіндігінің болуы;

• клубтың үнемі жұмыс істеуінің маңыздылығы және оның мүшелері құрамының тұрақтылығы;

• клуб жұмысы мазмұнының ағартушылық-эстетикалық бағытта болуы;

• оның жұмысының әр тарапта жүргізілуі;

• оның мүшелерінің белсенділіктері мен өздік жұмыс істеу қабілеттерінің дамуына айтарлықтай ықпал етуі;

• дұрыс ұйымдастырылған клуб жұмыстарында оның мүшелері жалпы қоғамдық тұрғыдағы ұйымдастырылған пайдалы іс-әрекеттерге ортақтастық сезімінің қалыптасуы.

Клуб жұмысын ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде, ол қандай болуы керек деген сұрақ туады. Клуб жұмысының *бірінші кезеңінде:*

➤ Клуб жұмысының белсенділерін құру тиімді болады.

➤ Клуб жұмысына қатысушы оның әрбір мүшесімен жазбаша сауалнама жұмыстарын жүргізіп, өздерінің оған қатысы мен оның жұмысының мазмұны және талаптарын орындауға көзқарастары анықталады.

- Клуб жұмысында оның президенті және кеңес мүшелері сайланады.
- Клуб жұмысының ұйымдастыру формасы оқушылардың өзін-өзі басқаруына негізделіп құрылуы тиіс.
- Клубқа келген әрбір жеке тұлға оның өмірімен байланысты іс-әрекеттің әртүрлі бағытына араласуы тиіс.
- Клуб мүшелері жүйелі түрде өнер, музыка, әдебиет саласынан танымдық белсенділіктерін арттыруға және эстетикалық саналарын оятып, көркемөнерден талғамдарын дамытуға бағытталуы тиіс.

Клуб жұмысын осылай ұйымдастыру белгілі бір дәстүрдің, жүйеліліктің болуын қамтамасыз етеді.

Екінші кезеңде оның мүшелерінің қызығушылықтарына сай үйірмелер құрылады: ұлт аспаптар оркестрі; мәнерлеп оқу үйірмесі; тарихи-әдеби және музыкалық сынып және т.б.

Үшінші кезеңде тақырыптық лекция, әңгіме, кездесу, мәдени жорықтар, театр, музыкалық кештер және т.б. ұйымдастырылады.

Сонымен, қоғамдық маңызы бар ұстанымы оның әрбір мүшесін өз бетінше білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру. Мұндай ұстаным оның жұмысында күнделікті басшылыққа алынып отырады.

Балалар бірлестігі. Қазіргі кездегі құрылып жатқан балалардың бірлестіктері бұрыннан қалыптасқан пионер ұйымдарының іс-тәжірибесіне арқа сүйейді. Олардың теориялық-практикалық негіздерін қалаған – Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, И.П.Иванова және т.б.

Ұжым проблемасын зерттеушілер қазір оны зерделеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін жасауда. Л.И.Новикова әрбір оқушының тұлғалық қасиеттерін жан-жақты дамыту құралы ретінде ұжымды басқарудың барынша тиімді жолдарын зерттеуде. Т.Е.Конникова ұсынған ғылыми бағыт ұжымның басты қызметін оқушының адамгершілік дамуымен байланыстырады. Р.С.Немов, А.Г.Кирпичник өз жұмыстарында ұжым қызметін жүйелі бағалауға үлкен мән береді.

Соңғы жылдары ұжым деп – жоғары ынтымақтастық деңгейі, интегративті қызметі, ұжымдық бағыты бар адамдар тобын ғана атайтын болды (Я.Л.Коломинский, А.В.Петровский, Л.И.Уманский).

Балалар ұжымының негізгі сипаттамасы

«Ұжым» ұғымы бізге әртүрлі түсінікті ұғындырады: жиналған жұрт, жиын, топ, бірлестік және т.б.

Қазіргі педагогика ғылымында «ұжымды» екі түрде түсіндіреді:

1) қандай да бір ұйымдасқан адамдар тобы (мысалы, өндірістегі еңбек ететін адамдар тобы);

2) тек жоғары деңгейде ұйымдасқан адамдар тобы немесе бірлестік.

Мектеп ұжымы құрылымындағы ең тұрақты ұжым болып – сынып ұжымы есептелінеді. Соның негізінде оқушылардың негізгі оқу әрекеті жүзеге асады. Тек сынып ұжымында ғана оқушылар арасында өзара байланыс және қарым-қатынастың алғышарттары пайда болып, берік қалыптасады. Соның аумағында мектеп ұжымының іргесі қаланады.

Топ – бір немесе бірнеше белгілер негізінде біріккен адамдар бірлестігі. Топтың түрлері: ресми, белгілі бір құжат негізінде біріккен топтар.

Референттік топтар – маңызды белгілі бір қызығушылықпен бірігеді.

Диффузиялық топтар – тұрақсыз, жылдам ыдырап кететін топтар.

Топ белгілері:

- өмір сүру уақыты;
- қарым-қатынасы;
- басқару және бағыну қарым-қатынасы;
- ұйымдастырушылық жұмыс;
- бағалылық, тәртіп нормалары;
- жеке тұлғалық қарым-қатынасы.

Мектеп ұжымында жас ерекшеліктеріне қарай біріккен әртүрлі топтар болады. Осындай шағын топтардан ұжым қалыптасады.

Жақсы ұйымдасқан ұжымның маңызды белгісі – қоғамдық пікір, өзара сенім мен жоғары талаптың болуы.

Ұжымның құрылымы

Ұжымның психологиясы жөніндегі зерттеулер (А.И.Донцов, А.Н.Лутошкин, А.В.Петровский, А.Л.Свентицкий және т.б.) ұжымның құрылымы туралы тиянақты мағлұмат береді. Соның ішінде ұжымға элеуметтік-психологиялық талдау жасағанда, оның құрылымы ресми және бейресми болып бөлінетіндігін аңғарамыз. Бұл жағдайда құрылым ретінде ұжым мүшелерінің салыстырмалы түрде біршама тұрақты өзара қатынасын атауға болады. Ұжымның ресми құрылымы оның мүшелерінің міндеттері мен құқықтары, еңбек бөлінісінің ресми реттелуіне байланысты. Ресми құрылымның шеңберінде әрбір адам кәсіптік қызметті атқаруда белгілі тәртіп, ережелер негізінде еңбек ұжымының өзге мүшелерімен әрекеттеседі. Бір сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдер білім стандарттарын, оқу бағдарламаларын, сабақ кестесін, кәсіптік этика нормаларын басшылыққа алады. Әрбір мұғалім мектеп басшыларымен, әріптестерімен іскерлік қатынаста болады. Ал, мұғалім мен мектеп басшыларының арақатынасы қызметтік нұсқаулар және өнімдермен реттеледі. Мұғалімдердің ұжымдық өзара ықпалдастығы ресми құрылым шегінде бірлескен жұмысты ұйымдастыру деңгейімен, әрекеттерді үйлестіру, түрлі шұғыл жұмыс кестелерінің, оқу-тәрбие процесінің барысы мен нәтижелерін тексеру жүйесінің болуымен, қоғамдық міндеттер мен тапсырмалардың тендей бөлінуімен айқындалады.

Ал, педагогикалық ұжымның бейресми құрылымы ұжым мүшелерінің алдын-ала белгіленген міндеттерінен тыс нақты іс-әрекет негізінде қалыптасады. Ұжымның бейресми құрылымы оның мүшелері арасындағы қалыптасқан қатынастар жүйесінен тұрады. Ондай қатынастар жек көру мен ұнату, құрметтеу, махаббат, сенім немесе сенімсіздік, ынтымақтасу, бірлесе жұмыс істеуді қалау немесе қаламау сезімдері негізінде қалыптасады. Мұндай құрылым ұжымның ішкі, көбіне жасырын, көзге көрінбейтін жағдайын танытады. Жас маман педагогикалық

қызмет процесінде қиындыққа кездескенде ресми ұйымдық құрылымға сәйкес мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына, сонымен бірге қажет деп тапса білікті, тәжірибелі маман ретінде басқа мұғалімнен (тәрбиешіден) көмек сұрайды.

Тәрбиешілер арасындағы бейресми байланыстар төмендегідей түрлі себептерден туындайды:

✓ бір жағдайларда араласу, достық, махаббат сияқты әлеуметтік қажеттіліктен;

✓ келесі жағдайда тәжірибелі жолдасынан кәсіптік көмек, қолдау алуға байланысты;

✓ үшінші жағдайда жаңа, қызықты ақпарат алуға байланысты;

✓ төртінші жағдайда өзгелерді өзіне бағындыруға ұмтылған өзімшілдіктен.

Ұжымдағы бейресми қатынастардың пайда болуының төмендегідей белгілерін бөліп айтуға болады:

- достық, жолдастық топтардың құрылуы;
- бейресми пікірдің қалыптасуы;
- бейресми басшылардың шығуы;
- жаңа құндылық бағдарлардың нығаюы және т.б.

Ұжым аймағы

Оқушылармен қарым-қатынас жасаудағы ең бір нәзік және бағалы сәт – ол әр оқушының өзімен жеке байланыс орнату. Бұл жеке қарым-қатынас оның көңіліне сенім ұялатады (46-сурет).

Жеке қарым-қатынасты қалыптастыру әдісі	Жағымды қарым-қатынас
<ul style="list-style-type: none"> ➤ қарау ➤ күлімсіреу ➤ қимыл ➤ жылы сөз ➤ әдепті сұрақ ➤ жағымды іс-әрекет ➤ өтініш ➤ еске алу 	<ul style="list-style-type: none"> ➤ сипау ➤ қол қысу ➤ достық қауышу

Сурет-46. Жеке қарым-қатынасты қалыптастыру әдістері

Басқа оқушылармен (тәрбиеленушілермен), яғни топпен қарым-қатынасқа түсу жеңіл болады. Ал жеке қарым-қатынасқа түспей, топпен тек жалпы қарым-қатынас жасау одан әрі тығыз қарым-қатынас жасауға апармайды. Өйткені, оқушы мұғалімнің мәліметін қабылдап қана қояды, кері қайтармайды, өзінің қабілетін ашпай, томаға-тұйық болып, тәрбиеші екеуінің арасында қамал пайда болады. Бұл жерде мұғалім К.С.Станиславскийдің педагогикалық ұстанымын басшылыққа алғаны жөн. Тәжірибесіз әрі өзіне әлі сенімсіз жас тәрбиеші үшін

К.С.Станиславскийдің «Ілтипат аймағы» жүргізген зерттеулерінің нәтижелері құнды.

«Ілтипат аймағы» – жас тәрбиешінің тәрбиеленушілермен жақын қарым-қатынасқа түспей, өз ісін немесе пәнін жақсы меңгергенін, біліктілігін дәлелдейтін уақыт аралығы. Алғашқы сәттерде тәрбиеші «бірінші ілтипат аймағында» жұмыс істейді, яғни ойша өзін айналдыра сызып немесе сабақтың тақырыбын ашумен, тек өз жұмысымен айналысып, сыныпты елемегендей болады. Бұл «Ілтипат аймағында» тәрбиеші өзін еркін, бос ұстайды. Сондықтан да өзінің «Менін» қалыптастыру қиынға соқпайды. Міне, бұл сәттер тәрбиеленушілерге қызықты, олар тәрбиешіге жақындай түседі. Осы кезден бастап тәрбиеші «Ілтипат аймағын» кеңейте түсіп, оған тәрбиеленушілерді көптеп тартуына болады.

Әрине, тәрбиеленушілермен жұмыс істегенде алғашқы минуттардан бастап «Ілтипат аймағын» кеңейткені дұрыс болады. Бірақ, тәрбиешіні асықтырмаған жөн, яғни тәрбиешінің асықпағаны абзал. Алғашқы тіл қату, алғашқы ой жұмысты ұйымдастыру барысында туындайды. Топпен алғашқы тіл табысу басталғанын сезінген тәрбиеші тар шеңберден шығу керек, біреуіне күлімсіресе, екіншісіне басын изейді, үшіншісіне сұрақ қояды, төртіншісін бағалайды («Мен сіздің түсінетініңізге сенімдімін»), бесіншісінен өтінеді («Маған көмекші-ассистент керек еді...») және т.б. Ал жас тәрбиешінің мұндай жылдам ауысуға қабілеті жете бермейді, сондықтан оның әлі «бірінші ілтипат аймағында» қала тұрғаны дұрыс. Бірақ бұл көпке созылмау керек, өйткені ол кейін жеке қарым-қатынасты қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Қарым-қатынаста тәрбиеші өзінің бет-әлпетіне және қимылына да көңіл аударғаны дұрыс.

Ұжымдағы статустар мен рөлдер


Сынып жетекшісінің ұжымды құруда, олардың сапалы білім мен саналы тәртібін қамтамасыз етуде рөлі өте зор. Саналы тәртіп болмаған жерде сапалы білім алуға болмайды. Бұлар бір-бірімен өзара тығыз байланысты болып келеді. Саналы тәртіп – мақсатты тәртіп. Ол қоғамның мақсатымен ұштасады. Саналы тәртіпке тән сипат – өз мақсатын қоғам мақсатына, жеке бастың мүддесін ұжымның мүддесіне бағындыра білу.

Оқушыларды саналы тәртіпке тәрбиелеудегі негізгі міндет – білім алу мен оқу әрекетінің сапасын үнемі арттырып отыру.

Сынып жетекшісінің шеберлігі дегеніміз – ұжымның алдына қызықты мақсат қойып, ұжымдық іске ұйытқы бола білуінде әрі оны ұйымдастырудағы білімі мен қабілеті.

Оқушылардың оқу-тәрбие процесіндегі іс-әрекеттерін жандандыруда сынып жетекшісі белсенділер тобына арқа сүйейді. Сынып белсенділері бір жағдайда үлгілі оқушылар болса, екінші жағдайда қоғамдық тапсырмаларды атқара алатын қабілетті балалар тобы. Олар – ұжымның ұйытқысы. Сынып белсенділері неғұрлым күшті болса, сынып жетекшісіне тәрбие жұмысын ұйымдастыруда соғұрлым жеңіл болады.

Осыдан тәрбие тұлғаға ықпал жасаушы құрылымдардың өзара қатынастарымен бірлікте қарастырылады (47-сурет).



Сурет-47. Қазіргі мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі

Мектепте оқушылардың өзінің Президенті бар. Ол парламент пен үкіметті басқарады. Парламент заң шығарушы орган ретінде сенат және төменгі палата мәжілісінен тұрады. Мектеп өміріне оқу-тәрбие процесін жақсарту үшін заңдар, үкімдер шығарады. Ал, үкімет парламент шығарған заңдардың орындалуын қадағалайды. Ол білім, мәдениет, спорт, тазалық, құқықтық тәртіп секторларын біріктіреді.

Оқушылар ұжымын қалыптастыру және дамыту бойынша сынып жетекшісінің іс-әрекеті – оқушыларды тәрбиелеуші және дамытушы орта және оның мүшелерін қалыптастыру мен өзін-өзі іс жүзінде көрсететін фактор

Оқушылар ұжымы – оқушылардың жалпы мақсатпен және қоғамдық пайдалы бірлескен еңбекпен топтасқан тұрақты бірлестігі.

Ұжымға тән қасиеттер:

- мақсаттылық;
- ауызбіршілік;
- белсенділік;
- іскерлік;
- жауапкершілік және т.б.

Оқушылар ұжымын тәрбиелеудің маңыздылығы, мектеп қабырғасынан шыққаннан кейін олар әртүрлі ұжымға тап келеді. Сондықтан да олардың ұжымдарында жеке бастарының қаншалықты үйлесіп, қалыптасуына байланысты оның кейінгі уақыттардағы психологиялық жағдайы сәйкестенеді, қайсыбір әрекеті нәтижелі болады.

Сынып жетекшісі оқушылар ұжымын құра отырып қалыптастыруда, олардың сапалы білім алуы мен саналы тәртібін қамтамасыз етудің маңызы ерекше. Оқушыларды саналы тәртіпке тәрбиелеудегі негізгі міндет – білім алу мен оқу әрекетінің сапасын үнемі арттырып отыру.

Оқушылардың оқу-тәрбие процесіндегі іс-әрекеттерін дамытуда сынып жетекшісі *белсенділер* тобына арқа сүйейді. Бұл сынып жетекшісінің ұжымды топтастырудағы атқаратын іс-әрекетінің маңызды кезеңі.

Оқушылардың ынтымағы жарасқан іскер ұжымын ұйымдастыруда, олардың жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру қажет. Ол үшін оларды ұстамдылыққа, сенімділікке тәрбиелеу керек.

Бұл тұрғыда, сыныпта *қоғамдық пікірді* орнықтырудың маңызы зор. Оқушылар арасындағы қоғамдық пікір өздеріне деген шынайы ортақ көзқараста, оқу әрекеттері мен қоғамдық жұмыстарының сапасын бағалауда, әділ сын мен өзара сын орын алғанда, жекелеген оқушының жағымсыз қылықтарын сынып талқысына салып отырған жағдайда ғана қалыптасады.

Ұжым өмірін қызықты етіп ұйымдастыруда жақсы дәстүрлердің тәрбиелік мәні ерекше. *Дәстүр* – оқушылар ұжымының өмірін, белсенділігін нығайтады және дамытады.

Дәстүр – жақсы әдет-ғұрып, ұжым өмірінде орныққан істің жағымды тәжірибесі.

Сондай-ақ, оқушылардың санасы мен белсенділіктерін дамытуда, оларды *қоғамдық пайдалы* жұмыстарға қатыстыру, тапсырмалар берудің ықпалы және тәрбиелік мәні зор.

Оқушылар ұжымын қалыптастыруда оның жекелеген мүшелерінің *өзін-өзі тәрбиелеуі* маңызды. Өзін-өзі тәрбиелеу – оқушының белгілі бір нақты мақсат көздеген саналы әрекетінің нәтижесі. Ол үшін оқушыда міндетті түрде қоғамдық-әлеуметтік түрткі болуы керек.

Оқушылардың мәдени ой-өрісін кеңейтуде, құштарлығын және білім сапасын арттыруда, олардың бос уақыттарында әдеби көркем шығармаларын оқуының пайдасы зор. Ол үшін оларды жүйелі түрде кітап оқуға дағдыландыру қажет. Сынып жетекшісі мектеп кітапханашысымен ақылдаса отырып, қай оқушыға қандай кітаптарды оқу қажеттігі туралы кеңес беріп, оны таңдауға, оқу дағдысын игеруіне көмектеседі. Жақсы көркем шығармаларын сынып болып талқылауын ұйымдастырады.

Өскелең ұрпаққа «білімнің, адамдықтың кілті осы» деп қасиетін таныту тек қана ата-ана, ұстаздар ғана емес, қоғамның кез келген мүшелеріне міндет.

Ұжымның даму кезеңдері

Алғаш рет ұжымды қалыптастыру сатыларын ғылыми түрде анықтап, оқушылар ұжымы дамуының мақсаты, іс-әрекетінің мазмұны, тәртібі, оқушылардың ара-қатынасы тәуелділігіне байланысты, ұжымның даму кезеңдерін ажыратып берген ұлы педагог А.С.Макаренко болды. Ол оқушылар ұжымын үш кезеңде қарастырды (48-сурет).

Белгілі педагог А.С.Макаренко ұжымды ұйымдастыру және тәрбиелеудің ең тиімді жолдарының бірі паралельді ықпал ету принципін ұсынды.

Тәрбиешінің жеке тәрбиеленушіге ықпал етуі өзі емес, ұжым арқылы, топ белсенділері арқылы жүргізіледі. Тәрбиеші белсенділерге сүйене отырып,

ұжымның әр мүшесіне сол ұжымның өзінің сайлаған, тағайындаған сенімді тәрбиеленушілері арқылы талап қояды.



Сурет-48. Ұжымның даму кезеңдері

Қазіргі кезде ұжымды дамыту барысында кезеңдерді зерттеумен көптеген зерттеушілер айналысады. Ғалым Л.И.Новикова бойынша ұжым дамуының кезеңдері берілді (49-сурет).

Сонымен қатар, А.С.Макаренконың пікірінше ұжымдағы ұжым мүшелерінің ілгері жылжуы еркін адамдар ұжымының болмыс формасы. Ұжым қоғамның бөлігі болғандықтан, ілгері жылжығанда ғана дамиды. Қозғалыссыз ұжым әлеуметтік тұрғыдан дағдарысқа ұшырайды. Ұжым

дамуының негізгі заңдылығы – перспективалық бағыттарының болуы. Олай болса, ұжымды нығайту мен қалыптастыруда аса маңызды мәселелердің бірі – ұжым алдындағы мақсатты перспективаны таңдау.



Сурет-49. Ұжым дамуының кезендері

А.С.Макаренконың теориялық мұрасына сүйеніп, оның *жақын, орта және қашық* перспективаларын еске түсірген жөн (50-сурет).



Сурет-50. Ұжым алдындағы мақсатты перспектива

Әрбір тәрбиешінің міндеті – перспективаларды оқу және тәрбие барысында тиімді пайдалану, перспективаны оқушының, сыныптың, мектептің пайдасы үшін таңдап ала білу, оқушылардың жас ерекшеліктерін және жалпы дайындық дәрежесін еске алу.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы (мақсаты, міндеттері, қызметі, ұйымдастыру формалары және т.б.)

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – олардың мектеп жағдайындағы өмірлерін ұйымдастырудың басқа формаларына қарағанда жариялылық тұрғыдағы түрі.

Ұжымның дамуымен бірге ұжымның өзін-өзі басқаруы іске асады.

Өзін-өзі басқару мақсаты – ұжымдық мақсатқа жету жолындағы оқушылардың өз бетімен ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыруы.

Өзін-өзі басқару міндеттері:

- ✓ оқушыларда қоғамдық белсенділікті қалыптастыру;
- ✓ оқушыларды өзін-өзі басқару ісіне жүйелі дайындау;
- ✓ оқушыларды ұйымдастырушылық іскерлікке дағдыландыру;
- ✓ оқушылардың бойында жоғары адамгершілік, ұжымдық қасиеттерді тәрбиелеу;

✓ оқушылар ұжымының педагогтар ұжымымен, басқа қоғамдық бірлестіктермен ынтымақтастығын дамыту;

✓ ұжымдық өзін-өзі басқаруда оқушыларды дағды мен білікті қалыптастыру және дамыту;

✓ әрбір жеке тұлғаға көшбасшы бола білу қабілетін оятып, оны жетілдіру;

✓ ұжымды басқаруда оқушыларды орталықтандыру мен демократиялық алғышарттарды үйлестіре білуге үйрету;

✓ түрлі мәселелерді шешіп, шешім қабылдауда (оқу, өндірістік, тәрбиелік, тұрмыстық және т.б.) жеке және ұжымдық жауапкершілікті ажырата білу;

✓ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды жетілдіру;

✓ әкімшілік, кәсіподақ ұйымы және үлкен кісілермен өзара үйлесімді жұмыс істеу қабілетін өз құқықтары мен еркіндігі негізінде қалыптастыра білу.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешуде оқушылар ұжымының өмірін ұйымдастырудың жариялылық бағыттағы формасы. *Соған сәйкес оның өзіндік белгілері:*

• дербестігін дамыту мүмкіндігінің болуы;

• оқушылар ұжымының белгілі бір мәселеге қатысты өз алдына дербес шешім қабылдауы және оны жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы;

• сынып ұжымының өмірін педагогикалық тұрғыдан демократиялық жолмен ұйымдастыру мүмкіндігінің болуы және т.с.с.

Бұдан шығатын қорытынды ретінде, *өзін-өзі басқарудың негізгі ұстанымы:*

✓ «Өзіміз іс-шараны ойластырамыз».

✓ «Өзіміз жоспарлап, өзіміз оны атқарамыз».

✓ «Өзіміз қорытынды жасаймыз».

12-кестеде оқушылардың өзін-өзі басқару әрекетіне оң және теріс әсер ететін факторлар топтастырылды.

Өзін-өзі басқару ұйымының құрылымы негізінен 3 кезеңнен тұрады:

1. Сынып жағдайында өзін-өзі басқару: оқу, еңбек, спорт секторларының жұмысы. Олардың жұмысына сынып кеңесінің төрағасы басшылық жасайды.

2. Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқаруы. Мұнда әрбір сыныптың өзін-өзі басқару ұйымының төрағалары мүше болады. Оны жалпы мектептің өзін-өзі басқару ұйымының төрағасы және оның орынбасары басқарады. Бүгіндері мұндай дәстүрлі тәжірибе алдыңғы қатарлы мектеп тәжірибесінде өз жұмысын жалғастыруда.

3. Мектеп жағдайында тең төрағалық басқару жүйесі арқылы атқарылады. Оның құрамына оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының атқарушы кеңесінің мүшелері, кеңесші тәрбиешілер, ата-аналар кіреді. Мұның қызметі негізінен, мектептің даму болашағы мен оның өмірін жақсарту және шешім қабылдау мәселелерін стратегиялық жоспарлауды көздейді.

Кесте-12. Оқушылардың өзін-өзі басқару әрекетіне әсер ететін факторлар

Оқушылардың өзін-өзі басқару әрекетіне әсер ететін	
Оң факторлар	Теріс факторлар
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мақсатқа бағыттылық және мақсатқа лайықтылық ✓ Әрекет саласының және биліктің нақтылығы ✓ Басқа да балалар ұйымдарымен серіктестік ✓ Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал ✓ Басқару қызметін орындауға дайындық ✓ Шешімді қабылдау мен орындау әрекетіндегі дербестік ✓ Педагогикалық және оқушылар ұжымымен, өзін-өзі басқарудың барлық түрімен серіктестік ✓ Перспективалық бағыт дамуының нақты анықталуы ✓ Өзін-өзі басқару қызметіне педагогикалық көмектің берілуі ✓ Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің жоғары шығармашылық мүмкіндігі және т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Өміршілдік, артық қамқорлық, сенімсіздік ✓ Өзін-өзі басқарудың мүмкіндіктері мен күшіне сенімсіздік ✓ Артқа тартушылық, жұмысты атқарушыларға қарсылық ✓ Топтық қызметке қысым ✓ Өз бетінше талдау мен әрекет етуге жағдайдың болмауы ✓ Бірдей талаптың болмауы ✓ Жұмыстағы жүйесіздік ✓ Басшылықсыз, жоспарсыз жұмыс және т.б.

Ұжымдағы өзін-өзі басқаруды дамыту үлгісін шартты түрде төмендегідей көрсетуге болады:

- Әрекеттің мақсатын анықтау.
- Ұжым болып мақсатты белгілеу.
- Басқару мәселесін қою.
- Шешімді ұжым болып талқылау.
- Шешімді қабылдау.
- Шешімді жүзеге асыру.
- Ұжым болып нәтижесін қорытындылау.

Өзін-өзі басқарудың күнделікті әрекеті ұжым жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру, өз жұмысын талдау, шешімдер қабылдау мен жасалатын істердің қорытындысын шығаруда байқалады.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруын құру әдістемесі

Өзін-өзі басқару – өз ісінің мақсатын өзі белгілеу, өзі жоспарлау, өзі ұйымдастыру, өзін-өзі тексеру, түзету, өз жұмысын өзі талдау. Мұндағы негізгі қағида: «*Өмір маған не береді емес, өмірге мен не беремін, қандай үлес қосамын*» деп, өз-өзін мектеп жасынан бастап дайындау. Ұжымдағы өзін-өзі басқару жұмыстарының мектеп жасынан бастап, қол жеткен табыстары: қоғам алдындағы жауапкершілік пен парызды, достық пен жолдастықты, мейірбандылық пен қайырымдылықты, қарапайымдылық пен сыпайылықты, өзінің орнын білуі, өзін-өзі қадірлеуі, өзіне талап қоя білуі, алдына қойған мақсатқа жетуі үшін еңбекқор бола алатындай жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Сыныптағы өзін-өзі басқару жүйесі 51-суретте ашылды.



Сурет-51. Өзін-өзі басқару жүйесі

Өзін-өзі басқару жұмыстарында атқарылатын міндеттер:

1. Сынып жетекшісі: *«Бірлік болмай, тірлік болмас».* Сыныпқа басшылық жасайды.

2. Ұйымдастыру комитеті: *«Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін».* Сыныптағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалайды, оқу-тәрбие процесінде ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады.

3. Тәртіп сақшылары: Бала билер. *«Тура биде туган жоқ».* Сыныптағы психологиялық ахуалды зерттейді. Күтпеген жағдайларда өзара билік айтып, тоқтамға келіп, әділ шешімін айтып отырады.

4. Оқу секторы: *«Білімдінің қолында алтын шырақ».* Білім сайысына әзірлік, білімділік деңгейін қадағалайды.

5. Мәдениет секторы: *«Өнерлі бала – көрікті».* Мектептегі өнер сайыстарына өнерлі оқушыларды қатыстыруға атсалысады.

6. Спорт секторы: *«Тәні саудың – жаны сау».* Саламатты өмір салтын қалыптастыруға күш салып, мектептегі спорттық жарыстарға оқушыларды тарту.

7. Тазалық секторы: *«Денсаулық – зор байлық».* Сыныптың және жеке оқушылардың тазалығын бақылайды.

8. **Шаруашылық секторы:** «Артыңда мал қалғанша, тал қалсын». Сыныптағы өсімдіктерді күту және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастырады.

9. **Кітапханашы:** «Кітап – білім бұлағы». Сыныптағы оқушылардың оқулықтарына бақылау жасап отырады. Баспасөз беттеріндегі жаңалықтармен таныстырады.

Әр тоқсан сайын сынып жетекшілерінен бастап, барлығы да не істеп жатқаны жөнінде есеп беріп отырады. Алдағы міндеттер белгіленеді.

Сыныптағы өзін-өзі басқарудың мұндай жұмыс шаралары нәтиже бермей қалмайды.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Оқушылар ұжымы және оның ерекшеліктері.
2. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының мақсаты, міндеттері және қағидалары.
3. Балалар ұжымының негізгі сипаттамасы.
4. Ұжым аймағы.
5. Ұжымның даму кезеңдері.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Ұжым теориясының негізін қалаған ұлы педагог:

А.С.Макаренко


2. Нақты топтардың жоғары дәрежеде ұйымдасқан түрі – бұл:

ұжым

3. Мектеп ұжымы құрылымындағы ең тұрақты ұжым – бұл:

сынып ұжымы

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз



Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Оқушылар ұжымы – бұл:

- A) Маңызы бар ортақ мақсаттың болуы
- B) Әрекет етуде өзара бірлескен іс-қимылдың болуы
- C) Өзара қарым-қатынаста жауапкершіліктің болуы
- D) Зиянды әдеттерден аулақ болуы
- E) Өз мүмкіндігін жүзеге асыруы
- F) Ата-анамен тұрақты байланыс орнатуы
- G) Қарым-қатынаста басқа адамдарға көмектесуі
- H) Өзіне-өзі баға беруі, түзетулер енгізуі

2. А.С.Макаренко бойынша ұжым белгілері:

- A) Ұжым – қоғамның бір бөлшегі
- B) Ортақ мақсаттың болуы
- C) Өзін-өзі басқару органдарының болуы
- D) Міндеттің айқындалуы
- E) Іс-әрекетті ұйымдастыру
- F) Диагностика жүргізу
- G) Топ белсенділерін тағайындау
- H) Қарым-қатынасты жақсарту

3. Ұжым белгісі:

- A) Қоғамдық пікір
- B) Өзара сенім
- C) Жоғары талаптың болуы
- D) Өз құқығын білу
- E) Қоғамдық сана
- F) Өзара іс-әрекет
- G) Жауапкершілік
- H) Қолдау көрсету

4. Топ белгілері:

- A) Өмір сүру уақыты
- B) Қарым-қатынасы
- C) Ұйымдастырушылық жұмыс
- D) Іс-әрекеті
- E) Мінез-құлқы
- F) Басқару және бағыну қарым-қатынасы
- G) Тәртіп нормалары
- H) Көзқарастары

5. А.С.Макаренко бойынша ұжымның даму кезеңдері:

- A) Ұжымның қалыптасу сатысы
- B) Ұжымның құрылған сатысы
- C) Ұжымның ең жоғарғы дамыған сатысы
- D) Ұжымның даму сатысы
- E) Ұжымның жоғары қалыптасқан сатысы

- F) Ұжымды бағалау сатысы
- G) Ұжымды жетілдіру сатысы
- H) Ұжымның кемелдену сатысы

6. Ұжымдық тәрбиенің негізін салған кеңес педагогтері:

- A) А.С. Макаренко
- B) А.В. Луначарский
- C) Н.К. Крупская
- D) К.Д.Ушинский
- E) Н.И.Пирогов
- F) Л.Н.Толстой
- G) Л.В.Занков
- H) П.Ф.Лесгафт

7. Ұжым алдындағы мақсатты перспектива:

- A) Жақын
- B) Орта
- C) Қашық
- D) Қысқа
- E) Шалғай
- F) Алыс
- G) Ұзақ
- H) Шет

8. Ұжымға тән қасиет:

- A) Мақсаттылығы, ауызбірлігі
- B) Белсенділігі, іскерлігі
- C) Жауапкершілігі
- D) Қаталдығы
- E) Ізденімпаздығы
- F) Білімділігі
- G) Креативтілігі
- H) Саналылығы

9. Ұжымның педагогикалық теориясын дамытуға үлестерін қосқан ғалымдар:

- A) П.П.Блонский
- B) С.Т.Щацкий
- C) А.С.Макаренко
- D) В.А.Сухомлинский
- E) К.С.Станиславский
- F) И.Б.Котова
- G) О.С.Газман
- H) Н.И.Новикова

10. Өзін-өзі тәрбиелеу бойынша К.Д.Ушинский құрған жоспар:

- A) Әр күні кеште өз іс-әрекеттеріне есеп беру
- B) Сөз бен іс-әрекеттегі турашылдық
- C) Егер қажет болмаса өзі туралы бір сөз де айтпау
- D) Қажет болса ақыл айту
- E) Әр аптада өзіне-өзі есеп беру
- F) Қарым-қатынастағы турашылдық
- G) Өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау
- H) Балаға сенім білдіру

Тәрбие тағылымы

 <p>Мағжан Жұмабаев (1893-1938)</p>	<p>Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none">✓ Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болуы да мектептің қандай негізде болуына барып тіреледі✓ Бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер
 <p>Йоганн Вольфганг фон Гёте (1749-1832)</p>	<p>Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none">✓ Мінез-құлық – әркім өзінің кейпін көрсететін айна✓ Уақыттың босқа кеткеніне оны бағалайтын адам ғана қиналып, қынжылады

8-тақырып. Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыстарының жүйесі

«Қиын балалар», «девиантты балалар», «проблемалы балалар», «қауіпті балалар тобы» ұғымдарының мәні

Мінез-құлықтағы қиындық және «ауытқушы мінез-құлық» ұғымы ХХ ғасырдың 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Бастапқы да ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылып жүрді.

ХХ ғасырда қиын балалардың жеке ерекшеліктерін, қоғамдық, әлеуметтік өмір жағдайымен, тәрбиелік факторлардың өзара әрекеттестігімен біртұтастықта алғашқы болып кешенді зерттеген П.П.Блонский болды. Кәмелетке жасы толмаған мінез-құлқындағы қиындығы бар балаларды зерттеудің негізгі мақсаты – қиын балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін

ашып көрсете отырып, қиын балалардың сәтсіз өмірінің себептерін анықтау. П.П.Блонский: «Қиын бала – бұл, ең алдымен кәдімгі бала. Оған табиғи қарапайым тұқымқуалаушылық тән. Айырмашылығы – оның педагогикалық қараусыз қалғандығы. Сондықтан, оны дені сау, бірақ қараусыз қалған бала ретінде тәрбиелеу керек» – деп тұжырымды ой қорытады.

Ал, В.В.Трифонов өз зерттеулерінде: «Қиын бала – бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, ұстаздың ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін бала» – деп атап көрсетеді.

Г.М.Минковский, Л.М.Зюбин, Д.В.Колесов, В.Н.Кудрявцевтің зерттеулері бойынша қиын балалардың басым көпшілігі – мектептегі оқуда қиындықтарға кезігіп, оқу бағдарламасын дұрыс меңгере алмай, ұжымнан тысқары қалып қалған балалар.

Сондай-ақ, ағылшын психологтары Хевитта және Дженкинс қиын балаларды екі үлкен категорияға бөледі:

1. Әлеуметтік формадағы қоғамға жат мінез-құлыққа тән балалар.
2. Әлеуметтік емес қоғамға жат агрессивті мінез-құлықты балалар.

Бұл балалар отбасымен, достарымен қарым-қатынасы нашар, эмоцияға бейім, агрессивті, қатыгез әрі кекшіл балалар.

«Қиын бала» ұғымын барлығымыз естіп жүрміз, бірақ бұл ұғымның астарында не жатыр? Қоғамдық тәртіп сақшылары үшін – ол тәртіп бұзушы, ұстаз үшін – ол басқа балаларға жағымсыз әсер ететін «шартсыз көшбасшы», тәрбиеші үшін – ол бағынбайтын сотқар бала.

Қиын балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатиялық формалар кездесетін, кейде ашулары «қайнағанда» дәрі-дәрмек беру арқылы қозу күйін тежейтін балалар жатады.

Қиын балалардың мінез-құлқтары: сенімсіздік, көңіл-күйі бір қалыпты емес, ашуланшақ болып келеді. Өзіне назар аудару үшін өзінің «батырлығын» көрсетіп, басқалардың көңілін өздеріне аударады. Жоғарғы сыныптағы жасөспірімдердің мінез-құлқы – өз бетінше өмір сүруге, өзі шешім қабылдауға, өмірге көзқарасы, қызығушылығы өзгереді. Олар өзінен үлкен адамдардың ақыл-кеңесін тыңдаудан бас тартады.

Кейбір балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктер және қалыпты нормадан ауытқу, заң бұзушылық арқылы көңіл аударту, алынған міндеттерді орындамау, қоғам мен мектеп, сол сияқты мектептегі талаптарды тыңдамау салдарынан туындайтын іс-әрекеттерді «девиант» деп атайды.

Жалпы баланың қиын тәрбиеленуі, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация (латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды. Соған орай көптеген әдебиеттерде «қиын бала» түсінігінің орнына «девианттық» ұғымының қолданылуы жиі кездеседі. Жалпы «қиын мінез-құлық», «девианттық мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады.


Белгілі ғалым И.А.Невский: «Ауытқушы (девианттық) мінез-құлық дегеніміз – қазіргі қоғамда белгіленген ережеге сәйкес келмейтін, әлеуметтік мінез-құлық» – деп қарастырады.

Девианттық мінез-құлықты балаларға тәртіпсіздік, әлеуметтік тәрбиеге қарсы, заңға қарама-қайшы, теріс іс-әрекеттерді бойына сіңірген балаларды жатқызуға болады. Олар өмірдің ащысын көп көрген, отбасы жылуы болмауынан ұшырасады. Бұл балалардың дамуында кідіріс болады, тіпті физикалық және психикалық аурулар симптомның пайда болуына әкеліп соқтырады. Соның салдары денсаулықтың төмендеуіне себеп болады, сондықтан да оларды тек ұстаздар емес, дәрігерлер де бақылауы керек.

Сонымен қатар, қиын да девианттық мінез-құлықты балаларды сөз етсек, олардың ұғымдарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- ✓ заңды күші жоқ жағдайларға байланысты ата-анасыз қалған балалар;
- ✓ бейәлеуметтік жағдайы нашар отбасыларда тәрбиеленген балалар;
- ✓ әлеуметтік-психологиялық көмек пен қолдауды қажет ететін балалар.

Девианттық мінез-құлық ерекшеліктеріне қарай, ондай бала бір жағынан өмірлік қиын жағдайды немесе әлеуметтік қауіпті жағдайды өзгертуге, екінші жағынан оның әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық мәселелері мен қиындықтарын шешуге бағытталған көмекті қажет етеді (52-сурет).



Сурет-52. Девианттық мінез-құлық ерекшеліктері

Девианттық мінез-құлықтың тарихы француз ғалымы Э.Дюркгеймнен басталды. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін *аномия* тұжырымдамасын ұсынды. «Аномия» ұғымы француз тілінен аударғанда «ұжымның, заңның болмауы» деген мағынаны білдіреді.

Ал Р.Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін, қоғамның мәдени мақсаты мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді.

Девианттық мінез-құлық – балалар мен жасөспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан қасақана жалтаруы, отбасынан немесе балалардың білім беру ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, сондай-ақ олардың қылмыстық

жауапкершілікке жатпайтын қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы.

Қауіпті топ балаларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жасау негізгі 2 бөліктен тұрады:

- қауіпті топқа енген балалармен жеке жұмыс істеу бағдарламасын ұйымдастыру;

- қауіпті топқа енген балалармен топтық жұмыс жасау.

Қауіпті топ балаларымен әлеуметтік -педагогикалық жұмыс әртүрлі мамандардың араласуын талап етеді. Жетекші рөлді жалпы білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагог атқарады. Себебі, жалпы білім беретін мекемелерде әлеуметтік педагогтың көз алдында барлық бала жүреді. Бала мектепте оқымаса да, әлеуметтік педагог өзіне тапсырылған бөлімде сондай балаларды анықтауға толық құқылы және міндетті. Сондықтан тек мектеп әлеуметтік қиын жағдайдағы баланы толық анықтай алады.

Балаларда қиыншылықтар тудыратын көріністердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Балаларда қиыншылықтар тудыратын көріністерді шешудің негізгі жолы – отбасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнату.

В.Г.Баженов, К.А.Жүкенова, А.М.Карабаева, И.Ф.Назаров, В.А.Парфенов, В.А.Трифонов, В.П.Шевченко, Л.В.Лысенко, Л.К.Керимов секілді бірқатар педагог-зерттеушілер өз еңбектерінде қиын балалардың қиқарлық сияқты жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуына, әлеуметтік-педагогикалық факторлардың әсер ететіндігіне баса назар аударды. Сондай-ақ, бастауыш сыныптағы балалар мен жеткіншектердің мінез-құлықтарын, спорттық, өзіндік және жеке жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықпалды күшейту, отбасындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы іс-әрекеттерге балаларды қатыстыру арқылы жеңудің әртүрлі жолдарын көрсетті.

Ғалым Л.Керимов өзінің қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған еңбектерінде қиын баланы зерттеуді, ең алдымен, отбасындағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады. Ол баланың жетіліп қалыптасуында отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, балаға «қиын» атануға алып келетін ата-аналардың және мұғалімнің балалармен қарым-қатынасындағы кемшіліктер екенін айқындады.

Қиын балалардың пайда болуына әсер ететін факторлар:

1. Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс-талас, дау-жанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата-ананың біреуінің болмауы және т.б. жағдайлар себеп болады.

2. Қоғамдық ұйымдар және жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың, әсіресе, балалар тұратын мөлтек аудандарда күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден-бір себеп болатын және жағымсыз жағдай туғызатындар: баланың күнделікті жүріс-тұрыстарын қадағаламау; оның көзінше арақ-шарап ішу; дау-жанжал, ұрыс-керіс туғызу.

3. Жастайынан еңбектену әдет-дағдыларын қалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау. Мысалы, жүргізілген зерттеулердің қорытындысы көрсеткендей, тәртібі нашарлаған балалардың көбінесе ата-аналары моральға жат қылықтар мен теріс әсерлер жасаған.

Баланы дұрыс қалыптастырып, тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болуы керек.

Ғалым-педагог И.Гребенников отбасы қызметін төмендегідей 5 топқа бөледі:

- ✓ ұрпақ жалғастырушылық;
- ✓ экономикалық;
- ✓ тәрбиелік;
- ✓ қарым-қатынастық;
- ✓ бос уақытта балалар демалысын ұйымдастыру.

Демек, отбасында ата-ана осы қасиеттерді біріге отырып, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімді, психологиялық әдіс-тәсілден хабардар болса, отбасындағы ахуал ерекше болмақ.

Қиын балалармен жұмыс істеудің негізгі шарттары:

1) Әрбір қиын баланы жан-жақты зерттеп, мінез-құлықтарының бағыт-бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиеттерін іріктеп алу.

2) Әрбір баланың адамгершілік сапаларын, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3) Әрбір баланың ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және шығармашылық талап-тілектеріне орай қабілеті мен икемділіктерін дамыту, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру.

4) Кейбір қиын балалардың оқу-тәрбие процесінде, ұжымдық өмір қарым-қатынастарында ауытқушылықтар болса, дер кезінде қол ұшын беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою.

Мектепте жүйке жүйесі нашарлаған қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізу көптеген қиындықтар туғызады. Өйткені, әрбір баланың өзіндік ерекшеліктерімен қатар, сырқаттарына байланысты өзгешеліктері бар.


Қиын балаларды тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері 53-суретте берілді.

Кейбір жағдайларда ата-аналардың баланы тәрбиелеудегі төмен білім деңгейіне балаларда қиыншылықтар тудыратын көріністердің белең алуы, баланың қараусыз қалуы, отбасы ішіндегі дау-дамай, маскүнемдік сияқты жағымсыз әлеуметтік факторлар жатады. Мұндай отбасындағы балаларда мінез-құлықтың қарапайым дағдылары, танымдық мотивтері қалыптаспаған және өз жұмысын дербес ұйымдастыру дағдысы болмайды.

Кезінде К.Д.Ушинский: «Адамды жан-жақты тәрбиелеу үшін, оны жан-жақты зерттеу қажет» – деп атап көрсеткендей, психологияны білудің маңызы нақты көрінуде.

Психологияның қажеттілігі педагогикадағы тәрбие мәселесіне келгенде ерекше байқалады. Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсаты даму жолындағы

қоғам талаптарына сай жеке тұлғаны қалыптастыру екендігін айрықша айқындайды. Ал, бұл мақсатқа жету үшін жеке тұлғаның қалыптасу заңдылықтарын, бағыт-бағдарын, қабілетін, қажеттілігін, эмоционалдық ерік-жігерін, дүниетанымын зерттеу қажет. Ол үшін психологтар психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуі тиіс. Психологиялық зерттеу барысында бала дамуының әлеуметтік жағдайын, тәрбиелеу жағдайлары мен түрін, отбасы ішіндегі қатынастардың сипатын толық айқындауы тиіс.



Сурет-53. Қиын балаларды тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері

Мінез-құлқы бұзылған балалармен жұмыс істеу барысында мектеп жасындағы балаларда қиыншылықтар тудыратын көріністердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алып отыру керек. Мінез-құлқы бұзылған балаларға өзімшілдік, өзін-өзі төмен бағалау, қоршаған ортадан агрессивті түрде қорғану, қаңғырып кетіп қалу, ішімдік, нашақорлық және т.б. тұлғаның патологиялық даму факторлары тән болады. Бұл жағдайда баланың іс-әрекеті әртүрлі болады: өзінің кері іс-әрекет нәтижесінің қандай болатынын білмеуі, адамдардың көзқарасын дұрыс түсініп, бағалай алмауы; әрдайым көңіл-күйдің құлазуына бейім болуы. Сондықтан, әрбір педагог баланың ерекшелігін байқаса, балаға ерекше көзқараспен қарап, психолог маманның көмегіне жүгінуі қажет.

Жеткіншектер «қиыншылықтарының» жіктелуі

Жеткіншектік кезең – жеке тұлғаның қалыптасуындағы ең күрделі кезең. Әсіресе осы жаста жеке тұлғаның мінез-құлқы және басқа да жеке басының тұлғалық сапалары қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды.

54-суретте жеткіншектер тәртібінің төмендеуіне әсер ететін факторлар ашылды.



Сурет-54. Жеткіншектер тәртібінің төмендеуіне әсер ететін факторлар

Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әртүрлі жолдарға итермелейді. Ендеше осы үштік элемент отбасы-мектеп-достары барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы болады. Демек, баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер етеді, солай болғандықтан оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты.

И.А.Невский қиын баланың пайда болуы отбасындағы, мектептегі жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігінен деп түсіндіреді. Яғни, ата-ана тарапынан, ұстаздан жылулық сезінбеген, мейірімділік көрмеген бала өмірде өзінің ешкімге қажетсізбін деп есептеп, ашуланшақ, агрессивті, қатыгез болып өседі. Қиын баланың пайда болу себептерін анықтасақ, *біріншіден*, отбасындағы тәрбиеге ал *екіншіден*, мектептегі оқу-тәрбие мәселесіне жіті көңіл бөлу қажет. Өйткені, көптеген психолог ғалымдардың зерттеулеріне жүгінетін болсақ, балалардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себептерін отбасындағы дұрыс тәрбие бермеудің төмендегідей салдарынан болатындығын анықтады:

- ✓ отбасының әлеуметтік және экономикалық жағдайы;
- ✓ ата-ананың баласына немқұрайлы қарауы;
- ✓ қараусыз қалған бала немесе шектен тыс қамқорлық.

Баланың мектепке бейімделу қиындықтарының пайда болуына әкелетін факторлар, яғни жағымсыз тұлғалық сапаның қалыптасуы, бәрінен бұрын тәрбиелеу амалының дұрыс еместігінен көрінеді. Мұндай балалардың ата-аналарының білім деңгейлері жоғары болуы мүмкін, балаға көп көңіл бөліп, танымдық сферасын дамытумен шұғылдануы мүмкін. Бірақ та оларда балаға жағымсыз әсер ететін ата-аналарының арасындағы дау-дамайлы қарым-қатынас бар. Балалардың әрқашан үрейлі, қорқынышты жағдайда болуы жеке тұлғаның эмоционалды, бір қалыпты емес типінің қалыптасуына әкеліп соғады: оларға алаңдаушылық, әлеуметтік жасқаншақтық, өзіне де сенімсіздік сияқты сапалар тән.

Жеткіншектерді мектепке бейімдеуге қарай төмендегідей 3 топқа бөліп қарастыруға болады (55-сурет).



Сурет-55. Жеткіншектерді мектепке бейімдеудің топтары

Белгілі ғалымдар Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович зерттеулерінде ұстазбен бала арасындағы қарым-қатынас, баланың ата-анасына және достарына қарым-қатынасын ашып көрсетті. Жалпы ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, бала мінез-құлқының қиындығы 6-8 сыныптарда, әсіресе ұл балаларда басымырақ байқалады екен.

Мінез-құлқында қиыншылығы бар балаларды төмендегідей топтарға бөліп қарастырады:

- 1) Тән кемтарлығы және жан жарақаты бар балалар.
- 2) Отбасында, мектепте тәрбиелеуден шет қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері факторлардың, әлеуметтік жағдайдың әсері

болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінез-құлқы дұрыс қалыптаспаған балалар.

Сонымен қатар, жаңа ұжымға келген балалар арасында да өзін-өзі жоғары бағалап, айналасындағылар жағынан ерекше көңіл бөлуді талап ететін, көшбасшылық позицияны алуға ұмтылатын, сондықтан да құрдастарымен әрдайым дауласып, келіспей қалатындары да кездеседі. Басқа жеткіншектер де көбіне оларды қабылдамайды және өзінің жағдайына қанағаттанбаушылық оларда жағымсыз эмоциялардың, сыныптастарына деген қарым-қатынастың агрессивтілігінің пайда болуына әкеледі. Бұл жеткіншектер әлеуметтік жағдайға ұзақ уақыт бейімделе алмай, ұжыммен қарым-қатынас бекітуде қиындықтарды сезінеді.

Қиын балалар диагностикасы

П.П.Блонский балаларға төмендегідей сипаттама береді:

✓ *объективті көзқараспен қарағанда қиын бала – педагог жұмысының жемісті еместігі;*

✓ *субъективті көзқараспен қарағанда қиын баламен жұмыс істеу педагогқа өте қиын, одан көп жұмыс істеуді талап етеді.*

Істі бүлдіруші балаларға толыққанды мінездеме бере отырып, П.П.Блонский өз жұмыстарында мектепті, сыныпты ұйымдастыруға баса көңіл бөледі. П.П.Блонскийдің пікірі бойынша, қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы, тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады.

Мектептегі қиын баланы қайта тәрбиелеу, ұжымның алдына төмендегідей әлеуметтік педагогикалық талаптар қояды:

1. Әрбір қиын балаға арналған күнделік жүргізу.

Күнделікте қиын баланы қайта тәрбиелеуді қажет ететін әрекеттері есепке алынады: баланың әр сабақтағы белсенділігі, себепсіз босатқан сабақтары, ата-анасымен, сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен, сыныптағы жолдастарымен қарым-қатынасы, пәндер бойынша үлгерімі және сабақтан тыс уақытты пайдалануы, өз қызығушылығы бойынша үйірмеге қатысуы.

2. Педагогикалық кеңесте және әдістемелік бірлестіктер мәжілістерінде қиын бала мәселесін жүйелі түрде қарастыру.

Арнайы әлеуметтік-педагогикалық шешім шығарылады және хаттама жеке жазылады. Шешімнің орындалуын мектеп директоры қадағалайды.

Оқу жылының аяғында педагогикалық кеңесте жеке қайта тәрбиелеудің нәтижесі талданады, жіберілген кемшіліктерді жою жолдары қарастырылады. Келесі оқу жылына қайта тәрбиелеу жұмысының жоспары жасалады.

Сондай-ақ, қиын баланы тәрбиелеудің ықпалы төмендегідей сұрақтар негізінде анықталып отырады:

«Балалардың арасында әртүрлі жағымсыз әдеттердің көбейіп кетуінің басты себебі неде?» деген сұраққа педагогтардың жартысынан көбі тұрмыстың ауыртпалығы екендігін көрсетеді (13-кесте).

Кесте-13. Сауалнаманың нәтижесі

№	Жауаптар	Сұралғандар жауабын %-ға шаққанда
1.	Күнкөріс, тұрмыстық ауыртпалықтар, жұмыссыздық	52
2.	Отбасындағы шешімін таппаған күрделі мәселелер	32
3.	Басқаларға еліктеуден	16

«Балалар арасындағы ішімдікке әуестікті жою үшін, қандай шаралар жасалу қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа балалардың 59 % ішімдікті өндіруге, сатуға тыйым салу қажеттілігін баса айтты (14-кесте).

Кесте-14. Сауалнаманың нәтижесі

№	Жауаптар	Сұралғандар жауабын %-ға шаққанда
1.	Ішімдіктерді өндіруге, сатуға тыйым салу қажет	59
2.	Маскүнемді жазалау керек	14
3.	Оны жою мүмкін емес	18

Мұғалім баланың осы сұрақтарға берген жауаптарын алғашқы жинақталған ақпарат-мәліметтерімен салыстырып, белгілі бір қорытындыға келеді, жеке жұмыс жоспарына өзгерістер енгізеді.

Осы жұмыстармен қатар мектеп бойынша әлеуметтік мониторинг өткізіліп отырады.

Ең алдымен, балалармен жұмыс істеу жан-жақты зерттеуді, баланың бойындағы ұнамсыз әрекеттердің шығу себебін, тәрбиеленіп-өскен отбасын, тұрмыс-жағдайын, ата-ананың білімі мен бала тәрбиесіне қанша уақыт бөлетінін анықтап, мектептегі тәрбие жұмысының деңгейін зерттеуді жан-жақты білуден бастау керек. Бұл мектеп әкімшілігі үшін мектепте қанша отбасы бойынша қиын балалардың отырғанын білуге және сол балалармен жүргізілетін жұмыс түрін анықтауға қажет.

Контактiлi өзара әрекет әдiстемесi

Даму кезеңінде толысып қалған жеткіншектік шақ болғандықтан, саламатты өмір салты интеллектпен байланысты қарастырылады. Денсаулыққа жеткізер байлық – рухани байлық, шығармашылық еңбек. Психолог ғалымдардың еңбектеріне жүгінсек, тіршілікте ұнамды эмоциялардың маңызы бар екенін байқауға болады.

Экономикалық аспект. Есірткілерді заңсыз түрде түсіру ақша айналымын бірнеше есе арттырып, одан заңсыз жолмен қыруар пайда келтіріп отырады. Мемлекет нашақорларды емдеу мақсатында көптеген қаражат жұмсайды, ол денсаулық саласының өзекті мәселелерін шешу үшін пайдалануға берілетін қаржы көлемінен алынады.

Демографиялық аспект. Заңсыз түрде есірткіні жүйелі түрде қолданатындар қатарына көбіне ер балалар мен жасөспірімдер жатады. Есірткіге тәуелділікті қалыптастыру инстинкті басады да, жыныстық рөлді іс-әрекеттің бұзылысына әкеледі. Екінші жағынан, нашақорлыққа байланысты шамадан тыс көп мөлшер мен бақытсыз жағдайдан туындаған әйел мен еркектер арасында сәйкессіздік қалыптасады. Нәтижесінде жақын уақыт арасында бала туу көрсеткіштері төмендейді, ал жалғыз басты әйел адамдар мен толық емес отбасылар саны артады.

Моральді аспект. Есірткіні жүйелі түрде қолдану барысында жеке тұлға аз уақыт ішінде тез құлдырауға ұшырайды. Діни негізбен бекітілген дәстүрлі моральдің өзі бүгінгі күні үлкен қауіпке ие болып отыр.

Саяси аспект. Нашақорлық таза медициналық өзекті мәселеден жалпы ұлттық көлемдегі проблемаға айналып отыр.

Медициналық аспект. Дәстүрлі наркология (есірткі жайлы ғылым) нашақорлықты емге берілмейтін, созылмалы, уақытымен ремиссия тудырып отыратын ауру деп қарастырады.

Есірткіні қабылдаған кезде, басты үш клиникалық феномен дамиды:

1. *Психологиялық тәуелділік.* Бұл кезде нашақор адам есірткі өмірімен, өзімен, өзге адамдармен байланыс орнататын зат болып табылады.

2. *Физикалық тәуелділік.* Мұнда есірткі біртіндеп ағзадағы зат алмасу процестерінің тізбегін бұзушы қызметін атқарады.

3. *Толераттылық есірткіге үйрену* (әуестіліктің қалыптасуы).

Психологиялық аспект. Нашақорларды кез келген адам типтерінің арасында кездестіруге болады. Нашақорлық және психоактивті заттарды қолданудың алдын алу мақсатында отандық және шетелдік мамандар көбіне барлық іс-шараларды мектеп жасындағы балаларға бағыттайды. Себебі, осы жастағы есірткі қолданатын балаларда әртүрлі аурулар жиі туындайды. Көбіне ол есірткі шегіп алған балалардың тазалық, яғни гигиена сақтамауынан және кездейсоқ жыныстық қарым-қатынасқа түсуінен болатын аурулар. Көптеген мемлекеттерде «қауіп тобының» балалары мен жасөспірімдеріне біршама әлеуметтік көмек көрсететін ұйымдар құрылған. Мысалы, жастар мен балалы әйелдерге «қоғамдық жайлар», жасөспірімдердің уақытша паналайтын «дағдарысты» ұйымдары, түнгі паналайтын үйлер.

Табысқа жетуді құру әдістемесі

Бүгінгі нарықтық заманда қоғамды ізгілікті адамгершілік тұрғыдан жаңартудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыра алатын жаңа тұрпатты, бәсекеге қабілетті, кәсіпкер тұлға тәрбиелеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін жасаудың қажеттігі алға қойылып отыр.

Табысқа жетуде кәсіпкер тұлғаны тәрбиелеу бала мен ата-ана және сынып жетекшісінің өзара қарым-қатынасына құрылатын болғандықтан, олардың өзара әрекеттесуі қазіргі әлеуметтік (нарықтық) ортада іске асырылады.

Әрбір адам материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етіп, ғұмырын өткізеді. Жеке тұлға өзіне тән мінез-құлқымен, қарым-қабілетімен, іс-әрекетімен, көзқарасындағы ерекшеліктерімен дараланып көрінеді. Ендеше,

дара тұлғаның өзіндік ерекшелігін әрқашан да «қоғамдық қатынастардың бірлігінде қарастыру керек» (К.Маркс).

Девианттық мінез-құлықты балалар мен оқушы жастарды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету

Қоғамда жыл өткен сайын қылмыс жасаушылар, нашақорлық, жезөкшелік, девиантты тәртіптегі балалар саны өсіп отыр.

Девианттық мінез-құлық – нормадан ауытқушылық және ол адамның қоғам мен әлеуметтік топта қабылданған, өзін-өзі ұстау нормалары мен ережелеріне сай келмейтін іс-әрекеттері мен құлықтары. Девианттық мінез-құлықтың мәнін түсінуде негізгі екі ұғымды қарастырамыз – «норма» және «қылық». Әлеуметтік норма – бұл нақтылы қоғамда тарихи түрде қалыптасқан жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың немесе ұйымның мінез-құлық ережелерінің мөлшері, этикет, мораль, заңдық нормалар.

Психологияда қылық адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы және сол тұрғыдан оның өзге адамдарға, өзіне, қоғамға және жалпы табиғатқа деген қарым-қатынасын айқындау деп қарастырылады.

Девианттық мінез-құлықты кең және тар мағынада қарастырады.

Тар мағынасындағы девианттық мінез-құлық дегеніміз – жалпы қабылданған нормалардан тыс, жағымсыз, еш адам жақтамайтын ауытқулар.

Кең мағынадағы девианттық мінез-құлық деп қоғамдағы қабылданған нормалар мен әлеуметтік стереотиптерге сай келмейтін кез келген іс-қимылды айтамыз.

Сонымен, девианттық мінез-құлық – кез келген қоғамдағы қабылданған әлеуметтік мінез-құлық нормаларына қайшы келетін қылықтар жүйесі.

Танымал әлеуметтанушы И.С.Кон: «Девианттық мінез-құлық – ол психикалық саулық, құқық, мәдениет және адамгершіліктің әрекет жүйесі ретінде, жалпы бекітілген ережеден ауытқуы» – деп қарастырды.

Әлеуметтік ауытқуды С.А.Беличева «девианттық мінез-құлық» деп төмендегідей топтастырады:

✓ пайдақор бағытта: құқық бұзу, материалды, ақшалай, мүліктен пайда табу (ұрлық, алдау, жымқыру, сату және т.б.)

✓ агрессивті бағытта: жеке бас дамуына кері бағытталған қимыл (бұзықтық, соққы, тіл тигізу және т.б.)

✓ әлеуметтік-енжарлық түрі: әлеуметтік және жеке мәселелерді шешу (жұмыс, оқу, нашақорлық, ішімдік және суицид, белсенді өмір сүруден қашу, азаматтық жауапкершіліктен жалтару және т.б.).

Жалпы девиацияны жағымды және жағымсыз деп 2 түрге бөлуге болатындығын 56-суреттен көруге болады.

Девианттық мінез-құлықтың көрсеткіштеріне жататындар: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, ішімдік, нашақорлық, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид және т.б.

Қандай қоғамда болмасын, тіпті дамудың қандай сатысында болса да өзіне ерекше назар аударуды қажет ететін тұлғалар кездеседі. Олар дене жағынан

немесе психологиялық, әлеуметтік жағынан ауытқулары бар адамдар болып табылады. Ондай адамдар қашан да басқа адамдар тобынан ерекшеленіп тұрады.



Сурет-56. Девиацияның түрлері

Мінез-құлқында ауытқулары бар, білім деңгейі нашар, тәртібі төмен, сабақтан көп қалатын, ұстаз талабын орындамайтын, адамгершілігі аз, құрбыларымен тіл табыса алмайтын, сынып мәселелері қызықтырмайтын, ал кейде психикалық дамуы, ойлау қабілеті кейін қалған, ашуланшақ (эртүрлі жүйке ауруларына шалдыққан, тәрбиеге әрең көнетін) балаларды қиын, девиантты балалар қатарына жатқызуға болады.

Сонымен, девиантты іс-әрекеттің нақты құбылыстарда айқындалуы 57-суретте берілді.

Мінез-құлқында ауытқулары бар балаларды тудыратын *себептің бірі* – баланы оқытуда, тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы, бала мінезінде мейірімсіздікті, қатыгездікті, өзімшілдікті туғызады.

Екінші себеп – отбасындағы сәтсіздік, маскүнемділік, ұрыс-төбелес, ұрлық, бәрінен жаманы – ажырасу, неке бұзу.

Үшінші себеп – ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады.

Төртінші себеп – сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарындағы олқылықтары мен кемшіліктері. Мінез-құлқында ауытқулары бар балалар жөнінде сынып жетекшілерінің іс-әрекеті көпшілік жағдайда кейбір жұмыстармен ғана шектеледі. Олар: әңгіме, сынып жиналыстарында талқылау,

балалардың ата-аналарын мектепке шақыру. Мұндай қарапайым жұмыстар бойынша мінез-құлқында ауытқулары бар балаларды жан-жақты білу мүмкін емес.



Сурет-57. Девиантты іс-әрекеттің нақты құбылыстарда айқындалуы

Мінез-құлқында ауытқулары бар балаларды тудыратын *себептің бірі* – баланы оқытуда, тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы, бала мінезінде мейірімсіздікті, қатыгездікті, өзімшілдікті туғызады.

Екінші себеп – отбасындағы сәтсіздік, маскүнемділік, ұрыс-төбелес, ұрлық, бәрінен жаманы – ажырасу, неке бұзу.

Үшінші себеп – ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады.

Төртінші себеп – сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарындағы олқылықтары мен кемшіліктері. Мінез-құлқында ауытқулары бар балалар жөнінде сынып жетекшілерінің іс-әрекеті көпшілік жағдайда кейбір жұмыстармен ғана шектеледі. Олар: әңгіме, сынып жиналыстарында талқылау, балалардың ата-аналарын мектепке шақыру. Мұндай қарапайым жұмыстар бойынша мінез-құлқында ауытқулары бар балаларды жан-жақты білу мүмкін емес.

И.А.Невский, Л.С.Колесова бойынша, сыртқы факторлар негізінде қаланатын мінез-құлықты түзетуге жататындар:

1. *Қоғамда болып жатқан процестер:* қоғамдық құндылықтың иерархиялы өзгеруі; мемлекеттік идеологияның болмауы; қылмысты жазалауда заңның дұрыстығы; құқық қорғау қызметкерлерінің өз жұмысына жауапкершілік алуы; жұмыссыздық (ашық және жабық); отбасында әлеуметтік қолдау мен жәрдемақының дұрыс қарастырылмауы; ақпарат көздері арқылы қаталдық және зорлық туралы көп насихат жасалуы; баланы дене және психикалық жағынан түзетуге және көмек көрсетуге қажетті мекемелердің аздығы; ақысыз сапалы үйірмелердің және қосымша білім алу көздерінің қарастырылмауы, керісінше ішкілік пен темекіні жарнамалау және оны сатып алу оңайлығын сөз етуге болады.

2. *Отбасы жағдайы және оның ахуалы бүтін емес отбасы.* Отбасының материалды жағдайы (кедейлік және байлық), ата-ананың төменгі әлеуметтік-мәдени деңгейі, отбасында тәрбие стилінің болмауы (ата-ана қаталдығы, балаға жүйелі талаптың қойылмауы, жазалаудың әділ болмауы); балада өзіндік құндылықтың болмауы; баланың мүмкіндік қажеттілігін өтеуде асыра сілтеушілік немесе жеткізбей бағалау; ата-ананың ішімдік пен нашакорлыққа құмарлық танытып пайдалануы; ата-ананың шектен тыс мейірімінен балаға психологиялық белсенділік туғызатын заттарды пайдалануға шек қойылмауы.

Жалпы әр бала үнемі жақсы психологиялық жағдайда тәрбиеленуі, оқуы, өсуі қажет. Сонда балада жағымды «Мен» бейнесі қалыптасады, өзіне деген сенімділігі туады. Мұндай «Мен» бейнесі кез келген баланың жақсы жағдайда нәтижеге жетуіне, дұрыс дамуына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде тәртіп бұзушылықтың алдын алуға байланысты туындаған мәселенің бәріне шешім табу, балалардың әр жас деңгейіндегі психикалық даму мүмкіндіктерін анықтау, белгілеу және девианттық мінез-құлықты балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды дер кезінде көрсету әр сынып жетекшісінің және мектеп психологының міндеті.

Мектептен тыс ұйымдармен (милиция, наркологиялық-дәрігерлік мекемелер, орталықтар және т.б.) өзара әрекеттестік

Мектептен тыс ұйымда оқу-тәрбие процесі балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Ұйымда балалардың аурудан сақтануы, олардың денсаулығын нығайту, денесін шынықтыру, саламатты өмір салтын ынталандыру шараларының орындалуы қамтамасыз етіледі.

Бала тәрбиесінде өзара әрекеттестікте жұмыс жасайтын мекемелер – аудандық, қалалық, әкімшілік жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекция, балалар құқығын қорғау жөніндегі департамент, психологиялық-педагогикалық кабинет, жол полициясы, наркологиялық-дәрігерлік және саламатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары, бұқаралық ақпарат құралдары (58-сурет).

Мектептен тыс ұйымдарға жататындар:

- балалардың шығармашылық сарайлары, үйлері, орталықтары, кешендері, студиялары;

- жас техниктердің, туристердің, натуралистердің станциялары мен базалары;

- музыка, көркемөнер және спорт мектептері, өнер мектептері;

- ынта-ықыластары бойынша клубтар;

- спорттық, сауықтыру, туристік лагерьлер;

- парктер, стадиондар, галереялар және т.б.

Мектептен тыс ұйымның негізгі міндеттері:

1) балалардың жеке басының дамуы, денсаулығын нығайтуы, кәсіптік бағдарын айқындауы, шығармашылық еңбегі, өздерінің қабілеттерін іске асыруына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

2) балаларды қоғам өміріне бейімдеу;


3) балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;

4) өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, саламатты өмір салтын қалыптастыру.



Сурет-58. Өзара әрекеттестікте жұмыс жасайтын мекемелер

Мектептен тыс қоғамдық ұйымдар – әуез, өнер мектептері, спорт мектебі, мәдениет үйі, орталық кітапхана және т.б. түрлі мекемелер (59-сурет).



Сурет-59. Мектептен тыс қоғамдық ұйымдар

Балалар мен оқушы жастар арасында жағымсыз көріністерді жоюды қамтамасыз етуге қабілетті, баланың қараусыздығының алдын алу жүйесін жетілдіру

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «...жастар соның ішінде әсіресе, өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесі оларды саламатты өмір салтына әзірлеуден басталады. Сондықтан, халық арасында, оқу және тәрбие орындарында саламатты өмір салтын насихаттайтын пәрменді іс-шаралар жүргізілуі тиіс» – деп, іс-шаралардың төмендегідей негізгі бағыттарын жүзеге асыру жағы нақтыланып, ұсынылды:

- нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес;
- темекі мен ішімдікті тұтынуды қысқарту;
- ана мен баланың денсаулығын жақсарту.

Жасөспірімдердің бойын ауытқымалы мінез-құлық нышандарынан арылту арқылы олардың бойына қоғамда қабылданып, орнығып келе жатқан рухани жаңа құндылықтық бағдарларды, соның ішінде ұлтжандылықты, азаматтылықты, жоғары моральдық және адамгершілік қадір-қасиеттер мен мұраттарды, қоғамдық тәртіп ережелері мен құқықтық нормалардың талаптарын орындаушылықты қалыптастыру, жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процестерінің негізгі міндеттерінің бірінен саналады.

Себебі, қазіргі кезеңде қоғам өмірінің кейбір жақтарын қамтып отырған әлеуметтік дағдарыс (жұмыссыз жүрген бұқара көпшілік), жастар бойында (оның ішінде балалар да бар) моральдық тұрғыдан терең күйзеліс сезімін тудырып, оларды кәдімгідей бүлдіруші күшке айналып барады.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік педагогтар балалар арасында жағымсыз көріністерді жою және баланың қараусыздығының алдын алу жүйесін жетілдіруде, мектептің тәрбие ісінде басшылыққа алуына болатындай көптеген төмендегідей оң ұсыныстар беріп отыр:

- ✓ баладағы құндылық бағдарының мазмұнын анықтау;
- ✓ отбасы тұрмысындағы қарым-қатынастарды, сәтсіздіктерді, бала тәртібін қадағалаудағы ата-ананың іс-әрекеттерін зерделеу;
- ✓ баланың сабақтан тысқары уақытын қадағалау;

✓ баланың шартсыз топтарға қатысуын, ондағы көшбасшылық деңгейін зерттеу;

✓ баланың девиантты тәртібінің себептерін анықтау;

✓ балаға көмек көрсету үшін мақсатты және жүйелі түрде тәрбие жұмысын жүргізу және т.б.

Ұлы педагог А.С.Макаренко бойынша сынып жетекшісінің қиын балалармен атқаратын жұмыстары:

- қиын баланың пайда болу себеп-салдарын білу және әрбір баланың өзіндік ерекшеліктерін, тәрбие жағдайын анықтау;

- мінез-құлқында аз да болса оң өзгеріс байқалса, соны дамытып, өрбіту, яғни теріс қылықтарына өзін қарсы қойып, өзін қайта тәрбиелеуге дайындау;

- отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктерді жою, ата-ана мен бала арасындағы қатынасты жүйеге түсіру;

- қиын баланың ынта-ықыласын, талап-тілегін, қызығушылығын ескеріп, қоғамдық пайдалы еңбектерге қатыстырып, тапсырмаларды бар зейінімен орындауға бетбұрыс жасату;

- өзін-өзі қайта тәрбиелеуге қабілеті жететініне сенімін арттыру, жеке басын құрметтеуге үйрету, барша балаға біркелкі талаптар қою, педагогикалық ынтымақтастық қатынаста болу.

Сондай-ақ, отбасының көшіп-қонуы, баланың мектеп ауыстырып, ол мектепке үйренуі, сыныптағы балалармен тіл табысуы баланың үлгеріміне, тәрбиесіне сыныптық, мектепшілік, қоғамдық жұмыстарға қатысуына кедергі жасайтыны белгілі. Осыған орай, сынып жетекшілерінің балалар арасында жағымсыз көріністерді болдырмауда балаға назар аударып, оған керекті, қолдан келер бар жағдайды жасап, қадағалағандары дұрыс.

Қиын баласы бар ата-ананың жіберетін басты қателігі – оларда педагогикалық білімнің жетіспеушілігі, тіпті кейбір тәрбиелі деген отбасының өзі педагогикаға қарама-қайшы тәрбие береді:

а) үлкендердің тырысып бағатыны барлық жақсыны балаға беруі;

б) туыстары мен ата-анасының баланың шын қабілетін асыра бағалауы: *«Менің балам өте ынталы және керемет ақылды, басқалармен салыстырғанда қабілетті, барлығын да біледі»;*

в) отбасылық тәрбие алдамшы идеядан құрылады (балалық шақ ешқандай қиындықсыз болу керек): *«Үлкен болғанда барлығына да үлгереді, жұмыс та істейді, қиындықты да көреді»* деп есептеуі;

г) кейбір ата-ананың алдамшы қате ойы – балаға тәрбиені тек мектеп береді: *«Біздің уақытымыз жоқ, біз жұмыс істейміз! Ал ұстаз сол үшін жалақы алады»* деп санауы;

д) баланың оқуын, үйдегі дайындығын қадағалауы: *«Біздің уақытымыз жоқ», «Менің балам ақылды, ол нашар оқыса, оған ұстаз кінәлі»;*


е) жалпы айтқанда, отбасы ешқандай жамандыққа тәрбиелемейді, балаға дұрыс тәрбие жетіспеушіліктің барлығына мектеп, көше кінәлі.

Көптеген ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, қиын баланың пайда болуы отбасында басталады.

Жасөспірімдердің бойында жиі кездесетін төмендегідей кемшіліктерді атап көрсетуге болады:

- үлкендермен, жолдастарымен тіл табыса алмауы (мақтаншақтық, дөрекілік және т.б.);
- өзін-өзі ұстай алмауы, өзін меңгере алмауы;
- дұрыс тәрбие алмауы, соның салдарынан тиянақты еңбек ете алмауы;
- өзіне деген өмірдегі сенімсіздік, тіршіліктегі пассивтілік, ынжықтық және т.б.;
- жіберген қателіктерін дер кезінде түзете алмауы.

Н.Т.Молчанов, В.И.Сеньконың зерттеуі бойынша 60-суретте қиын балалар шығуының әлеуметтік көрсеткіштері берілді.



Сурет-60. Қиын балалар шығуының әлеуметтік көрсеткіштері

Қиын балаларды қайта тәрбиелеудің педагогикалық шарттары:

- ✓ Қиын балаларды зерттеуді қоршаған ортадан бастау.
- ✓ Қиын баланы қайта тәрбиелеуді оны қоршаған ұжымының бағдар-бағыттауы бойынша әдептілік жолымен жүргізу.
- ✓ Қиын балаларды тәрбиелеу жұмысын жиі, бірізді, тұрақты, ғылыми ұйымдастырылған түрде жүргізу.
- ✓ Ойлау қабілеті зақымдалған балаларды уақытында емдеуді ұйымдастыру.

Балалар мен оқушы жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу жүйесін жетілдіру

Тәуелсіз еліміздің дамуының бірден бір ерекшелігі – қоғам өміріндегі діннің нығаюы болып табылады. Баршамызға белгілі, соңғы уақыттарда дінге сенушілер саны көбеймесе азайған емес. Соның ішінде халқымыздың 70 %-дан астамы ислам дінін ұстанады. Қазіргі таңдағы ең маңызды мәселенің бірі – қоғамдағы діннің ролі. Еліміздегі діни ахуал, діни сенім, қоғамдық сана мен мәдениетіміз де үлкен орынға ие. Сонымен қатар, шын мәнінде діннің рухани қуаты, ғасырлармен шыңдалған адамгершілік қағидалары, ел бірлігі мен адамдар татулығының, әсіресе жастардың рухани, моральдық тәрбиесінің қайнар көзі болып табылатындығын айта отырып, мемлекеттік деңгейдегі осы

маңызды мәселелерге байланысты мемлекет, қоғамдық бірлестіктер және үкіметтік емес ұйымдар тарапынан, жастардың тәрбиесіне кері әсер беретін жат діни ағымдардың мәнін түсіндіру және балалар мен жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу жүйесін жетілдіруді тұрақты түрде ұйымдастыру.

Экстремизм – бұл жеке және заңды тұлғаның, жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және жасауы.

Жеке және заңды тұлғаның, жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің төмендегідей экстремистік мақсаттары:

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құрылымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

- нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

- діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және жасауы.

Экстремизмнің алдын алу – экстремизмнен сақтандыруға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі.

Діни экстремизм – қоғамға қауіп төндіретін қылмыстық іс-әрекет болып табылады. Діни экстремизмнің қауіп төндіретін негізгі объектісі – қоғамдық қауіпсіздік. Әрине, бұл қылмыс түрі экстремистік сана мен белсенді әрекеттерден туындайды.

Қазақстан Республикасы аумағында жасөспірімдер арасында діни экстремизмнің алдын алу жүйесін жетілдіру мен күресудің маңызы ерекше. Себебі, Қазақстанда 130 жуық ұлттар мен этностар тұрады. Сонымен қатар 47 конфессияға қарасты 4000 астам тіркелген діни бірлестіктер өз қызметтерін жүргізуде. Ұлтаралық және дінаралық татулықты сақтау – мемлекеттің ең басты міндеті. Қоғам болғандықтан әртүрлі қылмыстар болуы мүмкін. Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – мемлекет аумағында тұрып жатқан ұлттардың, қоғамның және барлық азаматтардың қауіпсіздігін, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде терроризм, жалпы экстремизм түрлерімен, оның ішінде діни экстремизм мен Халықаралық заңдарға сәйкес, Халықаралық ұйымдар шеңберінде күресіп келеді.

Қазақстан Республикасы аумағында құқық қорғау органдары діни экстремизммен күресу үшін әуелі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және де өзге де нормативтік құқықтық актілерге сүйенеді.

А.Д.Дәрменов экстремизмнің алдын алу үшін оған қарсы күресуші субъектілерді екі топқа бөледі:

- 1) мемлекеттік институттар (заң шығарушы, атқарушы, сот жүйесі);
- 2) саяси партиялар, қоғамдық және діни бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сонымен қатар экстремизмді ескертуге, алдын алуға мүмкіншілігі бар тұлғалар.

Білім саласындағы орталық атқарушы орган білім беру ұйымдарында балалардың экстремизм идеяларын қабылдамауын, халықаралық құқық пен ізгіліктің көпшілік таныған принциптерін құрметтеуін, қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік бағдарламалардың бекітілуін және іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. «Қиын балалар», «девиантты балалар» ұғымдарының мәні.
2. «Проблемалы балалар», «қауіпті балалар тобы» ұғымдарының мәні.
3. Қиын балалар диагностикасы.
4. Девианттық мінез-құлықты балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
5. Мектептен тыс ұйымдармен өзара әрекеттестік.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Мінез-құлықтағы қиындық және «ауытқушы мінез-құлық» ұғымы қай жылдары пайда болды?

XX ғасырдың 1920-1930 жылдары

2. «Қиын бала – бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, ұстаздың ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін бала» деген кімнің зерттеуінде кездеседі?

В.В.Трифонов зерттеуінде

3. Әлеуметтік ауытқуды «девианттық мінез-құлық» деп топтастырған тұлға:

С.А.Беличева

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз

ҚИЫН БАЛАЛАР ДИАГНОСТИКАСЫ

Әрбір қиын балаға арналған
күнделік жүргізу

Педагогикалық кеңесте және әдістемелік
бірлестіктер мәжілістерінде қиын бала мәселесін
жүйелі түрде қарастыру

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. «Қиын балалардың басым көпшілігі – мектептегі оқуда қиындықтарға кезігіп, оқу бағдарламасын дұрыс меңгере алмай, ұжымнан тысқары қалып қалған балалар» деген пікір кімдерге тиесілі:

- A) Г.М.Минковский
- B) Д.В.Колесов
- C) Л.М.Зюбин
- D) П.П.Блонский
- E) А.С.Макаренко
- F) Л.М.Фридман
- G) В.И.Зверева
- H) Л.И.Божович

2. Қиын балалардың қиқарлық сияқты жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуына, әлеуметтік-педагогикалық факторлардың әсер ететіндігіне баса назар аударған педагог-зерттеушілер:

- A) В.А.Трифонов
- B) И.Ф.Назаров
- C) Л.К.Керімов
- D) Н.И.Новикова
- E) Р.М.Капралова
- F) Н.М.Амосов
- G) В.А.Ядов
- H) В.П.Тугаринов

3. Балалардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себептері:

- A) Отбасының әлеуметтік және экономикалық жағдайы
- B) Отбасында балаға немқұрайлы қарау
- C) Балаға деген шектен тыс қамқорлық
- D) Тәрбие жұмыстарындағы олқылықтар
- E) Балада жауапкершілік сезімінің жоқтығы
- F) Отбасындағы сәтсіздік
- G) Балаға жеткілікті түрде көңіл бөлмеу
- H) Баланың іс-әрекетін қадағаламау

4. Жеткіншектер тәртібінің төмендеуіне әсер ететін факторлар:

- A) Ата-ананың пікірімен келіспеушілік
- B) Мектептегі қиындық пен сәтсіздік
- C) Тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату

- D) Отбасындағы сәтсіздік
- E) Баланың пән мұғалімін жақтырмауы
- F) Отбасындағы экономикалық жағдайдың төмендігі
- G) Балаға деген шектен тыс қамқорлық
- H) Баланың сынып жетекшісін жақтырмауы

5. Жеткіншектерді мектепке бейімдеудің топтары:

- A) Бейімделуі аз, шиеленіссіз өткен
- B) Бейімделудің кешеуілдігімен
- C) Оқу жылының соңына дейін мектепке бейімделмеген
- D) Оқу жылының соңына дейін ешбір кедергісіз бейімделген
- E) Бейімделуінің өте баяулығымен
- F) Оқу жылының ортасына дейін мектепке мүлдем бейімделмеген
- G) Оқу жылының ортасына дейін мектепке бейімделген
- H) Бейімделуі жылдам, шиеленіспен өткен

6. Девианттық мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқудың С.А.Беличева бойынша топтастырылуы:

- A) Пайдақор бағытта
- B) Агрессивті бағытта
- C) Әлеуметтік-енжарлық түрі
- D) Белсенді түрі
- E) Үнемдеу түрі
- F) Көңілді бағытта
- G) Әлеуметтік бағытта
- H) Тарихи бағытта

7. Девиантты іс-әрекеттің нақты құбылыстарда айқындалуы:

- A) Спирттік ішімдікті пайдалану
- B) Агрессиялық әрекет
- C) Өз-өзіне қол салу
- D) Тіл тигізу
- E) Адамгершілік әдептен ауытқу
- F) Ұнамсыз көңіл-күй
- G) Жағымсыз қарым-қатынас
- H) Дұрыс тамақтанбау

8. Баланың мінез-құлқында ауытқуларды тудыратын себептер:

- A) Ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы
- B) Отбасындағы ажырасу, неке бұзу
- C) Тәрбие жұмыстарындағы олқылықтар
- D) Отбасындағы әлеуметтік жағдай
- E) Балаға деген шектен тыс қамқорлық
- F) Баланың іс-әрекетін қадағаламау
- G) Балаға жеткілікті жағдайда көңіл бөлмеу

Н) Агрессиялық әрекет

9. А.С.Макаренко бойынша сынып жетекшісінің қиын балалармен атқаратын жұмыстары:

- А) Қиын баланың пайда болу себеп-салдарын білу
- В) Қиын баланы қайта тәрбиелеуге дайындау
- С) Отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктерді жою
- Д) Балаға жан-жақты зерттеу жүргізу
- Е) Тәрбие жұмыстарындағы кемшіліктерді жою
- Ғ) Баланың бос уақытты дұрыс пайдалануын қадағалау
- Г) Балаға бақылауды күшейту
- Н) Баланы үйірмелерге қатыстыру

10. Қиын балаларды қайта тәрбиелеудің педагогикалық шарттары:

- А) Қиын балаларды зерттеуді қоршаған ортадан бастау
- В) Қиын балаларды қайта тәрбиелеуді әдептілік жолымен жүргізу
- С) Қиын балаларды тәрбиелеу жұмысын ұйымдастырылған түрде жүргізу
- Д) Қиын балаларды зерттеуді отбасынан бастау
- Е) Қиын балаларды тәрбиелеу жұмысын ата-анамен бірлесе жүргізу
- Ғ) Қиын балаларды үнемі қадағалау
- Г) Қиын балаларды зерттеуді мектептен бастау
- Н) Қиын балаларды тәрбиелеу жұмысын сынып жетекшісінің басшылығымен жүргізу

Тәрбие тағылымы

	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <p>✓ Барша адамды сақтаса, ұят қана сақтайды, Игі іске бастаса, ұят қана бастайды. Ұят – қасиет, нұр құяды өңіне, Ол сүйрейді ізгіліктің өзіне</p> <p>✓ Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды</p>
<p style="text-align: center;">Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни (1020- ...)</p>	



Луций Анней Сенека
(б.з.д. IV-V ғғ.)

Білгенге маржан

✓ Басқаларды үйрете жүріп, біз өзіміз үйренеміз

✓ Өмір де мысал өлең секілді:
ұзақтығымен өлшенбейді,
мазмұнымен өлшенеді

9-тақырып. Дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі

«Интеллект», «қабілеттілік», «дарындылық», «талант» ұғымдары

Қазіргі замандағы білім беру тұжырымдамасының бағыты – ізгілікті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасау, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» – деп атап көрсетті. Дарынды тұлғаны қалыптастыру және дамыту – қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсаттың бірі болып табылады.

Интеллект (лат. «intellectus» «түсіну, ұғыну, танып білу) – интеллектуалды және іс-әрекеттің нақты түрінде нәтижеге жету мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін, арнайы қабілеттерді қамтитын, интеллектуалды іс-әрекеттердің арнасы және ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі.

«Интеллект» ұғымы өзінің ғылыми мағынасына қарамастан, шексіз талдауларға толы. В.Штерн интеллекттің жаңа өмір шарттарына жалпы қабілеттердің бейімделуін жатқызады. В.Штерн бойынша, бейімделу – өмірлік міндеттерін ақылдылық әрекеттер арқылы шешу.

Р.Стернберг «интеллект» ұғымын интеллектуалды қылықтың үш формасы ретінде көрсетеді:

а) вербалды интеллект: сөз қоры, шеберлік, оқығанын түсіне білу біліктілігі;

б) мәселелерді шешу қабілеттілігі;

в) кәсіби интеллект: қойылған мақсатқа жету біліктілігі.

Интеллект концепциясы ХХ ғасырдың соңғы кезеңдерінде дамыды.

Интеллект – адамның қолданбалы, көрнекі-бейнелі немесе символдық түрде мақсат қойып, орындаудың ең тиімді жолын тауып алуға қабілеттілігі.

Кейде қабілетті «табиғаттан берілген» тұма қасиет деп есептейді. Дегенмен, ғылыми талдаулар тек нышан туа пайда болуы мүмкін, ал қабілет – нышанның даму нәтижесі болып табылатындығын көрсетеді.

«Қабілет» ұғымына берілген психологиялық, педагогикалық анықтамалар саны өте көп. «Қабілеттілік» деп әрекеттің талаптарын қанағаттандыратын және үлкен жетістіктерге жеткізетін адамның қасиеттерінің синтезін атайды.

Қабілеттілік – бұл білім алуға қажетті адамның жеке ерекшеліктері.

«Қабілеттілік – іс-әрекеттің белгілі түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауында көрінетін адамның жеке қасиеті», – деп жазады академик Т.Тәжібаев.


Педагогтар қабілеттердің төмендегідей деңгейі болатындығын дәлелдейді:

▪ *Репродуктивті (өнімсіз)* – іс-әрекетті не білімді берілген үлгі бойынша қабылдау және меңгере алу деңгейі.

▪ *Шығармашылық* – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттіліктер деңгейі.

С.Л.Рубинштейн, Б.М.Теплов еңбектерінде іс-әрекеттің нәтижелігі бойынша «қабілеттілік», «дарындылық» және «талант» ұғымдарының мәні ашылады. Қабілет іс-әрекеттің нәтижелі болу мүмкінділігіне байланысты бір адамды екінші адамнан өзгешелейтін жеке-даралық психологиялық сапа ретінде қарастырылады.

Б.М.Теплов қабілетті адамдар арасындағы жеке-даралық психологиялық өзгешелік деп қарастырды. Б.М.Теплов қабілеттілікке анықтама бере отырып, оның төмендегідей 3 белгісін көрсетіп берді (61-сурет).



Сурет-61. Б.М.Тепловтың зерттеуі бойынша қабілеттіліктің белгілері

Қабілеттілік – адамның өз бейімділігі және шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиеті. Қабілеттің дамуының табиғи негізін құрайтын нышандардың жиынтығы – дарындылық.

«Дарындылық» ұғымы сый («дар») сөзінен шыққан және ол дамудың қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді. Педагогикалық энциклопедияда «Дарындылық – белгілі іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін, адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі» – деген анықтама беріледі.

Дарындылық ұғымы ХХ ғасырдың 40-50-жылдарында психолог Б.Тепловтың еңбектерінде толығырақ зерттеледі. Ғалымның дәлелдеуінше, белгілі бір күрделі іс-әрекетті жүзеге асыруда қабілеттіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады. Белгілі бір іс-әрекеттің ұтымды орындалуына тікелей әсер етуші қабілеттіліктің ерекше сапалық жиынтығын дарындылық деп тұжырымдаған.

Дарындылық адамның сәби кезінен байқалатын ерекше қабілеттілігі, өнердің бір түріне туа бейімділігі. Айталық, Дюрер 3 жасында өз суретін салса, Моцарт 7 жасында төрт соната жазған, Гаусс 14 жасында өзін математика әлеміне танытқан. Қабілеті жан-жақты дамыған адамды дарынды деуден гөрі қабілетті деген орынды болады. Дарындылық туа біткен ерекше қасиет. Дарындылық мәселесіне зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе алмаған. Баланың дарындылығы – оны өз құрдастарымен салыстырғанда, бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарлығымен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы.

Еңбексүйгіштік, еңбек етуді ылғи да қажет етіп отыру, оралымды ойлау, талдау мен жинақтау, жүйелі пікір айтуға бейімділік – дарынды балалар психологиясының басты белгілері.

«Талант» ұғымына анықтама беруде оның туа біткен сипаты ескеріледі. Талант қандайда бір нәрсеге дарындылық, ал дарындылық туа берілген қабілеттілік деп түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, талант – іс-әрекетке жоғары жетістікті қамтамасыз ететін, туа біткен қабілеттілік.

Талант – қоғамдық маңызды, нақты және жоғары дамығандығымен ерекшеленетін, іс-әрекет нәтижесін алуға мүмкіндік беретін, дарындылықтың жоғары деңгейі.

Шетелдік сөздіктерде «талант» («talanton») туа біткен қасиетті көрсететін, ерекше табиғи қабілет деп көрсетіледі. Дарындылық таланттың бір күйі, ол таланттың көріну деңгейі ретінде қарастырылады. Дарындылық түсінігі тәуелсіз, өзіндік ұғым ретінде энциклопедиялық сөздіктер мен шетел сөздерінің түсіндірме сөздіктерінде қабілеттің көріну деңгейімен сипатталады. Қабілет туралы ой қозғағанда, адамның қандайда бір нәрсені істеуге мүмкіншілігі көрсетіледі, ал талант, дарындылық туралы айтқанда, адамның аталмыш қасиеттің (қабілет) туа біткен сапасының сипаты көрсетіледі. Осыған қоса қабілет те, дарын да іс-әрекеттің нәтижелілігінде көрінеді.

Сонымен, талантты адам дегеніміз – жоғары білікті шығармашылықпен жұмыс жасайтын адам. Жалпы таланттың қалыптасуы үшін, тек ақыл-ой

деңгейі ғана емес, сондай-ақ оқу-тәрбиелік әсердің де, жас кезеңдердің де мәні зор.

Ж.Аймауытов өз еңбектерінде «жақсы қойылған сұрау жауап тілейді» дей отырып, балалардың түрлі қабілеттерін дамытуға байланысты жақсы тапсырмалар мен сұраулар қойылса, соған сәйкес бала бойындағы талантының жан-жақты әрі мәнді көрінуіне әсерін тигізетіндігін көрсетеді.

Ұлттың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы «дарындылық» феномені

«Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасында: «Ұлттың интеллектуалдық капиталы болып табылатындар:

- әрбір жеке тұлғаның зияткерлік, моральдық, мәдени дамуы, кәсіби білімі мен біліктілігі;

- жеке тұлғаның оң психологиялық, моральдық ерекшеліктері, ұлттық дәстүрлері;


- жоғары кәсіби іскерлік, білімділік, тәрбиелік, патриотизм, азаматтық белсенділік, үлкен жауапкершілік, ержүректілік, әділдік, еңбексүйгіштік;

- әлеуметтік ұжымда өзін-өзі ұйымдастыра, басқара алуы» деп көрсеткендей, бүкіләлемдік қоғамдастық аясында өзара байланыс орнату, тәжірибе алмасу, өндірісті жандандыру (өмірдің барлық саласында) ерекше қарқындылықпен жүзеге асырылуда. Бұл мақсатта мемлекеттің ойлау қабілеті жоғары мәселені қойып, оны шешудің тың жолын ұсына алатын адамдарға сұранысы артып отыр. Мұндай қасиеттер әдетте ерекше қабілетті, дарынды адамдарда болатыны белгілі.

Осыған байланысты, барлық әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-педагогикалық міндеттерінің бірі – дарынды балалар мен жастардың өзіндік ұлттық интеллектуалдық әлеуетті мүмкіншіліктерін жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызу.

«Дарындылық» феноменін зерттеуге деген қызығушылық терең ғасырлар қойнауында (б.з.д. V ғасыр) жатыр, бұл «ерекше қабілеттерді қоғамдық және ғылыми танымның объектісі ретінде қараудың» дәлелі болмақ.

Дарындылықтың құрылымын ұсынғандардың ішінен ең маңыздысы болып, белгілі американдық ғалым Дж.Рензуллидің үш шеңберлі моделін атауға болады. Бұл тұжырымдамада дарындылық үш бөлігінің бір-біріне тығыз қарым-қатынасы арқылы құралатыны айтылады (62-сурет).



Сурет-62. Дж.Рензуллидің үш шеңберлі моделі

Дж.Рензуллидің көзқарасының маңызды жағы дарындылықты табиғи құбылыс деп түсіндіре келе, «дарындылық» ұғымының «әлеует» (потенциал – латын сөзі *potentia* – күш, бір нәрсеге қабілеттілік) ұғымына алмастырады. Оның моделі әмбебап секілді дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде ғана емес, барлық балаларға да қолдануға болатыны анықталды. Осы тұжырымдама әртүрлі бағдарлама жасауға негіз болған.

Дарынды балаларды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасында 1996 жылдан бастап, дарынды балаларға арналған Дарын мектептері ашылды.

Дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін жүзеге асыру үшін жас таланттарды табу мен қолдауға мемлекеттік «Дарын» бағдарламасы бекітілген.

Бұл бағдарламаның мақсаттары төмендегідей негізде көрсетілген:

✓ дарынды балалар мен жастарды іздеу (анықтау), тәрбиелеу және оқытудың негізгі стратегияларын айқындау;

✓ Қазақстан Республикасының интеллектуалдық әлеуетін біртекті үздіксіз құру, қалыптастыру және дамыту процестерінің біртұтастығы;

✓ талантты жастардың қоғамдық-мәдени тұрғыда қалыптасуына ықпал жасау.

Заманауи ғылыми білім-білікке ие және еліміздің инновациялық дамуына үлесін қоса алатын, интеллектуалды тұлға дайындауда дарынды балаларға әлемнің үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін, Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру, еліміздегі адами капиталдың дамуына қосылған елеулі үлес болды.

Қазақстан – қазіргі уақытта білім беру, адам мен бала құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға қатысушы болып табылады. Бұл – Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы, Бала құқықтары туралы конвенциясы, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық декларациясы, Еуропа өңірінде жоғары білім беруге жататын біліктілікті тану туралы Лиссабон конвенциясы, Болон декларациясы және т.б.

Дарынды балаларға арналған 3 тілде оқытатын мамандандырылған мектептердің желісі құрылған. Қазіргі кезеңде республикада 3 тілде оқытатын 40 жуық мектеп жұмыс істейді.

Қазіргі кезеңде республикамызда дарынды балаларға арналған 20 Назарбаев Зияткерлік мектептері жұмыс жасайды.

Ұлттық жоғары мектепте білім берудің әлемдік деңгейіне жету жөнінде шаралар қабылданды: Қазақстан Еуропалық білім кеңістігіне енді, Болон Декларациясына қосылды, Астана қаласында әлемдік деңгейдегі беделді жоғары оқу орны – Назарбаев Университеті құрылды.

Дарындылық және қабілеттілік түсініктерінің сипаттамасымен байланысты шығармашылық, талант, данышпандық сияқты феномендерге тоқталмауға болмайды. Шығармашылық – бұл жеке тұлғадағы қабілеттілік, мотив, білім дағдысының бар болуы.

Талант – қабілеттіліктің жоғары деңгейі.

Дарындылық – бұл бірдей өмір шартында қатарларымен салыстырғанда, үйрену мен оқуға аса жоғары қабылдаулары мен шығармашылық ерекше көрініс берулері. Бұл – тек ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына бағытталған кейбір талап-мақсат, адам іс-әрекетінің кез келген әлеуметтік маңызды сферасында белгілі жетістіктерге жете алу қабілеті.

Дарындылықтың диагностикасы

Кейінгі жылдары жоғары мектеп тәжірибесінде диагностикаға педагогтардың оқыту, тәрбиелеу және білім беру нәтижелерін өлшейтін арнайы қызметінің жүйесі ретінде қарауға көп көңіл бөлінуде.

Дарындылық диагностикасы – балалардың жүйелі түрде меңгерген білім, іскерлік, дағдыларын анықтау, талдау және бағалау. Оқытудың нәтижелілігі – бұл диагностикалау кезінде көздеген мақсаттың жүзеге асу деңгейін көрсету дегенді білдіреді.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуымен тығыз байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы, сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбиелеу мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Дарынды балаларды анықтау мәселесі – білім беру ұйымдарындағы балалардың танымдық және тұлғалық дамуы үшін жағдайлар жасау мәселесі деп қарастырылуы қажет. Ол өз кезегінде дарындылық белгілері бар балаларды анықтап, олардың жетілуі мен әрі қарай дамуына қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Бала дарындылығын немесе қандай да бір қабілетін анықтау

мақсатында балалар психологтары Хоан мен Кафф ата-аналар үшін сауалнама ұсынады. Бұл сауалнама арқылы бала бойынан 8 қабілет анықталады:

- ✓ техникалық;
- ✓ музыкалық;
- ✓ зерттеу қызметі;
- ✓ әртістік;
- ✓ интеллектілік ерекшелігі;
- ✓ спорттық;
- ✓ әдеби;
- ✓ сурет салу.

Психология саласында бала дарындылығының диагностикасы 2 деңгейде қарастырылады: теориялық және әдістемелік.

Бірінші деңгей – *теориялық* әдістерді өткізуге және өңдеуге арналған бағдарламаға қызмет ететін дарындылық тұжырымдамасын анықтайды. Бұл әдістердің нәтижесі болашақта әрбір баланы оқыту және дамыту мәселелерінің дидактикалық аспектілерін өңдеуге негіз болып табылады.

Екінші деңгей – *әдістемелік*. Дарындылық концепциясының қабылданған мақсаты мен дарынды балаларды теңестіруге мүмкіндік беретін бағдарламаларды өңдейтін және дамытатын психологиялық-диагностикалық шаралардың алға қойған мақсатын сәйкестендіріп өңдейді және жинақтайды.

Диагностика – оқу-тәрбие процесінің жемісі мен нәтижесі жөніндегі ақпараттарды алу үшін қолданылатын тәсілдер.

Диагностика міндеттері:

- балалар дамуының барысы мен нәтижесін талдау (баланың білімге дайындығы, психикалық жетілу деңгейі, білім жолында ілгерірек қарқыны және т.б.);

- оқу процесі мен оның нәтижесін талдау (сауаттылық көлемі мен тереңдігі, игерілгенді қолдану ептілігі, ойлау деңгейі, шығармашылық іс-әрекетке қабілеті және т.б.);

- тәрбие процесі мен ондағы жетістіктерге талдау беру (тәрбиелік деңгейі, адамгершілік сенім-наным тереңдігі мен қуаты, адамгершілік мінез-құлық бітістерінің қалыптасу деңгейі және т.б.).

Диагностика принциптері б3-суретте көрсетілді.

Диагностика принциптері:

Ұзақ уақыттылық принципі. Бала дамуының деңгейін анықтауға бағытталған психологиялық-диагностикалық зерттеудің ұзақ уақытқа созылуы.

Тренингтік әдістер мен тәсілдерді қолдану принципі. Дарынды балаға дамытушылық ықпал ете отырып, оның психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді үзбей пайдалану.

Кешенді бағалау принципі. Баланың қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін, мінез-құлқы мен іс-әрекетін, интеллектуалдық қабілетінің даму деңгейін жан-жақты және кешенді сипатта бағалау.

Жоғары санатты тәжірибелі мамандарды тарту принципі. Баланың бойындағы дарынды бағалауда ата-ана, педагог және психологты, сондай-ақ басқа да жоғары санатты тәжірибелі мамандарды тарту.

Экологиялық әдіс диагностикасына сүйену принципі. Баланың білімін, ойлауын, сезім еркінің бірлігін зертханалық жағдайда ғана айқындамай, «шынайы» жағдайдағы мінез-құлқын бағалау.



Сурет-63. Диагностика принциптері

Креативтілікті дарындылық деп қарастырушылардың бірі – Е.П.Торенс. Ол дарындылық білімдердің кемшіліктерді, білмейтіндерін, жетіспейтін элементтерді және т.б. жақын қабылдайтын дарындылық ақауларын көрсетіп берді. Дарынды балалармен жүргізілген жұмыс, әрбір бағаланатын фактор бір өлшеммен байланысты болады. Мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін диагностикалық жұмыстың түзетуші (коррекциялық), дамытушы әсері де оған параллель болуы керек. Зерттеуші балалардың өзара қарым-қатынас құруына, оның психикалық дамуына және дарындылық дамуына жағдай жасайтындығын көрсетеді.

Онда негізгі үш жағдай көрсетіледі:

- баланың өзара қарым-қатынасы, ересектермен қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасады;
- мектеп жүйесінде ғана кейбір іс-әрекет түрлерін меңгеруге болады, яғни топпен ересек адамдардың қатынасын бірлесіп, қайта жаңғырта алады, соның нәтижесінде баланың бойында түрлі қасиеттер қалыптаса бастайды;
- балалар тобында мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың нормалары мен адамгершілік қасиеттерін меңгеріп, жаттығуға және дарындылықтың алғашқы сатысын қалыптастыра бастайды.

Балалардың шығармашылық дарындылығын зерттеуде Е.Торренстің әдістемесі жалпы креативтілік көрсеткіштерді көрсетіп қана қоймай, оның жеке ерекшеліктерін айқындайды (64-сурет).



Сурет-64. Креативтіліктің жеке ерекшеліктері

Креативтіліктің жеке ерекшеліктері:

- *ойдың ұшқырлығы:* көптеген идеяларды ойлап табуға қабілеттілігін бейнелеуі;
- *икемділігі:* жағдаяттарға байланысты әртүрлі идеяларды ұсына білуі;
- *ерекшелігі:* инновациялық идеяларды ұсына білуі;
- *өңдей білуі:* фигуралы сұрақтарды бағалау үшін, идеяларды нақты дәлелдей білуі.

Сонымен, әр балаға дарынды баланың жеке картасы ашылып, мұнда психологиялық диагностиканың тереңдетілген қорытындылары жазылып отыруы, бұл арқылы баланың болашақтағы даму бағдарының анықталуы қажет деп есептейміз.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардағы педагогикалық іс-әрекеттің қағидалары мен заңдылықтары

Әрбір педагог балаларды өмірге дайындаудағы, жүргізілетін жұмыстардағы педагогикалық іс-әрекетінде өзінің негізгі функциясын нақты сезінетін, жаңашыл іс-әрекеттерді игеріп, оны жүзеге асыра алатын маман болуы қажет.

Осы тұрғыда, қабілетті балаларды анықтау және олармен жұмыс жүргізу әрбір педагогтың міндеті.

Соған сәйкес, дарындылықты анықтауға негіз болатын дарынды балалардың төмендегідей 3 категориясын бөліп көрсетуге болады:

✓ ақыл-ой дамуының ерекше жоғары деңгейіне ие балалар (мұндай балалар көбінесе мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасында кездеседі);

✓ арнайы ақыл-ой дарындылығының белгілеріне ие балалар – ғылымның белгілі бір саласындағы дарындылық (мұндай балалар жеткіншектік жаста анықталады);

✓ белгілі бір себептерге байланысты оқу іс-әрекетінде ешқандай табыстарға қол жеткізбеген, алайда танымдық белсенділігімен, психикалық жүйесінің біртұмалылығымен және ақыл-ой қорының бірегейлілігімен ерекшеленетін балалар (мұндай балалардың мүмкіншіліктері көбінесе, жоғарғы сыныпта көрініс береді).

Атақты америкалық педагог Л.Холлингуорт педагогтар мен ата-аналарға дарынды балалардың төмендегідей кейбір ерекшеліктеріне мән беруді ұсынады:

• *Мектепті жақтырмау:* мұндай қатынас көбінесе оқу бағдарламасының қызықсыз, зеріктіргіш болуынан туындайды.

• *Ойындағы қызығулар:* дарынды балаларға күрделі ойындар ұнайды, сондықтан орташа қабілетке ие достарының ойындары оларды қызықтырмайды.

• *Конформдылық:* дарынды балалар стандартты талаптарды қабылдамайды және конформизмге әуес болмайды, әсіресе сол стандарттар олардың қызығуларына қарама-қайшы немесе мағынасыз болатын болса.

• *Философиялық мәселелерге шому:* дарынды балалар өлім, өлімнен кейінгі өмір, діни сенімдер тәрізді құбылыстар туралы ойланады.

• *Физикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамудың сәйкес болмауы:* дарынды балалар көбінесе өздерінен жасы үлкен балалармен қарым-қатынас жасағанды ұнатады, соның салдарынан оларға көшбасшы болу қиынға соғады.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардағы педагогикалық іс-әрекетте, мектепке бейімделу кезеңінде пайда болатын мәселелерді де ескерген жөн.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардың талаптары, педагогикалық қағидалары 65-суретте ашылды.

Қазіргі кездегі балалармен жүргізілетін жұмыстардағы педагогикалық іс-әрекетте В.Григорьевский мен Н.Буторина дарынды балалармен жұмыс жасауға арналған төмендегідей іс-шаралар кешенін ұсынады.

Бұл кешен үш кезеңнен тұрады:

✓ ата-аналар, педагогтардың топтық тестілеу және әлеуметтік топтық парақтардың көмегімен қабілетті балаларды анықтауы;

✓ әуестіліктері мен қызығуларын ескере отырып, психологиялық тестілеудің көмегімен балаларды диагностикалауы;

✓ балалардың қабілеттіліктерін дамыту және тереңдетуге бағытталған арнайы бағдарламалар бойынша педагогтың жүргізетін жұмысы.

<p>Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстардағы ескерілетін талаптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ бала позициясының ерекшелігі: іс-әрекеті қуанышты, мұнды, қайғылы, жабырқаулы, көңілді және т.б.; ➤ бала санасының ішкі әлемінің ерекшелігі: симпатия, антипатия, бауырмалдылығы, саналылығы; ➤ іс-әрекеттік тәсіл, іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілдері мен практикалық ойлау ерекшелігі: өмірде туатын мәселелерді шешу тәсілдері; ➤ бала дамуының динамикасы: іс-әрекет ритмі, эмоционалды максимум импульстер саны 	<p>Педагогтың дарынды балалармен жүргізетін жұмысының бағыттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ баланың дамуына мүмкіндіктер беру; ➤ оза және дамыта оқыту; ➤ жекелей және саралай оқыту принципін қолдану; ➤ кез келген жағдайда өзін еркін және қолайлы сезінуіне жағдай жасау; ➤ балалардың бірлесе отырып, жұмыс жасауына жағдай жасау; ➤ балалардың қызығушылықтары мен бейіміне қарай қосымша курсты таңдау құқығын беру; ➤ сыныптан тыс әрекеттің рөлін арттыру; ➤ төзімді болу; ➤ бала мен мұғалім арасындағы ынтымақтастырылған жұмыстың нәтижелілігі
<p>Дарынды балалармен жұмыс жүргізгенде жүзеге асатын педагогикалық қағидалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ жеке бала туралы мәліметте күнделікті өмірдегі мінез-құлқы негізге алынады; ✓ жеке бала туралы мәліметтік сауалнама өзіндік бағалау әдісі арқылы алынады; ✓ жеке бала туралы мәлімет объективті тесттерді жүргізу көмегімен алынады 	

Сурет-65. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардың педагогикалық қағидалары

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардың кезеңдері:

1. Баланың дарындылық бағытын анықтау.
2. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс бағдарламасын түзу.
3. Баланың шығармашылығын дамыту үшін күрделі тапсырмалар беру.
4. Баланың шығармашылық жұмысына ата-ананың мүмкіндігін пайдалану.
5. Бала жұмысына объективті баға беру.
6. Баланың ішкі әлеуетін толық пайдалану.
7. Тапсырманың орындалуын қадағалау.

Мектеп шеңберінде педагогикалық ұжымның дарынды балалармен жүргізетін тәрбие жұмыстарының жүйесі

Дарынды балаларды анықтау және олармен жұмыс жүргізу кез келген мектептің өзекті мәселесі болып табылады.

Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет. Әрбір талантты бала шығармашылық тапқырлықпен еңбек етеді. Ал педагогтың міндеті – балалардың көзге түсе бермейтін қабілетін көре білу және оны дамытуды жүзеге асыру.

Мектеп шеңберінде педагогикалық ұжымның дарынды балалармен жүргізетін тәрбие жұмыстарының жүйесі – дарынды балалардың дамуына және жасырын жатқан дарындылық пен қабілеттің шыңдалуына әсер ететін маңызды фактор болып саналады.

Осы орайда, мектеп шеңберінде педагогикалық ұжымның дарынды балалармен жұмыс жүргізу жүйесі бар.

Педагогтың дарынды балалармен жұмыс жүргізу мақсаты – жан-жақты білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, дені сау, барынша қабілетті баланы қалыптастыру; бала дарынының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре дамыту, жетілдіру, дарынды балалармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру.

Педагогтың дарынды балалармен жұмыс жүргізу міндеттері:

- балалардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру;
- балалардың шығармашылық жеке дарындылығын дамыту;
- дарынды баланың шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Жұмыс жоспары төмендегідей жүйелеу кезеңдеріне бөлінеді:

1. Ерекше қабілетті балаларды анықтау.
2. Бала қабілеттілігінің бағытын анықтау.
3. Ой-өрісін дамыта түсу үшін жұмыс жүйесін құру.
4. Дарынды балалармен жекелеген жұмыстар жүргізу.

Сынып жетекшісі әр балаға арналған дарындылықты дамыту бағдарламасын да жасайды. Онда баланың ерекше көзге түсетін қабілеттері сипатталады, олардың дамуына қажет болатын жағдайлар, дамытушы іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді формалары қарастырылып, іске асырылады.

Сынып жетекшісінің дарынды балалармен оқудан тыс жеке жұмыс жүргізу бағдарламасы төменде көрсетілген үлгімен жасалуы мүмкін (15-кесте).

Кесте-15. Дарынды балаларды анықтаудың дарындылық бағдарламасы

Тәрбиелену-шінің аты-жөні	Дарындылығы анықталған сала	Дарындылық пен ерекше қабілеттерді дамытудың шарттары	Дамытушы іс-әрекетті ұйымдастыру формасы
Гүлнұр	бейнелеу өнері	Ынтымақтастық атмосферасы, танымдық іс-әрекет, ата-аналар мен достарының қолдауы	«Шебер қыл қалам» студиясына қатысу, арнайы көркемсурет байқауларына қатысу және жеке көрмесін ұйымдастыру

Жүйелеу нәтижесі барысында төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болады:

- ✓ дарынды балаларды мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатыстырып, қабілеттерін дәлелдеу;
- ✓ жас ерекшелігін ескере отырып, қабілетіне қарай баланы жүйелі дамыту, оған қолдау көрсету;
- ✓ әр дарынды баланың ынтасын, дарындылығын қамти отырып, шығармашылық жұмыстарын таратуға мүмкіндіктер беру;
- ✓ осы жағдай дарынды баланы бақылауға, дұрыс бағыт беруге, жеке тұлғалық дамуына мүмкіндік туғызады.

Баланың шығармашылық әлеуеті әртүрлі білім аймағынан дамуы мүмкін, бірақ көркемдік дамудағы өзіндік табиғи әрекеті әлдеқайда, шынайы болып табылады.

Топтық дамытушы бағдарламасын сынып жетекшісі өзіне тиімді үлгіде жасауға да болады (16-кесте).

Кесте-16. Топтық дамытушы бағдарламасы

Топтың шығармашылық және танымдық бағытталуы	Топтың құрамы	Дамушы іс-әрекетке және шығармашылыққа баулу жұмыстары
тарихи-өлкетану	Гүлнұр, Жандос, Сандуғаш	тарихи күнтізбе жасау, тәуелсіздік күніне арналған шығармашылық сағаттарын дайындау және т.б.

Дарынды балалармен жүргізілетін оқудан тыс жұмыстар мектептің тәрбие жүйесінің кешеніне біріктіріліп, жүйелі жүргізілсе, мектептің жұмысы нәтижелі болады.

Дарынды балалармен жүргізілетін оқудан және мектептен тыс жұмыстар:

✓ *Интеллектуалдық бәсекелер:* пән апталықтары барысындағы түрлі интеллектуалдық ойындар, арнайы ұйымдастырылатын «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойыны, мектепшілік «Абай оқулары» және т.б.

✓ *Шығармашылық байқаулар:* мектепшілік «Біз таланттарды іздейміз» сахналық өнер байқауы, «Алтын күз», «Жігіт сұлтаны», «Қыз аруы» байқаулары, «Жас қанат» әдеби шығармашылық байқауы, «fotostil» сәндік жобалар байқауы және т.б.

✓ *Кіші Ғылым Академиясы:* ғылыми жобалармен мектепшілік, облыстық және республикалық жарыстарға қатысу және т.б.

✓ *Олимпиадалық резерв мектебі:* мектепшілік, облыстық, республикалық олимпиадаларға дайындық және қатысу т.б.

✓ *Шығармашылық және танымдық бірлестіктердегі іс-әрекет:* «Шебер қыл қалам» студиясы, «Айгөйлек» би студиясы, «Пікірсайыс дебаты» клубы және т.б.

✓ *Ұжымдық шығармашылық істер:* мекерекелік кештер, КВН, викториналар және т.б.


✓ *Сыртқы бағдарламаларға қатысу:* пікірсайыс, қалалық, облыстық, республикалық шығармашылық байқауларға қатысу және т.б.

✓ *Психологиялық жұмыс:* интеллектуалдық және креативтілік деңгейлерін анықтау, балалардың даму карталарын жүргізу және т.б.

✓ *Спорттық жұмыс:* спорттық үйірмелердегі жұмыс, мектепшілік спорттық жарыстар, қалалық, облыстық жарыстарға қатысу және т.б.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың түрлері:

- ✓ Дарынды балалармен жүргізілетін топтық және жеке жұмыс түрлері.
 - ✓ Мектеп компонентінен берілетін факультатив сабақтарды жүргізу.
 - ✓ Әртүрлі пәндер бойынша бала компонентінен берілетін таңдау курстарын жүргізу.
 - ✓ Қызығушылықтарына қарай үйірме, спорт секцияларына қатысу.
 - ✓ Түрлі интеллектуалдық, шығармашылық, спорттық сайыстар жүргізу.
- Дарындылықтың бағыттары және дамыту жолдары бб-суретте ашылды.



Сурет-66. Дарындылықтың бағыттары

Дарындылықтың бағыттары:

1. Жалпы интеллектуалдық дарындылық:

- пәндік олимпиада, әртүрлі жарыстарға қатыстыру;
- қашықтықтан оқыту олимпиадаларына қатыстыру;
- интеллектуалдық, шығармашылық сайыстарға қатыстыру;
- мектепшілік балалардың ғылыми қоғамына мүше болу.

2. Көркемдік-шығармашылық дарындылық:

- үйірме, конкурстарға қатыстыру;
- концерт, фестиваль, көрмелерге қатыстыру.

3. Спорттық дарындылық:

- секция, жарыс, жиындарға қатыстыру.

Сонымен, дарынды балалармен мектеп шеңберінде жүргізетін тәрбие жұмысының жүйесі дегеніміз – мектептік және мектептен тыс сипаттағы тәрбиелік білім беру мекемелерінің өзара байланыс пен қарым-қатынастағы басқару органдарының жиынтығы.

«Дарынды ұстаздан дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды балалардың көп болуы, дарынды шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтарға байланысты.

Дарынды балалармен мектептен тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі

Дарындылықтың дамуында отбасы маңызды рөл атқарады, соның ішінде:

- отбасы құрылымы мен оның эмоционалды ахуалы;
- бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас стильдері;
- ата-аналардың бала дарындылығына қатынасы.

Бала мен ата-ананың қарым-қатынас стилі туралы мәселе аса ауқымды зерттелген. Ғалымдар баланы қатты бақылауға алу, күш көрсету, қысым көрсету сияқты стильдер дарынды баланы дамытуға мүмкіндік бермейді деп санайды. Р.Хесс, В.Шипман және т.б. зерттеушілер өзара іс-әрекетте ата-аналардың қарым-қатынас стилін императивті, инструктивті деп бөледі.

Императивті стильге төмендегідей бұйрықтар сәйкес келеді: «Мен айтқан секілді жаса...», «Тыныш отыр...». Ата-аналар баласының айтқандарын бұлжытпай, орындауын күтеді. Олардың қатынасы ересектің беделіне негізделеді. Мұндай стиль балада пассивтік және тәуелділікті дамытады.

Инструктивті стильде ақпарат көбірек болады, ал талаптар төмендегідей болып негізделеді: «Ойыншықтарыңды жина, ал мен еденді сыпырамын...». Ата-аналар баламен өзінің теңі ретінде әңгімелеседі. Олардың талаптары, заңдылықтары саналы түрде жүреді. Бұл балада инициативалықты дамыту (бастау) және қаттылыққа тәрбиелейді. Ата-аналардың бала дарындылығына деген қатынасы маңызды болып табылады. Бұл фактор – бала мүмкіндіктерін іске асыруға әсер ететін негізгілердің бірі.

Балалардың шығармашылық дарындылығын қалыптастырудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның интеллектуалдық дамуы, ой-өрісінің, рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасы мен белсенділігінің, іскерлігінің жоғары деңгейде қалыптасуына толық мүмкіндік беруі, жағдай жасауы.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

1. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. «Интеллект», «қабілеттілік» ұғымдарының мәні.
2. «Дарындылық», «талант» ұғымдарының мәні.
3. Дарындылықтың диагностикасы.
4. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардағы педагогикалық іс-әрекеттің қағидалары мен заңдылықтары.
5. Дарынды балалармен мектептен тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. «Интеллект» ұғымын интеллектуалды қылықтың үш формасы ретінде қарастырған ғалым:

Р.Стернберг


2. «Қабілеттілік – іс-әрекеттің белгілі түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауында көрінетін адамның жеке қасиеті» деп жазған академик:

Т.Тәжібаев

3. Дарынды балалармен жүргізілетін оқудан және мектептен тыс жұмыстардың бірі – бұл:

интеллектуалдық бәсекелер

III. Шығармашылық тапсырмалар. Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз



Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Ғалым Р.Стернберг «интеллект» ұғымын интеллектуалды қылықтың үш формасы ретінде көрсетеді:

- А) Вербалды интеллект
- В) Мәселелерді шешу қабілеттілігі
- С) Кәсіби интеллект
- Д) Шығармашылық интеллект
- Е) Мәдени интеллект
- Ғ) Қарама-қайшылықты шешу қабілеттілігі
- Г) Рухани интеллект
- Н) Мәселелерді шеше алмау қабілеттілігі

2. Дж.Рензуллидің үш шеңберлі моделі:

- A) Интеллектуалдық қабілеттіліктер
- B) Шығармашылық қабілеттіліктер
- C) Тапсырмаға қызығу
- D) Спорттық қабілеттіліктер
- E) Ақыл-ой қабілеті
- F) Тапсырмаға қатысу
- G) Рухани қабілеті
- H) Әртістік қабілеттіліктер

3. Балалар психологтары Хоан мен Кафф бойынша бала дарындылығын анықтауда танылатын қабілеттер:

- A) Әртістік
- B) Спорттық
- C) Интеллектілік ерекшелігі
- D) Би билеу
- E) Гуманитарлық
- F) Шығармашылық
- G) Тарихи
- H) Ғылыми

4. Диагностика принциптері:

- A) Ұзақ уақыттылық
- B) Тренингтік әдістер мен тәсілдерді қолдану
- C) Кешенді бағалау
- D) Жеке-дара бағалау
- E) Қысқа мерзімдік
- F) Математикалық әдіс диагностикасына сүйену
- G) Жас мамандарды тарту
- H) Топтық бағалау

5. Креативтіліктің ерекшеліктері:

- A) Ойдың ұшқырлығы
- B) Икемділігі
- C) Ерекшелігі
- D) Жүйелілігі
- E) Тіл байлығының молдығы
- F) Талдай білуі
- G) Қиялдың ұшқырлығы
- H) Ғылымилығы

6. Б.М.Тепловтың зерттеуі бойынша қабілеттіліктің белгілері:

- A) Бір адамды екінші адамнан ажыратуға негіз болатын жеке даралық ерекшелік
- B) Нәтижесі табысқа сәйкес жететін ерекшелік
- C) Қабілет деген түсінік адамда бар білім, ептілік және дағдымен ғана шектеліп қоймайтындығын айтады
- D) Адамдағы дара және дербес ерекшелік
- E) Білім, іскерлікті меңгеруге қабілетті деп санайды
- F) Қабілет деген түсінік адамдағы іскерлік және дағдымен ғана шектелетінін
- G) Бір адамда болатын дербес ерекшелік
- H) Жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті

7. В.Григорьевский мен Н.Буторина ұсынған дарынды балалармен жұмыс жасауға арналған іс-шаралар кешені:

- A) Қабілетті балаларды анықтау
- B) Психологиялық тестілеудің көмегімен балаларды диагностикалау
- C) Бағдарлама бойынша педагогтың жүргізетін жұмысы
- D) Бала жұмысын дұрыс бағалау
- E) Үлгермейтін балалармен жұмыс жүргізу
- F) Дарынды балаларды анықтау
- G) Ата-аналармен байланысты нығайту
- H) Тапсырманың орындалу дәрежесін қадағалау

8. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардағы педагогикалық іс-әрекеттің негізгі заңдылықтары:

- A) Дарынды баланы анықтау
- B) Сабақты жаңа технологиямен өту
- C) Жаңа тапсырмалар беру
- D) Баланы жан-жақты зерттеу
- E) Ата-анамен ынтымақтастық байланыста болу
- F) Жаңа технологиямен тәрбиелік іс-шаралар жүргізу
- G) Баланы үйірмелерге қатыстыру
- H) Сынып жетекшісімен ынтымақтастық байланыста болу

9. Дарынды балалармен жүргізілетін оқудан және мектептен тыс жұмыстар:

- A) Интеллектуалдық бәсекелер
- B) Шығармашылық байқаулар
- C) Ұжымдық шығармашылық істер
- D) Интеллектуалдық ойындар
- E) Шығармашылық кештер
- F) Қоғамдық пайдалы еңбек
- G) «Жас талап» ғылыми жоба апталығы
- H) Әлеуметтік жұмыс

10. Дарындылықтың бағыттары:

- A) Интеллектуалдық дарындылық
- B) Көркемдік-шығармашылық дарындылық
- C) Спорттық дарындылық
- D) Табиғи дарындылық
- E) Мәдени дарындылық
- F) Әдеби дарындылық
- G) Рухани дарындылық
- H) Ақыл-ой дарындылығы

Тәрбие тағылымы

 <p>(1841-1889)</p> <p>Ыбырай Алтынсарин (1841-1889)</p>	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <p>✓ Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе</p> <p>✓ Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда мұғалім оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс</p>
 <p>Ги де Мопассан (1850-1893)</p>	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <p>✓ Өзін сыйлай білмеу – бақытсыздық, өзіне шексіз риза болу – ақымақтық</p>

10-тақырып. Оқушылардың денсаулық пен саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің іс-әрекеті

«Құндылық», «құндылық қатынас», «саламатты өмір салты» ұғымдары

Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары жайлы түсінік XIX ғасырдың ортасында пайда болды.

Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарда жеке тұлғаның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын, сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды.

«Құндылық» ұғымының мазмұнынан С.Ф.Анисимов, А.Г.Здравомыслов, М.С.Каган, В.П.Тугаринов, В.А.Ядов және т.б. ғалымдар қоғамдық сананың барлық түрлерінің белгілерін айқындайды.

67-суретте қоғамдық сананың белгілері берілді.



Сурет-67. Қоғамдық сананың белгілері

В.Т.Тугаринов жеке тұлға нені қастерлейді, соның барлығы құндылық деп анықтайды. Ол – зат, табиғат құбылыстары, қоғамдық процестер, жеке тұлғаның іс-әрекеттері, мәдени құбылыстары болуы мүмкін.

М.Г.Казакинаның анықтамасы бойынша, құндылық – бұл сыртқы құбылыс (зат, құбылыс, іс-әрекет), сананың дәлелі (идеал, бейне, ғылыми концепция); құндылық – бұл, біз баға беретін объект.

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап, бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын, қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады.

Құндылық объектінің жеке тұлға үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды.

Ол *пәндік* және *субъективтік* деген екі бөліктен тұрады. Пәндік және субъективтік құндылық – жеке тұлғаның дүниеге қатынасының екі жағы, біріншісі – оның объектісі, екіншісі – субъектісі. Сондықтан пәндік құндылық – баға берудің объектісі, ал субъективтік құндылық – олардың өлшемі мен әдісі болып табылады. Пәндік құндылыққа заттардың табиғи қажеттілігі, өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттың теориясы, маңызы мен тәжірибелік пайдасы, жеке тұлғаның іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылық ұғымына қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар жатады. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, жеке тұлға өмірінің мәніне және т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар жеке тұлға мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады. Жеке тұлға өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды.

Оның шынайы өмірге *құндылықтық қатынасы* тек сана негізінде болуы мүмкін. Құндылықтық сана заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді.

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті, құндылық жеке тұлғаның өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды.

«Саламаттылық» – әлеуметтік саулықтың, есендіктің толыққанды түрдегі жағдайы.

Өмір салты – оған жеке тұлғаның денелік, интеллектуалдық және еңбек әрекетін, тұрмыстық өзара қарым-қатынасын, дағдысын, орныққан мінез-құлқын, өмір сүру қарқынын, бірсарынды жұмысын, демалысын және қарым-қатынас ерекшелігін жатқызуға болады. Олай болса, өмір салты – деннің саулығына нәтижелі ықпал ететін саламатты өмір сүруді білдіреді.

Саламатты өмір салты – физикалық және психикалық денсаулықты сақтауға және нығайтуға, жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіруге апаратын, ерік-жігердің көрінуін, іс-әрекет пен мінез-құлықты түсінуді талап ететін жеке тұлғаның белсенді жағдайы.

Денсаулық пен саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудың әлеуметтік-экономикалық шарттары

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің төмендеуі және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында: «...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» тәрбиеленушілерді саламатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, саламатты өмір салтын мұрат тұтқан тәрбиеленушілерді яғни, жеке тұлғаны тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Халық денсаулығының жағдайы тек қоғамдық дамудың ғана көрсеткіші емес, сонымен бірге қуатты экономикалық, еңбек, қорғаныс және мәдени әлеует болып табылады.

Қазіргі кездегі жас ұрпақ денсаулығының нашарлау себебі, тәрбиеленушілердің имандылық-рухани құндылығының күрт төмендеуінен, санитарлық мәдениеттің жеткіліксіздігінен, қарапайым гигиеналық дағдылардың болмауынан және өз денсаулығына жауапсыз қарағандығынан болып табылады.

Саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыруда қойылатын міндеттер:

✓ саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыру жөнінде мамандарды көпдеңгейлі дайындықтан өткізу үшін, мемлекеттік жалпы орта білім беретін стандартты жасау;

✓ тәрбиеленушілердің саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыруды, білім беру бағдарламалары арқылы арттыру;

✓ саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудың жүйеге келтірілген кешенді жаңа үлгісін жасау;

✓ бағдарламалардағы мәліметтердің компьютерлік (ақпараттық) жиынтығын, оқу құралдарын, оқу фильмдерін және т.б. дайындау;

✓ саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыру саласында қолданбалы зерттеулердің маңызын арттыру;

✓ зиянды заттардың (темекі, ішімдік, улы есірткілі заттар және т.б.) алдын алу жөніндегі әртүрлі педагогикалық технологияларды дайындау;

✓ денсаулықты нығайту орталығын ашу;

✓ саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудың инфрақұрылымын дамыту (спорттық базалар, спорттық ойындарға арналған алаңша, спорт түрлерін іріктеу және т.б.).

Денсаулық пен саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыруды жүзеге асыру төмендегідей мәселелердің шешілуін талап етеді:

▪ құқықтық ортамен қамтамасыз ету;

▪ ақпарат рөлін арттыру;

▪ саламаттанудан білім беру рөлін күшейту, білім беру ұйымдарында саламатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі оқу-әдістемелік орталық құру;

▪ саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыру бойынша қолданбалы зерттеулердің рөлін арттыру.

«Саламаттану – денсаулықты сақтау» бағдарламасы жеке тұлға мен бүтіндей қоғамды өз денсаулығына жаңаша көзқараспен қарауын қалыптастыру, тіршілік пен мекен ортасының сапасын көтеру арқылы, мектеп жасындағы тәрбиеленушілер мен жастар денсаулығын жақсартуға бағытталған.

Бағдарламаны ендіру төмендегідей мүмкіндіктер тудырады:

1) мектеп жасындағы тәрбиеленушілер мен жастар денсаулығын нығайту;

2) гигиеналық сауаттылықты арттыру;

3) денсаулықты сақтау әдістері мен қағидаларын қалыптастыру;

4) саламатты өмір салтының негіздері мен түрлерін танып білу;

5) психологиялық алдын алу және психологиялық гигиенаның әдістерін қолдану;

6) өз денсаулығын сақтауға жауапкершілікті арттыру;

7) мектеп жасындағы тәрбиеленушілердің дене қимылдары белсенділігін күшейту;

8) түрлі жұқпалы және тәндік созылмалы аурулардың пайда болуынан сақтандыру;

9) ауырсындыратын әуестіктерге – темекі, ішімдік, есірткі және уытты заттарды пайдалануға жиіркенішпен қарауға үйрету;

10) адамгершілік-имандылық негіздер және соларға барабар әлеуметтік мінез-құлыққа жаттықтыру.

Болашақта білім бағдарламаларын жетілдіру, саламаттанудан оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер шығару, жеке мінез-құлықты және денсаулық мүддесіндегі құндылықты дамытуда, жаппай ақпарат құралдарының тиімділігін

көтеру, саламатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастыру проблемаларынан, халықаралық қызметтестік пен ақпарат алмасуды дамыту қарастырылуы тиіс.

Баланың саламатты өмір салтының негізгі бағыттары

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері, денсаулық үшін күрестің негізгі бағыты – саламатты өмір салтын қалыптастыруға, оны насихаттауға бағытталған шаралар екенін дәлелдейді. Саламатты өмір салтын жас ұрпақ арасында қалыптастырудың маңызы зор. *Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар:* ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдік, темекі, есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына негіз болады.

Сонымен, адам денсаулығына әсер ететін факторлар 68-суретте берілді.



Сурет-68. Адам денсаулығына әсер ететін факторлар

Қазіргі таңда мектеп жасындағы тәрбиеленушілерді саламатты өмір салтына ынталандыру мен денсаулығын қалыптастыру, өзекті жалпы педагогикалық проблемаға айналып отыр.

Жас ұрпақтың денсаулығының маңызды көрсеткіші оның дене дамуы мен денесінің жұмысқа жарамдылығы болып табылады. Осы саладағы кемшіліктің басты себептерінің бірі – тәрбиеленушілердің қимыл белсенділігінің төмендеуі.

Саламатты өмір тіршілігінің негізгі бағыттарының бірі – қимыл-қозғалыс деңгейі. Адам тіршілігіне ауа, су, тамақ қандай керек болса, белгілі деңгейдегі қозғалыстың да маңызы сонша, оны өмір сүрудің ең басты шарттарының бірі ретінде есептейді. Табиғаттың өзі жеке тұлғаның қолына физиологиялық

теңдесі жоқ, денсаулық тәсілін беріп отыр, ол – қимыл-қозғалыс, дене жаттығулары.

Саламатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізі, ол жан-жақты дамыған жеке тұлғаның қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді.

Сонымен қатар, денсаулыққа кері әсер ететін факторлар 69-суретте ашылды.



Сурет-69. Денсаулыққа кері әсер ететін факторлар

Саламатты өмір салтын дұрыс қалыптастыра алмау – режимнің дұрыс сақталмауы, қимыл-қозғалыстың аз болуы, дұрыс тамақтанбауы, жағымсыз жағдайлардың көп болуы, зиянды әдеттерге үйір болуы қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың таралуының басты факторы.

Олай болса, білім беру саласындағы мамандардың барлығының жұмыстары денсаулықты сақтау ұстанымына негізделіп, жүргізілгенде ғана нәтижелі болмақ:

- ✓ ағартушылық (тәрбиеленушілердің арасында никотин, ішімдік, қара-сораның зияндығын айту);
- ✓ тәрбиелік (тәрбиеленушілерді саламатты өмірге жетелеу);
- ✓ денсаулықты сақтау (улы заттардан адамның ағзасын сақтау).

Оқушының саламатты өмір сүру стилінің негізгі компоненттері: аса жүктемесіз оқу режимі, бос уақытын қозғалыс тұрғысынан ұйымдастыру, жеке бастың гигиенасы, дағдылы тамақтану, травматизмнің болмауы, саламатты дағдылар, дене белсенділігі

Саламатты өмір салты – жеке тұлғаның тіршілік жағдайын денсаулығына сәйкес таңдауы, яғни жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның жоғары гигиеналық мәдениеті.

Ағзаның қорғаныш қабілетін жоғарылатуға әртүрлі іс-әрекеттер мен демалысты дұрыс пайдалану, рационалды тамақтану, жақсы қимыл-қозғалыс белсенділігі, дене шынықтыру, шынығу, жеке бас гигиенасын сақтау, өзінің денсаулық жағдайына ерекше көңіл бөлу, жақсы экологиялық жағдай әсер етеді. Бұл жағдайда, тәрбиеленушілердің өзіне қажетті тіршілік ортасын қалыптастыра алмайтындығын ескеру керек. Сондықтан мұндай жағдайларды қалыптастыру негізінен, ата-аналар мен тәрбиешілерге байланысты. Яғни, тәрбиеленушінің болашақтағы мінез-құлқы оның сәби кезінен бастап тіршілік ортасына байланысты болады.

Денсаулық – әрбір жеке тұлға бақытының негізгі компоненті. Бүгінгі таңда тамақтану мәдениеті дегеніміз – бірқалыпты тамақтану, тағамдардың әртүрлі болуы, қай кезде және қандай мөлшерде тамақтану қажеттігін білу. Тәрбиеленуші тағамнан өзіне бір тәулікке жұмсайтын энергиясының мөлшеріне сай қуат алуға тиіс. Күнделікті пайдаланатын тағам құрамында ақуыз, көмірсу, май, дәрумендер, тұз және т.б. белгілі мөлшерде болуы қажеттігін ескеруіміз керек. Осыған орай, мектепте тамақтануды ұйымдастыру кезінде дұрыс тамақтану қағидасына бейімделу қажет. Ас үлесі тек жалпыға белгілі ақуыз, көмірсулармен үйлестіріліп қоймай, сонымен қатар дәрумен құрамдарымен 7-10 жастағыларға күндік ақуыз қажеттілігі – 80 г., 11-13 жастағыларға – 90 г., 14-17 жастағыларға – 100 г., 7-10 жастағылар үшін күніне көмірсулар қажеттілігі – 300 г., 11-13 жастағыларға – 350 г., 14-17 жастағыларға – 400 г. болуы тиіс. Мектепте тәрбиеленушілерге таңғы ас міндетті түрде болуы керек. Таңертең алдағы жұмсалатын энергияны қамтамасыз ету үшін, жеткілікті мөлшерде тамақ өнімдері мен калориясы бар ыстық тағам сүзбе пісірмесі, сүт ботқасы немесе етті тағам ұсынылуы қажет. Түскі ас біріншіден ыстық тағамнан, ет немесе балық өнімдері, ең жақсысы көкөністен болуы керек.

Тәрбиеленушілер тағамын ұйымдастыруға ғылыми тұрғыдан қарап, әлеуметтік-саяси мән беру – бүкіл халықтық іс. Дұрыс тамақтану – деннің сау және әдемі болып өсуіне көмектеседі.

Қазіргі таңда жасөспірімдердің *физикалық белсенділігінің* де төмен болуы толғандыратын мәселелердің бірі. Тәрбиеленушінің дұрыс тамақтанбай, физикалық белсенділігінің төмен болуының бір себебі – отбасындағы әлеуметтік жағдайдың төмен болуы. Сондықтан осындай тәрбиеленушілерге тәрбиешілердің көмегі аса қажет. Олардың өмірге деген құлшынысын арттыра отырып, бойларына күш-жігер қалыптастыру – олардың міндеті.

Тәрбие процесін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын

жетілдірудің негізгі шарты – тәрбиеленушілерге даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында тәрбиеленуші ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды, ақпарат алады, яғни тәрбиеленушінің дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады. *Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру*, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түрде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешуге көмектеседі. Тәрбиеленушінің демалуы, сауығыуы мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалған.

Сондай-ақ, тәрбиеленушінің бос уақытын тиімді өткізу үшін, дебаттық, спорттық, өнертапқыштық клубтар және әртүрлі конкурс ұйымдастырған жөн.

Ең бастысы, жеке тұлға өз денін сауықтырып, денсаулығын қалпына келтіре алады деген қағидаға сену керек. Тәрбиеленуші өзі жеке тұлға ретінде өзінің денсаулығы үшін, жауап бере алуы керек. Бұл тұста ата-ананың және тәрбиешінің қолдауы болуы шарт.

Тәрбиеленушінің өзін-өзі жетілдіруі: тәрбиеленуші өзінің дұрыс отырған, отырмағанын біліп, отырысын алмастырып отыруы. Оны бір рет үйренген ол өзінің отырысын ұдайы қадағалай алады. Ол омыртқа жотасының тұзулігін сақтауға мүмкіндік береді, өйткені омыртқа адамның өмірінде өте үлкен қызмет атқарады, Көптеген аурулар оның дұрыс қалпының бұзылуынан туындайды.

Сыныптан тыс уақыттағы сауықтыру іс-шаралары:

➤ *Күнделікті таңертеңгілік жаттығулар жасау.*

➤ *Сыныпта денсаулық сақтау шараларына арналған көрнекі-құралдардың болуы.* Оны жасауға ата-аналар да қатысуы керек.

➤ *Валеологиялық паспорт иемдену.* Онда тәрбиеленушінің:

- ауырып қалған күндері;

- денсаулық тобы мен дене шынықтыру тобы туралы мәліметтері;

- дене сымбаты мен көру қабілетінің көрсеткіштері;

- спорт түрлерімен айналысуы, ондағы жетістіктері мен жеңістері туралы мәліметтері міндетті түрде болуы тиіс.

➤ *Әр тәрбиеленушінің денсаулық күнделігін жүргізуі.* Онда денсаулық тақырыбындағы ақпарат, кеңес, өзіндік сауығу жоспары болуы керек.

➤ *Түрлі мейрамдар, спорт ойындары, эстафета, байқаулар, викториналар, сынып сағаты, әңгімелер ұйымдастыру және белсенді қатысу.*

Осы жұмыстардың нәтижесінде төмендегі жетістіктерге қол жеткізуге болады:

• тәрбиеленушілердің оқу бағдарламасын игерудің деңгейі артады;

• тәрбиеленушілердің көру қабілеті мен дене сымбаты сақталады;

• тәрбиеленушілердің жұмысқа деген қабілеті артып, мінездері жақсарады;

• тәрбиеленушілерде денсаулықты ең басты құндылық ретінде

қарастыратын көзқарас қалыптасады;

- тәрбиеленушінің санасында өмірсүйгіштік, өзгені сыйлау сияқты жақсы қасиеттер оянады;
- ең бастысы, тәрбиеленуші адам денсаулығының қандай болмағы – оның өз қолында екендігін түсінеді.

Сонымен, саламатты өмір салтын төмендегідей негізгі компоненттер құрайды (70-сурет).



Сурет-70. Саламатты өмір салтын құрайтын компоненттер

Әр тәрбиеленуші жеке тұлға ретінде дамып, өркендеп өсуі үшін, әрбір ата-ана өз баласының денсаулығын қадағалап, күн тәртібін саралап, уақтылы тамақтанып, дұрыс демалуын ұйымдастыруы қажет.

Адам адам болғалы жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім, өтірік пен шындық жарыса өмір сүріп келеді. Адамның құндылығы – ең сирек кездесетін жаратылысы арқылы анықталады, яғни өлшемсіз өмір. Ал, өмір – кез келген рахаттың аса қымбат бағасы. Олай болса, өмірдің босқа өтпеуі үшін адамның сапалы, саламатты түрде өмір сүруі қажет.

Саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша педагогикалық іс-әрекеттің бағыттары: білім беру процесінде балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекеті мен қатынасы арқылы қолайлы сыртқы орта жағдайын – микроэлеуметтік ортаны құру (ізгілікті қатынас, қолайлы психологиялық ахуал, белсенді шығармашылық жағдай); өзін-өзі тану, рефлексия, мақсаттылық арқылы оқушылардың өзін-өзі дамытуы мен

өзін-өзі тәрбиелеуі үшін ішкі жағдайларын (мақсатын, қажеттіліктерін, қабілеттерін) қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында: «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы күрес, денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз – азаматтарымызды саламатты өмір салтына әзірлеуден басталады» – деп атап көрсеткендей, саламатты өмір салтын қалыптастыруды кеңінен насихаттау болып отыр.

Саламатты өмір салтын қалыптастыру ұзақ процесс, бірақ бұл нағыз денсаулықты сақтайтын және нығайтатын жолдардың бірі. Ол тәрбиеленушілердің өз денсаулығын сақтауға жауапкершілігін едәуір дәрежеде арттырады. Академик Н.М.Амосов айтқандай, денсаулығың мықты болуы үшін өзіңнің күшің болуы қажет, оны ешнәрсемен ауыстыруға болмайды.

Мұны Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында: «...саламатты өмір салтына ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, тазалық пен санитарлық шараларын сақтауымызға бағытталған, денсаулықты нығайту үшін жастарды саламатты өмір салтына насихаттап, ақпараттық іс-шаралар жүргізілуі керек» деген жолдарынан байқауымызға болады.

Саламатты өмір салты еңбекті, отбасын, тұрмысты, демалысты және қоғамдық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыруды қарастырады. Саламатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды әдеттерден бас тарту қажет.

Тәрбиеленушілердің саламатты өмір сүру дағдылары:

1. Ар-ұятты сақтау. «Жаным – арымның садағасы» дегендей, ар, сезім, ұят, тәртіп сақтау ережесін санасына қалыптастыру.

2. Өзін-өзі құрметтей білу. «Өзінді-өзің жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» дегендей, өзіне-өзі баға беру, өзін-өзі құрметтеу, өз өміріне, денсаулығына жаңаша көзқарас қалыптастыру.

3. Өз құқығы мен тәртібін сақтау. Тәрбиеленуші өмірдегі өзінің орнын мектептегі, қоғамдағы өз құқығын қорғай білу, қоғамдық тәртіпті сақтай біліп, жақсылыққа, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелену, жауапкершілікке, шешім қабылдауға үйрену.

4. Әлеуметтік жағдайын өзгертуіне көңіл бөліп, тұрмысын түзеу. Өмір сүруге ұмтылу, өмір сүру әдіс-тәсілін, санасы мен дағдысын қалыптастыру.

5. Мінез-құлық мәдениетін қалыптастырып, жат қылықтар мен жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салу.

6. Рухани ойлау дәрежесін өсіру, тәрбиеленуші өз бойына игі қасиеттерді қалыптастырып, әлемдік, ұлттық мәдениетке жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы жетуге талпыну.

7. Шығармашылық деңгейі өсіп, қабілетін арттыру үшін рухани қазына құндылығының деңгейін бағалау.

Тәрбиеленушілердің саламатты өмір сүру дағдыларын құндылықтар негізінде қалыптастыру жүйесі 71-суретте ашылды.



Сурет-71. Тәрбиеленушілердің саламатты өмір сүру дағдылары

Өмірді мәнді өткізуде ең маңызды бастау – құндылықтар болса, оның рухани-адамгершілік негізі – саламаттылық.

Осы қағиданы әрбір тәрбиеленушінің жадына, зердесіне сіңіре отырып, денсаулық сақтау құндылықтарын саналы ұғына білуге тәрбиелейміз.

Қоғамның болашағы әр адамның денсаулығына байланысты. Ендеше, тәрбиешілердің басты міндеті – әрбір тәрбиеленушінің өмір салтын саламаттылыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу, бағыттау, бағдарлау болып табылады.

Оқушыларда саламатты өмір салтын қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық технологиясы

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс саламатты өмір салты ұғымын құрастырады. Саламатты өмір салтын насихаттауда, саламатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектептегі оқушылардың саламатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Оқушыларда саламатты өмір салтын қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық технологиясы – оқушыларды өз еркімен саламатты өмір салтын

жүргізуде дайындауға бағытталған, ғылыми дәлелденген қызметтердің әдістері, түрлері, үлгілер жиынтығы енгізілген, педагогикалық процестегі субъект қарым-қатынас негізінде саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша әрекет әдістеріне қосымша ретті мақсатты жүйе.

Педагогикалық саламаттанудың бағыттары 72-суретте ашылды.



Сурет-72. Педагогикалық саламаттанудың бағыттары

Саламатты өмір салтын үздіксіз қалыптастыру ұлттық білім беру жүйесі үлгісінің құрылымына сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбек күн тәртібі мен демалысты ұйымдастыру әдістемесі

Дені сау, ішкі жан дүниесі мен сыртқы дене бітімі қатар дамыған өскелең ұрпақты тәрбиелеу үшін саламатты өмір салтын қалыптастырудағы еңбек күн тәртібі кестесінің (режим) гигиеналық тұстары жақсы ойластырылуы қажет.

Еңбек күн тәртібі дегеніміз – бұл қызмет және демалыстың барлық түрлеріне тиімді уақытты реттеудің бір түрі.

Мектептегі еңбек күн тәртібінің негізгі элементтеріне жататындар:

- жеке таңдау бойынша жаттығу сабақтары;
- тамақтың құнарлы болуы;
- көңілді демалыс;
- тыныш ұйқы;
- еркін қызмет және т.б.

73-суретте күн тәртібінің құрамдас бөліктері ашылды.



Сурет-73. Күн тәртібінің құрамдас бөліктері

Еңбек күн тәртібімен қоса, демалысты дұрыс ұйымдастыру да бар. Бұл әркім үшін әртүрлі сипатта болады. Біреулер толыққанды тыныштықты, енді біреулер еркіндікті, тағы біреулер өздері сүйетін іспен айналысуды, саяхат жасауды, отбасымен аптасына бір рет табиғат аясына шығуды, би кештеріне қатысуды қалайды. Күнделікті бір мәрте дене шынықтыру, ұйықтап алу, серуен құру және т.б. қысқа мерзімді демалыс жасауды әдетке айналдыру қажет. Басқалармен қарым-қатынаста, отбасында, мектепте, табиғат аясында, мәдени орындарда да демалу үлгісін қалыптастыруға болады.

Оқушыларды белгіленген күн тәртібі жоспарын ұстануға үйретуді өте ерте кезден бастап баули бастаған дұрыс. Өйткені, ерте кезден бойына сіңіп, қалыптасып қалған тәртіптілікті, еңбекке деген ынтызарлық пен дұрыс демала білу ережелерін ер жете бастаған бала әрдайым сақтауға тырысады.

Оқушылардың қатты шаршауына жол бермеу, барлық жастағы бала тәрбиесінің негізгі міндеті болып табылады. Сондықтан, оқушылардың күн тәртібі кестесін дұрыс құрудың басты мақсаты – оқушы денсаулығын нығайтып, ауруға мейлінше жол бермеу.

Олай болса, оқушының денсаулығын анықтайтын ең маңызды фактор – өмір салты, яғни еңбек және демалыс тәртібі, қозғалыс мәдениеті, дене және ойлау белсенділігі, тамақтануы, шынығуы, қарым-қатынас және тілдесу мәдениеті және т.б. Оқушының өмір салты балалық шақтан қалыптасады.

Сондай-ақ, оқушылардың мектептегі тәртібіне тоқталсақ:

- ✓ ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, басқармашылық органдарының шешімі мен мектеп директорының бұйрығын сақтауға;
- ✓ басқа оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің намысы мен абыройын, құқықтарын сыйлауға, олардың қызығушылықтарын шектемеуге, кішіге көмек көрсетуге;
- ✓ тәртіпті болуға, мектепте және мектептен тыс қоғамдық тәртіпті сақтауға, мектеп формасының талаптарын ұстануға;
- ✓ оқуға саналы түрде қарауға, сабақтар мен басқа да жұмыстарға уақытында келуге, жұмыс орнында тәртіп сақтауға, сабақты босатқан жағдайда мекемеден ресми құжаттар әкелуге;
- ✓ мектеп мүлкін сақтауға, басқа оқушылардың еңбегінің нәтижесіне отырғызылған көкке ұқыптылықпен қарауға;
- ✓ электркөзін, суды, химиялық препараттар мен басқа материалдарды үнемділікпен жұмсауға;
- ✓ Жарғыға жатқызылатын бөлік бойынша, мектеп қызметкерлерінің талаптарын орындауға;
- ✓ өзіне-өзі қызмет көрсету еңбегіне қатысуға, сынып және мектеп бойынша кезекшілердің міндетін атқаруға міндетті.

Ішімдікке қарсы үгіт жүргізу және нашақорлықтың алдын алу әдістемесі

Жас ұрпақтың саламатты өмір салтын ұстанып, дені сау, рухы жоғары болуы – бұл қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Егеменді еліміздің өмір жайлы мәселелері жан-жақты және терең болғандықтан, оны шешу тек дені сау, шыныққан жеке тұлғалардың қолынан келеді. Олай болса, денсаулық – байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ал денсаулықтың жауы – ішімдік, нашақорлық, темекі.

Ішімдік – химиялық қоспа, ағзаға түскеннен кейін жүйке жүйесіне әсер етеді. Алдымен көңілді сияқты болып көрінеді, кейіннен өзін-өзі басқара алмайды. Ішімдік – адамды адамдықтан айыратын зат.

Ішімдік ішу де есірткі қолдану сияқты зиянды. Ішімдіктер әртүрлі жеміс-жидектер, тұқымдардың ашытқысынан жасалынады.

Ішімдіктің адам өміріне кері әсерлері:

- ✓ асқазанның ішкі қабатын күйдіріп, гастрит және асқазан жарасы сияқты ауруларға жол ашады;
- ✓ жүрек және тері тамырларын кеңейтеді. Жүректің соғуын нашарлатады, қан айналымын бұзады, тамырлардың қатаюына, қан қысымының артуына, сал ауруына және өлімге әкеліп соғады;
- ✓ бауыр жасушыларының майланып кетуіне, қабынуына, ісіп кетуіне себеп болады;
- ✓ бүйрек қызметін бұзады, уақыт өте келе жұмыс істеуін тоқтатады және т.б.

Сондықтан мектепте үнемі ішімдікке қарсы үгіт жүргізу іс-шаралары көптеп жүргізілуі қажет.

Нашақорлық – бұл есірткі заттарды қолдану нәтижесінде пайда болатын ауру. Нашақорлық есірткі заттарды үнемі, әрі барған сайын үлкен мөлшерде қабылдауға құмартумен сипатталады. Есірткі қабылдамаған кезде адамның бүкіл денесі ауырып, тырысады, шөлдейді және т.б. белгілер пайда болады. Мұндай күйді сыну деп атайды, ол білінбей, біртіндеп, бірақ барған сайын үдей түседі, ағза есірткіні талап етеді. Бұл күйде нашақор кез келген қылмысқа барады, алдау, ұрлау, қорлау, сонымен қатар есірткі заттарды тауып, мас күйге қайта түсуге ұмтылады. Тәуелділіктен шығуға деген шынайы тілегі болғанымен, ішкі сезімді жеңу өте қиынға соғады. Қазір есірткі бизнесі дүниежүзін жаулап келеді. Қазақстанда нашақорлықтың алдын алуға және есірткі бизнесімен күрес жүргізуге бағытталған заң бар.

Нашақорлықтың алдын алу үшін тәрбиеленушілерде төмендегідей есірткі затқа теріс көзқарасты қалыптастыру керек:

- ✓ нашақорларды зейінсіз қалдырмау;
- ✓ оларды бақылауға алу;
- ✓ емделуге бет бұрғызу;
- ✓ күресу;
- ✓ психологиялық бейімдеу.

Есірткі бірінші кезекте темекі, ішімдік сияқты ең алдымен миды зақымдайды. Сондықтан да оған бірте-бірте үлкен мөлшер керек болады. *Осылайша, адам төменде берілгендер арқылы өз миының зақымдалуын байқайды:*

- ойлау қабілетінің төмендегенін;
- өзін-өзі нашадан ұстай алмайтындығын;
- өзінің мінез-құлқын қадағалай алмайтындығын;
- өзінің адамгершілік, жалпы адамдық қасиеттерінің жоғала бастайтындығын.

Бұл кезде:

- ұйқы қашады;
- бас ауырады;
- қан қысымы өзгереді.

Кейінірек:

- ұзақ іш өтеді;
- құсады;
- қатты сыздап ауру басталады;
- «сыну» басталады;
- қорқыныш, алаңдау сезімі пайда болады.

Ал нашақор ағзасында:

- жүрек;
- өкпе;
- ішек-қарын жұмысы бұзылады;
- қан құрамы өзгереді.

Бір уақытта көптеген аурулар пайда болып, соңында өлімге алып келеді.

Кикілжіңнің алдын алу және оларды жеңудің психологиялық-педагогикалық әдістемесі

Конфликтілердің пайда болуы және оларды тиімді шешу жолдары, ортақ шешім табу мәселелері тек қана кәсіби психологтар ғана емес, өмірлік іс-әрекеттерде өзара тіл табыса жұмыс істеу мәселесімен айналысатындардың барлығының да қызығушылығын тудырады. Конфликт (лат. conflictus – қақтығыс, кикілжің) – күрделі қайшылықтардың пайда болуы, күшті эмоциялық күйлермен байланысты әртүрлі мәселелер бойынша өзара түсіністіктің болмауы.

Кикілжіңнің бірінші тұтас тұжырымдамалары ХІХ-ХХ ғасырларда шетелде пайда болды, бірақ алдағы жүзжылдықтарда адамзаттың керемет даналары осы феномен табиғатында, кикілжіңнің шешілуі мен алдын алу жолдарында өз көрегендіктерін ұсынған.

Кикілжіңдерді алдын алу жолында маңызды рөл алатыны тәртіп болып табылады. Тәртіп – тәртіптілікке бағыну әрекеті арқылы тәрбиеленушіге өзіне қажетті бостандығының толық дамуын қамтамасыз ететін әрекет.

Тәрбиеленушінің кикілжіңді қылықтарына тәрбиешінің жеке тұлғасы үлкен әсерін тигізеді. Оның әрекеттесуі әртүрлі аспектілерден көрінуі мүмкін.

Біріншіден, тәрбиешінің басқа тәрбиеленушілермен әрекеттесу стилі оның өзімен жасты тәрбиеленушілермен әртүрлі қарым-қатынасқа түсуінің алғы шарты болып табылады. Зерттеулердің көрсетуі бойынша, тәрбиеленушінің алғашқы тәрбиешісінің педагогикалық тактикасымен қарым-қатынасқа түсу стилі, оның ата-анасымен және сыныптастарымен қарым-қатынасқа түсуін және жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді екен (О.Осадько). Кикілжіңдердің көбісі «авторитарлы» тәрбиешілердің қол астында және жоғары сынып тәрбиеленушілерінің арасында байқалады.

Екіншіден, тәрбиеші тәрбиеленушілер арасындағы болып жатқан кикілжіңдерге араласуға міндетті. Бұл әрине, кикілжіңдерді басып тастау емес, жағдаятқа байланысты әкімшіліктік араласу немесе қарапайым кеңес болуы да мүмкін.

Жалпы, кикілжің жағдайларды ескерудің ғылыми психологиялық негізін айқындау мәселесі бойынша қойылған міндеттер:

- туындаған кикілжіңге орай ғылыми теориялық әдебиеттерді талдау;
- жалпы кикілжің ұғымының мәнін және табиғатын ашу;
- мектептегі тәрбиеленушілер арасындағы туындайтын кикілжіңнің түрлерін, туындау себептерін көрсету;
- кикілжің жағдайларына байланысты мінез-құлық стильдерінің психологиялық ерекшеліктерін көрсету;
- кикілжің жағдайларын болдырмау, алдын ала ескерту, жоюдың ғылыми-әдістемелік негізін жүйелеу.

Кикілжің – адамның қоғамдық өмірінде болып тұратын жағдай. Кейбір адамдар жанжалдарды тоқтамға келмейтін, бүлдіретін қақтығыс, сондай-ақ бір топ екінші топтың есебінен жеңеді деп есептейді.

74-суретте кикілжіңнің орын алу себептері ашылды.



Сурет-74. Кикілжіңнің орын алу себептері

Кикілжіңдерге байланысты мәселелерді зерттеу бойынша мамандар кикілжіңдерді тиімді және конструктивті түрде шешу моделі мен стратегиясын ұсынады.

Кикілжің мен оны шешудің жолдары:

- ✓ жанжалды тану сіз жәбір көргендіктен және ызаны сезген кезде;
- ✓ сіздің сезімдеріңіз – егер сіз келіспеушіліктік жағдайға кіргеніңізді сезген болсаңыз, өзіңізден: «Мен не сезіп тұрмын, бұл сезім қайдан пайда болды? Екінші дауласушы нені сезініп тұр, неге бұлай болды?» – деп сұраңыз;
- ✓ сізге не керек екендігін анықтаңыз. Кикілжіңнің себебі неде екендігін анықтаңыз. Қарсыласыңызға не керек екенін біліңіз;
- ✓ осы шешімді іске асыруға бірге кірісіңіздер, өз қарым-қатынастарыңызды жақсартып түсіңіздер, достықты нығайтыңыздар.

Кикілжіңнің алдын алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, оны реттеудің және шешудің жағдайы пайда болады. Бұл бағыттағы бірінші қадам – қарама-қайшылықтың себебін табу. Екі жақта қайшылықтың себебін түсінсе:

- дау себебін нақты анықтауға;
- өзара наразылықтың шекарасын білуге;
- екі жақтың позицияларын анықтауға септігін тигізеді.

Мұның барлығы кикілжің дамуындағы келесі – оны шешудің жолдарын бірігіп іздеу кезеңін ашады.

Қалыптасқан жағдайдан шығудың ортақ ізденісі *бірқатар талаптардың сақталуын талап етеді*. Мысалы:

- жанжалдың шынайы себебін, қарсыласты бастаудың шартты түрдегі себебінен бөліп алу;

- көңілді жеке эмоцияларға емес, даулы мәселелерге бөлу;
- «осы жерде және қазір» қағидасы бойынша әрекет ету, яғни басқа даулы оқиғаларды еске алмай, кикілжіңнің себебі болған мәселелерді шешу;
- қарсыласқа құрметпен қарау, оның жеке сапасы жайлы емес, оқиғалар мен фактілер туралы ғана айту;
- өзі үшін ғана жауап беру және өзгені тындай білу;
- өзара келісім мен бірлесіп әрекет ету мүмкіндігін туғызу.

Келіспеушілікті оңтайлы шешу үшін екі жақтың да оны шешуге ынтасы болуы қажет. Алайда, осындай ынта бір жақтан болса да, мұның өзі де басқа жақтың қарсы қадам жасауына мүмкіндік туғызады.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. «Құндылық», «құндылық қатынас», «саламатты өмір салты» ұғымдарының мәні.
2. Баланың саламатты өмір салтының негізгі бағыттары.
3. Баланың саламатты өмір сүру стилінің негізгі компоненттері.
4. Кикілжіңнің алдын алу және оларды жеңудің психологиялық-педагогикалық әдістемесі.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтама берген ғалымдар:

Р.Лотце мен Г.Коген

2. Денсаулыққа кері әсер ететін факторлардың бірі – бұл:

дұрыс тамақтанбау

3. «Денсаулығың мықты болуы үшін өзіңнің күшің болуы қажет, оны ешнәрсемен ауыстыруға болмайды» деген сөз жолдары қай академикке тиесілі?

Н.М.Амосов

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз

Құндылық	
Құндылық қатынас	
Саламатты өмір салты	

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Қоғамдық сананың белгілері:

- A) Маңыздылығы
- B) Пайдалылығы
- C) Қажеттілігі
- D) Жүйелілігі
- E) Нақты қорытынды шығара алуы
- F) Құндылығы
- G) Бірегейлігі
- H) Ғылымилығы

2. Адам денсаулығына әсер ететін факторлар:

- A) Өмір тіршілігі
- B) Тұқымқуалаушылық
- C) Сыртқы ортаның жағдайы
- D) Іс-әрекет
- E) Әлеуметтік жағдай
- F) Қарым-қатынас
- G) Дұрыс тамақтану
- H) Тыныш ұйқы

3 Денсаулыққа кері әсер ететін факторлар:

- A) Дұрыс тамақтанбау
- B) Химиялық заттарды орынсыз пайдалану
- C) Ішімдікке құмарлық
- D) Дау-жанжал, ұрыс-керіс
- E) Көңіл-күйдің ауытқуы
- F) Отбасындағы сәтсіздік
- G) Отбасының экономикалық жағдайы
- H) Есірткіге құмарлық

4. В.П.Тугаринов бойынша құндылықтың топтамасы:

- A) Өмір құндылығы
- B) Мәдени құндылық
- C) Рухани құндылық
- D) Таным құндылығы
- E) Өнер құндылығы
- F) Саяси-әлеуметтік құндылық
- G) Адамзат құндылығы
- H) Шығармашылық құндылық

5. С.Ф.Анисимов көзқарасы бойынша құндылық жіктемелерінің топтары:

- A) Адам және адамзат

- B) Адамдардың материалдық өміріндегі құндылық
- C) Қоғамның рухани өміріндегі құндылық
- D) Өмір құндылығы
- E) Мәдени құндылық
- F) Әдеби құндылық
- G) Шығармашылық құндылық
- H) Білім құндылығы

6. Саламатты өмір салтын құрайтын компоненттер:

- A) Зиянды әдеттерден бас тарту
- B) Дұрыс тамақтану
- C) Ұнамды эмоция
- D) Жағымсыз іс-әрекет
- E) Есірткіге құмарлық
- F) Ұйқының бұзылуы
- G) Ұрыс-керіс
- H) Дұрыс тамақтанбау

7. Сыныптан тыс уақыттағы сауықтыру іс-шаралары:

- A) Таңертеңгілік жаттығулар жасау
- B) Денсаулық күнделігін жүргізу
- C) Спорт ойындары, эстафета ұйымдастыру және қатысу
- D) Пәндік үйірмелерге қатысу
- E) Кешкілік жаттығулар жасау
- F) Мектепшілік спорттық жарыстарға ата-аналарды қатыстыру
- G) Кештер ұйымдастыру және қатысу
- H) Мектепшілік спорттық жарыстарға тәрбиеленушілерді қатыстыру

8. Саламатты өмір сүру салтын құруға дәрігер тарапынан берілетін кеңес:

- A) Күн сәулесін пайдалану
- B) Таза ауамен демалу
- C) Табиғи тамақтану
- D) Ұнамсыз эмоция
- E) Отбасындағы кикілжің
- F) Жағымсыз қарым-қатынас
- G) Ұйқының бұзылуы
- H) Дәрі-дәрмекті орынсыз пайдалану

9. Мектептегі еңбек күн тәртібі элементтері:

- A) Жаттығу сабақтары
- B) Тамақтың құнарлы болуы
- C) Көңілді демалыс
- D) Жағымсыз көңіл-күй

- Е) Ауаның ластануы
- Ғ) Интеллектуалдық ойындар
- Г) Мектепті жақтырмау
- Н) Спорттық ойындар

10. Күн тәртібінің құрамдас бөліктері:

- А) Жеке бас гигиенасы
- В) Ұйқы
- С) Тамақтану
- Д) Спорттық жарыс
- Е) Ұнамсыз эмоция
- Ғ) Үйірмеге қатысу
- Г) Шығармашылық тапсырма
- Н) Сабақтан қалмау

Тәрбие тағылымы

 <p>Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)</p>	<p>Ұлыдан ұлағат</p> <p>✓ Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса, Өлген артық дүниені былғағаннан</p> <p>✓ Барынды, нәріңді тірлікте бергейсің, Ғибрат алар артыңда із қалдырсаң Шын бақыт – осыны ұқ, мәңгілік өлмейсің</p>
 <p>Саиф Сарай (1321-1396)</p>	<p>Білгенге маржан</p> <p>✓ Жасында әдеп үйренбеген кісіден, өскен соң қайран жоқ</p> <p>✓ Тәрбиесі жаманға, жақсы ұстаздан пайда жоқ</p>

**11-тақырып. Оқушылармен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру
жұмыстарының әдістемесі**

Кәсіптік бағдар – оқушыларда мамандықты саналы таңдауға ішкі қажеттіліктері мен дайындығын қалыптастыруда мұғалімнің мақсатты бағытталған іс-әрекеті

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабында: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар» – делінген.

Кәсіптік бағдар – бұл мамандық таңдаудағы жеке икемділіктері, қызығушылығы, кәсіптік ынтасы және қоғамның әртүрлі деңгейдегі кәсіби біліктіліктің және әртүрлі мамандық кадрларына сұранысымен жасөспірімдерді дайындауға бағытталған іс-әрекеті.

Кәсіп (лат. «professio» – белгілі бір іс-әрекеттің көрсеткіші, мамандық, «profiteer» – өзімнің ісім деп қарастырамын) – белгілі бір еңбек іс-әрекеті.

Кәсіптік бағдар беру дегеніміз – педагог, психолог, дәрігер және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай, әрбір оқушының бейімін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмысы.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының мәнді сипаттамасы (мақсаты, міндеттері, мазмұны)

Кәсіптік бағдар жүйелік іс-әрекетті көрсетеді, оның ішіне: мақсаттық орналастыру, тапсырма, принцип, форма, әдіс, қарқындылық критерийі, деңгей, бағыт, аспекті және басқа да жүйелілік және құрылымдық пайда болушы элементтер кіреді.

Кәсіптік бағдар жүйесі – қазіргі қоғам дамуы кезіндегі өндірістік арақатынастар және өндіргіш күштердің құрылымдық жүйесіндегі тұлға бағдары жүйесінің бір бөлігі. Кәсіптік бағдар әлеуметтік жүйеге жатады, ол әртүрлі проблемаларды соның ішінде, қоғамдық өндірістегі адам дамуының факторларына байланысты проблемаларды тудырады. Кәсіптік бағдарды қоғамдық проблема ретінде қарастыруға болады.

Кәсіптік бағдар берудің мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі. Ол үшін төмендегілер қажет:

- ✓ тәрбиеленушілердің бойында ішкі психологиялық-әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу;
- ✓ түрлі еңбек қызметтері мен сыйластық қатынастарын тәрбиелеу;
- ✓ кәсіпті өз бетінше саналы түрде жеке қасиеттерін есепке ала отырып, орындау бағытын жетілдіріп, тәрбиелеу.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері:

- тәрбиеленушілерді мамандықтар жайлы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігі, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында тәрбиеленушілердің дара ерекшеліктерін зерттеу;

- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- мектеп түлектерін белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

К.Маркс өзінің «Мамандық таңдаудағы жастардың ойлануы» атты еңбегінде: «Мамандық таңдау дегеніміз – ол адамның бүкіл өмірін тас-талқан етіп, жоспарын жоқ етіп, оны бақытсыз етуі мүмкін» – деп жазғанындай, мамандықты дұрыс таңдамау тәрбиеленушінің өмірін мүлде өзгертуі мүмкін.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тәрбиелік сипаты

«Кәсіптік бағдар» түсінігі қоғам мақсатының көзқарасына, тапсырмаларына, әдістеріне, формаларына, кәсіптік бағдардың мағынасына қарай дамып отырады.

Бұл түсініктің өзгеруі келтірілген анықтамалармен өзара байланысты, оның әрқайсысы кәсіптік бағдардың сол немесе басқа да аспектілеріне әсерін тигізеді, қандайда бір функцияны бөліп, оның практикалық және теориялық даму деңгейін көрсетеді, басқару теориясының, педагогика, психология позициясын қарастырады.

Сондықтан да кәсіптік бағдардың жалпы анықтамасын бермес бұрын, оның негізгі «іс-әрекет», «мамандық», «бағдар» тәрізді 3 кұраушысын нақтылаған дұрыс.

Философиялық сөздіктерде «іс-әрекет» түсінігі адамның спецификалық формасы табиғатқа қарым-қатынасын, оны саналы түрде өзгерту және пайдалану белсенділігі ретінде анықталады. «Іс-әрекет» ұғымының қарастырып отырған «кәсіптік бағдар» ұғымына енгізілуі, кәсіптік бағдар ұғымын тек практика жағынан ғана емес, теориялық іс-әрекет ретінде көрсетеді. Кәсіптік бағдарда практикалық іс-әрекет туындап, теориямен толықтырыла түседі, нәтижесінде кәсіптік бағдарда теориялық және практикалық іс-әрекетті ажырамас бөлік ретінде қарастырады.

«Бағдар» түсінігі бірнеше ғылымдарда қолданылады, геометрияда – тіке, қисық, жазықтыққа; химияда – молекулалардың бағдары. Бұл түсініктер астрономияда, географияда қолданылады. Мұндай жағдайда «бағдар» түсінігі барлық ғылымдарда орынды анықтау және қозғалыс бағытын таңдаумен байланысты.

Қандай анықтамалар келтірілсе де, «бағдар» түсінігі мамандық таңдауда негізгі бағытты көрсетеді. Егер тәрбиеленушілер мамандық әлемінде бағдар алып, белсенді түрде сол мамандық оның өмір талпынысына сай ма, соны біліп жатса, мұндай жағдайда оның мамандыққа бағдарын көрсетеді.

Егер де бағдар беру педагогикалық немесе басқа іс-әрекеттің объектісі болса, оның өзіне және қоғамға қажетті мамандық таңдауына бағдар жасалса, онда оны мамандыққа бағдарлау дейді.


Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының негізгі бағыттары

Тәрбиеленушілердің кәсіптік бағдар жүйесі – бұл жалпы қоғамдағы тәрбиеленушілердің өмірге бейімделуінің (өзін тануы) әлеуметтік және кәсіптік процесін дамытуға бағытталған, әртүрлі мемлекеттің және қоғамдық

бірлестіктердің, мекемелердің, мектептердің, сонымен қатар отбасының ұйымдасқан, басқару іс-әрекеті.

Кәсіптік бағдар жұмысының мақсаты – тәрбиеленушілерді өзінің жеке қызығушылығын және қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыратын мамандықты таңдауға даярлау.

Мектептің, оқу-өндірістік комбинатының кәсіптік бағдар жүйесінің бағыттары 75-суретте ашылды.



Сурет-75. Кәсіптік бағдар жүйесінің бағыттары

Кәсіптік бағдар жүйесінің бағыттары:

1) *Кәсіптік ағарту*, оның ішіне кәсіптік ақпарат, кәсіптік бейімдеу кіреді. Тәрбиеленушілерді қазіргі кезеңдегі қоғамға қажетті мамандықтармен, олардың практикалық мүмкіндіктерімен таныстыру.

2) Тәрбиеленушінің мамандыққа мүмкіндігін және қызығушылығын анықтау үшін бағыттың *кәсіптік диагностикасын* қолданады. Бұл мақсатты орындау үшін сауалнамалық, тесттік әдістер қолданылады.

3) Тәжірибелі мамандардың мамандық таңдауда беретін *кәсіптік көмегі*. *Кәсіптік кеңесте* барлық тәрбиеленушілер мен ата-аналар қамтылуы тиіс.

4) *Кәсіптік іріктеу* мектептерде, оқу-өндірістік комбинаттарда, ресурстық орталықтарда жүргізіледі. Бұл жерде таңдаушы алдына мақсат қойылады, яғни ол таңдаған мамандығының еңбек қиыншылықтарына қарамай, оны меңгеруі керек.

5) *Әлеуметтік-кәсіптік бейімделу* оқу шеберханаларында, тәрбиеленушілердің еңбек бірлестіктерінде және т.б. жүзеге асады. Әлеуметтік-кәсіптік бейімделу процесі кең сатыда жоғарғы сыныптағы тәрбиеленушілердің базалық кәсіпорындағы өндірістік практикасы болып табылады.

6) *Кәсіптік тәрбиелеуде* тәрбиеленушілер бойында таңдаған кәсібіне борыштық сезімін, жауаптылықты, кәсіптік құрметті қалыптастыруды мақсат етеді.

Кәсіптік бағдар беру – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының, сынып жетекшісінің, мектеп психологының, пән мұғалімдерінің бірлескен іс-әрекеті

Көрнекті педагог А.С.Макаренко тәрбиенің кейбір күрделі мәселелерін педагогикалық теорема деп атады. Мұндай теорияның қатарында «үш күш одағы» – мектеп, отбасы, жұртшылықты жатқызуға болады. Мектеп – тәрбиеленушілерге кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, мектеп психологы, пән мұғалімдері, яғни бүкіл педагогикалық ұжым ұйымдастырады.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының негізгі қызметі:

- 1) кәсіптік бағдар беру кабинетінде анықтамалық кеңес материалдарын жинақтау;
- 2) әртүрлі сыныптарда кәсіптік бағдар беру және тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық мінездеме дайындау бойынша мұғалімдер және сынып жетекшілері үшін ақыл-кеңес беру;
- 3) мамандық жайында тәрбиеленушілермен, кәсіпорын өкілдерімен кездесу, дөңгелек үстел ұйымдастыру;
- 4) кәсіптік бағдар беру жұмысын жоспарлау, қорытындылау.

Ал, сынып жетекшісі барлық кәсіптік бағдар беру жұмысын басқарады. Тәрбиеленушілерді белгілі мамандықты таңдауға даярлайды. Сынып жетекшісі кәсіптік бағдар беру жүйесінің құрылымына сүйеніп, оқу-тәрбие жұмысы жоспарында негізгі бағыттарды белгілейді. Мысалы: кәсіптік ақпаратты ұйымдастыру, кәсіптік ақыл-кеңес беруге көмектесу, мектеп бітірушілерді жұмысқа орналастыру және т.б.

Кітапхана меңгерушісі еңбек тәрбиесі, кәсіби білім беру және мамандық таңдау мәселелеріне арналған көрнекті педагогтар мен психологтардың еңбектерін, еңбек жайындағы заңдарды, жастарды жұмысқа орналастыру жайындағы әдебиеттерді, жоғары және арнайы орта оқу орындарына және т.б. түсу туралы анықтамалықтарды күні бұрын іріктеп алуы тиіс. Осылардың бәрі мектеп бітірушілер үшін қажетті ғылыми еңбектер және құжаттар болып есептеледі.

Мектепте кітапхана меңгерушісі жұмысының негізгі бағыттары:

- мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне көмек көрсету. Ол үшін кәсіптік бағдар беру мәселелеріне байланысты әдебиеттердің картотекасын жасау, жаңа әдебиеттер жөнінде педагогикалық кеңесте, тәрбиеленушілер алдында шолу жасау;

- мамандық жөніндегі кітап, мақалалардың тақырыптық көрмесін ұйымдастыру, әдебиеттердің библиографиялық тізімдерін жасау;

- әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктеріне байланысты тәрбиеленушілер үшін оқырмандар конференциясы, пікірталас, тақырыптық кештер ұйымдастыру және т.б.

Кітапхана жұмысын осы бағытта ұйымдастыру кәсіптік бағдар беру ісін жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар, әрбір ата-ана кәсіптік бағдар беру жұмысын өздерінің мамандықтарымен таныстырудан бастауы керек. Өздері жұмыс істейтін кәсіпорындағы еңбектің мазмұны және тетіктерімен, өндірістің принципі және технологиялық процестерімен таныстырады.

Өскелең ұрпақтың кәсіптік бағдары мәні жағынан тек қана педагогикалық проблема болып қоймайды. Оны қоғамдық проблема десе де болады, оны шешу үшін тек қана педагогтардың көмегі ғана емес, мектептің, мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты, кәсіптік техникалық мектеп, кәсіптік техникалық лицей, кәсіпорын, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік еңбекпен қамту қызметінің және т.б. бірлескен іс-әрекеті қажет.

Мектептің кәсіптік бағдар беру бөлмесінде пән мұғалімдері үшін төмендегідей материалдардың болғаны қажет:

✓ тәрбиеленушілерге кәсіптік бағдар берудің міндеттері мен бағыттарын белгілейтін қаулылар;

✓ кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша халық ағарту органдарының нұсқаулары;

✓ республика, облыс, қалада өткізілетін ғылыми-тәжірибелік конференция, семинар, кеңестердің материалдары;

✓ мектеп жоспарындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстары;

✓ сынып жетекшісі, тәрбиеші, әдістемелік бірлестіктер жетекшілерінің жұмыс жоспарларының үлгілері;

✓ әр жастағы тәрбиеленушілермен өткізілетін сынып сағаттарына бағдар беретін әңгіме, дәрістер мәтіні;

✓ мектеп пен базалық бірлестіктің кәсіптік бағдар беру үшін біріктіріліп жасалған жұмыс жоспары;

✓ «Мамандықты қорғау», «Ең жақсы мамандық» атты байқау, диспуттар өткізудің сценарийі, мамандық таңдауға арналған кештер, көгілдір алау;

✓ әр жастағы тәрбиеленушілер үшін сауалнама үлгілері;

✓ кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша әдістемелік әдебиеттер.

12 жылдық мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарының ерекшеліктері

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді.


12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – тәрбиеленушінің жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін, психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр. Оның құрылымына тоқталатын болсақ, 12 жылдық білім беру жүйесі 4+6+2

сатыларынан тұрады. Бүгінгі күні осы құрылым мен жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленуде.

12 жылдық оқытудағы басты мақсат:

- қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті;
- өзін-өзі дамытуға;
- өз ойын еркін айта білуге;
- өз қалауымен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім;
- жоғары білімді, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру.

12 жылдық мектепте білім берудің негізгі үш міндеті 76-суретте ашылды.



Сурет-76. 12 жылдық мектепте білім берудің міндеттері

Білім беруді жаңарту процесі салт-дәстүр, мәдени мұра, жалпы ұлттық құндылықтарды сақтауды талап ететін тұрақты жүйелерден тұрады. Сондықтан да, 12 жылдық оқытуға көшуді жүзеге асыру – оның қажеттілігі мен тиімділігін әр педагогтың, әр ата-ананың саналы түрде түсінуі, қабылдауы мен оған белсенді түрде араласуына мүмкіндік беруі асқан ұқыптылық пен сезімталдықты қажет ететін процесс.

12 жылдық білім берудің басты бағдары – білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылы білімді іс жүзінде қолдану; тәрбиеленушінің жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту; білім, біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсетеді.

Кәсіптік бағдар беру еңбекке жарамдылығын байқау жұмысының алғашқы басқышы – отбасы тәлім-тәрбиесінен басталып, іргетасы іспеттес қаланады, келесі кезекте, болашақ өміріне ықпалы мол білімі, іскерлігі, дағдысы мен дамуына ұласатын қабілеттерін байқатып, шығармашылыққа жеткізетін – мектеп, мектептен тыс мекеме, кәсіпорын және түрлі бағыттардағы шаруашылықтармен ұштасып жалғасады.


Білім берудің басты ұстанымдарының бірі – мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру, олардың өздерінің ішкі әлеуетін анықтауға ықпал ету, сонымен қатар, білік мақсатына байыппен қарауға әсер етеді, терең білім алуға, тәрбиелі болуға өз үлесін қосады.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формалары

Кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдауға бағытталған іс-әрекет. Кәсіби бағдар беру арқылы тәрбиеленушілерді мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай, саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Кәсіптік бағдар беру бағдарламасы үш деңгейде жүзеге асады. Кәсіптік бағдар беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету орталығы болуы керек, оларға қажет мамандар: психолог, әлеуметтік педагог және қосымша білім беретін педагогтар. Қызмет көрсету орталығының сандық құрамы кәсіптік бағдар берудің нақты бағытына байланысты болады.

Кәсіптік бағдар беру деңгейлері 77-суретте ашылды.



Сурет-77. Кәсіптік бағдар беру деңгейлері

Кәсіптік бағдар беру жөнінде іс-шаралар жүргізілгеннен соң, олардың тиімділігін тексеру жұмыстары жүргізіледі. Оның ішіндегі бірінші әдіс – диагностика.

Диагностика – бұл объектінің жағдайын көрсететін белгілерді меңгеруі, оның ауытқушылықтары мен қателіктерді түзеу немесе алдын алу жұмыстарын атқаруы.

Диагностикалық әдістердің кәсіптік бағдар берудің тиімділігін анықтауда қолданылатын әдісі – бақылау.

Бақылау – белгілі бір мақсат қойып, объектіні әдейі қабылдау. Ой жүгірту, зейін қою – байқаудағы негізгі әрекеттер.

Кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру жолдары 78-суретте берілді.



Сурет-78. Кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру жолдары

Кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру жолдары:

✓ Кәсіби ақпараттандыру – әртүрлі аймақтағы топтарды қазіргі заманғы өндіріс түрлерімен, еңбек нарығының жағдайымен, кәсіби нарықтың даму перспективалары және мазмұндарымен таныстыру. Оларды меңгерудің формалары және шарттары, мамандықтар бойынша адамдар талабы, мамандық аясында кәсіби біліктіліктің өсуі және еңбек ету барысында өзін-өзі дамытудың мүмкіндіктерімен таныстыру.

✓ Кәсіби кеңес – тәрбиеленушілерге психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және қоғам қажеттілігіне сай мамандықты дұрыс таңдауға көмек беру.

✓ Мамандықты таңдау – мамандықтардың мүмкін бағыттары туралы ұсыныстарын тәрбиеленушілерге ұсыну.

Әртүрлі бағытта жұмыс жасауда кәсіптік бағдар жұмысының әдістері мен формаларының шеңбері анықталады: кәсіп туралы әңгімелер; кәсіпорындарға саяхат; сауалнама жүргізу; тесттер (кәсіптік икемділіктерді диагностикалау үшін); тәрбиеленушілердің реферат жазуы; олармен бірге әртүрлі ойындарды (дебат, пікірталас және т.б.) өткізу.

Қазіргі кезде кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдасқан түрде жүргізудің алғашқы баспалдағы – жалпы орта білім беретін мектептер.

Жалпы орта білім беретін мектептерде ұйымдастырылатын кәсіптік бағдар және мамандық таңдау жұмысын кезеңдерге бөлуге болады (79-сурет).


Кәсіптік бағдар және мамандық таңдау жұмысының кезеңдері:

Бірінші кезең – I-IV сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар. Бұл кезеңде бастауыш сыныптағы тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін және қабілетін толық білу негізінде кәсіптік бағдардың алғашқы қарапайым жұмыстары жүргізіледі. Негізгі мақсат – бастауыш сыныптағы тәрбиеленушілерді кәсіп пен мамандық жөнінде хабардар ету.

Екінші кезең – V-VII сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар. Бұл кезең – жеке кәсіпті таныстыруға бағытталады. Тәрбиеленушілер барлық жеке кәсіптер жайында жан-жақты мағлұмат алады. Негізгі жұмыс – белгілі бір кәсіп пен мамандықты хабардар етуден, енді оны насихаттауға көшеді. Мақсат – белсенді насихат, мамандыққа бейімдеу. Бұл жерде жалпылама ақыл-кеңес беру – тәрбиеленушілер арасында өте күрделі құбылыс, мамандық таңдаудың алғашқы баспалдағы.

Үшінші кезең – VIII сыныпта жүргізілетін кәсіптік бағдар. Бұл кезеңде кәсіп пен мамандықты жан-жақты белсенді насихаттау және нақтылы кеңес беру арқылы да тәрбиеленушілердің бұған жауапты түрде қарайтындығы біршама орын алады, орталау мектепті бітірген тәрбиеленуші мамандықты таңдай алатын дәрежеге жетеді. Алайда, жастардың көзқарасы субъективті түрде болатындығын естен шығармаған жөн.

Төртінші кезең – X-XI сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар. Бұл кезеңде тәрбиеленушілер өздері таңдаған мамандық ерекшеліктерін, сол мамандықтың келешегін жақсы білетіндей дәрежеге жетулері қажет. Бұл кезде тәрбиеленушілер өзінің қабілетіне қарай нақтылы бір шешімге келеді. Осындай шешім мектепті бітірер жылдары таңдаған мамандықтың қыр-сырына қанығу кезеңі болады. Бұл – жалпы орта білім беретін мектептің кәсіптік бағдар жөніндегі қорытынды жұмысы.



Сурет-79. Кәсіптік бағдар және мамандық таңдау жұмысының кезеңдері

Кәсіптік бағдарды ұйымдастыру орындарында жүргізілетін жұмыстардың негізгі формасының бірі – *кәсіби хабар және кәсіби насихат жұмысы*.

Бұл жұмыс мектептерде сабақ кезінде, экскурсия, әңгіме және кәсіптік бағдар кешін өткізгенде жүргізіледі. Кәсіпорындар мен мекемелер мектепке нақтылы материалдармен көмектеседі: кәсіпорындарының жағдайын көрсететін құжат, стенд, альбом, фотосурет, еңбек озаттарының үлгілі табысын баяндайтын жарнамалар және т.б. Өнеркәсіптің даму тарихы және дәстүрімен таныстыру мақсатында экскурсия, мамандық таңдау күнін және т.б. кездесулер ұйымдастырады.

Кәсіби насихат жұмысын кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыратын жүйелер жүргізеді. Олардың өздеріне тән ұйымдастыру ерекшеліктері бар. Бұл жұмыс радио, теледидар, компьютерлік желілер, баспасөз құралдары және т.б. арқылы да жүзеге асады.

Кәсіптік бағдар тек мектептегі тәрбиеленушілер арасында ғана емес, көпшілікпен де жүргізілетін жұмыс. Оның қажеттілігі:

✓ біріншіден, жұмыс істеп жүрген ересек адамдар (тәрбиеленушілердің ата-аналары). Демек, мамандық таңдаудағы көзқарасы қоғам талабына сай келуі шарт;

✓ екіншіден, үнемі болып тұратын объективті жағдайдың салдарынан көптеген адамдар жұмыс орнын өзгертеді, қоныс аударады.

Кәсіптік бағдар беруге сәйкес жүйелілік тәсілдің әдіснамалық принциптері:

- кәсіптік бағдардың әрекеттерін кіріктіру;
- нақтылық;
- оңтайлылық пен тиімділік;
- кешенділік;
- ғылымилық;
- кері байланыс;
- жүйелілік;
- иерархиялық.

Кәсіптік хабарлама жасау – әртүрлі мамандық пен мамандық иелері (мамандар) туралы хабар беру болып табылады.

Хабарлама жасаудың мақсаты – тәрбиеленушілердің еңбек туралы білімін тереңдету мен кеңейту болып есептеледі.

Кәсіптік хабарлама жасауды мектептегі сабақ пен сыныптан тыс жұмыс түрлерінің ұйымдастырылу көлеміне байланысты жүргізу тиімді болады. Мысалы: сабақта белгілі бір өндірістің ғылыми негізін үйретуге байланысты сол кәсіптегі мамандық жөнінде хабарлама ұйымдастырады. Бұл жұмыс шағын көлемді қысқаша түрде, яғни сабақты өмірмен байланыстыру бағытында да іске асырылады.

Сонымен, жалпы орта білім беретін мектептегі тәрбиеленушілерге кәсіптік бағдар беру жүйесі 80-суретте ашылды.

Кәсіптік бағдар беру жүйесі:

Кәсіптік диагностика – тәрбиеленушінің жеке басының дербес қабілетін анықтау үшін жүргізілетін зерттеу жұмысы: бақылау, тест, ауызша, жазбаша сұрақтарға жауап алу, сауалнама, эксперимент, шығарма жаздыру, тәрбиеленушілердің шығармашылық жұмысын талдау.

Кәсіптік бағдар – тәрбиеленушілерді мамандық түрлерімен таныстыру жұмыстары. Тәрбиеленушілердің жеке қасиеттерінің мамандық талабына сәйкес келуі: кәсіптік ақпарат, кәсіптік үгіт, кәсіптік насихат. Тәрбиеленушілердің жеке қасиеттерін, мүмкіндіктерін дамыту.

Кәсіптік консультация – тәрбиеленушінің өзінің мамандығын анықтауда жан-жақты зерттеп, тиісті көмек көрсету кезеңдері:

1) дайындық кезеңі – кеңес беру. Мектеп жылдарында жүргізіледі;

2) кәсіптік аяқтау – консультация. IX-XI сыныптағы тәрбиеленушілермен маман-консультант мұғалімдер өткізеді, тәрбиеленушілердің мамандыққа бейімділігі анықталады;

3) кәсіптік анықтау өндірісте, оқу орындарында өткізіледі. Болашақ мамандықтың жұмысымен тікелей танысу: әңгіме, дәрігердің кеңесі, жалпы кеңес.

Кәсіптік адаптация – тәрбиеленушінің кәсіби еңбек ету жағдайына бейімделуі: сауалнама алу, бақылау, мамандыққа талдау жасау.

Кәсіптік диагностика	Кәсіптік бағдар	Кәсіптік консультация	Кәсіптік адаптация
<ul style="list-style-type: none"> • бақылау • тест • сауалнама жүргізу • эксперимент • шығарма жаздырту • тәрбиеленушілер жұмысын талдау 	<ul style="list-style-type: none"> • кәсіптік ақпарат • кәсіптік үгіт • кәсіптік насихат 	<ul style="list-style-type: none"> • әңгіме • дәрігердің кеңесі • жалпы кеңес 	<ul style="list-style-type: none"> • сауалнама алу • бақылау • қызметке талдау жасау

Сурет-80. Кәсіптік бағдар беру жүйесі

Кәсіби бағдар жұмысының нәтижесі тәрбиеленушілерде қалыптасқан кәсіби таңдаудың болуы. Сондықтан кәсіби бағдарда басқару тетігі тәрбиеленушінің кәсіби таңдауын дамыту арқылы ғана іске асады:

Бұл дамудағы *бірінші кезең* тәрбиеленушіге қоғамдық ұйымдардың, әлеуметтік жағдайдың әсерімен болатын, өз мақсатын белсенді түрде іздеу кезеңі.

Екінші кезең – өмірдегі өз орнын таңдау және өз мақсатын толық, терең түсінуі.

Үшінші кезең – өмірлік құндылықтарды тәрбиеленушінің жүзеге асыру кезеңі.

Тәрбиеленушілердің кәсіби таңдауы әр сатыда әрқилы көрінеді. Сол себепті кәсіптік бағдардың психологиялық мәнін білу, тәрбиеленушілердің

психологиясын және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оның даму сатыларын анықтауға мүмкіндік береді.

Мамандық таңдау сатылары:

- а) ізденіске бағыттаушылық (I-IV сыныптар);
- ә) субъективті құндылықтарға сүйену (V-VIII сыныптар);
- б) әлеуметтік негізде (IX-XI сыныптар).

Тәрбиеленушілерде кәсіби таңдаудың қалыптасу негізі кәсіби шарттардың орындалуы болып саналады.

Ол шарттарға төмендегілер жатады:

- ✓ таңдаған мамандықтың елдің кәсіби мұқтаждықтарына сай келуі;
- ✓ таңдаған кәсіптің тәрбиеленушінің ынтасына сәйкес келуі;
- ✓ түлектердің өндірістік және қоғамдық белсенділігінің жоғарылығы;
- ✓ мамандығына қанағаттануы;
- ✓ тәрбиеленушінің өз икемділіктері мен мүмкіндіктерін қоғам мұқтажымен бірге қарастыруы, осы процесті көңіл-күймен сезінуі.

Кәсіби бағдарды басқарудың тиімді тәсілдерін дұрыс таңдау, тәрбиеленушінің еңбегіне деген қажетін анықтайтын төмендегідей факторларға тәуелді:

- 1) қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы;
- 2) белгілі бір еңбек түрінің технологиялық және функционалдық ерекшеліктерінің мазмұны;
- 3) тәрбиеленушінің бойындағы белгілі бір кәсіби бағдар негіздерін – қызығушылық, икемділік қабілеттерді дамытып, қалыптастыру үшін жеке тұлғаға психологиялық әсер ету.

Кәсіптік бағдар беру функциялары:

- әлеуметтік;
- экономикалық;
- психологиялық-педагогикалық;
- медициналық-физиологиялық.

Олардың әрбірі тәрбиеленушінің әлеуметтік-кәсіби өзіндік айқындалуына бағдарланады.

Кәсіби бағдарды басқару төмендегідей сатыда жүзеге асады:

- *әлеуметтік:* кәсіби бағдарды басқару қоғамдық масштабта жүзеге асырылады. Бұлар жекелеген шаралар мен байланыс құралдары арқылы жасалынатын үгіт-насихат;
- *ұйымдастырушылық:* кәсіби бағдарды басқару оқу-тәрбие процесі үстінде жүзеге асады;
- *психологиялық-педагогикалық:* кәсіби бағдарды басқару сынып жетекшісі, кәсіби бағдар беруші маман, мектеп психологының тәрбиеленушімен тікелей қарым-қатынас жасауы нәтижесінде жүзеге асады.

Кәсіптік бағдар берудің тиімділік өлшемдері

Кәсіптік бағдар беру – әрбір тәрбиеленушінің болашағын ойлауына, дұрыс таңдау жасауына, ақыл-ой таразына салуға, болашағын анықтауға жеткізумен мәнді, мақсатты іс-әрекетке алып келеді. Кәсіптік бағдар беруде

тәрбиеленушінің психологиялық жеке қасиеттері мен мамандық таңдаудағы басты себептері назардан тыс қалмауы тиіс.

Мамандықты таңдауға кәсіптік көмек беру, іс-әрекеттерге көмектесу – бұл:

- әрбір тәрбиеленушінің көп санатты қабілетіне;
- отбасындағы мамандық иелеріне, еңбектеріне;
- тәрбиеленушінің білімі, ой-өрісі, еңбекке деген көзқарасына;
- ойлауы, білімі, іскерлігі, дағдысы, дамуына;
- мамандармен кездесу, пікірлесу, танысу және т.б. байланысты болады.

Тәрбиеленушілердің кәсіби бағдар таңдауына тиімді басшылық жасау үшін белгілі бір көрсеткіштерді негіз етіп алу қажет:

✓ кәсіп жайлы хабарлануы (*таңдаған мамандығын оқып үйренетін оқу орындарын, сол кәсіптің мазмұнын, экономикалық аймақтың мамандарға сұранысын білуі*);

✓ кәсіп таңдауының қоғамдық маңызды мотиві (*тәрбиеленуші мемлекет мұқтаждығын ескеріп, мамандық таңдауы*);

✓ кәсіби қызығушылықтың қалыптасуы;

✓ белгілі бір кәсіпке арнайы қабілеттердің бар болуы (*жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, өнер, спорт және т.б.*);

✓ таңдаған мамандық бойынша өмірлік тәжірибесі (*үйірме, факультативтік пәндер тобына қатысуы және т.б.*);

✓ кәсіптік ойындарға қатынасуы;

✓ кәсіптік икемділіктің нақты дәрежесі;

✓ денсаулық жағдайы (*дәрігерлік көрсеткішке сәйкес кәсіпке жарамдылығы*).

Оқушылармен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстарының белсенділік әдістемесі: ойындар, пікірталас, жағдаяттарды талқылау және т.б.

Көптеген алдыңғы қатарлы педагогтар оқыту процесінде ойынды қолдану тиімділігіне әділ назар аударған. Ойында әсіресе, мектеп жасындағы тәрбиеленушінің толық кейде күтпеген жерде қабілеті танылады.

Тәрбиеленушілермен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формасы:

Ойын – ақыл-ой мен сезім күшін талап ететін, ерекше ұйымдастырылатын сабақтар. Ойын әрқашан шешім қабылдауды ұсынады – қалай істеу, не айту, қалай ұту қажет? Осы мәселелерді шешу тілегі ойнаушылардың ойлау әрекетін арттырады. Ал тәрбиеленуші шетел тілінде сөйлесе, ол оқытудың бай мүмкіндігін ашады. Тіпті тіл даярлығынан нашар тәрбиеленуші ойында бастаушы болуы да мүмкін: кей кезде бұл жердегі тапқыштық пен түсінгіштік пәнді білуден де маңызды болады.

Пікірталас – тәрбиеленушілерде қоғам және адамдар өміріндегі оқиғалар мен күнделікті тыныс-тіршілік жайлы, олардың көзқарастары мен сенімдерін, жоғары адамгершілік қасиеттері мен жағымды мінез-құлық нормаларын қалыптастырудың оңтайлы құралы. Пікірталас барысында тәрбиеленушілер қоғамдағы құбылыстар мен оқиғаларды, олардың себептерін терең анықтауға,

жолдастарының және айналасындағы адамдардың іс-әрекеттерін терең сезініп, ұғынуға үйренеді.

Пікірталастың мақсаты – тәрбиеленушілерді ұжым болып пікір таластыруға, пікір алмасуға, өз ойларын нақтылы жеткізе білуге, ең негізгісі өз беттерінше ойлай білуге үйрету.


Пікірталастың табысты өтуінің негізгі шарты – алдын ала дайындық жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылуына үлкен мән беріліп, оған жауапкершілікпен қарау. Ол үшін алдын ала жоспар құрылып, оның тақырыбы айқындалады және өткізілетін күні белгіленеді.

Кейс-стади тәсілі немесе *оқытудың нақты жағдаяттар әдісі* ХХ ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Кейс амал-тәсілі алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгінде бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңіп, ол құқық, мәдениеттану, медицина және т.б. салаларда жемісті қолданылуда.

Қазіргі кезде кейс-стади тәсілі педагогикалық процесте де қолданылады. Бұл әдіс тәрбиеленушілердің пәнге деген қызығушылығының артуына, білімді терең меңгеруіне, ақпаратпен жұмыс істей алуына, әртүрлі жағдайларды саралап, өз ойларын еркін айтуына мүмкіндік береді. Кейс дегеніміз:

- ✓ нақты болған жағдайды сипаттау;
- ✓ шынайы өмірдің бір кезеңі;
- ✓ өмірдің бір саласында болған оқиға, оның міндеті – тәрбиеленушілер арасында пікірталас тудырып, сол жағдаятты талдап, оның шешімін табуға итермелеу.

81-суретте тәрбиеленушілермен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формасы берілді.



Сурет-81. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формасы

Қорыта келе, мамандық туралы жеткіліксіз білу – мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын ұнатпау, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының мәнді сипаттамасы.
2. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының негізгі бағыттары.
3. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формалары.
4. Кәсіптік бағдар берудің тиімділік өлшемдері.
5. Оқушылармен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстарының әдістемесі.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Тәрбиеленушінің бейімін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесу – бұл:
кәсіптік бағдар беру
2. Белгілі бір мақсат қойып, объектіні әдейі қабылдау – бұл:
бақылау
3. Тәрбиеленушілерге психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және қоғам қажеттілігіне сай мамандықты дұрыс таңдауға көмек беру – бұл:
кәсіби кеңес

III. Білгір болсаң, сөйлеп көр! Берілген сөздерді ұяшықтарға орналастырыңыз

Кәсіптік бағдар	Кәсіптік диагностика	Кәсіптік консультация	Кәсіптік адаптация
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

бақылау, дәрігердің кеңесі, жалпы кеңес-сауалнама алу, бақылау, қызметке талдау жасау, кәсіптік үгіт, кәсіптік насихат, тест, сауалнама жүргізу, эксперимент, шығарма жаздырту, тәрбиеленушілердің жұмысын талдау

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Кәсіптік бағдар жүйесінің бағыттары:

- A) Кәсіптік ағарту
- B) Кәсіптік диагностика
- C) Кәсіптік кеңес
- D) Кәсіптік насихат

- Е) Кәсіптік даму
- Ғ) Кәсіптік сараптау
- Г) Кәсіптік ынталандыру
- Н) Кәсіптік тәрбиелеу

2. 12 жылдық мектепте білім берудің міндеттері:

- А) Тұлғаның өзіндік дамуы
- В) Сыни ойлауын, креативтілігін қалыптастыру
- С) Тұлғаны қабілетіне қарай кәсіпке бейімдеу
- Д) Кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру
- Е) Тұлғаның мүмкіндіктері, қызығушылықтарын ескеру
- Ғ) Тұлғаның интеллектуалдық қабілетін дамыту
- Г) Тұлғаның жас ерекшеліктерін ескеру
- Н) Тұлғаның мамандықты дұрыс таңдауы

3. Кәсіби бағдар беруді жүзеге асыру жолдары:

- А) Кәсіби ақпараттандыру
- В) Мамандықты таңдау
- С) Кәсіби кеңес
- Д) Кәсіби бейімделу
- Е) Кәсіби насихат
- Ғ) Кәсіби өнеге
- Г) Кәсіби ағарту
- Н) Кәсіби даму

4. Кәсіптік бағдар және мамандық таңдау жұмысының кезеңдері:

- А) I-IV сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар
- В) V-VII сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар
- С) VIII сыныпта жүргізілетін кәсіптік бағдар
- Д) V-VI сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар
- Е) IX сыныпта жүргізілетін кәсіптік бағдар
- Ғ) X сыныпта жүргізілетін кәсіптік бағдар
- Г) XI сыныпта жүргізілетін кәсіптік бағдар
- Н) I-III сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар

5. Мамандық таңдау сатылары – бұл:

- А) Ізденіске бағыттаушылық (I-IV сыныптар)
- В) Субъективті құндылықтарға сүйену (V-VIII сыныптар)
- С) Әлеуметтік негізде (IX-XI сыныптар)
- Д) Ізденіске ынталандырушылық (II-IV сыныптар)
- Е) Саяси негізде (V-VIII сыныптар)
- Ғ) Материалдық құндылықтарға сүйену (IX-XI сыныптар)
- Г) Рухани құндылықтарға сүйену (V- IX сыныптар)
- Н) Қоғамдық негізде (V-VIII сыныптар)

6. Кәсіптік бағдар беру функциялары:

- A) Әлеуметтік
- B) Экономикалық
- C) Психологиялық-педагогикалық
- D) Тарихи
- E) Медициналық-физиологиялық
- F) Экологиялық
- G) Статистикалық
- H) Гуманитарлық

7. Кәсіби бағдарды басқару сатылары:

- A) Әлеуметтік
- B) Ұйымдастырушылық
- C) Психологиялық-педагогикалық
- D) Ғынталандырушылық
- E) Экономикалық
- F) Мәдени
- G) Қалыптастырушылық
- H) Бағалаушылық

8. Кәсіптік бағдар беру бағдарламасы үш деңгейде жүзеге асады:

- A) Тиімді кәсіптік бағдар беру үшін әмбебап құзыреттілікке ие болу
- B) Әртүрлі кәсіптік бағдар беру формаларын қолданып көру
- C) Таңдалған кәсіп бағытына сәйкес жеке білім бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру
- D) Кәсіптік бағдар беруге байланысты негізгі әдістерді қолдану
- E) Кәсіптік бағдар беруде мақсат, міндеттерді айқындау
- F) Түрлі кәсіптік бағдар беру тәсілдерін пайдалану
- G) Кәсіптік бағдар беру жұмысының нәтижелі болуы
- H) Кәсіптік бағдар беруде арнайы оқу-әдістемелік кешен әзірлеу

9. Мамандықты таңдауға кәсіптік көмек беру, іс-әрекеттерге көмектесу – бұл:

- A) Әрбір тәрбиеленушінің көп санатты қабілетіне
- B) Отбасындағы мамандық иелеріне, еңбектеріне
- C) Тәрбиеленушінің білімі, ой-өрісі, еңбекке деген көзқарасына
- D) Тәрбиеленушінің ақыл-парасаты, адамгершілігі, спортқа деген көзқарасына
- E) Тәрбиеленушіге сынып жетекшісінің ықпалы
- F) Әр саланың мамандарымен сұхбаттасу
- G) Қабылдауына, пайымдауына, қалыптасуына
- H) Тәрбиеленушіге пән мұғалімдерінің ықпалы

10. Тәрбиеленушілермен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формасы – бұл:

- A) Ойын

- B) Пікірталас
- C) Кейс-стади
- D) Ашық сабақ
- E) Эстафета
- F) Спартакиада
- G) Педагогикалық жағдаят
- H) Саяхат

Тәрбие тағылымы

	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Тәрбие басы – тіл, өнер алды – тіл ✓ Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі ✓ Ақылмен арыстан ұстауға болады, ал күшпен тышқан да ұстай алмайсың
<p style="text-align: center;">Махмұд Қашқари (1029-1101 ж.ш.т.)</p>	
	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Табандылық – ең қиын кедергілерді жеңу
<p style="text-align: center;">Людвигван Бетховен (1770-1827)</p>	

12-тақырып. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық әрекеттестік технологиясы

Отбасы – сынып оқушыларын тәрбиелеу және дамыту ортасын құраушы

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қалпының қалыптаса бастауының бастапқы ошағы – ана сүтінен, әке, ата тәрбиесінен тәрбиелік дәстүрлерді, әдет-ғұрып пен адамгершілік қадір-қасиеттерді балалық шақтан бастап бойға сіңіретін отбасы.

Бала отбасындағы ересектердің әрбір іс-әрекетін, өзара және басқалармен қарым-қатынасын еліктей отырып қабылдайды. Сондықтан, бала тұлғасының

сапалы қалыптасуы, отбасы өмірінің тұрмыс-тіршілігін ұйымдастыру, эмоциялық-адамгершілік тынысы, қалыптасқан дәстүрлері тәрізді салаларымен тығыз байланысты. Отбасылық ахуалдың дұрыс болуы педагогикалық тәрбие ықпалының тиімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Адамзат ұрпағына отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Себебі, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген кісілік қарым-қатынасы, эмоциялық сезімдері, ілтипат ықыластары – отбасы тәрбиесінің негізгі күші.

Олай болса, «Отбасы» ұғымының мәні 82-суретте ашылды.



Сурет-82. «Отбасы» ұғымының мәні

Отбасы тәрбиесінің ықпалды болуы төмендегідей факторларға тікелей байланысты:

- 1) отбасының әлеуметтік құндылығына;
- 2) балаға ересектер тарапынан қойылатын тәрбиелік талаптың бірлігіне;
- 3) отбасы ішіндегі қарым-қатынастың салиқалы болуына;
- 4) отбасылық дәстүрлердің қоғамдық талаптармен ұштасуына;
- 5) отбасындағы еңбекке деген қатынасқа;
- 6) отбасындағы эмоциялық ахуалға.

Отбасының белгілері:

- 1) отбасы өзара туысқандық қатысы бар, әртүрлі жастағы және әртүрлі құқылы адамдардан біріккен ұжым;
- 2) оларды ерлі-зайыптылық, ата-аналық міндеттері байланыстырып тұрады;

3) ата-аналар мен балалар бір-бірінен бірі отбасын басқарумен, екіншілері сол отбасында тәрбиеленумен ерекшеленеді;

4) отбасы өмірі әртүрлі материалдық (биологиялық, шаруашылық) және рухани (адамгершілік, құқықтық, психологиялық, эстетикалық) процестермен сипатталады.

Ал отбасының әлеуметтік рөлі адамның өзін өсіруге, адам тегін ұзартуға тікелей қатысымен анықталады.

Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы.

Отбасында бала тәрбиесіне әсер ететін факторлар:

- *Отбасының этникалық құрамы мен құрылымы:* толық, толық емес отбасы, бір балалы, көп балалы, бір ұлттық, көп ұлттық отбасы.

- *Тіршілік әрекетінің және ортаның жағдайлары:* отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, жалпы материалдық әл-ауқаты.

- *Отбасының мәдени әлеуеті:* тұрмыс мәдениеті, музыкаға бейімділігі, спортпен айналысуы, кино, театр, кітапханаға баруы, теледидар көруі.

- *Ішкі отбасылық қатынастар:* отбасындағы ішкі көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы.

- *Отбасы мүшелерінің қоғамға көзқарасы:* еңбек және қоғамдық міндеттерге қатысы.

- *Отбасының тәрбиелік әлеуеті:* отбасы мүшелерінің адамгершілік қатынастары, өмірге деген көзқарастары, ата-ана және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі.

Отбасы – адамзаттың алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, сол ортаға бейімделіп, ықпалына көніп ер жетеді.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабадан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұл балалар әкелері мен аталарының бойындағы қасиет пен өнерді үйреніп өскен. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Білік, батырлық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік сияқты ата-баба өнерін жеті атасына дейін жалғастырған әулеттер қазір де баршылық.

Сондай-ақ, «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейтін қазақ қыз баланың тәрбиесіне аса үлкен назар аударған. Кәмелетке толғанға дейін бойжеткен болашақ отбасы өмірінен басты сабақ алады. Ол – ерінің адал жары, ана болу, отбасы беріктігін сақтау, шаруашылықтың барлық жақтарын игеріп жүргізу, қонақты лайықты қарсы алу және туыстарын сыйлап қадірлеуге дайындық тәрбиесі. Көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Қыз баланың тәрбиесіне ең бірінші анасы жауапты болған. Сол себепті «Шешесіне қарап қызын ал» – делінген.

Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап бой түзейді. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырып демеуші – ата-ана.

Олай болса, мектептің сенімді одақтастарының бірі – отбасы. Отбасындағы басты мәселенің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру: баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру.

Сондай-ақ, кейбір жас отбасыларда ата-аналар тарапынан жіберілетін кемшіліктер:

- отбасындағы өктемдіктің баланы өзін-өзі басқару, билеуден айырып, өз күші, мүмкіншілігіне сенуден қалып, оған қарсы қоярлық ішкі күш-жігерінің төмендеуі, сезімінің мұқалуы;

- баланы өз еркімен жіберушілік, еркелік, бәрін кешірушілік;

- отбасында бірыңғай талаптың болмауы, ересектер арасындағы алауыздықты пайдаланып, баланың екі жүзді және жағымсыз нәрсеге бейім болып өсуі;

- ата-ананың баланы ұжымнан аулақтатып өсіруге тырысып, оның қалыптасуына кері әсер етуі;

- ата-ананың баласына немқұрайлы қарап, жауапсыздық танытып, оның кездейсоқ, күмәнді адамдармен танысуға мүмкіншілік алуы.

Баланың жеке тұлғасының дара қасиеттерін қалыптастыруда отбасы үлкен мүмкіндіктерге ие. Олар күнделікті отбасылық өмірде отбасының дәстүрлері мен адамгершілік ұстанымдары, шежіресі мен тарихы, отбасы мүшелерінің ортақ қызығуы мен мақсат-мүдделері арқылы іске асады. Бұл мүмкіндіктерді мектептің мүмкіндіктерімен үйлестіру – табысты тәрбиенің негізі.

Сынып жетекшісі жұмысында оқушы отбасының педагогикалық процесі диагностикасының жүйесі

Отбасын зерделеу сынып жетекшіге баламен жақынырақ танысуға, отбасы өмірінің стилін, оның үй ішіндегілермен өзара қарым-қатынасын, рухани құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге психологиялық-педагогикалық диагностиканың дәстүрлі әдістерін пайдаланады.

Ғалым-педагог Р.М.Капралова отбасындағы қарым-қатынас сипатына, басқару стиліне қарай төмендегідей отбасының негізгі бірнеше түрлерін ұсынады:

1) мұнда отбасы мүшелері арасында жоғары әлеуметтік бағдарланған өзара келісімді, түсіністікке негізделген гармониялы қарым-қатынас орнаған.

2) отбасында жоғары әлеуметтік бағыттылықпен реттелген компромистік қарым-қатынас орнатылған.

3) қарым-қатынас тұрақты емес, жалпы алғанда әлеуметтік бағдар жоғары.

4) мұндай отбасыларында қарым-қатынас төменгі әлеуметтік бағыттылықпен реттелген.

5) мұндай отбасыларындағы қарым-қатынас сырттай қарағанда бәрі тамаша, қолайлы болып көрінгенмен, іштей ол отбасыларындағы адамдар қарым-қатынасының әлеуметтік бағдары өзара қайшы келіп жатады.

6) мұндай отбасыларына үнемі кикілжінді төменгі және қайшылықты әлеуметтік бағытталған қарым-қатынас тән.


Отбасындағы адамдардың әлеуметтену процесі оның типіне байланысты. Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде отбасының көптеген типологиялары ұсынылып жүр.

83-суретте отбасы типінің классификациясы берілді.

ОТБАСЫ ТИПІНІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ	
Отбасындағы балалардың санына қарай	баласыз отбасы, аз балалы отбасы, көп балалы отбасы
Отбасының құрамына қарай	толық емес отбасы, жай отбасы, күрделі отбасы (бірнеше ұрпақ өкілдерінен), үлкен отбасы, аналық отбасы, қайталанған некелі отбасы
Құрылымына қарай	бір некеден туылған балалар (әкелері бір, шешелері бөлек), ата-анасының біреуінен туылған (бұрынғы әйелінен немесе бұрынғы күйеуінен) әртүрлі туыс балалары бар отбасылар
Отбасындағы көшбасшылық позициясына қарай	эгалитарлық (демократиялық) және дәстүрлі (авторитарлық) отбасылар
Отбасындағы адамдардың ұлттық құрамына, мамандығы мен білім деңгейіне байланысты әлеуметтік құрамының біркелкілігіне қарай	әлеуметтік-гемогендік (біркелкі) және гетерогендік (әркелкі)
Отбасылық тәжірибесіне қарай	жас жұбайлар отбасы, жас отбасы, орташа жастағы жұбайлар отбасы, ересек жұбайлық отбасы, егде жұбайлар отбасы
Отбасындағы психологиялық ахуал мен қарым-қатынасының сипатына қарай	қолайлы, тұрақты, қолайсыз, педагогикалық әлсіз, тұрақсыз, ұйымшыл, ауызбіршілігі жоқ отбасылар
Географиялық ерекшеліктеріне қарай	қалалық, ауылдық, оқшауланған отбасы
Тұтынушылық мінез-құлқына қарай	«физиологиялық» типтегі тұтынушы отбасы, «интеллектуалдық» типтегі тұтынушылар отбасы, аралық типтегі тұтынушылар отбасы
Отбасылық өмірінің ерекше жағдайына қарай	студенттік отбасы, некесіз отбасы, некелі отбасы
Әлеуметтік бейімділігіне қарай	реактивті, белсенді және орташа белсенді отбасы
Отбасылық өмірінің байланыс деңгейіне қарай	дәстүрлі, ұжымдық және жеке-даралық отбасы
Отбасының психикалық саулығына қарай	салауатты отбасы, невротикалық отбасы, виクトмегендік отбасы
Бос уақытын өткізу ерекшелігіне қарай	ашық-жарқын отбасылар және оқшауланған отбасы, жабық (бос уақыттарын тек өз отбасыларымен ғана өткізетін) отбасылар

Сурет-83. Отбасы типінің классификациясы

Ал 84-суретте отбасылар типтері көрсетілді.



Сурет-84. Отбасылар типтері

Отбасылар типтері:

1. *Жоғары деңгейдегі адамгершілікті қарым-қатынастағы отбасылар.* Оларда моральдық тұрғыда ахуал жақсы қалыптасқан, балалар өздерінің қабілеттерін дамыту үшін мүмкіндіктер алады. Олардың жұмысына сынып жетекшісінің жиі араласуы талап етілмейді, тек белгілі бір жас аралығында тәрбиелеудің ерекшеліктеріне байланысты жекелеген кеңестер беруі мүмкін.

2. *Ата-аналардың арасындағы жақсы қарым-қатынаспен сипатталатын отбасылар.* Балалар ата-аналарының «ерекше» қамқорлығында болуы мүмкін, соған байланысты балалар да сынып жетекшісінің мән беруін талап ететін өзімшілдік пайда болуы мүмкін.

3. *Қарама-қайшылықты отбасылар.* Мұндай жағдайда ата-аналарға өз балалары емес, өздерінің арасындағы қарым-қатынасқа көңіл бөлулеріне тура келеді. Бұл жерде отбасындағы психологиялық ахуалды өзгертуге, онда өсіп келе жатқан баланы жоғалтып алмауға қатысты белсенді түрде педагогикалық көмек керек.

4. *Рухани тұрғыда әлсіреген, нағыз адамгершілікті құндылықтар сақталмаған, ұрпақтарының арасында эмоционалдық байланыс бұзылған сырттай ғана сәтті отбасылар.* Кейбір балалар сырттай сәтті саналатын отбасылардың психологиясын жақсы меңгеріп алған. Сондықтан ондай отбасылармен тәрбие жұмыстарын жүргізу өте қиын.

5. *Дөрекілік, жан-жал шығарушылық, жағымсыз мінез-құлыққа тән сәтсіз отбасылар.* Ондай отбасылар сынып жетекшісінің, көпшілік қауымның тұрақты назарын, кейде балалар мүддесін қорғау үшін белсенді түрде араласуды талап етеді.

Осы көрсетілген отбасылардың типтері және олардың ерекшеліктері ата-аналармен жұмыс істеу барысында ескерілуі тиіс.

Мектеп тәжірибесінде ата-аналармен жұмыс істеудің жаппай, топтық және жеке формалары мен әдістері пайдаланылады. Олардың барлығы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігін нығайту, отбасының тәрбиелеу әлеуетін күшейту, сондай-ақ ата-аналарды бала тәрбиесіне тартуға бағытталады.

Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеттестігінің мәні мен атқаратын қызметтері

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі – бала.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Қоғамды құратын азамат атаулы отбасында өсіп өрбиді, тұлға болып қалыптасады.

Осыған орай, отбасы төмендегідей белгілі қызметтерді атқарады:

- *қайта өндіру (репродуктивті) – ұрпақ келтіру:* тек жалғастыру тума әрекеті, перзентті болу, оларды өсіру және тәрбиелеу қажеттігі;

- *шаруашылық-экономикалық:* ортақ шаруашылық және қаржы пайдалану, еңбекке жарамсыздарға қамқорлық және оларды материалды қамсыздандыру;

- *тәрбиелеу:* отбасының әр мүшесінің тұлғалық қалыптасуына жағдай жасау; отбасы ұжымының өз мүшелеріне жеке-дара ықпал жасау; өмірлік тәжірибе, инабаттылық тәртіптері мен адамгершілік құндылықтарға баулу;

- *қарым-қатынас құру (коммуникативті):* отбасы ішіндегі қатынасты түзу, отбасының басқа адамдармен, жанұялармен, әлеуметтік топтармен байланысын ұйымдастыру;

- *қайта қалыпқа келу (рекреативті):* бос уақыттарындағы демалыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру; отбасы мүшелерінің күш-қуатын, денсаулығын күту шараларын қамтамасыз ету.

Отбасы тәрбиелік қызметтерінің іске асуы оның ұлттық ерекшеліктеріне, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлеріне және қауымдастыққа тән талап-тәртіп ұстанымдарына байланысты төмендегідей қызметтерді атқарады:

1. Ата-аналарды сыныптағы оқу-тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру.

Сынып жетекшісі ата-аналар жиналысының бірінші отырысында осы мәселеге қатысты өзінің педагогикалық көзқарасын баяндайды. Оның мақсаты және міндеттерімен, соған сай өзінің әрекет ету бағдарламасы, тәсілі және тәрбие жоспарымен таныстырады. Ата-аналармен бірлесіп, оны жүзеге асыру жолдарын қарастырады. Осындай отырысқа сол сыныпта сабақ беретін пән мұғалімдерін және мектеп әкімшілігін де шақыру мүмкіншілігі қарастырылады.

2. Ата-аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.

Сынып жетекшісі бұл бағытта ата-аналардың педагогикалық және психологиялық білімдер жүйесін меңгеруіне, балаларды әлеуметтік ортадағы

мінез-құлқын жақсы білуіне сай, оларға ағартушылық қызмет жүктейді. Қазіргі мектеп жағдайында ата-аналардың жалпы білім деңгейі сөзсіз артуда. Бұл олардың педагогикалық көзқарастарында қателік болмауына сенімдерін орнықтырады.

3. Ата-аналарды балалармен бірге іс-әрекетке қатыстыру.

Мұнда тәрбиелеу ортасын кеңейту, бала тұлғасының дамуына ықпал ету өрісін арттыру, сабақтан тыс тәрбие әрекетін ұйымдастыру. Осы іс-әрекеттер барысында мұғалім, ата-ана және баланың өзара қарым-қатынасын жақсартуды көздейді.

Балаларды тәрбиелеу барысында ата-аналармен жұмыс жасауда мектеп тәжірибесінде қолданылатын әртүрлі формалар:

- ✓ жалпы мектеп көлемінде өткізілетін дәстүрлі шараларға қатыстыру;
- ✓ сабақтан тыс әртүрлі тәрбиелік шараларға қатыстыру (мәдени жорық, саяхат, кеш, спорттық жарыстар және т.с.с.);
- ✓ балалардың сабақтарына, олимпиада, кеш, апталық, ата-аналардың ашық есік күніне және т.б. шақыру;
- ✓ мектептің кәсіптік бағдар жұмыстарына қатысу: еңбек адамдарымен кездесу, өндіріске саяхат, кәсіби бағдар бөлмесін жабдықтау жұмыстары;
- ✓ өздерінің мамандықтарына сай факультативтік және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру;
- ✓ балалардың аула клубтарын құру;
- ✓ мектеп және сынып кеңестерінің жұмыстарына қатыстыру;
- ✓ мектеп немесе сыныптың жөндеу жұмыстарына, ауланы көгалдандыруға қатысу, кітапхана қорын молайту, көрмелер ұйымдастыру;
- ✓ мектеп немесе сыныптың әртүрлі шараларын ұйымдастыру, оларды өткізуге өндіріс және фирмалар арқылы материалдық көмек сұрау және т.б.

4. Отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру.

Бұл бағытта кейбір отбасында бала тәрбиесіне қатысты туындап отырған мәселеге байланысты көмек көрсету, ақыл кеңес беру.

5. Ата-аналар белсенділерімен жұмыс және ата-аналардың әртүрлі қоғамдық ұйымдармен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуі.

Сынып жетекшінің бұл бағыттағы жұмыстары ата-аналар комитетін құрып, оның мүшелеріне белгілі бір бағытта тапсырмалар беру және олардың жұмыстарын ұйымдастыруға кеңес беріп, қолқабыс көрсетуден басталады.


Кейбір ата-ана өз балаларының сыныпта атқарып жүрген қоғамдық жұмыстарына барынша қолдау көрсетеді. Мысалы: баласы спорттық шараға, мәдени жорыққа жауапты болса, оның ата-анасы да өз мүмкіндігінше баласына қолдау көрсетіп, оған қажетті материалдарды табуға көмектесіп отырады. Мұндай ата-аналарды сынып өміріне араластырып отыру да сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысына жатады. Сонымен бірге, сынып жетекшісі бұл бағытта ата-аналармен, жалпы мектеп көлеміндегі қоғамдық ұйымдармен де мектепке қатысты жалпы мәселелерді ортақтаса шешуде бірлесе жұмыс жүргізеді.

Мектеп пен сыныптың оқушы отбасымен өзара әрекеттестігі бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі

Мектеп – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, қоғаммен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Мектепте іс-әрекеттің ең бастысы – тәрбие түрлерінің (дүниетаным, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі және т.б.) мақсаты мен міндеттері жүзеге асырылады.

Осы жұмыстарға мектеп басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті тұлғалармен, ұйымдармен, отбасымен бірігіп, іске асыруды қамтамасыз етеді.

Мектеп басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары 85-суретте берілді.



Сурет-85. Мектеп басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары

Ата-аналар балаларды тәрбиелеу ісінде мектеппен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие процесінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін, отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеуін қажет етеді.

Балалармен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді қажет етеді. Әсіресе, сынып жетекшісіне жүктелер жауапкершілік мол. Балалардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады.

Мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің арақатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады.

Бала үшін отбасы – ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Отбасында қабылданған көзқарас, салт-дәстүр, ұстаным, әрекет-қылық үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды. Отбасы тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер – үлгі-өнеге, бірлікті еңбек, іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдап-қуаттау, баланы қорғау. «Мендей бол!», «Мендей істе!» ұранымен тәрбиелей отырып, ата-аналар өз өнегесімен қалай жасау, еңбектену қажеттігін үйретіп, сыйластық, сүйіспеншілік сезімін білдіреді.

Осы тұрғыда ынтымақтастық негізде сынып жетекшісінің ата-аналармен қарым-қатынасының формалары 86-суретте берілді.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі формалары	Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес формалары
<ul style="list-style-type: none">• Ата-аналар жиналысы• Жалпы сыныптық және жалпы мектептік конференциялар• Сынып жетекшісінің жеке ақыл-кеңесі, әңгімесі• Балалардың үйін аралау• Ата-аналар университеті• Ашық есік күні	<ul style="list-style-type: none">• Тақырыптық ақыл-кеңес, әңгіме• Ата-аналар оқуы• Ата-аналар кеші• Ата-аналар тренингі

Сурет-86. Сынып жетекшісінің ата-аналармен қарым-қатынасының формалары

Кей мектепте құрамына жергілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени-ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқорлық кеңестері қызмет етеді. Мектептің отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасына бала тәрбиелеуде көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар отбасыларға).

Мектеп қызметкерлерінің және ата-аналардың балаға қатысты өзінің міндеттерін орындау үшін оларға әрекеттестік жауапкершілігі жүктеледі. Олай болса, үлкендер міндетін сапалы атқару үшін – бірлік қажет.

Бірлік – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы маңызды этикалық ұғым. Бірлік – адамдар арасындағы ынтымақтастық, үйлесімді тіршілік әрекетінің көрінісі.

Отбасы мен мектептің бірлікте болуы үштіктің өзара айнаымалыға байланысы қажет: үлкендер, балалар олардың арасындағы бірліктен шынайы қарым-қатынас, өзара келісім, түсіністік туындайды. Отбасы мен мектептің бірлігі – бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің бірін-бірі толықтыруы, өзара келісе әсер етуі, ықпал жасауы.

Отбасы мен мектептің бірлігінің құрылымы 87-суретте ашылды.



Сурет-87. Отбасы мен мектептің бірлігінің құрылымы

Отбасы мен мектептің бірлігінде баланың білім сапасын арттырудың мақсаты мен міндеттері және ортақ мақсатқа деген көзқарасы, қызығушылығы, белсенділігі анықталды.

Мектеп пен сыныптың бала отбасымен өзара әрекеттестігін жақсарту мақсатында, оқу жылының басында әр сыныпта ата-ана, ұстаз, баламен бірлесе отырып, дөңгелек үстел өткізуге болады.

Дөңгелек үстелдің тақырыбы: Менің арманымдағы сынып.

Мақсаты:

1. Сыныптың іс-әрекетімен ата-аналарды таныстыру.
2. Ата-ана-оқушы-ұстаздың ойларын ортаға салу, бір-біріне деген көзқарасын айқындау.
3. Мектеп пен отбасының қарым-қатынасын жақсарту.
4. Үш тіректің армандаған тілегінен шығатын сыныптың негізін жасау.

Қатысушылар: мектеп басшылары, ата-аналар, пән мұғалімдері, оқушылар.

Барысы:

1. Сынып жетекшісі тәлім-тәрбие сабағының мақсаты және өту барысымен таныстырады. Ата-ана, пән мұғалімі, балаларды бөлек-бөлек отырғызады. Әкімшілік мүшелері пікірлерге қорытынды жасап, сарапшы қызметін атқарады.

2. Сынып жетекшісі: «Кейде қиялымыз шарлап, болашақ өмірімізді армандаймыз. Оқушы – менің білім алатын сыныбым, ата-ана – менің баламның мектебі, пән мұғалімі – менің сабақ беретін сыныбым осындай болса ғой» – деп, қиялдайтын кездеріміз болады. Әр топ армандаған сыныбы туралы пікірін ортаға салсын.

3. Ата-аналарға ойларын жинақтауға 3 минут уақыт беріледі. Өздері армандаған сыныбы туралы пікірін алдымен балалар айтады. Содан соң ата-аналар, пән мұғалімдеріне сөз кезегі беріледі. Әкімшілік мүшелері ортақ пікірді шығарып отырады.

4. Сынып жетекшісі: Осы сыныптың баласы қандай болуы керек? (Мұғалім-бала-ата-ана).

5. Сынып жетекшісі: Осы армандаған сыныптың ұстазы қандай болуы керек екенін ойланайық? (Бала-ата-ана-мұғалім).

6. Сынып жетекшісі: Осы сыныптың ата-анасы ше? (Бала-мұғалім-ата-ана).

Нәтиже: сынып жетекшісі сынып өміріндегі іс-әрекетті ұйымдастырғанда көпшіліктің пікірін пайдаланды. Әр топтың армандаған сыныбына деген көзқарасы айқындалды. Армандаған сынып, ата-ана, мұғалімдердің үлгісі қандай болуы керектігі еске алынды. Осыдан ата-ана, сынып жетекшісі, баланың міндеті айқындалды.

Мұндай жұмыстардың мектептің алдына қойған мақсат, міндеттерін анықтауда үлкен көмегі болды. Олардың көзқарасы үш түрлі болғанымен, алдарында ортақ мақсат, міндет – бір. Оған бірлесе ұмтылып, кездескен мәселені бірге шешеді. Ортақ нәтижеге қол жеткізудегі ынтымақтастық түсініспестікке жол бермейді. Әр жақ өз міндетін орындап, шамасы келгенше бір-біріне көмектеседі, өзара сыйластықта болады. Балалардың білім деңгейі, тәлім-тәрбиесінің қалыптасуы – сынып жетекшісі, бала, ата-ана еңбегінің нәтижесі. Бірлікте жұмыс істегенде ғана іс оң нәтижесін береді.

Мектеп – жас ұрпақты тәрбиелеуде жетекші орын; тәрбиеге байланысты барлық қоғамдық күштерді ұйымдастырушы әрі біріктіруші; балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың, жеке тұлғаның дамуы және қалыптасуында әртүрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктірудің орталығы.

Ата-аналарды мектептегі тәрбиелік жұмысқа қатыстыру құқығын жүзеге асыруда оны қолдау мақсатында ынтымақтастық педагогикасын дамытудың тиімді жүйесі

Педагогтар ата-аналармен жұмыс жасағанда оларды оқу-тәрбие процесіне ұдайы тартуға ықпал етеді. Оларды әртүрлі үйірмелер, спорттық секцияларды ұйымдастыру және т.б. жұмыстарға қатыстырады.

Сонымен бірге, ата-аналармен бірігіп, жүйелі бірді-екілі өткізілген сыныптық жұмыстардың тәрбиелік тұрғыда тиімділігі жоғары. Мысалы, бос

уақыттарында отбасы мүшелері өздері қолдан жасаған бұйымдарын және т.б. заттарын көрсететін «Менің отбасым» «Менің отбасымның жетістіктері» және т.б. тақырыптағы іс-шаралар өткізеді.

Педагогтардың ата-аналармен жұмыстарының жүйесі, оларды мектепке тартуды көздейді. Ата-аналар заңды түрде мектеп ұжымына кірмейді, бірақ олар мектеп жұмыстарын орнымен ұйымдастыруға педагогтармен бірдей атсалысады. Олар мектепке әлеуметтік тапсырыс берушілер, сондықтан олар мектеп өміріне белсене араласуы тиіс. Өздері ассоциация құра отырып, өзін-өзі басқару органдарын құра алады және мектептің кейбір мәселелерін өз беттерінше шеше алады. Олар мектептің ата-аналар жиналысы, ата-аналар комитеті және оның комиссиясы, секциялар және т.б. жұмысшы органдар болуы мүмкін. Сонымен бірге ата-аналар мектеп кеңесінің толық құқылы мүшесі де бола алады.

Ата-аналармен ынтымақтастық формалары

Бала тәрбиесінің өзегі – отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ – бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана – баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Балалардың құқығы туралы» Заңы және т.б. құжаттар дәлел бола алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті», – делінген. Бұл жолдар әр баланың білім алуына мемлекеттің басты назар аударатынын және ол отбасының парызы екенін айғақтай түседі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-шы бабында ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек алуға құқығы бар» және олар «балаларға өмірі мен оқуы үшін саламатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті» – деп жазылып, жас ұрпаққа тәрбие, білім беру процесінде қатысушы субъект ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеген.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің арасындағы қылмыстың көбеюі, адамзаттың басына төніп тұрған әртүрлі дерттің қанат жаюы, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Баланың негізгі тәрбиешісі – өзінің туып-өскен ортасы,

ата-анасы. Баланың дұрыс азамат болып өсуі немесе өспеуі көбінесе үлкендерге байланысты. «Баланы-жастан...» деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң, баласының теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Жасөспірімдердің білім алуында, тәрбиесінің дұрыс қалыптасуында мектеп пен отбасының тығыз ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы қажетті жағдай болып табылады.

Ынтымақтастық – қазіргі адамзаттың өзара түсінісуін, ортақ мәселелерді біріккен әрекеттермен шешуге ұмтылуын, бейбітшілікті қамтамасыз етуінің негізгі формасы болып табылады. Ынтымақтастық педагогикасы – баланың дамуында гуманизм принциптері мен шығармашылық тұғырға сүйенген, тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің өзіндік жүйесін көрсететін, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы отандық педагогикадағы бағыт.

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі идеялары:

- баланы жақын даму аймағында оқыту;
- зорлықсыз оқыту;
- тірек, сызба түрінде орналасқан белгілер және кілтті сөздердің жиынтығы;
- озу және күрделі блоктар идеясы;
- таңдау еркіндігі;
- диалогтық, креативті;
- тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің бірлескен қызметі;
- бос уақыттағы еріктілік.

Ынтымақтастық қарым-қатынас жүйе ретінде көп аспектілі, бірақ онда маңызды орынды «тәрбиеші-тәрбиеленуші» қарым-қатынасы алады.

Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығы дегеніміз – жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсатында үйлестірілген тәрбиелік іс-шаралардың бір жүйеге бірігуі. Оқушыларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының жоғары өлшемді болуына сынып жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік-педагогтың орны ерекше. Сонымен қатар, мектеп оқушыларын тәрбиелеуде пән мұғалімдерінің де алатын орны зор. Пән мұғалімдері оқушылардың пәнге деген ынта-ықыласына байланысты дара ерекшеліктерін, танымдық қызығушылықтарын ашады.

Ата-аналар жиналысы – сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысының негізгі формасы

Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы – ата-аналар жиналысы. Онда күнделікті өмір, еңбек, демалыс, балалардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу, тәрбие жұмысы және т.б. талқыланып, оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады. Сыныптың ата-аналар жиналысында ата-аналар комитеті, олардың төрағасы сайланады.

Ата-аналар жиналысы мектеп бойынша жылына екі рет, сыныптар бойынша төрт рет өткізіледі. Жиналысты дұрыс ұйымдастырып өткізуге, ата-аналар комитеті мен ата-аналар белсенділері және мектеп басшылары сынып жетекшілерімен бірдей жауап береді. Ата-аналар жиналыстарында оқу-тәрбие жұмысы қаралады, оның сапасын жақсартудың негізгі жолдары

белгіленеді. Кейбір ата-аналар отбасылық тәрбие жайлы есеп береді. Жиналыстарда сынып жетекшілері ата-аналарды сынып ұжымының оқу-тәрбие жоспарымен, ал мектеп басшылары балалар және ата-аналар комитетінің іс-жоспарларымен таныстырады.

Мектеп өмірінде тақырыптық ата-аналар жиналыстарын өткізіп отырудың тәрбиелік мәні зор. Мұндай жиналыстардың мақсаты – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қорыту.

Ата-аналар қауымының тұрақты органы – ата-аналар комитеті. Ол мектеп ұжымымен бірге, оқу-тәрбие және жұртшылық көмегін пайдалана отырып, оқу-тәрбие және шаруашылық жұмыстарын жақсартудың шараларын жасайды, оларды іске асырудың барлық мүмкіншіліктерін қарастырады. Ата-аналар комитеті айналысатын басты мәселелерге мектеп және сыныптар бойынша ата-аналар жиналыстары, конференциялар, семинарлар өткізуге көмектесу; үлгермейтін және қиын балаларды назарда ұстау, сынып жетекшілеріне көмектесу; үйірме жұмыстарын басқару; балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру; экскурсия, жорықтарды ұйымдастыруға қатысу; мектеп үйін жөндеу және т.б. жұмыстар жатады.

Ата-аналар комитеті мүшелерінен және ата-аналар белсенділерінен комиссия құрылып, мектеп жұмысының кейбір түрлерін педагогикалық ұжым мүшелерімен одақтасып бірге басқарады (оқу-тәрбие жұмысы; педагогикалық насихат; қоғамдық пайдалы еңбек; мәдени көпшілік жұмысы және т.б.).

Ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференциялары сияқты формалар арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті – ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік немесе сыныптық жиналыстарда сайланады. Ол 5-6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын төрағадан және 4-5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда, ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

Дұрыс қызмет ететін ата-аналар комитеті – сынып жетекшісінің оң қолы.

Сыныптағы ата-аналар жиналысына дайындалу және өткізудің әртүрлі тиімді әдіс-тәсілдері бар. *Осы әдіс-тәсілдер арқылы сынып жетекшілері:*

а) ата-аналардың мәдениеттілігін қалыптастыруға;

ә) психология мен педагогиканың түрлі проблемаларына қызығушылығын арттыруға;

б) бала тәрбиелеу барысында түрлі жағдаяттарда шешім жолдарын таба алуға көмектеседі.

Сыныптағы ата-аналар жиналысының басты мақсаты – бүкіл сынып ата-аналар ұжымымен бір уақыт ішіндегі байланыстың зор нәтижелі формасы және сынып жетекшісінің ата-аналар жүрегіне жол табу әдісі болып есептеледі.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының бағыты – жалпымектептік ата-аналар комитеті, сыныптар бойынша ата-аналар комитеті, «Әкелер» мектебі, «Аналар» мектебі, Ата-аналар университеті (88-сурет).



Сурет-88. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының бағыты

Ата-аналар жиналысы – мектеп өміріндегі қажетті атрибуттардың бірі. Оны қызықты және тиімді өткізу әсіресе, енді жұмыс бастаған жас сынып жетекшісіне ең пайдалы кеңес болары сөзсіз.

1. Ата-аналар жиналысын өткізу үшін, барынша ыңғайлы күнді және уақытты таңдаған жөн. Осы уақытқа сіздердің балаларыңыздың ата-аналарының да ешқандай істері жоспарланбауы тиіс.

2. Ата-аналарды жиналысқа шақырудың тиімді әдістерінің бірі – шақыру қағаздарын даярлау. Шақыру қағаздарын түрліше безендіруге болады. Мәселен, типографиядан шыққан үлгілі-нұсқауды (балалардың өз қолымен жасалған нұсқасы немесе ата-аналар комитетінің көмегімен). Ең бастысы, бұл шақыру қағаздары ата-ана қолына жиналысқа 2 сағат қалғанда емес, алдын ала жеткізілуі тиіс. Шақыру қағаздарына жиналыстың нақты тақырыбы, күн тәртібіне қойылған мәселелер, байланысу үшін сынып жетекшісінің, сынып ата-аналар комитеті төрағасының (төрайымы) телефон нөмірі жазылғаны жөн. Шақыру қағаздары сынып қорында жиналып, кез келген мейрам, әсіресе оқу жылының аяқталуы немесе мектеппен қоштасу кештерінің көркі болуы мүмкін.

3. Сынып ата-аналар жиналысына «Сіздердің балаларыңызды қызықтыратын маңызды проблеманы таңдаңыз және ата-аналармен бірге шешімін таба білуге әрекеттеніңіз» сияқты мәселелерді шешу үшін «Сіз не дейсіз?» педагогикалық ток-шоуын өткізуге болады.

Демек, сынып жиналысын ұйымдастыруда оның проблемалық тақырыбын айқындап алудың маңызы зор. Мысалы, «Балаларды тәрбиелеуге қиындықпен бетпе-бет келу көмектеседі ме, әлде, одан жалтару көмектеседі ме?» деген тақырыпты тандап алған соң, оны өткізуге дайындық ретінде ата-аналармен алдын-ала сұрақ-жауап өткізуге болады.

Ол сұрақтар төмендегідей үлгіде болуы мүмкін:

1) Сіздің мінезіңізді, ерік-күшіңізді өміріңізде кездескен қандай қиындықтар шынықтырады деп ойлайсыз?

2) Балаңыздың қиындыққа тап болған кездегі (сөз, іс-әрекет, сезім мен көңіл-күй) ахуалын еске түсіріп, сипаттап беріңіз?

3) Сіздің балаңыз қиындықтардың қандайын жеңе алмай, қандайына шамасы жетеді?

Осы мазмұндағы сұрақтар ата-ананың ойын жинақтап, тәрбие мәселесіне терең мән беруіне көмектеседі.

4. Әсіресе сыныпта ата-аналардың отыру қалпына мән беріңіз. Ата-аналар жиналысына қатысушылардың бір-бірін жақсы көре алуы және естуі үшін үстел мен орындықтарды дөңгелек түрінде орналастыру керек.

5. Ата-аналар бірін-бірі жеткілікті жақсы танымаған жағдайда, ата-аналардың аты-жөні жазылған визиткаларды дайындаған жөн.

6. Ата-аналар мен жиналысқа қатысушыларға арналған ережені ойлап табыңыз. Мысалы:

- міндетті түрде сыртқы киімді шешу;
- проблемаларды талқылау барысында үндемей отыруға болмайды;
- ұсыныс, пікірлерге қарсы шыққанда өз ұсыныстарын енгізу;
- бір-бірін аты-жөнімен атау және т.б.

7. Жиналысқа шақырылғандардың уақытын бағалай біліңіз.

Осы мақсатпен уақыт тәртібін орнатып және оның қатаң сақталуын қадағалаңыз.

8. Жиналыс барысында ата-аналардың өзара қарым-қатынаста болуы үшін ойындар, әңгіме, пікіралмасу ұйымдастырыңыз.

9. Жиналысты еркін және ашық түрде өткізуде ата-аналарға кофе-брейк ұйымдастыру да тиімді.

10. Проблемалық мәселелерді талқылау барысында педагогикалық және өмірлік тәжірибеге ие, ең беделді ата-аналар мен мектеп кеңесі мүшелерінің пікіріне сүйеніп, оны басшылыққа алыңыз. Жиналыста нақты шешім қабылдауға қол жеткізіңіз.

Осы пайдалы кеңестерді ата-аналармен ынтымақтастықта дұрыс қолданып пайдалану, жас ұрпақты үйлесімді етіп тәрбиелеудің негізі болмақ.

Сынып жетекшісінің оқушының отбасымен және ата-аналарымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстары: педагогикалық білім университеті, конференция, практикум, дәріс, педагогикалық пікірталас, отбасыларға бару, ата-аналармен хат жазысу және т.б.

Тәрбие – нәрестенің ана құрсағында пайда болған сәтінен басталса, саналы тәртіп – тәрбиенің нәтижесі ретінде бала санаға жүгінген кезден бастап

қалыптасады. Балаларды тәрбиелеуші ортаға – отбасы, балабақша, мектеп және т.б. жатады. Ал, тәрбиелеуші мүшелер (ата-ана, сынып жетекшісі және т.б.) балаларға тәрбие беруде жетекшілік қызметті атқаруы тиіс. Ата-ана өз балаларының жан дүниесін жақсы түсініп, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыруы үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі мен білігін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігін өздері түсінуі қажет.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен бірлесіп өткізетін іс-шаралары:

- ата-аналар жиналысын ұйымдастыру;
- ата-аналар комитетін құру;
- ата-аналар белсенділерімен жұмыс істеу;
- ата-аналар үшін әңгіме, дәрістер ұйымдастыру;
- ата-аналар үшін конференция өткізу және т.б.

Педагогикалық білім университеті – ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру формасы. Ата-аналарды қажетті біліммен, негізгі педагогикалық мәдениетпен қаруландырып, олардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие берудің өзекті мәселелерімен таныстырады. Ата-аналардың қалың көпшілікпен, отбасының мектеппен қарым-қатынас жасауын, сондай-ақ тәрбие жұмыстарын жүргізуде ата-аналар мен сынып жетекшісінің өзара әрекеттестігіне мүмкіндік жасайды.

Конференция – бала тәрбиесі жөніндегі білімді кеңейту, тереңдету және бекітуді көздейтін педагогикалық білім беру формасы. Конференциялар жылына бір рет өткізіледі, олар жақсы даярлықты және ата-аналардың белсенді араласуын талап етеді.

Конференция әдетте мектеп директорының (жалпы мектептік болса) немесе сынып жетекшісінің (сыныптық болса) кіріспе сөзімен ашылады. Ата-аналар отбасы тәрбиесінде жинақтаған тәжірибелері бойынша алдын ала қысқаша дайындалған хабарламасымен таныстырады (3-4 ата-ана).

Конференцияда талқыланатын тақырыптар күні бұрын ұсынылады. Мысалы «Балаларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасының ынтымақтастығы». Сонымен бірге бала тәрбиесі жайлы кейбір ата-аналардың: «Үйге берілген оқу тапсырмасын орындауда балама қалай көмектесемін?», «Отбасында бала бос уақытын қалай пайдалану керек?» сияқты тақырыптарда баяндамалары тыңдалады.

Содан кейін сөйлегісі келетін адамдарға сөз беріледі. Конференцияны жүргізуші қорытындылайды.

Практикум – балаларды тәрбиелеу, педагогикалық жағдаятты тиімді шешу бойынша ата-аналарда педагогикалық біліктіліктің қалыптасу формасы.

Педагогикалық практикум барысында сынып жетекшісі қандай да болмасын қайшылықты жағдаяттан шығу жолдарын ұсынады және жағдаяттағы өзінің ұстанған бағытын түсіндіреді.

Дәріс – қандай да болмасын тәрбиелеу проблемасының мәнін ашатын психологиялық-педагогикалық білім беру формасы. Жақсы лектор – ата-аналардың мүдделерін, проблемаларын, олардың балаларға көрсететін қамқорлықтарының сипатын білетін ұстаз-тәрбиешінің өзі. Дәріс оқудағы басты нәрсе – тәрбиелік оқиғаларға, жағдаяттарға ғылыми талдау жасау.

Сондықтан дәрісте оқиганың пайда болу себептеріне, олардың болу ретіне, балалардың іс-әрекеттерінің тетіктеріне, олардың психикасын дамыту заңдылықтарына, отбасы тәрбиесі ережелеріне жеке тоқталу қажет.

Дәрістің ең қажетті шарттарының бірі – отбасы тәрбиесі бойынша жинақталған тәжірибеге сүйену. Дәріс барысында қарым-қатынас жасау әдісі – еркін әңгімелесу, пікіралмасу, ойлары бір адамдардың диалогы.

Педагогикалық пікірталас – педагогикалық мәдениетті көтерудің қызықты формасы. Оның басты ерекшеліктері – қойылған міндетті шешуге барлық балаларды қатыстыруға, жинақталған дағдылар мен тәжірибелерге сүйене отырып, фактілер мен құбылыстарды жан-жақты талдау біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі. Пікірталастың басты принципі – кез келген қатысушының ұстанған бағыты мен пікіріне деген сыйластық.

Пікірталас тақырыбы мектеп пен отбасы тәрбиесіндегі талас тудыратын кез келген проблема бола алады.

Отбасыларға бару – сынып жетекшісінің ата-аналармен жеке жұмыс жүргізуінің тиімді формасы. Отбасына барғанда сынып жетекшісі баланың өмір сүру жағдайымен танысады. Ата-аналармен баланың мінезі, қызығушылығы, бейімділігі, ата-анаға және мектепке деген қарым-қатынасы жөнінде әңгімелеседі, оларды балаларының жетістіктері жөнінде хабардар етеді, үй тапсырмасын орындауды ұйымдастыру бойынша кеңестер береді және т.б.

Ата-аналармен хат жазысу (электронды пошта арқылы) – ата-аналарға олардың балаларының жетістіктері туралы жазбаша ақпарат беру формасы. Бұл жағдайда ата-аналарды алда бірігіп атқарылатын іс-әрекеттерге тартуға және оларға бала тәрбиесі бойынша ақыл-кеңестер беруге болады. Мұндай хат алысудың басты шарты – көңілді де жақсы қарым-қатынас жасау.

Ата-аналармен хат жазысуға баланың күнделік дәптері пайдаланылады. Сынып жетекшісі оған баланың оқуға, қоғамдық жұмысқа қатысты тәртібі туралы қысқаша жазып отырады.

Дегенмен, мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынасының нәтижелі болуы, көбінесе педагогикалық тұрғыдан таңдалған қарым-қатынас пен өзара іс-әрекет формасына байланысты. *Ол үшін төмендегідей жағдайларды ескеру қажет:*

1. Балаға қатысты жағымды қарым-қатынастың болуы.
2. Сынып жетекшілердің ата-аналар тарапынан болатын кеңестерге өте мұқият назар аударуы.
3. Бала тұлғасында пайда болған жағымсыз құбылыстың себебін бірлесіп анықтауы, талдауы және оны жоюдың тәсілін бірге қарастыруы.
4. Сынып жетекшілердің ата-аналармен қарым-қатынасында педагогикалық әдептің, этиканың қатаң сақталуы.

Олай болса, сынып жетекшісі және ата-аналардың өзара жағымды қарым-қатынасын ұйымдастыруға сай жоғарыда аталған жағдайлардың межеге айналуы, бала тәрбиесіндегі олардың өзара тәрбиелік, ұйымдастырушылық іс-әрекетінің біртіндеп жоғары деңгейде нәтижелі болуына септігін тигізеді.

Отбасы, мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше «тәрбиешілер» тобын құрайды. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді; мектеп оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады; балалар мен жеткіншектер ұйымдары қарым-қатынас жүйелеріне ендіреді; ал көше болса, отбасы, мектеп, әрқилы бірлестік топтар бере алмағандардың орнын толтырады. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса, сонысын таңдайды, соның ықпал тәуелділігінде болады.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Отбасы – сынып оқушыларын тәрбиелеу және дамыту ортасын құраушы.
2. Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеттестігінің мәні мен атқаратын қызметтері.
3. Ата-аналармен ынтымақтастық формалары.
4. Ата-аналар жиналысы – сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысының негізгі формасы.
5. Сынып жетекшісінің ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстары.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Белгілі дәстүр, жағымды өнеге, мұралардың сақтаушысы – бұл: **отбасы**
2. Отбасындағы қарым-қатынас сипатына, басқару стиліне қарай отбасының бірнеше түрлерін ұсынған ғалым-педагог: **Р.М.Капралова**
3. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысының негізгі формасы – бұл: **ата-аналар жиналысы**

III. Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз

Отбасы	Оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы	
Белгілері		
Қызметтері		
Түрлері		

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Отбасы – бұл:

- A) Бала үшін ең жақын әлеуметтік орта
- B) Баланың азамат болып өсуінің кепілі
- C) Адам баласы тәрбиесінің құралы
- D) Мектептегі өзін-өзі ұйымдастыруда жүзеге асатын әлеуметтік ағза
- E) Қойған мақсатты шығармашылықпен іске асыру
- F) Өзінің мінез-құлқын сырттай бағалай алу қабілеті
- G) Тәрбиелік іс-қимылды үйлестіруші қоғамдық институт
- H) Ғылымның негізгі өлшем бірлігі

2. Отбасының белгілері:

- A) Әртүрлі жастағы адамдардан біріккен ұжым
- B) Ерлі-зайыптылық, ата-аналық міндеттердің байланыстылығы
- C) бірі отбасын басқарумен, екіншілері сол отбасында тәрбиеленумен
- D) Бірдей жастағы адамдардан біріккен ұжым
- E) Үйде әкенің айтқанының заң болуы
- F) Бірнеше адамдардан біріккен ұжым
- G) Ұл баланың әкенің айтуымен жүруі
- H) Балалардың үнемі ата-ананы тыңдауы

3. Отбасында бала тәрбиесіне әсер ететін жәйттар:

- A) Отбасының этникалық құрамы мен құрылымы
- B) Тіршілік әрекетінің және ортаның жағдайлары
- C) Отбасының мәдени әлеуеті
- D) Отбасының ғылыми әлеуеті
- E) Отбасының рухани әлеуеті
- F) Отбасында баланың бос уақытын қадағалау
- G) Балаға ата-ана тарапынан жасалатын өктемдік
- H) Сыртқы отбасылық әрекет

4. Отбасындағы қарым-қатынас сипаты, басқару стиліне қарай ғалым-педагог Р.М.Капралова ұсынған отбасының түрлері:

- A) Отбасы мүшелері арасында гармониялы қарым-қатынас орнаған отбасы
- B) Отбасында компромистік қарым-қатынас орнатылған отбасы
- C) Қарым-қатынас тұрақты емес отбасы
- D) Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы
- E) Отбасында өмірлік құндылықтарға байланысты әртүрлі отбасы
- F) Балаға ата-ана тарапынан өктемдік көрсететін отбасы
- G) Балаға шамадан тыс қамқорлық көрсететін отбасы
- H) Қарым-қатынас тұрақты отбасы

5. Отбасылар типтері:

- A) Жоғары деңгейдегі адамгершілікті қарым-қатынастағы отбасылар
- B) Қарама-қайшылықты отбасылар
- C) Ата-аналар арасындағы жағымды қарым-қатынаспен сипатталатын отбасылар
- D) Жағымды іс-әрекетке тән сәтті отбасылар
- E) Адамгершілікті құндылықтар сақталған отбасылар
- F) Ата-аналар арасындағы жағымсыз қарым-қатынаспен сипатталатын отбасылар
- G) Қарама-қайшылықсыз отбасылар
- H) Жағымды мінез-құлыққа тән сәтті отбасылар

6. Отбасының атқаратын қызметтері:

- A) Ұрпақ келтіру
- B) Тәрбиелеу
- C) Қарым-қатынас құру
- D) Серуенге шығу
- E) Тыныш ұйқы
- F) Көтеріңкі көңіл-күй
- G) Дұрыс тамақтану
- H) Шектен тыс қамқорлық

7. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының бағыты:

- A) Ата-аналар университеті
- B) Әкелер мектебі
- C) Аналар мектебі
- D) Ашық сабақтар
- E) Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі
- F) Сыныптан тыс жұмыстар
- G) Мектепшілік іс-шаралар
- H) Сынып сағаты

8. Мектеп басшылығымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары:

- A) Сынып жетекшілер және мұғалімдердің отбасымен жұмысы
- B) Ата-аналармен жұмыс
- C) Сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстары
- D) Мектеп директорының отбасымен жұмысы
- E) Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысы
- F) Пән мұғалімдерімен жұмыс
- G) Белсенділермен жұмыс
- H) Психологтардың отбасымен жұмысы

13-тақырып. Балалар мен жастардың ынтасын дамытудағы тәрбие жұмыстары

Балалар бірлестігі – тәрбиелеу мен әлеуметтендіру институты

Дүние жүзіндегі алғашқы балалар бірлестіктері – скауттер ХХ ғасырдың басында қалыптасты. Ағылшын тіліндегі «scout» сөзі барлаушы деген мағынаны білдіреді. Скауттердің қағидаларын ағылшын полковнигі Р.Баден-Поуэлл (1857-1941) өзінің «Скауттер үшін нұсқаулық», «Жастар үшін скаут өнері» (1898) сияқты еңбектерінде негіздеді. Скаутшілер жер бетіндегі балалар мен жасөспірімдер дос және бауыр деген принципті ұстанады. Ешқандай партияға бағындырылмады. Ұл балаларға арналған ұйымды бойскаут (boyscouts), ал қыз балалар ұйымын герлскаут (girlscouts) деп атады. 1921 жылы скауттер ұйымы 63 мемлекетте (Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Италия, Франция, Швеция, Үндістан, Ресей және т.б.) жұмыс істеді. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ коммунистік партияның, кәсіподақ ұйымдарының басшылығымен өзінше қызмет атқаратын балалардың жаппай бірлестігі, яғни балалар бірлестіктері құрыла бастады. Олар алғаш жеке топтар ретінде дамып, Кеңестер Одағы тұсында 1922 жылы В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық пионерлер ұйымы құрылды. Бастауыш сыныптардың оқушыларын біріктіретін октябрияттар тобы болды. 2-дүниежүзілік соғыстан кейін бұл ұйым көптеген елдерде құрылып, дамыды. Олардың арнаулы демалыс орындары, сарайлары мен спорт кешендері болды. 1991 жылдан кейін құрылған Балалар ұйымдары Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әрекет ететін, ерікті қоғамдық бірлестіктер болып табылады.

Балалар бірлестіктері – балалар мен жасөспірімдердің ерікті ұйымдары, қоғамдық ұйымның айрықша түрі.

Балалар бірлестіктері төмендегідей белгілерге ие болады:

- ✓ балалар мен ересектердің бірлескен қызметін жүзеге асыруына бағытталған құндылық мұраттың (мақсаттың) болуы;
- ✓ ұйымға еркін кіру және еркін шығу;
- ✓ бекітілген мүшелілік;
- ✓ ұйымның әр мүшесі жағдайын анықтайтын айқындалған құрылым;
- ✓ барлығына орнатылған нормалар, ережелер, сонымен қатар бірлескен қызметін жасаудағы кепілдемелі құқықтар (қызмет етудің түрлері, формалары мен жолдарын таңдау құқығы);
- ✓ оның құрамында кәмелеттік жасқа толмаған азаматтардың болуы;
- ✓ жарғы, бағдарлама, ереженің болуы т.б.

Балалар мен жасөспірімдер бірлестіктері тәрбиеленушілердің қызығулары мен қажеттерін қанағаттандыру негізінде, олардың мүмкіндіктерін дамыту мен іске асыруда көмегін тигізеді. Мұндай бірлестіктер әр тәрбиеленушіге өз қалағанымен айналысу, өз мүдделерін қорғау, өзіндік басқару жұмыстарына араласуға мүмкіндік береді. Балалар және жасөспірімдер бірлестіктерінде тәрбиеленушілер қоғамдық қатынастар тәжірибесін игеріп, өздеріне жаңалық болған әлеуметтік рөлдерді атқаруға үйренеді.

Тәрбиеленушілер әрқилы мақсат төңірегінде бірігеді. *Ондай мақсат түрлері төмендегідей болуы мүмкін:*

- өз достарымен ресми емес қарым-қатынасқа түсу;
- қарым-қатынас шеңберін кеңейту;
- тұрмыстағы өз орны мен беделін анықтау, құқықтары мен еркіндігін қорғау, ересек өмірге дайындалуда жәрдем алу.

«Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы» Заңында (2002 жылғы 8 тамызда қабылданған №345 ҚР Заңы) тәрбиеленушінің негізгі құқықтары мен міндеттері айқындалады (2-қосымшаны қараңыз).

Балалар бірлестіктері жағдайындағы тәрбиеленушілердің әлеуметтенуіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған тәрбиелік жұмыстар өз мақсаты, мазмұны және құрылымы бойынша сыныптан тыс жұмыстардан көптеген ерекшеліктерімен ажыратылады. Мысалы, балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінің мақсаты бір тараптан – тәрбиеленушінің өз алдына қойған мақсаты ретінде қарастырылса, екінші тараптан – бірлестік істеріне араласқан ересектердің де тәрбие мақсаты ретінде қабылданады.

Балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінде тәрбиеленушілер іс-әрекеттерінің әлеуметтік маңызы арта түседі. Бұған себепші болатын шарт – тәрбиеленушінің әлеуметтенуіне табыс беретін жағдайлардың жасалуы, осының нәтижесінде тәрбиеленушіде қоғамдағы әлеуметтік қызметтерді орындауға деген ынта-ықыласы қалыптасады, сонымен бірге тәрбиеленушілердің қажеттері мен қызығуларын қанағаттандырудың көздері ашылып, оның өзінің де, ол қатысқан ұжымның да іштей мазмұны сапалық тұрғыдан дамып, байи түсуіне, жаңа ұмтылыстар бағытын алуға көмегін тигізеді.

Балалар мен жасөспірімдер бірлестіктері іс-әрекет, қызметтері, мазмұны, формалары және әдістерімен ажыратылып, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері, олардың қызығулары мен қажеттеріне сәйкес іске асырылады. Балалар немесе жасөспірімдер бірлестіктерінің бірін таңдауы, бір ұжымнан екіншісіне ауысу құқығы тәрбиеленушілердің өз еркінде. Мұндай баламалы бағыт мүдде, мұқтаждықтарға байланысты таңдау жасап, соған сәйкес өз ойын, бағдарламасын іске асыру мақсатында өзіндік жоспар түзуге, мерзімін белгілеп, орындау жөн-жосығын айқындауға мүмкіндік алады.

Әртүрлі топтар, клубтар, бірлестіктерге қатыса отырып, көркем-шығармашылық, таным, ойын әрекеті процесінде нақты мақсатқа жету үшін тәрбиеленушілер өз мүмкіндіктері, білімі, тәжірибесін пайдалана алады, басқа тәрбиеленушілермен бірге өз-өзіне сенім пайда болып, өзін қорғанышты сезінеді. Осындай немесе басқа да бірлестіктер аясында жүріп, жастар қоғамдық жұмыстарға араласа алады. Басқалармен бірлесіп әрекет ету, өз өмірлерін достарымен бірге өз ниеттеріне сай өзгерту, жақсы сапаларын ашуға көмектеседі.

«Бала құқықтары туралы Конвенцияның» 29-бабында: «...білім беру ата-анасын, төл мәдениетін, тілін және құндылықтарын, өзі тұрып жатқан мемлекеттің және өзі туған елінің ұлттық құндылықтарын, сондай-ақ басқа

өркениеттерді құрмет тұтуға бағыт беруге тиіс» делінген (1-қосымшаны қараңыз).

Тәрбиеленушілер қозғалыстарын біріктіруші балалардың қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары болып табылады. Бұл құрылымның мәнін түсіну үшін олардың ұғымдарының мағынасының неде екенін анықтау керек. Философиялық-әлеуметтік сөздікте осы ұғымдардың мағынасын жалпылай жинақталған түрде «Ұйым – әлеуметтік топ, жетістіктер бірлестіктерінің өзара байланыстағы мақсаты, құрылымның жасалуы» деп анықтама берген.

Балалар ұйымдарының мәні – маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу.

«Ұйым» сөзінің бірнеше мағынасы бар:

- 1) іс-әрекетінің түрі;
- 2) ішкі жағдайы, яғни ұйымшылдығы, келісімділігі;
- 3) әлеуметтік құрылымы.

Қазіргі кезеңдегі балалар ұйымы – алдына қойған мақсаты, тәрбиеленуші тұлғасын қалыптастыру бейімділігі бар, ұйымдық құрылым болып табылатын, балалар мен үлкендердің әлеуметтік тобы.

Қазіргі кезеңде балалардың қоғамдық бірлестіктерін төмендегідей өлшемдер бойынша реттеуге болады:

а) қызметтер типологиясы бойынша: аумақтық қызмет (тәрбиеленушінің әлеуметтік ортаға бейімделуі мен кіріктірілуі, енуде қамтамасыз етілуі, балалар ұйымдары мен бірлестіктерінің жиынтығы) және қызметтік мамандануы (бірлестік, ұйымдар, одақтар, орталықтар, клуб бірлестіктері және т.б.);

ә) іс-әрекеттің бағыттылығы мен мақсаты бойынша: ізгілікті бағдарлылық, әлеуметтік, саяси және т.б.;

б) мәртебесі бойынша: мемлекеттік, қоғамдық-мемлекеттік, қоғамдық;

в) іс-әрекеттің деңгейі бойынша: тұрақты немесе уақытша;

г) сыртқы орта мен байланыс бойынша: ашық, жабық, көпшілік және т.б.

Мектеп әртүрлі әлеуметтік институттардың балалар тәрбиесіне әсер етпей қоймайтынын, үнемі өз жұмыстарын ұйымдастыруда ескеруі тиіс. Олардың ішінде әртүрлі балалардың қоғамдық бірлестіктері ерекше орын алады. Балалардың қоғамдық бірлестігінің болашақтағы мақсаты – тәрбиеленушілерге бет бейнесін жоғалтпай, өздерінің күштеріне күш қосатындай мүмкіндіктерді табу, тәрбиеленушілердің мүдделерін қорғауға көмек көрсету.

Қазіргі кезеңде Бүкілодақтық пионер ұйымының орнына бірыңғай монополиялық, көпшілік балалар қозғалысының формалары мен құрылымының жиынтығы пайда болды. Құрамында Ресей Федерациясының және ТМД елдерінің 65 субъектілері, республикалық, аймақтық, облыстық, қалалық балалар құрылымы бар. Балалар ұйымдарының халықаралық федерациясы құрылды. Мысалы «Юная Россия» балалар ұйымдарының федерациясы тәрбиеленушілердің әртүрлі деңгейдегі 72 қоғамдық бірлестіктерін (алғашқы бірлестіктерден одаққа, ассоциацияларға дейін) біріктіреді.

Ресми түрде тіркелгендермен бірге жастардың 30 пайызы ұнататын формальді емес, стихиялы пайда болған балалар мен жастардың бірлестіктері жұмыс істейді.

Балалар бірлестігінің түрлері

89-суретте балалар бірлестігінің түрлері ашылды.

Өзінің ұйымдастыру-құқықтық формасына қарай	•Бірлестік, ұйым, қозғалыс, орталық, клуб
Көлемі мен деңгейіне қарай	•Республикалық «Невада» қозғалысы, аймақаралық клуб
Әрекеттерінің мақсаты және мазмұнына қарай	•Елжандылық, экологиялық, саяси, скауттық, пионер
Басылымдарына қарай	•Газет, журнал, альманах, әдістемелік-хабаршы бюллетені
Әрекет ету баздарламасына қарай	•Атамекен, Дәстүр, Жұлдыз, Ұлан, Азамат, Мың бала, Ата кәсіп т.б.
Құрылымына қарай	•Буын, бригада, команда, отряд, клуб: ерлік мектебі, ынтымақ, кәсіпкерлер, ұландар клубы
Ұйымдастыру базасына қарай	•Балалар бірлестіктері, жалпы орта мектептері, қосымша білім беру және мәдени мекемелер, клубтар, балалар үйі
Ұйымдастырушыларына қарай	•Жетекші, лидер, вожатый, нұсқаушы, әлеуметтік педагог

Сурет-89. Балалар бірлестігінің түрлері

«Субмәдениет», «балалардың субмәдениеті» ұғымдары

Субмәдениет (лат. sub – төменгі, нем. kultur – мәдениет) – дәлме-дәл аударымда «астыңғы мәдениет», ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді. Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Қазіргі жағдайда субмәдениет үлкен аймақтық, ұлттық мәдени құрылым негізінде пайда бола отыра, сол мәдениеттегі классикалық дәстүрден тысқары тұрады. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әртүрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер және т.б. құрайды.

Жаңа заман көптеген дүниелердің даму шыңына жеткен, жаңа лептің бастау алған кезеңі болды. Ол тек техникалық жетістіктерге ғана байланысты емес, сонымен қатар рухани, мәдени жаңашылдықтың да белең алған уақыты. Сондай заман нәтижелерінің бірі – фанатизмнің (табынушылықтың), психологиялық талғамдағы ұқсастықтың белгілі адамдарды ұлтына, жынысына қарамай, бір идея толқынына біріктіруі, яғни «субмәдениет» ұғымының қалыптасуы. Субмәдениет өкілдерінің киім киістері де, өздерін ұстауы да, сөйлеулері де өзгеше: басынан аяғына дейін қап-қара киінген, бет-келбетін де қарамен бояп алған адамдар немесе үсті-басы металдан жылтырап тұрған, не

басқа да «ерекшелігі» бар, өзгелерге ұқсамайтын жастар. Бұл «ерекше адамдар» белгілі бір субмәдениет өкілдерін құрайды. Осы субмәдениет біздің қоғамдағы жастар арасында белең алып барады. Субмәдениет – жастардың өзіндік қоғам құрып, белгілі бір топ ішіндегі бейформальді, яғни қоғамнан бөлек бірлестігі, осы бірлестік мәдениеті. Ошағы Батыстан бастау алатын субмәдениет ұғымы қазір бар әлемде кең таралған. Оған әсіресе жасөспірімдер көп қызығады.

Субмәдениет – жас адамдардың ресми емес қатынастарының, олардың ерекше өмір сүру стилі мен тәртіптерінің, белгілі бір қағидалары мен құндылықтарының нәтижесі және «МЕН-ОЛАР» жүйесіндегі өздерін көрсету мен дамытудың бір жолы.

Эмо, гот, рэппер, рокер, байкер деген сөздер жастар үшін таңсық емес. Бұл сөздер жасөспірімдердің ұйымдарына да қатысты айтылады. Алғашқы кезде субмәдениеттің қалыптасуына музыкалық топтар әсер етті.

Мәселен, 1980 жылдан бастап Америкада роктың жаңа бағыты готик-рок өмірге келді. Нәтижесінде готтар субмәдениеті қалыптасты. Бұл мәдениетті ұстанатындар готикалық әуендерге және мистикаға жақын келеді. Басты өзгешеліктері киімдері қара түсті, металл бұйымдарды тағуы және өздеріне тән макияж жасауында. Сондай-ақ, ең басты қолданыстағы атрибуттары – анх символы, адамның бас сүйектері, жарқанат және пентаграммалар. Олардың өздеріне тән музыкалық әуендері де жетерлік. Дүниежүзінде готикалық мәдениеттің дамығаны соншалық, жыл сайын 25 мыңға жуық адам Германияның Лейпциг қаласында «Wave Gotik Treffen-WGT» атты фестивалге жиналады. Әйткенмен, готтардың субмәдениетін қоғам жылы қабылдамады, себебі, олар суицид, депрессия және сатанизмді насихаттайды.

Қазіргі жастардың жеке, өзіндік өмірге бүгінгі аса қиын және динамикалық (қозғалысты, көп сырлы) кезеңде аяқ басатындығын ұмытпауымыз керек. Оларға нағыз өмір туралы нақты кеңестер беріп, уақытында өз өмірлік тәжірибемізбен бөлісіп, олардың бастан кешіргендеріне сыйластықпен қарауымыз қажет. Буындар арасындағы түсініспеушілік, негізінен, сол кезеңнің әлеуметтік құрылымдарын, өмір тарихтарын білмегендіктен туындайды. Тарихтың белгілі бір кезеңіне қазіргі ғылыми биіктен қарап, бүгінгі түсініктер тұрғысынан саралап, дәуір психологиясын ескермей, мәселені сол заман адамдарының қандай көзқараспен тандағандығын назардан тыс қалдырып жатамыз.

Әрине, жастар проблемасы қашанда қоғамның өзекті мәселелерінің негізі болып табылған. Балалар – заман жаңарған сайын өзіндік өмір сүруге қабілетті, жеке талғамы мен таңдары бар топ өкілдеріне айнала бастады. Ендігі кезекте жылдар жылжыған сайын, жастардың мәдениеті қалыптаса бастады. Ол – жастар субмәдениеті.

Жастар субмәдениеті – киген киімі, сөйлеу мәнері және айрықша әуестенулерден көрініс табатын ересектер әлеміне, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылық.

Субмәдениетті төмендегідей 4 топқа бөліп қарастыруға болады (90-сурет).

Музыкалық-субмәдениет	Арт-субмәдениет	Интернет-субмәдениеті	Индустриалды және спорттық субмәдениет
Белгілі бір музыка ағымы қызығушылығына қарай біріккен топ	Әннен басқа өнер түріне анимация, жалпы хобби турасында қауымдасқан топ	Интернет қауымдастық, жалпы виртуалды кеңістікте ортақ тіл табысқандар	Футбол секілді спорт түріндегі ұстанған көзқарастарына қарай біріккен топ

Сурет-90. Субмәдениеттің түрлері

Қазір де ең көп таралған топ өкілдері музыкалық-субмәдениет. Жастардың ең көп бөлігі осы музыкаға әуес, музыка арқылы олар өздерінің мақсаттарын, ерік-жігерлерін мүлде жоғалтады.

Балалардың бұл мағынасыз бірлестіктерге кіруінің бірнеше себептері бар: отбасындағы түсініспеушіліктер, барлық адамдар сияқты болуды қаламау, өзіне көңіл аудармау келу, мода қуу, батыстық бейнеге еліктеу, өмірлік мақсаты болмау, эмоционалдық қажеттілік және т.б.

Сондай-ақ, белгілі бір субмәдениеттің өкілі болып табылатын жастардың психологиялық ерекшеліктеріне келер болсақ, ол төмендегідей жәйттардан көрініс табады:

- ата-аналары мен мектеп тарапынан болатын бақылаулардан босауға деген ұмтылыстан;
- эмоцияға аса берілгіштіктен;
- жасөспірімдік әсірелеушіліктен;
- өмірге қатысты ойларының тым мінсіздігінен;
- адамгершілік ұстанымдарының тұрақсыздығынан;
- жеке адами құндылықтарының қалыптаспауынан.

Қазақстан – белгілі ұлттық дәстүрлер мен жаңашылдықты өзіне жинақтаған ерекше мемлекет. Біздің жастар, бір жағынан, қоғамның инновациялық әлеуеті болып табылады және білім алу, жаңашылдықты қабылдау, мамандығы бойынша өсіп-өркендеуде және өмірдің басқа да салаларында жеткілікті белсенді. Сонымен қатар, тәрбие мен құндылықтарды мұра ретінде қабылдаудағы дәстүрлерді де ұмытпайды. Дәл осы санадағы дәстүрлілік пен діл ерекшелігі жастардың ерекше субмәдениетінің қалыптасуын тежеп тұр. Негізі, жас адамдардың наным-сенім, өмір, бақыт, туыстарына деген махаббат, денсаулық, отбасы секілді құндылықтарға

қарым-қатынастары оның рухани-адамгершілік ішкі күйзелісі мен өмірлік мақсаттарын асыра бағалауымен байланысты.

Ендеше, өзіміздің қазақы діліміз бен мәдениетімізге тән ерекшеліктерімізді тани отырып, ұмыт қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, дамытуымыз қажет. Бүгінде отбасы, мектеп, және жоғары мектеп жастарға жай «бақылаушы» позициясын ұстанбаулары керек, керісінше, жеке адамның бүкіл қоғам мүддесін игеру үшін жарыс мүмкіншілігіне тең дәрежеде ұмтылу позициясын қамтамасыз ету керек.

Балалардың шығармашылық бірлестігі, балалардың шығармашылық бірлестіктерінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі

Бүгінгі таңдағы педагогикалық әдебиеттерде (Н.Г.Полянская және т.б.) балалар бірлестіктерінің қызмет атқару моделі берілген. Мұнда төмендегідей балалар бірлестіктеріндегі тәрбиеленушілер тұлғасын дамыту ерекшеліктеріне сәйкестендірілген *іс-әрекеттерді ұйымдастырудың негізгі кезеңдері мен педагогикалық шарттары көрсетілген:*

- алғашқы бейімделу;
- жаңа іс-әрекет түрлерін меңгеру;
- жаңа жағдайға орай өз мүмкіндіктерін іске асыруға үйрену;
- білімдері мен ептіліктерін тұрмыста пайдалануға дайындық жасау.

Бұл бірлестіктердегі іс-әрекеттер тобы 3 принципке орай орындалады:

✓ балалар мен жасөспірімдердің бірлестіктері шеңберінде жалпы адамзаттық құндылықтарды жан-жақты үйлестіру;

✓ тәрбиеленушілерді адамның өмірлік ұстанымдары мен әлеуметтік рөлдерінің дамуына ұтымды негіз қызметін атқаратын қоғамдық әрі тұлғалық мәнді қатынастарға араластыру;

✓ балалар шығармашылық бірлестіктерінде тәрбиеленушілердің өзіндік ұйымдасуына және бойындағы мүмкіндіктерін өзінше жүзеге асыруына жәрдем беретін ұжымның өзіндік басқаруы мен педагогикалық жетекшілікті өзара байланыстыра жүргізу.

Ерекше тәрбиелік мүмкіндіктерге ие уақытша бірлестіктер де (балалар лагерлері, жастардың ауыспалы топтары және т.б.) маңызды істер атқаруда. Мұндай қысқа мерзімді ұжымдарда бала кең, өрісті әрі жедел қатынастарға түсіп, достарымен тез тіл табысып, жан-жақты шығармашылық қабілеттерін іске асыруға қолайлы мүмкіндіктер алады. Уақытша бірлестіктерде жасөспірімдер өз тіршілігін өз бетінше ұйымдастыруға ұмтылып, бастапқы енжар бақылаушы қалпынан белсенді ұйымдастырушы тұлға дәрежесіне көтеріледі. Бірлестіктегі ересектер мен достарының ықпалынан тәрбиеленуші бойында орнығып, көрінетін әлеуметтік әрекет-қылық үлгілері оларға өзін белсенді субъект ретінде тануға, игерген тұрмыс, тәлімдік қалып, талаптарды орындауға жол ашады.

Жас көшбасшылар Қауымдастығы – жастардың өз тұлғасын дамыту, өркениетті тіл табысушылық дағдыларын қалыптастыру, серіктестік

сондай-ақ, Қазақстан Республикасының белсенді азаматы өмірлік сапасына жауапкершілік тұрғыдан келу мақсатындағы мемлекеттік емес, бейсаяси қоғамдық жастар ұйымы. Оған 13 жастан жоғары білім мен білік дағдыларын меңгеруге мүмкіндігі бар, азаматтық құзырлылығы мен шешім қабылдау дағдысы, кикілжің мен қиын жағдайдан жол табуға тырысатын, өзара түсіністікте нәтижелер қажеттігін сезінетін балалар тән.

Жас көшбасшылар Қауымдастығы жұмыстарының басты ұстанымы – «Жастар жастарға үлгі». Ұйым алуан түрлі жаңа және белгілі әдістемелер, психологиялық тренингтер, ойындар, тесттер, шағын топтарға арналған практикалық сабақтар, шығармашылық сабақтар мен пікірталастарды үйлестіруге өз қызметін құрады.

Жас көшбасшылар Қауымдастығы жүргізушілері мектептегі мектеп Кеңесін құратын кеңесші ретінде қызмет атқарады. Оларды адамдармен жұмыс істеуге оқытып, кикілжің, дау-дамайды шешуге, үлкен аудиторияларда сөйлеу өнеріне, топтық жұмыстар мен жағдайларға көсемдік жасау және жоспарлау ісіне үйретеді.

Балалар мен жастардың формальді емес бірлестіктері

Балалар мен жасөспірімдер бірлестігі іс-әрекет мазмұны, қызмет ету ұзақтығы, басқару формалары тәрізді белгілермен ажыратылады (91-сурет).



Сурет-91. Балалар мен жасөспірімдер бірлестігінің белгілері

Балалар мен жасөспірімдер бірлестігі *іс-әрекетінің мазмұны* бойынша еңбек, қоғамдық-саяси, діни, патриоттық, танымдық және т.б. балалар бірлестіктері болуы мүмкін. Балалардың еңбек бірлестіктері оларды еңбекке баулуды ұйымдастыру міндеттерін жүзеге асырады.

Қоғамдық-саяси, патриоттық және т.б. бірлестіктер тәрбиеленушілердің қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту мәселелерімен және қарым-қатынас жасау, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі таныту үшін мүмкіндіктер жасау проблемаларымен айналысады. Соған байланысты бұл ұжымдарға өз еріктерімен кіреді, онда ол шарасыз айналысқан жұмыстарынан бөлек жұмыстар істейді.

Қызмет ету ұзақтығына (мерзімі) қарай мектепте, қосымша білім беру мекемелерінде қоғамдық бірлестіктер жұмыс істеуі мүмкін. Балалардың

уақытша бірлестіктеріне олардың жаздық орталықтары, туристік топтары және т.б. жатады.

Басқару сипатына қарай балалардың қоғамдық бірлестіктерінің ішінен формальді емес балалар бірлестігі, клубтық бірлестік және балалар ұйымдарын бөліп көрсетуге болады.

Балалардың қоғамдық бірлестіктерінің әртүрлі формаларын құруда балалар мен жастардың ынтасын дамыту және қолдау

Балалардың қоғамдық бірлестігі – бұл ең алдымен ұйымдастырушы, өзін-өзі басқарушы адамдардың өз еріктерімен жасөспірімдер мен үлкен адамдардың қалауы бойынша тәрбиеленушілердің сұранысы, қажеттілігі, мұқтаждықтарын бейнелейтін белгілі бір мақсатқа жету үшін қатысушылардың көтерген бастамалары мен қалаулары бойынша құрылған қауымдастық. Балалардың әлеуметтік бағыттағы қоғамдық бірлестігі – ашық, демократиялы, қатал «қызметтік иерархиясыз» құрылым. Ол мемлекеттік мекемелердің (мектептің қосымша білім беру мекемелерінің, жоғары оқу орындарының, өндіріс орнының) құрылымы бола алмайды, бірақ белгілі бір өндіріс орнының тікелей кадрлық, қаржылық және материалдық-техникалық көмегімен құрыла және істей алады.

Балалар бірлестігінің басқа бірлестіктерден өзгеше қозғалысының формасы ретінде балалардың қоғамдық ұйымдары – әлеуметтік, идеологиялық бағытта анық бейнеленген, ересектер қауымдастығы, мемлекеттік құрылымдар құрған бірлестік. Бұл төменде тұрғандарды жоғарыда бағындыратын, әрбір мүшесінің өзін-өзі басқару органдарының міндеттері, құқықтары анықталған, жабық, көпсатылы құрылым.

Балалардың қоғамдық бірлестігі біріншіден, тәрбиеленушінің қажеттіліктері, мүдделері, мақсаттарын қанағаттандыру үшін; екіншіден, өзін-өзі шектеу және ұжыммен таңдау, қоғамдық нормалар мен құндылықтарға әлеуметтік ықпал ететін маңызды фактор болып табылады.

Балалардың қоғамдық бірлестігі тәрбиеленушінің мүддесі, құқықтары, абыройы, бірегейлігін сақтай отырып, қорғау қызметін атқарады.

Бірлестіктің іс-әрекеті мен бір топтан екіншісіне, бір ұжымнан басқасына ауысу формаларын, өзінің жеке бағдарламасын жүзеге асыру үшін ассоциация мүмкіндіктерін таңдау құқығы тәрбиеленушілердің өздеріне берілген.

Қазіргі кезеңде жалпы орта білім беретін мектептердің тәрбие жүйесіне етене енген қоғамдық балалар құрылымдары (ұйымдар, клубтар, кеңестер, одақтар, балалар парламенттері және т.б.) құрылуда.

Мектептің тәрбие жүйесінде тәрбиеленушілердің қоғамдық құрылымы:

✓ тәрбиеленушілердің өздерін-өздері басқаруларының әркілы формалары, органдары (жоғары сынып тәрбиеленушілерінің кеңестері, мектеп комитеті және т.б.);

✓ мектеп (тәрбиеленушілер) ұйымдары;

✓ қосымша білім беру жүйесінде жұмыс істейтін балалардың қоғамдық бірлестіктері, ұйымдары;

✓ ұжымдық шығармашылық істерді, ойындар, спорттық, туристік-өлкетанушылық жарыстарды дайындау және өткізу бойынша кеңестер, штабтар сияқты уақытша балалар бірлестіктері;

✓ тәрбиеленушілердің өз бетінше жұмыс істейтін бағдарлы бірлестіктері (нақты саладан білімді кеңейту, тереңдету бойынша) арқылы көрініс береді.

Мектептің тәрбие жүйесінде балалар ұйымдарының алатын орны ерекше. Олар – мемлекет анықтаған мектептің негізгі міндеттерін шешетін педагогикалық ұжымның одақтастары; тәрбиеленушінің құқығын қорғаушылар; педагогтармен бірге өткізілетін мектептік олимпиада, конкурс, байқау, шығармашылықты көрме, пәндік апталықтардың белсенділері.

Қазіргі таңда елде 1000-ға жуық жастар ұйымдары бар және олар белсенді түрде қызмет етуде. Олар кейінгі толқынның әртүрлі әлеуметтік топтарын біріктіреді. Ұйымдардың дені жастарды мазалайтын мәселелердің түйінін тарқатуға білек сыбанса, екіншілері әлеуметтік қызметтерді, еңбек биржасын ұсынады, жастар кәсіпкерлігін, спортты дамытып, жас дарындарды қолдауға кіріскен.

Жастар ұйымы – жастардың әлеуметтік, мәдени білім берудегі қажеттіліктерін шешуге септесетін қоғамдық бірлестік болып табылады. Ол заңды тұлғалардың қауымдастығы (одағы), жеке, қоғамдық немесе корпоративтік қор, сонымен қатар он мың жасты біріктіріп отырған «Жас Отан», «Жастар қанаты», «Қазақстан Жастар Конгресі», «Студенттер альянсы», «Жасыл ел» жұмысшы жастар жасақтары мен «Ауыл жастарының одағы» және т.б.

Бүгінгі таңда, еліміздегі азаматтық қоғамның дербес, белсенді және жауапкершілігі мол бөлшегінің бірі – жастар. Ел аумағында 1200 жуық жастар ұйымы жұмыс жасап, мемлекет қолдауы арқылы жыл сайын 50 мыңнан астам жастарға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазіргі таңда әлемнің көптеген дамыған елдерінде экономикалық дағдарыс өрістеп, миллиондаған жастар өмірден өз орнын таппай, жұмыссыз қалуда. Қазақстанда Елбасының бастамасымен жалпы ұлттық: «Ауыл жастары», «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі» және «Жасыл ел» сынды және т.б. жастардың жобалары жұмыс жасауда.

Елімізде мамандарды даярлаудың қабырғалы жүйесі енгізіліп жатыр. Бұл қоғам алдында тұрған ірі мәселе қазақстандық компаниялардың білікті мамандарды қажет етуінде, ол жоғары оқу орындарының жұмыс орындарына деген қажеттілігіне жауап береді. Аталған жүйе жастарға кәсіби біліктіліктерін арттыруға және оларды жұмыспен қамтуға қосымша мүмкіндіктер ашады.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттері

Тәрбиеленушінің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру – барша қауымның ортақ ісі. Жас жеткіншектің жан-жақты болып өсуі тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Балалар ұйымы, ата-аналар, бүкіл жұртшылық тәрбиеленушілердің бос уақытын өміріне

пайдалы, тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесулері керек. Тәрбиеленушілердің бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру оңай мәселе емес екенін де ұмытпау қажет. Олардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін ең алдымен, олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын және қабілетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасағанда ескеру керек.

Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Сондай қызметтердің бірі – сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар.

Тәрбиеленушілермен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары *сабақтан тыс* немесе *сыныптан тыс жұмыс* деп аталады. Бұл мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен тәрбиеленушілердің таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез-құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. *Біріншіден*, оқудан тыс әртарапты іс-әрекет тәрбиеленушінің сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді. *Екіншіден*, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу тәрбиеленушінің жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады. *Үшіншіден*, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы тәрбиеленушілерді іс-әрекеттің әр түріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. *Төртіншіден*, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек ана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге ұжымда өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек іс-әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді. *Бесіншіден*, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдарымен мазмұнын және бағытын тандауда ерікті болады. *Алтыншыдан*, сыныптан тыс тәрбие жұмысы тәрбиеленушілердің мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі күндері) ұйымдастырылады. Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылық өкілдері қатыстырылады.

Сынып жетекшісі балалар тұлғасының жеке дамуына және адамгершілік тұрғысынан қалыптасуы үшін жағымды жағдайлар жасауға әрекет етіп, тәрбие жүйесіне қажетті түзетулер енгізеді. Оқушы тұлғасын және оның қызығушылығы мен қабілет мүмкіндіктерін зерттеуді жүзеге асырады. Олардың құқықтары мен бостандығын сақтайды және өмірі, денсаулығы, қауіпсіздігі үшін жауап береді.

Оқушылардың бос уақытындағы іс-әрекет формалары

Оқушылардың бос уақытындағы іс-әрекет формаларының әртүрлілігі мектеп өмірінің өзгермелі қоғамдық жағдайларымен, жаңа әдістерімен толықтырылады.

92-суретте оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әртүрлі формалары берілді.



Сурет-92. Тәрбие жұмыстарының формалары

Бүгінде жас ұрпақты білімнің мазмұны емес, өзінің оқу еңбегінің қандай нәтиже беретіндігі қызықтыратыны дәлелденіп отыр. Білімге ұмтылатын әр оқушының нені білетіндігі емес, не істей алатындығы толғандырады.

Оқушылардың бос уақыты мен клубтық бірлестіктер жұмысын ұйымдастыру әдістемесі

Жасөспірімді тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан-жақты болуына арналады.

Қазіргі кезеңде бос уақытты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғылымдардың назарын аударып отыр, өйткені қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасына да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етуде.

Адам факторының белсенділігін жандандырудың көп шарттарының бірі – тәрбиеленушілердің бос уақытты тиімді пайдалануы. *Бос уақыт* – бұл жұмыстан немесе оқудан тыс мезгілде өз бетінше білім деңгейін көтеру,

қоғамдық жұмыстарды атқару, дене тәрбиесі, спорт және көркемөнермен айналысуға арналған уақыттың бір бөлігі.

Адамның жұмыстан бос уақытты тиімді пайдалануы К.Маркс айтқандай, рухани өмірді және жеке қабілетті дамытудың, негізгі қоғам мүшелерінің жан-жақты дамуының басты шарты болмақ. Бос уақытты тиімді пайдаланудың қызықты түрлерінің бірі көркем әдебиет оқу мен теледидар көру болып келеді. Адамдар рухани өмірдің жәй тұтынушысы ғана болмай, оның белсенді жасаушысы да болуы үшін, оларды міндетті түрде бос уақытты ұтымды пайдалануға дағдыландыру орынды.

Сондай-ақ, олардың бос уақыты мен клубтық бірлестіктер жұмысын ұйымдастыруда *клубтың ерекшелігі* өз еркімен ұйымдасқан тәрбие ұйымы ретінде оған қолы бос қатысушыларды жинайды. Сондықтан да ол клуб мүшелерінің қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту және қалыптастыруды көздейді. Ол үшін тәрбиеленушілердің қолы бос кездерін білу қажет. Осындай жұмыстарды атқарған кезде ғана клуб жұмысын нәтижелі ұйымдастыруға мүмкін болып, оның қоғамдық маңызды бағыты қалыптасады, тіпті ол адамгершілік тәрбиесінде де үлкен рөл атқарады.

Инновациялық тәрбиелік технологиялар негізінде халықаралық балалар ынтымақтастығын дамыту және нығайту

«Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасында: «Қоғамда мінез-құлықтың инновациялық, креативті үлгісі үстемдік құруы тиіс. Инновация – бұл қашанда жергілікті тауар өндірісі өсіміне әкелетін, пайда мен бәсекеге қабілеттілікті күрт ұлғайтатын идеялар тоғысы.

Бүгінде Қазақстанға инновациялық қызметтің «жарылысы» қажет» делінген.

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, мұғалім (сынып жетекшісі) мен оқушының (тәрбиеленушінің) бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Инновациялық процестерді ендіруде үш өзара байланысты күштер анықталады:

- енгізілген технологияның ерекшеліктерімен;
- жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен;
- жаңалықты енгізу жолдарымен.

Педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады: ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шешендік сөздер және т.б. туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламалар еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге, отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім,

отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды т.б. сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады. Осындай инновациялық тәрбиелік технологиялар негізінде халықаралық балалар ынтымақтастығын нығайтуда тәрбиелік мәні бар қажетті материалдарды толықтырып, арттыру қажет.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар


I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Балалар мен жасөспірімдер бірлестігі.
2. Балалар бірлестігінің түрлері.
3. «Субмәдениет», «балалардың субмәдениеті» ұғымдарының мәні.
4. Балалар мен жастардың формальді емес бірлестіктері.
5. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың мақсаты мен міндеттері.
6. Оқушылардың бос уақытындағы іс-әрекет формалары.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Ұл балаларға арналған ұйым – бұл: **бойскаут**
2. Белгілі бір музыка ағымына қызығушылықтарына қарай біріккен топ – бұл: **музыкалық-субмәдениет**
3. Балалар мен жасөспірімдер бірлестігінің белгілері... **іс-әрекет мазмұны, мерзімі, басқару формасы**
4. Бос уақытты көңілді өткізу формалары – бұлар: **кештер, КВН**
5. Жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс – бұл: **инновация**

III. Шығармашылық тапсырма. Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз



Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Балалар бірлестігі – бұл:

- A) Балалар мен жасөспірімдердің ерікті ұйымдары
- B) Тәрбиелеу мен әлеуметтендіру институты
- C) Қоғамдық ұйымның айрықша түрі
- D) Міндетті педагогтік құжат
- E) Тәрбие жұмысының негізгі формасы
- F) Арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет
- G) Мәдени-тарихи феномен
- H) Жеке адамды тәрбиелеу процесі

2. Балалар бірлестіктерінің белгілері – бұл:

- A) Ұйымға еркін кіру және еркін шығу
- B) Бекітілген мүшелілік
- C) Кәмелеттік жасқа толмаған азаматтардың болуы
- D) Арнайы бағдарлама, ереженің болмауы
- E) Ұйымға кіру міндетті
- F) Кәмелеттік жасқа толмаған азаматтардың болмауы
- G) Қатаң тәртіптің болуы
- H) Қызметті жүзеге асыруға бағытталған қарым-қатынастың болуы

3. «Ұйым» сөзінің мағынасы – бұл:

- A) Іс-әрекетінің түрі
- B) Ішкі жағдайы, яғни ұйымшылдығы, келісімділігі
- C) Әлеуметтік құрылымы
- D) Ұйымдасқан адамдар тобы
- E) Қарым-қатынасының түрі
- F) Сыртқы жағдайы, тіл табысуы, келісімділігі
- G) Бағалылық, тәртіп нормалары
- H) Материалдық құрылымы

4. Балалар қоғамдық бірлестіктерінің өлшемдері:

- A) Іс-әрекеттің бағыттылығы мен мақсаты бойынша
- B) Қызметтер типологиясы бойынша
- C) Іс-әрекеттің деңгейі бойынша
- D) Ішкі ортамен байланыс бойынша
- E) Іс-әрекеттің мазмұны мен міндеті бойынша
- F) Іс-әрекеттің сапасы бойынша
- G) Іс-әрекеттің нақтылығы бойынша
- H) Қызметтер жіктелісі бойынша

5. Балалар бірлестіктерінің түрлері:

- A) Ұйымдастыру-құқықтық формасына қарай (бірлестік, ұйым, орталық, клуб)

- В) Әрекеттерінің мақсаты және мазмұнына қарай (елжандылық, экологиялық, саяси)
- С) Ұйымдастырушыларына қарай (жетекші, лидер, вожатый, нұсқаушы)
- Д) Сапасына қарай (Атамекен, Дәстүр, Мың бала)
- Е) Көлеміне қарай (бригада, команда, отряд)
- Ғ) Басылымдарына қарай (аймақаралық клуб)
- Г) Деңгейіне қарай (жетекші, лидер, нұсқаушы)
- Н) Үйлестіру базасына қарай (мәдени мекемелер, балалар үйі)

6. Тәрбиеленушілердің мағынасыз бірлестіктерге кіруінің себептері:

- А) Өмірлік мақсаттың болмауы
- В) Отбасындағы түсініспеушіліктер
- С) Өзіне көңіл аудартқысы келу
- Д) Үйірмеге зорлықпен қатыстыру
- Е) Бос уақытта кітап оқумен айналысу
- Ғ) Тәрбиеленушіге ата-ананыңмейірімділік танытпауы
- Г) Шектен тыс қамқорлық
- Н) Тәрбиеленушіге шамадан тыс тапсырманы көп беру

7. Субмәдениеттің түрлері:

- А) Музыкалық субмәдениет
- В) Индустриалды және спорттық субмәдениет
- С) Интернет субмәдениеті
- Д) Техникалық субмәдениет
- Е) Отбасылық субмәдениет
- Ғ) Көркемөнер субмәдениеті
- Г) Шығармашылық субмәдениет
- Н) Әлеуметтік субмәдениет

8. Субмәдениеттің өкілдерінің психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі:

- А) Эмоцияға аса берілгіштіктен
- В) Өмірге қатысты ойларының тым мінсіздігінен
- С) Адамгершілік ұстанымдарының тұрақсыздығынан
- Д) Қиялға аса берілмеуден
- Е) Сыныптастары тарапынан болатын бақылаулардан босауға деген ұмтылыстан
- Ғ) Жеке адами құндылықтарының қалыптасуынан
- Г) Мінез-құлықтың мінсіздігінен
- Н) Адамгершілік ұстанымдарының тұрақтылығынан

9. Бірлестіктер жұмысының көрінісі:

- А) Флэш-моб
- В) Кездесу

- С) Жастар ұйымы
- Д) Дөңгелек үстел
- Е) Тренинг
- Ғ Ток-шоу
- Г) Ойын
- Н) Сынып сағаты

10. М.Құрсабаевтың «Атамекен» бағдарламасының бағыттары:

- А) Салт
- В) Наурыз
- С) Домбыра-Дастан
- Д) Ізгілік әліппесі
- Е) Мың бала
- Ғ) Скаут
- Г) Кәусар бұлақ
- Н) Бата

Тәрбие тағылымы

 <p>Бауыржан Момышұлы (1910-1982)</p>	<p>Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Тәрбиелі – тәртіптің құлы, Тәртіпті – елдің ұлы ✓ Ұят – намыс сезімі ✓ Ерлік – елдің қасиеті, Жүректілік – жігіттің қасиеті
 <p>Михаил Иванович Калинин (1875-1946)</p>	<p>Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Мәдениеттілік – беті-қолды жуудан бастап, адамзат ақыл-ойының биік шыңына дейін қамтитын кең ұғым ✓ Тәрбие – тәрбиеленушінің бойына тәрбиеші қалаған қасиеттерді егу үшін, оның психологиясына мақсат көздеп, үнемі ықпал етіп отыру

14-тақырып. Тәрбие жұмыстарының нәтижесі мен тиімділігінің диагностикасы

Тәрбие процесі тиімділігінің психологиялық-педагогикалық диагностикасының әдістері

Педагогикалық процесті ұйымдастыруға жаңаша қарап, сол жаңаны өмірге енгізу қажеттілігі туындап отыр. Оқу және білім беру қызметін ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қазіргі таңда жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы жүзеге асырылуда. Тәрбиеші мен тәрбиеленуші қарым-қатынасы психологиясын қайта құру, қайта қарау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бірінші кезекте тәрбиеленушіге субъект ретінде қарау керек.

Тәрбие беру процесі – жеке тұлға мен қоғамның талаптарына сәйкес ұйымдастырылған тәрбиелік ықпал етуде пайда болатын педагогикалық арақатынас процесі. Оның мақсаты тәрбиеленушілердің әлеуметтік және рухани құндылықтарды, тәжірибені, қатынастарды игерудегі белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру және ынталандыру, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Тәрбие процесін дұрыс жүргізуге қойылатын педагогикалық принциптер:

- ✓ Тәрбие процесін тақырып жағынан дұрыс жобалау.
- ✓ Тәрбиеленушіні жан-жақты дамытудың түрлі жолдарын білу.
- ✓ Кертартпа іс-әрекеттер мен шектеулерді жоя отырып, дәстүрлі мектеп қорын дұрыс пайдалана білу, тәрбиелеу процесінде тәрбиеленуші мен тәрбиешінің бірлескен жұмысын дамыту.

- ✓ Тәрбие процесін жобалауда мазмұн мен жүйелілік бірлігінің болуы.

Тәрбие процесі тиімділігінің психологиялық-педагогикалық әдістері тығыз байланысты:

- кіші мақсаттардың мазмұны диагностиканың мазмұнын анықтайды;
- диагностиканың мазмұнынан үй жұмысының мазмұны, көлемі және ауырлық деңгейі анықталады;
- үй жұмысы көлемінің жеткілікті не жеткіліксіз екені диагностика жүргізілген кезде анықталады;
- логикалық құрылым – бұл оқу процесінің мазмұн мен жүйе жағынан бірлігі;
- түзету – тәрбиешінің диагностикадан өтпеген тәрбиеленушімен тікелей жұмысының бағдарламасы.

Сонымен, тәрбиешінің алдында тұрған өзекті мәселе – тәрбиеленушіні адамгершілік тұрғысынан түсіну. Оқу пәндеріндегі тәрбиелік мүмкіндіктерді ол білуге тиісті. Бұл жөнінде негізгі пәндер гуманитарлық циклде болып келеді. Дегенмен, сабақ үстінде ғана тәрбиелеумен шектелмеу керек.

Психологиялық-педагогикалық диагностика – оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін және ұжымның әлеуметтік-психологиялық сипатын зерделеуге бағытталған бағалау.

Педагогикалық диагностика психологиялық диагностикаға қарағанда педагогикалық процестің ішінде жүзеге асырылады.

Педагогикалық диагностика жылдам ақпарат алу арқылы маңызды оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- күрделену деңгейі әртүрлі бағдарламалар бойынша сынып құрамын, тәрбиеленушілердің жұмысын жоспарлауға мүмкіндік беретін, олардың оқуға дайындықтарының деңгейі жөнінде ақпараттар алу;

- тәрбиеленушілердің мүмкіндіктерін бағалау, олардың ақыл-ойы, оқу әрекеттерінің қалыптасу деңгейі, оқытуды мотивтендірудің сипатын анықтау;

- өзін-өзі тану негізінде жасөспірімдердің өздерін дамытуларын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, олардың танымдық қасиеттерінің дамуын, сынып ұжымындағы өзара қарым-қатынасты, тәрбиеленушілер мінезінің ерекшеліктерін зерделеу;

- сынып ұжымындағы өзара қарым-қатынас, педагогикалық ұжымның жұмыстарын басқару, ұжымда жақсы психологиялық ахуалдың болуы, жеке тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерінің сипатын жетілдіру мақсатында тәрбиеленуші тұлғасының ерекшеліктері жөнінде ақпараттар алу;

- төменгі және одан кейінгі сыныптардағы жекелеген тәрбиеленушілердің даму деңгейін диагностикалау және соның негізінде түзету жұмыстарын ұйымдастыру.

Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін тест арқылы анықтауға болады (3-қосымшаны қараңыз).

Психологиялық диагностика педагогтарға өздері жасаған құралдарын, яғни әдістерін пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Диагностиканың негізгі құралдарының бірі – тест. Көп жағдайда тесттер – сапалық және сандық тұрғыда зерделенетін, қасиеттерді бағалауға мүмкіндік беретін, стандартталған тапсырмалардың жиынтығы.


Мұғалімнің психодиагностикалық мәдениеті

Педагогтық мамандық ең көне мамандықтардың бірі болып саналады. Бұл мамандықта ұрпақтар сабақтастығының мыңжылдық тәжірибесі жинақталған. Шын мәнінде, педагог – бұл ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын, қоғамдық-тарихи тәжірибені тасушы. «Адам-адам» типінде қызмет жасайтын педагогтың субъективті сипаттамасында үнемі аксиологиялық (құндылықтық) және когнитивті (білімдік) жазықтықтар бірігеді. Когнитивті жазықтық жалпы мәдениеттік және пәндік-кәсіби білімдерді қамтиды.

Мәдениет – адамзат баласының ұлт, халық болып қалыптасқаннан бергі жинақтаған ұлы байлығы. Бұл шығармашылық күштер мен адамның адами мүмкіншіліктерінің шарықтау шегінің көрінісі.

Тар мағынада мәдениет адамның түбір, мәнді күштерінің дамуының қандай да бір деңгейі деп тұжырымдалады. Бұл тұрғыда мәдениет – жеке адамның өмір салтының қоғамдық өмірдегі құндылықтар мен нормаларға, қоғам мәдениетінің идеалды бейнесіне сәйкестілігі туралы айтылады. Мәдениетті өмір стилі немесе өмірлік іс-әрекет ретінде сипаттауға болады.


Адамзат мәдениеті оның үш негізгі бөлімін біріктіру арқылы қарастырылады (93-сурет).



Сурет-93. Адамзат мәдениетінің құрамдас бөліктері

Осы позицияға сәйкес жеке адамға тән мәдениеттің нақты аспектілері, түрлері талдануы мүмкін (психологиялық, экологиялық, саяси, құқықтық, экономикалық, педагогикалық, адамгершілік, валеологиялық, дене тәрбиесі мәдениеті және т.б).

«Ішкі мәдениет» ұғымы – «психодиагностикалық мәдениеттің» нақ өзі, яғни адамның субъект, тұлға және даралық ретіндегі ішкі психикалық өмірінің анықталған сапасы. Сонымен, психологиялық мәдениет – адамның жалпы мәдениетінің өзегі болып табылады. Психологиялық-педагогикалық диагностиканы жүзеге асыру, мұғалімнен төмендегідей компоненттерді қамтитын белгілі бір *психодиагностикалық мәдениетті* талап етеді (94-сурет).



Сурет-94. Мұғалімнің психодиагностикалық мәдениеті

1. Педагогтардың жалпы психологияны, жас ерекшеліктері психологиясын және педагогикалық психологияны білуі, диагностикалық зерттеу объектісі болатын психологиялық болмысты түсінуі, сондай-ақ тестілеуді өткізу мен оның нәтижесін хабарлаудағы объективтілігі.

2. Мұғалімнің диагностикалық аспап-құралдарды пайдалана білуі, оны пайдаланудың принциптерін түсінуі және қолдануы.

3. Педагог, мектеп психологі «оқушы жағдаяттарын» құра алуы және әртүрлі педагогикалық жағдаяттарды сараптай алуы – диагностикалық зерттеу жүргізуі.

Педагогикалық жағдаяттарды сараптау сыналуды әртүрлі тәсілдермен тексерілуге мәжбүр болғанда ғана жүргізіледі. Мәселен, мұғалім немесе мектеп әкімшілігі тәрбиеленушілермен жүргізілетін тәрбиелік іс-шара нәтижелерінің, олардың тәрбиелік деңгейіне оң ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтауды ұсынады.

4. Мақсаты мен міндеті сәйкес келетін және сенімді диагностиканың басқа да тәсілдері немесе тестілеу барлық қиыншылықтан шығудың жолы ретінде қарауға болмайтыны педагогтарға белгілі болуы тиіс. Бұл тек диагностиканың тәсілі ғана, ал нәтижелердің дұрыс тұжырымдалуына, олардың басқа да өмірлік көрсеткіштері, тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерінің нәтижелерінің ара қатынасына көп нәрсе тәуелді.

5. Диагностиканың тиімділік және түзету принциптерін қанағаттандыратын әдістері таңдалуы тиіс. *Тиімділік принципі* аз уақыт ішінде аз күш жұмсау арқылы тексерудің жүру ретін анықтау, нәтижелерді өңдеу мен тұжырымдау барынша пайдалы ақпараттар береді. *Түзету принципі* тексеру нәтижелерінде тәрбиеленушілерге психологиялық көмек көрсету, оларда жекелеген психикалық процестердің дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында қайталану мүмкіндіктері.

6. Сауатты педагог диагностикалық зерттеуді жүргізу ретінің бөлінбес құрамдас бөлігі болып табылатын математикалық статистика элементтерін меңгеруі тиіс. Мұғалімнің шығармашылық тұрғыда өсу ауқымында жүргізілетін кез келген зерттеу қазіргі уақытта диагностиканың нәтижесін, оның тұжырымдалуын және сенімділігін талдауды қамтуы тиіс.

Мұғалімнің психодиагностикалық мәдениеті бойынша бірнеше бағытты көрсетуге болады:

1) Білім беру мекеме жағдайларындағы неғұрлым адекватты мінез-құлық пен әлеуметтік өзара әрекетті қамтамасыз ететін психологиялық білім және іскерліктердің біраз мөлшері ретінде психологиялық сауаттылықты қалыптастыру.

2) Мінез-құлық, іс-әрекет немесе әлеуметтік өзара әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін психологиялық құзыреттілікті қалыптастыру: бақылаушылық; адамдарға зейін аудару білуі; психологиялық қырағылық; өз-өзін адекватты түрде қабылдай алу; эмпатияның дамуы; эмоционалды тұрақтылыққа талпыныс; мейірімділік; әртүрлі адамдармен қарым-қатынастарды орнату алу; ақпаратты адекватты қабылдай алып, бере алу және т.б.

Осы екі бағыт бойынша жоғарыда көрсетілген барлық қасиеттерді тәрбиеленуші тұлғасында дамыту керек. Болашақ педагогтардың психологиялық мәдениетін дамытудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерінің жүйесін құру шарт.

Оқушы тұлғасы мен оқушылар ұжымы диагностикасының үлгі ретіндегі бағдарламасы

«Балалар ұжымы – өте сезімтал аспап, ол тек педагог тұлғасының басшылығымен ғана дамиды» – деп белгілі педагог В.А.Сухомлинский айтқандай, сынып жетекшісі ұжымның даму заңдылықтарын, оның даму сатыларын, тәрбиеленушілердің жеке мүмкіншіліктерін және ұжымда орнықты сезінуін білуі қажет. Ал ұлы педагог А.С.Макаренко балалар ұжымының технологиясының негізгі қағидаларын өзінің «Ұстаздық дастан» еңбегінде тереңірек ашады. Оның пікірінше, ұжымдағы ұжым мүшелерінің ілгері жылжуы еркін адамдар ұжымының болмыс формасы. Ұжым қоғамның бөлігі болғандықтан, ілгері жылжығанда ғана дамиды.

Осыған орай, мұғалімнің диагностикалық бағдарламасының бір нұсқасында «тәрбиеленушілермен ынтымақтастықта бола алу қабілеті» критерийі – қазіргі мектеп мұғалімдерінің зерттеу іс-әрекеттерінің ең жоғары деңгейі және ол өзара ықпалдастыққа ұмтылдыратын жаңа тәсілдерді үнемі іздестіру, оларды қарым-қатынас жасауда қолданудың мүмкіндіктерін байқай алу, басқа адамдардың көзқарастарын түсіне білуге тәрбиелеу, аз уақыт аралығында және мұғалім мен оқушының ақыл-ойын, ерік-жігерін пайдалана отырып, эмоционалдық күш салуымен оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін үйлестіруді негіздей отырып қолдана алу (В.И.Зверева).

Қазіргі тәрбиеленушілердің қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуға оң көзқарас танытпайтындары да аз емес. Оның негізгі себебі, ұйымдастырылатын жұмыстардың бірыңғайлығы, ондағы формальділік, жұмыстың пайдасыздығының айқындығы, педагогтың өзінің қызығушылық танытпауы болып табылады. Соған байланысты тәрбиеленуші белсенділігі мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне, сұранысқа ие болуына, мұғалім позициясына, жеке қатынасына, жұмысты сауатты ұйымдастыра алу біліктілігіне тікелей байланысты. Қоғамдық тапсырмалар мұғалім тарапынан емес, белсенді топ мүшелері, сынып ұжымы тарапынан берілуі тиіс.

Оқушылардың жетістіктерін үнемі айта отырып, оқушы тұлғасын қалыптастырудағы проблемаларға назар аударып, олармен жеке жұмыс жүргізудің маңызы өте зор. Жинақталған және талданған материалдарын сынып жетекшісі «балалар ұжымының қалыптасу жағдайының графигі» түрінде беруіне болады. Ұжымның жағдайы: тәрбиеленушілердің өзара пікірлесуі, формальді, формальді емес көшбасшының болуы. Бұл графигі талдау, қажетті деңгейге жету үшін қандай көрсеткіштерді түзету керектігі жөнінде бірден мәлімет алуға мүмкіндік жасайды. Осы жұмыстардың барлығы тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасында талқылануы тиіс.

95-суретте сыныптағы оқушылар ұжымын зерттеу бағдарламасы берілді.



Сурет-95. Оқушылар ұжымын зерттеу бағдарламасы

Оқушылар ұжымын зерттеу бағдарламасы:

1. Сыныптың құрамы:

- Сыныптың жас құрамы.
- Тәрбиеленушілердің білім дәрежесі, дамуы.
- Тәрбиеленушілердің жұмысқа қабілеттілігі және үлгерімі.
- Сыныптың қоғамдық бейнесі (сыныпта белсенді бар ма?).
- Қоғамдық істерге қызығушылығы.
- Қоғамдық тапсырмаларды орындауы. Тәрбиеленушілердің идеялық бағыты, саналылығы.

2. Сыныптың топтасқандығы:

- Іске, ықыласына қарай немесе ұнамсыз сипатта сыныпты топқа бөлушілік бар ма? Тәрбиеленушілердің бір-біріне, сынып жұмыстарына қатынасы қандай?

- Олар бірге көңіл көтеруді немесе бірге еңбек етуді ұната ма?
- Ұлдар мен қыздар достаса ма?
- Тәрбиеленушілер өз сыныбының табыстарына қуанып, сәтсіздіктеріне ренжи ме?
- Жалпы мектептік шаралар өткізгенде, сыныптағы тәрбиеленушілер бірге болуға тырыса ма, әлде бөлектеніп жүре ме?

3. Сыныптағы қоғамдық пікір:

- Өз жолдастарының қандай істерін мақұлдап, қандайын айыптайды?
- Өздерінің мақұлдағанын немесе мақұлдамағанын тәрбиеленушілер қалай білдіреді?
- Тәрбиеленушілердің айтқаны мен істеген істерінің арасында алшақтық бар ма?

- Сыныптағы сын мен өзара сын.

4. *Ұжымдағы жолдастық байланыстардың сипаты:*

- Тәрбиеленушілерді өзара байланыстыратын не: бірге тұратын жері, партада бірге отыруы, қызығушылығы, бірге істейтін жұмысы.

- Жолдастарына ілтипатты ма? Оларға көмек көрсетуге тырыса ма? Ол көмек неден байқалады?

- Тәрбиеленушілер өз жолдастарына талап қоя ала ма? Олардың кемшіліктерін көре біле ме?

- Іріткі салушыларға, үздік тәрбиеленушілерге, белсенділерге, сабақ үлгермеушілерге сыныпта қалай қарайды?

- Дене кемтарлығы бар жолдастарына дұрыс қарай ма?

5. *Сынып белсендісі:*

- Белсенділер құрамы.

- Сыныптың ресми белсенділері мен формальді емес жетекшілері.

- Белсендінің беделі бар ма?

- Сынып белсендісінің талаптары орындала ма?

- Белсенділер өз жолдастарына қалай қарайды?

- Үнемі белсенділікте болатын тәрбиеленушілер бар ма?

- Жалпы мектептік белсенділер сынып өмірімен байланысты ма, олар сыныптан қол үзбей ме? Сыныпта оларды сыйлай ма?

6. *Сынып ұжымының жалпы мектеп ұжымымен байланысы:*

- Сыныптағы тәрбиеленушілер мектеп бойынша немесе басқа бір сыныпта не болып жатқанын біле ме?

- Мектеп өмірін жақсарту жөнінде сыныпта ұсыныстар жасала ма?

- Тәрбиеленушілердің басқа сыныптармен байланысының сипаты қандай (қамқорлыққа алу, жарысқа түсу, бірігіп жұмыс істеу)?

7. *Сынып ұжымын одан әрі топтастыру жөніндегі шаралар:*

- Сынып ұжымын топтастырып, ұйымдастыру үшін қандай педагогикалық шаралар өткізген жөн?

- Жеке тәрбиеленушілерге тәрбиелік әсер ету үшін сынып ұжымын қалай пайдалануға болады?

Педагогтардың балалар ұжымымен кәсіби ұйымдастырылған жұмысы барысында элеуметтік белсенділік ретінде күрделі тұлғалық қасиеттер қалыптасады. Қазіргі кезеңде бұл қасиет ерекше маңызға ие, өйткені ол қоғамдық іс-әрекеттердің маңыздылығын, тәрбиеленушілердің санасына сіңіруін, олардың оған жауапкершілік, белсенділік, ізденімпаздық таныта отырып, қатысуға дайындалуын және ұмтылуын қамтиды.

Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің өлшемдері мен көрсеткіштері

Тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейі дегеніміз – тұлғаның барынша тұрақты қасиеттері мен түрлі іс-әрекеттердегі, ұжым мен өзіне қарасты білігі мен дағдыларының жиынтығы.

Тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейіне баға беру мақсаты – өзін-өзі тану, өзі-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту процесін ынталандыру, әрбір

тәрбиеленушінің өзіне-өзі барабар бағалауын қалыптастыру. Бұл В.А.Сухомлинскийдің пікірі бойынша, тәрбие берудің басты мақсаты болуы керек.

Бастысы – тәрбиеленушілердің өмірлік жоспарлары, құндылық бағдарлары туралы терең білім негізінде тұлғаның қалыптасуына дұрыс бағыт беру.

Тәрбие іс-әрекетіндегі мониторинг – бұл тәрбие беру сапасын зерделеу және тұлға дамуындағы негізгі беталыстарды болжау. Рухани-адамгершілік тәрбие процесінің мониторингі – бұл бала тұлғасының қалыптасу және өмірлік маңызы бар негізгі, базалық құзыреттіліктерді меңгеру процесін үнемі бақылап отыру.

Сондай-ақ, көрсеткіштер – тәрбие процесінің қайсыбір жағының негізгі сипаттамасы. Көрсеткіштер критерий қырларының, оның бөліктерінің бірі және қайсыбір белгілер, «деңгейлер» қандай деңгейде дамығанын көрсетеді.

Ал, тәрбиелік – жинақталған түрінде адамның әлеуметтік қарым-қатынастарының жүйесін бейнелейтін, тұлға сапаларының жиынтығын сипаттайтын тұлғаның кіріктірілген қасиеттері.

Тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейінің көрсеткіштері:

- ойлау, оқиғаларды дербес талдау қабілеттерін қалыптастыру, әлем, азаматтық-саяси даму туралы білімді жинақтай алу;

- адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру, адамгершілік нормалар, ережелер, сенімділік, ізгілік сана, түсіністік, эмпатия;

- жеке тұлғаның бағыттылығы, бала іс-әрекеті мен мінез-құлқының тұрақты басымды мотивтерінің болуы;

- жеке тұлғаның өзіне, қоғамға деген қарым-қатынасының болашаққа бағытталғандығы, іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыруға және мінез-құлқын өзіндік реттеуге қабілеті, әлеуметтік толыққандықтың көрінуі, тұлғаның өзінің моральдік санасы, мінез-құлықтарының еріктігі;

- ұжымда тәрбиеленушінің бір-біріне, өздеріне, мұғалімге, мектепке, ата-анасына қарым-қатынастарының нақты өзгеруі, яғни олар бір-біріне қайырымды бола түседі, шеттетілген тәрбиеленушінің досы пайда болады, нашар оқитын тәрбиеленушінің өзіне деген сенімі нығаяды.

П.П.Блонский «Ғылыми психология очерктері» деген еңбегінде: «Адамның тәртібін өлшеуге болады. Барлық нәрсе өзгереді, сондықтан қанша өзгергендігін өлшеу керек» – дегендей, тәрбиеленушінің тәрбиелік деңгейі күн сайын, сағат сайын тексеріледі. Тәрбиеленушінің әрбір іс-әрекеті, тәртібі, үлкендермен қарым-қатынасы тәрбиелік деңгейін сипаттайды. Олардың тәрбиелік деңгейіне дұрыс баға беру үшін өмірдегі, сабақтағы, сабақтан тыс кездегі, қоғамдық пайдалы іс-әрекеттегі тәртібіне нақты баға беру керек. Ол үшін ұзақ уақыт және әртүрлі әдіс-тәсілді пайдалану қажет.

Оқушылардың тәрбиелілік диагностикасының мазмұны

Тәрбиелілік диагностикасы дегеніміз – бұл сынып жетекшісінің әрбір тәрбиеленуші мен сынып ұжымының тәрбиелілігі жайында ақпарат алатын зерттеу жұмысы. Тәрбиелілік диагностикасының басты мақсаты –

тәрбиеленушілердің моральдық және әлеуметтік сапаларының шын мәніндегі жағдайын белгілеу, оның қиын және қатерлі аспектілерін анықтау.

Тәрбиеленушінің тәрбиелілік деңгейін бір көрсеткіш арқылы анықтау мүмкін емес. Ол үшін жеке басты жан-жақты зерттеуге бағытталған көптеген әдістерді пайдаланған жөн. Сондықтан бүгінгі жеке тұлғаның дамуына психологиялық тұрғыдан қарау қажеттігі туып отыр. Соған орай Л.М.Фридман, И.Я.Каплуновичтің зерттеуін басшылыққа ала отырып, тәрбиелілікті анықтаудың түрлі үлгілерін пайдалануға болады.

Оқушылар тәрбиесінің деңгейлері 96-суретте ашылды.



Сурет-96. Оқушылар тәрбиесінің деңгейлері

Тәрбиелілік диагностикасының технологиясы төмендегідей маңызды талаптардан тұрады:

✓ тәрбие ісімен айналысушы кез келген маманның жаппай қолдануына қолайлы болуы қажет;

✓ уақыт пен күш аз жұмсалатындай үнемді болғаны жөн;

✓ мүмкіндігінше жоғары негізде сенімді қорытынды шығара білуі керек;

✓ диагностикалық ақпараттың нәтижесі көкейде жүрген көптеген мәселелердің шешімін табуға көмектесуі қажет;

✓ нәтижелері графиктік салыстырмалы кескінді, сурет түрінде көрнекі болса, оларды өлшеу, талдау, жинақтау тиімді болады.

Бұл талаптардың бәрін орындауға сыныпты компьютерлік диагностикамен зерттеудің технологиясы мүмкіндік береді.

Оқушы мен сынып ұжымының диагностикасына қойылатын талаптар

Психологиялық-педагогикалық мінездемеге қойылатын талаптар:

1) Сынып жетекшісі тәрбиеленушілердің психологиялық, педагогикалық және жалпы психологияның теориялық негіздерінен алған білімдерін көрсете алуы, ол білімдерін нақты психологиялық және педагогикалық фактілерді түсіндіруде қолдана білуі тиіс.

2) Осы айтылған фактілерді таба білуі, яғни зерттеудің негізгі тәсілдерін қолдана отырып, психологиялық ой елегінен өткізу үшін объективті материал жинауы керек. Ол үшін бақылау, тәжірибе (эксперимент), әңгіме-сұхбаттың қандай пайда әкелетініне талдау жасаған жөн.

3) Мінездемеде педагогикалық жұмыстың бағыты көрсетілуі керек, яғни онда тәрбиеленушілердің оқыту мен тәрбие барысында анықталған психологиялық ерекшеліктері, соны қаншалықты шеберлікпен қолдана білгендігі айқындалуы тиіс.

4) Мінездемені қазіргі таңдағы және келешектегі оқу-тәрбие жұмысының сипатымен салыстырып, педагогикалық түйін жасау арқылы аяқтау қажет.

Психологиялық-педагогикалық мінездемені құру төмендегідей талаптардан тұрады (97-сурет).



Сурет-97. Психологиялық-педагогикалық мінездемені құру талаптары

Диагностиканың әртүрлі әдістер мен әдістемесін пайдаланудың ерекшеліктері

Диагностикадағы әдістерді пайдалану – мінез-құлықтар мен іс-әрекеттердің ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтауға, бағалауға мүмкіндік беретін, зерттеушілерге ықпал ететін ұсыныстар жиынтығы.

Бақылау-зерттеу (тексеру) әдісі. Бақылау арнайы жоспар бойынша жүргізіледі. Ғылыми негізде шығармашылықпен жасалған жоспар зерттеу жұмысының нәтижелі болуына игі әсер етеді. Ғылыми бақылау зерттелетін педагогикалық құбылысты дұрыс әрі дәл жазып алуды талап етеді. Сондықтан бақылаудың нәтижесі зерттеушінің педагогикалық іскерлігіне, қабілетіне және сауаттылығына байланысты болады. Зерттелетін тақырыптың мақсаты мен мазмұнына қарап, бақылауды жаппай және ішінара жүргізуге болады. Оқыту-тәрбиелеу барысында жалпы мәселелерді (сабақ үстіндегі тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекеті, ұжымдық іс-әрекеті және олардың зейінін жандандыру және т.б.) зерттеу үшін жаппай бақылау әдісі пайдаланылады.

Тәрбие процесінде қолданылатын негізгі диагностикалық әдістер 98-суретте ашылды.



Сурет-98. Тәрбие процесінде қолданылатын негізгі диагностикалық әдістер

Тәрбие процесінде қолданылатын негізгі диагностикалық әдістер:

✓ *талдамалық:* тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейін және сипатын талдау;

✓ *бақылау-бағалаушылық:* тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейін бағалау мен бақылауды жүзеге асыру;

✓ *түсіндірушілік:* тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейіне түсініктеме беру, нормадан ауытқушылық болса, оның себептерін түсіндіру;

✓ *дамытушылық:* тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейі нәтижелерін диагностикалау, олардың өз бетімен білімдерін арттыруына, өз-өздерін жетілдіруге себеп болады;

✓ *ақпараттық:* тәрбиеленушілерге олардың тәрбиелік деңгейі туралы ақпарат беру;

✓ *прогностикалық:* тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейін ары қарай арттырудың мүмкіндіктері мен болашағын болжау және шамалау;

✓ *ұйғарушылық:* тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейін ары қарай арттырудың жолдарын анықтау;

✓ *кері байланыстылық:* диагностика тиімділігін бағалау мен қателерді жоюдың білімділік диагностикасының нәтижелері туралы ақпаратты алу мен талдау.

Диагностикалық әдістеме – психодиагностиканы пайдалануды қажет ететін, практикалық талаптардың ерекшеліктерін қолданудағы әдісті нақтылауды айтады. Әдіс және әдістеме ұғымдарының қатынастары арасында ерекшелік болады. Мысалы, жалпы психодиагностикалық әдістің тесттерімен қандай да бір тест әдістемесінің құрамы, әңгіме құрудың жалпы мазмұны мен нақты зерттеулер жүргізу барысындағы әңгіме мазмұны арасындағы ерекшеліктер.

Әңгімелесу – пікіралысу, сұхбаттасу, әлеуметтік ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерінің бірі.

Енді *педагогикадағы әңгімелесуді* сөз етсек, ол тәрбиеленушілердің ойы мен тілін дамыту үшін қолданылатын оқыту әдісінің бір түрі. Әңгімелесу кезінде тәрбиеленуші тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап беру арқылы оқу материалын пысықтап, ой қорытады. Әңгімелесу әдісі – тәрбиеленушілерге эмоциялық, эстетикалық әсер ететін тиімді әдістердің бірі. Оның сапасы тәрбиешінің тәжірибесіне, әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Ал, *психологиядағы әңгімелесу* – белгілі жоспар бойынша бақылауға алынған адамның ерекшеліктеріне, білім деңгейіне қарай күні бұрын әзірленген сұрақтар арқылы жүргізіледі. Зерттелушіге күдік тудырмау үшін әңгімелесу көбіне жанама түрде ұйымдастырылып, оның жауабы жазылып алынады, кейін мұқият талданып, тиісті қорытындылар шығарылады.

Сынып ұжымының диагностикасы: сынып ұжымының қалыптасу деңгейі мен тұлғааралық қарым-қатынас жағдайын зерттеу

Сынып ұжымы – тәрбиенің шешуші факторы және біздің қоғам жағдайында бала өмірін ұйымдастырудың негізгі формасы. Жеке тұлғаның

дамуы үшін ұжымда қолайлы жағдайдың болуы қажет. Тұлға жан-жақты даму мүмкіншілігін ұжымнан алатын болғандықтан, ұжымда тұлғаның бас бостандығы болуы басты шарт болып табылады.

Мектептегі сынып сияқты бірлестіктер шағын топ деп аталады. Нақты топтардың жоғары дәрежеде ұйымдасқан түрі – ұжым деп аталады. Адамдардың ерекше ұйымшылдығының арқасында олардың мүдделерінің бір-бірімен ұштасып, топтың психологиялық ахуалының орнауы, дамудың биік деңгейіне көтерілуі – ұжымның басты белгісі. Кез келген топтың көп жағдайда ұжым деңгейіне көтеріле алмайтыны да көбінесе топта келеңсіз жағдайлардың орын тебуінен туындайды.

Мұғалім оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне қатысты төмендегідей бірқатар талаптарын қойып, олардың осыларды орындай алу қабілеттерін бағалайды:

- ✓ басқаларға бөгет болмау;
- ✓ бір-бірін мұқият тыңдау;
- ✓ ортақ іске қатысу.

Мектептегі оқушылардың сабақ үстіндегі бірлескен жұмысы, олардың арасында кез келген ұжымдық жұмысқа тән көптеген белгілері бар қарым-қатынастар туғызады. Бұлар ең алдымен, әрбір оқушының өз ісіне ортақ іс сияқты қарайтыны, ортақ мақсатқа жетуі үшін басқалармен келісімді түрде әрекет ете білушілігі, бір-бірін қолдайтындығы, бір-біріне талап қойғыштығы және өзіне сын көзбен қарай білуі, өзінің табысын немесе сәтсіздікті ортақ іс тұрғысынан бағалай білуі. Сабақтың бұл мүмкіндіктерін іс жүзінде орындау үшін мұғалім сабақ кезінде, оқушылардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндігі болатындай жағдай туғызуы қажет.

Өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы азамат етіп тәрбиелеуде ұжымның алатын орны ерекше. Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты да саналы азамат етіп тәрбиелеу – ұжымда жүзеге асады.

Оқушы мен сынып ұжымының психологиялық-педагогикалық сипаттамасын құрастыру

Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану және болашақ мамандық алатын оқу орнын анықтау. Бұл міндеттерді жүзеге асыру тәрбиеленушіден ұзақ уақыт мақсатты даярлықты талап етсе, үлкендер жағынан тәрбиеленушінің мұқтажының жақсы түсініп, оған кеңес беріп, қол ұшын беруді қажет етеді. Мамандық таңдау тәрбиеленушінің жалпы дүниетанымдық ізденістері мен өмірлік жоспарларында орнығып, нақтыланады.

Мұнда нақты «Мен» (қазір қандаймын), динамикалық «Мен» (қандай болғым келеді), мұраттық «Мен» (өзімнің адамгершілік ұстанымдарыма байланысты сондай болуға тиістімін), қиялдағы «Мен» (қолымнан бәрі келетін болса, сондай болар едім!) және т.с.с. көз алдына елестетін «Мен» бейнелері бар. Өзін-өзі талдау нәтижесінде оқушылар өзін объективті, төмен немесе асыра бағалауы мүмкін. Оқушылар психолог көмегімен «Мен» көріністерін

анықтауға, оны зерттеуге мүмкіндік алуы керек. Сондықтан әр оқушыны өзін-өзі танып білуге үйрету, психологиялық қызметтің тағы бір келесі міндеті.

Әрбір сынып жетекшісінің алдында егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, дүниетанымы қалыптасқан, креативті тұлға тәрбиелеу міндеті тұр.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Мұғалімнің психодиагностикалық мәдениеті.
2. Оқушы тұлғасы мен оқушылар ұжымы диагностикасының үлгі ретіндегі бағдарламасы.
3. Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің өлшемдері мен көрсеткіштері.
4. Оқушылардың тәрбиелілік диагностикасының мазмұны.
5. Сынып ұжымының диагностикасы.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Диагностиканың негізгі құралдарының бірі – бұл: **тест**
2. Адамзат баласының ұлт, халық болып қалыптасқаннан бергі жинақтаған ұлы байлығы – бұл: **мәдениет**
3. Сынып жетекшісінің әрбір тәрбиеленуші мен сынып ұжымының тәрбиелілігі жайында ақпарат алатын зерттеу жұмысы – бұл: **тәрбиелілік диагностикасы**

III. «Кім жылдам». Кестені толтырыңыз, мән-мағынасын ашыңыз

<i>Психологиялық-педагогикалық диагностика</i>	
<i>Адамзат мәдениетінің құрамдас бөліктері</i>	
<i>Мұғалімнің психодиагностикалық мәдениеті</i>	

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Адамзат мәдениетінің құрамдас бөліктері:

- A) Шығармашылық
- B) Процессуальды іс-әрекеттік
- C) Аксиологиялық
- D) Спорттық
- E) Ақпараттық
- F) Қарым-қатынастық
- G) Коммуникативтік
- H) Танымдық

2. Мұғалімнің психодиагностикалық мәдениеті:

- A) Педагогтардың жалпы психологияны білуі
- B) Мұғалімнің шығармашылық тұрғыда өсуі
- C) Диагностикалық аспап-құралдарды пайдалана білуі
- D) Тренингтер ұйымдастыруы
- E) Ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыруы
- F) Диагностикалық тәсілдерді пайдалана білуі
- G) Үйлестірушілік, ұйымдастырушылық принципі
- H) Диагностикалық әдістерді қолдана білуі

3. Психологиялық сұраулардың мақсаты мен талаптары:

- A) Тәрбиеленушілердің өзара қарым-қатынасын, жолдастық-достық қатынасын немесе бірін-бірі ұнатпауы сияқты қатынастарды анықтау
- B) Психологиялық сұрауларды құрастырғанда белгілі ережеге сүйену керек
- C) Жанама сұрақтар қойып, берілетін жауаптар бірін-бірі тексеріп отыруы тиіс
- D) Тәрбиеленушілердің жасын, сынып ұжымының даму деңгейін, мектептің мақсаты мен міндеттерін анықтау
- E) Әрбір қатысушының қызығушылығы және мүмкіндігі ескерілуі тиіс
- F) Жеке тұрғыдағы мақсат ұжымдық мақсатқа қарама-қайшы келмеуі тиіс
- G) Атааналардың пікірін қолдау керек
- H) Пән мұғалімдерінің талабын ескеру тиіс

4. И.В.Дубровина бойынша психологиялық мәдениет компоненттері:

- A) Психологиялық білім
- B) Адамның жалпы мәдениеті
- C) Жастар субмәдениеті
- D) Психологиялық құзыреттілік
- E) Педагогикалық білім
- F) Психологиялық сауаттылық
- G) Педагогикалық сауаттылық

5. Оқушылар ұжымын зерттеу бағдарламасы:

- A) Сыныптың құрамы
- B) Сынып белсенділері
- C) Сыныптағы қоғамдық пікір
- D) Сыныптағы іс-әрекет
- E) Сыныптың құрылымы
- F) Сынып ахуалы
- G) Сыныптың ата-аналар белсенділері
- H) Сыныптағы қарым-қатынас

6. Социометрия әдісі – бұл:

- A) Өзара қарым-қатынасты зерттейді
- B) Тәрбиеленушілердің жалпыға танымал немесе танымал еместігін зерттейді
- C) Сыныптағы шағын топтардың барын анықтайды
- D) Ұжымішілік қатынастарды талдайды
- E) Тәрбиеленушінің темпераментін анықтайды
- F) Үлгерімнің деңгейін анықтау
- G) Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін анықтайды
- H) Тәрбиеленушінің белсенділігін анықтайды

7. Тәрбиедегі психологиялық-педагогикалық диагностика – бұл:

- A) Тәрбие процесін тиімді ету
- B) Оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау
- C) Балалар ұжымының әлеуметтік-психологиялық сипатын зерделеуге бағытталған бағалау
- D) Оқу-тәрбие процесін жақсарту
- E) Оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін анықтау
- F) Балалар ұжымының психологиялық-педагогикалық сипатын анықтауға бағытталған бағалау
- G) Оқу процесін жақсарту
- H) Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау

8. Тәрбиеленушіні диагностикалайтын құралдың бірі – тест. Ол:

- A) Мақсат пен міндеттерге сәйкес болуы керек
- B) Сенімділік критерийлеріне жауап беретіндей болуы тиіс
- C) Дәлдік критерийлеріне жауап беретіндей болуы тиіс
- D) Мақсат пен мазмұнға сәйкес болуы керек
- E) Сапалық критерийлеріне жауап беретіндей болуы тиіс
- F) Нақтылық критерийлеріне жауап беретіндей болуы тиіс
- G) Әдіс пен тәсілге сәйкес болуы керек
- H) Құралдарға сәйкес болуы керек

9. Сыныптағы тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеу әдісі:

- A) Педагогикалық эксперимент

- В) Бақылау
- С) Социометрия
- Д) Сауалнама
- Е) Пікірталас
- Ғ) Ұқсастыру
- Г) Жаттығу
- Н) Тест

10. Диагностиканың негізгі әдістері:

- А) Талдамалық
- В) Бақылау-бағалаушылық
- С) Түсіндірушілік
- Д) Қалыптастырушылық
- Е) Қарым-қатынастық
- Ғ) Ұйымдастырушылық
- Г) Аксиологиялық
- Н) Іс-әрекеттік

Тәрбие тағылымы

 <p>Әмір Темір (1336-1405)</p>	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <p>✓ ...Сейіттерді, ғұлама-машайықтар мен ақылман даналарды, мұхадистер мен тарихшыларды жаратылысынан бөлек, дара адамдар есебінде сыйлап құрметтей білдім. Батыл адамдармен дос болдым, себебі, Алла тағаланың өзі де ержүректерді ұнатқан ғой.... Бұлардың пәк ниетімен берген ақ батасын алдым</p>
 <p>Лев Николаевич Толстой (1828-1910)</p>	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <p>✓ Жауынды мұқалтудың жақсы жолы – жауыңа ұқсамау</p> <p>✓ Дүниеде зұлымдық жоқ, ол адамның ішінде</p> <p>✓ Тек есте сақтаумен ғана емес, өзіңнің терең ойлауыңмен игеріп алған білім ғана – білім</p>

15-тақырып. Тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру


Сынып жетекшісінің өздігінен білім алуы және оның тиімділігінің шарты

Сынып жетекшісі әрдайым даму үстінде сондықтан, өзінің еңбек жолының барлығында зерттеуші болып табылады. Әсіресе сынып жетекшісінің кәсіби шеберлігін қалыптастыру барысында ғылыми-әдістемелік іс-әрекет үлкен әсерін тигізеді:

- білім саласында болып жатқан қазіргі кездегі өзгерістермен әрдайым таныстыру;
- өз әріптестерінің әртүрлі формадағы тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру тәжірибесін үйрену;
- жаңа тәрбие тұжырымдамасы, бағдарламасымен және т.б. танысу.

Сынып жетекшісінің өз білімін жетілдіруі дегеніміз – басқаның көмегінен, өз бетімен дайындалу арқылы білімін арттыруы, кәсіби-әдістемелік білім мен біліктілігін тереңдетуі және кеңейтуі.

Сынып жетекшісінің өз білімін жетілдіру жұмыстары 99-суретте ашылды.



Сурет-99. Сынып жетекшісінің өз білімін жетілдіру жұмыстары

Сынып жетекшісінің өздігінен білім алуының мақсаты:

- 1) оқу және тәрбие әдістерін жетілдіру мақсатында психологиялық және педагогикалық білімдерін кеңейту;
- 2) озық педагогикалық іс-тәжірибелер мен педагогикалық ғылым жетістіктерін меңгеру және білімділік, біліктілік деңгейін жетілдіру.

Өздігінен білім алудың тақырыптарын әдістемелік отырыстарда талқылап, ұсыныстар беріп отырған дұрыс. Сынып жетекшісінің өздігінен білім алу жұмысын сабақтарға қатысу арқылы бағалаған жөн.

Мектептің педагогикалық Кеңесі мен сынып жетекшісінің семинарлары (сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі)

Білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі – білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.

Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Педагогикалық кеңестің отырысына ата-аналар комитеттерінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайланады.

Педагогикалық кеңестің басты міндеттері 100-суретте ашылды.



Сурет-100. Педагогикалық кеңестің міндеттері

Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер:

1) білім беру ұйымдарында нормативтік-құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шаралар;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстар жағдайы, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын ендіру;

3) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау мәселелері;

4) қорытынды аттестаттауды өткізу, тәрбиеленушілерді емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде емтиханнан босату, оларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе қайталау курсына қалдыру, алғыс хат, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы және негізгі орта білімді бітіргендігі туралы куәлік, үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы мәселелер;

5) педагогтардың оқу жүктемесін бөлу, тарификацияны бекіту, педагогтарды аттестаттауға дайындау, марапаттау және мадақтау мәселелері.


Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін, педагогикалық кеңес отырысында қаралатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.

Педагогикалық кеңеске жылына 5 реттен кем жиналмайды. Кеңестің кезекті отырысында төраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы баяндайды. Педагогикалық кеңестің шешімі қарапайым, жай дауыс берумен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда, төраға дауыс берген, шешім қабылданған болып есептеледі.

Сондай-ақ, әдістемелік бірлестік – бір немесе бірнеше оқу пәндері бойынша әдістемелік, тәжірибелік және сыныптан тыс жұмысқа жетекшілікті жүзеге асыратын, жалпы орта білім беретін мекеменің әдістемелік қызметінің негізгі құрылымдық бөлімі болып табылады.

Әдістемелік бірлестік мектепте бір пән бойынша 3 мұғалім немесе бірнеше оқу пәндері бойынша құрылады. Сынып жетекшілері үшін де әдістемелік бірлестік құрылуы қажет.

Сонымен, әдістемелік жұмыс жүйесі 101-суретте берілді.



Сурет-101. Әдістемелік жұмыс жүйесі

Әдістемелік бірлестікті тәжірибелі және білікті маман басқарады және оның отырыстары тоқсан бойынша 1 рет өткізіледі. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары мектептің әдістемелік жұмысының құрамды бір бөлігі нәтижелерін талдау негізінде жасалады және сол жылға қойылған міндеттерден тұрады. Жоспарды әдістемелік бірлестік жетекшісі жасайды және жоспар педагогикалық кеңесте қарастырылады, мектеп директоры бекітеді.

Әдістемелік бірлестік жұмысының мазмұны:

- ✓ мемлекеттік стандарт талабын орындау;
- ✓ оқу сапасын жақсарту;
- ✓ оқу процесінде инновациялық, ақпараттық технологияларды саралап қолданудың тиімді жолдарын көрсету;
- ✓ озық тәжірибені зерттеу, жинақтау, талдау, қолдану;
- ✓ оқу бағдарламалары негізінде күнтізбелік жоспардың дұрыс және толық жазылуын бақылау;
- ✓ қолданбалы курстардың бағдарламаларын жасау, қарастыру, бекіту;
- ✓ теориялық, практикалық семинарлар ұйымдастыру;

✓ жазба жұмыстары нормасын орындау, сапасын арттыру жолдарын ұсыну;

✓ әдістемелік нұсқаулар дайындау, бекіту;

✓ білім сапасын бақылауға тестік тапсырмалар жасау;

✓ ашық сабақтар, сынып сағаттарына дайындық жасау;

✓ дидактикалық материалдар, дәрістер мәтіні, баяндамалар дайындауды ұйымдастыру;

✓ ашық сабақтар, сынып сағаттарына қатысу және талдау жасау;

✓ сыныптан тыс жұмыс түрлерін өткізуді ұйымдастыру.

Әдістемелік бірлестік жетекшісінің міндеттері:

- әдістемелік бірлестіктің жұмысын жоспарлайды;

- мұғалімдерге нормативті құжаттарды орындау, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру, педагогикалық әдебиеттегі жаңалықтармен таныстыруда нұсқау-кеңес береді;

- әдістемелік бірлестік отырыстарын өткізеді;

- бастауыш сынып мұғалімдеріне, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетеді (толық, барлық жағынан);

- мұғалімдерді ізденіс, эксперименттік тәжірибе жұмыстарына тартады;

- педагогикалық тәжірибе жинақтауға, шығармашылық тұрғыда дамуға ынталандырады;

- педагогикалық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз етеді;

- мұғалімнің өз бетінше білімін жетілдіруіне ықпал жасайды;

- озық тәжірибені зерттейді, қорытады, таратады;

- жас мұғалімдердің бейімделу мерзімін қысқартуға жағдай жасайды;

- мұғалімдердің білімін жетілдіруді ұйымдастырады;

- мектепшілік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысады, біліктілік санатына ұсына алады.

Әдістемелік бірлестік мүшелерінің міндеттері:

• оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда нормативтік-құқықтық құжаттарды білу;

• кәсіби біліктілік деңгейі мен өз бетінше білімін көтеру;

• оқыту әдістемелерін меңгеру;

• ақпараттық-коммуникациялық, инновациялық технологияларды меңгеру;

• педагогикалық қызметте өзінің және әріптестерінің жұмысына талдау жасай алу;

• ашық іс-шараларды әзірлеу, өткізу;

• қажетінше педагогикалық оқулар мен байқау, конференция мен семинар, практикумдарға қатысу;

• әдістемелік бірлестік отырыстарына қатысу;

• оқу кабинеттерін талапқа сәйкес жабдықтау.

Әдістемелік бірлестік жоспарының құрылымы:

✓ әдістемелік бірлестік мүшелерінің міндеттері;

✓ өткізілетін тәрбиелік жұмыстарды талдау;

- ✓ кәсіби біліктілікті арттыру жұмыстары;
- ✓ оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру жолдары;
- ✓ өзара тәрбие сағаттарына қатысу.

Тәрбие жұмыстары бағытында озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және жинақтап қорытындылау

Озық педагогикалық тәжірибе – білім берудегі, соның ішіндегі педагогикадағы жаңашылдық пен зерттеушілік тәжірибеге сүйеніп, нақты деректер мен соңғы жаңалықтарға негізделген, теориялық талдау және жинақтаудан құралған, білім беру мекемесінің немесе үнемі ізденісте болатын тәжірибелі педагог-маман еңбегінің жемісі.

Озық педагогикалық тәжірибе бұқаралық педагогикалық тәжірибеден туындайды, оның тәсілдерінің болжамдылығы, ғылымилығы, шығармашылығымен басым түсіп, әдістемелік жүйенің және оның жекелеген құрамдастарының жетілдірілуіне септігін тигізеді.

Педагогикалық тәжірибені зерттеу талаптары:

- мұғалімнің өз тәжірибесін өзі зерттеп жинақтауы;
- педагогикалық еңбек шеберлерінің жұмыс жүйесін зерттеу және жинақтау;
- бір педагогикалық тақырып бойынша бірнеше сынып жетекшілерінің іс-тәжірибелерін зерттеу және жинақтау;
- жаңашыл сынып жетекшілерінің озық тәжірибесін тарату және оны оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- педагогикалық ғылыми-зерттеу институттарының басшылығымен оқу және тәрбие салаларында орын алып отырған мәселелерді тауып, оны шешуге атсалысу.

Оқыту мен тәрбиенің тиімді әдістері мен тәсілдерін табуда сынып жетекшілердің өз тәжірибесін өзі зерттеп, жинақтау ісі – әрі қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Сынып жетекшісі оқыту мен тәрбие салаларындағы орын алып отырған бір мәселені шешу үшін әдіс-тәсілдерді таңдап алып, оның тәрбиеленушілерге ықпалын тәрбиелік іс-шаралар арқылы бақылайды.

Озық педагогикалық тәжірибе – сынып жетекшісі шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі. Сынып жетекшісінің тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі принцип, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа сынып жетекшілерге үлгі болып, озық тәжірибесі басқа мектептерге таратылады.

Озық педагогикалық тәжірибенің белгілері, оған қойылатын талаптар:

Озық педагогикалық тәжірибенің бірінші белгісі – қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі. Озат сынып жетекшілері мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері өмір талаптарына сай жұмыс істеп, педагогикалық процесті жетілдірудің тиімді жолдарын табады.

Озық педагогикалық тәжірибенің екінші белгісі – педагогикалық қызметтің тұрақты, жақсы нәтижелері. Педагогикалық өнім –

тәрбиеленушілердің білім, іскерлік, дағдыларының, жалпы дамуының, тәрбиелілігінің деңгейі.

Білім сапасы тәрбиеленушілердің байқампаздығы, талдау, жинақтау, абстракциялау іскерлігі, оқу материалымен жұмыс істеу жолдарын анықтау, іс-әрекеттің жүйесін белгілеу, өз іс-әрекетін бақылау, оған керек жағдайда түзетулер енгізуден көрінеді. Тәрбиеленушілердің тәрбиелілігі олардың пікірлері, мінез-құлқы, жүріс-тұрысынан байқалады.

Озық педагогикалық тәжірибенің үшінші белгісі – оқыту, тәрбие, дамуда тұрақты, жақсы нәтижелерге жету үшін сынып жетекшілері мен тәрбиеленушілердің өз күштері және құралдарын орнымен жұмсауы.

Озық педагогикалық тәжірибенің төртінші белгісі – жаңалық болып табылады.

Педагогикалық озық тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамытып және жетілдіріп отырады. Сондықтан, әрбір сынып жетекшісі еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесін, белгілі педагогтар мен психологтардың ғылыми еңбектерін терең зерттеп, олардың ұсынбаларын өз ісінде шеберлікпен пайдаланғаны жөн.

Тәрбие жұмыстары бағытында озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, талдап қорыту және ендіру кезеңдері

Озық педагогикалық тәжірибе – қоғамдық педагогикалық қызметтің бастауы ретінде, нақты жағдайларды, оқушылар ұжымының және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге, мұғалімнің жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыруы.

Озық тәжірибені зерделеу және қорыту педагогика ғылымын дамытудың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады, өйткені өзекті ғылыми мәселелерді табуға мүмкіндік береді, педагогикалық процестің заңдылықтарын оқып үйренуге негіз болады.

Сынып жетекшісі өз мектебіндегі немесе көршілес мектептердегі тәжірибелі сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстарымен танысып, тәрбиелік іс-шараларға қатысып, олардың оқыту мен тәрбие әдістерін өзінің әдістерімен салыстырып, тиісті қорытындылар жасап, зерттеу жұмысының құжаттарын, атап айтсақ, сабақ жоспары, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, тәрбиеленушілердің жазба жұмыстары, дәптерлері, сынып жетекшісінің оқу-тәрбие жұмысының жоспары, тәрбиеленушілердің баяндамаларын және т.б. жинақтайды.

Сынып жетекшісінің озық тәжірибесін зерттеу кезеңдері:

✓ педагогикалық озық тәжірибені мектептегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттырудың қажетті шарты ретінде, іс-шара жоспарын жасау;

✓ әдістемелік шеберлігі мен кәсіби біліктілігі жоғары деңгейдегі сынып жетекшілерді анықтау;

✓ тәжірибелі сынып жетекшілердің шығармашылық-проблемалық тақырыптарын жинақтау;

- ✓ тәрбиелік тақырып пен жұмысты кезеңдерге бөлу;
- ✓ сынып жетекшілердің өзекті мәселелерді шешудегі жетістіктерін айқындау.

Педагогикалық тәжірибені зерттеу жолдары:

- ✓ педагогикалық процесті тікелей бақылау;
- ✓ бақылауға алынған педагогикалық құбылысты ғылыми тұрғыда негіздеу;
- ✓ нәтижелерді талдау және салыстыру;
- ✓ педагогикалық тәжірибені сынып жетекшісінің практикалық іс-әрекеттері арқылы негіздеу.

Педагогикалық тәжірибені зерттеу мерзімдері:

- педагогикалық қызмет жүйесін зерттеу (бірнеше жылға созылуы мүмкін);
- сынып жетекшісінің қандай да бір тақырыптағы жұмыс жүйесін зерттеу (тоқсандық, жылдық);
- сынып жетекшісінің жұмыс тәжірибесіндегі бір тиімді элементті зерттеу (белгіленген уақыт бөлігінде);
- жаңа технологияны меңгеру тәжірибесін зерттеу (меңгеру нәтижесіне байланысты).

Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері 102-суретте ашылды.



Сурет-102. Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері

Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері:

1. Құжаттарды талдау:

- тәрбиеленушілер білімінің мониторингі негізінде педагогикалық қызметтің нәтижелерін зерттеу;

- педагогикалық тәжірибе авторының педагогикалық қызметінде дәстүрлі емес әдістерді қолдануы нәтижесін көру мақсатында құжаттарды салыстыру, оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдарды, аттестаттау материалдарын талдау.

2. *Сауалнама өткізу:* педагогикалық тәжірибенің құндылығын зерттеу.

3. *Талдау:* педагогикалық тәжірибенің жалпы қасиеттері, белгілері және олардың өзара байланысының құраушы бөліктерін бөліп шығару.

4. *Бақылау:* оқу-тәрбие процесі мен құбылыстары туралы мағлұматтар жинау.

5. *Салыстыру:* берілген қатардағы объектілердің әрқайсысының қасиеттерін өзара сапалық салыстыру арқылы зерттеу жұмысын жүргізу.

6. *Өзін-өзі бағалау:* жеке тұлғаның өз мүмкіндіктері, қасиеттері, кәсіптік шеберліктерін басқалармен салыстырмалы бағалай білу.

7. *Әңгіме.*

8. *Диагностика:* зерттелетін объектілердің жағдайларын бағалау.

Сынып жетекшілер оқыту мен тәрбие салаларындағы орын алып отырған бір мәселені шешу үшін әдіс-тәсілдерді таңдап алып, олардың тәрбиеленушілерге ықпалын сабақ, тәрбиелік іс-шаралар арқылы бақылайды.

Сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын бақылау

Тәрбиедегі басты бағыт – әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек. Ал бұл кәсіби шеберлікпен ұйымдастырылатын мектептің тәрбие жүйесі арқылы жүзеге асады. Мектептің сыныптан тыс тәрбие жүйесі сол мектептің өзіндік ерекшелігі негізінде жасалған тәрбие тұжырымдамасы бойынша айқындалады. Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс-әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын, сынып жетекшілердің басшылығымен ұйымдастырылған, сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие іс-әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.

Біріншіден, оқудан тыс әртарапты іс-әрекет тәрбиеленушінің сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты *дара қабілетін ашуға ықпал етеді.*

Екіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу тәрбиеленушінің жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы тәрбиеленушіде іс-әрекеттің әр түріне қатысты қызығушылығының дамуы, оған *белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді*. Егер де тәрбиеленушіде еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады.

Төртіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана тәрбиеленушінің өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге *ұжымда өмір сүруге үйретеді*. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді.

Бесіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты *қатаң шектеу болмайды*. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұны және бағытын тандауда ерікті болады. Бұл бір жағдайда, оған өзінің көзқарасы және сенімі тұрғысында әрекет етуге мүмкіндік берсе, екінші жағдайда, оның жауапкершілігін арттырады.

Алтыншыдан, сыныптан тыс тәрбие жұмысының нәтижесіне *күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы*. Себебі, онда тек жалпы жетістік пен тәрбиеленушілердің жеке-дара даму деңгейін бақылауға ғана мүмкіндік береді. Соған сәйкес форма немесе әдістің нәтижесін анықтау қиындық туғызады.

Жетіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысы тәрбиеленушілердің мүмкіндіктеріне сай қолдары *бос уақытта* (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарда) *ұйымдастырылады*. Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылықтың өкілдері қатыстырылады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері тұтас педагогикалық процестің қызметіне ерекше сипат береді – білімділік, тәрбиелік және дамытушылық. Білімділік қызметі оқу әрекеті секілді басымдылыққа ие бола алмайды. Ол сабақтан тыс тәрбие жұмысында тәрбиелік және дамытушылық қызметті нәтижелі іске асыруда көмекші рөл атқарады.

Осындай жұмысты атқаруда белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін оның мақсатын нақты анықтау қажет. Мысалы, сынып жетекшісі қонаққа барған жағдайда қандай мінез-құлық ережелерін сақтау қажеттігі туралы тәрбиеленушілермен әңгіме өткізуді жоспарлады делік. Ол үшін оның мақсатына тәрбиеленушінің мінез-құлық ережесі туралы білімдерді кеңейтуді белгілейді.

Тәрбие жұмысының мазмұны әлеуметтік тәжірибеге бейімделген адам баласы өмірінің әртүрлі саласындағы, өзіндік тәжірибесіндегі: ғылым, өнер, әдебиет, техника, өзара қарым-қатынас, моральдық бейнесінде бастан кешірген және жүзеге асырған жағдайларын қамтиды.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының ерекшеліктері:

1) сабақтан тыс тәрбие жұмысының мазмұны тәрбиеленушінің сезіміне, әсерленуіне назар аударуды міндеттейді (сезімі арқылы ақыл-ойына әсер етуді көздейді);

2) тәрбиеленушінің практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруды (әртүрлі іскерлік пен дағдысын жетілдіруді) көздейді;

3) жаңа мағлұматтарды іздеу, сабақтан тыс әртүрлі тәрбие жұмыстарын атқаруда өздігінен жұмыс істеу біліктілігін машықтандыру;

4) коммуникативтік біліктілігі мен дағдысын тәрбиелеу (ұжымда өмір сүре білу, ұжым болып ауызбірлікте қоғамдық пайдалы істерді атқару және т.с.с.);

5) этикалық нормаларын сақтай білуге дағдыландыру.

Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшелігін анықтауда Н.К.Крупская еңбектерінде жасалған оның негізгі принциптері және қазіргі жағдайда түзетуді қажет ететін тәрбиенің жалпы принциптері басшылыққа алынады.

Бұл принциптер сыныптан тыс жұмыстар қызметінде іске асырыла отырып, *сыныптан тыс жұмыстардың төмендегідей ерекше белгілерін* сипаттайды:

- сыныптан тыс жұмыстарға тәрбиеленушілердің жаппай және ерікті қатысуы;

- әрекеттің белгілі түріне қызығушылығы мен бағыттылығына қарай тәрбиеленушілердің саралануы;


- практикалық міндеттер мен әрекеттің жақын нәтижесін қоюы;

- қатынас пен қатысу саласының әртүрлілігі;

- уақытша сыныптан тыс ұжымның құрылымы.

4-5 қосымшада жеке тұлғаның креативтілік қабілетін қалыптастырудағы инновациялық тәрбиелік іс-шаралардың үлгі-жоспары берілді.

Сыныптан тыс жұмыстарда тәрбиеленушілерге *ұлттық тәрбие беруде төмендегідей (ұстанымдар) принциптер* басшылыққа алынады (103-сурет):



Сурет-103. Ұлттық тәрбие берудің ұстанымдары

Өзін-өзі тану, өзін-өзі іске белсендіру және өзін-өзі жетілдіру негізінде ересектер мен жасөспірімдердің субъективті-объективті қарым-қатынасы – бүгінгі қоғамдағы әртүрлі мамандық саласының өкілдерін, педагог мамандарын байланыстыратын ерекше педагогикалық ұжым, сыныптан тыс жұмыстардың әдістемелік бағыттылығы, дара және ұжымдық шығармашылықтың бірлігі.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар

I. Теориялық білімді тексеруге арналған сұрақтар

1. Сынып жетекшісінің өздігінен білім алуы.
2. Мектептің педагогикалық Кеңесі мен сынып жетекшісінің семинарлары.
3. Тәрбие жұмыстары бағытында озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және жинақтап қорытындылау .
4. Сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын бақылау.

II. «Кім жылдам, кім зерек?» ойыны (блиц-тур сұрақтары)

1. Басқаның көмегінсіз, өз бетімен дайындалу арқылы білімін арттыруы, кәсіби-әдістемелік білім мен біліктілігін тереңдетуі және кеңейтуі – бұл:

сынып жетекшісінің өз білімін жетілдіруі


2. Бір немесе бірнеше оқу пәндері бойынша әдістемелік, тәжірибелік және сыныптан тыс жұмысқа жетекшілікті жүзеге асыратын, жалпы орта білім беретін мекеменің әдістемелік қызметінің негізгі құрылымдық бөлімі – бұл:

әдістемелік бірлестік

3. Сынып жетекшісі шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі – бұл:

озық педагогикалық тәжірибе

III. Шығармашылық тапсырма. Сынып жетекшісі және әдістемелік бірлестік жұмысының мән-мағынасын ашыңыз



Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Сынып жетекшісінің өз білімін жетілдіру жұмыстары:

- A) Кітапханаға бару, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық түрлі кітаптармен танысу
- B) Өз әріптестерінің тәрбие сағаттарына қатысу, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру
- C) Әртүрлі формадағы тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс іс-шараларды және оқу материалдарын теориялық талдаудан, практикалық өндеуден өткізу
- D) Ашық сабақтар өткізу және т.б. мәселелер жөнінде пікір алмасу
- E) Педагогикалық кеңеске, пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу
- F) Тәрбиеленушілердің әдістемелік деңгейін арттыру бойынша оқу-әдістемелік жұмысы
- G) Факультативтік сабақтар өткізу және т.б. мәселелер жөнінде пікір алмасу
- H) Экскурсияға шығу, құнды жәдігерлермен танысу

2. Сабақтан тыс тәрбие жұмысының ерекшеліктері:

- A) Тәрбиеленушінің практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді
- B) Коммуникативтік біліктілігі мен дағдысын тәрбиелеу
- C) Этикалық нормаларын сақтай білуге дағдыландыру
- D) Мектептен тыс тәрбие жұмысының мазмұны тәрбиеленушінің көзқарасына назар аударуды міндеттейді
- E) Тәрбиеленушінің теориялық іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді
- F) Мектептен тыс әртүрлі ғылыми жұмыстарды атқаруда өздігінен жұмыс істеу біліктілігін машықтандыру
- G) Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мазмұны тәрбиеленушінің қалыптасуына назар аударуды міндеттейді
- H) Мінез-құлық нормаларын сақтай білуге дағдыландыру

3. Озық педагогикалық тәжірибенің белгілері, оған қойылатын талаптар:

- A) Қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі
- B) Педагогикалық қызметтің тұрақты, жақсы нәтижелері
- C) Жаңалық
- D) Сынып жетекшісі өзінің әдістемелік шеберлік пен кәсіби біліктілігін орнымен жұмсай білуі
- E) Сынып жетекшісінің өз білімін жетілдіру жұмыстары
- F) Сынып жетекшісінің өздігінен білім алуы
- G) Пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарына қатысуы
- H) Пән мұғалімдерінің инновациялық жұмыстары

4. Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері:

- A) Құжаттарды талдау
- B) Сауалнама
- C) Салыстыру
- D) Баяндау

- Е) Түсіндіру
- Ғ) Үлгі-өнеге
- Г) Тест
- Н) Сендіру

5. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейін көтеруде жүргізілетін жұмыстар:

- А) Мұғалімдердің білімін үздіксіз жетілдіріп отыру, аттестациялау
- В) Көпшілік ақпарат құралдарын пайдалану
- С) Тәжірибе алмасу, озат және жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеу
- Д) Мұғалімдердің білімін жетілдіруде шет мемлекеттердегі білім мекемелеріне жіберу
- Е) Жас мамандарға үнемі әдістемелік көмек көрсету
- Ғ) Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес жарық көрген еңбектерді пайдалану
- Г) Сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету
- Н) Инфакт-факторлы журналдарда жарық көрген мақалаларды пайдалану

6. Мұғалімнің іс-әрекетінің құрылымы:

- А) Коммуникативтік қабілет
- В) Хабарлау қабілеті
- С) Құра білушілік қабілет
- Д) Жобалау қабілеті
- Е) Ұжымды ынталандыру қабілеті
- Ғ) Ақпараттық қабілет
- Г) Қалыптастыру қабілеті
- Н) Басқару қабілеті

7. Тәрбиеші мәдениетінің маңызды компоненті:

- А) Тәрбиешінің синтезіндегі гуманистік қасиет
- В) Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасында өнімді стильді құра білу шеберлігі
- С) Балаларды құрметтеуі, үлгілі, өнегелі болуы
- Д) Тәрбиешінің синтезіндегі қаталдық қасиет
- Е) Тәрбиешінің балалармен іс-әрекетінде бар стильді үйлестіре, басқара білу шеберлігі
- Ғ) Балаларды сыйлауы, берілген тапсырманы қатаң талап етуі
- Г) Тәрбиешінің синтезіндегі тәкәппарлық қасиет
- Н) Тәрбиешінің балалармен іс-әрекетінде бұйыра білу шеберлігі

8. Тәрбиешінің әдістемелік жұмыстар жүргізу әдістері:

- А) Конференция өткізу
- В) Семинар өткізу
- С) Шеберлік сыныптары және ашық сабақтар өткізу
- Д) КВН, кештер өткізу
- Е) Тренинг өткізу

- F) Өнер адамдарымен кездесулер өткізу
- G) Факультативтік сабақтар өткізу
- H) Үйірмелерге қатысу

9. Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері:

- A) Құжаттарды талдау
- B) Сауалнама өткізу
- C) Өзін-өзі бағалау
- D) Өзін-өзі басқару
- E) Пікірталас өткізу
- F) Болжау жасау
- G) Тест өткізу
- H) Құжаттарды жинақтау

10. Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері:

- A) Құжаттарды талдау
- B) Сауалнама
- C) Салыстыру
- D) Баяндау
- E) Үлгі-өнеге
- F) Сендіру
- G) Тест
- H) Педагогикалық жағдаят

Тәрбие тағылымы

 <p style="text-align: center;">Кенен Әзірбаев (1884-1976)</p>	<p style="text-align: center;">Ұлыдан ұлағат</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Есті кісі ерегіспейді, Көпшіл кісі бөлек ішпейді ✓ Адал еңбек ердің досы, Бақ іздеудің жолы осы
 <p style="text-align: center;">Василий Александрович Сухомлинский (1918-1970)</p>	<p style="text-align: center;">Білгенге маржан</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Мұғалімдік мамандық – бұладам тану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жандүниесіне үңіле білу ✓ Адам кісілікті терең ұғынған сайын өзіне жақсы төреші бола алады

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Семинар 1. Тәрбие жұмысы: мақсаты, міндеттері, қағидалары, заңдылықтары.

Семинар 2. Мектептің тәрбиелік жүйесі: сипаттамасы, құрылымы, қағидалары негізгі компоненттері және олардың өзара әрекеттестігі.

Семинар 3. Педагогикалық қолдау технологиясына, әдістері, құралдары мен оның нәтижелілігіне сипаттама.

Семинар 4. Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысына сипаттама. Тәрбие жұмысының формаларының көптүрлілігі. Тәрбие жұмысын жоспарлау.

Семинар 5. Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі тәрбие процесінің ғылыми тұрғыларына сипаттама (тұлғалық-бағдарлық, тұлғалық-іс-әрекеттік, аксиологиялық, гуманистік, т.б.).

Семинар 6. Оқушылар ұжымының қалыптасуы: көптүрлілігі, құрылымы, даму кезеңдері.

Семинар 7. Қазіргі мектептегі тәрбие технологиясының ғылыми негіздері: классификациясы, ерекшеліктері, түрлері.

Семинар 8. Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыстар жүйесінің психологиялық-педагогикалық негіздері.

Семинар 9. Педагогикалық ұжымның дарынды балалармен жүргізетін жұмыстардың жүйесі.

Семинар 10. Отбасы – оқушылардың тәрбиелік және дамытушы ортасының негізі. Мұғалім мен оқушы ата-аналарының ынтымақтастығы.

Семинар 11. Педагогтың мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысының диагностикасы.

Семинар 12. Тәрбие жұмыстары бағытында озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және жинақтап қорытындылау.

Семинар 13. Балалар бірлестігі – оқушы тұлғасының тәрбиелік және әлеуметтендіру институты. Халықаралық балалар ынтымақтастығы.

Семинар 14. Оқушылардың саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша педагогикалық іс-әрекеттерінің бағыттары.

Семинар 15. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстары: мазмұны және белсенді әдістемелері.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫТУШЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨЗДІГІНЕН ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ (СОӨЖ) ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Оқу-тәрбие процесінде педагогикалық қолдауды жүзеге асырудың шарттары мен қағидалары.
2. Педагогикалық қолдаудың әдістері мен тәсілдері.
3. Мектептегі тәрбие процесінің мазмұны.
4. Тәрбие жұмыстарының түрлері.
5. Тәрбие процесіндегі құнды қарым-қатынастар.
6. Мектептің авторлық тәрбие жүйелері.
7. Мектепте тәрбие жұмыстарын жоспарлаудың әдістемесі.
8. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің жүйесі.
9. Сыныптағы тәрбие жұмысын мақсатты жоспарлаудың әдістемесі мен технологиясы.
10. Тәрбиелілік іс-әрекетті ұйымдастыру технологиясы.
11. Қоғамдық кеңістік ұғымы. Тәрбиелік процестегі қоғамдық кеңістіктің динамикасы.
12. «Ашық» білім беру кеңістігі жағдайында сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының ерекшеліктері.
13. Топта психологиялық ахуалды қалыптастыру.
14. Сынып жетекшілігі – балалармен жұмыстың ұйымдастыру формасы.
15. Тәрбие жұмысының технологиялық картасы.
16. Балалармен тәрбие жұмыстарындағы субъектілік және құндылық бағдар ұстанымдары.
17. Сыныптан тыс жұмыстардың әдістері мен құралдары.
18. Құзыреттілік тұрғыдан тәрбие технологиясын таңдау.
19. Оқушылар ұжымын қалыптастыру және зерттеудің әдістемесі.
20. Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін құрудың әдістемесі.
21. Оқушылардың тәрбиелілігін диагностикалаудың әдістері мен әдістемелері.
22. Тәрбие процесін оңтайландыру үшін психологиялық диагностиканың әдістерін қолдану.
23. Тәрбие процесінде оқушыларға жекелік тұрғыдан келудің әдістемесі.
24. Оқушылардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыстардың әдістемесі.
25. Мектеп пен сыныптағы тәрбие жұмыстары және олардың нәтижелерін талдау, өзіндік талдау.
26. ҚР қосымша білім беру жүйесі. Балалардың қосымша білім алуын ұйымдастырудағы қосымша білім беру жүйесі.
27. «Ашық» білім беру кеңістігінде оқушылардың бейімделу бағытындағы тәрбиелік жұмыстар.
28. Балалар мен жасөспірімдер қозғалысы.
29. Әлеуметтік тәрбие технологиясы.
30. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІГІНЕН ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫСТАРЫНА (СӨЖ) ТАПСЫРМАЛАР

1. Қосымша әдебиеттерді зерделеп, «тәрбиелік жүйе», «тәрбиелік процесс», «тәрбие жұмысы» ұғымдарына берілген барлық анықтамаларды көшіріп жазу, өз анықтамаңызды беруге талаптаныңыз.
2. Тәрбиелік жүйенің құрылымы мен қағидаларына сипаттама беріңіз.
3. И.П.Иванов, А.С.Макаренко, Л.Н.Новикова, В.А.Караковский, Н.Е.Щуркованың тәрбиелік жүйелерін салыстыру және талдау.
4. Мектептің тәрбиелік жүйесін мысалға келтіріп, олар үшін не ортақ екендігін анықтау.
5. Басылым беттерін оқып, мына сұраққа жауап беріңіз: технология және тұлға, олардың қандай мәселелері бар және оны қалай шешуге болады?
6. Жеке сыныптың қоғамдық ауқымының картасын жасап, мұндағы доминанттық элементтерді ерекшелеңіз.
7. Жеке сыныптағы балалар қарым-қатынасының психологиялық жағдайын байқау және талдау негізінде өзіңіздің пікіріңізді білдіріңіз.
8. Жеке сыныптың психологиялық жағдайын байқау негізінде балалар қарым-қатынасының құндылықтарын нақтылаңыз.
9. Оқушылардың әртүрлі категорияларымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында педагогикалық қолдаудың өзіндік өзгешелігі бар екендігін дәлелдеңіз.
10. «Қиын балаларға» қатысты педагогикалық қолдаудың ерекшеліктерін айқындаңыз.
11. «Қиын балалармен» тәрбие жұмысының технологиялық карта үлгісін құрастырыңыз.
12. «Дарынды» балалармен тәрбие жұмысының технологиялық карта үлгісін құрастырыңыз.
13. ҚР-дағы білім беруді ұйымдастырудың кешенді бағдарламасы негізінде белгілі бір кезеңге жас ерекшелігіне сәйкес сыныптағы тәрбие жұмыстарының мазмұнын құрастыру.
14. Тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша тәрбиелік іс-шаралар үлгісінен педагогикалық картотека жасау.
15. Тәрбиелік іс-шаралардың әдістемелік жобасын мақсатты жоспарлау және дайындау, практикалық сабақта оны өткізу, талдау және өзіндік талдау жасау.
16. Педагогтың тәрбие жұмысында пайдаланатын диагностика әдістеріне сипаттама беру.
17. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерден оқушының тәрбиелілігінің әртүрлі жақтарын зерттеу әдістемесін таңдау («өз қалауыңыз бойынша»), оның көмегімен адам тұлғасының (курстастың, ағаның, әкпенің, достың, т.б.) сол тәрбиелік жағынан қалыптасуының диагностикасын келтіріңіз.

18. Тұлға тәрбиесінің табиғи және әлеуметтік негіздері мен даму тетіктерінің өзара байланысын тәрбие жұмысында ескеру туралы сынып оқушысының ата-анасына «таңдау бойынша» ұсынатын баяндама жасау.

19. Өзіңізге таныс педагогикалық жағдаятты оның нәтижелігі тұрғысынан талқылаңыз (тәрбиенің нәтижелілігін анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер мен өлшемдерге назар аудару).

20. Базалық мектепке барып, тәрбиелік әс-шараларға қатысыңыз және оған тұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру мен реттеу тұрғысынан талдау жасаңыз.

21. Байқау негізінде сынып жетекшісі өзінің тәрбие жұмысындағы қолданатын әдіс-тәсілдерін талдаңыз.

22. Педагогикалық технология педагогтың кәсіби шеберлігінің құрамы ретінде» тақырыбында баяндама дайындау.

23. Сынып жетекшінің тәрбиелік іс-әрекетінің технологиялық картасын құрастырыңыз.

24. Бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданып (байқау, әңгімелесу және т.б.) оқушы отбасындағы қоғамдық ауқымның динамикасын көрсетіңіз, мұндағы ерекше элементтерді атаңыз.

25. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, уақыт өлшемін белгілеп тәрбие жұмысының жоспарын жасаңыз. Мұндай жоспарлауда қандай ұстанымдарға сүйену қажет екендігін нақтылаңыз.

ГЛОССАРИЙ

Ата-аналар жиналысы – тәрбие тәжірибесін педагогика ғылымы негізінде талдау формасы.

Ата-аналармен жұмыс – тәрбиешілердің ата-аналармен ынтымақтастығы, тәрбиеленушілермен жүргізілетін тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі.

Әлеуметтік белсенділік – адамның әлеуметтік қарым-қатынас жағдайындағы іс-әрекетті жүзеге асыратын дайындығы.

Дарындылық – бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі.

Дебат – зияткерлік жарыс, өз көзқарасын және пікірін белсенді түрде қорғауды дамыту біліктілігі.

Дөңгелек үстел – белгіленген мәселе бойынша пікір алмасуды қарастыратын педагогикалық тәжірибені зерттеу түрі.

Жоспар – тәрбиеші педагогтың негізгі іс-әрекетінің бір бөлігі.

Жоспарлау – мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінің негізгі құрамды бөлігі және мектеп өмірінің қызықты, маңызды шығармашылық бағытта жүргізуге арналған мақсат-міндеттерді ата-аналар мен тәрбиеленушілер және мұғалімдердің бірлесіп шешуі.

Жауапкершілік – адам әрекетінің оның нәтижесінің моральдық нормаға сәйкестігін және қылық салдарын сезіну.

Кәсіби бағыттылық – тұлғаның іс-әрекетін бағдарлайтын тұрақты мотивтер жиынтығы.

Кәсіби тәрбиелеу – педагог пен тәрбиеленушінің нақты кәсіби ортада қалыптасқан жүріс-тұрыс ережелері мен нормаларын игерудегі және тәрбиеленушіде кәсіби қажетті және әлеуметті маңызды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда бірлесіп жасайтын қызмет.

Көзқарас – білім беретін мекемелер ұстазының немесе басшысының педагогикалық қызметтеріндегі белгілі бір өзара байланысты түсіну, идеялар мен тәсілдер жиынтығын қолдануға ниеттенген іс-әрекеттерін жүзеге асыруда алатын бағыты.

Кәсіпке бағдарлану – әрбір жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін және халық шаруашылығына экономикалық аудандарға, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып, жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі.

Кәсіптік ақпарат – орта мектептегі кәсіптік бағдар берудің ең негізгі нысандарының бірі.

Кәсіптік іріктеу – (профотбор) мамандықты меңгеруге жарамдылығын арнаулы әдістеме арқылы анықтауға бағытталған зерттеу процесі.

Кәсіби оқыту – педагог пен тәрбиеленушінің кәсібіне қатысты ғылыми техникалық жүйелерді игерудегі және де типтік кәсіби міндеттерді шешуге қажетті біліктер мен дағдыларды меңгеруге бірігіп жасайтын қызметі.

Кәсіби тәрбиелеу – педагог пен тәрбиеленушінің нақты кәсіби ортада қалыптасқан жүріс-тұрыс ережелері мен нормаларын игерудегі және тәрбиеленушіде кәсіби қажетті және әлеуметті маңызды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда бірлесіп жасайтын қызметі.

Қабілеттілік – белгілі бір іс-әрекет түрін табысты орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін адамның психологиялық ерекшелігі.

Құзыреттілік – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік.

Құндылық – көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер.

Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым.

Қоғамдық пікір – ұжым мүшелерінің талаптарды, пікірлерді бағалаудағы бірлігі.

Қабілет – адамның бір іс-әрекетті орындауда әрқилы деңгейде көрінетін жеке қасиеті.

Қарым-қатынас – ортақ рухани немесе материалдық нәтижеге жету және байланысты жақсарту мақсатындағы күш-жігерді біріктіру және үйлестіруге бағытталған адамдардың өзара әрекеті.

Мінез-құлықтағы қиындық – бұл шексіз ұғым, тәрбиелік және әлеуметтік педагогтік әсерге қиындықпен көнетін, қайталанбайтын психологиялық ерекшелік.

Отбасы – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын қоғамның бастауыш құрылым бірлігі, баланың алғашқы ұжымы, оның табиғи даму ортасы.

Өзін-өзі тәрбиелеу – субъективтік мақсатта жеке тұлғаның мүддесінде мақсатты түрде құрылатын және оның қасиеті мен қабілетінің дамуын саналы басқаратын процесс.

Педагогикалық парадигма – білім беру мақсатын шешудегі белгілі стандарт, қалыптасқан көзқарас

Педагогикалық жағдаят – нақты уақыт аралығында педагогикалық жүйенің белгілі жағдайы.

Педагогикалық пікірталас (диспут) – педагогикалық мәдениетті арттырудың ең бір қызықты формасы.

Пікірталас – қандай да бір даулы мәселе мен проблемалардың шешімін табу мақсатында оларды талқылау.

Рефлексия (лат. reflexio – бейнелеп көрсету) – адам санасының өзін-өзі білуге, ішкі жан дүниесін, психикалық жай-күйін тануға бағытталуы.

Рөлдік ойындар – қатысушылардың педагогикалық білігі деңгейін қалыптастырудың ұжымдық шығармашылық іс-әрекет формасы.

Саламаттылық – таза жүру, жаман әдеттен аулақ болу, оғаш қылық көрсетпеу.

Скаутизм – мектептен тыс тәрбие жүйесі, скауттық ұйымдардың негізгі әрекеті.

Сынып жетекшісінің негізгі қызметі – тәрбиеленуші тәрбиесі мен оларды бір ұжымға біріктіру, өзін-өзі жетілдіруге, тәрбиелеуге және іске асыруға жағдай жасау.

Субмәдениет – жергілікті, этникалық және діни ерекшеліктерді көрсететін қоғам ішіндегі мәдени топ.

Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары – міндетті педагогикалық құжат.

Тұлға – өзіне биологиялық және әлеуметтік қасиеттер мен сапаларды меңгерген адам.

Топ – қандай да бір ортақ ерекшеліктері немесе белгілеріне қарай жиналған адамдар жиынтығы.

Тіл – адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы, аса маңызды әлеуметтік-мәдени құндылықтардың бірі.

Тәрбие – қойылған мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара тиімді іс-әрекеттері.

Тәрбие жұмысы – толық өзіндік дамуы мен өзін-өзі табысты көрсету мақсатында ересектер мен жасөспірімдердің бірлескен тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру жөнінде мақсатты бағытталған қызмет.

Тәрбие жүйесінің мазмұны – ғылыми білімдер, әртүрлі ақпараттар, құнды бағдарламалар және мәдениет жетістіктерінің жиынтығы.

Тәрбие технологиясы – нақты тәрбиелік нәтижеге жетуде белгілі бір қабілетті және бірізділікті жүзеге асыратын операциялардың жиынтығы.

Толеранттық (лат. *tolerantia* – төзім) – қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі.

Тәртіптілік – адамдардың қоғамдық ортада белгілі бір тәртіп жүйесін және олардың игеруге міндетті нормаларды (құқықтық, моральдық, саяси-этностық және т.б.) берік сақтауын талап ететін жүйе.

Ұжым (лат. *collectivus* – жинақталған) – бір мақсатқа жұмылдырылған, жалпы құнарлы бағдары бар, бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынасқа негізделген адамдардың әлеуметтік қоғамдық бірлестігі.

Ұжым – қоғамдық мәні бар, ортақ мақсаттар негізінде жалпы маңызды бағыттарға байланысты қарым-қатынас жасайтын адамдардың әлеуметтік бірлестігі.

Ұжымдық шығармашылық жұмыс – ұжымдық ізденіс, жоспарлау және қойған мақсатты шығармашылықпен іске асыру.

Ізгіліктік – адамның еркіндікке қол жеткізуі, бақытты болуы, жан-жақты дамуы мен өзінің қабілетін көрсете білуін қамтамасыз ететін, ар-ожданы мен құқығын айқындайтын көзқарастар жиынтығы.

Ынтымақтастық – түрлі мүдделі топтардың өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани, мәдени және халықаралық мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту» деп атап көрсеткендей, оқушылардың бойында адами құндылық қасиеттерді қалыптастыру педагогтардың алдына қойылып отырған өзекті мәселе.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты жетілген, ұлттық сана, психология мен тәлімдік дәстүр мұраларын бойына сіңіре өскен, парасатты болашақ ел азаматы жас ұрпақтың тәрбиесін дамыту – қазіргі заман талабы және педагогика ғылымының басты міндеттерінің бірі.

Осындай негізгі міндеттерді шешуде педагогикалық жоғары оқу орнында міндетті пән ретінде енгізілген «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің маңызы ерекше.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралында қазіргі мектептегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері ашылып, сынып жетекшісінің тәрбие жұмыстарын жүргізу технологиясы және оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдістемесі берілді.

Сондай-ақ, студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстары (СОӨЖ), студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ), глоссарий, тест тапсырмалары, тәрбие туралы айтылған ұлы ғұламалардың тәрбиелік ой-тағылымдары берілді және әрбір тақырып бойынша болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратындай шығармашылық тапсырмалар жинақталды.

Бала тәрбиесі – шығармашылық процесс. Оны бір ғана оқу құралында толық баяндау мүмкін емес. Ол әрбір мектептің, тіпті сыныптың ішкі өз жағдайына байланысты ұйымдастырылады.

Оқу құралы болашақ мұғалімдердің жаңаша ойлауына, ізденісіне түрткі болып, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралы креативті шығармашыл болашақ педагогтың құзыреттілік қабілетін қалыптастыруда маңызы ерекше.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Міндетті әдебиеттер

1. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2004.
2. Воспитание детей в школе: Новые подходы и технологии /Под ред. Щурковой Н.Е. – М., 1998.
3. Воспитательная работа с «проблемными» учащимися. Планирование. Мониторинг развития учащихся. Разработки занятий с педагогами и родителями. – М., Изд.: Учитель, 2007.
4. Иванов И.П. Энциклопедия коллективных творческих дел. – М., 1989.
5. Классному руководителю о воспитательной системе класса /Под ред. Е.А.Степанова. – М., 2000.
6. Калюжный А.А., Тажбаева С.Г., Алимбаева А.А. Классный руководитель. – Алматы, АГУ им. Абая, 2000.
7. Рожков М.И., Байбородова Л.В. Организация воспитательного процесса в школе. – М., 2000.
8. Сергеева В.П. Технология деятельности классного руководителя в воспитательной системе школы. – М., Изд.: Перспектива, 2008.

Қосымша әдебиеттер

1. Әбенбаев С. Сынып жетекшісі. – Алматы, 2004.
2. Воронов В.В. Технология воспитания. – М.: «Школьная Пресса», 2000.
3. Гуткина А.Д. Планирование и организация воспитательной работы в школе. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2001.
4. Кукушин В.И. Теория и методика воспитания. – М.: Издательский центр «Академия», 2002.
5. Методика воспитательной работы. Уч.пособие для студентов пед.училищ/Коротов В.М., Гордин Л.Ю. и др. – М.: Просвещение, 1990.
6. Сергеева В.П. Классный руководитель: планирование и организация работы от А до Я – М.: 2001.
7. Жирова Т.М. Развитие ценностей здорового образа жизни школьников. – Москва: Панорама, 2005.
8. Газман О.С. Воспитание и педагогическая поддержка детей в образовании. – М., 1996.
9. Кусаинов А.К., Кохметова К.Ж., Демеуова М.Е. Знаем ли мы своих детей? – Алматы, 2004.
10. Дик Н.Ф., Дик Т.И. Настольная книга классного руководителя 8-11 классов. Воспитание в условиях профильного обучения. – М., 2005.
11. Педагогическое мастерство и педагогические технологии /Под ред. Л.К.Гребенкиной, Л.А.Байковой. – М., 2000.
12. Тажибаева С.Г. Подготовка будущего учителя к технологии воспитательного процесса в школе. – Алматы: АГУ им. Абая, 2004.

13. Кертаева Ғ.М. Педагогикалық деонтология негіздері: оқу құралы. \Кертаева Ғ.М. – Павлодар, Кереку баспасы 2011. -224 б.
14. Тәжібаева С.Ғ. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2007. -359 б.
15. Омарова Р.С., Елеупаева Ж.К. Мектеп оқушыларының дарындылығын дамытудың теориясы мен әдістемесі. –Ақтөбе, 2009. -172 б.
16. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. –Алматы: Мектеп, 1987. -231 б.
17. Мейір Ж., Игенбаева Б. Креативтік тәрбие. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2009. -192 б.
18. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2009. -424 б.
19. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии \под ред. С.А.Смирнова. – 4-е изд., испр. – Москва: Издательский центр «Академия», 2001. -512 с.
20. Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Общая педагогика \под ред. В.А.Слостенина: В 2 ч. – Москва: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. Ч.2. Теория воспитания. -256 с.
21. Түрікпен-Ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы: оқу құралы. – Алматы: Зият-Пресс, 2008. -144 б.
22. Меңжанова А. Тәлім-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы: «Ғарыш» баспасы, 2003. -150 б.
23. Шүйіншина Ш.М. Отбасы мен мектеп: білім сапасы. – Алматы, 2009. -168 б.
24. Подласый И.П. Педагогика. Кн. 2. Процесс воспитания. – Москва: Гуман. изд. центр ВЛАДОС, 2006. -256 с.
25. Селиванов В.С. Основы общей педагогики: Теория и методика воспитания \под ред. В.А.Слостенина. – 2-е изд., испр. – Москва: Издательский центр «Академия», 2002. -336 с.
26. Методика воспитательной работы: \под ред. Л.И.Рубинского. – Москва: Просвещение, 1989. -335 с.
27. Осипова М.П. Методика воспитательной работы: Практикум. –Минск: Университетское, 1991. -199 с.
28. Губашева С., Отарбай А.Тәрбие жұмысының әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. 2-басылым. –Астана: Фолиант, 2011. -244 б.

Нормативті құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 ж.
2. Комплексная программа воспитания в организациях образования Республики Казахстан 2006-2011 гг.
3. Рекомендации Парламента и Совета Европы от 18 декабря 2006 г. о ключевых компетенциях обучения в течение жизни (2006/962/ЕС)

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдады

Кіріспе

Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген қағидаттарға сәйкес қоғамның барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, теңдей және ажырамас құқықтарын тану және жер бетіндегі бостандықты, әділдікті және бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізі болып табылады *деп есептей отырып,*

Біріккен Ұлттардың халықтары Жарғыда өздерінің адамның негізгі құқықтарына, жеке адам баласының қадір-қасиеті мен құндылығына деген сенімін қуаттағанын және кең ауқымды бостандықта әлеуметтік прогреске және өмір сүру жағдайларын жақсартуға жәрдемдесуге бекем бел буғанын *назарға ала отырып,*

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясында және Адам құқықтары туралы халықаралық пактілерде жария еткен құқықтар мен бостандықтардың бәріне және әрбір адамның нәсілі, түр-түсі, жынысы, тілі, діни, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарды, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүліктік жағдайы, туылуы сияқты белгілері немесе өзге де жағдайлары бойынша қандай да бір айырмасыз ие болуға тиіс екендігіне келіскендігін *тани отырып,*

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясында балалардың ерекше қамқорлық пен көмекке құқылы екендігін жарияланғанын *еске ала отырып,*

отбасына қоғамның негізгі ұясы ретінде және оның барлық мүшелерінің, әсіресе балалардың өсіп-жетілуінің және игілігінің табиғи ортасы ретінде, қоғам шеңберінде өз міндеттерін мойнына толық ала алатындай қажетті қорғау және жәрдем көрсетілуі тиіс екендігіне *кәміл сене отырып,*

баланың жеке басы толық және үйлесімді дамуы үшін оның отбасы аясында, бақыт, махаббат және түсінушілік ахуалында өсуі қажет екендігін *тани отырып,*

бала қоғамда өздігінше өмір сүруге толық дайын болуға және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген идеалдардың, әсіресе, бейбітшілік, қадір-қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухында тәрбиеленуге тиіс деп *санай отырып*,

баланы осындай ерекше қорғауға деген қажеттіліктің 1924 жылғы бала құқықтарының Женева декларациясында және 1959 жылғы 20 қарашадағы Бас Ассамблея қабылдаған Бала құқықтары декларациясында қамтылғанын және оның Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактте (атап айтқанда, 23 және 24-баптарда), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактте (атап айтқанда, 10 бапта), сондай-ақ балалардың игілігі мәселесімен айналысушы мамандандырылған мекемелер мен халықаралық ұйымдардың жарғыларында және тиісті құжаттарында танылғанын *назарға ала отырып*,

Бала құқықтарының декларациясында «бала туылғанға дейін, сондай-ақ туылған соң тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, оның тәні мен ақыл-есінің жетілмегендігіне байланысты арнайы қорғау мен қамқорлықты қажет етеді» деп көрсетілгенін *назарға ала отырып*,

балаларды қорғауға және олардың игілігіне қатысты, әсіресе балаларды ұлттық және халықаралық деңгейлерде тәрбиелеуге және асырап алуға беру кезінде, Әлеуметтік және құқықтық қағидаттар туралы декларацияның ережелеріне, Біріккен Ұлттар Ұйымының жасы кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот жүргізу жөніндегі («пекин ережелері») Минималды қалыптық ережелеріне және Төтенше жағдайлар мен қарулы жанжалдар кезінде әйелдер мен балаларды қорғау туралы декларацияның ережелеріне *сілтеме жасай отырып*,

дүниежүзінің барлық елдерінде аса ауыр жағдайларда өмір сүріп жатқан балалар бар екендігін және мұндай балалар ерекше көңіл бөлуді қажет ететіндігін *мойындай отырып*,

баланы қорғау және үйлесімді дамуы үшін әрбір халықтың дәстүрлері мен мәдени құндылықтарының маңыздылығын тиісті түрде *ескере отырып*,

әрбір елде, атап айтқанда, дамушы елдерде балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын *тани отырып*, төмендегі туралы келісті:

I БӨЛІМ

1-бап

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін әрбір адам баласы 18 жасқа толғанға дейін, егер осы балаға қолданылатын заң бойынша ол кәмелеттік жасқа бұрынырақ толып қоймаса, бала болып саналады.

2-бап

1. Қатысушы мемлекеттер өздерінің юрисдикциясы шектерінде тұратын әрбір баланың осы Конвенциямен көзделген, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді.

2. Қатысушы мемлекеттер баланы кемсітушіліктің немесе баланың, оның ата-анасының, заңды қамқоршыларының немесе отбасының өзге де мүшелерінің мәртебесінің, қызметінің, көзқарасының немесе сенім-нанымдарының негізінде жазалаудың барлық нысандарынан қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың бәрін қабылдайды.

3-бап

1. Балаларға қатысты қолданылатын іс-әрекеттердің, оларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын мемлекеттік немесе жеке мекемелердің, соттардың, әкімшілік немесе заң шығарушы органдардың қабылданғанына қарамастан, бәрінде де ең бірінші кезекте баланың мүдделерін барынша толық қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді.

2. Қатысушы мемлекеттер заң бойынша бала үшін жауапкершілікті мойнына алған оның ата-анасының, қамқоршыларының немесе басқа да адамдардың құқықтары мен міндеттерін назарға ала отырып, баланың игілігі үшін қажетті қорғау мен қамқорлықты қамтамасыз етуге міндеттенеді және осы мақсатпен барлық тиісті заң шығару және әкімшілік шараларын қабылдайды.

Қатысушы мемлекеттер балалардың қамқорлығына немесе оларды қорғауға жауапты мекемелердің, қызмет көрсетуші орындар мен органдардың құзыретті органдар белгіленген нормаларға, атап айтқанда қауіпсіздік пен денсаулық сақтау саласында және олардың персоналының саны мен жарамдылығы, сондай-ақ құзыретті қадағалау тұрғысынан да сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

4-бап

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияда танылған құқықтарды жүзеге асыру үшін барлық қажетті заң шығарушы, әкімшілік және басқа да шараларды қабылдайды. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға қатысты қатысушы мемлекеттер мұндай шараларды мүмкіндігінше өздерінде қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, қажет болған жағдайда, халықаралық ынтымақтастық шеңберінде қабылдайды.

5-бап

Қатысушы мемлекеттер ата-аналардың және тиісті жағдайларда кеңейтілген отбасы немесе қауымдастық мүшелерінің, жергілікті салт-дәстүрімен көзделгендей, қамқоршылардың немесе баланың дамып келе жатқан қабілеттеріне сәйкес және оны Конвенциямен танылған құқықтарды жүзеге асыруда балаға тиісті түрде басшылық жасап және жетекшілік ететін, бала үшін заң бойынша жауапты басқа да адамдардың жауапкершілігін, құқықтары мен міндеттерін құрметтейді.

6-бап

1. Қатысушы мемлекеттер әрбір баланың өмір сүруге деген ажырамас құқығы бар екенін таниды.

2. Қатысушы мемлекеттер барынша мүмкін дәрежеде баланың тірі қалуын және денсаулығының мықты болып өсуін қамтамасыз етеді.

7-бап

1. Бала туылған бетте тіркеуге алынады және туылған сәттен бастап оның есімі қойылып, азаматтық алуға құқығы бар, сондай-ақ мүмкіндігінше өзінің ата-аналарының білуге және олардың қамқорлығына ие болуға құқылы.

2. Қатысушы мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес осы құқықтардың жүзеге асуын және осы саладағы тиісті халықаралық құжаттарға сәйкес, атап айтқанда, егер өзгеше түрде баланың азаматтығы болмаған жағдайда, өздерінің міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

8-бап

1. Қатысушы мемлекеттер заңмен көзделгеніндей, баланың жеке басының даралығын, бұған азаматтығын, есімін және отбасылық байланыстарын сақтау құқығын қоса алғанда, оған заңсыз араласуға жол бермей, құрметтеуге міндеттенеді.

2. Егер бала заңсыз түрде өзінің жеке басының даралығының бір бөлігінен немесе барлық элементтерінен айырылса, қатысушы мемлекеттер оған жеке басының даралығын тез арада қалпына келтіру үшін қажетті көмек пен қорғауды қамтамасыз етеді.

9-бап

1. Қатысушы мемлекеттер сот шешіміне сәйкес құзыретті органдар қолданыстағы заңға және рәсімдерге сәйкес баланың ең қажетті мүдделері үшін оның ата-анасынан айыру қажет екендігін анықтаған жағдайларды қоспағанда, баланың өзінің ата-анасымен өздерінің тілегіне қарсы айырылыспауын қамтамасыз етеді. Мұндай анықтама сол немесе өзге бір нақты жағдайда, мысалы, ата-анасы балаға мейірімсіздік танытқан немесе оған қамқорлық жасамаған, не болмаса ата-анасы бөлек тұрып жатқан және баланың тұрып жатқан жеріне қатысты шешім қабылдау қажет болғанда керек болуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес кез келген іс қарау барысында мүдделі тараптардың бәріне іс қарауға қатысу мүмкіндігі және өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік беріледі.

3. Қатысушы мемлекеттер ата-анасының біреуімен немесе екеуінен де айырылысқан баланың құқығын құрметтейді, тұрақты негізде оның ата-анасының екеуімен де жеке қарым-қатынастарын және тікелей байланыстарын, бұл баланың ең бір қажетті мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, қолдайды.

4. Бұлай айыру қатысушы мемлекет қабылдаған қандай да бір шешімнен туындайтын жағдайларда, мысалы, қамауға алынған, түрмеге жабылған, жер аударылған, депортацияланған немесе ата-анасының біреуінің не болмаса екеуінің де не баланың қайтыс болған кезінде (бұған осы адамның мемлекет қарауында болған кезіндегі кез келген себептен болған өлімді қоса алғанда) болғанда, мұндай қатысушы мемлекет ата-анаға, балаға немесе, егер қажет болса, отбасының басқа да мүшесіне олардың өтініші бойынша отбасы мүшесінің/мүшелерінің қай жерде жүргеніне қатысты қажетті ақпаратты, егер мұнда ақпарат беру баланың әл-ауқатына нұқсан келтірмейтін болса, беретін болады. Қатысушы мемлекеттер бұдан әрі осындай өтініштің өзі тиісті тұлға/тұлғаларға қатысты жағымсыз салдарларға әкеп соқпауын қамтамасыз етеді.

10-бап

1. Қатысушы мемлекеттердің 9-баптың 1-тармағы бойыншы міндеттемелеріне сәйкес отбасымен қосылу мақсатында баланың немесе оның ата-анасының қатысушы мемлекетке келуі немесе одан кетуі туралы өтініштерін қатысушы мемлекеттер оң сипатта, адамгершілік тұрғыда және жедел түрде қарауға тиіс. Қатысушы мемлекеттер бұдан әрі осындай өтініш берудің өтініш берушілер мен олардың отбасы мүшелері үшін жағымсыз салдарларға әкеп соқпауын қамтамасыз етеді.

2. Ерекше бір жағдайларды қоспағанда, ата-анасы әртүрлі мемлекеттерде өмір сүріп жатқан бала тұрақты негізде ата-анасының екеуімен де жеке қарым-

қатынастар және тікелей байланыстар орнатуға құқылы. Осы мақсатта және 9-баптың 2-тармағы бойынша қатысушы мемлекеттердің міндеттемелеріне сәйкес қатысушы мемлекеттер баланың және оның ата-анасының кез келген елден қоныс аударуы, бұған өз елін қоса алғанда және өз еліне қайта оралу құқығын құрметтейді. Кез келген елден қоныс аудару құқығына қатысты тек қана заңмен белгіленген және мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті (*ordre public*), халықтың денсаулығын немесе рухани ізгілігін не болмаса басқа да адамдардың құқықтары мен бостандықтардан қорғау үшін қажет және осы Конвенциямен танылған басқа да құқықтармен қатар қолданылатын әрі сәйкес келетін шектеулер ғана қолданыста болады.

11-бап

1. Қатысушы мемлекеттер балалардың шетелге заңсыз жөнелтілуіне және қайтарылмауына қарсы күрес үшін шаралар қабылдайды.

2. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер екі жақты немесе көп жақты келісімдердің жасалуына немесе қолданыстағы келісімдерге қосылуға жәрдемдеседі.

12-бап

1. Қатысушы мемлекеттер өз ой-пікірін жеткізуге қабілетті балаға оған қатысты барлық мәселелер бойынша осы ой-пікірлерді еркін білдіру құқығын қамтамасыз етеді, бұл ретте баланың жасына және өсіп-жетілуіне сәйкес баланың ой-пікіріне тиісті түрде назар аударылады.

2. Осы мақсатпен, атап айтқанда, балаға қатысты кез келген сот немесе әкімшілік іс қарау барысында не тікелей өзі не болмаса өкілі немесе тиісті орган арқылы ұлттық заңнаманың процессуалдық нормаларымен көзделген тәртіпте оны тыңдау мүмкіндігі беріледі.

13-бап

1. Бала өз пікірін еркін білдіруге құқылы; бұл құқыққа шекараларға қарамастан ауызша, жазбаша немесе басылым нысанында, көркемөнер шығармасы нысанында не болмаса баланың өз таңдауы бойынша басқа да құралдардың көмегімен әртүрлі ақпаратпен идеяларды іздеу, алу және беру еркіндігі кіреді.

2. Осы құқықты жүзеге асыру кейбір шектеулерге әкеп соғуы мүмкін, алайда, бұл шектеулер тек заңмен көзделген және:

а) басқа да адамдардың құқықтары мен абыройын құрметтеу үшін; немесе
ә) мемлекеттік қауіпсіздікті немесе қоғамдық тәртіпті (*ordre public*) не болмаса халықтың рухани ізгілігін қорғау үшін қажет шектеулер ғана болуы мүмкін.

14-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың ойлау, ар-ождан және дін бостандығына деген құқығын құрметтейді.

2. Қатысушы мемлекеттер ата-анасының және тиісті жағдайларда заңды қамқоршылардың баланың дамып келе жатқан қабілетіне сәйкес келетін әдісін жүзеге асырудағы балаға басшылық ету құқықтары мен міндеттерін құрметтейді.

3. Өз дінін немесе нанымын уағыздау бостандығы заңмен белгіленген және мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың рухани ізгілігі мен денсаулығын қорғау немесе басқа да адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін ғана қажетті шектеулерге әкеп соғуы мүмкін.

15-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың қауымдастыққа бостандық және бейбіт жиналыстарға бостандық құқығын таниды.

2. Осы құқықты жүзеге асыруға қатысты заңға сәйкес және демократиялық қоғамда мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп (*ordre public*) мүдделерінде қажетті, халықтың денсаулығы немесе рухани ізгілігін сақтау не болмаса басқа да адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қолданылатын шектеулерден басқа қандай да бір шектеулер қолданылмайды.

16-бап

1. Бірде бір бала оның жеке өміріне, отбасылық өміріне, баспанасына қол сұғылмау немесе хат жазысып-алысу құпиясына не болмаса оның ар-намысы мен абыройына заңсыз араласушылықты болдырмау құқығын жүзеге асыруда ерікті түрде немесе заңсыз араласу объектісі бола алмайды.

Бала осындай араласу немесе қол сұғушылықтан заңның қорғауына құқылы.

17-бап

Қатысушы мемлекеттер бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды рөлін таниды және баланың әртүрлі ұлттық және халықаралық материалдар көзіне, әсіресе баланың әлеуметтік, рухани және моральдық тұрғыдағы рухани ізгілігіне, сондай-ақ тән және психикалық жағынан саламатты дамуына жәрдемдесуге бағытталған материал көздеріне деген бостандығын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер:

а) бұқаралық ақпарат құралдарының бала үшін әлеуметтік және мәдени тұрғыда және 29-баптың рухында пайдалы ақпараттар мен материалдарды таратуын көтермелейді;

ә) әртүрлі мәдени, ұлттық және халықаралық ақпарат көздерінен алынған осындай ақпараттар мен материалдарды даярлау, алмасу және таратуда халықаралық ынтымақтастықты көтермелейді;

б) балалар әдебиетін басып шығаруды және таратуды көтермелейді;

в) бұқаралық ақпарат құралдарының қайсыбір азшылық тобына немесе жергілікті халыққа тиесілі баланың тілдік қажеттіліктеріне ерекше назар аударуын көтермелейді;

г) 13 және 18-баптардың ережелерін ескере отырып, баланың әл-ауқатына залал келтіретін ақпараттардан және материалдардан оны қорғаудың тиісті қағидаттарын әзірлеуді көтермелейді.

18-бап

1. Қатысушы мемлекеттер ата-анасының екеуінің де баланың тәрбиесі мен дамуы үшін ортақ және бірдей жауапкершілігін тану қағидаттарын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін күш-жігерлерді қабылдайды. Ата-анасы немесе тиісті жағдайларда заңды қамқоршылары баланың тәрбиесі мен дамуы үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алады. Баланың ең қажет мүдделері олардың негізгі қамқорлығының мәні болып табылады.

2. Осы Конвенцияда баяндалған құқықтарды жүзеге асыруға кепілдік беру және жәрдемдесу мақсаттарында қатысушы мемлекеттер ата-аналарға және заңды қамқоршыларға балаларды тәрбиелеу жөніндегі олардың өз міндеттерін орындауына тиісті көмек көрсетеді және балалар мекемелерінің желісін дамытуды қамтамасыз етеді.

Қатысушы мемлекеттер ата-анасы жұмыс істейтін балалардың оларға күтім жасайтын қызмет орындарын және мекемелерді пайдалану құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

19-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың тәніне жасалатын немесе психологиялық түрдегі зорлық-зомбылықтың, қорлау немесе теріс қылықтардың барлық нысандарынан, қамқорлықтың жоқ болуынан немесе немқұрайды қараудан, дөрекі қараудан не болмаса пайдаланудан, ата-анасының, заңды қамқоршыларының немесе балаға қамқорлық жасаушы басқа адамның нәпсіқұмарлық қиянатынан қорғау мақсатында барлық заңды, әкімшілік, әлеуметтік және ағартушы шараларын қабылдайды.

2. Мұндай қорғау шаралары, қажет болған жағдайда, балаға және оған қамқорлық жасаушы адамдарға қолдау көрсету мақсатында әлеуметтік бағдарламаларды жасау үшін, сондай-ақ жоғарыда аталғандай балаға мейірімсіздік жасалуына байланысты жағдайлардың алдын алу және анықтау, олар туралы хабарлау, істі қарау, тергеу жүргізу, емдеу және кейін қолданылатын шаралардан басқа да нысандарынан жүзеге асыру үшін, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, сот рәсімін қозғау үшін тиісті рәсімдерді қамтиды.

20-бап

1. Отбасы ортасынан уақытша немесе біржола айырылған немесе өзінің ең қажетті мүддесі үшін мұндай ортада қала алмаған бала, мемлекет тарапынан көрсетілетін ерекше қорғау мен көмекті пайдалануға құқылы.

2. Қатысушы мемлекеттер осындай баланың күтімін алмастыруды өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес қамтамасыз етеді.

3. Бұл күтім, ішінара, баланы біреудің тәрбиесіне беруді, ислам заңы бойынша «кафала», асырап алуды, немесе қажет болған жағдайда, балаларға күтім көрсететін тиісті мекемелерге орналастыруды қамтуы мүмкін. Күтімді алмастыру түрлерін қарастырған кезде баланың тәлім-тәрбие сабақтастығын қалауы және оның этникалық тегі, дінге, мәдениетке қатысты және ана тілі тиісті түрде ескерілуге тиіс.

21-бап

Бала асырап алу жүйесі болуын мойындайтын және/немесе оған рұқсат беретін қатысушы мемлекеттер баланың ең қажетті мүдделері бәрінен бұрын ескеріліп отыруын қамтамасыз етеді және олар:

а) бала асырап алудың - қолданылатын заңдар мен рәсімдерге сәйкес және баланың ата-анасы мен заңды қамқоршылықтарына қатысты мәртебесіне, сондай-ақ, егер қажет болса, мүдделі адамдар қажет болуы мүмкін болатындай консультациялар өткізу негізінде бала асырап алуға өздерінің саналы түрдегі келісімін беруіне байланысты барлық іске қатысты және сенімді ақпараттар негізінде бала асырап алу мүмкін болатынын анықтайтын құзыретті өкіметтің рұқсатымен ғана жүргізілуін қамтамасыз етеді;

ә) егер баланы туған елінде біреудің тәрбиесіне беру немесе оны тәрбиелеуді немесе асырап алуды қамтамасыз ететін отбасына орналастыру және лайықты күтімді қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, онда баланы басқа елге асырап алуға беруді - балаға күтім берудің баламалы тәсілі ретінде қабылдауға болады деп таниды;

б) бала өзге бір елде асырап алынған күнде, орналастыруға байланысты адамдардың ақталмаған қаржылық пайда табуына әкеліп соқпауын қамтамасыз ету мақсатында барлық қажетті шаралар қолданылады;

г) қажетті жағдайларда, екі жақты және көп жақты уағдаластықтар мен келісімдер жасасу жолымен осы баптың мақсаттарына жетуге жәрдемдеседі және осының негізінде баланы басқа елге орналастыруды құзыретті өкіметтер немесе органдардың жүзеге асыруын қамтамасыз етуге ұмтылыс жасайды.

22-бап

1. Қатысушы мемлекеттер, босқын дәрежесіне ие болғысы келген немесе қолданылып жүрген халықаралық немесе ішкі құқық және рәсімдерге сәйкес босқын болып саналатын балаға, мейлі оны ата-анасы немесе кез келген басқа адам ертіп жүрсе де, осы Конвенцияда және адам құқығы жөніндегі халықаралық басқа да құжаттарда немесе гуманитарлық құжаттарда баян

етілген құқықтарды пайдалануда осы құжаттарға қатысушы болып табылатын аталған мемлекеттер тиісті қорғау және гуманитарлық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қажетті шаралар қолданады.

2. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер, өздері қажет деп санаған жағдайда, Біріккен Ұлттар Ұйымының және біріккен Ұлттар Ұйымының ынтымақтас құзыретті үкіметаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың, мұндай баланы қорғау жөніндегі, оның және кез келген босқын баланың ата-анасын немесе отбасының басқа мүшелерін іздеп табуына, сөйтіп өз отбасымен табысуы үшін қажетті ақпараттарды алуына жәрдемдесу жөніндегі кез келген күш-жігеріне жәрдем көрсетеді. Ата-анасы немесе отбасының басқа да мүшелері табылмаған жағдайда, бұл балаға да осы Конвенцияда қарастырылғандай, әлде бір себеппен өз отбасы ортасынан уақытша немесе біржола айырылған басқа балаларға көрсетілгендей қорғау көрсетіледі.

23-бап

1. Қатысушы мемлекеттер ақыл-есі немесе денсаулығына қатысты жарымжан бала оның қадір-қасиетін қамтамасыз етіп, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесетін жағдайларда толыққанды және лайықты өмір сүруі қажет екенін мойындайды.

2. Қатысушы мемлекеттер жарымжан баланың ерекше қамқорлыққа құқылы екенін мойындап, жәрдем сұрап өтініш берген жағдайда және де егер, баланың денсаулығы мен ата-анасы немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа адамдардың жағдайы өтінішке сәйкес болған күнде бала мен оның қамқоршысына ресурс мүмкіндіктеріне қарай, жәрдем беруді қолдап, қамтамасыз етеді.

3. Жарымжан баланың ерекше мұқтаждығы танылып, осы баптың 2-тармағына сәйкес, көмек ата-анасының немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа адамдардың қаржылық ресурстары ескіріліп, мүмкін болғанынша, тегін беріледі және жарымжан баланың білім беру, кәсіби даярлық, медициналық қызмет, денсаулығын қалпына келтіру, еңбек етуге дайындау салаларындағы қызмет көрсетулерге қолы жетуін және мәдени дамуын қамти отырып, тұлғалық іріленуіне септігін тигізетіндей демалу құралдарына қолын жеткізуді мақсат етеді.

4. Қатысушы мемлекеттер халықаралық ынтымақтастық рухында профилактикалық денсаулық сақтау және медицина саласында, жарымжан балаларды психологиялық және функционалды емдеу саласына қатысты ақпараттармен алмасуға, соның ішінде, қатысушы мемлекеттердің осы саладағы мүмкіндіктері мен білімін жақсартып, тәжірибесін кеңейту үшін реабилитация, жалпы білім беру және кәсіби даярлық тәсілдері жөніндегі ақпараттарды таратуға және оған қол жеткізуіне ықпал етеді. Осыған байланысты дамушы елдердің сұранысына ерекше көңіл аударылуға тиіс.

24-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың неғұрлым жетілдірілген денсаулық сақтау жүйелері қызметімен, науқастарынан емдеу мен денсаулығын қалпына келтіру құралдарымен пайдалану құқығын мойындайды. Қатысушы мемлекеттер бірде-бір бала медицина жүйесінің мұндай қызметіне қол жеткізу құқығынан айырылып қалмауын қамтамасыз етуге ұмтылыс жасайды.

2. Қатысушы мемлекеттер осы құқықтың толық жүзеге асуына қол жеткізуге күш салады, соның ішінде:

а) нәрестелердің шетінеуі мен бала өлімінің деңгейін төмендету;

ә) алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамытуға баса көңіл аударатырып, қажетті медициналық жәрдем көрсетуді және барлық балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

б) дертке және ашқұрсақтыққа қарсы күрес, соның ішінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек шеңберінде, қоршаған ортаның ластану қаупі мен қатерін ескере отырып, оңай қол жететін технологияны пайдалану жолымен барынша құнарлы тағамдарымен және таза ас суымен қамтамасыз ету;

в) бала туғанға және босанғаннан кейінгі кезеңдерде аналардың денсаулығын сақтау жөнінде тиісті қызмет көрсету;

г) қоғамның барлық топтары, соның ішінде ата-аналар мен балалардың, баланың денсаулығы мен тамақтануы, баланы ана сүтімен емізіп асыраудың артықшылығы, баланың қоршаған ортаның гигиенасы мен тазалығы және келеңсіз оқиғалардан сақтандыру жайлы хабардар болуын, сондай-ақ білім алуға қол жеткізуін және осындай білімді пайдалануына қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;

д) профилактикалық медициналық көмек және отбасы мөлшерін жоспарлау саласындағы ағарту жұмыстары мен қызмет көрсетулерді дамыту.

3. Қатысушы мемлекеттер баланың денсаулығына теріс ықпал ететін дәстүрлі ем тәжірибесін жою мақсатында кез келген тиімді және қажетті шараларды қабылдайды.

4. Қатысушы мемлекеттер осы бапта танылған құқықты толық жүзеге асыруға бірте-бірте қол жеткізу мақсатында халықаралық ынтымақтастықты ынталандыруға және оны дамытуға міндеттелінеді.

25-бап

Қатысушы мемлекеттер құзыретті органдар күтім жасау мақсатында біреудің қамқорлығына берген баланың құқығын мойындайды, оны қорғау немесе денсаулығы немесе психикалық емдеу, балаға берілетін кезеңдік емдеу бағасы, басқа да балаға қамқорлық жасауға байланысты шарттар туралы құқықты мойындайды.

26-бап

1. Қатысушы мемлекеттер әлеуметтік сақтандыруды қоса алғанда, әрбір баланың әлеуметтік қамтамасыз ету игіліктерін пайдалану құқығын таниды және бұл құқықты толық жүзеге асыруға қол жеткізу үшін ұлттық заңнамаға сәйкес қажетті шаралар қабылдайды.

2. Бұл игіліктер қажеттігіне қарай баланың және баланы бағуға жауапты адамдардың қолда бар ресурстары мен мүмкіндіктері, сондай-ақ баланың өзі немесе оның атынан игіліктерді алуға байланысты кез келген әрекеттің мүмкіндіктері ескеріліп беріледі.

27-бап

1. Қатысушы мемлекеттер әр баланың дене бітімі, ақыл-есі, рухани, имандылық және әлеуметтік тұрғыдан қажетті өмір деңгейіне құқығын мойындайды.

2. Баланы тәрбиелеуші ата-ана(лар) немесе басқа адамдар өздерінің қабілеттері және қаржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілікті алады.

3. Қатысушы мемлекеттер ұлттық жағдайларға және өз мүмкіндік шегінде баланы тәрбиелеп отырған ата-ана мен басқа да адамдарға осы құқықты жүзеге асыруға жәрдем көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдайды және қажет болған жағдайда, материалдық жәрдем көрсетіп, түрлі бағдарламаларды, әсіресе тамақтандыру, киім және баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды қолдайды.

Қатысушы мемлекеттер – қатысушы мемлекеттің өз ішінде де, сондай-ақ шетелде де, бала үшін қаржылық жауапкершілігі бар адам мен бала әр мемлекетте тұрып жатса, қатысушы мемлекеттер халықаралық келісімдерге қосылуға немесе осындай келісімдерді жасасуға, сондай-ақ тиісті басқа да уағдаластықтарға қол жеткізуге ықпал етеді.

28-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың білім алу құқығын мойындап, бұл құқықты жүзеге асыруға тең мүмкіндік негізінде біртіндеп қол жеткізу мақсатында, атап айтқанда:

а) тегін және міндетті бастауыш білім беруді енгізу;

ә) жалпы білім және кәсіби біліммен қатар орта білімнің барлық түрінің дамуының ынталандырып, оған барлық балалардың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді және тегін білім беруді енгізу мен қажет болған жағдайда, қаржылай көмек көрсету сияқты қажетті шараларды қабылдайды;

б) әркімнің қабілеті негізінде барлық қажетті құралдар арқылы жоғары білімге баршаның қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

в) білім беру және кәсіби даярлық салаларына қатысты ақпараттар мен материалдарға барлық баланың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

г) оқушылардың мектепке тұрақты баруы мен мектепті тастап кетуші оқушылар санын азайту жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер мектептегі тәртіп баланың адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге бағытталған тәсілдер арқылы және осы Конвенцияға сәйкес орнықтырылуын қамтамасыз ететін шаралардың бәрін қолданады.

Қатысушы мемлекеттер білімге, соның ішінде бүкіл әлемдегі надандық пен сауатсыздықты жоюға және ғылыми техникалық білімге және қазіргі заманғы оқыту тәсілдеріне қол жеткізуді жеңілдету мақсатындағы мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты қуаттайды және дамытады.

29-бап

1. Қатысушы мемлекеттер білім беру баланың:

а) жеке тұлға ретінде дамуына, баланың бойындағы дарынын және ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамытуға;

ә) адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген қағидаттарды құрметтеуге;

б) ата-анасын, төл мәдениетінің құндылықтарын, тілін және құндылықтарын, өзі тұрып жатқан мемлекеттің және өзі туған елінің ұлттық құндылықтарын, сондай-ақ басқа өркениеттерді құрмет тұтуға;

в) баланы еркін қоғамдағы саналы өмірге түсіністік, бейбітшілік, шыдамдылық, әйел мен ер-азаматтардың құқықтық теңдігі және барлық халықтар, этникалық, ұлттық және діни топтар арасындағы достастық, сондай-ақ жергілікті халықтың өкілдерімен достықта болу рухында дайындауға;

г) қоршаған табиғатты аялауға бағыт беруге тиіс екендігімен келіседі.

2. Осы баптың немесе 28-баптың ешбір бөлімі, жеке адамдар мен органдардың, осы баптың 1-тармағында баян етілген қағидаттар тұрақты сақталған жағдайда, білім беру орындарын құру және басқару еркіндігін шектеу және мұндай оқу орындарында білім беру талаптары мемлекет тарапынан белгіленуге тиісті ең төменгі нормалардың талаптарымен сәйкес болуын орындамау деп пайымдалуы тиіс емес.

30-бап

Этникалық, діни немесе тілі жөнінен немесе жергілікті халық адамдары жөнінен азшылық болған мемлекеттерде, сондай-ақ азшылық топқа немесе жергілікті халыққа жататын бала өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз

мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтынып, оның салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауға тиіс.

31-бап

1. Қатысушы мемлекеттер баланың тынығуға және мәдени демалуға, өз жас мөлшеріне лайық түрлі ойындар мен көңіл көтеру шараларына қатысуға, мәдени өмірге еркін араласып, өнер мен айналысуға құқығы бар екенін мойындайды.

2. Қатысушы мемлекеттер әр баланың мәдени және шығармашылық өмірге жан-жақты қатысу құқығын құрметтеп қолдайды және оның мәдени шығармашылық қызметімен айналысуына, тынығуына, мәдени демалуына тиесілі және тең дәрежелі мүмкіндік туғызуға жәрдемдеседі.

32-бап

Қатысушы мемлекеттер әр баланың экономикалық қанаудан, оның денсаулығына қауіп төндіретін немесе білім алуына кедергі келтіретін немесе денсаулығына зиян, дене бітімінің, ақыл-есінің жетілуіне, рухани және моральдық, әлеуметтік жағынан дамуына нұқсан келтіретін кез келген жұмыстардан қорғалуға құқығы бар екенін мойындайды.

33-бап

Қатысушы мемлекеттер балаларды тиісті халықаралық шарттарда белгіленгендей есірткі құралдары мен психотроптық заттарды заңсыз қабылдаудан қорғау, сондай-ақ осындай заңға қарсы заттарды өндіруге және олардың саудасына балаларды пайдалануға жол бермеу үшін тиісті заң шығарушылық, әкімшілік, әлеуметтік шараларды, сондай-ақ, білім беру саласындағы шараларды қоса алғанда, барлық қажетті шараларды қабылдайды.

34-бап

Қатысушы мемлекеттер баланы нәпсіқұмарлық қанаудың және нәпсіқұмарлық азғырудың барлық түрінен қорғауға міндеттенеді. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер, ішінара:

а) баланы кез келген нәпсіқұмарлық қатынастарға көндіруге немесе мәжбүр етуге;

ә) бала еңбегін жезөкшелік немесе басқа да заңсыз нәпсіқұмарлық тәжірибесіне қанап пайдалану мақсатына;

б) бала еңбегін порнография мен порнографиялық басылымдарда қанап пайдалану мақсаттарына жол бермеу үшін ұлттық, екі жақты және көп жақты деңгейде барлық қажетті шараларды қабылдайды.

35-бап

Қатысушы мемлекеттер балаларды ұрлау, бала саудасына немесе балаларды кез келген мақсатпен және кез келген түрде контрабандалау

әрекеттеріне жол бермеу үшін ұлттық, екі жақты және көп жақты деңгейде шаралар қолданады.

36-бап

Қатысушы мемлекеттер бала әл-ауқаты аспектісіне залал келтіретін қанаудың басқа да барлық нысандарынан қорғайды.

37-бап

Қатысушы мемлекеттер:

а) ешбір баланың азапталмауын, немесе оның қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленбеуін немесе жазаланбауын; 18 жасқа толмаған қылмыс жасаған адамдарға өлім жазасы да, түрмеге өмірлік қамауға алу да, босату мүмкіндігін қарастырмайтын жазалар да тағайындалмауын қамтамасыз етеді;

ә) бас бостандығынан айырылған әр бала өз жасындағылардан талап етулері ескеріле отырып, өз жеке басының ажырамас қадір-қасиеті ретінде адамгершілікті көзқарасты және құрметтеуді пайдаланады. Соның ішінде, бас бостандығынан айырылған бала ересектерден бөлек ұсталуға тиіс, алайда, ішінара оның ең қажетті мүддесі ескеріліп, септігін тигізер деген ниетпен ғана ересектермен бірге ұталуы мүмкін, сондай-ақ ерекше жағдай туындамаса өз отбасымен хат жазысу және жүздесу арқылы байланыс орнатуға құқығын қамтамасыз етеді;

в) бас бостандығынан айырылған баланың еш кідіріссіз құқықтық және басқа да тиісті көмекке қол жеткізуге, сондай-ақ сот немесе басқа да құзыретті, тәуелсіз және әділетті органдар алдында өз бас бостандығынан айырылу заңдығына дауласуға құқығын және де олар осындай кез келген іс жүргізу әрекеттерге қатысты шешімін кейінге қалдырмай қабылдауларын талап ету құқығын қамтамасыз етеді;

38-бап

1. Қатысушы мемлекеттер қарулы қақтығыс кезінде қолданылатын балаларға қатысты халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын құрметтеп, олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Қатысушы мемлекеттер жасы 15-ке толмаған балалардың соғыс қимылдарына тікелей қатыспауын қамтамасыз ету үшін қолдан келген шаралардың бәрін қабылдайды.

3. Қатысушы мемлекеттер жасы 15-ке толмаған кез келген баланы өзінің қарулы күштер құрамына шақырмау негіздерін ұстанады. Жасы 15-ке толған, бірақ әлі 18-ге толмаған балаларды әскерге тарту кезінде, қатысушы мемлекеттер олардың ішінен көбіне ересектеулерін алуға тырысады.

Қатысушы мемлекеттер қарулы қақтығыс кезінде бұқара халыққа қорғау көрсетуге байланысты халықаралық гуманитарлық құқық бойынша өз міндеттемелеріне орай, қарулы қақтығысқа ұшыраған балаларды қорғау

мақсатында оларға қамқорлық пен күтім көрсетудің барлық қажетті шараларын қабылдайды.

39-бап

Қатысушы мемлекеттер кез келген кемсітудің, қиянат көрсету мен қанаудың, азаптаудың немесе қадір-қасиетті қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірлеудің немесе жазалаудың, сондай-ақ қарулы қықтығыстың құрбаны болған баланың жан-тәні мен психологиясын сауықтыруға, оның әлеуметтік реинтеграциялануына септігін тигізетін қажетті шаралардың бәрін қолданады. Мұндай сауықтыру мен реинтеграция баланың денсаулығын, өзіне деген құрметті, қадір-қасиетін қамтамасыз ететін жағдайда жүзеге асырылуға тиіс.

40-бап

1. Қатысушы мемлекеттер қылмыстық заңды бұзды деп саналған, заңды бұзғанына кінәлі деп айыпталған немесе танылған әрбір баланың жас шамасы, оның реинтеграциялануға және қоғамда пайдалы рөл атқаруға ниеті ескеріліп, жеке басының қадір-қасиеттілігі мен маңыздылығына сенім тудыратын, басқа адамдардың құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыратын қатынасқа құқыға бар екендігін мойындайды.

2. Осы мақсатта және тиісті халықаралық құжаттардың ережелерін назарға ала отырып, қатысушы мемлекеттер, ішінара:

а) жасаған іс-әрекет немесе әрекетсіздіктің негізінде, егер оларға қылмыс жасалған кезде ұлттық немесе халықаралық құқық бойынша тыйым салынбаған болса, онда ешбір баланың қылмыстық заңды бұзды деп саналмауын, заңды бұзғанына кінәлі деп айыпталмауын немесе танылмауын қамтамасыз етеді;

ә) қылмыстық заңды бұзды деп саналған немесе заңды бұзғанына кінәлі деп айыпталған әрбір балаға кем дегенде төмендегідей кепілдіктер берілуін қамтамасыз етеді:

I) кінәсі заң бойынша дәлелденгенге дейін кінәсіздік презумпциясы;

II) оған қарсы тағылған айып жөнінде жедел түрде және тікелей өзі немесе қажет болған жағдайда ата-аналары не болмаса заңды қамқоршылары арқылы хабардар болуына және өзін қорғау жұмыстарына дайындық жүргізіп, оларды жүзеге асыру үшін құқықтық және басқа да қажет көмекке ие болуы;

III) қаралып жатқан мәселе бойынша құзыретті, тәуелсіз және әділ орган немесе сот органы, заңға сәйкес қорғаушының немесе басқа тиісті адамның, егер бұл баланың жағдайы немесе жас мөлшері ескеріліп, баланың қажетті мүддесімен қарама-қайшы келмейтін болса, ата-анасы немесе заңды қамқоршыларының қатысуымен өткен тыңдау кезінде кідіртпей шешім қабылдауы;

IV) куәгерлік жауаптар беруге немесе өзін-өзі кінәлі деп мойындауға мәжбүр етілмеу бостандығын; айыптаушы куәгердің берген жауаптарымен жеке өзі немесе басқа адамдардың көмегімен зерделеуі, қорғау куәгерлерінің тең дәрежеде қатысуы қамтамасыз етіліп, олар берген жауапты зерделеуі;

V) егер бала қылмыстық заңды бұзды деп саналған болса, осыған орай қабылданған тиісті шешім мен қолданған кез келген шараларды, заң бойынша бір саты жоғары тұрған құзыретті, тәуелсіз және әділ сот органының қайта қарауы;

VI) егер бала, сот жұмысын атқаруда пайдаланылатын тілді түсінбесе немесе сол тілде сөйлей алмаса тілмаштың көмегін ақысыз пайдалануы;

VII) сотта істі қараудың қай сатысында болса да оның жеке басының өміріне құрметпен қарау.

3. Қатысушы мемлекеттер қылмыстық заңды бұзды деп саналған немесе қылмыстық заңды бұзғанына кінәлі деп айыпталған немесе танылған балаларға тікелей қатысы бар заңдар мен рәсімдердің белгіленуіне, органдар мен мекемелердің құрылуына жәрдем көрсетуге тырысады, соның ішінде:

а) балалардың ең төменгі, қылмыстық заңды бұзуға қабілетсіз деп саналатын жас мөлшері белгіленуі;

ә) қажет болған және қалаған жағдайда, мұндай балалар жөнінде істі соттың қарауына жібермей, адам құқықтары мен құқықтық кепілдіктерді шартты түрде толық сақтай отырып, осындай балалардың өтініштері бойынша шаралар қолданылуы.

4. Балаға белгілі мекемелерде көрсетілетін күтімді ауыстыратын, әл-ауқатына жағдайы мен жасаған қылмысына сәйкес қарауды қамтамасыз етуде әртүрлі жұмыс жүргізіліп, шаралар қолданылуын, мысалы, күтім мен қамқорлық көрсету, қадағалау жүргізу жөнінде ережелердің, кеңес беру қызметінің болуын, сынау мерзімі тағайындалуын, тәрбиелеу жұмыстарының оқыту және кәсіби дайындық беру бағдарламаларының болуын қажет етеді.

41-бап

Осы Конвенциядағы ешнәрсе бала құқықтарының жүзеге асырылуына зор үлес қосатын кез келген ережелерді қозғамайды және олар:

а) қатысушы мемлекеттердің заңының, немесе

ә) осы мемлекетке қатысты атқарылып жатқан халықаралық құқық нормаларының құрамында бола алады.

II БӨЛІМ

42-бап

Қатысушы мемлекеттер тиісті және пәрменді құралдарды пайдалана отырып, Конвенцияның қағидаттары мен ережелері жөнінде ересектерді, сондай-ақ балаларды да кеңінен таныстырып, хабардар етіп отыруға міндеттенеді.

43-бап

1. Осы қабылданған Конвенцияға сәйкес қатысушы мемлекеттердің міндеттемелерін орындаудағы қол жеткен жетістіктерін қарау мақсатында бала

құқықтары жөніндегі комитет құрылып, ол төмендегі көзделетін функцияларды орындайды.

2. Комитет жоғары адамгершілік қасиеттерімен және осы Конвенция қамтитын саладағы біліктілігімен жұртқа танылған он сарапшыдан тұрады. Комитет мүшелерінің қатысушы мемлекеттер өз азаматтары қатарынан сайлайды және жекелей түрде қатысады, сонымен қатар географиялық әділ бөлінуіне, сондай-ақ басты құқықтық жүйелерге көңіл бөлінеді.

3. Комитет мүшелері қатысушы мемлекеттер ұсынған адамдар тізіміне енгізілгендер қатарынан жасырын дауыспен сайланады. Әрбір қатысушы мемлекет өз азаматтары қатарынан бір адамды ұсына алады.

4. Комитеттің алғашқы сайлауы осы Конвенция күшіне ену күнінен алты айдан кешікпей өткізіледі, бұдан соң екі жылда бір рет өтеді. Тіпті болмағанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы әрбір сайлау күнінен төрт ай бұрын қатысушы мемлекеттерге екі ай ішінде өз кандидатураларын ұсыну жөнінде хат жолдайды. Бұдан соң Бас хатшы қатысушы мемлекеттерді көрсете отырып, олардың ұсынған адамдарын алфавиттік тәртіппен тізімдей отырып, бұл тізімді осы Конвенцияның қатысушы мемлекеттеріне тапсырады.

5. Сайлау Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде Бас хатшының шақыруымен болатын қатысушы мемлекеттердің отырыстарында жүргізіледі. Қатысушы мемлекеттердің үштен екісінің қатысуы кворум болып саналатын осындай отырыстарда, ең көп дауыс алған және қатысып отырғандар санының абсолюттік көршілік дауысын және дауыс беруге қатыстырылған қатысушы мемлекеттер өкілдері санының басым көпшілік дауысын алған кандидат, Комитет құрамына сайланған болып табылады.

6. Комитет мүшелері төртжылдық мерзімге сайланады. Кандидатуралары екінші рет қайта ұсынылған жағдайда, олардың қайта сайлануға құқығы бар. Бірінші сайлауда сайланған бес мүшенің өкілеттік мерзімі екі жылдық кезеңнің аяғында аяқталады; осы бес мүшенің аты-жөнін бірінші сайлаудан кейін, дереу жеребе арқылы отырыстың Төрағасы анықтайды.

7. Комитет қайсыбір мүшесі қайтыс болған немесе жұмысты тастап демалысқа шыққан жағдайда, я болмаса ер немесе әйел адам қандай да бір өзге себеппен Комитет мүшесінің міндеттерін одан әрі орындай алмайтын болса, оны ұсынған қатысушы мемлекет қалған мерзімге Комитет құптаған жағдайында, өз азаматтарының ішінен, басқа сарапшыны тағайындайды.

8. Комитет өзінің меншікті рәсім ережелерін белгілейді.

9. Комитет өзінің лауазымды тұлғаларын екі жылдық мерзімге сайлайды.

10. Комитет сессиялары, әдетінше, Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде, немесе Комитет белгіленген басқа ыңғайлы жерде өтеді. Әдетінше Комитет сессияларын жыл сайын өткізеді. Комитет сессиясының ұзақтылығы анықталады және ол қажет деп табылған жағдайда Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің кеңесінде Бас Ассамблея құп көрсе қайта қаралады.

11. Комитет өз жұмысын осы Конвенцияға сәйкес тиімді түрде жүзеге асыруы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы қажетті персонал бөліп, материалдық қаражат беріп отырады.

12. Осы Конвенцияға сай тағайындалған Комитет мүшелері Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы белгіленген ретпен және шарт бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының қорынан берілетін, Бас Ассамблея бекіткен сыйақы алады.

44-бап

1. Қатысушы мемлекеттер Конвенцияда танылған құқықтардың бекітуін қалыптастыру бойынша қадағаланған шаралары және осы құқықтарды жүзеге асыру барысында қол жеткізген прогресс туралы баяндамаларын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы арқылы Комитетке:

а) тиісті қатысушы мемлекет үшін осы Конвенция күшіне енгеннен кейін екі жыл бойы;

ә) бұдан кейінгі уақытта, әр бес жыл сайын тапсырып отыруға міндеттенеді.

2. Осы бапқа сәйкес тапсырылатын баяндамаларда осы Конвенция бойынша міндеттерін орындау дәрежесіне ықпал ететін, әрине егер де олар бар болса, факторлар мен қиындықтар сөз етіледі. Сондай-ақ баяндамаларда Комитет сол елде Конвенцияның іске асып жатқандығын толығымен түсіндіруді қамтамасыз ететін жеткілікті ақпарат болуы тиіс.

3. Жан-жақты ең алғашқы баяндамасын Комитетке тапсырған қатысушы мемлекетке осы баптың 1 «ә» тармағы бойынша кейін тапсыратын баяндамаларында, ертерек сөз болған негізгі ақпаратты қайталаудың қажеті жоқ.

4. Комитет қатысушы мемлекеттерден осы Конвенцияның жүзеге асуына қатысты қосымша ақпаратты сұрата алады.

5. Комитеттің қызметі туралы баяндамалар екі жылда бір Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес арқылы Бас Ассамблеяға тапсырылады.

6. Қатысушы мемлекеттер өз елдерінде баяндамаларының кеңінен жариялы болуын қамтамасыз етеді.

45-бап

Конвенцияның тиімді түрде жүзеге асуына жәрдем етіп және осы Конвенция қамтитын саладағы халықаралық ынтымақтастықты көтермелеу мақсатында:

а) мамандандырылған мекемелер, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа ұйымдары өз өкілеттілігінің аясына кіретін, осы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мәселесі қаралғанда оған қатысып отыруға хақысы бар. Комитет өзінің тиісті өкілеттілігі аясындағы салаларда ғана Конвенцияның жүзеге асуына қатысты сарапшылардың қорытындысын өзі дұрыс деп тапқан жағдайда, мамандандырылған мекемелерге, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры мен басқа да БҰҰ ұйымдарын өзінің қызмет аясына кіретін салаларда Конвенцияның жүзеге асуы жайлы баяндамаларды бере алады;

ә) Комитет, өзі дұрыс деп тапқан жағдайда, техникалық кеңес немесе көмек немесе осындай көмекке мұқтаждық бары көрсетілген, сондай-ақ осы сияқты өтініштер мен нұсқауларға қатысты Комитеттің ескертпелері мен ұсыныстары бар болса сол ескертпелері мен ұсыныстары енген қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын мамандандырылған мекемелерге, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры мен басқа да құзыретті ұйымдарға жібереді.

б) Комитет, Бас Ассамблеяға бала құқықтарына қатысты жеке мәселелер бойынша зерттеу жұмыстарын өзінің атынан бас Хатшының жүргізуін сұрап ұсыныс жасай алады.

в) Комитет, осы Конвенцияның 44 және 45-баптарына сай алынатын ақпараттарға негізделген жалпы түрдегі ұсыныстар мен сипаттамалар бере алады. Осы сияқты жалпы түрдегі ұсыныстар мен сипаттамалар кез келген мүдделі қатысушы мемлекетке жіберіліп, егер бар бола қойған жағдайда қатысушы мемлекеттердің ескертпелерін оған қоса Бас Ассамблеяға хабарлайды.

III БӨЛІМ

46-бап

Осы Конвенция барлық мемлекеттердің қол қою үшін ашық.

47-бап

Осы Конвенция ратификациялауға жатады. Ратификациялық грамоталар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақталуға тапсырылады.

48-бап

Осы Конвенция кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық. Қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақталуға тапсырылады.

49-бап

1. Осы Конвенция, жиыrmасыншы ратификациялық грамота немесе қосылу туралы құжат Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақталуға тапсырылғаннан кейінгі отызыншы күні күшіне енеді.

2. Жиыrmасыншы ратификациялық грамота немесе осы Конвенцияға қосылу туралы құжат сақталуға тапсырылғаннан кейін оны ратификациялайтын немесе оған қосылатын әрбір мемлекет үшін осы Конвенция олардың өздерінің ратификациялық грамотасы немесе қосылу туралы құжатты сақталуға тапсырылғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

50-бап

1. Кез келген қатысушы мемлекет өзгерту ұсынып, оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына тапсыра алады. Одан кейін Бас хатшы осы ұсыныстарды қарау және оларды дауысқа салу мақсатымен қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақыру қажеттігі жөнінде көзқарастарын білдіруді өтіне отырып, ұсынылған түзетуді қатысушы мемлекеттерге жолдайды. Осы хабар тараған күннен бастап, төрт ай аралығында осындай конференцияның шақырылуын қатысушы мемлекеттердің ең кем дегенде үштен бірі қолдаса, Бас хатшы конференцияны Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында өткізеді. Конференцияға қатысып, дауыс берген қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қабылдаған кез келген түзету Бас Ассамблеяға бекітуге тапсырылады.

2. Осы баптың 1-тармағына сай қабылданған түзету, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекітуі бойынша қатысушы мемлекеттердің ең кем дегенде үштен екісінің көпшілігі қабылдағаннан кейін күшіне енеді.

3. Түзету күшіне енгеннен кейін, осы қабылдаған мемлекеттер үшін міндетті болады, ал басқа қатысушы мемлекеттер үшін өздері бұрын қабылдаған кез келген түзетулер мен осы Конвенцияның ережелері міндетті болып қала береді.

51-бап

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы ратификациялау немесе қосылу кезінде мемлекеттер жіберген ескертпелер мәтінін жинап, басқа барлық мемлекеттерге жібереді.

2. Осы Конвенцияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келмейтін ескертпеге жол берілмейді.

3. Ескертпелер кез келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының атына жіберілген тиісті хабарлама арқылы алынып тасталына алады. Бас хатшы бұл жөнінде кейін барлық мемлекеттерді хабардар етеді. Мұндай хабарлама, оны Бас хатшы алған күннен бастап күшіне енеді.

52-бап

Кез келген қатысушы мемлекет біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының атына жіберген жазбаша хабарламасы арқылы осы Конвенцияның күшін жоя алады. Күшін жою Бас хатшының хабарламаны алғаннан кейін бір жыл өткен соң күшіне енеді.

53-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның депозитарийі болып тағайындалады.

54-бап

Ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтінінің мағынасы бірдей осы Конвенцияның түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақталуға тапсырылады.

Осыны куәландыру үшін, төменде қолдарын қойған өкілетті өкілдер өздерінің тиісті үкіметтері атынан қажетті түрде алған уәкілеттіктеріне сай осы Конвенцияға қолдарын қойды.

Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) баланың) **бала** – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;
- 2) **заңды өкілдері** – ата-анасы, бала асырап алушылар, қорғаншысы, қамқоршысы, патронат тәрбиеленушісі, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың орнында қамқорлық жасайтын, білім, тәрбие беретін, баланың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар;
- 3) **ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала** – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғыз басты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала;
- 4) **жетім бала** – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала;
- 5) **мүгедек бала** – тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам;

б) **қорғаншылық** – он төрт жасқа толмаған балалардың құқығымен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны;

7) **қамқоршылық** – он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны;

8) **патронат** – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам (патронат тәрбиелеушісі) жасасатын шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берген кездегі тәрбиенің нысаны;

9) **баланың әлеуметтік бейімделуі** – өмірлік қиын ахуалға тап болған баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және (немесе) моральдық зардаптарды еңсеру процесі;

10) **бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар** – бұл ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызмет көрсетулер мен материалдық көмек көрсетуді, өмірдегі қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар.

11) **мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар** – мемлекет белгілеген әлеуметтік қызмет көрсетулерді, нормалар мен нормативтерді қамтитын, балалар өмірінің сапасын қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштер;

12) **өмірде қиын ахуалға тап болған балалар** – қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тіршілік етуі бұзылған және бұл мән-жайларды өз бетімен немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді – Қазақстан Республикасының 2005.04.13. №40 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Осы Заңның қолданылуы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

2. Осы Заңның бала құқықтары мен міндеттерін белгілейтін нормаларының күші кәмелетке толғанға дейін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес азаматтық әрекет қабілеттілігін толық көлемінде алған балаларға қолданылмайды (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. ҚР АҚ (17-баптың 2-тармағы).*)

3-бап. Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен

Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттағы оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының заңын шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Балалардың тең құқықтылығы

1. Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие.

2. Некеден және некесіз туған балалар тең әрі жан-жақты қорғауды пайдаланады.

5-бап. Баланың құқықтарын шектеуге тыйым салу

1. Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтарын шектеуге болмайды.

2. Баланың құқықтарын шектеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілер олардың қабылданған кезінен бастап жарамсыз болып табылады және олар қолданылмауға тиіс.

2-тарау. БАЛАЛАР МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

6-бап. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары

1. Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары:

1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;

2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;

3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;

4) балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.

2. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:

- 1) баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге;
- 2) балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды, оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;
- 3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;
- 4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;
- 5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген.

7-бап. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекетте баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктері

1. Орталық атқарушы органдардың баланың құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктеріне:

- 1) балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың негіздерін талдап жасау;
- 2) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін, оның денсаулығы мен имандылығын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің басым бағыттарын таңдау;
- 3) өз құзыреті шегінде баланың құқықтары мен бостандықтарын реттеу және қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;
- 4) балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу;
- 5) бюджет қаражатын және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- 6) баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау және халықаралық ұйымдарда мемлекет мүддесін білдіру;
- 7) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласындағы балалар мүдделерінде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберін айқындау жатады.

2. (*)

3. Жергілікті атқарушы органдардың бала құқықтары кепілдіктерін жүзеге асырудағы өкілеттіктеріне:

1) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, отбасы мен балаларды қолдауға арналған мемлекеттік, жергілікті бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;

3) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен өткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

4) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – Қазақстан Республикасының 2014.12.20. № 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. БАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8-бап. Баланың денсаулық сақтауға құқығы

1. Әрбір баланың денсаулық сақтауға бұлжымас құқығы бар.

2. Мемлекет дені сау бала тууды қамтамасыз ету үшін ананың денсаулығын сақтау жөнінде жағдайлар жасайды.

3. Баланың денсаулық сақтауға құқығы:

1) баланың денсаулығын сақтау саласында Қазақстан Республикасының заңдарын қабылдау;

2) балалардың саламатты өмір салтын насихаттау және ынталандыру;

3) балалардың денсаулығын сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қолдау;

4) баланың, оның ата-анасының денсаулық жағдайына бақылау жасау және балалар ауруларының алдын алу;

5) білікті медициналық көмек көрсету;

6) баланың дені сау болып өсіп жетілуіне қажетті қолайлы қоршаған орта жасау;

7) балалар үшін сапасы тиісті деңгейдегі тағам өнімдерінің өндірілуіне және сатылуына бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Мемлекет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаларға тегін медициналық көмектің көлеміне кепілдік береді (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз*).

5. Баланың өміріне, денсаулығына және қалыпты өсіп-жетілуіне зиян келтіретін кез келген ғылыми тәжірибелер немесе өзге де эксперименттерге тыйым салынады.

9-бап. Баланың даралық ерекшелікке және оны сақтауға құқығы

Әрбір бала туған сәтінен бастап аты, әкесінің аты, тегі, ұлты және азаматтығы болуына құқылы, ал Қазақстан Республикасының заң актілерінде

көзделген жағдайларда оларды сақтауға құқылы (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз Z980321 56,86-баптар (4-тармақ), 98-бап (3-тармақ); Z914800 (24,26,27,28-баптар).

10-бап. Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы

1. Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.

2. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дәрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

11-бап. Баланың сөз және ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы

1. Әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар.

2. Мемлекеттік органдар балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамытуды, олардың интеллектуалдық меншігін қорғауды, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды өзіне мақсат тұтатын, қайырымдылық істеріне қатысатын, мәдени және спорттық өмірге қатысуға тартатын, демалысты ұйымдастыратын қоғамдық ұйымдарға жәрдемдеседі.

12-бап. Баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы

1. Әрбір баланың дене бітімінің, психикасы мен жан дүниесінің толымды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайы болуға құқығы бар.

2. Мемлекет бұл жағдайлардың жасалуын әлеуметтік және экономикалық шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді.

13-бап. Баланың мүлктік құқықтары

1. Әрбір баланың заңмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде өз ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен қаражат алуға құқығы бар. Балаға алименттер, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер ретіндегі тиесілі сомалар ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) билік етуіне

келіп түседі және олар баланы күтіп-бағуға, оған білім беруге және оны тәрбиелеуге жұмсалады (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз (5-бөлім)*).

2. Әрбір баланың заңдарда белгіленген тәртіппен өз бетінше немесе өзінің заңды өкілдері арқылы мәмілелер жасауға, банктерде салымы болуға және жалақысына, стипендиясына немесе өзге де кірістеріне және интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне билік етуге, өзге де мүліктік құқықтарды иемденіп алуға және оларды жүзеге асыруға құқығы бар (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз 22-25-баптар*).

3. Ата-аналар немесе заңды өкілдер баланың жәрдемақысын немесе материалдық көмек ретінде мемлекет бөлген ақшалай қаражатты баланың атына банкке салуға құқылы.

4. Әрбір баланың өзі тапқан табысқа, өзі сыйға немесе мұра ретінде алған мүлікке, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлікке меншік құқығы бар.

5. Өз еңбегімен табыс табатын бала, егер ол ата-анасымен бірге тұратын болса, отбасын асырауға жұмсалатын шығындарды бөлісуге қатысуға құқылы.

Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен айқындалады.

14-бап. Баланың тұрғын үйге құқығы

1. Әрбір баланың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңдарына сәйкес тұрғын үйге құқығы бар.

2. Жетім баланың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелердегі баланың тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды, ал құқығы болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының тұрғын үй туралы заңдарына сәйкес тұрғын үй-жай алуға құқығы бар (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз (9-10 тараулар)*).

3. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, оның ішінде жетім балаларды оларға басқа үй-жай берілмейінше, олар тұрып жатқан тұрғын үйден шығаруға болмайды.

15-бап. Баланың білім алуға құқығы

1. Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін орта білім, бастапқы кәсіби білім және конкурстық негізде тегін орта кәсіби және жоғары кәсіби білім алуға кепілдік беріледі.

2. Тегін жалпы орта білім немесе бастапқы кәсіби білім алғанға дейін баланы мемлекеттік білім беру мекемесінен шығару, шығарудың жалпы тәртібін сақтаумен қатар тек қорғаншы және қамқоршы органдарды хабардар ете отырып қана жүргізілуі мүмкін.

3. Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат береді.

4. Мемлекет балалардың білім алу кезеңінде әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерінің күтіп-бағу шығынын толық немесе ішінара көтереді. Олардың білім алу кезеңінде әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз*).

16-бап. Баланың еңбек бостандығына құқығы

1. Әрбір баланың еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы бар.

2. Балалар он төрт жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді.

3. Он сегіз жасқа толмаған балалармен еңбек шартын жасасу және оны бұзу тәртібі және еңбек қатынастарының басқа да ерекшеліктері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленеді.

4. Баланы ауыр қара жұмысқа, зиянды және (немесе) еңбек жағдайы қауіпті жұмыстарға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады.

Жұмыс істеу оқу процесін бұзбауға тиіс.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді – Қазақстан Республикасының 2007.05.15. № 253 Заңымен.

17-бап. Баланың мемлекеттік көмекке құқығы

1. Мемлекеттік көмек оны алуға құқығы бар әрбір балаға тағайындалады. Мемлекеттік көмектің мөлшері және оны көрсетудің шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, оның ішінде жетім балалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толық мемлекеттік қамсыздандырылуда болады.

3. Мемлекеттік органдар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған әрбір балаға, қорғаншылық немесе қамқоршылық нысанына қарамастан, бірдей материалдық және өзге де жағдайларды қамтамасыз етеді.

18-бап. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу

1. Балалардың мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар әлеуметтік қызмет көрсетулер бойынша белгіленген ең төменгі көлемде мыналарды:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес кепілдік берілген, жалпыға бірдей қолжетімді тегін жалпы орта және бастапқы кәсіптік білім мен конкурстық негізде тегін орта және жоғары кәсіптік білім беруді;

2) балаларға тегін медициналық қызмет көрсетуді, оларды тамақтандырудың ең төменгі нормаларына сәйкес тамақтандыруды қамтамасыз етуді;

3) он бес жасқа толған балалардың кәсіби бағдарлау, қызмет саласын таңдау, жұмысқа орналасу, еңбегінің қорғалу, еңбегіне ақы төлену құқығын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кепілді қамтамасыз етуді;

4) балаларға әлеуметтік қызмет көрсету, оларды әлеуметтік қорғау, соның ішінде туылуы мен тәрбиеленуіне байланысты, балалары бар азаматтарға мемлекеттік жәрдемақы төлеу жолымен кепілді материалдық қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ өмірлік қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтік оңалту жөніндегі шараларды;

5) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңдарына сәйкес тұрғын үйге құқығын қамтамасыз етуді;

6) балаларды сауықтыру мен олардың демалысын ұйымдастыруды, соның ішінде төтенше жағдайларда, сондай-ақ экологиялық жағынан қолайсыз және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сондай деп танылған аумақтарда тұратын балаларды сауықтыруды ұйымдастыруды;

7) білікті заң көмегін көрсетуді қамтиды;

3. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар олардың өмір сүру жағдайларындағы аймақтық айырмашылықтар ескеріле отырып айқындалады. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқарудың органдары қосымша әлеуметтік стандарттар белгілей алады.

4. Тиісті білім беру ұйымдарындағы, арнаулы оқу-тәрбие ұйымдарындағы, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарындағы немесе өзге де мекемелер мен ұйымдардағы балалардың өздеріне ұсынылған қызмет көрсетулердің мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарға сәйкестігін мезгіл-мезгіл бағалап отыруға құқығы бар.

19-бап. Баланың демалуға және бос уақытын пайдалануға құқығы

1. Әрбір бала өзінің жасына, денсаулығына және қажеттеріне қарай демалуға және бос уақытын пайдалануға құқылы.

2. Ата-анасы немесе олардың орнындағы адамдар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес баланың күтілуі мен жан-жақты демалуына қажетті өмірлік жағдайларды қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытын пайдаланатын өзге де ұйымдарын, лагерьлер мен санаторийлерді құрады және оларды қолдап отырады.

4. Мемлекет балалардың демалуға, сауығуға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

20-бап. Баланың міндеттері

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

4-тарау. БАЛА ЖӘНЕ ОТБАСЫ

21-бап. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы

Баланың мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығы бар.

22-бап. Баланың отбасындағы құқықтары

Бала отбасында Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген құқықтарға ие.

23-бап. Бала тәрбиелеп отырған отбасыларына мемлекеттік қолдау

Мемлекет бала тәрбиелеп отырған отбасыларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әлеуметтік көмек беру арқылы қолдау көрсетеді.

24-бап. Ата-анасының баланы тәрбиелеу, күтіп-бағу және асырау жөніндегі міндеті

1. Ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері өздерінің қабілеті мен қаржы мүмкіндіктері шегінде баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

2. Ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

25-бап. Баланың ата-анасымен бірге тұру құқығы

1. Баланың өз ата-анасымен немесе басқа да заңды өкілдермен бірге тұруға құқығы бар.

2. Баланың, ата-анасының немесе заңды өкілдерінің ықтиярынсыз баланы ата-анасынан немесе заңды өкілдерінен айыруға тыйым салынады. Оларды айыру туралы шешімді ерекше жағдайларда және баланы қорғау мақсатында қандай дәрежеде қажет болуына қарай сот қана қабылдайды.

3. Ата-анасы бір-бірінен бөлек тұрған жағдайда баланың тұратын жері ата-анасының келісімімен, ал ол болмаған жағдайда, ата-аналар арасындағы дау сот арқылы шешіледі. Бұл орайда сот бала ата-анасының жеке қасиеттер мен жағдайларын, сондай-ақ баланың мүдделері мен пікірін ескереді.

26-бап. Баланың өзінен бөлек тұратын ата-анасымен қарым-қатынас жасау құқығы

1. Баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайлардың болуын қоспағанда, баланың өзінен бөлек тұратын ата-анасы туралы ақпарат алуға, олармен кездесіп, араласып тұруға құқығы бар.

2. Бала құқығын шектеуге байланысты туындаған, осы бапта көзделген даулар сот тәртібімен шешіледі.

5-тарау. АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

27-бап. Қорғаншылық, қамқоршылық және патронат

1. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға оның мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғаншы немесе қамқоршы белгіленеді (*РҚАО-ның ескерту; қараңыз (4-бөлім); Р991346_*).

2. Қорғаншылық он төрт жасқа толмаған балаларға белгіленеді, ал қамқоршылық он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға белгіленеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар қорғаншылық және қамқоршылық органдары болып табылады.

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеуші, емдеуші немесе басқа мекемедегі балаға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес патронат белгіленуі мүмкін (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз (16-тарау);*).

5. Қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген баланың аға-інілері және апа-сіңлілері бар болса, олардың бірге тұруы үшін жағдай жасалады.

28-бап. Бала асырап алу

Отбасында өсіріп-жетілдіру мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау мақсатында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырап алуға берілуі мүмкін (*РҚАО-ның ескерту: қараңыз (12-тарау)*).

29-бап. Баланы тәрбиелейтін, емдейтін және сол сияқты өзге де мекемелерде күтіп-бағу мен тәрбиелеу

1. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала, оны отбасында тәрбиелеуге беруге мүмкіндік болмаған жағдайда, тәрбиелейтін, емдейтін немесе сол сияқты өзге де балалар мекемелеріне орналастырылуға тиіс.

2. Балаға тиесілі алимент, жәрдемақы және басқа әлеуметтік төлемдер оның жеке шотына аударылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен төленеді.

3. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиелейтін, емдейтін және сол сияқты өзге де мекемелердегі балаға

отбасылық тәрбиеге жақындатылған жағдай жасалады. Баланы күтіп-бағуды пайдалануға, тәрбие, білім алуға, жан-жақты дамуға, ар-ожданы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, ана тілінің, мәдениетінің, ұлттық әдет-ғұрпы мен дәстүрінің сақталуына құқығы бар.

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиеленетін, емделетін және сол сияқты өзге де мекемелердің аталған мекемелердегі балаларға қатысты педагогикаға жат немесе азғындық әрекеттер жасаған қызметкерлері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауаптылықта болады *(РҚАО-ның ескертуі: қараңыз (131,132,137-баптар); (111-бап).*

5. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәрбиелейтін, емдейтін және соған ұқсас басқа да мекемелердегі баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, оның жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айрылған жетім балаларға Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңдарына сәйкес пайдалануға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беріледі *(РҚАО-ның ескертуі: қараңыз 9-10 тараулар).*

30-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйымдар

1. Балалар үйлеріне туғаннан бастап үш жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады. Балаларды Балалар үйінде уақытша күтіп-бағу үшін арнаулы бөлімше ашылады.

Мамандандырылған Балалар үйлеріне туғаннан бастап төрт жасқа дейінгі, психикасының және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балалар қабылданады.

Арнаулы білім беру ұйымдарында он бір жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады.

Жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернатқа жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ күн көрісі төмен және көп балалы отбасылардың алты жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі, осы үлгідегі ұйымдарда күтіп-бағылуға қайшы келетін медициналық көрсеткіштері жоқ балалар қабылданады. Интернаттық ұйымдар кәмелетке толмағандарға тұратын орын бере отырып, тәрбиелеуге, білім беруге және күтіп-бағуға мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз етеді.

Ақыл-есі кем балаларға арналған интернат-үйлерге төрт жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі, күтіп-бағуды, медициналық, тұрмыстық қызмет көрсетуді және әлеуметтік-еңбекке бейімделуді қажет ететін балалар қабылданады.

2. Отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарына он сегіз жасқа дейінгі жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қабылданады. Балаларды отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарына қабылдаудың және оларды күтіп-бағу жағдайының тәртібі отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және

Жасөспірімдер үйлері туралы Қазақстан Республикасының Заңдарымен айқындалады (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз P011613*).

Балалар ауылы (балалар үйі) әкімшілігінің шешімі негізінде балалар үйлері мен балалар ауылының жиырма үш жасқа дейінгі түлектері, он алты жастан бастап балалар ауылы мен балалар үйлерінен көшірілген тәрбиеленушілер Жасөспірімдер үйлерінде әлеуметтік бейімделуден өтуі мүмкін.

Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарына қадағалаусыз және қараусыз қалған үш жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі балалар олардың ата-аналарын немесе басқа заңды өкілдерін анықтау үшін қабылданады.

3. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға балаларды қабылдау және оларды күтіп-бағу талаптары, осы Заңмен белгіленбеген бөлігінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган бекіткен осы ұйымдар туралы ережемен айқындалады (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз*).

6-тарау. МҮГЕДЕК БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

31-бап. Мүгедек баланың толымды өмірге құқықтары

1. Мүгедек баланың қоғам өміріне белсене араласуына ықпал ететін өз қадір-қасиетін қамтамасыз ету жағдайындағы толымды өмірге дені сау балалармен бірдей құқығы бар.

2. Мүгедек бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы.

3. Ақыл-есінің немесе дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларды қоса алғанда, мүгедек балалар мамандандырылған балалар ұйымдарында медициналық-әлеуметтік көмек алуға құқылы.

32-бап. Мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер

1. Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүгедек баланың денсаулық жағдайын, қажеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оны оқыту, кәсіптік даярлау, лайықты жұмыс тауып беру және жұмысқа орналастыру үшін қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

2. Мүгедек балалардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету, оларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жеке жүзеге асыратын және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заң актілері мен жеңілдіктер белгіленуі мүмкін.

33-бап. Мүгедек балаларға мемлекеттік көмек

1. Мемлекет мүгедек балаларды қолдауға бағытталған медициналық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін жүзеге асырады.

2. Мүгедек балаларға көрсетілетін мемлекеттік көмек Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз*).

3. Мүгедек балаларды тәрбиелеуші және оларды күтіп-бағуды жүзеге асырушы ата-аналардың және басқа да заңды өкілдердің мемлекеттік көмек алуға құқығы бар.

7-тарау. БАЛА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

34-бап. Ұлттық және әлемдік мәдениетке баулу

1. Мемлекет балалардың Қазақстан халқының тарихымен, дәстүрлерімен, рухани қазыналарымен және әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуына мүмкіндік жасайды.

2. Мемлекет балалардың шығармашылық және ғылыми қабілетін дамыту үшін ұйымдар құруды, кино және бейнефильмдер, теледидар және радио хабарларын шығаруды көтермелейді. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылыққа ықпал ететін бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауық және басқа іс-шараларды пайдалану заң бойынша қудаланады.

35-бап. Бала және дін

1. Мемлекет баланың ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың діни дүниетанымына негізделген тәрбиеге араласпауға, білім беру, тәрбиелеу, емдеу ұйымдарының және өзге де сол сияқты мекемелердің шегінен тыс жерлерде баланың қатысуымен діни жоралардың жасалуына, аталған әрекеттер баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, оның құқығын бұзатын және жауапкершілігін шектейтін жағдайларды қоспағанда, кепілдік береді.

2. Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты діни жоралар ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың келісімімен жасалады. Балаларды дінге тарту жөніндегі мәжбүрлеу шараларына жол берілмейді.

36-бап. Баланы әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғау

1. Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға міндетті.

2. Салауатты өмір салтын насихаттау мен балаға құқықтық білім беруді мемлекет өз саясатының басым бағыттарының бірі деп таниды.

3. Қылмыстың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз әрекеттің салдарынан тән немесе жан жарақатын алған балаға денсаулығын қалпына келтіру және әлеуметтік бейімделу үшін қажетті көмек көрсетілуге тиіс.

37-бап. Баланы алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды әсерінен қорғау

1. Баланың ата-анасы, басқа да заңды өкілдері, мемлекеттік органдар, сондай-ақ баланы тәрбиелеу мен оған білім беру функциясын жүзеге асыратын ұйымдар салауатты өмір салтын және алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды екенін насихаттауға міндетті.

2. Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.

3. Алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарын өндіруде немесе сатуда бала еңбегін пайдалануға тыйым салынады.

4. Балалар тауарларын сататын сауда ұйымдарында және мәдениет мекемелерінде, сондай-ақ балаларға арналған іс-шараларды жүргізу кезінде шылым шегуге, темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.

5. Балалар мекемелерінде, білім беру ұйымдарында және оларға іргелес жүз метр радиустегі аумақта алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салынады.

38-бап. Баланы есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін немесе улы заттардан қорғау

1. Бала есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін немесе улы заттарды қолданудан, оларды дайындаудан, сатудан немесе өзге де жолдармен таратудан қорғауға тиіс.

2. Баланы есірткі, психотроптық заттарды тұтынуға тартқаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылық шаралары қолданылады (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз (132-бап)*).

39-бап. Бала және қоғамдық ақпарат құралдары

1. Балаларға арнап нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни өшпенділікті өршітуге бағытталған, тектік-топтық ерекшелікті, соғысты насихаттайтын, конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге және Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзуға шақыратын үндеулері, порнографиясы бар немесе баланың рухани және имандылық жағынан дамуына өзгеше зиян келтіретін ойыншықтарды, кинофильмдерді, дыбыс және бейнежазбаларды көрсетуді, сатуды, сыйға тартуды, көбейтуді және прокатқа беруді жүзеге асыруға, әдебиеттерді, газеттерді, журналдарды және басқа бұқаралық ақпарат құралдарын таратуға тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған әрекеттердің жасалғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылық шаралары қолданылады.

40-бап. Баланы жезөкшелік пен порнографиядан қорғау

Баланы жезөкшелікпен айналысуға тартқандарға, балаға порнографиялық материалдарды немесе заттарды, баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзгеде нәрселерді таратқандарға, жарнамалағандарға немесе сатқандарға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауаптылық белгіленеді (*РҚАО-ның ескертуі: қараңыз 132-бап*).

41-бап. Баланы соғыс қимылдарына қатыстыруға тыйым салу

Баланы соғыс қимылдарына, қарулы жанжалдарға тартуға, балалардың әскерилендірілген құрамаларын құруға тыйым салынады.

8-тарау. БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАТЫН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

42-бап. Баланы заңсыз алып кетуден қорғау

Мемлекет Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық міндеттемелерге сәйкес, орындалу мақсаттарына, нысандары мен әдістеріне қарамастан, балаларды заңсыз алып кетудің, ұрлап әкетудің, олармен сауда жасаудың алдын алу мен жолын кесу, сондай-ақ оларды тұрақты тұратын еліне қайтару жөнінде шаралар қолданады.

43-бап. Баланың заңды өкілдері

1. Баланың заңды өкілдері барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, оның ішінде соттарда кез келген тұлғамен қарым-қатынаста, арнайы өкілеттісіз баланың (немесе баланы асырап алуы) туралы куәлігі, ата-аналарының паспорты, қорғаншының жеке басының куәлігі негізінде балаларға өкілдік етуді және олардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында кәмелетке толмағандардың дербес азаматтық, неке-отбасылық, еңбек және өзге де құқықтық қатынастарға түсу және өз құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы көздеген жағдайларды қоспағанда, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін олардың заңды өкілдері қорғайды.

3. Тәрбиелеу, емдеу ұйымдарындағы, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы балаларға өкілдік ету мен олардың мүдделерін қорғауды осы ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға өкілдік ету мен оның құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау уақытша, баланы отбасына немесе балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асырушы ұйымға орналастырғанға дейін қорғаншылық және қамқоршылық органына жүктеледі.

44-бап. Мемлекеттік органдар және баланың құқықтарын қорғау

Балалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

45-бап. Осы Заңды орындау кезінде дауларды шешудің сот тәртібі

Ата-аналар (олардың орнындағы адамдар), сондай-ақ балаға білім беру, оны тәрбиелеу, дамыту, оның денсаулығын сақтау, оны әлеуметтік қорғау мен оған әлеуметтік қызмет көрсету, оның әлеуметтік бейімделуіне, әлеуметтік оңалуына жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды және (немесе) ол қатысатын іс-шараларды жүзеге асырушы адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте, баланың денсаулығына, мүлкіне келтіретін зиянды, сондай-ақ моральдық зиянды өтеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

46-бап. Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы мемлекеттік баяндама

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы жыл сайынғы мемлекеттік баяндаманы балаларды қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады және ол ресми басылымда жарияланады.

47-бап. Босқын және амалсыз қоныс аударушы балалардың құқықтарын қорғау

1. Босқын және амалсыз қоныс аударушы балалардың өз мүдделерінің қорғалуына құқығы бар.

2. Баланың тұрып жатқан жеріндегі қорғаншы және қамқоршы органдар, аумақтық көші-қон қызметтері ата-анасының не өзге де заңды өкілдерінің бар екендігі және олардың тұратын жері туралы мәліметтер алуға жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда баланы емдеу-профилактикалау немесе бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларын жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға орналастырады.

9-тарау. БАЛА ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕР ЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

48-бап. Бала жауапкершілігінің ерекшеліктері

1. Құқыққа қарсы әрекет жасаған бала Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

2. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар жаза түрін белгілеу кезінде баланың өмір сүру мен тәрбиелену жағдайын, психикалық даму деңгейін, жеке басының өзге де ерекшеліктерін, сондай-ақ оған жасы үлкен адамдардың ықпалын ескеруге тиіс.

49-бап. Баланың мінез-құлқына әсер етудің ерекшеліктері

Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетін менсінбей, қатал, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

10-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50-бап. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

2. Ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтару ата-ананың (олардың орнындағы адамдардың) балаларды тәрбиелеу мен күтіп-бағу міндеттерін тиісінше орындамауы, ата-ананың перзентханадағы (оның бөлімшесіндегі) немесе балаларды емдеу мекемесіндегі баласынан бас тартуы, балаларды қадағалаусыз қалдыруы, оларға қатыгездікпен қарауы, оларды қанауы ата-аналық құқықтарынан айыруға немесе оларды ата-аналардың орнындағы адамдардан шектеуге әкеп соғады.

Баланы алып қойған кезден бастап балаға арналған жәрдемақы төлеу, сондай-ақ өзге де төлемдер соттың шешімі бойынша тоқтатылады.

3. Ата-ана (олардың орнындағы адамдар) балаларға арналған жәрдемақыларды және өзге де төлемдерді мақсатсыз пайдаланған жағдайда, егер бұл баланың мүдделеріне елеулі нұқсан келтірсе, әлеуметтік қорғау органдары, қорғаншы және қамқоршы органдар, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар немесе прокурор бала мүдделеріне орай оған негізсіз жұмсалған қаражатты өтеу туралы талап қояды. Сот арқылы өндірілген қаражат баланың жеке шотына аударылады.

4. Ата-аналық құқықтарынан айырылған ата-ана ата-аналық құқықтарынан айырылуына қатысты балаларға алименттер төлеу жөніндегі міндеттерден босатылмайды.

51-бап. Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңдарының сақталуын іске асыруды үйлестіруі

Балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Балалар құқықтарын қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган:

1) бала құқықтарын қорғау саласындағы басқа мүдделі уәкілетті органдардың қызметін үйлестіреді және бағыттайды;

2) баланың негізгі құқықтарын іске асыру жөніндегі әртүрлі бағдарламалар әзірлейді;

3) балалар өмірі көрсеткіштерінің ең төменгі әлеуметтік стандарттарын, нормалары мен нормативтерін жақсарту жағына қарай жыл сайын қайта қарауды қамтамасыз етеді;

4) балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органдардың халықаралық ынтымақатастық ісіндегі қызметін үйлестіреді.

52-бап. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасау

1. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасау баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған және оны уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Жеке және заңды тұлғалардың баланың құқықтарын іске асыруға бағытталған қызметі бақылау объектісі болып табылады.

3. Бақылау тексерулер (жоспарлы, жоспардан тыс) түрінде жүзеге асырылады.

4. Жоспарлы тексерулер уәкілетті мемлекеттік органдар бекітетін кестелерге сәйкес жылына бір рет кезеңділікпен жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексерулер баланың қорғалатын құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу қаупін дереу жоюды талап ететін, сондай-ақ азаматтардың өтініштеріне дереу назар аударуды талап ететін жағдайларда жүзеге асырылады.

Тексеруді жүргізу мерзімі бес күннен аспауға тиіс.

Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда – Қазақстан Республикасының 2006.01.31. № 123 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

53-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенті

**ТҮЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА
АРНАЛҒАН ТЕСТ**
(В.И. Андреев бойынша)

Тесте тұлғалық қасиеттерді өзіндік бағалауға немесе тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін сипаттайтын ол қасиеттердің байқалу жиілігін бағалауға 10 баллдық шкала пайдаланылады. Бірақ та барлық бағалаудың салыстырмалы екенін естен шығармау керек. Өзіңізді бағалау кезінде сәйкес қасиеттің ең жоғарғы (10-шы) және ең төменгі (1-ші) деңгейін ойша көз алдыңызға елестетіп көріңіз де, 10 баллдық шкаладан өз орныңызды табыңыз.

1. Басталған істі ақырына дейін жеткізуіңіз қаншалықты жиі байқалады?
2. Егер барлық адамдарды логиктер мен эвриктерге, яғни идея тудырушылар деп 2 топқа бөлсеңіз, онда сіз қаншалықты идея тудырушысыз?
3. Сіз өзіңізді қаншалықты шешімшіл адаммын деп ойлайсыз?
4. Сіз жасаған туындының соңғы нәтижесі бастапқы ойлағаныңыздан қаншалықты дәрежеде бөлек болып шығады?
5. Сіз өзіңізге уәде берген адамның уәдесін орындауын талап етуде қаншалықты дәрежеде табандылық пен талапшылық танытасыз?
6. Сізге біреудің атына қаншалықты жиі сын айтуға тура келеді?
7. Сіздің алдыңызда тұрған мәселені шешу жеке күш-қуатыңызбен табандылығыңызға байланысты болуы қаншалықты жиі болады?
8. Ұжымыңызда көбіне сіздің идеяңызды, ұсынысыңызды, қанша пайыз адамдар қолдайды?
9. Сізде оптимистік, көңілді көңіл-күй қаншалықты жиі болады?
10. Сізге соңғы жылдарда шешуге тура келген мәселелердің барлығын теориялық және практикалық деп бөлсек, олардың ішінде практикалық мәселенің үлесі қаншалықты?
11. Сізге өзіңіздің ұстанымдарыңыз бен сенімдеріңізді жиі қорғауға тура келе ме?
12. Сіз үшін маңызды мәселелерді шешуге өзіңіздің ашықтық, араласқыштық қасиеттеріңіз қаншалықты дәрежеде ықпал етеді?
13. Неғұрлым күрделі немесе жауапты істерді шешуде басты рөлді өзіңізге алу қаншалықты жиі болады?
14. Өз идеяларыңыз бен жобаларыңызды өмірге енгізуіңіз қаншалықты жиі болып тұрады?
15. Сізді тапқырлық немесе кәсіпкерлік көрсету арқылы қарсыластарыңызды немесе әріптеріңізді қандай да бір істе артқа тастап кету қаншалықты жиі болып тұрады?
16. Таныстарыңыз бен жақындарыңыздың арасында сізді тәрбиелі және зиялы адам деп есептеушілер қаншалықты?

Тестілеу қорытындылары:

18-39	өте төмен деңгей
40-54	төмен деңгей
55-69	ортадан төмен
70-84	ортадан сәл төмен
85-99	орта деңгей
100-114	ортадан сәл жоғары
115-129	ортадан жоғары
130-142	жоғарғы деңгей
143-162	өте жоғары деңгей
163-180	аса жоғары деңгей

«ӨМІРДІҢ МӘНІ НЕДЕ?» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАНЫСЫ

Жаңа ғасырда тәрбиенің мазмұны, мақсат-міндеттері түбегейлі өзгерді. Тәрбиенің басты мақсаты – әрбір тұлғаның адамгершілік рухани қасиеттерін дамыту, оқушылардың бойында ұлтжандылық, көшбасшылық, патриоттық сезімдерді қалыптастыру, тұлғаның бойында іскерлік, креативтік тәрізді құндылық сапаларын дарыту: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру.

Осыған сәйкес, тез өзгермелі жаһандану кеңістігінде 12 жылдық білім беруге көшу жүйесінде ұлттық тәрбие арқылы интеллектуалды тұлға қалыптастыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында болашақ педагогтармен өткізілген «Өмірдің мәні неде?» инновациялық **ой-толғанысы** тәрбиелік іс-шараның үлгі-жоспары ұсынылды.

1-жүргізуші: Даналықтың даңғыл жолы. Осы үш сөз бір-бірімен үйлесім тауып, сәтімен тіркескен ой тізбегіне айналғанда, тілегі түзу адамды елең еткізбей қоймайды:

✓ бейтаныс жолдың бұралаң – бұрылыстарында тұйыққа тірелдірмей, тура болып шығатын **тапқырлық**;

✓ ұзақ жолдың бейнетіне шалдықтырмай, бойдағы қуат-жігердің көзін аша білетін **табандылық**;

✓ алда кездескен бел-белестердің биігіне қарай талмай ұмтылған таудай **талаптылық**.

Осы үшеуі бір адамның бойынан табылып, өмір мұратына қарай ілгері бастап отырса, ақыр-аяғы даналыққа барып тіреледі.

2 -жүргізуші: Адам не үшін өмір сүреді? Өмірдің мәні неде?

Адам болып тудың ба – адамға лайық ісің болсын! Қолыңнан келсе, күн асқан сайын, жыл асқан сайын суалып, қуарып бара жатқан Арал теңізін сақтап қалуға қайрат көрсет! Алматының алқызыл апорты сынды атақ-даңқы жер жарған алма, алмұрт сорттарын шығар. Ата-анаңның, ел-жұртыңның үкілі үмітін ақта. Дүниеге бекер келіп, бекер кетпе. Артыңда жақсы із қалсын, ұрпақ-жұрағатың айта жүрер іс қалсын.

Жер бетіндегі әрбір адам бақытты болғысы келеді, бақытты өмір сүруді армандайды. Жоғары білім алып, қызмет пен жұмыста табысқа жетуін мақсат тұтады. Адам алдында не күтіп тұратынын болжай алмайды. Сондықтан ол барлық нәрсеге дайын болуы керек. Не нәрсені де көтеруге ықыласты болуы тиіс.

Ал ол үшін оған білім керек. Жай ғана білім емес – рухани білім керек. Әркім өз бақытын өзі жасайды, әркім өз бақытының ұстазы.

1-жүргізуші: Барлық адамдардың өмірінде кездесетін қасиеттер:

- | | |
|--------------------------|----------------------------|
| ✓ Адам мен адамгершілік; | ✓ Жомарттық пен сараңдық; |
| ✓ Ар мен ұят; | ✓ Тәкаппарлық пен әлсіздік |
| ✓ Ерлік пен ездік; | ✓ Жақсылық пен жамандық; |

- ✓ Әділдік пен зұлымдық;
- ✓ Шындық пен өтірік
- ✓ Баршылық пен жоқшылық;

- ✓ Бақыт пен баянсыздық;
- ✓ Байлық пен кедейлік

2 - жүргізуші: Бақыт туралы ғұламалардың ой пікірлеріне тоқталайық:

«Заңдарды екіге бөлемін: Әдет және Жалпы заңдар. Әдет заңдарын әрбір халық өзі үшін белгілейді, оның өзі жазылған және жазылмаған болып бөлінеді. Қалғанын Жалпы заңдар деп айтар едім» (*Аристотель*).

«**Өмір заңы**». Ұлы данышпан К.Маркс: «**Өмір дегеніміз – күрес**» – десе, ақиық ақын М.Мақатаев: «Өмір – өзен» – деді. Ал өмірден ерте кеткен жас ақын А.Жолдыбаев: «Өмір – арман» деген болатын. Қайсысы дұрыс айтады? Әрине, үшеуінікі де дұрыс. Өмір біреу үшін – күрес, келесі біреу үшін – өзен, ал үшінші біреу үшін – арман.

«Табиғат бізбен үш тілде сөйлеседі: ол қолымыздан алып: «Күрес, ұмтыл!» – дейді. Ол әрқайсымызға өз жүрегінің дүрсілі естілетіндей жақындап келіп: «Таңырқа, қастерле! – дейді. Ол бізге сыбырлап қана: «Ізде, зертте!» – дейді. Ғажабы сол, біз мұны түсінеміз! Табиғаттың осы үш дауысы біздің тірлігіміздің үш бірлігіне – денемізге, жүрегіміз бен ақылымызға арналған» (*Дж. Томпсон*).

«**Өмір – күрес**» заңы. Өмір дегеніміз – күрес. Ол жеңістер мен жемістерден тұрады.

Әлемді өзгерту заңы: Әлемді өзгерту үшін – өзіңді өзгертуің қажет.

Бір пенде әлемді өзгерткісі келді. Бірақ әлем үлкен, өзі кішкентай әрі біреу ғана болды. Сөйтіп ол өзі тұрып жатқан қаланы өзгерткісі келді. Қала да үлкен, ал өзі кішкентай. Ол да үлкен болып шықты. Сонда пенде төмендегідей ойға келді: кішкентай адам әлемді өзгерту үшін ол тек қана өзін өзгерту қажет.

Занның құдыреттілігі. Кеңестер Одағының Батыры, даңқты қолбасшы Б.Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» десе, американдықтар «Заңға адал бол! Заңға деген адалдық Отанға және өз халқына деген адалдықтан жоғарырақ» дейді және бұл сөз АҚШ Конгресі ғимаратының алдындағы кірер есіктің жоғары жағында үлкен әріптермен жазулы тұр.

Өзін-өзі сақтау заңы. «Өзін-өзі сақтау – өмірдің бірінші заңы. Сондықтан бай да, кедей де өз өмірі үшін, өз денсаулығы үшін күрес жүргізеді» (*Поль Брегг*).

Қажет кезде қажетті жерден табылу заңы. Өмірде қажет кезде қажетті жерден табылу не қажет емес жерден табылу шешуші рөл атқарады. Біріншісі – жақсылыққа бастап, екіншісі – жамандыққа итермелейді.

Қайталану кездейсоқтығы заңы. Өмірде көп нәрсе қайталанатын. Біреудің жүріп өткен жолын келесі біреу қайталайды. Және бұл үшінші біреудің өмірінде тағы да болады және дәл сондай жағдаймен көрініс беруі мүмкін.

Әділетсіздік заңы. Көпшілік дауыс әділдіктің шешімі бола алмайды. «Егер сендер дауыс беру арқылы бәрін шешуге болады деп ойласандар, онда Афинаның бар иттері атқа айналсын деп дауыс беріп көріңдер!» (*Сократ*).

Күпиялық заңы. Күпия – күпия болу үшін оны бір-ақ адам ғана білуі тиіс. Екі адам білген күпияның күпиялығы басқаша. Барлық жасырын сыр түбі белгілі болады.

Өмірдің қызықтығы заңы.

Несібесін біреуден күтетін, оны молықтырудың басқа жолын іздегісі келмейтін адам ешуақытта өзін-өзі қамтамасыз ете алмайды. Өз бақытың – өз қолыңда. Оны жаса: Ол үшін еркіндікті бағала, ешкім көрмей тұрғандай болып би билеп, ән салуды үйрен, жер беті толы жұмақ секілді сезініп өмір сүр!

Сол себепті төмендегілерді ұмытпа!

Егер ...	онда ...
Егер адам ұйқысынан аман-есен оянса,	онда ол сол күні өліп кеткен 1 миллион адамнан бақыттырақ.
Егер адам ешқашан соғыс көрмесе, жалғыздық азабын тартпаса, түрмеде отырмаса, аштыққа ұшырамаса, озбырлық көрмесе,	онда ол жер бетіндегі 500 миллион адамнан бақыттырақ.
Егер адамның денсаулығы зор болса,	онда ол 3 миллиард адамнан бақыттырақ.
Егер адамның үйі болса, дүние-мүлкі және киімдері болса,	онда ол жер бетіндегі барлық адамдардың 75 пайызынан байырақ.
Егер адамның банкте шоты, қалтасында ақшасы, артында аз да болса, қоры болса,	онда ол әлемдегі қамтамасыз етілген 8 пайыз адамның бірі.
Осы сөздердің бәрін түсіне алған адам,	әлемдегі 2 миллиард адамнан бақытты.

1-жүргізуші: «Өмір» туралы ғалымдардың ойлары

➤ Ешкім де жас кезінде, ой жүйесімен (пәлсафамен) шұғылдануын тоқтатпасын.

➤ Өмір дегеніміз – ой.

Эпикур

➤ Өмір дегеніміз – шайқасу.

Вольтер

➤ Өмір дегеніміз – күрес.

Сенека

➤ Өмір – өзен.

К.Маркс

➤ Өмір – арман.

М.Мақатаев

➤ Өкінбе, өкпелеме, бүгініңе,

А.Жолдыбаев

Өмір, өмір!
Болмайды түңілуге,
Мәңгіге сені жазбаған сүрінуге,
Қайта тұрып, хақын бар жүгіруге.

М.Мақатаев

➤ Бақыт жолы тек білімнен табылар.

Ахмет Ізүнеки

Білім артық па, жоқ әлде, дүние – байлық артық па?

Білім артық:

- Білім сені асырайды, ал дүниені сен асырайсың.
- Білімнің көп болса – досың көп болады, ал дүниенің көп болса – дұшпаның көп болады.
- Білімді іздей берсең – толып көбейеді, ал жиған дүниенді жарата берсең – азайып құриды.
- Білімнің көп болса – сені құрметтеп сыйлайды, ал байлығың асса – саған қызғанышпен қарайды.
- Білімді ұрыдан сақтау қажет емес, ал жиған дүниенді ұрыдан күнде қорғау керек.
- Білімнің көп болса – оны есептеу керек емес, ал дүниенің көп болса – оған көп есеп-қисап қажет болады.
- Білімді көп жинасаң оны қанша заман сақтасаң да іріп-шірімейді, ал дүние-малды көп жинасаң – оның азабы көп, шіріп – бүлінеді.
- Білім – ділінді жарық қылады, бар нәрсені дұрыс сезінетін етеді, ал дүние – адам ділін қарайтады, адамды тура жолдан шығарып бұзады.

2-жүргізуші: Білімді болу дегеніміз не?

Білімді болу – бәрінен бұрын адам болу деген сөз. Өнердегі барлық жақсылық атауы білімнен бастау алады.

Білім – бұл қолдағы шырақ. Адамның санасы – түбі жоқ теңіз, ал білім теңіз адамға оңайлықпен түспейді, оны меңгеру үшін көл-көсір өлшеусіз әрекет ету керек. Білім-ғылымға түбегейлі берілген адам ғана ойлаған мақсатына жете алады.

Білімнің де білімі бар, жаттап алған құрғақ білімнен пайда аз. Адамды адам ететін, оның өмір сүруін жетілдіретін, іс-әрекетпен, тәжірибемен байланысқан білім ғана нағыз білім болып саналады.

Білімдіден шыққан сөз – дүниені нұрға бөлейді. Білім ақылмен ұштаспаса, төңірегін қараңғылата түседі. Өмірмен жанасқан білім – бұл өлшеусіз байлық.

Білімді адамды ақшалы болмаса да жарлы деуге болмайды. Білімді сенен ешкім ұрлай алмайды, алғанмен оны бойына сіңіре алмайды.

Білім – сенің серігің, өмірлік жолдасың. Адам өзінің барлық керегін, ой-арманын, талап-тілегін тек білім арқылы ғана қанағаттандыра алады. Кімде білім мол болса, сол жұртқа әмірін дұрыс жүргізе алады. Білімсіз ешнәрсе ашылмайды. Білікті болсаң ғана қоғамнан лайықты орныңды тауып, атың шартарапқа жайылады. Білімдіге қашан да төрден орын тиеді. Білімді босаға

жақта отырғанмен біртіндеп төрге шығады. Нағыз білімділік адамгершілік, имандылықпен нұрланып тұруы тиіс.

XXI ғасырда білім құнды капиталға айналды. Оның өзі маңыздылығы жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады және солай болуы да тиіс. Елдің даму деңгейі біліммен өлшенетін болды. Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – асқақтаған күмбездер де, зәулім ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де белсенді, талантты да дарынды адамдар.

- Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлі әр саладағы түрлі ғылыми жетістіктермен өлшенеді. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, еліміздің ТМД елдері ішіндегі алдыңғы қатардағы елдердің санағына жатады. Бұл тек экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, сондай-ақ өмір сүру сапасына да қатысты. Мұндай бағалау критерийлерінің бірі – елдің ғылым-білім саласының жағдайы. Азия Даму банкі ұйымдастырған «Білім және кәсіби дағды: Азия мен Тынық Мұхиты аймағындағы елдерді жеделдетіп дамыту стратегиясы» зерттеуінің нәтижесі бойынша Қазақстан Азия елдері ішінде білім даму индексі бойынша 1 орынды иеленеді (EDI). Қазақстан сауаттылық деңгейі бойынша 177 елдің ішінде 14 орында.

- Қазақстандық оқушылар алғаш рет «Математика және жаратылыстану пәндерін зерттеудегі халықаралық тенденция» жобасы шеңберінде (The Trends in International Mathematics and Science Study– TIMSS) өткізілген әлем елдері мектеп оқушыларының математика және жаратылыстану пәндері бойынша халықаралық сараптамалық зерттеуге қатысып, 5 және 11 орындарға ие болды.

- 2010 жылдың 6-12 шілдесінде «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында ТМД елдері арасында алғаш рет халықаралық математикалық олимпиада өткізілді. Олимпиадаға әлемнің 100-ден астам елінен командалар қатысты. Жалпы командалық есепте қазақстандықтар 5-ші орынға ие болды. Қазақстандық дарынды балалар 3 алтын, 2 күміс медальға және 1 мақтау грамотасына қол жеткізді.

- Қазақстанда білім беру жүйесінде үлкен серпіліс қажет. Бүгінде білім беру процесіне мүмкіндігінше кеңірек қарауға болады. Әр адамды қазіргі заманда білім ала білуге, еңбек етуге, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет. Бұл ЮНЕСКО қалыптастырған білім берудің төрт тағаны.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев атап өткендей, «...қоғамда мінез-құлықтың инновациялық, креативтік үлгісі үстемдік құруы тиіс».

«ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕҢІСІ – БҮГІНГІНІҢ ЖЕМІСІ» XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНЫ

XXI ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар сияқты жаһандану процесімен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары, халықаралық деңгейде білімі бар ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің ең маңызды стратегиясы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Жаңа он жылдық – жаңа мүмкіндіктер» атты Жолдауында төрт құндылықты атап өтті: «Біріншіден, біздің ең басты құндылығымыз – ол Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан! Екіншіден, мемлекет және оның әрбір азаматы қай жерде де қоғамның тұрақтылығымен елдің әл-ауқатына кері әсерін тигізуі ықтимал кез келген қадамға бармауы тиіс. Үшіншіден, экономикалық өрлеу – әрқайсымызға қатысты бүкіл халықтық іс. Бұл – қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешудің және баршамызды табысқа бастаудың кілті. Төртіншіден, өңірлік және әлемдік нарыққа интеграциялау – дамудың аса маңызды шарты» .

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл толуына байланысты Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында болашақ педагогтармен өткізілген «Тәуелсіздік жеңісі – бүгінгінің жемісі» XXI ғасыр көшбасшысы – интеллектуалды ойынының үлгі-жоспары ұсынылды.

1-жүргізуші: «Тәуелсіздік жеңісі – бүгінгінің жемісі» XXI ғасыр көшбасшысы – интеллектуалды ойынын бастауға рұқсат етіңіздер.

Тәуелсіздігімізді алған 25 жыл ішінде Қазақстанды күллі әлем таныды. Тәуелсіздік алғаннан кейін еркін экономикалық қатынастарға қол жеткіздік. Соның арқасында экономикамыз дамыды, әлеуметтік тұрмысымыз жақсарды. Жақын жылдары әлемдегі алпауыт елдердің өзін бір тарының қауызына тыға келген қаржы дағдарысынан Қазақстан қиналмай өтіп келеді. Көптеген дамыған елдерде дағдарыстың салдарынан әлеуметтік шығындар қысқарды, кәсіпорындар жабылды. Ал Қазақстан ағысқа қарсы жүзді. Осы жылдар ішінде елімізде көптеген кәсіпорындар ашылды. Міне, Елбасының бастамасымен үдемелі индустриялы-инновациялық бағдарлама шеңберінде республикада көптеген ірі жобалар жүзеге асырылуда.

2-жүргізуші: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Болашақ» бағдарламасының түлектерімен кездескенде «Бізге XXI ғасырда қалай жұмыс істеу керек екенін білетін адамдар керек. Ішкі және халықаралық процестерді терең талдай алатын мамандар, мемлекеттік мүддені өз мүддесінен биік қоятын патриоттар керек. Кім Қазақстанды сүйсе, сол – патриот. Кім шынайы құндылықтарды таныса, сол – патриот, ал ол құндылықтар – адалдық, ар-ұят, адамгершілік, дәстүрге беріктік, Отанға деген махаббат және оның өркендеуіне қызмет ету» деп атап көрсеткендей, қазақстанның әрбір азаматы өз Отанының өркендеуіне өзіндік үлес қосуға міндетті.

1-жүргізуші: Патриотизмді Отаннан бөліп қарауға болмайды. Екеуі – егіз ұғым. Біздің тарихымыздың өзі патриотизммен басталған тарих. Патриот адам

ең алдымен өз Отанының тарихын білуі керек. Өткенге көз жүгіртсек, Қабанбай, Наурызбай сияқты қазақ даласындағы көптеген батыр бабаларымыз осы ұлтарактай жер үшін жан қиюға дайын болған. Олар осы ұлан байтақ жерді ұрпақтарының алақанына салып кетті.

Қазір Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы, Азияда үшінші орын алады.

2-жүргізуші: Бүгінде Қазақстан – шекарасы мықтап бекінген, мемлекеттік рәміздері мен төл валютасы бар, экономикасы қарыштап дамып келе жатқан мемлекет.

Рәміз – тарихын, бүгінді, болашақты, яғни уақыт кеңістігінің үш өлшемін біріктіру деген сөз. Болған, болып жатқан, болатын істің мағынасын символ дейміз. Тәуелсіз елдің туы, Елтаңбасы, Әнұраны сол символдың мағынасын береді. Өйткені, рәміздер болмаса ел болмайды.

1-жүргізуші:

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім, мәңгі өлмеске.

Айта бергім келеді, айта бергім.

«Мен – Қазақстанның патриотымын» ғасыр көшбасшысы ойынын бастауға рұқсат етіңіздер!

Көсемі болған ғасырдың

Шешені болып еліңнің

Болашақ ұстаз білім ал!

Талант пен өнер асырған

Көшбасшысы бол әлемнің!

2-жүргізуші:

Бәйгеге түсіп жарыспай

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып

Тәрбие, тәлім табар мән.

Бұл сайыс ойдың бәйгесі

Кім жүйрік ойға сол алда.

Білім мен ісі сәйкесті

Бірінші келіп топ жарған.

Алғашқы сайысты бастауға рұқсат етіңіздер. Алғашқы сайыс «Бәйге» деп аталады. Бәйге сайысына «Қазақта тұңғыш ...» деп аталатын 20 сұрақ беріледі. Әрбір сұрақтың дұрыс жауабына 10 ұпай беріледі.

I сайыс: «Қазақта тұңғыш ...» бәйге сайысы

1) Қазақ хандығының /1456 ж. шамасы/ негізін салушы...

Керей хан

2) «Қасым ханның қасқа жолы» атты заң негізін жасаған...

Қасым хан

3) Қазақ әліппесін (төте жазу) жасаған және алғаш оқу құралын 1914 жылы жазған...

А.Байтұрсынұлы

4) Тұңғыш роман жазған...

М.Дулатов («Бақытсыз Жамал»)

5) Тұңғыш эпопея жазған...

М.Әуезов («Абай жолы»)

6) Шетелде (Париж, 1925) қазақ әнін орындап, күміс жүлде алған...

Ә.Қашаубаев

7) Екінші дүниежүзілік соғыста рейхстагқа ту тіккен...

Р.Қошқарбаев

8) Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған ұшқыш...

Т.Бигелдинов

9) Бүкіл шығыс әйелдері ішінен Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар...

Ә.Молдағұлова, М.Мәметова

10) Қазақстаннан шыққан тұңғыш академик...

Қ.Сәтпаев

11) Қазақтың тұңғыш ғарышкері...

Т.Әубәкіров

12) Олимпиада чемпионы атағын алған (Мәскеу, 1980) палуан...

Ж.Үшкемпіров

13) Сидней олимпиадасының чемпионы...

Б.Саттарханов

14) Халықаралық (Дж.Неру атындағы) сыйлық алған жазушы...

Ә.Әлімжанов

15) Әйелдер арасынан Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты алған ақын...

Ф.Оңғарсынова

16) Әлем, Еуропа, Азия ойындарының жеңімпазы, палуан...

Д.Тұрлыханов

17) Алаш сыйлығын алған жазушы...

Х.Алтай

18) «Әлемнің әйгілі әйелдері» («Женщины мира: Кто есть кто?») деген энциклопедияға (Ұлыбритания, 1955) кірген...

Роза Бағланова

19) Нью-Йорк Ғылым Академиясының академигі (1995) атағын алған және Гиппократ медалін иеленген дәрігер...

А.Сүгірәлиев

20) Жер шарын жаяу аралап, Гиннес кітабына жазылған...

М.Жыланбаев

1 жүргізуші: II сайыс «Көкпар» деп аталады. 2 топқа Отан, туған жер, ел, ерлік туралы 20 мақал айту тапсырылады.

Бірінші топ тапсырмасы: Отан, туған жер, ел туралы мақалдар айту;

Екінші топ тапсырмасы: Ерлік туралы мақалдар айту.

I топ: Отан, туған жер, ел туралы мақалдар

- Отан отбасынан басталады.
- Отан қадіріне жетпеген
Өз қадіріне жетпес.
- Отан – елдің анасы,
Ел – ердің анасы.
- Отан оттан да ыстық,
Жалыны бар шоқтан да ыстық.
- Отан үшін отқа түс – күймейсің.
- Отанға опасыздық еткенің,
Өз түбіңе өзің жеткенің.
- Туған елдей ел болмас,
Туған жердей жер болмас.
- Ел іші алтын бесік.
- Ел іші – береке,
Көп ісі – мереке.
- Өз елім – өлең төсегім.
- Ел, елдің бәрі жақсы,
Өз елің бәрінен де жақсы.
- Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз еліңе ұлтан бол.
- Аққу айдынын аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.
- Өзге елдің оты,
Өз еліңнің түтініне де татымас.
- Елді сөкпе, кенді төкпе.
- Ел құлағы елу.
- Елі еріксіз болса,
Ері көріксіз болар.
- Ел ағасыз болмас,
Су сағасыз болмас
- Өзін-өзі білген ер бақытты,
Өзін-өзі билеген ел бақытты.

II топ: Ерлік туралы мақалдар

- Ердің сыншысы – ел.
- Ер – елдің айнасы.
- Батыр туса – ел ырысы,
Жаңбыр жауса – жер ырысы.
- Ер мойнында қыл арқан
шірімес.
- Ер басына күн туса,
Ереуіл атқа ер салар.
- Батыр – елінде, балық – көлінде
- Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.
- Ойлап істеу – ердің ісі.
- Қару күшті емес, қару ұстаған
күшті.
- От ішінде туған оттан
қорықпайды.
- Күш батылдыққа ереді.
- Ердің сөзі біреу,
Ердің көгі – үшеу.
- Ер қаруы бес қару.
- Ақыл – ер қорғаны.
- Ер туған жеріне келер,
Ат тұрған жеріне келер.
- Күш атасын танымас.
- Ер есімі ел есінде.
- Балуанға оң-терісі бірдей.
- Нар тәуекел – ер ісі.
- Жібек белбеу – белдің көркі,
Батыр жігіт – елдің көркі.

III сайыс: «Қазақстан тәуелсіздігіне 24 жыл» полиглоты

Мақсаты: Қазақстан Республикасының тарихына шолу.

1) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті...

Н.Назарбаев

2) Қазақстан Республикасында ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілген күн...

15 қараша, 1993 жыл

3) Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні...

16 желтоқсан

4) Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалған жыл...

5 қараша, 1993 жыл

5) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «20 интеллектуалды мектебі» жобасын жүзеге асыру үшін «Өркен» акционерлік қоғамы құрылған жыл...

13 мамыр 2008 жыл

6) Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы...

1999 жыл

7) «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы жарияланған жыл...

1998 жыл

8) Еліміздің рәміздері қабылданған жыл...

4 маусым 1992 жыл

9) «Менің Қазақстаным» әні қай жылдан бері мемлекеттік Гимнге айналды...

2006 жыл

10) Әнұранның авторлары...

Сөзі – Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев

Әні – Ш.Қалдаяқов

11) Қазақстан Елтаңбасының авторлары...

Ж.Мәлібеков, Ш.Уәлиханов

12) Қазақстан Біріккен Ұлттық Ұйымына төрағалық еткен жыл...

2010 жыл

13) Қазақстан Республикасында мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбилеуді көздейтін «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын қабылдаған жыл...

28 мамыр 2010 жыл

14) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданған жыл...

7 желтоқсан 2010 жыл

IV сайыс: «Таңғажайып жетілік»

Тапсырма:

1) Жеті ғаламат туралы не білесіз?

2) Жеті санына қатысты мақал-мәтел айтыңыз.

Жеті ғаламат

- Жеті ата.
 - Жеті қазына.
 - Жеті ғалам.
 - Жеті жұт.
 - Жеті жоқ.
 - Жеті жетім.
 - Жеті әулие.
- Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл.
 - Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес.
 - Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі.
 - Жеті атасын білмеген жетесіз.
 - Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер.
 - Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
 - Айла алтау, ақыл жетеу.

V сайыс: «Егер мен... болсам» Инновациялық жоба ұсын! Болашаққа жол сілтеу

1. Егер мен Қазақстан Республикасының Президенті болсам, онда ...
2. Егер мен облыс әкімі болсам, онда ...
3. Егер мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болсам, онда ...
4. Егер мен ЖОО-ның ректоры болсам, онда ...
5. Егер мен жалпы білім беретін орта мектеп директоры болсам, онда ...

1-жүргізуші:

Қазақ деген халықтың баласымын,
Алда талай алынар бар асуым.
Арман жолы – жүрегім – бақыт жолы,
Мүмкін емес сол жолда адасуым.
Қазақ деген халықтың баласымын

(Т.Молдағалиев)

2-жүргізуші: Өз мүддесін өзі қолдап, өз есесін өзі түгендеп, атаның алғысын, ананың ақ сүтін ақтай алған перзенттен қатардың азаматы шыға алмақ. Халқының көңілінен шығып, қауымның үмітін ақтап, өткен ұрпақтың есесін түгендеп, келешек ұрпақтың мерейін үстем ете алған перзенттен Отанының азаматы шыға алмақ. Ендеше, ұрпақ тәрбиесі – ұлттың тағдырын өз ұрпағының тәрбиесін өз жолына қоя алған ұлт қана, өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ.

(Ә.Кекілбаев)

**Бұзабақова Клара Жайдарбекқызы
Елубаева Миршат Сайлаубекқызы**

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

Техникалық редакторы Досмағамбетова А.
Компьютерлік беттеу Райымова А.

Баспаға 11.01.2019 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×80 1/16. Есепті б.т. 24. Шартты б.т. 23,4.
Таралымы 500. Тапсырыс 77.

ИП« Бейсенбекова А.Ж.» баспасы
080000, Тараз қ., Қазыбек би көшесі., 138